- 11 Жоғары буын басшылары, жоғары лауазымды адамдар, заң шығарушылар және мемлекеттік қызметшілер**
- 12 Корпоративтік сектордағы басшылар (бірінші және функционалдық)**
- 13 Өндіріс және арнайы сервистік қызметтер саласындағы корпоративтік сектордағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 14 Тұру, тамақтану, сауда және көрсетілетін қызметтердің басқа салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**

Ескертпелер

1 Басшылар және мемлекеттік қызметшілер негізгі тобында ескерілетін басшылар және басқа негізгі топтарда ескерілетін мастерлер (бригадасылар) арасындағы айырмашылық ретінде басшылар да, мастерлер де (бригадирлер) басқа адамдар жүзеге асыратын жұмысты ұйымдастыра, үйлестіре, бақылай және басқара алады. Бірақ бұдан бөлек, басшылар әдетте мыналарды: жеке құрылымдық бөлімшенің барлық бизнесін немесе қызметін жалпы стратегиялық және жедел басқару (мысалы, өндіру керек тауарлардың түрлері, саны және сапасы туралы); бюджеттер (қанша ақшаны жұмсау керек және қандай мақсаттарға), сонымен қатар персоналды іріктеу, тағайындау және босату саласындағы жауапкершілікке ие және шешімдер қабылдайды. Мастерлер (бригадирлер) басшыларға осы мәселелер бойынша, әсіресе персоналды іріктеу және босатуға қатысты консультация беріп, көмегін көрсете алады, алайда олардың дербес шешім қабылдауға өкілеттілігі жоқ. Олардың шешімдерінің дербестілік дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Басты айырмашылық, мастерлер (бригадирлер) басқа жұмыскерлердің қызметін қадағалауға және бақылауға ғана жауапкершілікте болады, ал басшылар құрылымдық бөлімшенің қызметіне жалпы жауапкершілікте болады.

ЖОҒАРҒЫ БУЫН БАСШЫЛАРЫ, ЖОҒАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР, ЗАҢ ДАЙЫНДАУШЫЛАР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Жоғарғы буын басшылары, жоғары лауазымды адамдар, заң дайындаушылар және мемлекеттік қызметшілер даму стратегиясын әзірлейді және қайта қарайды, басқа басшылардың қолдауымен мемлекеттік құрылымдардың, кәсіпорындардың және басқа да ұйымдардың жалпы қызметін жоспарлауды, тікелей үйлестіруді және бағалауды жүзеге асырады. Осы кіші топқа енгізілген қызметтердің басым бөлігінің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: мемлекеттік саясатты қалыптастыруды; мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыруды; тиісті салада мемлекеттік дамудың стратегиялық бағыттарын айқындауды; мемлекеттік саяси қызметшілер немесе «А» басқару корпусының мемлекеттік қызметшілерінің белгілеуіне сәйкес қалыптастырылатын саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 111 Саяси мемлекеттік қызметшілер, өкілді органдардың депутаттары, саяси және қоғамдық ұйымдардың жоғары лауазымды адамдары**
- 112 Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері**

111-ШАҒЫН ТОП

**САЯСИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ӨКІЛДІ ОРГАНДАРДЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫ, САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖОҒАРЫ
ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ**

Саяси мемлекеттік қызметші– тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға жауаптылықта болатын мемлекеттік қызметші.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

1111 Саяси мемлекеттік қызметшілер және өкілді органдардың депутаттары

1114 Саяси және қоғамдық ұйымдардың жоғары лауазымды адамдары

ҚР МЖ 01-2017

1111 Саяси мемлекеттік қызметшілер және өкілді органдардың депутаттары

Саяси мемлекеттік қызметші – мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға жауаптылықта болатын мемлекеттік қызметші.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі
Қазақстан Республикасының Министрі
Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың әкімдері

Ескертпелер

Мемлекеттік немесе мемлекет бақылайтын өнеркәсіп, транспорт және т.б. ұйымдарын басқаратын мемлекеттік басқару органдарының және өкілдіктердің басшыларын және аға лауазымды адамдарын *13 Өндіріс және мамандандырылған сервистік қызметтер саласындағы корпоративтік сектордағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)* немесе *14 Тұру, тамақтану, сауда және басқа да қызмет салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)* кіші тобының тиісті бастауыш тобына жатқызады.

1114 Саяси және қоғамдық ұйымдардың жоғары лауазымды адамдары

Саяси және қоғамдық ұйымдардың жоғары лауазымды адамдары партиялық саяси ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілердің ұйымдары, сауда және өнеркәсіптік қауымдастықтар, гуманитарлық және қайырымдылық ұйымдары, спорттық қауымдастықтар сияқты қоғамдық ұйымдардың саясатын айқындайды, қалыптастырады және тікелей іске асырады, өз ұйымдарына өкілдік етеді және олардың атынан әрекет етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ұйымның саясатын, нормаларын және қағидаттарын айқындау және тұжырымдау;
- ұйымның жалпы қызмет етуін жоспарлауды, басқаруды және үйлестіруді жүзеге асыру;
- ұйымның қызметіне және қызметінің нәтижелеріне шолу жасау, директорлар кеңесіне және басқарушы органдарға, мүшелік ұйымдарға және қаржы мекемелеріне есептілік ұсыну;
- ұйымның, оның мүшелерінің және ерекше мүдделері бар тиісті топтардың атынан келіссөздер жүргізу;
- ұйымның, оның мүшелерінің және ерекше мүдделері бар тиісті топтардың мүдделерін заң шығарушы биліктің, үкіметтің немесе кең қоғамдастықтың алдында қорғау;
- қызметтің жалпы саясатты іске асырумен, бағдарламаларды орындаумен, қағидалар мен ережелерді сақтаумен байланысты жекелеген бағыттарын жоспарлау, ұйымдастыру және басқару;
- бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету үшін әзірленген және іске асырылатын тиісті жүйелерді және рәсімдерді қамтамасыз ету;
- белгіленген мақсаттар мен жүргізілетін саясатты ескере отырып, ұйымның немесе кәсіпорынның қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау;

- ұйымның атынан ресми іс-шараларда және директорлар кеңесінің отырыстарында, келіссөздерде, съездерде, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қордың директоры (президенті)

Жұмыс берушілер қауымдастығының төрағасы және оның орынбасарлары

Қоғамдық палатаның төрағасы

Саяси ұйымның төрағасы

ҚР МЖ 01-2017

112-ШАҒЫН ТОП

ӘКІМШІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ

Әкімшілік мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өз қызметін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері мемлекеттің ақша-кредит саясатын жүргізуге бағытталған міндеттерді орындайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: мемлекеттік саяси қызметшілер немесе «А» басқару корпусының мемлекеттік қызметшілерінің белгілеуіне сәйкес қалыптастырылатын саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етуді; мемлекеттің ақша-кредит саясатын жүргізуді; қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды; ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыруды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1121 «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері**
- 1122 «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері (1)**
- 1123 «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері (2)**
- 1124 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері**

1121 «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері

«А» корпусы – кадр резервіне іріктеудің, конкурстық іріктеудің, мемлекеттік қызметті өткеру мен тоқтатудың ерекше тәртібі, сондай-ақ арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар;

«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мемлекеттік саяси қызметшілер қалыптастыратын саясаттың іске асуын және стратегиялық шешімдердің қабылдануы мен олардың орындалуы арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің хатшысы – Аппарат басшысы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушілері

Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың әкімдері аппараттарының басшылары

1122-1123 «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері

«Б» корпусы – «А» корпусына енгізілмеген мемлекеттік әкімшілік лауазымдар. Мемлекеттік әкімшілік қызметтің «Б» атқарушы корпусына атқарушы лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер енгізілген.

«Б» корпусы мемлекеттік қызметшілерінің негізгі міндеті «А» басқарушы корпусы мемлекеттік қызметшілерінің белгілеуіне сәйкес мемлекеттік саясатты іске асыру (атқарушылық қызмет) болып табылады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Консультанты

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің көмекшісі, кеңесшісі

Бас консул

Аумақтық бөлімнің басшысы – аға сот орындаушысы

Қазақстан халқы Ассамблеясы аппаратының (хатшылығының) меңгерушісі

Бас маман, D-O-4 санаты

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері

1124 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында лауазымдарды атқаратын қызметкерлер Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қазақстан республикасында бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған міндеттерді орындайды.

Ұлттық банктің міндеттеріне мыналар кіреді:

- мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйелерінің қызмет етуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;

ҚР МЖ 01-2017

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын, сонымен қатар құзыреті шегінде өзге де тұлғаларды реттеу, бақылау және қадағалау;
- қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;
- ақшалай-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыру.
- Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өкілдігінің басшысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалының инкассация тобының бастығы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының Баспасөз хатшысы,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының маманы

12-КІШІ ТОП**КОРПОРАТИВТІК СЕКТОРДАҒЫ БАСШЫЛАР (БІРІНШІ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ)**

Корпоративтік сектордағы (бірінші және функционалдық) басшылар даму стратегиясын әзірлейді және қайта қарайды, басқа басшылардың қолдауымен кәсіпорындардың немесе ұйымдардың (қоғамдық ұйымдарды, министрліктерді және ведомстволарды қоспағанда) жалпы қызметін, кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ мұндай қызметтерді басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға ұсынатын кәсіпорындардың қаржылық, әкімшілік, адами ресурстарын, саясатын, жоспарларын, зерттеулерін және әзірлемелерін, жарнамасын, қоғаммен байланысын, сату және маркетингтік қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады, бағыттайды, бақылайды және үйлестіреді. Осы кіші топқа енгізілген қызметтердің басым бөлігінің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер, әдетте мыналарды: кәсіпорынның немесе ұйымның жалпы жұмыс істеуін жоспарлау, оған басшылық ету және бақылау; бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; басқару, стратегиялық және қаржылық жоспарлау мәселелері бойынша әзірлеу және консультация беру; жедел және әкімшілік рәсімдерді әзірлеу және оларға басшылық ету; нәтижелерді іске асыру, мониторингілеу және бағалау; аға буын басшыларына консультация беру; жаңа өнімдер жасауға, маркетинг жүргізуге, қоғаммен байланыс пен жарнамалық науқандарды жүзеге асыруға арналған бастамалардың дамуын бағыттау; сату қызметін, өнім ассортиментін, клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын айқындау және бағыттау; бағаларды және кредиттік келісімдерді белгілеу; тиісті заңнаманың, қағидалардың және стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету; персоналды іріктеуді, дайындауды және пайдалануды бақылау; бюджеттерді әзірлеу және қаржылық операцияларды бақылау; басқа бөлімдердің немесе филиалдардың атқарушы директорларымен және басшыларымен консультациялар; шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; кәсіпорынның немесе ұйымның атынан келіссөздерде, съездерде, семинарларға, қоғамдық тыңдауларға және форумдарға өкілдік етуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 121 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары**
- 122 Қаржы-экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**
- 123 Өткізу, маркетинг, даму және қызмет көрсету жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**

Ескертпелер

Әдетте, 2 *Кәсіби мамандар* негізгі тобында немесе 3 *Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал* негізгі тобында ескерілетін бір немесе бірнеше қызметтер бойынша кәсіби біліктілігі және үлкен практикалық жұмыс тәжірибесі талап етіледі. Өңірлік менеджерлер және функционалдық міндеттердің кең спектріне ие бағынышты басшылардың қызметін үйлестіретін және бақылайтын басқа да топ-менеджерлер *1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары* бастауыш тобына енгізілуге тиіс.

ҚР МЖ 01-2017
121-ШАҒЫН ТОП

МЕКЕМЕЛЕРДІҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БІРІНШІ БАСШЫЛАРЫ

Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары даму стратегиясын әзірлейді және қайта қарайды, басқа басшылардың қолдауымен кәсіпорындардың немесе ұйымдардың (қоғамдық ұйымдарды, министрліктерді және ведомстволарды қоспағанда) жалпы қызметін әдетте директорлар кеңесі немесе жүргізілген операциялар мен қызмет нәтижелері бойынша есеп беретін өзге де жетекші ұйым белгілеген басшылық қағидаттарына сәйкес жоспарлайды, басқарады, үйлестіреді және бағалайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: кәсіпорынның немесе ұйымның жалпы жұмыс істеуін жоспарлауды, оған жетекшілік етуді және үйлестіруді; кәсіпорынның немесе ұйымның жұмысына және қызмет нәтижелеріне, сонымен қатар, директорлар кеңесіне және басқа да басқару органына ұсынылатын есептілікке талдау жасауды; кәсіпорын немесе ұйым үшін мақсаттарды, стратегияларды, саясатты және бағдарламаларды айқындауды; ұйымға жалпы жетекшілік етуді және оны басқаруды қамтамасыз етуді; бюджеттерді әзірлеу және басқаруды, шығыстарды бақылауды және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді; саясатты іске асыруды және бағдарламаларды орындау үшін материалдық, адами және қаржылық ресурстардың көлемдерін санкциялауды; қойылған мақсаттарға жету және саясатты іске асыру бойынша ұйымның немесе кәсіпорынның қызметін мониторингілеуді және бағалауды; жоғары басшылықпен консультацияларды, ұсынымдарды қайта қарауды және баяндамаларды дайындауды; ұйымның атынан ресми іс-шараларда, келіссөздерде, съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік етуді; аға лауазымды адамдарды және қызметкерлерді іріктеуді бекітуді; ұйымның тиісті заңнаманы және нормативтік ережелерді сақтауын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары

1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары

Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары даму стратегиясын әзірлейді және қайта қарайды, басқа басшылардың қолдауымен кәсіпорындардың немесе ұйымдардың (қоғамдық ұйымдарды, министрліктерді және ведомстволарды қоспағанда) жалпы қызметін әдетте директорлар кеңесі немесе жүргізілген операциялар мен қызмет нәтижелері бойынша есеп беретін өзге де жетекші ұйым белгілеген басшылық қағидаттарына сәйкес жоспарлайды, басқарады, үйлестіреді және бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кәсіпорынның немесе ұйымның жалпы жұмыс істеуін жоспарлау, оған басшылық ету және үйлестіру;
- кәсіпорынның немесе ұйымның жұмысына және қызмет нәтижелеріне, сонымен қатар директорлар кеңесіне және басқа да басқару органына ұсынылатын есептілікке талдау жасау;
- кәсіпорын немесе ұйым үшін мақсаттарды, стратегияларды, саясатты және бағдарламаларды айқындау;
- ұйымға жалпы жетекшілік етуді және оны басқаруды қамтамасыз ету;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- саясатты іске асыру және бағдарламаларды орындау үшін материалдық, адами және қаржылық ресурстардың көлемдерін санкциялау;
- қойылған мақсаттарға жету және саясатты іске асыру бойынша ұйымның немесе кәсіпорынның қызметін мониторингілеу және бағалау;
- жоғары басшылықпен консультациялар, ұсынымдарды қайта қарау және баяндамаларды дайындау;
- ұйымның атынан ресми іс-шараларда, келіссөздерде, съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету;
- аға лауазымды адамдарды және қызметкерлерді іріктеуді бекіту;
- ұйымның тиісті заңнаманы және нормативтік ережелерді сақтауын қамтамасыз етуді

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас директор

Зауыт директоры

Театр директоры

Атқарушы директор, дирекция

Ескертпелер

Бағынышты құрылымдық бөлімшелер және қызметтер басшыларының қызметін үйлестіріп, бақылайтын және функционалдық міндеттердің кең спектріне ие мекемелер, ұйымдар және кәсіпорын басшылары *1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары* бастауыш тобында ескеріледі. Белгілі бір географиялық облыста айрықша функцияларға жауапты басшылар бұл бастауыш топтан алынып тасталды. Мысалы, сату жөніндегі өңірлік басшылар *1231 Өткізу және маркетинг жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)* бастауыш тобында ескеріледі. Негізгі міндеті бір немесе бірнеше кәсіпорынның немесе ұйымның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс істеу болып табылатын жұмыскерлер *1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары* бастауыш тобында ескеріледі.

**ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БАСШЫЛАР (БАСҚАРУШЫЛАР)**

Қаржы-экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар) қаржылық, әкімшілік, адами ресурстарды ұйымдастырады, бағыттайды, бақылайды және үйлестіреді, кәсіпорын немесе ұйым қызметінің жоспарларын және бағдарламаларын әзірлейді немесе басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға ұқсас қызметтерді ұсынады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: басқару, стратегиялық және қаржылық жоспарлау мәселелері бойынша әзірлеу және консультация беру; жедел және әкімшілік рәсімдерді әзірлеу және оларға басшылық ету; нәтижелерді іске асыру, мониторингілеу және бағалау; аға буын басшыларына консультация беру; жана өнімдер жасауға, маркетинг жүргізуге, қоғаммен байланыс пен жарнамалық науқандарды жүзеге асыруға арналған бастамалардың дамуын бағыттау; сату қызметін, өнім ассортиментін, клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын айқындау және бағыттау; бағаларды және кредиттік келісімдерді белгілеу; тиісті заңнаманың, қағидалардың және стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету; персоналды іріктеуді, дайындауды және пайдалануды бақылау; бюджеттерді әзірлеу және қаржылық операцияларды бақылау; басқа бөлімдердің немесе филиалдардың атқарушы директорларымен және басшыларымен консультациялар; шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; кәсіпорынның немесе ұйымның атынан келіссөздерде, съездерде, семинарларға, қоғамдық тыңдауларға және форумдарға өкілдік етуді қамтиды

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1221 Қаржылық, әкімшілік және заң қызметі жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**
- 1222 Адам ресурстарын басқару жөніндегі атқарымдық басшылар (басқарушылар)**
- 1223 Даму, саясатты айқындау және қызметті жоспарлау саласындағы функционалдық басшылар (басқарушылар)**
- 1229 Б.т.к. қаржы-экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі басқа да функционалдық басшылар (басқарушылар)**

1221 Қаржылық, әкімшілік және заң қызметі жөніндегі функционалдык басшылар (басқарушылар)

Қаржылық, әкімшілік және заң қызметі жөніндегі функционалдык басшылар (басқарушылар) кәсіпорындардың немесе ұйымдардың басшыларымен және басқа бөлімдердің немесе бөлімшелердің, сонымен қатар басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға қаржылық қызметтерді ұсынатын ұйымдардың басшыларымен бірге осындай кәсіпорындардың немесе ұйымдардың қаржылық, әкімшілік және заң қызметін бағыттайды және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кәсіпорынның немесе ұйымның қаржылық қызметін жоспарлау, басқару және үйлестіруді жүзеге асыру;
- кәсіпорынның немесе ұйымның қаржылық жай-күйін бағалау, бюджеттерді дайындау және қаржылық операцияларды бақылау;
- атқарушы директормен және басқа бөлімдердің немесе бөлімшелердің басшыларымен консультациялар жүргізу;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- басқарушылық және әкімшілік рәсімдерді әзірлеу және оларға басшылық ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау;
- кәсіпорынның немесе ұйымның атынан сыртқы органдармен және мекемелермен қатынаста өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас аудитор

Бас бухгалтер

Қабылдау бөлмесінің меңгерушісі (бастығы)

Қаржы-экономикалық бөлімнің бастығы

Қаржылық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі басшы

Заң жұмысы жөніндегі бөлімшенің басшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қаржы директоры – 1210

Бухгалтер – 2411

Бюджет жөніндегі үйлестіруші – 2411

1222 Адам ресурстарын басқару жөніндегі атқарымдық басшылар (басқарушылар)

Адам ресурстарын басқару жөніндегі атқарымдық басшылар (басқарушылар) персоналға, еңбек қатынастарына, еңбекті қорғауға және кәсіпорындар және ұйымдар немесе негізгі қызметі басқа кәсіпорындар және ұйымдарды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету болып табылатын ұйымдар қызметінің қауіпсіздігіне қатысты саясатты жоспарлайды, бағыттайды және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- персонал қызметін, өндірістік қатынастарды, кәсіпорынның немесе ұйымның саясатын

ҚР МЖ 01-2017

- және жұмыс практикасын жоспарлау, оларға басшылық ету және үйлестіру;
- қызметкерлерді жұмысқа алу, оқыту, қызметі бойынша жылжыту, көшіру және босату рәсімін жоспарлау және ұйымдастыру;
 - келіссөздерді және жалақының құрылымын және деңгейін айқындау тәртібін, сондай-ақ жұмыскерлермен еңбек жағдайлары және жұмыспен қамтуға қатысты консультацияларды жоспарлау және ұйымдастыру;
 - қауіпсіздікті, денсаулықтың қорғалуын және тиісті бағдарламалар мен іс-шараларды бақылау;
 - бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
 - жедел және әкімшілік рәсімдерді әзірлеу және оларға басшылық ету;
 - басқарудың ақпараттық жүйелерін әзірлеу және енгізуді бақылау;
 - тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жұмыскерлердің құқықтарына, денсаулығы мен қауіпсіздігіне, сондай-ақ олармен байланысты басқа да проблемаларға қатысты стандарттардың және заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету;
 - барлық кәсіпорынның немесе ұйымның қызметкерлерін іріктеуді, даярлауды және олардың қызметтік жұмысын бақылау;
 - жоғары басшылықпен және басқа құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен консультациялар өткізу;
 - кәсіпорынның немесе ұйымның атынан сыртқы ұйымдармен және мекемелермен қатынаста өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Персонал жөніндегі директор

Өндірістік қатынастар жөніндегі басшы

1223 Даму, саясатты айқындау және қызметті жоспарлау саласындағы функционалдық басшылар (басқарушылар)

Даму, саясатты айқындау және қызметті жоспарлау саласындағы функционалдық басшылар (басқарушылар) мемлекеттік бағдарламалар аясында немесе үкіметтік емес ұйымдар және жеке сектор үшін саясат және стратегиялық жоспарлау мәселелері бойынша консультациялық жұмысты жоспарлайды, ұйымдастырады, бағыттайды және үйлестіреді немесе саясатты және стратегиялық жоспарлауды айқындау саласындағы қызметтерді ұсынатын кәсіпорындардың қызметін басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- стратегиялық жоспарларды, бағдарламаларды, саясатты, процестерді, қойылған мақсаттар және міндеттерге жеткізуге арналған жүйелер және рәсімдерді әзірлеу, жүзеге асыру және мониторингілеу;
- даму бағыттарын және оларға жету тәсілдерін негіздеу үшін зерттеулер және талдауды жүргізу кезіндегі жұмысқа басшылық ету;
- саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру кезінде қатысушылардың қызметін үйлестіру;
- қызметті өлшеу жүйесін және қызмет нәтижелері туралы есептілікті жасау;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- саясатты әзірлеу және персоналмен жұмысты стратегиялық жоспарлау бойынша қызметке басшылық ету және басқару;

- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау;
- жоғарғы басшылықпен және басқа бөлімшелер басшыларымен бірге кеңестерді өткізу;
- кәсіпорынның немесе ұйымның атынан келіссөздерде, семинарларда, көпшілік тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі басшы

Компанияны дамыту жөніндегі басқарманың басшысы

1229 Б.т.к. қаржы-экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі басқа да функционалдық басшылар (басқарушылар)

Осы бастауыш топ *122 Қаржы-экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін қаржы-экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі функционалдық басшыларды (басқарушыларды) қамтиды. Мысалы, аталған топқа тәуекелді басқару сияқты қызметтер кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіруі мүмкін:

- тәуекелді басқару қызметі сияқты мәселелер бойынша жоғары басшылық үшін әкімшілік, стратегиялық жоспарлауды және операциялық қолдауды, зерттеулерді және ұсынымдарды қамтамасыз ету;
- ұйымның әкімшілік және материалдық ресурстарын дамыту және басқару;
- ұйымға әсер ететін ресурстарды басқару бойынша күрделі мәселелерді және бастамаларды талдау, тиісті есептерді дайындау, хат алмасуды жүргізу және ұсынуларды ресімдеу;
- ақпаратты ұсыну және қаржылық есептілікті және бюджеттерді дайындауды қолдау;
- бизнестің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқарушы кадрларға жетекшілік ету, оларды басқару және дамыту және дәл және уақтылы ақпаратты ұсыну;
- кәсіпорынның немесе ұйымның атынан келіссөздерде, жиналыстарда, семинарларда, көпшілік тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- қызметкерлерді іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Риск-менеджмент жөніндегі басшы

Басқарушы (коммерциялық қызметтегі)

**ӨТКІЗУ, МАРКЕТИНГ, ДАМУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БАСШЫЛАР (БАСҚАРУШЫЛАР)**

Өткізу, маркетинг, даму және қызмет көрсету жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар) жарнама, қоғаммен байланыс жөніндегі, зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы жұмысты, кәсіпорындардың және ұйымдардың немесе осындай қызметтерді басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға ұсынатын кәсіпорындардың сату және маркетингтік қызметін ұйымдастырады, бағыттайды, бақылайды және үйлестіреді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: басқа басшылармен ынтымақтастықта жарнама саласындағы, қоғаммен байланыс жөніндегі, жаңа өнімдерді шығарудың, сатулар және маркетингтің саясаты мен жоспарларын әзірлеуді және жүзеге асыруды; жаңа өнімдерді шығару немесе ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша бастамалардың дамуын бағыттауды; маркетингті, қоғаммен байланысты жүзеге асыру мен жарнамалық науқандарды өткізуді; өнім ассортиментін айқындауды және өткізу қызметіне басшылық етуді, клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын, мерчендайзинг әдістерін және өнімді тарату саясатын айқындауды; бағаларды және кредиттік келісімдерді белгілеуді; бюджеттерді әзірлеу мен басқаруды және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді бақылауды; осы қызмет үшін қызметкерлерді іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылауды; кәсіпорынның немесе ұйымның атынан съездерде, сауда көрме-жәрмеңкелерінде және басқа да форумдарда өкілдік етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1231 Өткізу және маркетинг жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**
- 1232 Жарнама және қоғаммен байланыс жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**
- 1233 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**
- 1234 Клиенттерге және Call-орталықтарға қызмет көрсету жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)**

1231 Өткізу және маркетинг жөніндегі функционалдык басшылар (басқарушылар)

Өткізу және маркетинг жөніндегі функционалдык басшылар (басқарушылар) кәсіпорынның, ұйымның немесе басқа кәсіпорындар және ұйымдар үшін сату және маркетингтік қызметтерді қамтамасыз ететін кәсіпорындардың сату және маркетингтік қызметін жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- арнайы сатуларды және сату рекордтары мен нарықтық бағалауға негізделген маркетингтік бағдарламаларды жоспарлау және ұйымдастыру;
- прайс-парақшалар жасау, жеңілдіктерді және жеткізу талаптарын, сатуды ынталандыру бюджеттерін, сату әдістерін, арнайы ынталандыруларды және науқандарды айқындау;
- сатумен және маркетингтік қызметпен байланысты жедел және әкімшілік рәсімдерді жасау және оларға басшылық ету;
- сату және маркетингті іске асыратын персонал қызметіне жетекшілік ету және басқару;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- бюджеттерді әзірлеу мен басқару және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге арналған шығыстарды бақылау;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау;
- кәсіпорынның немесе ұйымның атынан сату және маркетингтік келісімдерді жасауда, көрмелерде
- және басқа да форумдарда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Коммерциялық директор

Маркетинг қызметінің басшысы

1232 Жарнама және қоғаммен байланыс жөніндегі функционалдык басшылар (басқарушылар)

Жарнама және қоғаммен байланыс жөніндегі функционалдык басшылар (басқарушылар), кәсіпорындардың және басқа кәсіпорындар және ұйымдарға қызмет көрсетумен байланысты қызметтерді көрсететін ұйымдардың немесе кәсіпорындардың жарнама саласындағы, қоғаммен байланыс және қоғамдық ақпарат жөніндегі жұмысын жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кәсіпорынның немесе ұйымның жарнамалық және қоғаммен байланыс жөніндегі қызметін жоспарлауды, басқаруды және үйлестіруді жүзеге асыру;
- клиенттермен немесе газеттермен, радио- және телевизия станцияларымен, спорттық және мәдени ұйымдармен және жарнама агенттіктерімен жарнамалық келісімшарттар жөнінде келіссөздер жүргізу;
- заң шығарушыларды, БАҚ-тарды және қалың жұртшылықты кәсіпорынның немесе ұйымның жоспарлары, жетістіктері және көзқарасы туралы ақпараттандыруға арналған ақпараттық бағдарламаларды жоспарлау және басқару;
- жарнамамен және қоғаммен байланыспен жұмыс істейтін персоналдың қызметіне жетекшілік ету және басқару;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді

ҚР МЖ 01-2017

- пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жарнама бөлімінің меңгерушісі

Қоғаммен байланыс жөніндегі бөлімнің басшысы

1233 Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)

Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар) кәсіпорында немесе ұйымда немесе осыған ұқсас қызметтерді басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға көрсететін кәсіпорындарда ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өзінің күшімен немесе сыртқы зерттеу ұйымдарын тарту арқылы жаңа немесе жетілдірілген қолданыстағы технологиялық процестерді, өнімдерді, білімдерді әзірлеуге бағытталған ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруды немесе материалдарды пайдалануды жоспарлау, басқару және үйлестіру;
- мақсаттарды және бюджеттік қажеттіліктерді көрсете отырып, кәсіпорынның немесе ұйымның жалпы зерттеулерін және даму бағдарламаларын жоспарлау;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын және даму бағдарламаларын жүзеге асыратын персоналдың қызметін басқару;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау;
- кәсіпорынның немесе ұйымның атынан съездерде, семинарларда және конференцияларда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі

Ғылыми-зерттеу бөлімшесінің басшысы

1234 Клиенттерге және Call-орталықтарға қызмет көрсету жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)

Клиенттерге және Call-орталықтарға қызмет көрсету жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар) кәсіпорында немесе ұйымда немесе осындай қызметтерді басқа кәсіпорындар және ұйымдарға көрсететін кәсіпорындарда клиенттер мен Call-орталықтарға қызмет көрсету бойынша жұмысты жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кәсіпорындар және ұйымдардың клиенттерге қызмет көрсету жөніндегі қызметін жоспарлауды, басқаруды және үйлестіруді жүзеге асыру және телефон арқылы, оның ішінде тәулік бойы қажетті көмек ұсыну;
- клиенттерге, оның ішінде Call-орталықтар арқылы сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге арналған қажетті құжаттаманы дайындау;
- Call-орталық персоналының қызмет көрсетуі және телефон қоңырауларын өңдеу сапасын бақылау;
- персоналға клиенттерге қызмет көрсету стандарттары бойынша консультация беру;
- клиенттерге қызмет көрсетумен және Call-орталықтар арқылы көмек көрсетумен айналысатын персоналдың қызметін басқару;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Call-орталықтың басшысы (басқарушысы)

Клиенттерге арналған сервис қызметінің басшысы (басқарушысы)

**ӨНДІРІС ЖӘНЕ АРНАЙЫ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ
КОРПОРАТИВТІК СЕКТОРДАҒЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ
БАСШЫЛАРЫ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

Өндіріс және арнайы сервистік қызметтер саласындағы корпоративтік сектордағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) кәсіпорынның немесе ұйымның бөлім басшысы ретінде немесе басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның бас басқарушысы ретінде тауарларды өндіруді және мамандандырылған және техникалық қызметтерді ұсынуды жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді. Олар өңдеуші және тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі, құрылыстағы, логистикадағы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) әзірлеу және қолдану, ірі ауқымды ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, банктік, сақтандыру және басқа да мамандандырылған қызметтер саласындағы өндірістік қызмет үшін жауапкершілікте болады. Осы кіші топқа енгізілген қызметтердің басым бөлігінің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер, әдетте мыналарды: өнімді шығару, қызметтерді ұсыну, сапасы, көлемі, құны, уақтылығы және жұмыс күшіне қажеттілікке қатысты қызметті толық жоспарлауды; регламенттерді белгілеу және міндеттерді айқындауды; жабдықтың және технологиялық процестердің жұмысын бақылауды; тауарлар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз етуді; тендерлерді және келісімшарттық өтінімдерді дайындауды; бюджетті әзірлеу және басқаруды, шығыстарды бақылауды және іс-шараларды, рәсімдерді және ресурстарды шығындарды азайту мақсатымен түзетуді; жаңа машиналар мен жабдықтарды сатып алуды және орнатуды бақылауды; денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызметті үйлестіруді; күнделікті қызметті жоспарлауды және басшылық етуді; персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылауды; есептерді, бюджеттерді және болжамдарды дайындау және дайындауды ұйымдастыруды; кәсіпорынның немесе ұйымның атынан басқа мекемелермен келіссөздерде, сондай-ақ съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік етуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 131 Мамандандырылған ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)**
- 132 Мамандандырылған өндірістік, өндіруші, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)**
- 133 АКТ және ақпарат жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 134 Кәсіби, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**

Ескертпелер

Осы қызметтер үшін, әдетте *2 Кәсіби мамандар* негізгі топта немесе *3 Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал* негізгі тобында ескерілетін бір немесе бірнеше қызметтер бойынша жоғары біліктілік деңгейі және үлкен практикалық жұмыс тәжірибесі талап етіледі. Өңірлік менеджерлер және функционалдық міндеттердің кең шоғырына ие бағынышты басшылардың қызметін үйлестіретін және бақылайтын басқа да топ-менеджерлер *1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары* бастауыш тобында ескеріледі.

131-ШАҒЫН ТОП**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

Мамандандырылған ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары), негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және жинау, малды, балықты өсіру және көбейту, сондай-ақ балықты және су фаунасының басқа да түрлерін аулау бойынша ірі ауқымды ауыл шаруашылығы, бағбаншылық, орман және аң аулау шаруашылығы, балық шаруашылығы және балық аулау саласындағы өндірістік қызметті жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: нарықтық сұраныс талаптарын қанағаттандыру үшін нарықтық белсенділікті бақылауды және келісімшарт және өндірісті жоспарлауды; бюджеттерді әзірлеуді және басқаруды, өндіріс пен шығындардың көлеміне мониторинг жүргізуді, ауыл, орман және балық аулау шаруашылықтарын басқару практикасына қатысты ақпаратты құжаттандыруды және қаржылық және жедел есептілікті жасауды; сатып алушылармен ауыл шаруашылығы дақылдарын және ауланған балықтарды сатуды ұйымдастыру жөнінде келіссөздер жүргізуді; фермерлермен, шкиперлермен немесе тәуелсіз иегерлермен өнімнің өндірісі және өндірісті басқару жөніндегі келісімшарттарды жасауды; ең жоғары өндіріске қажетті тыңайтқыштардың типтерін және көлемін айқындау үшін топырақты талдауды; жұмыстарды орындау түрлерін, қарқындылығын және кезектілігін жоспарлауды; машиналарды, жабдықтарды және шығыс материалдарын сатып алуды; машиналарды, жабдықтарды және шығын материалдарын сатып алуды; экологиялық токсиндерді, арамшөптерді, зиянкестерді және ауруларды анықтауды және бақылауды; ғимараттарды, сумен жабдықтау жүйелерін және жабдықтарды ұстап тұру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды; жұмыскерлер мен мердігерлерді іріктеуді, даярлауды және жұмысының тиімділігін бақылауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

1310 Мамандандырылған ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)

ҚР МЖ 01-2017

1310 Мамандандырылған ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары), негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және жинау, малды, балықты өсіру және көбейту, сондай-ақ балықты және су фаунасының басқа да түрлерін аулау бойынша ірі ауқымды ауыл шаруашылығы, бағбаншылық, орман және аң аулау шаруашылығы, балық шаруашылығы және балық аулау саласындағы өндірістік қызметті жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- келісімшарт және нарықтық сұраныс талаптарын қанағаттандыру үшін нарықтық белсенділікті бақылау және өндірісті жоспарлау;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, өндіріс пен шығындардың көлеміне мониторинг жүргізу, ауыл, орман және балық аулау шаруашылықтарын басқару практикасына қатысты ақпаратты құжаттандыру және қаржылық және жедел есептілікті жасау;
- сатып алушылармен ауыл шаруашылығы дақылдарын және ауланған балықтарды сатуды ұйымдастыру жөнінде келіссөздер жүргізуді; сатып алушылармен бірге ауыл шаруашылық дақылдарының егінін және ауланған балықты сатуды ұйымдастыру бойынша келіссөздер жүргізу;
- фермерлермен, шкиперлермен немесе тәуелсіз иегерлермен өнімнің өндірісі және өндірісті басқару жөніндегі келісімшарттарды жасау;
- ең жоғары өндіріске қажетті тыңайтқыштардың типтерін және көлемін айқындау үшін топырақты талдау;
- жұмыстарды орындау түрлерін, қарқындылығын және кезектілігін жоспарлау, машиналарды, жабдықтарды және шығыс материалдарын сатып алу;
- экологиялық токсиндерді, арамшөптерді, зиянкестерді және ауруларды анықтауды және бақылау;
- ғимараттарды, сумен жабдықтау жүйелерін және жабдықтарды ұстап тұру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- жұмыскерлер мен мердігерлерді іріктеуді, даярлауды және жұмысының тиімділігін бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас агроном

Бас мелиоратор

Бас аңшы

Бөлім меңгерушісі (балық шаруашылығында)

Басқарма бастығы (аңшылық шаруашылығында)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бау-бақша өсіру және питомник шаруашылығының фермерлері – 6113

Фермерлер, балық шаруашылығы – 6221

132-ШАҒЫН ТОП**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ӨНДІРІСТІК, ӨНДІРУШІ, ҚҰРЫЛЫС, ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ КӨЛІК БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

Мамандандырылған өндірістік, өндіруші, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) өндірісті, пайдалы қазбаларды өндіруді, құрылысты, жеткізуді, сақтауды және көліктік операцияларды не бөлім басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ шағын кәсіпорынның басқарушысы ретінде ұйымдастырады және үйлестіреді.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: өнімді шығаруға, ұсынылатын қызметтерге, жұмыс үшін сапасына, санына, құнына, уақтылылығына және оған деген қажеттілікке қатысты қызметті толық жоспарлауды; жабдықтың жұмысын және технологиялық процестердің сапасын жұмысшылар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және олардың жүктемелерін айқындау жоспарларына сәйкес бақылауды; тендерлік және келісімшарттық өтінімдерді дайындауды; бюджеттерді әзірлеу мен басқаруды, өндіріс және шығындар көлемдерін, сондай-ақ технологиялық процестердің белгіленген регламенттерге сәйкестілігіне мониторинг жүргізуді, шығындарды азайту мақсатында ресурстардың шығындалуын бақылауды; жаңа машиналар және жабдықтарды сатып алуды және орнатуды қадағалауды; өндіріс туралы есептілікті тіркеу мен дайындауды бақылауды; медициналық-санитариялық талаптардың және қауіпсіздік талаптарының сақталуын үйлестіруді; күнделікті қызметті жоспарлауды және оған басшылық етуді; персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1321 Мамандандырылған өндірістік (өңдеу) бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1322 Мамандандырылған геологиялық және өндіруші бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1323 Мамандандырылған құрылыс бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)**
- 1324 Мамандандырылған жабдықтау бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)**
- 1325 Мамандандырылған көлік бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)**
- 1329 Б.т.к. мамандандырылған өндірістік, өндіруші, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің басқа да басшылары (басқарушылары)**

ҚР МЖ 01-2017

1321 Мамандандырылған өндірістік (өңдеу) бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған өндірістік (өңдеу) бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) тауарларды өндірумен байланысты өндірістік қызметті жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді. Олар ірі кәсіпорындардың өндірістік бөлімшелерін басқара алады немесе шағын өндірістік кәсіпорындардың басшылары бола алады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өндірістік жоспарларды және бағдарламаларды айқындау, олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру және орындалуына мониторинг жүргізу;
- өнім сапасы мен көлемін, құнын, жұмыс уақытын және жұмыс күшіне қажеттілікті қамтамасыз ету бөлігінде өндірістік қызметті толық жоспарлау;
- өндірістік жабдықтың жұмысын және технологиялық процестердің сапасын техникалық қызмет көрсетуді, жұмыс уақытын және қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандарды жеткізуді жоспарлау арқылы басқару;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, өндіріс және шығындар көлемдеріне мониторинг жүргізу, сондай-ақ технологиялық процестерді реттеу және шығындарды азайту мақсатында ресурстарды оңтайландыру;
- басқа басшыларға өндірістік мәселелер туралы консультация беру және ақпараттандыру;
- жаңа машиналар және жабдықтарды сатып алу және орнатуды қадағалау;
- өндірістік құжаттаманы және есептерді дайындауды бақылау;
- еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын сақтауды үйлестіру;
- бизнес үшін мүмкіндіктерді анықтау және өндіру керек өнімдерді айқындау;
- өндіріс пен қоршаған ортаны қорғауға қатысты нормативтік материалдарды және заңнама талаптарын зерттеу және енгізу;
- арнайы тауарларды өндіруге арналған квоталардың ұсынылуын бақылау және клиенттермен және өнім берушілермен келісімшарттарға қол қою;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас технолог (өңдеуші өнеркәсіп)

Бас пісіруші

Бас электроник

Цех бастығы (өңдеуші өнеркәсіп)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Негізгі өндіріс учаскелеріндегі бригадирлер – 8100

1322 Мамандандырылған геологиялық және өндіруші бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған геологиялық және өндіруші бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі өндірістік қызметті, сондай-ақ мұнай және газды өндіруді не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ кәсіпорынды басқарушы ретінде жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- басқа басшылармен өндіруге арналған квоталарды белгілеу, өндіру учаскелерін жоспарлау және шикізатты шығару жөніндегі стратегияларды әзірлеу бойынша кеңесу;
- персоналдың, жабдықтар мен технологиялардың құрамын айқындау үшін өндірістік алаңдардың өнімділігін бағалау, сондай-ақ жұмыс кестесіне немесе қажет болған жағдайда жабдықтың жұмыс кестесіне өзгерістер енгізу;
- өнімнің сапасын және көлемін, құнын, жұмыс уақытын және жұмыс күшіне қажеттілікті ескере отырып, өндірістік қызметті толық жоспарлау;
- жабдықтың жұмысын және технологиялық процестерді техникалық қызмет көрсету, жабдықтың жұмыс кестесін құру және оны жеткізу жоспарларына сәйкес басқару;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, өндіріс және шығындардың көлемдеріне мониторинг жүргізу, сондай-ақ технологиялық процестерді реттеу және шығындарды азайту мақсатында ресурстарды оңтайландыру;
- жаңа машиналар мен жабдықтарды сатып алуды және орнатуды қадағалау;
- өндірістік құжаттаманы және есептерді дайындауды бақылау;
- медициналық-санитариялық талаптардың және қауіпсіздік талаптарының сақталуын үйлестіру;
- пайдалы қазбаларды өндіруге және қоршаған ортаның жай-күйіне әсер ететін нормативтік және заңнамалық түрде белгіленген талаптарды зерттеу және енгізу;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас металлург

Тау-кен жұмыстарының меңгерушісі

Бұрғылау ұңғымасының мастері

Карьер бастығы

Шахта бастығы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бұрғылау бөлімінің бригадирі – 8100

Бұрғылау ерітінділері мен қалдықтары жөніндегі супервайзер – 8100

1323 Мамандандырылған құрылыс бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған құрылыс бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) азаматтық инженерлік құрылыстарды, ғимараттарды және тұрғын үйлерді салуды не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның басқарушысы ретінде жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сәулеттік сызбаларды және ерекшеліктерді түсіну;
- еңбек ресурстарын тартуды және пайдалануды, сондай-ақ материалдарды, машиналарды және жабдықтарды сатып алуды және жеткізуді үйлестіру;
- бюджет аясында жобаларды уақтылы аяқтауды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс процесіне қатысушы ғимарат иелерімен, құрылысшылармен және мердігерлермен келіссөздер жүргізу;
- тендерлер мен келісімшарттық өтінімдерді дайындау;
- объектілердегі үйлестірілген жұмыс бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

ҚР МЖ 01-2017

- құрылыс заңнамасының, құрылыс нормаларының және қағидаларының, жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуінің сақталуын қамтамасыз ету;
- құрылыс жоспарларын жергілікті билікке ұсынуды ұйымдастыру;
- келісімшартқа сәйкес құрылысты жүзеге асыру немесе қосалқы мердігерлік мамандандырылған құрылыс қызметтерін орындау;
- тиісті билік органдарының құрылысты тексеруін ұйымдастыру;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді және қосалқы мердігерлерді іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас сәулетші

Жөндеу-құрылыс тобының мастери

Учаске бастығы (құрылыста)

Құрылыс учаскесінің басқарушысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Малярлық жұмыстарды бақылаушы – 7100

Тұрғын үй құрылысының супервайзері (бригадирі) – 7100

1324 Мамандандырылған жабдықтау бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған жабдықтау бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) тауарларды жеткізуді, тасымалдауды, сақтауды және бөлуді не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның басқарушысы ретінде жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тауарларды сатып алу, сақтау және тарату жоспарларын айқындау, жүзеге асыру және іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- аз шығынмен қорлардың қажетті деңгейлерін ұстап тұру жөніндегі жоспарларды дайындау және жүзеге асыру;
- жеткізушілермен тауарлардың сапасы, құны және жеткізілу талаптары туралы шарттар жасасу;
- тауарларды жеткізу және сақтау талаптарын қанағаттандыру үшін тауарларды сақтау және есепке алу жүйелеріне мониторинг жүргізу және шолу жасау;
- автокөлік құралдарын, пойыздарды, теңіз немесе әуе кемелерін жөнелтуді бақылау;
- тауарлардың барлық қозғалыстарын бақылау, сондай-ақ оңтайлы мерзімдерде қорлардың құрылымын өзгертуді және толықтыруды қамтамасыз ету үшін есепке алу жүйелерін енгізу ;
- басқа бөлімдермен және клиенттермен тауарлардың сыртқы түріне және жеткізілуін қамтамасыз ететін көлікке қойылатын талаптар жөнінде өзара әрекеттестік жасау;
- тауарларды сатып алу, сақтау және бөлу жөніндегі мәмілелердің есебін жүргізу;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;

- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тиеу-түсіру жұмыстарының мастері

Қызмет бастығы (материалдық-техникалық жабдықтау қызметінің)

1325 Мамандандырылған көлік бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған көлік бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) жолаушылар тасымалын, жүктердің теміржол, әуе, автомобиль, электрлік көлікпен тасымалдануын не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылым жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның басқарушысы ретінде жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- халықтың және экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып, көліктік қызметтерді жүзеге асыру жоспарларын айқындау, жүзеге асыру және іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- көлік кәсіпорнының тасымалдау жоспарларының белгіленген көлемдерге және мерзімдерге сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған өндірістік-шаруашылық қызметін ұйымдастыру;
- жылжымалы құрам, жол шаруашылығы және жер үстіндегі қызметтер паркін жаңарту және жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізу;
- тұтынушылармен көлік қызметтерін көрсету және сапаға, мерзімдерге және құнына қойылатын талаптардың сақталуы туралы шарттар жасасу;
- көлік құралдарының олардың белгіленген жүк көтерімділік және сыйымдылық нормаларына сәйкес ұтымды пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;
- келген және жөнелтілетін жүктер, жеткізу мерзімдері, тасымалдау талаптары және тасымалдау, тиеу-түсіру және коммерциялық операциялардың басқа да мәселелері туралы анықтамалық-ақпараттық жұмысты ұйымдастыру;
- көліктің жүк операцияларынан тұрып қалуын қысқартуды, өткізу қабілетін ұлғайтуды және қоймалардың, кіреберіс алаңдары мен жолдарының ұтымды пайдаланылуын, тиеу-түсіру машиналарының, механизмдерінің және көлік құралдарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлеу, жүзеге асыру және орындалуын бақылау;
- тасымалдаулардың қауіпсіздігін және жүктердің сақталуын, көлік кәсіпорны және пайдаланылатын тас жолдар аймағында жолаушылар, қызметкерлер, тұрғындар және қоршаған орта үшін қатерлер мен қауіптерді азайтуды қамтамасыз ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас инженер (көлікте)

Жөндеу-механикалық шеберхана меңгерушісі

Вокзал бастығы

Авиациялық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы

Айлақ бастығы

ҚР МЖ 01-2017

Ескертпелер

Ірі әуежайлардың, теміржол компанияларының, қалалық транзиттік жүйелер мен басқарудың иерархиялық құрылымына ие басқа да көлік компанияларының басшылары, *1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары* бастауыш тобына енгізіледі.

1329 Б.т.к. мамандандырылған өндірістік, өндіруші, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің басқа да басшылары (басқарушылары)

Осы бастауыш топ *132 Мамандандырылған өндірістік, өндіруші, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)* кіші тобының басқа топтарына кірмейтін мамандандырылған өндірістік, өндіруші, құрылыс, жабдықтау және көлік бөлімшелерінің басшыларын (басқарушыларын) қамтиды. Мысалы, мұнда өзге салалардағы, сапаны бақылау, метеорологиялық қызмет, электр энергиясы, газ және суды өндіру және тарату, сонымен қатар шығындарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі қызметтердің және бөлімдердің басшылары ескеріледі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметке, мекемеге, ұйымға немесе орталыққа жалпы басшылық етуді және басқаруды қамтамасыз ету;
- персонал үшін рәсімдерді, қағидаларды және стандарттарды әзірлеу, жүзеге асыру және оларға мониторинг жүргізу;
- персоналдың өндірістік қызметіне басшылық ету, оны бақылау және бағалау;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас механик (өзге салалардағы)

Тазарту құрылыстарының меңгерушісі

Сапаны бақылау жөніндегі инспекция бастығы

Метеорологиялық қызмет бастығы

Орталық бастығы (өзге салалардағы)

133-ШАҒЫН ТОП**АКТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

АКТ және ақпарат жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелерді сатып алуды, дамытуды, қолдауды және пайдалануды, сондай-ақ баспа, кино және музыка, теледидар және ұқсас бағдарламаларды шығару саласындағы жұмысты не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның басқарушысы ретінде жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: компьютерлік техникаға қажеттілікті, осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақпараттық жүйелерге және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қойылатын талаптарды айқындау мақсатында пайдаланушыларға, басшыларға, сатушыларға және техникалық мамандарға консультация беруді; ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу және пайдалану стратегияларын, саясатны және жоспарларын әзірлеу мен басқаруды; жүйелік талдаушылардың, программистердің және басқа да компьютер қызметкерлерінің жұмыс мақсаты, жұмысын талдау, басқару және жетекшілік ету; кино-, видеофильмдер және теледидар бағдарламаларын, фонограммалар мен музыкалық жазбалар шығару және жасау бойынша жоспарларды айқындау, жүзеге асыру және іске асырылуына мониторинг жүргізуді, сондай-ақ баспа қызметін басқаруды; бюджеттерді әзірлеу мен басқаруды, шығыстарды бақылауды және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді; жедел және әкімшілік ресурстарды құру мен оларға басшылық етуді; персоналды іріктеуді, оқытуды және пайдалануды бақылауды; кәсіпорынның немесе ұйымның атынан жиналыстарда, семинарларда және конференцияларда өкілдік етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1331 Мамандандырылған АКТ-бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1332 Мамандандырылған баспа және медиа бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)**
- 1339 Б.т.к. АКТ және ақпарат жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басқа да басшылары (басқарушылары)**

ҚР МЖ 01-2017

1331 Мамандандырылған АКТ-бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған АКТ-бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелерді не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымын жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның басқарушысы ретінде сатып алуды, дамытуды, қолдауды және пайдалануды жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- компьютерлік техникаға қажеттілікті, осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақпараттық жүйелерге және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қойылатын талаптарды айқындау мақсатында пайдаланушыларға, басшыларға, сатушыларға және техникалық мамандарға консультация жүргізу;
- ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу және пайдалану жоспарларын әзірлеу, олардың іске асырылуын бақылау;
- АКТ ресурстарын таңдау мен орнатуды басқару және пайдаланушыларды оқытуды ұйымдастыру;
- АКТ жұмысын басқару, құжат айналымын талдау, басымдықтарды анықтау, стандарттар мен нормативтерді әзірлеу;
- АКТ жүйелерінің қауіпсіздігін бақылау;
- жүйелік талдаушылардың, программистердің және басқа да компьютер қызметкерлері жұмысының мақсаты, жұмысын талдау, басқару және оған жетекшілік ету;
- ұйымдастырушылық технологияларының пайдаланылуын бағалау, қажеттіліктерді айқындау және жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу, мысалы жабдықтарды және бағдарламалық қамсыздандыруды жеткізушілер үшін;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, оқытуды және пайдалануды қадағалау;
- кәсіпорынның немесе ұйымның атынан АКТ бойынша жиналыстарда, семинарларда және конференцияларда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бөлім меңгерушісі (компьютерлік қамсыздандырудың)

Компьютерлік орталықтың бастығы

Радиостанция бастығы

1332 Мамандандырылған баспа және медиа бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары)

Мамандандырылған баспа және медиа бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) баспа, кино және музыка, телевизиялық бағдарламалар және ұқсас бағдарламалар шығару саласындағы жұмысты не бөлімше басшысы ретінде не басқарудың иерархиялық құрылымы жоқ кәсіпорынның немесе ұйымның басшысы ретінде жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кино-, видеофильмдерді және телевизиялық бағдарламаларды, фонограммаларды және

музыкалық жазбаларды өндіру және жасау жоспарларын айқындау, жүзеге асыру және іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ баспа қызметін басқару;

- бағдарламаларды белгіленген мерзімдерде және бекітілген бюджет шеңберінде өндіру бойынша жұмыстарды орындауды ұйымдастыру;
- қажетті өнім берушілермен шарттар жасасу және сапаға, мерзімдерге және құнына қойылатын талаптардың сақтаулуын бақылау;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас редактор (баспаның, газет, журнал редакциясының)

Түсіру тобының директоры

Редакция меңгерушісі

Студия меңгерушісі

Фильм базасының (фильм қоймасының) меңгерушісі

1339 Б.т.к. ақпарат және байланыс жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басқа да басшылары (басқарушылары)

Осы бастауыш топ *133 АКТ және ақпарат жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)* кіші тобының басқа топтарына кірмейтін ақпарат және байланыс жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшыларын (басқарушыларын) қамтиды.

КӘСІБИ, ҚАРЖЫЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ)

Кәсіби, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) балаларға қарау және күту бойынша, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және басқа да мамандандырылған қызметтер саласындағы жұмыстарды жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді, сонымен қатар қаржылық және сақтандыру қызметтерні көрсететін мекемелердің филиалдарын немесе бөлімшелерін басқарады.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: қызметтерді ұсыну бойынша мекеме қызметінің бағыттарын әзірледі; мақсаттарды қоюды және стандарттарды әзірледі; клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағдарламаларды және қызметтерді әзірледі және іске асыруды; ресурстарды бөлуге басшылық етуді және үйлестіруді; ата-аналармен, басқару органдарымен, қаржы органдарымен, қоғам өкілдерімен және тиісті мекемелермен әріптестік және қызметті үйлестіру мәселелерін талқылау үшін өзара әрекеттестікті қолдауды; шығыстарға мониторинг жүргізуді және бақылауды; персоналды іріктеуді, дамытуды және пайдалануды бақылауды; есептер, бюджеттер және болжамдар дайындауды немесе дайындалуын ұйымдастыруды; ұйымның атынан басқа мекемелермен келіссөздерде, съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1341 Балаларға қарау және күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1342 Денсаулық сақтау және ветеринария саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1343 Қарттарды күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1344 Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1345 Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1346 Қаржылық операциялар және сақтандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1349 Б.т.к. кәсіби, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басқа да басшылары (басқарушылары)**

Ескертпелер

Кәсіби, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер бойынша мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) мамандандырылған кәсіби және техникалық қызметтерді ұсынуды жоспарлауға, оған басшылық етуге және үйлестіруге жауаптылықта болады. Осы қызметтер үшін *2 Кәсіби мамандар* негізгі тобында немесе *3 Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал* негізгі тобында ескерілетін бір немесе бірнеше қызметтер бойынша жоғары біліктілік деңгейі және үлкен жұмыс тәжірибесін талап етіледі.

1341 Балаларға қарау және күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Балаларға қарау және күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) мектепке дейінгі мекемелердегі, сондай-ақ балаларға арналған демалыс, сауықтыру және балаларды күту мен дамуын қамтамасыз етуге мамандандырылған басқа да мекемелер және орталықтарда балаларды күтуді қамтамасыз етуді жоспарлайды, басқарады, үйлестіреді және бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ерте жастағы балалардың физикалық, әлеуметтік, психологиялық және интеллектуалдық дамуын нығайту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- бюджеттердің орындалуын әзірлеу мен бақылау және персоналға, материалдарға, жабдықтарға және техникалық қызмет көрсетуге қаражат бөлу;
- мектепке дейінгі, балаларға арналған демалыс, күндізгі мекемелердегі және бос уақытты өткізу орталықтарындағы балаларға қарау және көмек көрсетуді үйлестіру;
- ерте жастағы балаларға қарау және оларды күтуді қамтамасыз етуде баланың қамқоршысына басшылық ету және бақылау;
- балаларды күту және дамыту бойынша жұмыстар жүргізілетін барлық ғимараттар мен жабдықтарды балалардың өздері, персонал және келушілер үшін қауіпсіз аймаққа айналдыруға арналған материалдық-техникалық базаны басқару;
- мемлекеттік кодекстерді талдау және қолдану, сондай-ақ тиісті кодекстер мен заңдарды орындау рәсімдерін әзірлеу (мысалы, қауіпсіздікті және қорғауды қамтамасыз етуге қатысты);
- балалардың дамуын және ата-аналармен немесе қамқоршылармен әңгімелесуге мониторинг жүргізу;
- балаларды күту жөніндегі орталықтардың жұмысы туралы есептерді дайындау, жасау және есепке алу;
- персоналды жалға алу және бағалау және жұмыскерлердің кәсіби дамуын үйлестіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Балалар үйінің директоры

Балабақша меңгерушісі

Балаларға арналған әлеуметтік қызметтің меңгерушісі

1342 Денсаулық сақтау және ветеринария саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Денсаулық сақтау және ветеринария саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) ауруханаларда, емханаларда, денсаулық сақтау органдарында және басқа да ұқсас ұйымдарда медициналық қызметтер және қоғамдық денсаулықты және жануарлардың денсаулығын қорғау бойынша қызметтер ұсынуды жоспарлайды, басқарады, үйлестіреді және бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметке, объектіге, ұйымға немесе орталыққа жалпы жеткішілік етуді және басқаруды қамтамасыз ету;

ҚР МЖ 01-2017

- дәрігерлердің, мейіргерлердің, техникалық, кеңселік, сервистік, кіші қызмет көрсетуші және басқа да персоналдың жұмысына басшылық ету, бақылау және бағалау;
- олар басқаратын құрылымдық бірліктердің жұмысын бағалауға арналған мақсаттарды және бағалау немесе жедел өлшемшарттарды айқындау;
- персоналды іріктеуді, жалдауды және оқытуды ұйымдастыру немесе жүргізу;
- дәрігерлердің, мейіргерлердің, техникалық және әкімшілік персоналдың медициналық қызмет көрсету рәсімдерін, қағидаларын және стандарттарын әзірлеу, жүзеге асыру және оларға мониторинг жүргізу;
- қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды және қосымша персоналға, жабдықтарға және қызметтерге қажеттілікті бағалауды қамтамасыз ету үшін диагностикалық жабдықты, аурухана койкаларын, медициналық құралдарды және персоналды пайдалануды бақылау;
- бюджетті жоспарлау, есептер дайындау және кеңсе керек-жарақтарына, жабдықтарға және қызметтерге жұмсалған шығыстарды есепке алау бойынша әкімшілік қызметті бақылау;
- басқа медициналық мекемелермен және әлеуметтік қамсыздандыру қызметтерімен, басқару органдарымен және қаржы органдарымен қызметтерді көрсетуді үйлестіру үшін байланыста болу;
- мемлекеттік билік органдарына денсаулықты жақсарту шаралары, көрсетілетін қызметтер және саламаттылықты қамтамасыз ету құралдары туралы консультация беру;
- ұйымның атынан келіссөздерде, съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас ветеринариялық дәрігер

Бас мейіргер (бас дәрігердің мейіргер ісі жөніндегі орынбасары)

Хирургия бөлімінің меңгерушісі (дәрігер-хирург)

Аурухананың неврология бөлімшесінің меңгерушісі

Қан құю станциясының басшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қарттарға күтім жасау жөніндегі қызметтің директоры - 1343

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры - 1344

1343 Қарттарды күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Қарттарды күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) қартаюна байланысты осындай қызметтерге мұқтаж жеке тұлғалар мен отбасыларға баспанасын күту және жеке гигиенасы бойынша қызметтердің көрсетілуін жоспарлайды, басқарады, үйлестіреді және бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметтерге, объектілерге, ұйымдарға немесе орталықтарға жалпы жеткішілік етуді және басқаруды қамтамасыз ету;
- дәрігерлердің, мейіргерлердің, техникалық, кеңселік, сервистік, кіші қызмет көрсетуші және басқа да персоналдың жұмысына басшылық ету, бақылау және бағалау;

- олар басқаратын құрылымдық бірліктердің жұмысын бағалауға арналған мақсаттарды және бағалау немесе жедел өлшемшарттарды айқындау;
- персоналды іріктеуді, жалдауды және оқытуды ұйымдастыру немесе жүргізу;
- науқастарды, жеке гигиена құралдарын күтуді жүзеге асыратын персоналдың, сондай-ақ техникалық және әкімшілік персоналдың қызмет көрсету рәсімдерін, қағидаларын және стандарттарын әзірлеу, жүзеге асыру және мониторингін жүргізу;
- әлеуметтік қамсыздандыру және қарттарды күту жөніндегі қызметтерді көрсету бағдарламаларының іске асырылуын үйлестіру және басқару;
- бюджетті жоспарлау, есептер дайындау және кеңсе керек-жарақтарына, жабдықтарға және қызметтерге жұмсалған шығыстарды есепке алау бойынша әкімшілік қызметті бақылау;
- басқа медициналық мекемелермен және әлеуметтік қамсыздандыру қызметтерімен, басқару органдарымен және қаржы органдарымен қызметтерді көрсетуді үйлестіру үшін байланыста болу;
- мемлекеттік билік органдарына денсаулықты жақсарту шаралары, көрсетілетін қызметтер және саламаттылықты қамтамасыз ету құралдары туралы консультация беру;
- ұйымның атынан келіссөздерде, съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қарттар үйінің директоры

Күтім жөніндегі жеке клиниканың директоры

Ауылдардағы қарттарға күту жөніндегі жұмысты үйлестіруші

Геронтология бөлімшесінің басшысы

1344 Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) зейнетақымен қамсыздандыруға және кіріс деңгейін қолдауға, отбасыға көмек көрсетуге, балалар мекемесінің қызметтерін және басқа да әлеуметтік бағдарламалардың қызметтерін ұсынуға қатысты әлеуметтік қолдау және әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын жүзеге асыруды жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметтерге, объектілерге, ұйымдарға немесе орталықтарға жалпы жетекшілік етуді және басқаруды қамтамасыз ету;
- персоналдың қызмет көрсету рәсімдерін, қағидаларын және стандарттарын әзірлеу, жүзеге асыру және мониторингін жүргізу;
- саламаттылықты қамтамасыз етуге, тұрғын үйді ұстап тұруға және басқа да әлеуметтік қызметтерге бөлінетін ресустарға мониторинг жүргізу және бағалау;
- бюджетті жоспарлау, есептер дайындау және кеңсе керек-жарақтарына, жабдықтарға және қызметтерге жұмсалған шығыстарды есепке алау бойынша әкімшілік қызметті бақылау;
- денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мүмкін кооперацияны және қызметтер көрсетуді үйлестіру мәселелерін талқылау үшін басқа әлеуметтік

ҚР МЖ 01-2017

- қамсыздандыру ұйымдарымен және денсаулық сақтау мекемелерімен, басқару органдарымен және қаржы органдарымен байланыста болу;
- мемлекеттік билік органдарына әлеуметтік қамсыздандыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы консультация беру;
 - ұйымның атынан келіссөздерде, съездерде, семинарларда, қоғамдық тыңдауларда және форумдарда өкілдік ету;
 - бюджеттерді әзірлеу және оларды басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді падаланылуын қамтамасыз ету;
 - жедел және әкімшілік рәсімдерді құру және оларға басшылық ету;
 - персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Психологиялық-педагогикалық колдау орталығының директоры

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры

Зейнетақымен қамсыздандыру қызметінің басшысы

1345 Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) бастауыш және орта мектептерде, колледждерде, университеттердегі факультеттерде және кафедраларда және басқа да оқу орындарында білім беру қызметтерін көрсетудің білім беру және әкімшілік аспектілерін жоспарлайды, басқарады, үйлестіреді және бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- білім беру органдары мен білім беруді басқару органдары белгілеген стандарттарға негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастыру;
- оқушылар мен студенттердің жұмысын бақылау жүйелерін және рәсімдерін енгізу;
- студенттерді қабылдауға және білім беру қызметтерін көрсетуге қатысты әкімшілік және техникалық қызметті басқару;
- бюджетті жоспарлау, есептер дайындау және кеңсе керек-жарақтарына, жабдықтарға және қызметтерге жұмсалған шығыстарды есепке алу жөніндегі әкімшілік қызметті бақылау;
- мұғалімдер мен оқытушылар, академиялық және әкімшілік персонал, сондай-ақ студенттер үшін басшылық функцияларын орындау;
- қабылданған көрсеткіштер жүйесінің, оқыту әдістерін зерттеудің, оқытудың және қолданылатын оқыту материалдарының әдістемелерін және мақсаттарын бағалаудың көмегімен мұғалімдер және ұстаздардың жұмыс тиімділігін бағалау;
- білім беру бағдарламаларын ілгерілету және қызметке немесе мекемеге жалпы қоғамда өкілдік ету;
- білім беру мекемелерінің қызметін бақылау;
- студенттер мен оқытушылар үшін қауіпсіз және қолайлы орта құру үшін тәртіп кодексін әзірлеу және сақталуын қамтамасыз ету;
- ата-аналармен, қоғамдық топтармен және демеушілермен бірге қосымша қаражатты тарту әдістерін ұйымдастыру және пайдалану;
- персоналды іріктеуді, оқытуды және қадағалауды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Факультет деканы
Кабинет директоры (әдістемелік, оқу-әдістемелік)
Мектеп директоры
Балалар шығармашылығы орталығының басшысы
Біліктілікті арттыру орталығының басшысы

1346 Қаржылық операциялар және сақтандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Қаржылық операциялар және сақтандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) банктер, құрылыс кооперативтері, кредиттік одақтар және сақтандыру компаниялары сияқты қаржылық және сақтандыру қызметтерін көрсететін мекемелердің қызметін жоспарлайды, басқарады және үйлестіреді. Олар клиенттерге қаржылық және сақтандыру мәселелерінде консультация береді және көмек көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- филиалдағы персоналдың қызметін жоспарлау, оған басшылық ету және үйлестіру;
- жеке және корпоративтік клиенттермен қарым-қатынас орнату және оны қолдану;
- клиенттерге қатысты болуы мүмкін заңнамадағы өзгерістерге қатысты клиенттердің қаржылық және сақтандыру проблемалары мен мәселелерін шешуде оларға консультация беру және көмек көрсету;
- кредиттік және сақтандыру өтінімдерін қарау, бағалау және ресімдеу;
- кредит беру жөніндегі шешімдерге мониторинг жүргізу;
- қаржылық тергеп-тексерулерді жүргізу;
- ақшалай қаражаттар мен қаржы құралдарының ағынын бақылау мен қаржылық және басқарушылық есептілікті дайындау;
- коммерциялық, ипотекалық және тұтынушылық кредиттерді берудің кредиттік желілерін бекіту немесе қабылдамау немесе бекітуді немесе қабылдамауды үйлестіру;
- компанияның басқа филиалдарымен ынтымақтастықты үйлестіру;
- бюджеттерді басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кредит бөлімінің басшысы
Сақтандыру агенттігінің басқарушысы
Клиенттермен жұмыс жасау жөніндегі кредит мекемесінің басқарушысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қаржылық директор – 1210
Кредит агенті – 3312
Сақтандыру агенті – 3321

ҚР МЖ 01-2017

1349 Б.т.к. кәсіби, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басқа да басшылары (басқарушылары)

Осы бастауыш топ *134 Кәсіби, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)* шағын тобына кіретін мамандандырылған әлеуметтік қызметтерді ұсыну мүмкіндігін жоспарлайтын, үйлестіретін және бағалайтын басшыларды (басқарушыларды) қамтиды. Мысалы, мұнда кітапханалардың, музейлердің, архивтердің, заң қызметтерінің, құқық қорғау және түзету мекемелерінің басшылары ескеріледі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіруі мүмкін:

- қызметке, мекемеге, ұйымға немесе орталыққа жалпы жетекшілік етуді және басқаруды қамтамасыз ету;
- персоналға арналған рәсімдерді, қағидаларды және стандарттарды әзірлеу, жүзеге асыру және мониторингін жүргізу;
- техникалық, кеңселік, сервистік, кіші қызмет көрсетуші және басқа да персоналдың өндірістік қызметіне басшылық ету, бақылау және бағалау;
- қызметтерді ұсынуға бөлінетін ресурстардың шығындалуына мониторинг жүргізу және бақылау;
- бюджетті жоспарлау, есептер дайындау және кеңсе керек-жарақтарына, жабдықтарға және қызметтерге жұмсалған шығыстарды есепке алу жөніндегі әкімшілік қызметті бақылау;
- қызмет көрсетуді жоспарлау, оған басшылық ету және үйлестіру;
- сол немесе сабақтас салаларда қызмет көрсету жөніндегі басқа агенттіктермен ынтымақтастықты үйлестіру;
- бюджеттерді басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- персоналды іріктеуді, даярлауды және пайдалануды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кітапхана директоры

Музей директоры (меңгерушісі)

Архив меңгерушісі

Көркемсурет галереясының меңгерушісі

Түрме бастығы

Музей басшысы

14-КІШІ ТОП**ТҰРУ, ТАМАҚТАНУ, САУДА ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАСҚА САЛАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

Тұру, тамақтану, сауда және көрсетілетін қызметтердің басқа салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) уақытша баспанамен қамтамасыз ететін, қонақ үй бизнесін, бөлшек сауданы жүзеге асыратын және басқа да ұқсас қызметтерді ұсынатын ұйымдардың қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және басқарады. Аталған кіші топқа енгізілген қызметтердің басым бөлігінің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: қонақжайлылық функцияларын, спорттық, ойын-сауық іс-шараларын орындауды жоспарлау мен ұйымдастыруды, сондай-ақ өнім түрлерін және ассортиментін, қорлардың деңгейін және қызмет көрсету стандарттарын айқындауды; тауарлар мен қызметтерді жылжыту мен сатуды; күшті сусындарды сату, ойын бизнесін ұйымдастыру, денсаулықты қорғау саласындағы заңнаманың және басқа да заңдар мен нормативтік актілердің сақталуын бақылауды; клиенттермен қатынасқа және тауарлар мен қызметтерді сатуға қатысты саясатты, бағдарламалар мен рәсімдерді әзірлеуді және қайта қарауды; әлеуетті клиенттерді тарту арқылы конференцияларды, конгресстерді және көрмелерді өткізуге жәрдемдесуді; көлік құралдарын, жабдықтарды және отынды сатып алуды және беруді, сондай-ақ тауарларды көлікпен жеткізуді ұйымдастыруды; персоналды іріктеуді, даярлауды және жұмысын қадағалауды бақылау; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормаларының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 141 Тұру және тамақтану қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 142 Бөлшек және көтерме сауда қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 143 Көрсетілетін қызметтердің басқа салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**

Ескертпелер

14 Тұру, тамақтану, сауда және басқа да қызмет салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) кіші тобы әдетте халыққа тікелей қызмет көрсететін және басқарудың иерархиялық құрылымы болуы үшін өте шағын болып табылатын ұйымдардың басшыларын қамтиды. Әдетте анағұрлым жоғары даярлықты талап ететін мамандандырылған және техникалық қызметтерді ұсынуды жоспарлау, басшылық ету және үйлестіру үшін жауапты басшылар 12 Корпоративтік сектордағы (бірінші және функционалды) басшылар және 13 Өндіріс және мамандандырылған сервистік қызметтер саласындағы корпоративтік сектордағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) кіші топтарының әртүрлі бастауыш топтарында ескеріледі.

Басқа персоналдың жұмысын басқару және бақылау олардың жұмысының маңызды компоненті болып табылмайтын шағын дүкендердің, қонақүйлердің, дәмханалардың, мейрамханалардың және барлардың жұмыскерлері олар орындайтын негізгі міндеттеріне қарай 51 Жеке қызметтер саласының жұмыскерлері немесе 52 сатушылар және сатудағы жұмыскерлер кіші тобының тиісті бастауыш тобында ескеріледі.

ҚР МЖ 01-2017

141-ШАҒЫН ТОП

ТҰРУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ (БАСҚАРУШЫЛАРЫ) БАСШЫЛАРЫ

Тұру және тамақтану қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) орналастыру, тамақтану, сусындарды ұсыну және басқа да қонақжайлылық қызметтерін ұсынуды қамтамасыз ететін ұйымдардың қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және басқарады.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: қонақжайлылық функцияларын, спорттық, ойын-сауық іс-шараларын орындауды жоспарлауды және ұйымдастыруды; орындарды брондауға, келушілерді қабылдау мен оларға қызмет көрсетуге, шаруашылық қызметті жүргізуге басшылық етуді және бақылауды; күшті сусындарды сату, ойын бизнесін ұйымдастыру, денсаулықты қорғау саласындағы заңнаманың және басқа да заңдар мен нормативтік актілердің сақталуын бақылауды; өнімдерді және қызметтерді дайындау мен презентациялаудың барлық кезеңдерінде сапаны бақылауды; персоналды іріктеуді, даярлауды бақылау және жұмысын қадағалау; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормаларының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1411 Тұру қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1412 Тамақтану, оның ішінде кейтеринг қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**

1411 Тұру қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Тұру қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) қонақтардың орналасуын және басқа да қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ете отырып, отельдердің (қонақүйлердің), мотельдердің және ұқсас мекемелердің қызметтерін жоспарлайды, ұйымдастырады және басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шаруашылық қызметті жүргізуге, орындарды брондауға, келушілерді қабылдау мен оларға қызмет көрсетуге басшылық ету және бақылау;
- қауіпсіздік шараларын, сонымен қатар іргелес жатқан аймақтардың, саябақтардың және ғимараттардың жай-күйін қадағалау;
- барлардың, мейрамханалардың қызметін жоспарлау және басқару, оның ішінде конференциялар мен кеңестерде қызмет көрсету;
- күшті сусындарды сату, ойын бизнесін ұйымдастыру саласындағы заңнаманың және басқа да заңдар мен нормативтік актілердің сақталуын бақылау;
- клиенттер мен келушілердің қанағаттануын бағалау және талдау;
- есепке алу және сатып алу қызметін бақылау;
- мекеме бюджетін қабылдау және ресурстардың шығындалуын бақылау;
- персоналды іріктеуді, даярлауды бақылау және оның жұмысын қадағалау;
- еңбекті қорғау нормаларының және қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- қонақтарға жергілікті туристік ақпаратты ұсыну, сонымен қатар турларды және көлік қызметтерін ұйымдастыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қонақ үй (қонақүй мекемесінің) директоры

Отель директоры

Студенттік жатақхананың басшысы

Трактирші (меншік иесі)

Ескертпелер

Ірі қонақүй компанияларының немесе отельдер желілерінің басшылары 12-кіші топта ескеріледі.

1412 Тамақтану, оның ішінде кейтеринг қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Тамақтану, оның ішінде кейтеринг қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) дәмханалардың, мейрамханалардың және қоғамдық тамақтану қызметтерін қамтамасыз ететін басқа да ұқсас мекемелердің қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шеф-аспазшымен және аспазшылармен жүргізілген консультациялардың негізінде ас мәзірін жоспарлау;
- қоғамдық тамақтанумен байланысты арнайы функцияларды жоспарлау және ұйымдастыру;

ҚР МЖ 01-2017

- бюджетке сәйкес тамақ өнімдерінің және тауарлардың бағалары бойынша сатып алуды ұйымдастыру;
- қорлардың және қаржылық операциялардың есебін жүргізу;
- келушілерге арналған орын-жайлардың, ас бөлмелерінің және тамақ өнімдерін сақтау орындарының санитариялық нормаларға және гигиена қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету, олардың жұмыс істеуін және сыртқы түрін сақтау;
- келушілердің тамаққа және қызмет көрсетуге қанағаттануын бағалау үшін олармен әңгімелесу;
- персоналды таңдау, жұмыс кестелерін құрастыру, даяшыларды және аспазшыларды оқыту және бақылау;
- орындарды брондау, қонақтарды қарсы алу және тапсырыстарды ресімдеуде көмек көрсету;
- клиенттермен және өнім берушілермен келіссөздер жүргізу;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының нормаларының және қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Вагон-мейрамхананың директоры (басқарушысы)

Дәмхана директоры

Зал меңгерушісі (мейрамхана, дәмхана және т.б.)

Асхана меңгерушісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Шеф-аспазшы - 3434

Аспазшы - 5120

Ескертпелер

Басқа қызметкерлердің жұмысын басқару және бақылау олардың жұмысының маңызды компоненті болып табылмайтын шағын дәмханалардың, мейрамханалардың және барлардың басшылары олар орындайтын негізгі міндеттеріне қарай *5120 Аспазшылар, 5130 Бармендер, буфетшілер және даяшылар* бастауыш топтарында ескеріледі.

142-ШАҒЫН ТОП

**БӨЛШЕК ЖӘНЕ КӨТЕРМЕ САУДА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ
(БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

Бөлшек және көтерме сауда қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) тауарларды бөлшек немесе көтерме сауда желілерінде сататын ұйымдардың қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды. Олар бюджет, штаттық кесте, дүкендерге және олардың құрылымдық бөлімшелеріне тауар өнімдерінің жекелеген түрлерін сататын дүкендер аясында басшылық ету үшін жауапкершілікте болады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: өнім ассортиментін, қорлар деңгейін және қызмет көрсету стандарттарын айқындауды; сатып алу және маркетинг саясатын әзірлеу және іске асыруды және бағаларды айқындауды; мекеменің тауарлары мен қызметтерін жарнамалау мен жылжытуды; қорлар мен қаржылық операциялардың есебін жүргізуді; бюджетті әзірлеуді және атқарылуын бақылауды; персоналды іріктеуді, оқытуды және бақылауды; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларының және нормаларының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

1420 Бөлшек және көтерме сауда қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

ҚР МЖ 01-2017

1420 Бөлшек және көтерме сауда қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Бөлшек және көтерме сауда қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) тауарларды бөлшек немесе көтерме сауда желілерінде сататын ұйымдардың қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды. Олар бюджет, штаттық кесте, дүкендерге және олардың құрылымдық бөлімшелеріне тауар өнімдерінің жекелеген түрлерін сататын дүкендер аясында басшылық ету үшін жауапкершілікте болады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өнім ассортиментін, қорлар деңгейін және қызмет көрсету стандарттарын айқындау;
- сатып алу және маркетинг саясатын әзірлеу және іске асыру және бағаларды айқындау;
- мекеменің тауарлары мен қызметтерін жарнамалау және жылжыту;
- қорлар мен қаржылық операциялардың есебін жүргізу;
- бюджетті әзірлеу және атқарылуын бақылау;
- персоналды таңдауды және оқытуды бақылау;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларының және нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Дүкен директоры

Тұрмыс (сән) үйінің меңгерушісі

Бөлім меңгерушісі (саудадағы)

Көтерме және бөлшек сауда қызметінің бастығы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бөлім меңгерушісі (маркетинг және өнімді өткізу жөніндегі) - 1231

Дүкендегі бригадир - 5210

Консультант-сатушы - 5210

Дүңгіршек сатушысы - 9520

Ескертпелер

Желілік супермаркеттер немесе әмбебап дүкендер сияқты сауда мекемелерінің бас басшылары (басқарушылары) *1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары* бастауыш тобында ескеріледі. Персоналды басқару және қадағалау олардың қызметінің маңызды компоненті болып табымайтын шағын дүкендердің сауда қызметкерлері *5210-2 Дүкен сатушылары және олардың көмекшілері* қызметтер тобында немесе *9520 Көшелердегі және базарлардағы саудагерлер* бастауыш тобында ескеріледі. Дүкендердегі сатушы-консультанттардың қызметін бақылайтын және басқаратын, кассир-бақылаушылардың және басқа да жұмыскерлердің жұмысын бақылайтын, бірақ өнім ассортиментін, баға саясатын, бюджетті және персоналдың санын айқындау, оны таңдау және жалдау үшін жауапкершілікте болмайтын жұмыскерлер *5210-1 Дүкендегі супервайзерлер* қызметтер тобында ескеріледі.

143-ШАҒЫН ТОП

**КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАСҚА САЛАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ
(БАСҚАРУШЫЛАРЫ)**

Көрсетілетін қызметтердің басқа салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) спорттық, мәдени, рекреациялық, туристік, контактілік және демалуды және уақытты жағымды өткізуді қамтамасыз ету бойынша басқа қызметтерді ұсынатын мекемелердің қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: қызметтер кешенін немесе қызмет түрлерінің қарастырылған жиынтығын ұсынуды жоспарлау мен ұйымдастыруды; объектілерді тазалықта және жақсы күйінде ұстауды қамтамасыз етуді; ұсынылатын қызметтерге қатысты жұмыстағы жаңа үрдістерді қадағалауды және есепке алуды; қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша консультация беруді және оларды ұсыну бойынша ақпараттандыруды және жарнамалауды; ақшалай түсімдерді тексеру мен сақтауды және қалдықтарды тұрақты тексеруді; бюджеттерді әзірлеу мен басқаруды; шығыстарды бақылау мен ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді; күнделікті қызметті жоспарлау мен оған басшылық етуді; персоналды таңдауды, қадағалауды және жұмыс тиімділігін бақылауды; денсаулықты қорғау нормаларының және қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 1431 Дене шынықтыру және спорт қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1432 Ойын-сауық және демалыс қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**
- 1439 Б.т.к. көрсетілетін қызметтердің басқа салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)**

ҚР МЖ 01-2017

1431 Дене шынықтыру және спорттық қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Дене шынықтыру және спорттық қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) спорттық қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін ұйымдардың қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- спорт ұйымының әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін жоспарлау, бақылау және талдау;
- халық арасында жаппай спорттық-және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- ұйымды спорттық-технологиялық және инженерлік жабдықтармен, инвентарьмен және материалдармен жабдықтауды жоспарлау және ұйымдастыру, олардың дұрыс пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды таңдауды, қадағалауды және жұмыс тиімділігін бақылау;
- гигиена және қауіпсіздік қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас жаттықтырушы

Дене шынықтыру-спорт ұйымының директоры

Фитнес орталығының директоры

Спорт базасының меңгерушісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мемлекеттік жаттықтырушы - 3422

1432 Ойын-сауық және демалыс қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Ойын-сауық және демалыс қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) көркемдік, театр және басқа да рекреациялық қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін ұйымдардың қызметін жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ойын-сауықтың, әткеншектердің, мәдени іс-шаралардың, сауықтыру және орталық ұсынатын фитнес бағдарламаларының кешенін және жиынтығын жоспарлау және ұйымдастыру;
- объектілерді тазалықта және жақсы күйінде ұстауды қамтамасыз ету;
- көркемдік шығармашылықтағы үрдістер мен өзгерістерді ескеру, театр труппалары және оркестрлері үшін театр қойылымдарын және спектакльдерін ұйымдастыру;
- жоспарланатын оқиғалар, шоу және іс-шараларды жариялау бойынша жарнаманы орналастыру мүмкіндігі және орналастыру мәселелері бойынша консультация беру;
- ақшалай түсімдерді тексеру мен сақтау және сатылған және сатылмаған билеттерді тұрақты тексеру;

- бюджеттерді әзірлеу және басқару, шығыстарды бақылау және ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- күнделікті қызметті жоспарлау және оған басшылық ету;
- персоналды таңдауды, қадағалауды және жұмысының тиімділігін бақылау;
- гигиена және қауіпсіздік қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас дирижер

Бөлім (әдеби-драмалық, режиссерлік, көркем-қойылымдық, педагогикалық және т.б.) меңгерушісі (басшысы)

Бар, диско-бар, түнгі клуб, караоке директоры

Мәдениет және демалыс саябағының директоры

Кинотеатрдың басқарушысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Музей директоры (меңгерушісі) - 1349

Кітапхана директоры - 1349

1439 Б.т.к. басқа да қызмет салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)

Осы бастауыш топ қызметтерді ұсынуды жоспарлайтын, басқаратын және қызметтер ұсынуды үйлестіретін және *13 Өндіріс және арнайы сервистік қызметтер саласындағы корпоративтік сектордағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)* және *14 Тұру, тамақтану, сауда және көрсетілетін қызметтердің басқа салалары жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)* кіші тобының ешбір тобында ескерілмейтін басшыларды (басқарушыларды) қамтиды. Мысалы, бұған туристік агенттіктердің, конференц-орталықтардың және көрме орталықтарының басшылары енуі мүмкін.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Көрме орталығының директоры

Шаштараз меңгерушісі

Туристік агенттіктің басшысы

ҚР МЖ 01-2017

2-НЕГІЗГІ ТОП

КӘСІБИ МАМАНДАР

Кәсіби мамандар бар білім қорын арттырып, тәжірибеде ғылыми және көркем тұжырымдарды мен теорияларды қолданады, осы білімді жүйелі түрде меңгерумен айналысады, сондай-ақ қызметтің осы түрлерін түрлі комбинацияларда біріктіре алады. Аталмыш негізгі топқа қосылған көпшілік кәсіптердің дағдылар деңгейі төртінші деңгейге сәйкес келеді.

Кәсіби мамандар орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: талдау мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді, тұжырымдарды, теориялар мен әдістерді әзірлеуді; консультация беруді немесе физика ғылымдары, математика, техника және технологиялар саласындағы, өмір туралы ғылым, медициналық қызметтер және денсаулық сақтау саласындағы қызметтер, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы бар білімдерді қолдануды; білімнің берудің әртүрлі сатысында бір немесе бірнеше пәннің практикасын және теориясын оқытуды; оқуда қиналатын адамдарды немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеуді; түрлі іскерлік, заңдық және әлеуметтік қызметтерді көрсетуді; ақпараттық технологиялар жүйесін, аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеуді, сынақтан өткізуді және жетілдіруді; өнер туындыларын жасау мен орындауды; рухани тәлімгерлікті жүзеге асыруды; ғылыми құжаттар мен есептерді дайындауды қамтиды. Міндеттемелер басқа қызметкерлерді басқаруды қамтуы мүмкін.

Аталған негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 21 Ғылым және техника саласындағы кәсіби мамандар**
- 22 Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар**
- 23 Білім беру саласындағы кәсіби мамандар**
- 24 Бизнес және әкімшілендіру саласындағы кәсіби мамандар**
- 25 Ақпараттық технологиялар (АТ) бойынша кәсіби мамандар**
- 26 Құқық, гуманитарлық және мәдениет саласындағы кәсіби**

21-КІШІ ТОП**ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР**

Ғылым және техника саласындағы кәсіби мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді; тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді әзірлейді және жетілдіреді; немесе физикаға, астрономияға, метеорологияға, химияға, геофизикаға, геологияға, биологияға, экологияға, фармакологияға, медицинаға, математикаға, статистикаға, сәулетке, техникаға, дизайн мен технологияларға қатысы бар ғылыми білімдерін практикада қолданумен айналысады. Аталған кіші топқа қосылған көпшілік қызметтердің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейге сәйкес келеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: зерттеулер жүргізу, физикалық заттар мен құбылыстардың құрылымын және қасиеттерін, әртүрлі заттардың, материалдар мен өнімдердің химиялық қасиеттерін және күйін, адам, жануар және өсімдік өмірінің барлық түрлерін, сондай-ақ математика және статистика саласындағы тұжырымдар мен әдістерді зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми білімді таратуды, қолдануды және ол бойынша консультация беруді; ғимараттар мен құрылыстардың, қалалардың және көлік жүйелерінің, азаматтық құрылыс объектілерінің және өндірістік ғимараттар және құрылыстардың құрылысы, сондай-ақ машиналар мен басқа жабдықтар бойынша консультация беруді, жобалауды және басшылық етуді; пайдалы қазбаларды алу әдістері бойынша консультация беруді және қолдануды және олардың оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуді; құрлық пен теңіздерді зерттеу мен карталар жасауды; белгілі бір материалдармен, өніммен және процестермен байланысты технологиялық аспектілерді, сондай-ақ өндірістің және еңбекті ұйымдастырудың тиімділігін зерделеу мен олар бойынша консультация беруді; ғылыми құжаттама мен есептерді дайындауды қамтиды. Міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған кіші топ қызметтері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

211 Физиктер, химиктер және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

212 Математиктер, актуарийлер және статистиктер

213 Өмір туралы ғылымдар саласындағы кәсіби мамандар

214 Инженер-электротехниктерді қоспағанда, техника саласындағы кәсіби мамандар

215 Инженер-электротехниктер

216 Сәулетшілер, жобалаушылар, геодезистер және дизайнерлер

217 Әуе және теңіз көлігін басқару саласындағы кәсіби мамандар

ҚР МЖ 01-2017

211-ШАҒЫН ТОП

ФИЗИКТЕР, ХИМИКТЕР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КӘСІБИ МАМАНДАРЫ

Физиктер, химиктер және тектес қызметтердің кәсіби мамандары ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді; тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді және жасайды; немесе физикамен, астрономиямен, метеорологиямен, химиямен, геологиямен және геофизикамен байланысты ғылыми білімдерін практикада қолданумен айналысады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: механика, термодинамика, оптика, акустика, электр, магнетизм, электроника, ядролық физика, астрономия, химияның әр түрлі бөлімдері, сондай-ақ Жер атмосферасы мен физикалық табиғат жағдайы саласында зерттеулер және эксперименттер жасау жолымен ғылыми білімдерінің көлемін арттыруды; өндіріс, ауыл шаруашылығы, медицина, кеме қатынасы, ғарыш зерттеулері, мұнай, газ, су және минералдар қорын пайдалану, байланыс және басқа да қызметтер, сондай-ақ азаматтық құрылыс сияқты салаларда консультация беру және білімдерін қолдану; ғылыми құжаттама мен есептерді дайындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2111 Физиктер мен астрономдар

2112 Метеорологтар

2113 Химиктер

2114 Геологтар, геофизиктер және жаратылыстану ғылымдары саласындағы басқа да кәсіби мамандар

2111 Физиктер мен астрономдар

Физиктер мен астрономдар ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді және заттармен, кеңістікпен, уақытпен, энергиямен, күштермен және өрістермен және олардың осы физикалық құбылыстармен өзара қатынасымен байланысты тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді және әзірлейді. Олар физикамен және астрономиямен байланысты, өндірістік, медициналық, әскери немесе басқа салалардағы ғылыми білімдерін практикада қолданумен айналысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеулер жүргізу және тұжырымдамалар, теориялар, өлшеу құралдарын, бағдарламалық қамсыздандыруды және физика мен астрономия саласындағы әдістерді жетілдіру және әзірлеу;
- механика, термодинамика, электроника, байланыс, электр қуатын өндіру және тарату, аэродинамика, оптика және лазерлер, қашықтықтан өлшеу, медицина, акустика, магнетизм және ядролық физика сияқты салаларда заттардың құрылымы және қасиеттеріне тәжірибелер, сынақтар және талдау жүргізу;
- негізінде математикалық әдістер мен моделдерді қолдану арқылы зерттеу және тәжірибе нәтижелерін бағалау және қорытындылар дайындау;
- физика және астрономия саласында өндірістік, медициналық, әскери және басқа практикалық мақсаттарда қағидаттар мен әдістемелерді әзірлеу немесе жетілдіруге бағытталған қағидаттарды, әдістерді және процестерді қолдану;
- дәрігер маманның тағайындауы бойынша диагностикалық және терапиялық нәтижелерге жету үшін науқастарға сәулелендірудің (иондаушы және иондаушы емес) қауіпсіз және тиімді берілуін қамтамасыз ету;
- медицина саласында қолданылатын физикалық шамалардың дәл өлшемі мен сипаттамасын қамтамасыз ету;
- визуализация, медициналық көмек және дозиметрия сияқты салаларда қолданылатын құрылғыларды сынақтан өткізу, пайдалануға енгізу және бағалау;
- сәулелендірудің пайдалы және зиянды әсерін оңтайлы үйлестіру мәселелері бойынша дәрігер мамандарға және денсаулық сақтау саласында басқа да кәсіби мамандарға консультация беру;
- аспан құбылыстарын бақылау, талдау және түсіндіру және навигация, спутниктік байланыс, ғарыштық зерттеулер, аспан денелері және ғарыштық сәулелену сияқты салаларда білімді кеңейту үшін әдістерді, сандық моделдерді және әдістемелерді әзірлеу;
- физикалық құбылыстарды өлшеу және ядролық технологияларды өндірістік және медицина саласында қолдану үшін үшін стандарттар мен хаттамаларды әзірлеу, іске асыру және қамтамасыз ету;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Астроном

Медициналық физик

Физик (жалпы бейін)

Ядролық физик

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Геофизик – 2114

Инженер-радиолог – 2143

2112 Метеорологтар

Метеорологтар авиацияда, кеме қатынасында, ауыл шаруашылығында және басқа салаларда қолданылатын, сондай-ақ тұрғындарды хабарландыру үшін қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ауа райы болжамдарын дайындайды. Олар атмосфераның құрамымен, құрылымымен және динамикасымен және түрлі табиғат құбылыстары мен циклондар ықпалымен оның өзгеруімен байланысты зерттеулер жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ауа ағындарының, қысымның, температураның, ылғалдылықтың бағытын және қозғалу жылдамдығын, ластаушы заттардың физикалық және химиялық құбылуын және бұлттардың пайда болуы және жауын-шашынның түсуі, электрлік толқыныстар немесе күн радиациясы сияқты басқа да құбылыстарды зерттеу;
- ауа райы жағдайларын модельдеу және болжау үшін метеорологиялық станцияларда радиолокациялық және спутниктік суреттер мен компьютерлік модельдер көмегімен алынған деректерді зерттеу;
- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді метеорологиялық карталарды, циклондар, найзағай және өмір мен мүлік үшін басқа қауіптер сияқты атмосфералық құбылыстармен байланысты болжамдар мен ескертулерді дайындау және жеткізу, сондай-ақ атмосфераның жай-күйі туралы ақпаратты радио, теледидар, баспа бұқаралық ақпарат құралдары және Интернетті қосқанда, әр түрлі каналдар арқылы тарату;
- тұмандарды тарату, бұлттарды тарату, жаңбырды басқару және ауа райын басқарудың басқа да түрлері бойынша тәжірибелер жүргізу;
- эксперименттер жүргізу және практикалық пайдалану үшін ауа райы мен климаттың математикалық компьютерлік модельдерін әзірлеу және сынақтан өткізу;
- ауа райының қоршаған ортаға әсерін зерттеуге бағытталған зерттеулерге қатысу;
- өндірістік жобалардың және адам әрекетінің климатқа және ауа сапасына әсерін талдау, сондай-ақ осындай әсердің салдарларын жұмсарту үшін тиісті стратегиялар әзірлеу мақсатында қоғамдық, техникалық және экономикалық ғылымдардың ынтымақтасуы;
- метеорологиялық деректерді жинау және қашықтықтан өлшеулер жүргізу үшін немесе сәйкес салаларда қолдану үшін жаңа жабдықтарды және жобалау мен әзірлеуге қатысу;
- атмосфераның құрылысымен, құрылымымен және динамикасымен байланысты тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіру немесе әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізу, сондай-ақ осындай зерттеулердің нәтижелері туралы ғылыми құжаттама мен есептерді дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Агрометеоролог

Гидрометеобақылаушы

Климатолог

Метеоролог

Синоптик

2113 Химиктер

Химиктер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді және әзірлейді, сондай-ақ жаңа білім немесе өнім алу мақсатында

және сапа мен технологиялық процестерді бақылау мақсатында химия саласындағы ғылыми білімдерді практикалық қолданумен айналысады.

Олардың міндеттемелеріне мыналар кіреді:

- химия саласында зерттеулер жүргізу және тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіру немесе әзірлеу;
- әр түрлі табиғи немесе синтетикалық заттардың, материалдардың және өнімдердің химиялық құрамын, олардағы энергетикалық және химиялық өзгерістерді зерттеу үшін тәжірибелер, сынақтар және талдау жүргізу;
- қоршаған ортаның жағдайын бақылау, өндірушілер мен тұтынушылар үшін сапаны және басқа да түрлі рәсімдерді бақылау үшін рәсімдер әзірлеу;
- қоршаған ортадағы зиянды заттарды анықтау және мөлшерін анықтау мақсатында үлгілер мен деректер жинау және талдау бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру;
- инженер-химиктердің, биологтардың, микробиологтардың, агрономдардың, геологтардың және басқа да кәсіби мамандардың қатысуымен пәнаралық зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қатысу;
- заттарды жаңа қосылыстарға айналдыру үшін микроорганизмдерді пайдалану;
- материалдарды нығайту және біріктіру немесе жаңа материалдарды жасау амалдарын айқындау;
- табиғи заттарды шығару және синтездеу және жаңа жасанды заттарды жасау;
- ғылыми құжаттама мен есептерді дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Химик (жалпы бейін)

Ғылыми қызметкер (химия саласындағы)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Биохимик – 2131

Фармаколог – 2131

Жалпы фармацевтика практикасының фармацевті (провизор) - 2262

2114 Геологтар, геофизиктер және жаратылыстану ғылымдары саласындағы басқа да кәсіби мамандар

Геологтар, геофизиктер және жаратылыстану ғылымдары саласындағы басқа да кәсіби мамандар ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді, тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді және әзірлейді немесе мұнай, газ және минералдар кен орындарын әзірлеу мен пайдалану, су қорларын сақтау, азаматтық құрылыс, байланыс және кеме қатынасы, сондай-ақ қалдықтарды қоршаған ортада көму бойынша жобаларды әзірлеу мен іске асыру салдарларын бағалау және жұмсарту сияқты геология және геофизика салаларында ғылыми білімдерін практикалық қолданумен айналысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- геология және геофизика саласында зерттеулер жүргізу, тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіру және әзірлеу;
- Жердің дамуына әсер ететін процестерді айқындау, өмір эволюциясын бақылау, табиғатты және геологиялық туындылардың хронологиясын зерттеу және олардың коммерциялық пайдаланылуын бағалау үшін жер қыртысының құрамы мен

ҚР МЖ 01-2017

- құрылымын зерттеу, тау жыныстарын, минералдарды, қазба қалдықтарын және басқа материалдарды зерттеу;
- зерттеулер нәтижесінде алынған деректерді ашу және де геологиялық есептерді, карталарды, графиктерді және диаграммаларды, есептерді және құжаттаманы дайындау;
 - бөгеттер, көпірлер, туннельдер және биік ғимараттар, сондай-ақ жерлерді мелиорациялау бойынша жобалар сияқты азаматтық құрылыс объектілерін салу кезінде пайда болатын проблемаларды шешу үшін геологиялық білімдерді қолдану;
 - Жердің сейсмикалық, гравитациялық, электрлік, термиялық және магниттік күштерін зерттеу және өлшеу үшін қашықтықтан өлшеудің түрлі бағдарламаларын қолдану;
 - Жердің салмағын, мөлшерін және массасын, оның ішкі құрамын және құрылысын анықтау, жанартаулардың, мұздықтардың және жер сілкіністерінің табиғатын, әрекетін және болжамын зерттеу;
 - Жердің магнит өрісінің картасын жасау және осы карта мен басқа да алынған деректерді хабар тарату, навигация және басқа да мақсаттарда қолдану;
 - теңіздер мен атмосфераның физикалық қасиеттерін және олардың жылу энергиясымен алмасу сияқты өзара байланысын зерттеу және өлшеу;
 - сейсмологиялық, гравиметриялық, магниттік, электрлік және радиометриялық әдістерді қолдану арқылы мұнай, газ және минералдар кен орындарының орнын табу және табиғаты мен мөлшерін анықтау;
 - құрылыс материалдары кен орнын табу және олардың сипаттамалары мен бетон, жол төсеніші үшін толтырғыш ретінде немесе басқа да мақсаттарда қолдануға жарамдылығын анықтау;
 - жерасты және жерүсті сулардың қозғалысын, бөлінуін және физикалық қасиеттерін зерттеу;
 - қалдықтарды кәдеге жарату, кәдеге жаратуға арналған бағыт пен алаңды таңдау сияқты мәселелер бойынша консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Геолог

Геолог барлаушы

Геофизик

Гидролог

Минералог

212-ШАҒЫН ТОП**МАТЕМАТИКТЕР, АКТУАРИЙЛЕР ЖӘНЕ СТАТИСТИКТЕР**

Математиктер, актуарийлер және статистиктер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді; математикалық, актуарийлік және статистикалық тұжырымдарды, теорияларды, әдістемелер мен технологияларды әзірлейді және жетілдіреді; сондай ақ осы білімдерін техника, коммерциялық қызмет, қоғамдық және басқа да ғылымдар саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қолданады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: математикалық, актуарийлік, және статистикалық теорияларды және әдіснамаларды зерттеуді, әзірлеуді және жетілдіруді; техника, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар немесе өмір туралы ғылымдар саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін консультация беруді және математикалық қағидаттарды, модельдер мен әдістерді қолдануды; басқару проблемаларына, әсіресе өнім және өнімділікке және программалауға есептердің математикалық модельдерін ЭЕМ-де құру және шешу үшін жұмсалатын шығындардың тиімділігін басқару проблемаларына логикалық талдау жүргізуді; зейнетақымен қамсыздандыру, өмірді, денсаулықты, әлеуметтік сақтандыру және сақтандырудың басқа да түрлерінің бағдарламаларын әзірлеуді және енгізуді; болашақ оқиғалардың мүмкін қаржылық салдарларын бағалау үшін математиканы, статистиканы, ықтималдылық және тәуекел теориясын қолдануды; статистикалық зерттеулерді және статистикалық деректердің басқа да жиынтықтарын жоспарлау мен ұйымдастыруды, сауалнамаларды әзірлеуді; статистикалық деректерді бағалау, өңдеу, талдау мен интерпретациялауды және оларды басылымға дайындауды; деректерді жинаудың және статистикалық әдістер мен технологияларды қолданудың түрлі мәселелері бойынша консультация беруді, алынған деректердің дәйектілігін, әсіресе коммерциялық қызмет немесе медицина, сондай-ақ жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар және өмір туралы ғылымдардың басқа да бағыттары саласында алынған деректердің дәйектілігін айқындауды; ғылыми құжаттама мен есептерді дайындауды; математиктер, актуарийлер мен статистиктер ассистенттерінің, сондай-ақ статистика саласындағы контора қызметшілерінің жұмысын қадағалауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2120 Математиктер, актуарийлер және статистиктер

ҚР МЖ 01-2017

2120 Математиктер, актуарийлер және статистиктер

Математиктер, актуарийлер және статистиктер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді; математикалық, актуарийлік және статистикалық тұжырымдарды, теорияларды, әдістемелер мен технологияларды әзірлейді және жетілдіреді; сондай-ақ осы білімдерін техника, коммерциялық қызмет, қоғамдық және басқа ғылымдар саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қолданады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- математикалық, актуарийлік және статистикалық теорияларды және әдіснамаларды зерттеу, әзірлеу және жетілдіру;
- техника, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар немесе өмір туралы ғылымдар саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін консультация беру немесе математикалық қағидаттарды, модельдерді және әдістерді қолдану;
- басқару проблемаларын, әсіресе өнім және өнімділікке және программалауға арналған есептердің математикалық модельдерін құру мен ЭЕМ-де шешуге жұмсалатын шығындардың тиімділігін басқару проблемаларына логикалық талдау жүргізу;
- актуарлық есептеу әдістерін әзірлеу және зейнетақымен қамсыздандыру, өмірді, денсаулықты, әлеуметтік сақтандыру және сақтандырудың басқа түрлерінің бағдарламаларын енгізу;
- болашақ оқиғалардың мүмкін қаржылық салдарларын бағалау үшін математиканы, статистиканы, ықтималдылық және тәуекел теориясын қолдану;
- статистикалық зерттеулерді және статистикалық деректердің басқа да жиынтықтарын жоспарлау мен ұйымдастыру, сауалнамаларды әзірлеу;
- статистикалық деректерді бағалау, өңдеу, талдау мен интерпретациялау және оларды басылымға дайындау;
- деректерді жинаудың және статистикалық әдістер мен технологияларды қолданудың түрлі мәселелері бойынша консультация беру, алынған деректердің дәйектілігін, әсіресе коммерциялық қызмет немесе медицина, сондай-ақ жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар және өмір туралы ғылымдардың басқа да бағыттары саласында алынған деректердің дәйектілігін айқындау;
- ғылыми құжаттама мен есептерді дайындау;
- математиктер, актуарийлер мен статистиктер ассистенттерінің, сондай-ақ статистика саласындағы контора қызметшілерінің жұмысын қадағалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Актуарий
Математик
Санақшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қаржы талдаушысы – 2413
Ассистент, актуарий – 3314
Ассистент, математик – 3314
Ассистент, статистик – 3314
Ассистент, талдаушы – 3314
Актуарийлік есептер жөніндегі қызметші – 4314
Статистикалық ақпаратты өңдеу жөніндегі қызметші – 4314

213-ШАҒЫН ТОП

ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Өмір туралы ғылымдар саласындағы кәсіби мамандар адам, жануарлар және өсімдіктер өмірін, сондай-ақ олардың бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара әрекетін зерттеу кезінде алған білімдерін жаңа білімдер алу, ауыл шаруашылығы өндірісін және орман өнімдерін жетілдіру үшін, сондай-ақ адам денсаулығымен және қоршаған ортамен байланысты проблемаларды шешу үшін тәжірибелік қолданумен айналысады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жаңа процестер мен әдістемелерді айқындау және әзірлеу үшін эксперименталдық және өрістік деректерді жинауды, талдауды және бағалауды; табиғи ресурстардың тұрақты экологиялық дамуы мәселелері жөнінде үкіметтерге, ұйымдарға және коммерциялық кәсіпорындарға консультация беру және қолдау көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2131 Биологтар, ботаниктер, зоологтар, фармакологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары**
- 2132 Ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы кәсіби мамандар**
- 2133 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіби мамандар**

ҚР МЖ 01-2017

2131 Биологтар, ботаниктер, зоологтар, фармакологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

Биологтар, ботаниктер, зоологтар, фармакологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары тірі организмдерді және олардың бір-бірімен және қоршаған ортамен өзара әрекетін зерттейді, сондай-ақ алған білімдерін адам денсаулығымен және қоршаған ортамен байланысты проблемаларды шешу үшін қолданады. Олар ботаниканы, зоологияны, экологияны, теңіз биологиясын, генетиканы, иммунологияны, фармакологияны, токсикологияны, физиологияны, бактериологияны және вирусологияны қоса алғанда, барлық салаларда жұмыс істейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тірі организмдер туралы ғылыми білімдерді кеңейту, жаңа ақпарат алу, гипотезаларды тексеру, қоршаған орта, ауыл шаруашылығы және денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды шешу мақсатында, сондай-ақ фармакология, ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласында пайдалану үшін жаңа өнім, процестер мен әдістемелер әзірлеу үшін зертханалық және өрістік зерттеулер жүргізу;
- тәжірибелер мен сынақтарды жоспарлау және өткізу;
- адам, жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің жай-күй мен дамуын сипаттайтын үлгілер мен фактілерді жинау, олардың шығу тегін, дамуын, химиялық және физикалық пішіндерін, құрамын, құрылымын, өмірі мен репродуктивтік үдерістерін зерттеу;
- тірі организмдерді электрондық микроскоптарды, телеметриялық аппаратураны, позициялаудың ғаламдық жүйелерін, биотехнологияларды, спутниктерден алынған суреттерді, гендік технологияларды, сандық суреттерді талдауды және компьютерлік моделдеуді қоса алғанда, түрлі арнайы жабдықтардың, құрылғылардың, технологиялар мен әдістердің көмегімен зерттеу;
- тірі организмдерді саралау, сыныптау, сипаттау және мониторингілеу, деректер деректер базасын жүргізу;
- зерттеулердің сипаттамасы және жаңа нәтижелері бар ғылыми құжаттама мен есептерді дайындау, олар кейіннен қарастыру және талқылау үшін ғылыми қоғамдастыққа ғылыми журналдарда немесе конференцияларда ұсынылады;
- табиғат немесе адами факторлардан пайда болған өзгерістерді анықтау үшін қоршаған ортаға әсерді бағалауды дайындау және жүргізу;
- табиғат қорларын сақтау және оларға иелік ету, сондай-ақ қоршаған ортаның климаттық өзгерістері мен ластануы салдарлары сияқты мәселелер бойынша үкіметтерге, ұйымдарға және коммерциялық кәсіпорындарға консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Анатом
Бактериолог
Биолог
Ботаник
Зоолог
Микробиолог
Фармаколог

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Клиникалық дәрігер фармаколог – 2213

Эколог – 2133

Техник-микробиолог- 3141

Техник-зоолог – 3141

Ескертпелер

Тірі организмдерді пайдалану арқылы биомедициналық зерттеулерге қатысатын және клиникалық тәжірибемен айналыспайтын медициналық зерттеулер саласындағы кәсіби мамандарды *2131 Биологтар, ботаниктер, зоологтар, фармакологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары* бастауыш тобына жатқызады. Клиникалық практикамен айналысатын кәсіби мамандарды *221 Емдеу және эксперименттік-диагностикалық қызмет саласындағы дәрігерлер және кәсіби мамандар* шағын тобына жатқызады.

2132 Ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы кәсіби мамандар

Ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы кәсіби мамандар өсіруді, тыңайтуды, өнімді жинауды, топырақ эрозиясы мен құрамын, аурулардың профилактикасын, қоректендіруді, егіс айналымы мен өнім өткізуді қоса алғанда, фермерлік, орман және балық шаруашылығын басқару бойынша зерттеу жүргізеді және көмек көрсетеді. Олар өнімділікті арттыру тәсілдерін әзірлейді, сондай-ақ жерді пайдалану, ормандарды қорғау мен өндіру және балық шаруашылығын басқару саласындағы жоспарлар мен саясатты зерттейді және әзірлейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өнімнің, жем-шөптің, топырақ пен судың сапасымен және ауыл шаруашылығы, орман және балық өнімдерін өндіруге әсер ететін басқа да факторлармен байланысты деректер мен үлгілерді іріктеу және талдау;
- өсімдік, мал және балық шаруашылығы, орман шаруашылығы өнімдерінің, сондай-ақ баламалы өнімдердің өнімділігін арттыру тәсілдері бойынша консультация беру;
- жануарлар мен өсімдіктер аурулары, зиянкестер мен арамшөптермен күрес, топырақ мелиорациясы, мал шаруашылығы және қоректендіру бағдарламалары бойынша мәселелері жөнінде консультация беру;
- тауарлық өнімдердің өндірісіне, жайылым өнімдерін өсіруге, мал өсіруге, балық қорларына, сондай-ақ ағаш тұқымдыларының өсуі мен денсаулығына әсер ететін қоршаған орта факторларын зерттеу;
- топырақты қопсыту, жәндіктер, аурулар әдістері мен балық өсіру әдістерінің төлдетуге, өнімділікке, орман және балық шаруашылығы өнімдеріне әсерін зерттеу;
- балықтардың көші-қонын, өсуін, қоректенуін және уылдырық шашуын зерттеу, сондай-ақ уылдырықты жинау, ұрықтандыру, инкубациялау және шабақтарды өсіру әдістерін әзірлеу;
- топырақ құнарлығының ерекшеліктерін, пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу, зерттеу нәтижелерін егін, бау-бақша және орман өсірудің жетілдірілген әдістерін әзірлеу үшін пайдалану;
- ауыл шаруашылығы проблемаларын шешу және өндіріс тиімділігін арттыру үшін рәсімдер мен әдіснамалар әзірлеу;
- ұзақ мерзімді коммерциялық, рекреациялық және экологиялық артықшылықтарын барынша арттыру мақсатында орман және балық қорларын басқару;
- ағаш тұқымдыларды тарату және қайта қалпына келтіруді, мал басын өсіруді жақсарту әдістерін және сүректердің өсуіне санитариялық-сауықтыру шараларының әсерін зерттеу;

ҚР МЖ 01-2017

- өртпен, оның салдарларымен, су тасқынымен, құрғақшылықпен, топырақ эрозиясымен, зиянкестермен және аурулармен күрес үшін басқару тәсілдерін зерттеу, жоспарлау іске жүзеге асыру;
- ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми есептер дайындау және ауыл, орман және балық қоғамдастықтары және басқа да топтар үшін таныстыру әңгімелері мен лекциялар өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Агроном
Герболог
Агрохимик
Агроном-дендролог
Фитопатолог

2133 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіби мамандар

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіби мамандар атмосфераның, судың ластануы және шумен ластану, топырақ ластануы, климаттық өзгерістер, зиянды қалдықтар, сондай-ақ табиғат қорларының азаюы мен бұзылуы сияқты табиғатқа әсер ететін адам әрекеті көріністерін зерттейді және бағалайды. Олар қоршаған ортаны қорғауға, сақтауға, қалпына келтіруге, одан әрі зиянн келтіруді азайтуға және алдын алуға арналған жоспарлар мен шешімдерді әзірлейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеулер, сынақтар, сынамалар жүргізу, экологиялық проблемалардың көздерін анықтау үшін далалық және зертханалық талдаулар жүргізу, сондай-ақ осындай проблемалардың алдын алу, бақылау және салдарларын жою мәселелері бойынша консультация беру;
- ықтимал немесе болжалды қызмет түрлері, жобалар және әзірлемелердің қоршаған ортаға мүмкін әсерін бағалау, сондай-ақ осындай әзірлемелерді жалғастыру қажеттігі мәселесі бойынша консультация беру;
- ұйымдарға олардың қызметтерінің, өнімдерінің және қызметтерінің қоршаған ортаға әсерін анықтау, мониторингілеу және бақылау үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаның жай-күйін бақылау жүйелерін іске асыруды дайындау және үйлестіру;
- ағымдағы қызметтің, процестердің, қалдықтардың, шулардың және заттардың қоршаған ортаға әсерін бағалау үшін аудиттер жүргізу;
- ұйымдардың мемлекеттік және ішкі табиғатты қорғау нормалары мен нұсқаулықтарын сақтауын бағалау, бұзушылықтарды анықтау және жағдайды түзету бойынша тиісті шараларға қатысты шешімдер қабылдау;
- ұйымдарға қоршаған ортаға келетін зиянды төмендету және қаржылық зиянды барынша азайту үшін табиғатты қорғау проблемаларын оңтайлы шешу тәсілдері бойынша техникалық консультация беру және қосалқы қызметтер ұсыну;
- табиғатты қорғау және табиғатты пайдалану жоспарларын дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Талдаушы, атмосфераның ластануы
Талдаушы, су сапасын зерттеу

Зерттеуші, қоршаған ортаны қорғау
Қалдықтар жөніндегі кәсіби мамандар
Ғалым, қоршаған ортаны қорғау
Эколог

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер – 2143
Табиғатты пайдалану жөніндегі инженер – 2143

ҚР МЖ 01-2017
214-ШАҒЫН ТОП

ИНЖЕНЕР-ЭЛЕКТРОТЕХНИКТЕРДІ ҚОСПАҒАНДА, ТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Инженер-электротехниктерді қоспағанда, техника саласындағы кәсіби мамандар зерттеулер жүргізеді, құрылыстарды, машиналарды, механизмдер мен олардың компоненттерін, өндірістік жүйелер мен қондырғыларды сынақтан өткізуді, құрастыруды, орнатуды және оларға техникалық қызмет көрсетуді әзірлейді, жоспарлайды және ұйымдастырады; техникалық жобалардың қауіпсіз, нәтижелі және экономикалық тиімді жүзеге асырылуын және машиналар мен механизмдерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін өндіріс кестелерін және технологиялық рәсімдерді құрастырады.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: технологиялық үдерістер, азаматтық құрылыс объектілері, механикаландырылған жабдықтар жүйелерін және тау және бұрғылау жұмыстары жүйелерін, сондай-ақ басқа да техникалық жобаларды жоспарлау мен жобалауды; сызбалар мен жоспарларды сипаттау және түсіндіруді, сондай-ақ құрылыс әдістерін айқындауды; ғимараттардың, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау және тасымал жүйелерінің құрылысын, сондай-ақ жабдықтарды, механизмдер мен қондырғыларды жасауға, орнатуға, пайдалануға және оларға техникалық қызмет көрсетуді қадағалауды; жобаларды жүзеге асыру және материалдарды, қондырғыларды және жабдықтарды жеткізу үшін еңбек ресурстарын ұйымдастыру мен басқаруды; шығындар мен сметалардың бюджеттің атқарылуын бақылау қаражаттары ретінде толық жоспарларын дайындауды және жалпы құнын бағалауды; инженерлік әзірлемелерді қолдану арқылы техниканың әртүрлі салаларында жобалық және пайдалану проблемаларын шешуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2141 Өндіріс инженерлері, оның ішінде өнім жөніндегі инженерлер**
- 2142 Инженер-құрылысшылар**
- 2143 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженерлер**
- 2144 Инженер-механиктер**
- 2145 Инженер-химиктер**
- 2146 Тау-кен инженерлері, металлургтер және тектес қызметтер саласындағы кәсіби мамандар**
- 2147 Мұнай-газ ісі инженерлері**
- 2149 Инженер-электротехниктерді қоспағанда, б.т.к. техника саласындағы кәсіби мамандар**

2141 Өндіріс инженерлері, оның ішінде өнім жөніндегі инженерлер

Өндіріс инженерлері, оның ішінде өнім жөніндегі инженерлер инженерлер зерттеу жұмыстарын жүргізеді, өндірістік процестер мен қондырғыларды құру, пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді жобалайды, ұйымдастырады және қадағалауды жүзеге асырады. Олар өндірістік қызметті үйлестіру және экономикалық тиімділік пен қауіпсіздікті бағалау үшін бағдарламалар әзірлейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметкерлер мен құрылымдық және өндірістік бөлімшелердің функциялары мен міндеттерін айқындау үшін, сондай-ақ қайталау жағдайларын айқындау және жою үшін лауазымдық нұсқаулықтарды, ұйымдастырушылық диаграммаларды және жоба туралы ақпараттарды зерттеу;
- жұмыс күшін тиімді пайдалану үшін еңбек шығындары нормативтерін әзірлеу мақсатында еңбекті нормалау бағдарламаларын айқындау және белгілі бір қызмет үшін неғұрлым үйреншікті жұмыстарды талдау;
- жұмыскерлер мен жабдықтардың оңтайлы тиімділігін айқындау үшін жұмыс күшінің пайдаланылуын, объект схемасын, пайдалану дерегін және өндірістік кестелер мен шығыстарды талдау;
- өндірістік ерекшеліктерді әзірлеу және материалдарды, жабдықтарды, құбыр желілері жүйесін, материалдар қозғалысын, қондырғылар мен жүйелердің қуатын және орналасуын айқындау;
- жобалардың еңбек ресурстарын және материалдардың, қондырғылардың және жабдықтардың жеткізілуін ұйымдастыру және басқару;
- техникалық қағидаттар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларына сәйкес орнатуға, модификациялауға, сапаны бақылауға, сынақтан өткізуге, тексеруге және техникалық қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу тәртібі мен регламенттерін айқындау;
- өнімділігін арттыру және қамтамасыз ету үшін қондырғылардың жұмысын қарап-тексеру және талдау;
- қондырғыларға, құрылыстарға және жабдықтарға техникалық қызмет көрсетілуіне басшылық ету, сондай-ақ жаңа жобаларға, зерттеулерге және техникалық қызмет көрсету кестелеріне қойылатын талаптарды үйлестіру;
- өндірістің жаңа әдістері, технологиялар және жабдықтар мәселелері бойынша басшылыққа консультация беру;
- жабдықтаудың тұрақты ағынын қамтамасыз ету үшін сатып алу, сақтау және бақылау бөлімдерімен байланыста болу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Өндірістегі инженер

Автоматтандыру жөніндегі инженер

Сапаны бақылау жөніндегі инженер

Инженер-технолог (жалпы бейін)

Инженер-металтанушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бас технолог (өңдеу өнеркәсібі) – 1321

Цех бастығы (өңдеу өнеркәсібі) – 1321

Техник-металлург – 3117

ҚР МЖ 01-2017

2142 Инженер-құрылысшылар

Инженер-құрылысшылар зерттеу жұмысын жүргізеді, консультация береді, құрылысты жобалайды және басқарады; азаматтық объектілерді пайдалануды меңгереді; сондай-ақ белгілі бір материалдармен байланысты технологиялық аспектілер бойынша зерттеу жүргізеді және консультация береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеу жұмысын жүргізу және азаматтық құрылыспен байланысты жаңа теориялар мен әдістерді әзірлеу немесе барын жетілдіру;
- көпірлер, бөгеттер, доктар, жолдар, әуежайлар, аэродромдар, темір жолдар, каналдар, құбырлар, кріз жүйелері және селді ағызу жүйелері, сондай-ақ өндірістік және басқа ірі ғимараттар сияқты құрылыстар бойынша консультация береді және оларды жобалау;
- құрылыс әдістерін, материалдарды және сапа стандарттарын айқындау, сондай-ақ құрылыс жұмыстарына басшылық ету;
- құрылыстардың тиімді пайдаланылуын, қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін бақылау жүйелерін айқындау;
- бар азаматтық құрылыстарға техникалық қызметтің көрсетілуін және жөнделуін ұйымдастыру және бақылау;
- ғимараттардың құрылысына ұсынылатын қысыммен топырақ пен тау жыныстарының әрекетін талдау, сондай-ақ құрылыстардың іргетасын жобалау;
- құрылыстардың беріктігін талдау және олардың құрылысы үшін пайдаланылатын материалдардың әрекетін және беріктігін сынақтан өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Азаматтық құрылыс жөніндегі инженер

Инженер, қада қағу

Инженер-құрылысшы

Техникалық қадағалау жөніндегі инженер

Құрылыс зертханасының инженері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жобаның бас инженері (құрылыстағы) – 1323

Тау-кен инженері – 2146

Металлургтер – 2146

Жобалаушы-қала құрылысшылары – 2164

2143 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженерлер

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженерлер зерттеу жұмысын жүргізеді, консультация береді, әртүрлі техникалық тәртіптер арқылы адам өмірі әрекетінің қоршаған ортаға теріс салдарларының алдын алу, бақылау және жою үшін шешімдерді жобалайды және енгізілуін басқарады. Олар құрылыс жобаларының және азаматтық құрылыс жобаларының экологиялық сараптамасын жүргізеді, сондай-ақ ластану, қалдықтарды қайта пайдалану және кәдеге жаратуды бақылау мақсатында инженерлік шешімдерді қолданады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеу жұмысын жүргізу, ағымдағы және болжамды құрылыстың, азаматтық құрылыс және қызметтің басқа түрлері салаларындағы қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау және ол туралы есептілік жасау;
- өндірістік және коммуналдық кәсіпорындарды және пайдалану тиімділігін бағалауға арналған бағдарламаларды тексеру, сондай-ақ табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;
- судың, ауаның және топырақтың сапасын бақылау, басқару және қалпына келтіру үшін жүйелерді, процестерді және жабдықтарды жобалау және әзірленуін қадағалау;
- жүйелік талдау, нормативтік талаптарға талдау жүргізу кезінде, сондай-ақ деректер базасын дайындауды жоспарлау және қайта қарау кезінде инженерлік-экологиялық қолдауды қамтамасыз ету;
- жоспарларды, рұқсаттарды және стандартты жұмыс рәсімдерін алу, ұзарту және қолдау;
- қалпына келтіру жүйелерін жобалау мен нормативтік талаптардың қолданылуына қатынасты қоса алғанда, табиғатты қалпына келтірумен және сот процестерімен байланысты жобаларды инженерлік және техникалық қолдауды қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаның ластануымен күрес бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау;
- адамдар мен қоршаған ортаны қорғау үшін ластанған учаскелерді тазалаумен байланысты рәсімдер мәселелері бойынша компаниялар мен мемлекеттік органдарға консультация беру;
- қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын ғалымдармен, қауіпті қалдықтармен жұмыс жөніндегі жобалаушылармен, техник мамандармен басқа мамандық инженерлерімен, басқа мамандықтағы инженерлермен, сондай-ақ қоршаған ортамен байланысты проблемаларды шешу үшін құқықтану және кәсіпкерлік саласындағы мамандармен ынтымақтасу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Су тазарту құрылыстары жөніндегі инженер

Қоршаған ортаның ластануын бақылау жөніндегі инженер

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер

Ағынды суларды тазарту жөніндегі инженер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ғалым, қоршаған ортаны қорғау – 2133

2144 Инженер-механиктер

Инженер-механиктер зерттеу жұмысын жүргізеді, кеңес береді, әзірлейді, машина, әуе кемелері, теңіз және өзен кемелері, өндірістік жабдықтар және өнеркәсіптік қондырғылар, жабдықтар және жүйелер өндірісіне басшылық етеді; оларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу мәселелері бойынша консультация береді және жетекшілік етеді; сондай-ақ белгілі бір материалдардың, бұйымдардың және процестердің механикалық аспектілерін зерттейді және олар бойынша консультация береді.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өңдеу өнеркәсібі, тау-кен жұмыстары, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа өнеркәсіптік мақсаттар үшін өндірістік жабдықтар, машиналар мен құрал-саймандар бойынша консультация беру және оларды әзірлеу;
- темір жол локомотивтерін, мотокөлік құралдары мен ұшу аппараттарын қозғалысқа келтіру үшін, сондай-ақ өнеркәсіптік және басқа да механикалық жабдықтарды басқару үшін пайдаланылатын іштен жану қозғалтқыштарын және басқа электрлі емес моторлар мен қозғалтқыштарды әзірлеу және олар бойынша консультация беру;
- корпустарды, қондырманы және кемелерді қозғалысқа келтіру жүйелерін; қуатты өндіруге, бақылауға және пайдалануға арналған механикалық агрегаттар мен жабдықтарды; жылу, вентиляция және кондиционер жүйелерін, рулдік механизмдерді, сорғылар мен басқа механикалық жабдықтарды әзірлеу және олар бойынша консультация беру;
- ұшу аппараттарын, ұшу аппараттарына арналған шассилерді және басқа жабдықтарды, сондай-ақ аспалы жүйелерді, тежегіштерді, көлік құралдарының кузовтарын және мотокөлік құралдарының басқа да компоненттерін әзірлеу және олар бойынша консультация беру;
- мәтіндік процессорлар, компьютерлер, нақты құралдар, камералар мен проекторлар сияқты электрлі емес құрылғылар мен бұйымдар бойынша консультация беру және оларды әзірлеу;
- машиналардың, механизмдердің, станоктардың, моторлардың, қозғалтқыштардың, өнеркәсіптік қондырғылардың, жабдықтардың және жүйелердің тиімді пайдаланылуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақылау параметрлерін және технологиялық процестерді айқындау;
- жабдықтардың белгіленген талаптарға, пайдалану және техникалық қызмет көрсету қағидаларына сәйкестігін сақтау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженер, ұшақ жасау

Инженер, кемедегі

Инженер-автомеханик

Инженер-конструктор

Ғарыштық ұшу аппараттарының инженер-конструкторы

Инженер-кеме жасаушы

Инженер-механик (жалпы бейін)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-механик (жалпы бейін) – 3115

Механик (кемедегі) – 3115

2145 Инженер-химиктер

Инженер-химиктер зерттеу жұмысын жүргізеді өндірістік химиялық процестерді және шикі мұнайды, мұнай туындыларын, тамақ өнімдерін және сусындарды, медициналарды немесе синтетикалық материалдарды қоса алғанда, түрлі заттар мен тауарларды өндіруді дайындайды, ол бойынша консультация береді және басшылық етеді. Олар химиялық қондырғылар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге мен жөндеуге жетекшілік

етеді, сондай-ақ жекелеген материалдармен, бұйымдармен және үдерістермен байланысты химиялық аспектілерді зерттейді және олар бойынша консультация береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шикі мұнайды және басқа сұйықтықтарды немесе газдарды тазалау бойынша, сондай-ақ мұнай туындылары, жарылғыш заттар, тамақ өнімдері және сусындар, медикаменттер және синтетикалық материалдар, халық тұтынатын тауарлар сияқты қосылыстар мен тауарларды өндіру бойынша өндірістік үдерістер технологияларын зерттеуді жүргізу, консультация беру және әзірлеу;
- химиялық өндіріс әдістерін, бастапқы материалдар және сапа стандарттарын айқындау, сондай-ақ олардың ерекшеліктерге сәйкестігін қамтамасыз ету;
- химиялық өндіріс операцияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін, сондай-ақ жабдықты пайдаланушы жұмыскерлердің немесе өтіп жатқан химиялық реакцияларға тікелей жақын орналасқан жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бақылау параметрлері мен рәсімдерін айқындау;
- химиялық қондырғыларды жобалау және реагенттер мен өнімдерді дайындау үдерістерін әзірлеу;
- температураны, тығыздықты, үлес салмақты және қысымды қоса алғанда, әртүрлі айнымалылардың бақылау деңгейін айқындау үшін өндірістің әртүрлі кезеңдерінде сынақтар өткізу;
- қажетті қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлеу;
- басшылық үшін өндірістік шығыстар сметасы мен өндіріс барысы туралы есептер дайындау;
- жаңа өнім өндірудің түрлі кезеңдерінде зертханалық зерттеулер жүргізу және ұсақ ауқымды операциялар шеңберінде, мысалы, тәжірибелік қондырғылардың жұмыс істеуі кезінде ұсынылған процестерді сынақтан өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Технологиялық қондырғылар жөніндегі инженер

Инженер-химик

Технолог, синтетикалық материалдар

Технолог, отын

2146 Тау-кен инженерлері, металлургтер және тектес қызметтер саласындағы кәсіби мамандар

Тау-кен инженерлері, металлургтер және тектес қызметтер саласындағы кәсіби мамандар зерттеулер жүргізеді, рудадан металл алудың, минералдар өндірудің, қойнаулардан су алудың өндірістік әдістерін жобалайды, әзірлейді және қамтамасыз етеді, сондай-ақ жаңа қорытпаларды, керамикалық және басқа да материалдарды әзірлеуді қамтамасыз етеді немесе белгілі бір материалдармен, бұйымдармен және үдерістермен байланысты тау-кен өндіріс және металлургиялық аспектілерді зерттейді және олар бойынша консультация береді. .

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- көмірдің, металды руданың, металдық емес минералдардың және тас пен гравий сияқты құрылыс материалдарының орнын анықтау және оларды өндіруді жоспарлау;

ҚР МЖ 01-2017

- қойнауларды игерудің және қазбаларды өндірудің неғұрлым сай келетін тиімді әдістерін, пайдаланылатын механизмдер түрлерін айқындау, шахталар мен штольнялардың құрылысын жобалау және оған басшылық ету;
- қауіпсіздік техникасының қағидалары мен рәсімдерін және алғашқы көмек құралдарын, әсіресе жер астында қамтамасыз ету;
- зерттеу жүргізу, рудадан металл өндіру әдістерін әзірлеу және оларды қолдану әдістері бойынша консультация беру;
- металдар мен қорытпалардың қасиеттерін зерттеу, жаңа қорытпаларды игеру, металдар мен қорытпаларды өндіру және өңдеудің технологиялық аспектілері бойынша консультация беру және қадағалау;
- басқа мамандармен, әсіресе, геологтармен және геофизиктермен өндірістік байланыстарта болу және консультация беру;
- рентабельділікті бағалау үшін шоғырлар мен шахталарды зерттеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тау-кен инженері

Бұрғылау-жару (жару) жұмыстары жөніндегі инженер

Металды құю саласындағы инженер-зерттеуші

Металлург

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Геолог – 2114

Геофизик – 2114

2147 Мұнай-газ ісі инженерлері

Мұнай-газ ісі инженерлері шикі мұнайды және табиғи газды бұрғылау, өндіру, сақтау және тасымалдау бойынша, мұнай-газ ұңғымаларын пайдалану бойынша үдерістерге зерттеу жұмысын жүргізеді, жобалайды, әзірлейді, консультация береді және басшылық етеді. Олар мұнай-газ қондырғылары мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге жетекшілік етеді, жұмыс тиімділігін арттыру жолдарын айқындайды, еңбек және табиғи ресурстардың, материалдардың ұтымды пайдаланылудың қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау, өндіру, сақтау және тасымалдау саласында зерттеулер жүргізу;
- бұрғылау үшін учаскелерді анықтау және ұңғымалардан мұнай немесе газ ағынын бақылау әдістерін әзірлеу;
- мұнай мен газды сақтауды, алғашқы өңдеуді және тасымалдауды жоспарлау және оған басшылық ету;
- мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және мұнай құбырлары мен газ-мұнай сақтайтын орындарды салу үшін жаңа прогрессивті технологиялар мен техникалық құралдарды жобалау;
- мұнай-газ өнеркәсібінде технологиялық процестердің сақталуын, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, олардың тиімділігі мен сенімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау;
- бекітілген технологиялық режимдерден ауытқу себептерін жою бойынша жедел шаралар қабылдау;

- мұнай-газ қондырғылары мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру;
- мұнай мен газды бұрғылау, өндіру, сақтау және тасымалдау бойынша перспективалық және ағымдағы жедел жоспарларды жасауға қатысу;
- басқа мамандармен, әсіресе геологтармен және геофизиктермен өндірістік байланыста болу және консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бұрғылау (бұрғылау жұмыстары) жөніндегі инженер
Сазды ерітінділер жөніндегі инженер
Мұнай және газ өндіру жөніндегі инженер
Мұнай-газ құбырларын пайдалану жөніндегі инженер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мұнай-газ ісі инженерінің көмекшісі – 3101
Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау жөніндегі техник – 3118
Мұнай және газ өндіру жөніндегі техник – 3118
Мұнай мен газды дайындау және тасымалдау жөніндегі техник – 3118

2149 Инженер-электротехниктерді қоспағанда, б.т.к. техника саласындағы кәсіби мамандар

Бұл бастауыш топ электротехниктерді қоспағанда, *214 Электротехниктерді қоспағанда, техника саласындағы кәсіби мамандар* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін техника саласындағы кәсіби мамандарды қамтиды. Мысалы, аталмыш топқа жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасымен, биомедициналық техникамен, оптикамен, материалтанумен, атом энергиясын және жарылғыш заттарды өндірумен, стандарттаумен және метрологиямен байланысты технологиялық процестер мен шешімдерді зерттеуді жүргізетін, консультация беретін немесе әзірлейтін жұмыскерлер кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жасанды ағзалар, протездер мен құралдар сияқты биологиялық және медициналық жүйелер мен бұйымдарды жобалау, жасау және бағалау үшін техника саласындағы білімдерді қолдану;
- түрлі медициналық процедураларда және суреттерді қалыптастыру жүйелерінде, мысалы, магниттік-резонанстық томографияда пайдаланылатын құрылғыларды, сондай-ақ инсулинді автоматты енгізуге немесе дене функцияларын бақылауға арналған құрылғыларды жобалау;
- линзалар, микроскоптар, телескоптар, лазерлер, оптикалық дисктер жүйелері және жарық қасиеттерінің негізіндегі өзге жабдықтар сияқты оптикалық құралдардың компоненттерін жобалау;
- әскери жеткізілімнің ерекшеліктеріне сәйкес жарылғыш қару-жарақтарды жобалау, сынақтан өткізу және жасалуын үйлестіру;
- ядролық реакторлар мен электр станцияларының құрылысы мен жұмысын, сондай-ақ ядролық отынды қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйелерін жобалау және қадағалау;
- ядролық реакторлардың белсенді аймақтары, радиациялық қорғаныс және ілеспе бақылау-өлшеу құрылғылары және бақылау механизмдері секілді ядролық жабдықтарды жобалау және жасау;

ҚР МЖ 01-2017

- құтқару операцияларын жүзеге асыру бойынша зиянды бағалау және есептеулер жүргізу;
- өндірістің шыныға, керамикаға, тоқымаға, теріден, ағаштан жасалған бұйымдарға, мөрге қатысы бар технологиялық үдерістерін зерттеу және ол бойынша консультация беру;
- ықтимал қауіпті анықтау және қауіпсіздік техникасы қағидалары мен құрылғыларын енгізу;
- стандарттау объектілерін анықтау, жаңа стандарт әзірлеу және стандарттарға және стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша басқа құжаттарға өзгерістер туралы ұсыныстар дайындау;
- стандарттау және сертификаттау бойынша жаңа техникалық шарттар мен регламенттерді және басқа құжаттарды әзірлеу және әрекеттегілерді қайта қарау, сондай-ақ бұйымдардың жобаларын олардың стандартталу мен біріздендірілу деңгейін бағалау бойынша сараптамасын жүргізуге қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Былғарыдан және жасанды былғарыдан жасалған бұйымдарды өндіру саласындағы инженер-зерттеуші

Биомедициналық жабдық жөніндегі инженер

Лазерлік жабдық жөніндегі инженер

Материалтану жөніндегі инженер

Метрология жөніндегі инженер

Стандарттау жөніндегі инженер

Теңізде құтқару операциялары жөніндегі инженер

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер

Инженер-ядрошы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өндірістегі инженер – 2141

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер – 2143

215-ШАҒЫН ТОБЫ

ИНЖЕНЕР-ЭЛЕКТРОТЕХНИКТЕР

Инженер-электротехниктер зерттеу және конструкторлық жұмысты жүргізеді, электрондық, электрлік және телекоммуникациялық жүйелердің, компоненттердің, қозғалқыштардың және жабдықтардың пайдалану құрылысы және оларды пайдалану бойынша жұмыстарын жоспарлайды, оларға басшылық етеді және консультация береді. Олар электрлік және электрондық агрегаттар мен жүйелердің өнімділігі мен қауіпсіздігін бақылау мақсатында бақылау жүйелерін ұйымдастырады және енгізеді.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: электрондық, электрлік және телекоммуникациялық бұйымдар мен жүйелерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша зерттеу жүргізуді, консультация беруді және басшылық етуді; электр станциялары мен электр энергиясын өндіруші, жеткізуші және бөлуші жүйелер бойынша консультация беруді және оларды жобалауды; электрондық, электрлік және телекоммуникациялық жүйелер және жабдықтардың өнімділігі мен қауіпсіздігін бақылау үшін бақылау параметрлерін айқындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2151 Инженер-электриктер

2152 Инженер-электрониктер

2153 Телекоммуникациялар және телерадиотарату жөніндегі инженерлер

ҚР МЖ 01-2017

2151 Инженер-электриктер

Инженер-электриктер зерттеулер жүргізеді, электрлік жүйелер, компоненттер, қозғалтқыштар және жабдықтар бойынша консультация береді, оларды жобалайды және жасалуы мен пайдаланылуына басшылық етеді, сондай-ақ олардың қызмет етуі, техникалық қызмет көрсету және жөндеу мәселелері бойынша консультация береді және жетекшілік етеді, сонымен қатар электротехникалық материалдармен, бұйымдар және үдерістермен байланысты технологиялық аспектілерді зерттейді және олар бойынша консультация береді, сондай-ақ электр энергетикасында жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- электр станциялары мен электр энергиясын түрлендіру, жеткізу және бөлуге арналған жүйелер бойынша консультация беру және жасау (әзірлеу);
- электр энергиясын түрлендіру, жеткізу және бөлуге арналған жүйелер жұмысын, сондай-ақ жылу техникалық жабдықтардың, жылу-энергия қондырғылары мен жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің дұрыс пайдаланылуын қадағалау, бақылау және мониторинг жүргізу;
- энергетикалық жабдықтардың, электр және жылу жүйелерінің, ауа және газ құбырларының жұмысын қамтамасыз ету, энергия шаруашылығын дамытуға, энергиямен жабдықтау жүйелерін қайта құру және жаңғыртуға қатысу;
- электр қозғалтқыштары, электрлік тартқыш және басқа жабдықтарға арналған жүйелер немесе тұрмыстық электрлік құрылғылар бойынша консультация беру және жасау;
- өнеркәсіптік және басқа ғимараттар мен объектілерде электр желілерін орнату;
- электр энергиясын, қозғалтқыштар мен жабдықтарды алу және бөлуге арналған жүйелердің өнімділігі мен қауіпсіздігін бақылау үшін бақылау параметрлері мен рәсімдерді айқындау;
- электр жүйелерін өндіру әдістерін айқындау, сондай-ақ бар электр жүйелері, қозғалтқыштар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу;
- электр энергетикасында жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Электр станциясының диспетчері
Электр жүйелері жөніндегі инженер
Инженер-жылу технигі
Инженер-электрик
Инженер-электромеханик
Инженер-энергетик

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Атом энергиясын өндіру жөніндегі инженерлер – 2149
Инженер-электроник – 2152
Хабар тарату жөніндегі инженер – 2153
Телекоммуникациялар жөніндегі инженер – 2153

2152 Инженер-электроншылар

Инженер-электроншылар зерттеулер жүргізеді, жобалайды және электр жүйелерінің жасалуына, жұмысына, техникалық қызмет көрсетілуіне және жөнделуіне басшылық етеді, сондай-ақ радиоэлектрондық материалдармен, бұйымдармен және үдерістермен байланысты технологиялық аспектілерді зерттейді және олар бойынша консультация береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- электрондық құрылғыларды немесе компоненттерді, схемалар мен жүйелерді жасау және осы салада консультация беру;
- электрондық бұйымдар мен жүйелер, материалдар және сапа стандарттары өндірісі немесе орнату әдістерін айқындау, электрондық бұйымдар мен жүйелерді өндіру мен орнату бойынша жұмысқа басшылық ету;
- электрондық жүйелердің, қозғалтқыштар және жабдықтардың тиімді қызметі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бақылау параметрлері мен рәсімдерін айқындау;
- бар электрондық жүйелер мен жабдықтарға техникалық қызметтің көрсетілуі мен жөнделуін ұйымдастыру және оған басшылық ету;
- авиация-ғарыштық объектілер мен қозғалысқа келтіру жүйелерін, акустика, бақылау және басқару жүйелерін басқару және бақылау сияқты салаларда қолдану үшін электрондық схемалар мен компоненттерді жобалау;
- радиолокациялық, телеметриялық жүйелер және қашықтықтан басқару, микротолқынды және басқа электрондық жабдықтар жүйелері саласында зерттеу жүргізу және консультация беру;
- сигналдарды өңдеу алгоритмін жобалау мен әзірлеу және аппараттық және бағдарламалық құралдарды сәйкесінше таңдау арқылы оларды іске асыру;
- электрондық компоненттерді, схемалар мен жүйелерді сынақтан өткізу үшін құрылғылар мен рәсімдерді әзір.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бақылау-өлшеу құралдары және автоматика жөніндегі инженер

Цифрлық есептеуіш жүйелер жөніндегі инженер

Кіріктірілген жүйелерді жасаушы инженер

Инженер-электроник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер-электрик - 2151

Телекоммуникация жөніндегі инженерлер – 2153

2153 Телекоммуникациялар және телерадиотарату жөніндегі инженерлер

Телекоммуникациялар және телерадиотарату жөніндегі инженерлер телекоммуникациялық жүйелер мен жабдықтардың құрылысы, жұмыс істеуі, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі зерттеу жұмысын жүргізеді, консультация береді, жобалайды және жетекшілік етеді. Олар телекоммуникациялық материалдармен, бұйымдармен және үдерістермен байланысты технологиялық аспектілерді зерттейді және олар бойынша консультация береді.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- телекоммуникациялық құрылғылар немесе компоненттер, жүйелер, жабдықтар және бөлу орталықтары бойынша зерттеулер жүргізу, консультация беру және жобалау;
- телекоммуникациялық жүйелер мен жабдықтарды өндіру және орнату әдістерін айқындау, телекоммуникациялық жүйелер мен жабдықтарды өндіру мен орнату бойынша жұмысқа басшылық ету;
- бар телекоммуникациялық жүйелер мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді мен жөндеуді ұйымдастыру және оған басшылық ету;
- телекоммуникациялық жабдықтарға байланысты мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу және консультация беру;
- байланыстың сымды, оптикалық-талшықты және сымсыз каналдары негізінде коммуникациялық жүйелерді жоспарлау және жобалау;
- сигналдарды өңдеу алгоритмін жобалау мен жасау және аппараттық және бағдарламалық құралдарды тиісінше таңдау арқылы іске асыру;
- телекоммуникациялық жүйелерді және кабелді және сымсыз телевизия бағдарламаларын қоса алғанда, радио және телевизия бағдарламаларын тарату жүйелерін жобалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Хабар тарату жөніндегі инженер

Телекоммуникациялық жабдықтарды монтаждау жөніндегі инженер

Телекоммуникациялар жөніндегі инженер-жасаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер-электрик – 2151

Инженер-электроншы – 2152

216-ШАҒЫН ТОП**СӘУЛЕТШІЛЕР, ЖОБАЛАУШЫЛАР, ГЕОДЕЗИСТЕР ЖӘНЕ ДИЗАЙНЕРЛЕР**

Сәулетшілер, жобалаушылар, геодезистер мен дизайнерлер ландшафтыны, ғимараттардың сыртқы түрі мен интерьерін, өндіріске арналған бұйымдарды, сондай-ақ ақпаратты жеткізу мақсатында визуалды және аудиовизуалды контентті жоспарлайды және жобалайды. Олар географиялық объектілерді дәл позициялау мақсатында іздестіру жұмыстарын жүргізеді; карталарды жасайды, дайындайды және түзетеді; жерді пайдалануды бақылау бойынша жоспарлар мен саясатты жасайды және іске асырады.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: клиенттермен және мүдделі тұлғалармен консультациялар арқылы жобалауға арналған тапсырмаға байланысты мақсаттар мен шектеулерді айқындауды; техникалық, функционалдық, экологиялық және технологиялық талаптармен эстетикалық тәртіп түсініктерін келістіру үшін конструкторлық шешімдер мен жоспарларды айқындауды; конструкторлық шешімдер мен басқа ақпаратты жеткізу үшін эскиздер, диаграммалар, иллюстрациялар, мультипликациялық бейнелер, жоспарлар, карталар, графиктер, үлгілер мен моделдерді дайындауды; фотографияларды, спутниктік бейнелерді, геодезиялық құжаттар мен деректерді, карталарды, жазбаларды, есептер мен статистиканы талдауды; функционалдық, кеңістіктік, коммерциялық, мәдени талаптарға, қауіпсіздік техникасы талаптарына, табиғатты қорғау мен эстетикалық талаптарға зерттеулер жүргізуді және оларды талдауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2161 Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшілері**
- 2162 Ландшафтық сәулетшілер**
- 2163 Тұтыну тауарлары мен өнеркәсіптік өнім дизайнерлері**
- 2164 Жобалаушылар-қала құрылысшылары және басқа жобалаушылар**
- 2165 Геодезистер, картографтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары**
- 2166 Графикалық және мультимедиялық дизайнерлер**

ҚР МЖ 01-2017

2161 Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшілері

Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшілері сауда, өнеркәсіптік, офистік, мекемелік, тұрғын үй және сауықтыру ғимараттарының жобаларын әзірлейді, олардың құрылысын, техникалық қызмет көрсетілуін мен қалпына келтірілуін жоспарлайды және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жаңа сәулеттік теориялар мен әдістерді әзірлеу және барын жетілдіру;
- құрылысқа арналған учаскелерді қарау, ұсынылған ғимараттар түрін, стилін және масштабын анықтау және бар ғимараттарға өзгерістер енгізу кезінде клиенттерге, басшылыққа және да басқа мүдделі жақтарға консультация беру;
- жобалар, материалдар мен құрылыстың болжамды мерзімдері туралы ақпарат ұсыну;
- жобаның соңғы нұсқасы шегінде құрылымдық, механикалық және эстетикалық компоненттерді біріктіретін эскиздер мен масштабты сызбаларды қоса алғанда, жобалық құжаттаманы дайындау;
- жобалық шешімдер мен құрылыс шарттарын тиісті органдармен келісу;
- қажетті техникалық-экономикалық негіздемелер мен құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі бойынша есептеулер жасау, құрылыстың сметалық құнын, жабдықтың, бұйымдар және материалдардың қажетті құрамы мен санын айқындау;
- құрылысшылар қолданатын ерекшеліктер мен келісімшарттық құжаттаманы дайындау, сондай-ақ клиенттер атынан конкурстар өткізу;
- ғимарат интерьерін пайдалану мен сапасына қатысты проблемалардың оңтайлы шешімін айқындау және табу, сондай-ақ қажетті жобаларды, суреттер мен жоспарларды жасау;
- жобаланудағы объектілердің құрылысына авторлық және техникалық қадағалауды жүзеге асыру, пайдаланылатын құрылыс материалдарының, конструкциялар мен бұйымдардың бекітілген құрылыс жобаларына, стандарттары мен техникалық шарттарына сәйкестігін бақылау;
- мәдени мұра объектілерін, сондай-ақ басқа да объектілерді реставрациялау және реконструкциялау;
- басқа қажетті мамандармен өндірістік байланыста болу және консультация өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшісі

Интерьер сәулетшісі

Жобалаушы сәулетші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ландшафтық сәулетші – 2162

Суретші-декоратор (орта біліктілікті) – 3432

Суретші-көркемдеуші (орта біліктілікті) - 3432

2162 Ландшафтық сәулетшілер

Ландшафтық сәулетшілер саябақтар, мектептер, мекемелер, скверлер, жолдар сияқты жобаларға арналған ландшафтық мен ашық кеңістіктерді, сауда, өнеркәсіптік және тұрғын ғимараттарды салуға арналған сыртқы аумақтарды жоспарлайды және жобалайды,

сондай-ақ олардың құрылысын, техникалық қызмет көрсетілуін және қалпына келтірілуін жоспарлайды және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жаңа теориялар мен әдістерді әзірлеу және барларын жетілдіру, сондай-ақ ландшафтық сәулет саласындағы саясат мәселелері бойынша консультация беру;
- учаскелерді қарау және ұсынылған ғимараттардың, саябақтардың, жолдардың және басқа да ашық кеңістіктердің түрін, стилін және масштабын айқындау кезінде клиенттерге, басшылыққа және мүдделі жақтарға консультация беру;
- жер учаскесін пайдалану мен салуға қатысты ұсынымдар дайындау, техникалық-экономикалық жүзеге асырылу мүмкіндігін талдау және қоршаған ортаға әсерді бағалау мақсатында объектінің орналасқан жері туралы деректерді және құрылыс алаңындағы географиялық және экологиялық ерекшеліктер, бедер, топырақ, өсімдіктер түрлері, гидрология туралы коммуналдық деректерді, сыртқы мінездемелер мен жасанды құрылыстар туралы деректерді жинау және талдау;
- жергілікті жер, ғимараттар, өсімдіктер мен қолжетімділік моделдерін қоса алғанда, жер учаскелеріне құрылыс салу және жер мен жобалардың детальдарын белгілеуге арналған есептерді, стратегиялық жоспарларды, құрылыс алаңы жоспарларын, жұмыс сызбаларын, ерекшеліктер мен сметаларды дайындау;
- құрылысшылар мен құрылыс мердігерлердің пайдалануы үшін ерекшеліктер мен келісімшарттық құжаттама дайындау, сондай-ақ клиенттердің атынан конкурстар өткізу;
- стилін, бағасын, уақыт шығындарын және нұсқаулықтардың сақталуын ескере отырып, жобаларды жүзеге асыру мақсатында қажетті байланыстарды қамтамасыз ету;
- айналадағы жағдайдың пайдалану мен сапасына қатысты проблемалардың оңтайлы шешімдерін айқындау мен табу және қажетті жобаларды, суреттер мен жоспарларды жасау;
- ерекшеліктер мен сапа стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін құрылыс немесе қалпына келтіру жұмыстарын бақылау;
- басқа қажетті мамандармен өндірістік байланыста болу болу және консультациялар өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженер-көгалдандырушы

Ландшафтық сәулетші

Бау-бақша-саябақ ансамбльдерінің жобалаушысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшісі – 2161

Қала инфрақұрылымы жобалаушысы – 2164

2163 Тұтыну тауарлары мен өнеркәсіптік өнім дизайнерлері

Тұтыну тауарлары мен өнеркәсіптік өнім дизайнерлері өндіріске арналған тауарларды жобалап, жасайды және жаппай, сериялық және бір реттік өндіріс тауарларының жобалары мен ерекшеліктерін дайындайды.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттермен және мүдделі тұлғалармен консультациялар арқылы жобалауға арналған тапсырмаға байланысты мақсаттар мен шектеулерді айқындау;
- киім, мата, өнеркәсіптік, коммерциялық және тұтынушылық тауарлар мен әшекейлердің дизайнін әзірлеу;
- эстетикалық тәртіп түсініктерін техникалық, функционалдық, экологиялық және технологиялық талаптармен келістіру;
- дизайн тұжырымдамасын беру үшін эскиздер, диаграммалар, иллюстрациялар, жоспарлар, үлгілер мен моделдер дайындау;
- клиенттермен, басшылықпен, сауда және өндірістік персоналмен дизайнерлік шешімдерді талқылау;
- функционалдық және эстетикалық материалдарды, өндіріске арналған әрлеуді және өндіру әдістерін таңдау, сипаттау және оларға қатысты ұсынымдар;
- өнімге үшін таңдалған дизайн сипаттамасы мен құжаттамасы;
- прототиптер мен үлгілерді дайындау және беру;
- үлгілерді, бағдарламаларды және құралдарды дайындауды, сондай-ақ дайындау үдерісін бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ойыншық дизайнері

Өнеркәсіп бұйымдары дизайнері

Зергерлік әшекейлер дизайнері

Киім-кешек модельері

Костюмдер жөніндегі суретші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қозғалтқыш жобалаушысы – 2144

Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшісі – 2161

Ландшафтық сәулетші – 2162

Суретші-декоратор (орта біліктілікті) – 3432

2164 Жобалаушылар-қала құрылысшылары және басқа жобалаушылар

Жобалаушылар-қала құрылысшылары және басқа жобалаушылар қала және ауылдық аудандарда жерлерді пайдалану және көлік жүйелерінің даму стратегиясы мен жоспарларын әзірлейді және олардың іске асуын ұйымдастырады. Олар жерді пайдалану мен көлік ағындарына әсер ететін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты мәселелер бойынша зерттеулер жүргізеді және консультация береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қала инфрақұрылымын жобалау және келісу;
- жерді пайдалануға әсер ететін экономикалық, құқықтық, саяси, мәдени, демографиялық социологиялық, физикалық және экологиялық факторлар туралы деректерді жинау және талдау;
- сәулет, жоспарлау, қоғамдық ғылымдар, қоршаған орта және заңнама сияқты салаларда билік органдарымен, тұрғындармен және мамандармен консультациялар өткізу;

- жер учаскелерін пайдалану мен оларда құрылыс салуға қатысты ұсынымдар әзірлеу, сипаттамалар мен көрнекі жоспарларды, бағдарламалар мен жобаларды адамдар топтары мен жекелеген адамдарға презентациялау;
- үкіметтік органдарға, компаниялар мен тұрғындарға қалалық және өңірлік жоспарлау мәселелері мен ұсыныстары бойынша консультация беру;
- қоршаған ортаға әсер туралы есептерге шолу жасау және бағалау;
- жер алқаптарын саябақтарға, мектептерге, мекемелерге, әуежайларға, шосселерге және ілеспе жобаларға арнауды, сондай-ақ іскерлік, өнеркәсіптік және тұрғын үй ғимараттарын салуға арналған учаскелерге арнауды жоспарлау мен үйлестіру;
- тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамсыз ету мақсатында жол қозғалысы бағыттарын құруды және жол қозғалысын және қоғамдық көлік жүйелерін реттеуді жобалау және осы мәселелер бойынша консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қала инфрақұрылымының жобалаушысы

Жер учаскелерінің жобалаушысы

Жобалаушы, көлік қозғалысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ғимараттар мен құрылыстар сәулетшісі – 2161

Ландшафтық сәулетші – 2162

2165 Геодезистер, картографтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

Геодезистер, картографтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары табиғи және адам жасаған объектілер мен құрлық, теңіз, жерасты аймақтары мен аспан денелері шекараларының нақты орналасқан жерін анықтайды, сондай-ақ ғылыми және математикалық қағидаттар мен әдістерді қолдану арқылы олардың цифрлық, графикалық және иллюстрациялық карталарын, схемаларын немесе басқа көрнекіліктерді дайындайды және қайта қарайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жер беттерін, шахталарды, жерасты беттерді, теңіздерді, өзендерді және көл пластарын шолу, өлшеу және сипаттау;
- әртүрлі объектілерді нақты позициялау және зерттеу деректерін цифрлық форматта тіркеу;
- сулар мен бұғаздардың кеме жүруге жарамдығын айқындау кезінде, теңіз құрылыстарын салуды жоспарлауда пайдалану үшін диаграммалар мен карталарды жасау;
- аэрофототүсіруді жоспарлау және өткізу;
- аэротүсіру және басқа фотолар, спутниктік бейнелер, геодезиялық құжаттар мен қолданыстағы карталардың, жазбалардың, есептер мен статистиканың деректері көмегімен карталар мен диаграммаларды жобалау, жасау және қайта қарату;
- геодезиялық және фотограмметриялық өлшеу жүйелерін, кадастр жүйелері мен топографиялық ақпараттық жүйелерді зерттеу және әзірлеу;
- карта өндірісінің техникалық, эстетикалық және экономикалық аспектілерін зерттеу және олар бойынша консультация беру;
- басқа қажетті мамандармен өндірістік байланыста болу және консультациялар өткізу.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аэрофотогеодезист

Гидрограф

Жерге орналастыру жөніндегі инженер

Инженер-фотограмметрист

Кадастр жөніндегі инженер

Картограф

Топограф

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ерекшеліктер мен сметалар жөніндегі инженер - 2149

Техник-геодезист – 3111

Жер кадастры жөніндегі техник – 3111

Техник-механик (жалпы бейін) - 3115

2166 Графикалық және мультимедиялық дизайнерлер

Графикалық және мультимедиялық дизайнерлер ақпаратты баспа, таспалы, электрондық, цифрлық және визуалды және дыбыстық жеткізудің басқа түрлері арқылы тарату мақсатында визуалды және аудиовизуалды контентті жобалайды. Олар компьютерлік ойындарда, фильмдерде, музыкалық видеожазбаларда, баспа бұқаралық ақпарат құралдары мен жарнамада пайдалану үшін графикалық, арнайы эффектілер, анимация және басқа көру бейнелерін жасайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттермен және мүдделі адамдармен консультациялар арқылы жобалауға арналған тапсырмаларға байланысты мақсаттар мен шектеулерді айқындау;
- байланыс аппаратурасына қойылатын функционалдық талаптарға зерттеулер жүргізу және талдау;
- берілетін субъектілер дизайнының тұжырымдамаларын әзірлеу;
- дизайн тұжырымдарын беру үшін эскиздер, диаграммалар, иллюстрациялар, түпнұсқа-макеттерді дайындау;
- жобалауға арналған тапсырмада баяндалған функционалдық, эстетикалық және шығармашылық талаптарға сәйкес күрделі графика мен анимация жасау;
- компьютерлік анимация немесе модельдеу бағдарламаларын пайдалану арқылы қозғалыстағы объектілерді бейнелейтін немесе қандай да бір процесті иллюстрациялайтын екіөлшемді және үшөлшемді бейнелерді жасау;
- клиенттермен, басшылықпен және сауда және өндірістік персоналмен дизайнерлік шешімдерді талқылау;
- функционалдық және эстетикалық материалдарды және басуға, жеткізуге немесе бейнелеуге арналған жеткішіштерді таңдау, сипаттау және оларға қатысты ұсынымдар;
- өнімнің таңдалған дизайнының сипаттамасы мен құжаттамасы;
- таңдалған жеткішіште қадағалау немесе жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Веб-сайттар дизайнері

Баспа басылымдары дизайнері
Мультимедиялық дизайнер
Компьютерлік ойындар дизайнері
Компьютерлік графика суретшісі
Жарнама жөніндегі суретші
Суретші-мультипликатор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Интерьер сәулетшісі – 2161
Web-мастер – 2512
Компьютерлік ойындарды әзірлеуші – 2512
Суретші-кескіндемеші – 2651
Суретші-декоратор (орта біліктілікті) – 3432

ҚР МЖ 01-2017
217-ШАҒЫН ТОП

ӘУЕ ЖӘНЕ ТЕҢІЗ КӨЛІГІН БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Әуе және теңіз көлігін басқару саласындағы кәсіби мамандар осы көліктердің қауіпсіз және тиімді қозғалысын қамтамасыз ету, сондай-ақ қозғалысты басқарудың электрлік, электромеханикалық және автоматтандырылған жүйелерін жетілдіру бойынша техникалық функциялар мен әрекеттерді орындайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: кеме бортында механикалық, электрлік және электронды жабдықтар жұмысын бақылауды, теңіз және әуе кемелерін басқаруды және навигациясын, теңіз немесе әуе кемелері қозғалысын басқаруды және қозғалысты басқарудың электрлік, электрмеханикалық және автоматтандырылған жүйелерін жетілдіруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2171 Кеме капитандары және тектес қызметтердің кәсіби мамандары**
- 2172 Ұшақтың пилоттары және тектес қызметтердің кәсіби мамандары**

2171 Кеме капитандары және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

Кеме капитандары және тектес қызметтердің кәсіби мамандары теңізде, ішкі және жағалау суларында кемелерді басқару мен навигациясын жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- теңізде және ішкі суларда экипаж бен кемелерді басқару;
- кеме бортындағы механикалық, электрлік және электрондық жабдықтардың жұмысын бақылау;
- жүктердің қауіпсіз тиелуі мен түсірілуін және экипаж бен жолаушылардың қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын сақтауын қамтамасыз ету;
- порттарға кіру мен шығу, каналдар, бұғаздар мен арнайы білім талап етілетін басқа да су жолдары арқылы өту кезінде кемелерді басқару;
- ерекшеліктер мен қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кемелерді пайдалану мен жөндеуді техникалық қадағалауды жоспарлау және ұйымдастыру;
- экипажды кеме бортындағы жаңа механикалық, электрлік және электрондық жабдықты пайдалану тәртібі мен қағидаларын тиісінше оқытуды ұйымдастыру;
- кеелердің жұмыс процесі кезінде туындайтын проблемаларды анықтау және шешу үшін оларды пайдалану саласындағы теориялық және практикалық білімдерді қолдану;
- белгіленген талаптарға сәйкес кеме қорларын толықтыруды қамтамасыз ету, есептік жазбалар жүргізу;
- жағалау станциялары мен басқа теңіз кемелерінен әдеттегі ақпаратты, сондай-ақ төтенше жағдайлар туралы ақпаратты беру және қабылдау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженер-суперинтендант, теңіздегі
Кеме капитаны

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Штурман (флотта) - 3152
Матрос – 8350

2172 Ұшақтың пилоттары және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

Ұшақтың пилоттары және тектес қызметтердің кәсіби мамандары жолаушыларды, поштаны және жүктерді тасымалдау үшін әуе кемелерінің механикалық, электрлік және электрондық жабдықтарын бақылауды және басқаруды жүзеге асырады, ұшар алдындағы міндеттер мен міндеттемелерді, сондай-ақ ұшу кезіндегі тиісті міндеттемелерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- техникалық пайдалану мен ұшу қауіпсіздігін бақылаудың қолданыстағы қағидалары мен нұсқаулықтарына сәйкес ұшу кезінде әуе кемесін басқару;
- механикалық, электрлік және электрондық жабдықтардың жұмыс істеуін бақылау және басқарудың барлық құралдары мен жүйелерінің дұрыс жұмысын қамтамасыз ету;
- жұмыс процесінде туындайтын проблемаларды анықтау мен шешу үшін ұшу ісі саласындағы теориялық және практикалық білімдерді қолдану;

ҚР МЖ 01-2017

- әуе кемесінің механикалық жарадылығын, техникалық қызмет көрсетудің толықтығы мен аяқталуын, жабдықты жұмыстық күйге келтіруді қамтамасыз ету мақсатында ұшу журналдарын зерделеу және тексерулер жүргізу;
- ұшуға дейін нұсқаулар жүргізу мен кедергілерді жою және ұшу кезінде ұшуды басқарудың жердегі қызметтерімен байланыста болу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бортинженер (бортмеханик)

Ұшқыш

Ұшқыш-инструктор

Тікұшақ пилоты

Ұшақ пилоты

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Авиациялық диспетчер - 3154

Штурман (авиациядағы) - 3152

22-КІШІ ТОП**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР**

Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар медицина, медициналық күтім, стоматология, ветеринария, фармация және денсаулық профилактикасы саласында зерттеулер жүргізеді, тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді және дамытады және ғылыми білімдерін практикада қолданады. Аталған кіші топқа қосылған көпшілік қызметтердің дағдылар деңгейі төртінші деңгейге сәйкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ғылыми зерттеулер жүргізуді және адам мен жануар аурулары мен оларды емдеу тәсілдерін зерттеу арқылы ғылыми білім алуды; профилактикалық және емдеу шаралары бойынша консультация беруді және оларды қолдануды; сондай-ақ, ғылыми құжаттама мен баяндамаларды дайындауды қамтиды. Міндеттемелер басқа қызметкерлерге басшылық етуді қамтуы мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 221 Емдеу және сараптама-диагностикалық қызмет саласындағы дәрігерлер мен кәсіби мамандар**
- 222 Мейіргер ісі саласындағы кәсіби мамандар**
- 223 Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның дәрігерлері мен кәсіби мамандары**
- 225 Ветеринариялық дәрігерлер**
- 226 Денсаулық сақтау саласындағы басқа кәсіби мамандар**

Ескертпелер

Биомедициналық жабдық жөніндегі инженерлер, психологтар және медициналық физиктер сияқты қызметтер аталмыш 22 *Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар* кіші тобына кірмейді, бірақ басқа топтарға жатқызылған.

ЕМДЕУ ЖӘНЕ САРАПТАМА-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ДӘРІГЕРЛЕР МЕН КӘСІБИ МАМАНДАР

Емдеу және сараптама-диагностикалық қызмет саласындағы дәрігерлер мен кәсіби мамандар заманауи медицина қағидаттары мен рәсімдерін қолдану арқылы ауруларды, жарақаттарды және адамдардың басқа да дене және ақыл-ой бұзушылықтарын зерттейді, диагностикалайды, емдейді және алдын алады. Олар басқа медициналық мекемелердің күтім жасау және емдеу жоспарларын орындауын жоспарлайды, бақылайды және бағалайды, сондай-ақ медициналық білім саласындағы қызметті және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: пациенттердің денсаулық жағдайын анықтау үшін оларға медициналық қарап-тексеру және олармен және отбасы мүшелерімен әңгімелесу өткізуді; диагностикалық сынақтарды тағайындауды және олардың нәтижелерін талдауды; медикаментоздық ем және профилактикалық шаралар тағайындауды және жүргізуді; операциялар мен басқа клиникалық процедураларды жүргізуді; пациенттердің жағдайы мен емге реакциясын бақылауды; аурулар мен бұзушылықтардың профилактикасы мен емдеу мақсатында денсаулық, тамақтану және өмір сүру салты мәселелері бойынша консультация беруді; босануға дейінгі, босану кезіндегі және босанудан кейінгі асқынуларды анықтауды және жүргізуді; емдеуге мұқтаж пациенттерді мамандандырылған, ұзақ мерзімді медициналық көмек немесе денсаулық сақтаудың басқа қызметтерін алу үшін жіберуді жоспарлауды, сол жөніндегі жоспарларды басқаруды және орындауды; үзіліссіз және бәрін қамтитын күтімді қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау саласындағы басқа кәсіби мамандармен медициналық ақпаратпен алмасуды; мемлекеттік органдарды тіркеуге жататын туу, өлу және аурулар туралы хабарландыруды; адам денсаулығының бұзылуы мен аурулары және профилактикалық немесе емдеу тәсілдері саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2211 Дәрігерлер (1)

2212 Дәрігерлер (2)

2213 Дәрігерлер (3)

2214 Дәрігерлер (4)

2215 Дәрігерлер (5)

2216 Сараптамалық-диагностикалық қызмет саласындағы дәрігерлер мен кәсіби мамандар

2217 Хирургия саласындағы дәрігерлер

2211-2215 Дәрігерлер

Дәрігерлер ауруларды, кеселдерді, жарақаттарды және басқа да дене мен ақыл-ой бұзылуын диагностикалайды, емдейді және алдын алады және заманауи медицина қағидаттары мен процедураларды қолдаун негізінде сынақтан өткізу, диагностика әдістерін, медициналық, хирургиялық, дене және психиятриялық әдістерді қолдану арқылы адамдардың жалпы денсаулық жағдайын демейді. Олар белгілі бір ауру санаттарына, пациенттер түрлері мен емдеу әдістеріне маманданады және медициналық білім саласындағы қызметпен және таңдаған мамандығы саласындағы ғылыми-зерттеу қызметімен айналыса алады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пациенттердің денсаулық жағдайын анықтау үшін оларға медициналық қарап-тексеру мен олармен және отбасы мүшелерімен әңгімелесу өткізу;
- пациентті жіберген дәрігер немесе басқа медициналық мекеме ұсынған медициналық ақпаратты зерделеу;
- бұзушылықтар мен аурулардың сипатын анықтау үшін пациенттерді диагностикалаудың ұтымды тәсілдерін айқындау;
- бұзушылықтар мен аурулардың сипатын анықтау үшін мамандандырылған диагностикалық сынақтарды тағайындау;
- пациенттерге ем, медикаменттер, ауырсынуды басатын дәрілер, психотерапия, денені оңалту бағдарламалары мен басқа да профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын тағайындау, жүргізу және олардың реакциясын мониторингілеу;
- пациенттердің жағдайын бағалау үшін белгіленген стандарттарға сәйкес қажетті диагностикалық және зертханалық процедураларды ұйымдастыру және дербес өткізу;
- босануға дейінгі, босану кезіндегі және босанудан кейінгі асқынуларды жүргізу;
- пациенттердің медициналық ақпаратын тіркеу және барлығын қамтитын күтімді қамтамасыз ету үшін дәрігер мамандармен ақпаратпен алмасу;
- жекелеген кеселдер орын алған жағдайда профилактикалау, емдеу және күтіну шаралары туралы пациенттерді, отбасыларды және тұрғындарды ақпараттандыру;
- өлім себебін анықтау үшін өлікті сою;
- адамның жекелеген бұзушылықтары мен ауруларын, сондай-ақ профилактикалық және емдеу тәсілдерін зерттеу, сондай-ақ нәтижелерді, оның ішінде ғылыми есептер арқылы тарату;
- белгілі бір аурулардың профилактикасына және таралуына қарсы күресуге бағытталған бағдарламаларды жоспарлау және қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Акушер-гинеколог дәрігер

Дәрігер-вирусолог

Дәрігер-невролог (ересектер бойынша)

Дәрігер-психиатр

Дәрігер-пульмонолог (балалар)

Дәрігер-терапевт

Дәрігер-эндокринолог (ересектер бойынша)

Жалпы практика дәрігері

ҚР МЖ 01-2017

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жалпы дәрігер хирург– 2217

Стаматолог-дәрігер – 2261

Фармацевт (провизор) – 2262

Радиациялық гигиена дәрігері - 2269

Ескертпелер

Аталмыш бастауыш топтарға қосылған қызметтер жоғары медициналық білімді, диплом алдындағы клиникалық даярлықты, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі мамандандыру саласындағы білім талап етеді. Дәл осы топқа жоғары медициналық білім алған және мамандандыру саласында дипломнан кейінгі клиникалық даярлықтан өтіп жатқан дәрігер-интерндерді жатқызады.

Тірі организмдерді пайдалану арқылы биомедициналық зерттеулерге қатысатын және клиникалық практикамен айналыспайтын медициналық зерттеулер саласындағы мамандарды *2131 Биологтар, ботаниктер, зоологтар, фармакологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары* бастауыш тобына жатқызады.

Адам әрекетін және оның қоршаған ортаға әсерін мониторингілеумен және бақылаумен байланысты бағдарламаларды бағалайтын, жоспарлайтын және іске асыратын кәсіби мамандарды *2133 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы кәсіби мамандар* бастауыш тобына жатқызады.

2216 Сараптамалық-диагностикалық қызмет саласындағы дәрігерлер мен кәсіби мамандар

Сараптамалық-диагностикалық қызмет саласындағы дәрігерлер мен кәсіби мамандар пациенттің жағдайын бағалау үшін қажетті диагностикалық және зертханалық зерттеулерді жүргізеді, сондай-ақ диагностика мәселелері бойынша дәрігер мамандарға консультациялық көмек көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бұзушылықтар мен аурулардың сипатын айқындау үшін пациенттерді диагностикалаудың ұтымды әдістерін айқындау;
- пациенттердің жағдайын бағалау үшін белгіленген стандарттарға сәйкес қажетті диагностикалық және зертханалық процедураларды ұйымдастыру және дербес өткізу;
- жүргізілген зерттеулерге талдау жасау және орта буын медициналық персоналы жүргізген зерттеулердің алғашқы талдауы негізінде олар бойынша қорытындылар беру;
- пациенттердің диагнозы мен емдеу тәсілдерін анықтауға қатысу;
- орта буын медициналық персоналының диагностикалық және зертханалық процедураларды жүргізуін, инвентарьды, аппаратура мен жабдықтарды пайдалануын, шығыс материалдарын ұтымды пайдалануын бақылау;
- диагностикалық және зертханалық зерттеулерді жүргізу саласындағы жаңа әдістерді іздеу және енгізілуін бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Дәрігер-рентгенолог

Дәрігер-томограф

Ультрадыбыстық диагностика дәрігері

Функционалдық диагностика дәрігері

Сәулелік диагностика дәрігері

2217 Хирургия саласындағы дәрігерлер

Хирургия саласындағы дәрігерлер хирургиялық ауруларды диагностикалаумен және профилактикалаумен, хирургиялық аурулары бар науқастарды емдеумен және оңалтумен айналысады. Олар белгілі бір ауру санаттарына, пациенттер түрлері мен емдеу әдістеріне маманданады және медициналық білім саласындағы қызметпен және таңдаған мамандығы саласындағы ғылыми-зерттеу қызметімен айналыса алады

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- диагнозын анықтау мақсатында хирургиялық аурулары бар науқастарды тексеруді жүргізу;
- хирургиялық аурулары бар науқастарға ем тағайындау және оның тиімділігі мен қауіпсіздігін бақылау;
- хирургиялық аурулары бар науқастарды кезек күттірмейтін немесе жоспарлы операцияға дайындау жоспарын әзірлеу және жүргізу;
- хирургиялық аурулары бар науқастарға кезек күттірмейтін немесе жоспарлы операциялар жасау және қатысу;
- одан әрі жетілдіру мақсатында өткізілген операцияларға бағалау және талдау жүргізу;
- дәрігер мамандарға хирургия мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;
- хирургиялық практикада диагностикалаудың және жедел емдеудің жаңа әдістерін іздеу және енгізілуін бақылау;
- саламатты өмір салтын қалыптастыру, ересектер бойынша мен балалар арасында хирургиялық ауруларды азайту бойынша санитариялық-ағарту жұмысын жүргізу және олардың тиімділігін бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Дәрігер-кардиохирург (ересектер бойынша)

Дәрігер-нейрохирург (балалар)

Дәрігер-пластикалық хирург

Дәрігер-хирург трансплантолог

МЕЙІРГЕР ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Мейіргер ісі саласындағы кәсіби мамандар ауру және есі ауысқан адамдарды, мүгедектерді немесе денсаулыққа төніп тұрған ықтимал қатерлер салдарынан, оның ішінде босануға дейін, кезінде және кейін күтімді қажет ететін адамдарды емдеу және күту бойынша қызметтерді көрсетеді. Олар профилактикалық және емдеу шараларын практикалық қолдану саласында дербес немесе дәрігерлермен және басқа да мамандармен бірге жұмыс істейтін басқа медициналық қызметкерлерді қадағалауды қоса алғанда, пациенттерді күтуді жоспарлау, басқару мен бағалау бойынша жауапкершілікті өздеріне алады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: медициналық күтім мен акушерлік практикасы мен заманауи стандарттарына сай пациенттерге медициналық күтім мен акушерлік қызметтерді бағалауды, жоспарлауды, ұсынуды; денсаулықты сақтау саласындағы басқа да мамандармен және жедел жәрдем бригадалары мүшелерімен консультациялар барысында пациенттерге күтім көрсетуді үйлестіруді; медикаменттерді қабылдауда көмек көрсетуді қоса алғанда, күтім, емдеу және терапия жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу мен жүзеге асыруды; ауырсынуды басатын препараттарды қолдануды қоса алғанда, терапияның әртүрлі әдістерінің көмегімен пациенттердің ауруды сезінуін және қолайсыздық сезімдерін бақылауды және басуды; жүктілік барысын бақылауды және медикаменттермен емдеуге реакцияны қоса алғанда, пациенттердің денсаулық жағдайын бақылауды; аурулардың профилактикасын, емдеу мен күтімді, жүктілікті, босануды және басқа мәселелерді қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы түрлі мәселелер бойынша пациенттерді, отбасыларды және тұрғындарды ақпараттандыруды; денсаулық сақтау саласындағы басқа қызметкерлердің қызметін қадағалау мен үйлестіруді; практикалық медициналық күтім және акушерлік саласында зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ ғылыми құжаттама мен баяндамаларды дайындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2220 Мейіргер ісі саласындағы кәсіби мамандар

Ескертпелер

Медициналық күтім жөніндегі кәсіби мамандар мен орта буын медициналық персоналының арасындағы айырмашылық жұмыс сипаттамасының және осы анықтамада, сондай-ақ бастауыш топтардың сәйкес анықтамаларында көрсетілген орындалатын міндеттердің негізінде жүргізіледі.

2220 Мейіргер ісі саласындағы кәсіби мамандар

Мейіргер ісі саласындағы кәсіби мамандар қартаю, жарақаттар, сырқат немесе дене немесе психикалық бұзушылықтар себебінен немесе денсаулыққа төнуі мүмкін қатерге байланысты күтімге мұқтаж адамдарды емдеу, қолдау және күту бойынша қызметтерді ұсынады. Олар профилактикалық және емдеу шараларын практикалық қолдану саласында дербес немесе дәрігерлермен және басқа да мамандармен бірге жұмыс істейтін басқа медициналық қызметкерлерді қадағалауды қоса алғанда, пациенттерді күтуді жоспарлау, басқару мен бағалау бойынша жауапкершілікті өздеріне алады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- медициналық күтім практикасы мен заманауи стандарттарына сәйкес пациенттерге медициналық күтім жасауды жоспарлау, ұсыну және бағалау;
- денсаулық сақтау саласындағы басқа мамандармен және жедел жәрдем бригадалары мүшелерімен консультациялар барысында пациенттерге күтім жасауды үйлестіру;
- пациенттерді биологиялық, әлеуметтік және психологиялық емдеу мақсатында денсаулық сақтау саласындағы басқа мамандармен бірге күтім жасау жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- медикаменттерді қабылдаудағы көмекті қоса алғанда, жеке күтім, емдеу және терапияны жоспарлау мен ұсыну және емдеу немесе күтім көрсету бағдарламасына жауапты реакцияны бақылау;
- жараларды тазалау және таңу материалдары мен таңғыштарды салу;
- пациенттерде ауруды сезінуін және қолайсыздықты сезінуін бақылау, сондай-ақ ауруды басатын препараттарды пайдалануды қоса алғанда, терапияның әртүрлі әдістерінің көмегімен ауруды сезінуін басу;
- клиникалық және қоғамдық жағдайларда санитариялық ағарту бағдарламаларын, сауықтыру және ағарту іс-шараларын жоспарлау және оларға қатысу;
- пациенттер мен отбасылардың сұрақтарына жауап беру, аурулардың профилактикасы, сондай-ақ емдеу іс-шаралары мен күтім бойынша шаралар туралы ақпараттандыру;
- медициналық күтім жөніндегі, денсаулық сақтау саласындағы және жеке күтім жөніндегі басқа қызметкерлердің жұмысын қадағалау және үйлестіру;
- медициналық күтім бойынша практика және процедуралар саласында зерттеулер жүргізу, сондай-ақ нәтижелерді әртүрлі тәсілдермен, атап айтқанда ғылыми құжаттама мен есептер арқылы тарату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Мейіргер (жоғары біліктіліктегі)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мейіргер – 3221

Ескертпелер

Мейіргерлерді даярлау саласындағы қызметті немесе зерттеу қызметін медициналық күтім бойынша клиникалық практикамен қатар алып жүретін мейіргерлерді *2220 Мейіргер ісі саласындағы кәсіби мамандар* бастауыш тобына жатқызады. Тірі организмдерді пайдалану арқылы биомедициналық зерттеулерге қатысатын және клиникалық практикамен айналыспайтын медициналық зерттеу саласындағы мамандарды *2131 Биологтар, ботаниктер, зоологтар, фармакологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары* бастауыш тобына жатқызады.

**ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС МЕДИЦИНАНЫҢ ДӘРІГЕРЛЕРІ МЕН
КӘСІБИ МАМАНДАРЫ**

Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның дәрігерлері мен кәсіби мамандары пациенттерді қарайды; аурулардың, сырқаттардың, жарақаттардың және басқа да дене және ақыл-ой бұзылушылықтарының профилактикасымен және оларды емдеумен айналысады; белгілі бір мәдениеттерде жинақталған теорияларды, пайымдарды және тәжірибелерді терең зерттеу нәтижесінде алған білімдерін, дағдылары және тәжірибесін қолдану арқылы адамдар денсаулығының жалпы жағдайын қолдайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: пациенттердің денсаулық жағдайын анықтау үшін оларды медициналық қарап-тексеруден өткізуді және олармен және отбасы мүшелерімен әңгімелесулер өткізуді; ине шаншу, аюрведальық, гомеопаттық медицина және фитотерапия сияқты әдістерді пайдалану арқылы дене және психологиялық кемістіктерді, ес ауысқандықты емдеу жоспарларын жасауды және жүзеге асыруды; емдеу жоспарлары арқылы пациенттердің ауру барысын бағалауды және құжатпен растауды; жекелеген адамдарға, отбасыларға және адамдар топтарына денсаулық, тамақтану және өмір сүру салты мәселелері бойынша консультация беруді; организмнің өздігінен қалпына келу қабілетін күшейту мақсатында шөптік, өсімдік, минералды және жануар экстрактілері сияқты дәстүрлі медицина құралдарын тағайындауды және дайындауды; үзіліссіз және барлығын қамтитын медициналық күтімді қамтамасыз ету үшін қажеттілігіне қарай кәсіби мамандармен пациенттер туралы ақпаратпен алмасуды; дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина және емдеу саласында зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ нәжіжелерді, атап айтқанда қылыми құжаттама мен есептер арқылы таратуды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2230 Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның кәсіби мамандары мен дәрігерлері

2230 Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның кәсіби мамандары мен дәрігерлері

Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның кәсіби мамандары мен дәрігерлері пациенттердің жағдайын бағалайды; аурулардың, сырқаттардың, жарақаттардың және басқа да дене және ақыл-ой бұзылушылықтарының профилактикасымен және оларды емдеумен айналысады; белгілі бір мәдениеттерде жинақталған теорияларды, пайымдарды және тәжірибелерді терең зерттеу нәтижесінде алған білімдерін, дағдылары және тәжірибесін қолдану арқылы адамдар денсаулығының жалпы жағдайын қолдайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пациенттердің денсаулық жағдайын анықтау үшін оларды медициналық қарап-тексеруден өткізу және олармен және отбасы мүшелерімен әңгімелесулер өткізу;
- ине шаншу, аюрведальқ, гомеопаттық медицина және фитотерапия сияқты әдістерді пайдалану арқылы дене және психологиялық кемістіктерді, ес ауысқандықты емдеу жоспарларын жасау және жүзеге асыру;
- емдеу жоспарлары арқылы пациенттердің ауру барысын бағалау және құжатпен растау;
- жекелеген адамдарға, отбасыларға және адамдар топтарына денсаулық, тамақтану және өмір сүру салты мәселелері бойынша консультация беру;
- организмнің өздігінен қалпына келу қабілетін күшейту мақсатында шөптік, өсімдік, минералды және жануар экстрактілері сияқты дәстүрлі медицина құралдарын тағайындау және дайындау;
- үзіліссіз және барлығын қамтитын медициналық күтімді қамтамасыз ету үшін қажеттілігіне қарай кәсіби мамандармен пациенттер туралы ақпаратпен алмасу;
- дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина және емдеу саласында зерттеулер жүргізу, сондай-ақ нәжіжелерді, атап айтқанда қылыми құжаттама мен есептер арқылы тарату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

|Гомеопат дәрігер

Рефлексотерапевт дәрігер

Мануалды терапевт дәрігер

Басқа бастауыш топтарға жататын кейбір тектес кәсіптер:

Лекарь, фитотерапия – 5149

Халық емшісі– 5149

Ескертпелер

Орындау үшін дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина әдістерін, сондай-ақ адам анатомиясы мен заманауи медицина негіздерін жоғары оқу орындарында тереңдетіп оқыту нәтижесінде олардың ерекшеліктері мен қолдану салаларын терең түсінуді қажете ететін дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина саласындағы қызметтерді 2230 Дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның дәрігерлері мен кәсіби мамандары бастауыш тобына жатқызады. Формальды немесе формальды емес білім беру мен даярлаудың салыстырмалы түрдегі қысқа мерзімдерінің негізінде аздау терең түсінуді не олар шыққан қауымдастықтардың дәстүрлері мен практикасын зерделеу арқылы формальды емес жолмен алынған түсінуді талап ететін қызметтерді 5149-3 *Халықтық медицина лекарьлары және емшілері* бастауыш тобына жатқызады. Тек фитотерапияны, рухани практикаларды немесе мануальды терапия әдістерін қолданумен айналысатын практиктер 2230 бастауыш тобынан алынып тасталды.

ҚР МЖ 01-2017
225-ШАҒЫН ТОП

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР

Ветеринариялық дәрігерлер жануарлардың ауруларын, жарақаттарын және бұзылушылықтарын диагностикалаиды, алдын алады және емдейді. Олар әртүрлі жануарларға көмек көрсете; жануарлардың жекелеген түрін емдеуге немесе ветеринарияның белгілі бір саласында мамандана; сондай-ақ биологиялық және фармацевтикалық тауарлар өндіретін кәсіпорындарға қызмет көрсете алады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: дәрігерлік қарап-тексеру, зертханалық анализдер және рентгенография мен ультрадыбыстық тексеруді қоса алғанда, диагностикалық визуализация құралдары арқылы бұзылушылықтың барын және сипатын айқындауды; жануарларды медициналық және хирургиялық емдеуді, сондай-ақ, дәрігерлік препараттарды, ауруды басатын заттарды және жалпы және жергілікті анестезияны енгізу мен тағайындауды; операциялар жасауды, жарақаттарды таңуды және сынған сүйектерді орнына келтіруді; жануарларға акушерлік көмек көрсетуді; жануарлар ауруларының таралуын профилактикалауға және жоюға бағытталған бағдарламаларға қатысуды; жануарларды инфекциялық ауруларға қарсы вакцинациялауды, оларды анықтау бойынша талдау жүргізу және жануарлар арасындағы инфекциялық аурулардың ошағы туралы билік органдарына хабарлауды; өлу себебін анықтау үшін өлікті союды; жануарлардың денсаулығы, тамақтану және қоректендіру, тазалығы, өсіру мен күтім жасау жөніндегі мәселелер бойынша клиенттерге консультация беруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2250 Ветеринариялық дәрігерлер

2250 Ветеринариялық дәрігерлер

Ветеринариялық дәрігерлер жануарлардың ауруларын, жарақаттарын және бұзылушылықтарын диагностикалайды, алдын алады және емдейді. Олар әртүрлі жануарларға көмек көрсете; жануарлардың жекелеген түрін емдеуге немесе ветеринарияның белгілі бір саласында мамандана; сондай-ақ биологиялық және фармацевтикалық тауарлар өндіретін кәсіпорындарға қызмет көрсете алады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- дәрігерлік қарап-тексеру, зертханалық анализдер және рентгенография мен ультрадыбыстық тексеруді қоса алғанда, диагностикалық визуализация құралдары арқылы бұзылушылықтың барын және сипатын айқындау;
- жануарларды медициналық және хирургиялық емдеу, сондай-ақ дәрігерлік препараттарды, ауруды басатын заттарды және жалпы және жергілікті анестезияны енгізу мен тағайындау;
- операциялар жасау, жарақаттарды таңу және сынған сүйектерді орнына келтіру;
- жануарларға акушерлік көмек көрсету;
- жануарлар ауруларының таралуын профилактикалауға және жоюға бағытталған бағдарламаларға қатысу;
- жануарларды инфекциялық ауруларға қарсы вакцинациялау, оларды анықтау бойынша талдау жүргізу және жануарлар арасындағы инфекциялық аурулардың ошағы туралы билік органдарына хабарлау;
- өлу себебін анықтау үшін өлікті сою;
- жануарлардың денсаулығы, тамақтану және қоректендіру, тазалығы, өсіру мен күтім жасау жөніндегі мәселелер бойынша клиенттерге консультация беру;
- жануарлар эвтаназиясын жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ветеринариялық-санитариялық дәрігер
Ветеринариялық дәрігер
Ветеринариялық дәрігер-консультант
Ветеринар
Ветеринариялық хирург

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Зоолог – 2131
Ветеринариялық фельдшер – 3240

ҚР МЖ 01-2017
226-ШАҒЫН ТОП

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА КӘСІБИ МАМАНДАР

Денсаулық сақтау саласындағы басқа кәсіби мамандар стоматология, фармакология, қоршаған ортаның санитариялық жағдайы мен гигиена, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы салаларындағы медициналық-санитариялық қызметті қамтамасыз етеді. Бұл шағын топқа дәрігерлерді, емшілер мен дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина практиктерін, медициналық күтім және акушерлік жөніндегі кәсіби мамандарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласының барлық кәсіби мамандары жатқызылады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ауруларды, жарақаттарды және тістердің, ауыз қуысының, жақтардың және жақын орналасқан тіндердің дамуындағы кемістіктерді диагностикалау мен емдеуді; дәрілік препараттарды сақтау, консервациялау, дайындау, сынақтан өткізу мен дозалауды және оларды тиісінше пайдалану мен жағымсыз құбылыстары туралы консультация беруді; аурулардың таралуын алдын алу және олармен күресуге арналған бағдарламаларды әзірлеу; клиенттерді жіберуді немесе қажет болған кезде денсаулық сақтау саласындағы басқа мамандармен консультациялар өткізуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2261 Стоматология саласындағы дәрігерлер**
- 2262 Фармацевтика, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы кәсіби мамандар**
- 2269 Б.т.к. денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар**

2261 Стоматология саласындағы дәрігерлер

Стоматология саласындағы дәрігерлер стоматологияның заманауи қағидаттары мен процедураларын қолдану арқылы тістердің, ауыз қуысының, жақтардың және жақын орналасқан тіндердің ауруларын, жарақаттарын және дефектілерін диагностикалайды, емдейді және алдын алады. Олар ауыз қуысын сауықтыру мен оның саулығын қалпына келтіру үшін әртүрлі мамандандырылған диагностикалық, хирургиялық және басқа әдістерді қолданады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- рентгенография, сілекей анализі мен ауру тарихы сияқты әдістерді қолдану арқылы тістердің және ауыз қуысының сәйкес ағзаларының, жақтардың ауруларын, жарақаттарын, ауытқуларын және басқа да деформацияларын диагностикалау;
- периодонтальдық терапияны, фторды қолдану мен ауыз қуысын сауықтыруды қоса алғанда, профилактикалық стоматологиялық көмек көрсету;
- процедуралар кезінде пациенттердің аурыну сезімін басу үшін ауруды басатын препараттарды енгізу;
- процедуралардан кейінгі созылмалы ауру сезімдерін жеңілдету үшін дәрілік заттарды тағайындау;
- имплантаттарды, коронкалар мен көпір тәріздес тіс протездерін қоса алғанда, қалпына келтіру стоматологиялық көмегін көрсету;
- тістерді жұлу мен тіндер биопсиясын, сондай-ақ ортодонттық емдеуді қоса алғанда, хирургиялық емдеуді жүзеге асыру;
- тіс протездерінің пішіні мен көлемін анықтау үшін өлшемдерін алу және пациенттің жақ слепкалары мен тістерін дайындау;
- орналастыру фиксаторлары, көпір тәріздес тіс протездері және жасанды тістер сияқты протездік құрал-саймандарды жасау, дайындау және келтіру немесе дайындау жөніндегі нұсқаулықтарды немесе техник-протездеушілерге арналған рецептерді дайындау;
- алмалы-салмалы немесе тұрақты ауыз импланттарының көмегімен ауыз қуысы функцияларын қалпына келтіру;
- диабет сияқты белгілері ауыз қуысында көрінетін жүйелі ауруларды диагностикалау кезінде көмектесу;
- пациенттер мен отбасыларын тістердің гигиенасы, тамақтану және ауыз қуысын күту бойынша басқа шаралар туралы ақпараттандыру;
- стоматолог-гигиенистерге, фельдшер-стоматологтарға және басқа қызметкерлерге басшылық ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Стоматолог дәрігер (ересектер бойынша)

Стоматолог дәрігер (балалар)

Ескертпелер

Аталмыш бастауыш топқа қосылған қызметтер әдетте теориялық және практикалық стоматология саласындағы немесе тектес салалардағы жоғары білімнің болуын талап етеді.

2262 Фармацевтика, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы кәсіби мамандар

Фармацевтика, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы кәсіби мамандар дәрілік препараттарды сақтауды, консервациялауды, дайындауды және дозалауды және дәрігерлер мен денсаулық сақтау саласындағы басқа кәсіби мамандар берген рецептер негізінде дәрілік заттарды тиісінше пайдалану және қолданудың жағымсыз құбылыстары туралы консультация беруді жүзеге асырады. Олар адам денсаулығын жақсарту мақсатында медикаментоздық емдеуді зерттеу, сынау, дайындау, тағайындау және бақылау кезінде жәрдем көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- дәрігерлерден және денсаулық сақтау саласындағы басқа кәсіби мамандардан рецепті алу, пациенттердің ауру тарихын тексеру және тиісті дозасын және енгізу тәсілдерін, сондай-ақ дозалау алдында препараттардың үйлесімділігін қамтамасыз ету;
- сұйық дәрілік заттарды, жақпа майларды, ұнтақтарды, таблеткаларды және басқа медикаменттерді рецептерге сәйкес дайындау немесе дайындауды қадағалау;
- дәрілердің өзара әрекеттесуі, үйлесімсіздік және қарсы көрсетілімдер, жанама әсерлер, дәрілік заттарды дозалау және тиісінше сақтау мәселелері жөнінде дәрігерлерді және клиенттерді ақпараттандыру және консультация беру;
- денсаулық сақтау саласындағы басқа кәсіби мамандармен жекелеген пациенттердің медикаментоздық терапиясының сапасын мен тиімділігін, сондай-ақ жекелеген препараттардың немесе терапиялардың тиімділігін жоспарлау, бақылау, шолу және бағалау мақсатында ынтымақтасу;
- рецептілерді тіркеу журналдарын жүргізу және есірткі, уытты және үйренуді тудыратын дәрілерді беруді заңнамалық және кәсіптік талаптарға сәйкес тіркеу;
- вакциналарды, сарысуларды және қасиеттерінің нашарлауына ұшыраған басқа медикаменттерді сақтау және консервациялау;
- клиенттерге консультация беру және оларға кеңінен таралған ауруларды емдеу үшін рецептурасыз препараттар мен диагностикалық және терапевтік заттарды беру;
- фармокология саласындағы техник мамандардың, интерн-фармокологтардың және дәріхана сатушыларының жұмысын қадағалау және үйлестіру;
- фармацевтикалық, косметикалық және тектес химиялық тауарларды әзірлеу және жақсарту мақсатында зерттеу жұмысын жүргізу;
- техника саласындағы химиктермен, кәсіби мамандармен және өндіріс технологиялары мен ингредиенттері мәселелері жөніндегі басқа кәсібилермен консультациялар;
- көзделген стандарттарға сәйкес дәрілік препараттардың бірегейлігін, тазалығын және тиімділігін айқындау үшін дәрілік препараттарды сынақтан өткізу және талдау;
- дәрілік заттардың маркировкасын, қаптамасын және жарнамасын бағалау;
- ақпарат дайындау және белгілі дәрілік заттармен байланысты қатерлерді айқындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Клиникалық фармацевт (провизор)

Фармацевт (провизор)-технолог

Жалпы фармацевтикалық практика фармацевті (провизор)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Фармаколог – 2131

Фармацевт (орта біліктіліктегі)– 3213

2269 Б.т.к. денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар

Бұл бастауыш топ *22 Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар* кіші тобының басқа топтарына кірмейтін денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандар қамтиды. Мысалға, олар санитарлық-эпидемиологиялық қызметте жұмыс жасайды, аурулардың таралуының профилактикасы және онымен күреске арналған бағдарламаларды әзірлейді.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- заң және кәсіптік талаптарға сәйкес, мемлекеттік органдарды туу, өлу немесе тіркеуге жататын аурулар туралы ескерту;
- инфекциялық ауруларға, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне, ағынды сулар мен кәдеге жарату жүйелерін тазалауға, рекреациялық және тұрмыстық сулардың сапасына, ластанған және қауіпті заттарға қатысты бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыру;
- қауіпті факторлады анықтау, олар жөнінде хабарлау және тіркеу, сондай-ақ қоршаған ортаға байланысты және жұмыс орындарындағы қатерлерді бағалау және бақылау, сондай-ақ қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілердің сақталуы мәселелері бойынша консультация беру;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қоғамдық денсаулық сақтау дәрігері

Радиациялық гигиена дәрігері

Дәрігер-бактериолог

Ғылыми қызметкер (медицина саласындағы)

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет маманы-биолог

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Білім беру саласындағы кәсіби мамандар бір немесе бірнеше пәндер бойынша әртүрлі білім беру деңгейінде теория мен практиканы оқытады; зерттеулер жүргізеді; пәндеріне қатысы бар тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жақсартады және дамытады; оқу құралдарын және оқулықтарды дайындайды. Осы кіші топқа қосылған көптеген кәсіптердің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: білім беру және кәсіптік мақсатта білім берудің қандайда бір деңгейінде жеке сабақтарды қоса алғанда, сабақтар, курстар өткізуді және тәлімгерлікті; ересектер бойынша ді сауаттылыққа үйрету бағдарламаларын іске асыруды; оқуда қиындықтары бар адамдарды немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқытуды; оқу бағдарламаларын жасау мен өзгертуді; оқыту әдістері және оқу құралдары бойынша тексеру мен консультацияларды; мектептерде және университеттерде оқытуды ұйымдастырумен және сәйкес қызметпен байланысты шешімдер қабылдауға қатысуды; өнеркәсіптік және басқа салаларда қолдану үшін тұжырымдарды, теорияларды немесе әдістерді жетілдіру немесе дамыту мақсатында сәйкес пәндер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді; оқулықтарды және оқу құралдарын дайындауды; мамандығы шеңберінде қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында жұмыскерлерді, оның ішінде жұмыс орнында оқыту мен бағалауды қамтиды. Міндеттері басқа қызметкерлерге басшылық етуді қамтуы мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 231 Университеттер мен басқа жоғарғы оқу ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы (1)**
- 232 Университеттер мен басқа жоғарғы оқу ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы (2)**
- 233 Колледждер және техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері (1)**
- 234 Колледждер және техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері (2)**
- 235 Орта мектеп мұғалімдері**
- 236 Бастауыш мектептегі мұғалімдер және мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер**
- 237 Білім беру саласындағы басқа кәсіби мамандар**

Ескертпелер

Кәсіптердің белгілі түрлеріне студенттерді жұмысқа орналастыруға дайындауға арналған арнайы пәндерден сабақ беретін адамдарды жалпы білім беретін мектепте немесе колледжде жұмыс істейтініне қарамастан *233 және 234 Колледждер және техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері* шағын топтарына жатқызады. Орта білім жүйесінде математика сияқты пәндерді оқытатын, мақсаты кәсіптердің белгілі түрлері бойынша студенттерді жұмысқа орналастыруға дайындау болып табылмайтын адамдарды, олар колледжде жұмыс істесе де *2350 Орта мектеп мұғалімдері* шағын тобына жатқызады.

231-232-КІШІ ТОПТАР**УНИВЕРСИТЕТТЕР МЕН БАСҚА ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ (1)**

Университеттер мен басқа жоғарғы оқу ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы дәрістерді дайындайды және оқиды, университетте немесе жоғары білім берудің басқа ұйымында оқытудың белгіленген курсының шеңберінде бір немесе бірнеше пәндер бойынша сабақ өткізеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: оқу бағдарламаларын жасау мен өзгертуді және талаптарға сәйкес оқу курстарын дайындауды; дәрістерді дайындау мен оқуды және оқу сабақтарын, семинарлар мен зертханалық жұмыстарды өткізуді; студенттерді дискуссияларға және тәуелсіз ойлануға тартуды; студенттердің эксперименттік және практикалық жұмысын бақылауды; есептер дайындауды және студенттердің үлгерім табелі, қатысу табелі сияқты құжаттарды және оқу процесінің сипаттамаларын жүгізуді; бақылау жұмыстарын және емтихандарды өткізу, тексеру және бағалауды; студенттің ғылыми зерттеулеріне басшылық етуді; өнеркәсіптік және басқа салаларда қолдануға арналған, олардың мамандығына байланысты тұжырымдарды, теорияларды немесе әдістерді дамытуды және ғылыми зерттеулер жүргізуді; оқу басылымдарын, құралдарын және мақалаларды дайындауды; кафедра және факультет мәжілістеріне, сондай-ақ конференциялар мен семинарларға қатысуды қамтиды.

Аталған шағын топтардың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2311 Білім саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2312 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2313 Құқық саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2314 Өнер саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2315 Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2316 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2317 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2318 Техникалық ғылымдар және технология саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2321 Ауыл шаруашылығы ғылымдары саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2322 Ветеринария саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2323 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**

ҚР МЖ 01-2017

- 2324 Қызмет ету саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2325 Әскери іс және қауіпсіздік саласындағы университеттер мен басқа ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы**
- 2329 Б.т.к. басқа салалардағы университеттер мен басқа ЖОО-ның басқа профессорлық-оқытушылық құрамы**

2311-2329 Университеттер мен басқа ЖОО-лардың профессорлық-оқытушылық құрамы¹

2311-2329 Университеттер мен басқа ЖОО-лардың профессорлық-оқытушылық құрамы бастауыш топтарының сипаттамасы олардың жұмысының сипаттамасы мен орындайтын міндеттері оқытылатын пәндерге байланыссыз негізінен біртекті болып келетініне байланысты біріктірілген.

Университеттер мен басқа ЖОО-лардың профессорлық-оқытушылық құрамы дәрістерді дайындайды және оқиды, университетте немесе жоғары білім берудің басқа ұйымында белгіленген оқыту курсының шеңберінде бір немесе бірнеше пәндер бойынша сабақ өткізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқу бағдарламаларын әзірлеу және өзгерту және талаптарға сәйкес оқытылатын пәндер бойынша оқу курстарын дайындау;
- дәрістерді дайындау және оқу және оқу сабақтарын, семинарларды және зертханалық жұмыстарды өткізу;
- студенттерді дискуссияларға және тәуелсіз ойлануға тарту;
- студенттердің эксперименттік және практикалық жұмысын бақылау;
- есептер дайындау және студенттердің үлгерім табелі, қатысу табелі сияқты құжаттарды және оқу процесінің сипаттамаларын жүгізу;
- бақылау жұмыстарын және емтихандарды өткізу, тексеру және бағалау;
- студенттің ғылыми зерттеулеріне басшылық ету;
- өнеркәсіптік және басқа салаларда қолдануға арналған, олардың мамандығына байланысты тұжырымдарды, теорияларды немесе әдістерді дамыту және ғылыми зерттеулер жүргізу;
- пән бойынша оқу басылымдарын, құралдарын және мақалаларды дайындау;
- кафедра және факультет мәжілістеріне, сондай-ақ конференцияларға және семинарларға қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Оқытушы, доцент, жаратылыстану профессоры, ЖОО

Оқытушы, доцент, ақпараттық жүйелер профессоры, ЖОО

Оқытушы, доцент, тарих профессоры, ЖОО

Оқытушы, доцент, менеджмент профессоры, ЖОО

Оқытушы, доцент, химия профессоры, ЖОО

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ректор (проректор) – 1210

Факультет деканы – 1345

Ескертпелер

Университеттердің және басқа ЖОО-лардың дінтану және дене шынықтыру саласындағы оқытушылары осы бастауыш топтарға қосылмаған, олар 2372 *Теология, дін және дінтану оқытушысы және 3422 Спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және білім беру ұйымдарындағыларды қоса алғанда, спорт қызметшілері* топтарында көрсетілген.

¹ білім беру, гуманитарлық ғылымдар, құқық, өнер, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, техникалық ғылымдар және технологиялар, ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), қызмет көрсету, соғыс ісі және қауіпсіздігі салаларында, басқа салаларда.

**КОЛЛЕДЖДЕР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ
БАСҚА ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ**

Колледждер және техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері колледждерде және басқа техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кәсіптік немесе арнайы пәндер бойынша теориялық сабақтар мен өндірістік оқытуды дайындайды және өткізеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: оқу бағдарламаларын әзірлеу мен курстың мазмұнын және оқыту әдістерін жоспарауды; оқушылардың оқу қажеттіліктерін айқындауды және білім беру мен даярлау бағдарламаларының тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жекелеген адамдармен, өнеркәсіп салаларымен және білім берудің басқа секторларымен байланыста болуды; студенттердің білім және дағдыларын деңгейін арттыру үшін дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізу; студенттерді құрал-саймандарды, жабдықты және материалдарды пайдалануға үйретуді және оларды қолданудың дұрыстығын және қауіпсіздігін қадағалауды, сондай-ақ жарақаттар мен зақымдардың профилактикасын; студенттер даярлық деңгейін анықтау, кері байланысты жүзеге асыру және олардың даярлық деңгейін арттыру туралы ұсыныстар енгізу үшін студенттердің жұмысын бақылау мен бағалауды; білім деңгейін анықтау, оқыту тиімділігін және біліктіліктің жалпы деңгейін бағалау үшін ауызша, жазбаша немесе өндірістік сынақтар өткізуді; есептер дайындауды және студенттердің үлгерім табелі, қатысу табелі сияқты құжаттарды және оқу үдерісінің сипаттамаларын жүгізуді; жеке немесе топтық жобаларды, жұмыс орнындағы практиканы, зертханалық жұмыстарды немесе даярлаудың басқа нысандарын бақылауды; жеке, тәлімгерлік даярлауды немесе түзету курстарын қамтамасыз етуді; жекелеген пәндерді оқу қағидаттарын, әдістемелерін, рәсімдерін немесе әдістерін оқыту және көрсету үшін оқу курстарын өндірістен қол үзбей өткізуді; пән бойынша оқу басылымдарын, құралдарды және мақалаларды дайындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2331 Білім беру саласындағы колледждер мен басқа ТжКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері**
- 2332 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы колледждер мен басқа ТжКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері**
- 2333 Құқық саласындағы колледждер мен басқа ТжКБ инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері**
- 2334 Өнер саласындағы колледждер мен басқа ТжКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері**
- 2335 Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы колледждер мен басқа ТжКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері**
- 2336 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика саласындағы колледждер мен басқа ТжКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері**

- 2337 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы колледждер мен басқа техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2338 Техника ғылымдары және технология салаларындағы колледждер мен басқа ТЖКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2341 Ауыл шаруашылығы ғылымдары саласындағы колледждер мен басқа техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2342 Ветеринария саласындағы колледждер мен басқа техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2343 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) саласындағы колледждер мен басқа техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2344 Қызмет ету саласындағы колледждер мен басқа ТЖКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2345 Әскери іс және қауіпсіздік саласындағы колледждер мен басқа ТЖКБ ұйымдардың инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері
- 2349 Б.т.к. басқа салалардағы колледждер мен басқа техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың басқа инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері

ҚР МЖ 01-2017

2331-2349 Колледждер және техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері ²

2331-2349 Колледждер және техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық жұмыскерлері бастауыш топтарының сипаттамасы олардың жұмысының сипаты және орындалатын міндеттері оқытылатын пәндерге тәуелсіз негізінен біртекті болуына байланысты біріктірілген.

Колледждер мен техникалық және кәсіптік білім берудің басқа ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлері колледждер мен техникалық және кәсіптік білім берудің басқа да ұйымдарында кәсіптік немесе арнайы пәндер бойынша теориялық сабақтарды және өндірістік оқытуды өткізеді .

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқу бағдарламаларын әзірлеу мен курстың мазмұнын және оқыту әдістерін жоспарлау;
- студенттер мен оқып жүрген жұмыскерлердің оқу қажеттіліктерін айқындау және білім беру мен даярлау бағдарламаларының тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жекелеген адамдармен, өнеркәсіп салаларымен және білім берудің басқа секторларымен байланыста болу;
- студенттердің білім және дағдыларын деңгейін арттыру үшін дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізу;
- студенттерді құрал-саймандарды, жабдықты және материалдарды пайдалануға үйрету және оларды қолданудың дұрыстығын және қауіпсіздігін қадағалау, сондай-ақ жаракаттар мен зақымдардың профилактикасы;
- студенттердің даярлық деңгейін анықтау, кері байланысты жүзеге асыру және олардың даярлық деңгейін арттыру туралы ұсыныстар енгізу үшін студенттердің жұмысын бақылау және бағалау;
- білім деңгейін анықтау, оқыту тиімділігін және біліктіліктің жалпы деңгейін бағалау үшін ауызша, жазбаша немесе өндірістік сынақтар өткізу;
- есептер дайындау және студенттердің үлгерім табелі, қатысу табелі сияқты құжаттарды және оқу үдерісінің сипаттамаларын жүгізу;
- жеке немесе топтық жобаларды, жұмыс орнындағы практиканы, зертханалық жұмыстарды немесе даярлаудың басқа нысандарын бақылау;
- жеке, тәлімгерлік даярлауды немесе түзету курстарын қамтамасыз ету;
- жекелеген пәндерді оқу қағидағтарын, әдістемелерін, рәсімдерін немесе әдістерін оқыту және көрсету үшін оқу курстарын өндірістен қол үзбей өткізу;
- пән бойынша оқу басылымдарын, құралдарды және мақалаларды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Маркшейдерлік іс жөніндегі оқытушы, колледж

Электр станцияларының электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі оқытушы, колледж

Өндірістік оқыту мастери, техник (барлық атаудағы), колледж

² білім беру, гуманитарлық ғылымдар, құқық, өнер, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, техникалық ғылымдар және технологиялар, ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), қызмет көрсету, соғыс ісі және қауіпсіздігі салаларында, басқа салаларда

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мектеп (гимназия және лицей) директоры – 1345

Практика (өндірістік, оқу) меңгерушісі – 1345

Орта мектеп мұғалімі (өзге сабақтар), орта мектеп – 2350

Қауіпсіз жұмыс әдістері жөніндегі инструктор – 2375

Ескертпелер

Колледждердің дінтану және дене шынықтыру саласындағы оқытушылары осы бастауыш топтарға қосылмаған, олар *2372 Теология, дін және дінтану оқытушысы* және *3422 Спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және білім беру ұйымдарындағыларды қоса алғанда, спорт қызметшілері* тобында көрсетілген.

ҚР МЖ 01-2017
235-ШАҒЫН ТОП

ОРТА МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІ

Орта мектеп мұғалімдері оқушыларды кәсіптердің белгілі бір түрлері бойынша жұмысқа орналасуға дайындау үшін практикалық оқытуға бағытталған пәндерді қоспағанда, негізгі және жалпы орта білім жүйесінде бір немесе бірнеше пәнді оқытады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарға сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеуді және оқу курстарын дайындауды; оқушылардың арасында тәртіпті ұстап тұру үшін жүріс-тұрыс ережелері мен рәсімдерін айқындауды және мәжбүрлі қолдануды; бір немесе бірнеше пән бойынша сабақтарды, талқылауларды және тәжірибелерді дайындау мен өткізуді; барлық сабақтар, тақырыптар және жобалар үшін айқын мақсаттар қоюды, сондай-ақ оқушыларға осы мақсаттар туралы хабарлауды; сынып сағаттарына материалдарды және сыныптарды дайындауды; оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне және мүдделеріне сәйкес оқыту әдістерін және оқу материалдарын қолдануды; оқушылардың үлгерімі мен жүріс-тұрысын бақылау мен бағалауды; тестілерді дайындау, жүргізу және бағалауды; оқушылардың үлгерімін бағалау үшін бақылау жұмыстарын және емтихандарды өткізуді; оқушылар жұмысы туралы есептер дайындауды және басқа оқытушылармен және ата-аналармен консультациялар өткізуді; мектептегі білім немесе жұмысты ұйымдастыру мәселелеріне арналған жиналыстарға қатысуды; экскурсиялар, спорттық жарыстар және концерттер сияқты мектеп іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және қатысуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2350 Орта мектеп мұғалімдері

2350 Орта мектеп мұғалімдері

Орта мектеп мұғалімдері оқушыларды кәсіптердің белгілі түрлері бойынша жұмысқа орналасуға дайындау үшін практикалық оқытуға бағытталған пәндерді қоспағанда, негізгі және жалпы орта білім жүйесінде бір немесе бірнеше пәндерді береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарға сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқу курстарын дайындау;
- оқушылардың арасында тәртіпті ұстап тұру үшін жүріс-тұрыс ережелері мен рәсімдерін айқындауды және мәжбүрлі қолдантуды;
- бір немесе бірнеше пән бойынша сабақтарды, талқылауларды және тәжірибелерді дайындау мен өткізу;
- барлық сабақтар, тақырыптар және жобалар үшін айқын мақсаттар қою, сондай-ақ оқушыларға осы мақсаттар туралы хабарлау;
- сынып сағаттарына материалдарды және сыныптарды дайындау;
- оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне және мүдделеріне сәйкес оқыту әдістерін және оқу материалдарын қолдану;
- оқушылардың үлгерімі мен жүріс-тұрысын бақылау мен бағалау;
- тестілерді дайындау, жүргізу және бағалау, оқушылардың үлгерімін бағалау үшін бақылау жұмыстарын және емтихандарды өткізу;
- оқушылар жұмысы туралы есептер дайындау және басқа оқытушылармен және ата-аналармен консультациялар өткізу;
- мектептегі білім немесе жұмысты ұйымдастыру мәселелеріне арналған жиналыстарға қатысу;
- экскурсиялар, спорттық жарыстар және концерттер сияқты мектеп іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

География мұғалімі, орта мектеп

Математика мұғалімі (алгебра және геометрия), орта мектеп

Тарих мұғалімі, орта мектеп

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Оқу бөлімінің директоры (бастығы) – 1345

Мектеп (гимназия және лицей) директоры – 1345

Білім саласындағы оқытушы, доцент, профессор, ЖОО – 2311

Математика оқытушысы, колледж – 2336

Әдіскер (жалпы бейін) – 2371

Қосымша білім оқытушылары – 2373

Ескертпелер

Дінтану және дене саласындағы мектеп мұғалімдері осы бастауыш топтарға қосылмаған, олар 2372 *Теология, дін және дінтану оқытушысы және 3422 Спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және білім беру ұйымдарындағыларды қоса алғанда, спорт қызметшілері* тобында көрсетілген.

ҚР МЖ 01-2017

236-ШАҒЫН ТОП

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӘРБИЕШІЛЕР

Бастауыш мектептегі мұғалімдер және мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер білім берудің бастауыш деңгейінде бірқатар пәндерден сабақ береді және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін білім беру қызметін ұйымдастырады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: оқу бағдарламаларын дайындауды және білім берудің бастапқы деңгейінде оқытылатын бірқатар пәндерді оқытуды, балалардың сөйлеу дағдыларын, физикалық және әлеуметтік дағдыларды игеруін жеңілдетуге арналған қызметті жоспарлау және ұйымдастыруды; игерудің қол жеткізілген нәтижелерін талдау және бағалауды; есептерді дайындауды қамтиды. Міндеттер басқа қызметкерлерге басшылық етуді қамтуы мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2361 Бастауыш мектептің мұғалімдері

2362 Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер

2361 Бастауыш мектеп мұғалімдері

Бастауыш мектеп мұғалімдері бастапқы білім деңгейінде пәндер кешенін оқытады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқу бағдарламаларына қойлатын талаптарға сәйкес күнделікті сабақ жоспарларын және ұзақ мерзімді жоспарларды дайындау;
- балалардың түрлі қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі оқыту әдістерін және материалдарды (мысалы, компьютерлер, кітаптар, ойындар) пайдалану арқылы балаларды жеке және топтарда оқыту;
- сыныпта тәртіпті және жұмыстық ахуалды ұстап тұру;
- спорттық іс-шаралар, концерттер және экскурсиялар сияқты балалардың қатысуымен өтетін іс-шараларды жоспарлау және өткізу;
- сынып және үй тапсырмасын беру және бағалау;
- балалардың үлгерімін бағалау үшін тестерді және бақылау жұмыстарын дайындау, өткізу және бағалау;
- балалардың үлгерімін және жүріс-тұрысын бақылау және бағалау;
- сабақ кезінде және мектеп күні бойы басқа уақытта, оның ішінде қоңыраулар кезінде ойын алаңында балаларға қарау;
- мектеп персоналының жиналыстарына және басқа мәжілістерге қатысу, сондай-ақ басқа мұғалімдермен оқу мәселелері жөнінде консультациялар өткізу;
- балалар үлгерімін және проблемаларды талқылау үшін ата-аналар жиналысын дайындау және жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бастауыш сынып мұғалімі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мектеп директоры (гимназия және лицей) – 1345

Балалар шығармашылығы орталығының жетекшісі – 1345

2362 Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер

Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер міндетті және ойын қызметін мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік, физикалық және ақыл-ойын дамыту мақсатында ұйымдастырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- балаларда қозғалыс дағдыларын, бірлескен қызмет дағдыларын және әлеуметтік дағдыларын, өзіне деген сенімділігін және өзара түсіністікті дамытуды ынталандыруға бағытталған жеке және ұжымдық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру;
- оқиғаларды айтып беру, рөлдік ойындар, ән айту, өлеңдер және бейресми әңгімелесулер көмегімен сөйлеу дағдыларын дамытуды ынталандыру;
- балалармен бейнелеу өнері, рөлдік ойындар, музыка және дене жаттығуларының көмегімен шығармашылық қабілетін көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін сабақтар өткізу;

ҚР МЖ 01-2017

- балалардың дамуын бағалау мен дамумен байланысты проблемаларын, эмоциялық проблемаларын немесе денсаулығына байланысты проблемаларын анықтау үшін балаларды бақылау;
- балалардың тамақтану режимін, психологиялық және физикалық күйін және қауіпсіздігін бақылау мен бағалау және олардың дамуына кедергі болуы мүмкін факторларды анықтау;
- ата-анасымен және басқа персоналмен балалардың жетістіктерін немесе проблемаларын талқылау, сондай-ақ тиісті шараларды айқындау және сәйкес қызметтерге жіберу;
- кішкентай балалармен жұмыс істейтін басқа қызметтермен жұмыс қарым-қатынас орнату және оны ұстап тұру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тәрбиеші

Оқытушы (мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жүйесінде)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Балаларды қарау және күту жөніндегі қызметтің директоры – 1341

Білім саласындағы оқытушы, доцент, профессор, ЖОО - 2311

Бала күтуші – 5311

Балаларды күту жөніндегі қызметкерлер - 5311

237-ШАҒЫН ТОП**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ДА КӘСІБИ МАМАНДАР**

Білім беру саласындағы басқа да кәсіби мамандар оқыту әдістері жөнінде зерттеулер жүргізеді және консультация береді; оқуда қиындықтары бар адамдарды немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқытады; шетелге шығу және осыған ұқсас мақсаттарда курстарда шет тілдерін оқытады; жеке сабақтар береді; өнерге, компьютерлік сауаттылыққа және бастауыш, орта және жоғары білім білімнің негізгі бағдарламасының шеңберінен тыс басқа пәндерді оқытады; *23 Білім беру саласындағы кәсіби мамандар* кіші тобының басқа бастауыш топтарға жатқызылмаған басқа оқытушылық қызметтерді көрсетеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: оқыту әдістерін, курстарын және оқу құралдарын әзірлеуді, зерттеулер жүргізуді немесе олар бойынша консультация беруді; физикалық толық дамымаған балаларды, жастарды немесе ересектер бойынша, сондай-ақ оқытуда қиындықтары бар адамдарды немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқытуды; шетелге шығу мақсатында шет тілдерін оқытуды; студенттерді практикаға, теорияға және музыканы орындауға, актерлік мастерлікке, биге, бейнелеу және басқа өнерге үйретуді; дамытуды, кестелер жасауды және ақпараттық технологиялар бойынша оқу бағдарламалары мен курстарын өткізуді; мамандығы аясында қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында қызметкерлерді, оның ішінде жұмыс орындарында оқыту мен бағалауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2371 Оқыту әдістемесі жөніндегі кәсіби мамандар**
- 2372 Теология, дін және дінтану оқытушысы**
- 2373 Қосымша білім беру оқытушысы**
- 2374 Арнайы білім беру саласындағы оқытушылар**
- 2375 Қысқа мерзімді даярлау (тренингтер), қайта даярлау және біліктілікті арттырудың кәсіби мамандары**
- 2379 Б.т.к. білім беру саласындағы кәсіби мамандар**

ҚР МЖ 01-2017

2371 Оқыту әдістемесі жөніндегі кәсіби мамандар

Оқыту әдістемесі жөніндегі кәсіби мамандар оқыту әдістемесі, оқу курстары және құралдары бойынша зерттеулер жүргізеді, оларды әзірлейді немесе консультациялар береді. Олар оқытушылардың, білім мекемелерінің жұмысын және қол жеткізген нәтижелерін тексереді, тиісті өзгерістер мен жақсартуларды ұсынады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқу бағдарламасына ағымдағы толықтырулар, оқыту әдістемелері және оқу процесінің басқа аспектілері бойынша зерттеу жұмысын жүргізу, сондай-ақ қажетті өзгерістер мен мүмкін жақсартулар бойынша консультация беру;
- оқу курстарының мазмұны және емтихан өткізу әдістері бағалау және олар бойынша консультация беру;
- аудиовизуалдық және басқа оқу құралдары бойынша зерттеулер жүргізу, оларды оқу мекемелерінде пайдалану бойынша консультация беру, жоспарлау және ұйымдастыру;
- әзірленген пәндерді және курстарды құжаттау, сондай-ақ жаңа оқу курстарын бағалау;
- оқытушыларға біліктілікті арттыру, даярлау және консультациялық қызметтерді қамтамасыз ету;
- оқытушыларды жаңа бағдарламаларға және әдістерге оқытуға арналған семинарларды және конференцияларды ұйымдастыру және жүргізу;
- жаңа оқу курстарының және бағдарламаларының құрылымын, мазмұнын және мақсаттарын әзірлеу;
- мектептерді кезеңдік инспекциялау және әкімшілікпен және оқытушылар құрамымен оқу бағдарламасына, оқыту әдістемесіне, мектеп жабдықтарына байланысты мәселелерді және басқа мәселелерді талқылау;
- оқыту әдістемесімен танысу үшін және мұғалімнің сабақты өткізуін және қол жеткізілген академиялық нәтижелерді бағалау үшін сынып сабақтарына қатысу;
- мектеп басшылығы үшін оқу жоспарына, оқыту әдістемесіне мүмкін өзгерістер мен толықтырулар туралы және басқа мәселелер жөнінде есептер мен ұсынымдар дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Мектеп инспекторы (гимназиялар, лицейлер, техникумдар, колледждер)

Кәсіби бағдарламалар жөніндегі әдіскер

Жалпы білім беру бағдарламаларын әзірлеуші

Оқытудың техникалық құралдары жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жұмыс орнында оқыту жөніндегі курстарды әзірлеуші – 2375

Білім беру мәселелері жөніндегі консультант – 2379

Кәсіби қызмет мәселелері жөніндегі консультант – 2379

Ескертпелер

Жалпы білім беру бағдарламаларын және кәсіптік бағдарламаларды бір мезгілде әзірлеп, бағалайтын кәсіби мамандар уәсіптік бағдарламалар бойынша топта ескерілуге тиіс.

2372 Теология, дін және дінтану оқытушысы

Теология, дін және дінтану оқытушысы жоғары оқу орындарындағы, колледждердегі, мектептердегі және басқа білім беру ұйымдарының оқушылары үшін қолданыста болған және қолданыстағы діндерді зерттеу және талдау, дінді оқыту тарихы, діни өмір түрлері, діни, мәдени және ғылыми қызмет және білім беру жөнінде сабақ өткізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- теология, дін және дінтану бойынша оқу курстарын дайындау;
- теология, дін және дінтану бойынша дәрістер дайындау және оқу және оқу сабақтарын өткізу;
- теология, дін және дінтану бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге қатысу;
- студенттердің эксперименттік және практикалық жұмысын бақылау;
- есептер дайындау және оқушылардың үйлерім табельдері, қатысу табельдері және оқу процесінің сипаттамалары сияқты құжаттарды жүргізу;
- бақылау жұмыстарын және емтихандарды өткізу, тексеру және бағалау;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға және басшылық етуге қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Теология оқытушысы

Дін және дінтану оқытушысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Оқытушы, доцент, мәдениеттану профессоры, ЖОО – 2312

2373 Қосымша білім беру оқытушысы

Қосымша білім беру оқытушысы бастауыш, орта және жоғары білім жүйесінен тыс халықтың әртүрлі топтарының мүдделеріне және сұранысына сай оқу бағдарламаларын әзірлейді және балаларға және ересек тыңдармандармен сабақ өткізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- балалар техникалық, көркемөнер, музыкалық, спорттық, туристтік-өлкетанымдық және басқа клубтардың, үйімелердің, секциялардың және басқа әуесқой бірлестіктердің жұмысын ұйымдастыру;
- үйірме, секция, студия, клубтық және басқа балалар бірлестіктері оқушыларының, тәрбиеленушілерінің құрамын жинақтау және оқыту мерзімі ішінде оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін сақтау бойынша шаралар қабылдау;
- жұмыс жоспарлары мен кестелерін әзірлеу және оқу сабақтарын өткізу, бағдарламаны меңгеруді бақылау, дамыту және оқу қызметінде көмек көрсету;
- балалардың ынтасын, танымдық қызығушылықтарын, қабілеттерін дамыту; каникул демалыстарын ұйымдастыру;
- кештерді, мерекелерді, сапарларды, экскурсияларды ұйымдастыру; балалардың және ересектер бойынша бос уақыты және ойын-сауығы саласында олардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;
- ересектер бойынша арналған клубтарда қызығушылықтары бойынша (тоқу, гүл өсіру, бисермен тоқу және басқалары) оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бал билерін оқытушысы, қосымша білім
Музыка мектебінің оқытушысы
Шет тілі оқытушысы, қосымша білім

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Оқытушы, доцент, профессоры-өнертанушы, ЖОО - 2314
Оқытушы, доцент, профессоры-музыкатанушы, ЖОО - 2314
Халықтық-сахналық би педагогі, колледж - 2332
Би инструкторы - 5170
Тоқу жөніндегі инструкторы - 5170

Ескертпелер

Қосымша біліммен байланысты, бірақ дағдылардың жоғары деңгейін талап етпейтін сабақтар *517 Арнайы даярлық жөніндегі инструкторлар* шағын тобына жатқызылады. Мысалы, шығыс билері жөніндегі инструктор, картинг жөніндегі инструктор, тоқу жөніндегі инструктор және басқалары.

2374 Арнайы білім беру саласындағы оқытушылар

Арнайы білім беру саласындағы оқытушылар балаларды, жасөспірімдерді немесе мүмкіндіктері шектеулі ересектер бойыншаді немесе оқытуда қиындықтары бар адамдарды немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқытады. Олар студенттерінің әлеуметтік, эмоционалдық, ақыл-ой және физикалық дамуына жәрдемдеседі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- студенттердің ақыл-ой, физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық бұзушылықтарына, ерекше ақыл-ой қабілеттеріне және басқа ерекше жағдайларға қатысты мүмкіндіктерін және шектеулерін бағалау;
- оқу бағдарламаларын әзірлеу немесе өзгерту, студенттердің мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген бағдарламаларды, сабақтарды және іс-шараларды дайындау және жүргізу;
- студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес арнайы әдістемелерді немесе құралдарды қолдануға жеке немесе ұжымдық негізде оқыту;
- оқыту барысында сенсорлық және есту-қозғалыс функцияларын, сөйлеуді, танымдық қабілетін және жадын ынталандыру үшін арнайы оқу стратегияларын және әдістемелерін қолдану;
- студенттердің арасында тәртіптің сақталуы үшін жүріс-тұрыстың белгіленген қағидаларын, саясаттарын және рәсімдерін анықтау және мәжбүрлі қолданту;
- есту қабілеті, көру қабілеті бұзылған және басқа бұзушылықтары бар студенттерге академиялық пәндерді, практикалық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын оқыту;
- студенттердың өзіне деген сенімділігін, қызығушылықтарын, қабілеттерін, дағдыларын және қозғалыс координациясын ынталандыру және дамыту ынталандыру;
- ерекше қажеттіліктері бар студенттерге арналған сабақтардың жоспарлары мен кестелерін жасау үшін басқа штаттық қызметкерлермен консультациялар өткізу;
- студенттердің құжаттамасын және басқа құжаттарды дайындау және жүргізу, сондай-ақ есептерді ұсыну;
- бағалаудың әртүрлі нысандарын қолдану және әрбір студенттің жетістіктерін бағалау;

- студенттерді дамытуға арналған даярлаудың жеке бағдарламаларын әзірлеу мақсатында студенттерді күтуге белсенді қатысатын студенттермен, ата-аналармен, оқу бөлімдерінің меңгерушілерімен және басқа тиісті мамандармен тілдесу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Олигофренопедагог

Сурдопедагог

Тифлопедагог

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Орта мектеп мұғалімі – 2350

Бастауыш мектеп мұғалімі – 2361

2375 Қысқа мерзімді даярлау (тренингтер), қайта даярлау және біліктілікті арттырудың кәсіби мамандары

Қысқа мерзімді даярлау (тренингтер), қайта даярлау және біліктілікті арттырудың кәсіби мамандары мамандағы шеңберінде, мысалы педагогикалық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында қатысушыларды, оның ішінде жұмыс орнында оқыту мен бағалауды жүргізеді. Олар сондай-ақ оқу орындарының білім алушыларының өндірістік практикадан өтуін қамтамасыз етеді және оларға бақылауды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметкерлерді қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға арналған курс бағдарламасын мен оқу-тақырыптық жоспарды әзірлеу;
- қызметкерлер үшін теориялық және практикалық сабақтар өткізу;
- практиканттар мен жас жұмысшылардың қауіпсіз жұмыс жағдайларының қамтамасыз етілуін және жұмыс орындарының жұмысты орындау үшін қажеттінің барлығымен қамтамасыз етілуін бақылау;
- барлық жаңадан қабылданған қызметкерлерге кіріспе нұсқау, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою үшін жұмысшыларға қосымша нұсқау өткізу;
- жұмыскерлерді аттестаттау мен талдауды және олардың кәсіби деңгейін бақылаудың басқа нысандарын жүргізу.
- өзіндік жұмысқа рұқсатты ресімдеу үшін оқытуға қатысушылардың кәсіптік жарамдылығы туралы қорытындылар беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі инструктор

Тренажер инструкторы

Оқытушы (тренингтер, қайта даярлау және біліктілікті арттыру)

Жаттықтырушы (тренингтер, қайта дайындау және біліктілікті арттыру)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өндірістік оқыту мастері, техник (барлық атаудағы), колледж – 2331

Кадрларды даярлау жөніндегі маман – 2423

Қызметкерлерді дамыту жөніндегі маман – 2323

ҚР МЖ 01-2017

Ескертпелер

Сонымен қатар басқа кәсіптерге тән міндеттерді орындайтын, қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласындағы кәсіби мамандар, мысалы, ұшқыш-инструктор, штурман-инструктор, егер оқыту жұмыстан басым болмаса, мұндай жұмысқа тән негізгі міндеттер мен тапсырмаларға сәйкес ескеріледі.

2379 Б.т.к. білім беру саласындағы кәсіби мамандар

Бұл бастауыш топ *23 Білім беру саласындағы кәсіби мамандар* кіші тобының басқа топтарына кірмейтін білім беру саласындағы кәсіби мамандарды қамтиды. Мысалы, бұл топқа шет тілдері мен көркем өнер түрлерінен ерекше пәндер бойынша жеке оқытумен айналысатын қызметкерлер, сондай-ақ студенттерге білім бері мәселелері бойынша консультация беретін қызметкерлер жатқызылған.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне кіруі мүмкін:

- студенттердің қабілеттілік деңгейін бағалау және оқу мақсаттарын айқындау;
- жекелеген студенттер мен топтар үшін оқыту бағдарламаларын, сабақтарды және семинарларды жоспарлау, дайындау және жүзеге асыру;
- оқытылатын пәннің теориясы туралы материалдар дайындау;
- оқытылатын пәндердің практикалы аспектілерін оқыту және көрсету;
- студенттердің қабілеттілік, қызығушылықтар деңгейіне және икемділігіне сәйкес тапсырмаларды және жұмыстарды бөліп беру;
- студенттерді бағалау және кеңес беру, сын айту және көтермелеу;
- оқу бағдарламаларын, курс мазмұнын, оқу материалдарын және оқыту әдістерін қайта қарау;
- студенттерді емтихандарға және бағалауға дайындау;
- курсты және бағдарламаны таңдау, сабақ кестесі, мектепке бейімделу, сабақтан қалу, мектеп дәстүрлері және мансаптық өсуді жоспарлау сияқты оқу мәселелері бойынша студенттерге консультация беру;
- студенттерге оқу процесіне әсер ететін жеке, әлеуметтік немесе жүріс-тұрыс проблемаларын түсінуге және еңсеруге көмек көрсету мақсатында оларға консультация беру;
- студенттерді одан әрі оқытуға дайындау, оларды оқу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға және күрделі тапсырмаларды табандылықпен орындауға шақыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кәсіби қызмет мәселелері жөніндегі консультант

Білім мәселелері жөніндегі консультант

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Орта мектеп мұғалімі – 2350

Бастауыш мектеп мұғалімі – 2361

Мектептер инспекторы (гимназиялар, лицейлер, техникумдар, колледждер) – 2371

Әдіскер (жалпы бейін) – 2371

Музыка мектебінің оқытушысы - 2373

Шет тілі оқытушысы, қосымша білім – 2373

Мектептің әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы – 2635

24-КІШІ ТОП**БИЗНЕС ЖӘНЕ ӘКІМШІЛЕНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР**

Бизнес және әкімшілендіру саласындағы кәсіби мамандар қаржы мәселелеріне, еңбек ресурстарын дамытуға, қоғаммен байланысқа, техникалық, медициналық салалардағы және ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы маркетингке және өткізуге байланысты көмек көрсету мақсатында талдамалық, концептуалдық және практикалық тапсырмаларды орындайды; ұйымдастырушылық құрылымдарды, әдістерді және жүйелерді талдайды, сонымен қатар инвестициялық бағдарламаларға қатысы бар ақпаратты сандық талдауды жүргізеді. Осы кіші топқа қосылған көптеген кәсіптердің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер, әдетте мыналарды: ұйымдағы сауданың экономикалық орындылығы, бағалық құрауыштары мен тиімділігі туралы ақпаратты жинау, талдау мен түсіндіруді; аудит жүргізуді, қаржылық есептерді дайындауды және ұйымдардың қазынашылық жүйелерін бақылауды; қаржылық жоспарлар мен стратегияларды әзірлеу және талдауды, сатып алу-сату тапсырыстарын орындауды және көп тұтынатын тауарларды сатып алу-сатуға қатысты келіссөздер жүргізуді; персоналды жалдау, даярлау және дамыту бағдарламаларын әзірлеу, жүзеге асыру мен бағалауды; маркетингтік және қоғаммен байланыс саласындағы науқандарды зерттеу, әзірлеу мен жүзеге асыруды; мемлекеттік және коммерциялық операцияларды кеңейтуге мен дамытуға және олардың тиімділігін жоғарылатуға бағытталған басқару әдістерін зерттеу мен әзірлеуді; жұмыс берушілер мен бәсекелестердің тауарлары мен қызметтері туралы, сондай-ақ нарық конъюктурасы туралы мәліметтер алуды және жаңартуды; клиенттердің қажеттіліктерін бағалауды, сондай-ақ олар үшін тауарларды және қызметтерді түсіндіру және көрсетуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 241 Қаржы бейініндегі кәсіби мамандары**
- 242 Әкімшілендіру саласындағы кәсіби мамандар**
- 243 Қоғаммен байланыс, өнімді және қызметтерді өткізу және маркетинг жөніндегі кәсіби мамандар**

ҚР МЖ 01-2017
241-ШАҒЫН ТОП

ҚАРЖЫ БЕЙІНІНДЕГІ КӘСІБИ МАМАНДАРЫ

Қаржы бейініндегі кәсіби мамандары қаржылық есептілік және жекелеген адамдардың, ұйымдардың және қоғамдық және жеке мекемелердің қаржы жүйелерін жоспарлайды, әзірлейді, ұйымдастырады, басқарады, инвестициялайды, басшылық етеді және сандық талдауын жүргізеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ұйымның қаржылық есептілігін дайындау мен ұйымдастыруды; ұйымның қаржы материалдарна шолу жасауды; жеке тұлғаларға мен ұйымдарға қаржылық ұсынымдар беруді; экономиканың жекелеген секторлары және жалпы экономика бойынша талдамалық есептер дайындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2411 Бухгалтерлер және тектес қызметтердің кәсіби мамандары**
- 2412 Қаржы мәселелері және инвестициялар жөніндегі консультанттар**
- 2413 Қаржы талдаушылары және кәсіби мамандар**

2411 Бухгалтерлер және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

Бухгалтерлер және тектес қызметтердің кәсіби мамандары ұйымдар мен жеке тұлғалар үшін бухгалтерлік есеп жүйелерін жоспарлайды, ұйымдастырады және жетекшілік етеді. Осы топқа жатқызылған кейбір кәсіптер дәлдігін және белгіленген стандарттарға және бухгалтерлік есептілік рәсімдеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ұйымдардың және жеке тұлғалардың бухгалтерлік және қаржылық құжаттамасын зерттеумен және талдаумен байланысты.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бюджеттік және бухгалтерлік бақылауды, сондай-ақ бухгалтерлік қызметтің басқа саясаттарына жүйелерін жоспарлау, енгізу және ол бойынша консультация беру,;
- басшылыққа, акционерлерге және заңнамада көзделген өзге де органдарға ұсыну үшін қаржы есептерін дайындау және куәландыру;
- салық декларацияларын дайындау, салық салу мәселелері бойынша консультация беру және салық инспекторлары алдында даулы талаптарды қорғау;
- болжамды табысты және бюджетті жөніндегі есептілікті дайындау немесе ұсыну;
- болжалды алаяқтық, дәрменсіздік және банкроттық сияқты мәселелер бойынша қаржылық зерттеулер жүргізу;
- есептілікті және бухгалтерлік құжаттарды тексеру;
- өнімділіктің қаржылық аспектілері, құнды қағаздар портфельдері, өткізу проблемалары, жаңа тауарлар және тағы сол сияқтылар бойынша тергеп-тексерулер жүргізу және басшылыққа консультация беру;
- тауарлардың және қызметтердің өзіндік құнын анықтауға арналған жүйелерді әзірлеу және бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аудитор
Бухгалтер
Салық салу жөніндегі бухгалтер
Бухгалтер-ревизор
Бюджет жөніндегі үйлестіруші
Жоспарлау жөніндегі экономист

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бухгалтерлік есеп жөніндегі басшы (бас бухгалтер) – 1211
Бухгалтердің көмекшісі – 3313
Есепші – 3313

2412 Қаржылық мәселелер және инвестициялар жөніндегі консультант

Қаржылық мәселелер және инвестициялар жөніндегі консультанттар жеке тұлғалар және ұйымдар үшін қаржылық жоспарлар әзірлейді, сондай-ақ олардың атынан қаржыны инвестициялайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттер базасын құру және қолдау;

ҚР МЖ 01-2017

- қаржылық күйді және мақсаттарды анықтау, тәуекелге тұрақтылықты айқындау және қаржылық жоспарлар мен инвестициялық стратегияларды әзірлеу үшін қажетті басқа да ақпаратты алу үшін клиенттермен әңгімелесу;
- қажылық мақсаттарды қою, сондай-ақ оларға қол жеткізуге арналған стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- клиенттер үшін акцияларды және облигацияларды сатып алу-сатуды дайындау;
- капитал салымдарының экономикалық тиімділігіне мониторинг жүргізу, сондай-ақ қайта қаралған қажеттіліктер мен нарықтағы өзгерістер негізінде капитал салымдарының жоспарларын талдау және қайта қарау;
- клиенттерге ұсынымдар беру және олар үшін сақтандыру кепілдігін келісу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инвестиция жөніндегі консультант

Қаржылық жоспарлау жөніндегі маман

2413 Қаржы талдаушылары және кәсіби мамандар

Қаржы талдаушылары және кәсіби мамандар мемлекеттік немесе жекеменшік ұйымдардың капитал салымдары (инвестициялар) бағдарламаларымен байланысты ақпаратты сандық талдауды жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- капитал салымдары туралы шешім қабылдау мақсатында коммерциялық, өнеркәсіптік және экономикалық жағдайлардың болжамдарын алу үшін қаржылық ақпаратты талдау;
- өнеркәсіптік технология, бизнес, қаржы және экономикалық теория саласындағы соңғы оқиғаларды қадағалау;
- бағаларды, пайданы, тұрақтылықты, инвестициялық тәуекелдер және экономикалық ықпал жоспарындағы одан әрі басымдықтарды қоса алғанда, капитал салымдары бағдарламаларымен байланысты деректерді түсіндіру;
- қаржы басылымдарынан және қызметтерінен инвестициялық банктік фирмалардан, мемлекеттік органдардан, салалық басылымдардан, компаниялардың қызметкерлерінен және жеке әңгімелесулер кезінде алынған ақпаратты талдау арқылы экономикалық, өнеркәсіптік және корпоративтік өзгерістерді мониториілеу;
- компаниялар, инвестициялық фирмалар қызметкерлері немесе инвесторлар үшін капитал салымдары мәселелері және инвестициялар мерзімдері бойынша ұсынымдар беру;
- акциялар синдикаттала және орналастыруға мәлімделе алатын бағаларды айқындау;
- қаржылық талдаудың нәтижелері негізінде капитал салымдары кезіндегі іс-қимыл жоспарларын дайындау;
- жекелеген салалардағы түрлі акциялардың салыстырмалы сапасын бағалау және салыстыру;
- жалпы экономикалық үрдістер, жекелеген корпорациялар және жалпы салалар туралы ауызша және жазбаша есептер дайындау;
- қатерлерді және тәуекелдерді бағалауды жүргізу, сондай-ақ қарсы шараларды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сақтандыру жөніндегі талдаушы
Бағалы қағаздар жөніндегі консультант
Кредит талдаушысы
Қаржылық тәуекел-менеджер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тәуекел-менеджер (жалпы бейін) - 2421

ҚР МЖ 01-2017
242-ШАҒЫН ТОП

ӘКІМШІЛЕНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Әкімшілендіру саласындағы кәсіби мамандар ұйымдардың және ұйымдардың жекелеген қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттыруға байланысты түрлі тұжырымдарды және теорияларды қолданады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ұйым құрылымын бағалауды және одан әрі даму бағыттарын анықтауды; ұйымның негізгі мақсаттарына сәйкес ұйымның операциялық қызметін қамтамасыз етуді; ұйым ішінде персоналды жалдау, даярлау, дамыту және оған консультация беруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2421 Бизнесті басқару және жүргізу жөніндегі консультанттар

2422 Адами ресурстарды басқару саласындағы кәсіпқой-мамандар

2421 Бизнесі басқару және жүргізу жөніндегі консультанттар

Бизнесі басқару және жүргізу жөніндегі консультанттар ұйымдарға анағұрлым жоғары тиімділікке қол жеткізуге және ұйымдық проблемаларды шешуге жәрдем көрсетеді, ұйымдардың қызметін және бағдарламаларын әзірлеуге, жүзеге асыруға және қайта қарауға байланысты саясатты әзірлейді және талдайды. Олар ұйымдық құрылымдарды, әдістерді, жүйелерді және рәсімдерді зерттейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға және ұйымның ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған мақсаттарды, стратегияларды және жоспарларды айқындау саласында ықпалдасу және ынталандыру;
- қолданыстағы басқару жүйелерін және ұйымдық құрылымдарды талдау және бағалау;
- персоналмен қолданыстағы басқару жүйелерінің тиімділігін талқылау және олардың тиімділігін ұйымның барлық деңгейлерінде бағалау;
- клиенттерге тиімді ұйымдастыру және ұйымдық мәселелердің шешімдерін әзірлеу жөнінде ұсынымдар беру;
- әкімшілік және қызметтік рәсімдерді және бизнес-процестерді қоса алғанда, қолданыстағы және ұсынылған әдістерді және рәсімдерді талдау арқылы еңбекті ұйымдастыру саласында зерттеулер жүргізу және талдау;
- операциялардың кезектілік кестесін, құжаттар, есептер, нұсқаулықтар және ұйымның лауазымдық нұсқаулықтарын жасау және талдау;
- әдістерді және рәсімдерді қайта қарау, еңбек процестерін өзгерту, лауазымдық міндеттерді қайта бөлу және ұйымдық мәселелерді шешу үшін ұсыныстар дайындау және енгізу;
- мақұлданған ұсыныстарды іске асыруда жәрдем көрсету, қайта қаралған нұсқаулықтарды және рәсімдік нұсқаулықтарды шығару, сондай-ақ басқа құжаттаманың жобаларын дайындау;
- жұмыс рәсімдерін қайта қарау және рәсімдерден және стандарттардан ауытқуға қатысты ұсынымдар;
- іске асырылатын саясаттың баламалы нұсқаларын тұжырымдау және талдау, анықтамалық құжаттарды және саясатты өзгерту жөніндегі ұсынымдарды дайындау және ұнамды (предпочтительный) нұсқалар бойынша консультация беру;
- басқа бағдарламалардың ықпалын, қаржылық салдарларды және өзара әрекеттесуді, сондай-ақ саяси және әкімшілік орындылықты бағалау;
- әлеуметтік, экономикалық және өндірістік үрдістерді, сондай-ақ ұсынылатын бағдарламаларға және қызметтерге байланысты клиенттер күтетін нтижелерді зерделеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бизнес-консультант

Бизнес-процестер жөніндегі консультанттар

Бизнесі жүргізу мәселелері жөніндегі консультант

Саяси талдаушы

Коммерциялық даму жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бизнес-талдаушы (акпараттық жүйелер) – 2511

ҚР МЖ 01-2017

2422 Адами ресурстарды басқару саласындағы кәсіпқой-мамандар

Адами ресурстарды басқару саласындағы кәсіпқой-мамандар бизнеске кадр саясатымен, жұмысшыларды іздеумен, оларды дамытумен, жұмыспен қамтуды талдаумен және кәсіптік бағдар берумен байланысты қызметтер көрсетеді. Олар жетекшілер мен қызметкерлермен ұйымды дамыту мақсатына сәйкес келетін машықтар мен біліктілікті алу мақсатында жоспарлайды, әзірлейді, жүзеге асырады және оқу бағдарламасының нәтижелелерін бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қызметкерлерді жалдаумен, жұмыс орындарын жиынтықтаумен, оқытумен, мансаптық жылжытумен, сыйақылаумен, басшылар мен қызметкерлердің қатынасымен және кадр саясатының басқа да салаларымен байланысты консультация беру және жұмыс жүргізу;
- жұмыскерлермен, жоғарғы тұрған лауазымды адамдармен және басшыларымен әңгімелесуді қоса алғанда, ұйымда әртүрлі тәсілдермен орындалатын жұмысты зерделеу және талдау, сондай-ақ алынған деректер негізінде лауазымдардың, жұмыстардың және кәсіптердің егжей-тегжейлі сипаттамаларын құру;
- қызметтер туралы ақпарат дайындау немесе қызметтерді жіктеу жүйелерін әзірлеу;
- персоналды басқару, еңбек ресурстарын зерттеу және жоспарлау, оқыту, мамандықтар және кәсіптік бағдарлау бойынша ақпарат сияқты салалардағы жұмыстарды және кәсіптерді талдау әдістеріне консультация беру және оларды әзірлеу;
- жеке немесе ұжымдық сабақ түрінде жүргізілуі мүмкін оқу және дамытатын бағдарламаларды әзірлеу, үйлестіру, кестелерді құру және өткізу, сондай-ақ семинарларды, отырыстарды, көрсетілмдерді және конференцияларды өткізу кезінде көмек көрсету;
- қызметкерлерді даярлаудың және дамытудың арнайы бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында даярлау бойынша бөгде ұйымдармен байланыста болу;
- жекелеген адамдарға жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін, мансаптық артықшылықтарды таңдау және одан әрі оқыту немесе даярлау бойынша консультация беру және зерттеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

HR талдаушы

Мансаптық өсу саласындағы консультант

Кадр мәселелері жөніндегі маман

Қызметкерлерді оқыту және дамыту жөніндегі маман

Еңбекке ақы төлеу жөніндегі маман

Персоналды іріктеу жөніндегі маман

Еңбек ресурстары жөніндегі маман

Жұмыстан шыққан персоналды жұмысқа орналастыру жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Еңбек қарым-қатынасы жөніндегі қызметші – 3345

Кадрларды есепке алу жөніндегі қызметші - 4110

243-ШАҒЫН ТОП**ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС, ӨНІМДІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ
МАРКЕТИНГ ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ МАМАНДАР**

Қоғаммен байланыс, өнімді және қызметтерді өткізу және маркетинг жөніндегі кәсіби мамандар ұйымдарды, тауарларды және қызметтерді танымал ету үшін ақпаратты тарату бағдарламаларын жоспарлайды, әзірлейді, үйлестіреді және жүзеге асырады; сондай-ақ әртүрлі техникалық, өнеркәсіптік, медициналық, фармацевтикалық және ақпараттық тауарларды және қызметтерді сату барысында компанияларға өкілдік етеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: маркетингтік зерттеулерді белгілеу мен жүргізуді, олардың нәтижелерін талдауды және жарнамалық, маркетингтік қызметті және қоғаммен байланыс жөніндегі қызметті жоспарлауды; маркетингтік мақсаттар, стратегиялар және бағдарламалар дайындау және іске асыру арқылы бизнесті кеңейтуге және дамытуға ықпал етуді; жарнамалық нақандарды жоспарлау мен ұйымдастыруды; ұнамды имидж жасау мақсатында журналистер фотографтар, иллюстраторлар және басқа мамандар ұсынған материалдарды бағалау мен таңдауды; жұмыс берушілер мен бәсекелестердің тауарлары және қызметтері туралы, сондай-ақ нарық конъюктура туралы мәліметтер алу және жанартуды; клиенттердің қажеттіліктерін бағалауды, сондай-ақ олар үшін тауарларды және қызметтерді түсіндіру мен көрсетуді; маркетингтік мүмкіндіктерді айқындау және осындай барулар нәтижелері бойынша шаралар қабылдау үшін тұрақты және болашақ клиенттерге баруды; бағаларды және кредиттеу шарттарын белгілеу мен талқылауды, сондай-ақ келісімшарттар жасасуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2431 Жарнама, маркетинг және қоғаммен байланыс жөніндегі кәсіби мамандар**
- 2432 Логистика жөніндегі кәсіби мамандар**
- 2433 Арнайы өнімді сату жөніндегі кәсіби мамандар**

2431 Жарнама, маркетинг және қоғаммен байланыс жөніндегі кәсіби мамандар

Жарнама, маркетинг және қоғаммен байланыс жөніндегі кәсіби мамандар жарнамалық стратегияларды және науқандарды әзірлейді және үйлестіреді, жаңа тауарларды және қызметтерді өткізу нарықтарын табады, бар тауарларға және қызметтерге қатысты маркетингтік мүмкіндіктерді анықтайды және әзірлейді, сондай-ақ ұйымдарды, олардың тауарларын және қызметтерін, сондай-ақ олардың қоғамдағы рөлін түсінуге және оларға деген жағымды көзқарасқа ықпал ететін ақпараттық және коммуникациялық стратегияларды жоспарлайды, әзірлейді, жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сату бойынша мақсаттарды қолдау үшін жарнамалық стратегияларды және науқандарды жоспарлау, дамыту және ұйымдастыру;
- басшылыққа және клиенттерге мақсаттық нарықтарды жаулауға бағытталған стратегиялар мен науқандарға, тұтынушылық хахардарлықты қалыптастыруға және тауарлар мен қызметтерді тиімді жылжытуға қатысты консультация беру;
- жарнамалық мәтіндерді және жарнамаға арналған сценарийді жазу, сондай-ақ телевизиялық және кино өндірісін, бұқаралық ақпарат құралдарында жарнаманы орналастыруды келісу;
- тұтынушылардың мінез-құлқы және қалауы туралы деректерді жинау және талдау;
- тұтынушылардың ағымдағы және болашақ икемділігін түсіндіру және болжау;
- жаңа тауарлар мен қызметтерге деген ықтимал сұранысты және нарықтық сипаттамаларын зерттеу;
- маркетингтік мақсаттарды, стратегияларды және бағдарламаларды дайындау және іске асыру арқылы бизнесті кеңейтуге және дамытуға ықпал ету;
- жаңа және қолданыстағы тауарлар мен қызметтерге қатысты маркетингтік мүмкіндіктерді анықтау үшін маркетингтік зерттеулерді белгілеу және жүргізу;
- өнімдер портфелін, баға белгілеуді, жарнаманы және сатуды ынталандыруды, сондай-ақ өткізу және тарату арналарын қоса алғанда, барлық маркетингтік аспектілер бойынша консультация беру;
- жарнамалық науқандарды және коммуникациялық стратегияларды жоспарлау және ұйымдастыру;
- басшыларға олардың саясатының, бағдарламалары мен әдістерінің көпшілік үшін салдары туралы консультация беру, сондай-ақ жаңалықтар шығарылымдарын және баспасөз релиздерін дайындау және бақылау;
- беделді арттыру және ұйымның жағымды имиджін қалыптастыру үшін арнайы іс-шараларды, семинарларды, ойын-сауықтық іс-шараларды, жарыстарды және қабылдауларды ұйымдастыру;
- ұйым мүдделерін көрсету және бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттарды келісу;
- ұйымды танымал ету мақсатында іскерлік және басқа қабылдауларға бару;
- ұйымның жағымды имиджін жасау мақсатында журналисттер, фотографтар, иллюстраторлар және басқа мамандар ұсынған материалдарды бағалау, таңдау және оларға шолу жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қоғаммен байланыс жөніндегі агент

Маркетолог

Баспасөзбен байланыс жөніндегі маман

Жарнама жөніндегі маман

2432 Логистика жөніндегі кәсіби мамандар

Логистика жөніндегі кәсіби мамандар тауарлардың өндірістен сату нүктелеріне дейінгі қозғалысын бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады, сондай-ақ ұйым қоймаларының, тасымалдау қызметтерінің жұмысын үйлестіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ұйымның шығындарын азайту мақсатында өнімді сақтау, өткізу және тасымалдау бойынша стандарттарды әзірлеуге және енгізуге қатысу;
- өткізу тізбектерінің қызмет ету тетіктерін зерттеу және қорларды және тауарларды үйлестіруді жүйелі басқару іс-шараларын енгізуді ұйымдастыру;
- жүктерді жеткізудің анағұрлым оңтайлы бағыттарын және тәсілдерін әзірлеу;
- логистика бойынша болжамдарды және жоспарларды құру;
- тасымалдау сапасына және жүктерді жеткізудің уақтылылығына талдау жүргізу;
- қорларды қалыптастыруға және сақтауға шығыстарды, сақтау орындарын сатып алуға, пайдалануға, сақтандыруға шығындарды есептеу;
- тауарларды кедендік ресімдеуді және кеденнен шығаруды ұйымдастыру;
- көліктік және көліктік-экспедициялық ұйымдармен өзара әрекеттесу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тасымалдауларды ұйымдастыру жөніндегі инженерлер

Логист

Жүкті кедендік ресімдеу жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тасымалдау жөніндегі экспедитор – 3331

Жеткізулер жөніндегі қызметші – 4321

Қозғалыс (тасымалдаулар) қызметінің операторы – 4322

2433 Арнайы өнімді сату жөніндегі кәсіби мамандар

Арнайы өнімді сату жөніндегі кәсіби мамандар, мысалы, компьютерлік аппараттық қамсыздандыру және басқа да аппараттық-коммуникациялық тауарлар мен қызметтер сияқты әртүрлі техникалық, медициналық, фармацевтикалық және басқа өнімдерді өнеркәсіптік, коммерциялық, кәсіптік және басқа ұйымдарға сату саласындағы қызметтерді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- анықтамалықтардың және басқа көздердің көмегімен болашақ клиенттердің тізбесін құру;
- тапсырыстарды алу және тауарларды бөлшек, өнеркәсіптік, көтерме және басқа кәсіпорындарға сату;
- өндіруші-компаниялардың және бәсекелестердің тауарлары және қызметтері туралы, сондай-ақ нарық конъюктурасы туралы мәліметтерді алу және жаңарту;
- маркетингтік мүмкіндіктерін анықтау және осындай барулар нәтижелері бойынша шаралар қолдану үшін тұрақты және болашақ клиенттерге бару;
- клиенттердің қажеттіліктерін және ресурстарды бағалау, сондай-ақ сәйкес тауарларды және қызметтерді ұсыну;

ҚР МЖ 01-2017

- егер тауарлар немесе қызметтер клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес бейімделуі қажет болған жағдайда өнімнің дизайны туралы ақпарат ұсыну;
- тауарларды және қызметтерді пайдаланудың басымдылықтарын көрсету үшін саудалық презентациялар шеңберінде есептер және ұсыныстар дайындау;
- жабдықты орнатуға және оған сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге байланысты шығындарды бағалау;
- клиенттердің құбылмалы қажеттіліктерін және бәсекелестердің қызметін қадағалау, сондай-ақ өткізу жөніндегі басшыларға осындай өзгерістер туралы есептер дайындау;
- кредиттеу бағаларын және шарттарын белгілеу және талқылау, сондай-ақ сатып алу-сату шарттарын дайындау және қолдану;
- әртүрлі өнімдерді және ілеспе қызметтерді сауда-өнеркәсіптік кәсіпорындарға немесе жеке тұлғаларға сату;
- тауарларды жеткізуді, жабдықты орнатуды және қызметтер көрсетуді келісу;
- өткізу жөніндегі басшыларға жүзеге асырылған сауда және тауарлардың және қызметтердің сатылуы туралы есептер дайындау;
- сатқаннан кейін кез келген проблемаларды тиісінше шешу үшін клиенттермен консультациялар өткізу, сондай-ақ үздіксіз қолдауды қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Өткізу қызметінің инженері

Қаржы өнімдерін сату жөніндегі менеджер

Сауда өкілі (медициналық және фармацевтикалық тауарлар)

Сауда өкілі (спорттық тауарлар)

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі сауда өкілі

Техникалық тауарларды сату жөніндегі сауда өкілі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Коммерциялық сатулар жөніндегі агент – 3322

Дүкен сатушылары - 5210

25-КІШІ ТОП**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР (АТ) ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ МАМАНДАР**

Ақпараттық технологиялар (АТ) жөніндегі кәсіби мамандар зерттеу жұмысын жүргізеді; ақпараттық технологиялар жүйелерін, аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруды және олармен байланысты тұжырымдарды арнайы қолдану үшін жоспарлайды, әзірлейді, сипаттайды, сынақтан өткізеді, консультация береді және жетілдіреді; қағидаларды, саясатты және рәсімдерді қоса алғанда, ілеспе құжаттаманы әзірлейді; сондай-ақ деректердің оңтайлы сипаттамаларын, сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дерекқорлар мен басқа ақпараттық жүйелерді жобалайды, әзірлейді, бақылайды, жүргізеді және қолдайды. Аталған кіші топқа осылған кәсіптердің көбісінің дағдылар деңгейі дағдылардың төртінші деңгейіне сәкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақпараттық технологияларды бизнесте пайдалануды зерттеуді; жақсартуды талап ететін салаларды айқындауды және компьютерлерді пайдаланудың теориялық аспектілерін және әдістерін зерттеуді; Интернетті, ішкі желілерді және мультимедиялық жүйелерді қоса алғанда, арнайы қосымшалар үшін аппараттық немесе бағдарламалық қамсыздандырудың конфигурацияларын бағалау, жоспарлау және әзірлеуді; компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу, жазу, сынау және сүйемелдеуді; дерекқорлар архитектурасы мен дерекқорларды басқару жүйелерін жобалау және әзірлеуді; қауіпсіздік жоспарлары мен деректерді әкімшілендіру саясатын әзірлеу мен іске асыруды, сондай-ақ компьютерлік желілер мен олармен байланысты есептеу орталарын әкімшілендіруді; күрделі жүйелерді және олардың архитектурасының ерекшеліктерін, әзірленіп жатқан деректер мен диаграммалардың модельдерін талдау, әзірлеу, түсіндіру және бағалауды, компьютерлік жүйелерді конфигурациялау мен біріктіруді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 251 Бағдарламалық қамсыздандыру мен қосымшаларды әзірлеушілер және талдаушылары**
- 252 Дерекқорлар және желілер жөніндегі кәсіби мамандар**

ҚР МЖ 01-2017
251-ШАҒЫН ТОП

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫ
ӘЗІРЛЕУШІЛЕР ЖӘНЕ ТАЛДАУШЫЛАРЫ

Бағдарламалық қамсыздандыру мен қосымшаларды әзірлеушілер және талдаушылары зерттеу жұмыстарын жүргізеді; аппараттық, бағдарламалық қамсыздандыру және ерекше талаптарға сәйкес басқа қосымшалар сияқты ақпараттық технологиялар жүйелерін жоспарлайды, әзірлейді, сипаттайды, сынақтан өткізеді, консультация береді және жетілдіреді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақпараттық технологияларды бизнесте пайдалануды зерттеуді және тиімділік пен пайданы барынша арттыру үшін енгізуге болатын салаларды анықтауды; компьютерлерді пайдаланудың теориялық аспектілері мен әдістері саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді; арнайы қосымшалар үшін конфигурацияларды, бағдарламалық және аппараттық қамсыздандыруды бағалау, жоспарлау және әзірлеуді; арнайы талаптарға сәйкес компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу, жазу, сынақтан өткізу және сүйемелдеуді; Интернет желісі, ішкі желілер және мультимедиялық жүйелер үшін жүйелерді бағалау, жоспарлау және әзірлеуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2511 Бағдарламалық жасақтама сәулетшілері және жүйелік талдаушылар**
- 2512 Бағдарламалық жасақтаманы, Web және мультимедиялық қосымшаларды әзірлеушілер және тестілеу жөніндегі мамандар**
- 2513 Бағдарламалық жасақтама сүйемелдеу жөніндегі кәсіби мамандар**
- 2519 Б.т.к. бағдарламалық қамсыздандыру және қосымшаларды әзірлеушілер және талдаушылар**

2511 Бағдарламалық жасақтама сәулетшілері және жүйелік талдаушылар

Бағдарламалық жасақтама сәулетшілері және жүйелік талдаушылар ақпараттық технологияларға деген клиенттердің қажеттіліктеріне, рәсімдеріне немесе клиенттердің проблемаларына зеттеулер жүргізеді, талдайды және бағалайды, сондай-ақ ағымдағы және болашақ ақпараттық жүйелерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар, ұсынымдар және жоспарларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жазбаша талаптарды тұжырымдау үшін пайдаланушылармен және жүйелердің жұмыс істеуінің барлық қағидаттарын келісу үшін басшылықпен консультациялар өткізу;
- бизнес-процестерді, рәсімдерді және жұмыс істеу әдістерін айқындау және талдау;
- тиімділігі аз аймақтарды айқындау және бағалау және іскерлік практика әдістерін, сондай-ақ жүйенің жұмыс істеуі мен әрекет етуін оңтайландыру жөнінде ұсынымдар беру;
- жүйелердің сынақтан өткізу жоспарларын құруды, қабылдауды және жүзеге асыруды қоса алғанда, функционалдық шешімдерді өз жауапкершілігіне алу;
- жүйелерді әзірлеушілердің пайдалануы үшін функционалдық ерекшеліктерді әзірлеу;
- еңбек процестерін жетілдіру үшін немесе жаңа мақсаттарға жету үшін жүйелерді кеңейту немесе өзгерту;
- үйлесімділікті ұлғайту үшін ұйым ішінде компьютерлік жүйелерді үйлестіру және байланыстыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі сәулетші

АКТ саласындағы бизнес-талдаушы

Бизнес-талдаушы (ақпараттық жүйелер)

Жүйелер жөніндегі консультант

Жүйелік инженер

IT – дизайнер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жүйелік әкімші – 2522

Желілік талдаушы – 2523

Желілік инженер - 2523

2512 Бағдарламалық жасақтаманы, Web және мультимедиялық қосымшаларды әзірлеушілер және тестілеу жөніндегі мамандар

Бағдарламалық жасақтаманы, Web және мультимедиялық қосымшаларды әзірлеушілер және тестілеу жөніндегі мамандар ағымдағы немесе жаңа бағдарламалық қосымшаларға және операциялық жүйелерге талаптарды зерттеулер, талдау, бағалау жүргізу, үшін жұмысында дизайнерлік және техникалық білімдерін үйлестіреді, бағдарламалық шешімдерді, программалауды сынақтан өткізу мен қолдау, веб-сайттар мен мәтіндік, графикалық, мультипликациялық, бейне, дыбыстық және видеоматериалдарды, сондай-ақ басқа да интеративтік құралдарды біріктіретін қосымшаларды өзгерту .

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бағдарламалық қосымшаларға, операциялық жүйелерге және сайттарға зерттеулер, талдау жүргізу және талаптарды бағалау;
- компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыру жүйелеріне зерттеулер жүргізу, жобалау және әзірлеу;
- әртүрлі көркемөнер және шығармашылық құралдарды бағдарламалық қамсыздандырумен, сценарийлердің тілдерімен және операциялық құралдары бар интерфейстермен үйлестіру арқылы Интернет үшін сайттарды талдау, жобалау және әзірлеу;
- аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыру арасындағы интерфейсті бағалау үшін инженерлік-теникалық персоналмен консультациялар өткізу;
- Интернет желісінде бақылауды және қауіпсіздікті және веб-сервердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында веб-сайттардың қауіпсіздігі және орналасуы, орындарды бөлу, қолданушылардың қолжетімділігі, үздіксіз қызмет ету, веб-сайтты резервке қою және авариялардан кейін қалпына келтіру сияқты Интернетпен байланысты мәселелер бойынша жүйелік мамандармен байланыста болу;
- бағдарламалық қамсыздандыруды және аттестациялау рәсімдерін әзірлеу және сынақтан өткізу;
- қателерін түзету, оны жаңа аппараттық қамсыздандыруға бейімдеу немесе интерфейсті жаңарту және сипаттамаларын жақсарту үшін ағымдағы бағдарламалық қамсыздандыруды түрлендіру;
- бағдарламалық қамсыздандыруды жазу және құжаттаманы әзірлеу;
- мультимедиялық бағдарламалық қамсыздандыруды, құралдарды және утилиттерді, интерактивті графиканы және программалау тілдерін пайдалану арқылы сандық мультипликацияларды, бейнелерді, презентацияларды, ойындарды, дыбыстық және видеоклиптерді және Интернет қосымшаларын жобалау және әзірлеу;
- пайдаланудағы жүйелерге, коммуникациялық орталарға және қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыруға техникалық қызмет көрсету рәсімдерін бағалау, әзірлеу, жаңарту және құжаттық ресімдеу;
- Web негізіндегі Интернет-стратегияларды, әдістемелерді және даму жоспарларын талдау, айқындау және әзірлеу кезінде көмектесу;
- бағдарламалық жасақтаманы сынақтан өткізу жоспарларын әзірлеу және құжаттау;
- бағдарламалар қолданушының талаптарына және бекітілген нормативтерге сай қызмет жасайтыны тексеру;
- бағдарламалық қосымшалардың сынақ нәтижелерін ресімдеу, талдау және құжаттау;
- бағдарламалық жүйелерге техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша клиенттермен консультация өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженер-бағдарламашы

Бағдарламашы-талдаушы

Бағдарламалық қамсыздандыруды жобалаушы

Мобильдік қосымшаларды әзірлеуші

Мультимедиа әзірлеушісі

Бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеуші

Web – мастер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Web -сайт дизайнері – 2166

Web жөніндегі техник маман – 3513

2513 Бағдарламалық жасақтама сүйемелдеу жөніндегі кәсіби мамандар

Жүйелік программистер бағдарламалық қосымшалар мен операциялық жүйелерге арналған техникалық нұсқаулықтарда және ерекшеліктерде көрсетілген бағдарламалық кодты құрады және қолдайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сапа стандарттарына сәйкес нұсқаулықтарда және ерекшеліктерде көрсетілген бағдарламалық кодты құру және қолдау;
- қолданыстағы бағдарламаларды олардың жұмыс тиімділігін арттыру немесе жаңа талаптарға бейімдеу үшін қайта қарау, жөндеу немесе кеңейту;
- бағдарламалар және бағдарламалық қосымшалар қажетті ақпаратты қамтамасыз ететіндігін тексеру үшін оларға тестік прогондар жүргізу;
- бағдарламаларды әзірлеу туралы құжаттаманы құру және дайындау;
- техникалық проблемалар, процестер және шешімдерді анықтау және хабарландыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жүйелік бағдарламашы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мультимедиялық бағдарламашы – 2512

Бағдарламашы-талдаушы – 2512

Бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеуші – 2512

2519 Б.т.к. бағдарламалық қамсыздандыру мен қосымшалардың әзірлеушілері және талдаушылары

Бұл бастауыш топ *251 Бағдарламалық қамсыздандырулар мен қосымшалардың әзірлеушілері және талдаушылары* тобының басқа топтарына кірмейтін бағдарламалық қамсыздандыру мен қосымшаларды әзірлеушілерді және талдаушыларын қамтиды. Мысалы, бұл топқа бағдарламалық қамсыздандыруды сынқатан өткізуді қоса алғанда, сапаны қамтамасыз етуге маманданған кәсіби мамандар кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

АКТ аудиторы

Жасанды интеллект жөніндегі тнженер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі аудитор – 2524

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман – 2524

ҚР МЖ 01-2017
252-ШАҒЫН ТОП

ДЕРЕКҚОРЛАР ЖӘНЕ ЖЕЛІЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ МАМАНДАР

Дерекқорлар және желілер жөніндегі кәсіби мамандар дерекқорларды, аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруды, желілерді және операциялық жүйелерді қоса алғанда, жүйенің және ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының оңтайлы өнімділігін және қауіпсіздігін жобалайды, әзірлейді, бақылайды, жүргізеді және қолдайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: дерекқорлардың архитектурасын, деректер құрылымын, ақпараттық жүйелердің жобаларына арналған сөздіктерді және терминдерді жобалау мен әзірлеуді; дерекқорларды басқару жүйелерін жобалау, құру, түрлендіру, интеграциялау, іске асыру және сынақтан өткізуді; деректерді, құжаттаманы және стандарттарды әкімшілендіру саясатын, қауіпсіздік жоспарларын әзірлеу және іске асыруды; компьютерлік желілерді және олармен байланысты есептеу орталарын қолдау және әкімшілендіруді; күрделі жүйелерді және олардың архитектурасының ерекшеліктерін, әзірленудегі деректер модельдері мен диаграммаларды, талдауды, әзірлеуді, түсіндіруді және бағалауды, компьютерлік жүйелерді конфигурациялау мен интеграциялауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2521 Дерекқорлар дизайнерлері және әкімшілері**
- 2522 Жүйелік, желілік әкімшілер және серверлердің әкімшілері**
- 2523 Компьютерлік желілер мен инфрақұрылым жөніндегі кәсіби мамандар**
- 2524 Ақпараттық инфрақұрылым және АТ қауіпсіздігі жөніндегі кәсіби мамандар**
- 2529 Б.т.к. ақпараттық технологиялар (АТ) жөніндегі басқа да кәсіби мамандар**

2521 Дерекқорлар дизайнерлері және әкімшілері

Дерекқорлар дизайнерлері және әкімшілері дерекқорларды жобалайды, әзірлейді, бақылайды, жүргізеді және олардың оңтайлы өнімділігі мен қауіпсіздігін сақтайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- дерекқорлардың архитектурасын, деректер құрылымын, ақпараттық жүйелердің жобаларына арналған сөздіктерді және терминдерді жобалау мен әзірлеу;
- дерекқорларды басқару жүйелерін жобалау, құру, түрлендіру, интеграциялау, іске асыру және сынақтан өткізу;
- дерекқорларды басқару құралдарын таңдау, қолдану және іске асыру бойынша зерттеулер жүргізу және ұсынымдар беру;
- деректерді, құжаттаманы, стандарттарды және модельдерді әкімшілендіру саясатын әзірлеу және іске асыру;
- дерекқорларға қол жеткізу, оларды пайдалану, деректерді резервке қою және қалпына келтіру рәсімдерін әзірлеу;
- резервке қоюға, қалпына келтіру рәсімдеріне байланысты жұмыс және профилактикалық іс-шараларды жүргізу және қауіпсіздік пен тұтастықты бақылау құралдарын қолдануды қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Дерекқор талдаушылары

АТ-инфрақұрылым сәулетшілері

Дерекқорды сүйемелдеу жөніндегі инженерлер

Ауқымды мәліметтермен жұмыс жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Желілік әкімші – 2522

Компьютерлік жүйелердің әкімшісі – 2523

Web -сайттар әкімшісі – 3513

2522 Жүйелік, желілік әкімшілер және серверлердің әкімшілері

Жүйелік, желілік әкімшілер және серверлердің әкімшілері ақпараттық технологиялар жүйелерінің оңтайлы өнімділігі мен қауіпсіздігін әзірлейді, бақылайды, жүргізеді және қолдайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- компьютерлік аппараттық қамсыздандыруды, бағдарламалық қамсыздандыру жүйелерін, қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыруды және оларды конфигурациялауды қоса алғанда, компьютерлік желілерді және олармен байланысты есептеу орталарын қолдау және әкімшілендіру;
- жүйелердің және желілердің конфигурациясын өзгертуге арналған ұсынымдар, сондай-ақ осындай өзгерістерге байланысты аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруға қойылатын талаптарды айқындау;
- аппараттық және бағдарламалық қамсыздандырумен байланысты проблемаларды диагностикалау;
- деректерді резервке қою және авариялық қалпына келтіру;

ҚР МЖ 01-2017

- компьютерлік желілердің және жүйелердің сипаттамаларын қадағалау үшін, сондай-ақ компьютерлік желіге қолжетімділікті үйлестіру мен оны пайдалану үшін негізгі консольдерді пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Желілік әкімші

Жүйелік және желілік басқару жөніндегі маман (жүйелік әкімші)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Желілік талдаушы – 2523

Web-сайттар әкімшісі – 3513

Web жөніндегі техник маман – 3513

2523 Компьютерлік желілер мен инфрақұрылым жөніндегі кәсіби мамандар

Компьютерлік желілер мен инфрақұрылым жөніндегі кәсіби мамандар желілік архитектура және даму саласындағы стратегияларға зерттеулер жүргізеді, талдайды, жобалайды, сынақтан өткізеді және ұсынады. Олар желілік аппараттық және бағдарламалық қамсыздандыруды іске асырады, басқарады, қолдайды және конфигурациялайды, сондай-ақ ақауларға мониторинг жүргізеді, іздейді және жояды және сипаттамаларын оңтайландырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- күрделі жүйелер мен олардың архитектурасының конфигурациясын, әзірленудегі деректер модельдерін және диаграммаларды талдау, әзірлеу, түсіндіру және бағалау, компьютерлік жүйелерді конфигурациялау және интеграциялау;
- жүйелердің оңтайлы конфигурациясын және өнімділігін қамтамасыз ету үшін желілік инфрақұрылымдарға зерттеу жүргізу, талдау, бағалау және мониторингілеу;
- желілердің және интеграцияланған аппараттық, бағдарламалық қамсыздандырудың, коммуникациялық және операциялық жүйелердің жұмысын жақсарту бойынша ұсынымдарды әзірлеу және бағалау;
- ақауларды табу және жою кезінде де, жүйенің жұмыс істеуі кезінде де, авариялық жағдайларда да қолдау көрсету үшін арнайы дағдыларды қолдану;
- жаңа және жаңартылған желілерді, дерекқорлардың бағдарламалық қосымшаларын, серверлерді және жұмыс станцияларын орнату, конфигурациялау, сынақтан өткізу, қолдау және әкімшілендіру;
- желіні түгендеуді жүргізген кезде рәсімдерді және құжаттаманы дайындау және жүргізу, желінің күйін тіркеу және ақаулықтарын жою, желіге жақсартулар мен түрлендірулер енгізу, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтарды дайындау;
- желінің тұрақты тұтатстығы мен оңтайлы өнімділігін қамтамасыз ету мақсатында желі трафигі мен күйін, сыйымдылығын және пайдаланылуын мониторингілеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Желілік талдаушы

Желілік инженер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Желілік әкімші – 2522

2524 Ақпараттық инфрақұрылым және АТ қауіпсіздігі жөніндегі кәсіби мамандар

Ақпараттық инфрақұрылым және АТ қауіпсіздігі жөніндегі кәсіби мамандар ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігіне кепілдік береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кездейсоқ немесе рұқсат берілмеген өзгерістен, жойылудан немесе жария етуден компьютерлік файлдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлады әзірлеу, сондай-ақ авариялық жағдайларда деректерді өңдеу бойынша талаптарды қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету және сервердің және желінің тиімділігін арттыру үшін қауіпсіздік проблемаларына пайдаланушыларды оқыту және назарын аудару;
- пайдаланушылармен компьютерлік деректерге қол жеткізу талаптарына, қауіпсіздікті бұзуға және бағдарламалық өзгерістерге қатысты мәселелерді талдау;
- вирустардан қорғау жүйесін жаңару мерзімін анықтау мақсатында компьютерлік вирустар туралы ағымдағы есептерді мониторингілеу;
- құжаттарға жаңа бағдарламалық қамсыздандыруды қосу, қателерді жою немесе жекелеген адамдар үшін қол жеткізу статусын өзгерту үшін компьютерлік қауіпсіздік бойынша құжаттарға өзгерістер енгізу;
- компьютерлік файлдарға жазылған ақпаратты қорғау мақсатында деректері бар файлдарды пайдалануды бақылау және қол жеткізу құқығын реттеу;
- деректерді өңдеу жүйесінің жұмыс істеуін және қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз ету үшін оларды сынақтан өткізу және қатерді бағалау;
- берілетін деректерді шифрлау және берілетін құпия ақпаратты жасыру, және ақпаратты рұқсатсыз беруге жол бермеу үшін брендмауэрлерді орнату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі аудитор

Ақпаратты қорғау жөніндегі инженер

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

АКТ аудиторы – 2519

2529 Б.т.к. ақпараттық технологиялар (АТ) жөніндегі кәсіби мамандар

Бұл бастауыш топ 25 Ақпараттық технологиялар (АТ) жөніндегі кәсіби мамандар кіші тобының басқа топтарына кірмейтін ақпараттық технологиялар (АТ) жөніндегі кәсіби мамандарды қосады. Мысалы, бұл топқа деректерді өңдеу және техникалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі кәсіби мамандар кіреді.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне кіреді:

- бағдарламалық қамсыздандыру мен қосымшаларды әзірлеу бойынша техникалық құжаттаманы әзірлеу;
- нәтижелерді әртүрлі форматта ұсыну.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ақпараттық технологиялар саласындағы жоба басшысы

Техникалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі маман (техникалық жазушы)

ҚҰҚЫҚ, ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Құқық, гуманитарлық және мәдениет саласындағы кәсіби мамандар зерттеулер жүргізеді; тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді немесе әзірлейді; құқық, материалдық мәдениет ақпараттарын және заттарын сақтау және іздеу, психология, әлеуметтік қамсыздандыру, саясат, экономика, тарих, дін, тіл туралы ғылым, социология, басқа қоғамдық ғылымдар, өнер және ойын-сауық саласындағы білімдерді практикалық қолданумен айналысады. Осы кіші қосылған көптеген қызметтердің дағдылар деңгейі даңдылардың төртінші деңгейіне сәйкес келеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: құқықтық проблемаларға зерттеулер жүргізуді; заңдардың және нормативтік актілердің жобаларын жасауды; сот істері бойынша клиенттерге консультация беруді; жалпы заң құзыреті соттарында істерді жүргізуді; жалпы заң құзыреті соттарында сот процесі кезінде төрағалылық етуді; архив әдебиеттері мен жинақтарын құрастыру мен жүргізуді; зерттеулер жүргізуді, тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіруді немесе әзірлеуді немесе қоғамдық ғылымдар саласындағы білімдерді практикалық қолдануды; әдеби және көркемөнер туындыларын ұғыну, шығару және орындауды; жаңалықтарды, идеяларды, әсерлерді және фактілерді интерпретациялау мен таратуды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 261 Құқық саласындағы кәсіби мамандар**
- 262 Кітапханашылар, архивариустар және музей сақтаушылары**
- 263 Гуманитарлық сала және дін жөніндегі кәсіби мамандар**
- 264 Жазушылар, журналистер және лингвистер**
- 265 Суретшілер және әртістер**

261-ШАҒЫН ТОП

ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР

Құқық саласындағы кәсіби мамандар құқықтық проблемаларға зерттеулер жүргізеді, мәселелердің заңды аспектілері бойынша клиенттерге кеңес береді, жалпы хүкімет соттарында қорғау және айыптау бойынша істерді жүргізеді, жалпы хүкімет соттарында сот процесі кезінде төрағалылық етеді және заңдар мен нормативтік актілер жобаларын құрады.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: құқықтық мәселелер бойынша клиенттерге консультация беруді, клиент атынан заңды бизнесті ұйымдастыруды және дауларды жүргізуді (қажет болған жағдайда) немесе сот отырысында төрағалық етуді және жалпы заң құзыреті соттарында үкім жариялауды қамтиды. Міндеттері басқа қызметкерлерге басшылық етуді қамтуы мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2611 Заңгерлер

2612 Судьялар

ҚР МЖ 01-2017

2611 Заңгерлер

Заңгерлер патенттік жұмысты және авторлық құқықтарды қорғауды қоса алғанда, клиенттерге мәселелердің кең шеңбері бойынша заңдық консультация береді, заңдық құжаттарды жасайды, әкімшілік кеңестерде немесе сот төрелігінде клиенттердің мүдделерін білдіреді, сотта қорғау және айыптау бойынша істерді жүргізеді, сондай-ақ жоғары инстанция соттарында сөз сөйлейтін адвокаттарға нұсқау береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттерге мәселелердің кең шеңбері бойынша заңдық консультация беру және клиенттердің заңдық мүдделерін бизнесте ұсыну;
- белігілі бір істерге байланысты заңдық қағидаттарды, заңнамалық актілерді және алдыңғы сот шешімдерін зерттеу, патенттік-ақпараттық зеттеулерді кешенді жүргізу;
- іс бойынша фактілерді тексеру үшін клиенттермен және куәгерлермен әңгімелесулер жүргізу сияқты құралдардың көмегімен сотта қорғауды әзірлеу немесе сот процесін қозғау үшін дәлелдерді жинау;
- тараптар жарыссөздеріне дайындалу барысында алынған нәтижелерді бағалау және стратегияларды және дәлелдерді әзірлеу;
- контрафактілі өнімге және жосықсыз бәсекеге жол бермеу жөніндегі іс-шараларға сарапшы ретінде қатысу;
- жалпы заң құзыреті соттарында, сот төрелігі органдарында және әкімшілік кеңестерде клиенттердің істері бойынша қорғауды жүзеге асыру немесе жоғары инстанция соттарында сөз сөйлейтін адвокаттарға нұсқау беру;
- істерді қабылдау және жоғары инстанция соттарында сөз сөйлеу;
- мемлекет атынан айыптаушы ретінде сөз сөйлеу;
- құқықтық даулар тудыратын мәселелер бойынша келісімге қол жеткізу туралы келіссөздер жүргізу;
- ағымдағы заңнама негізінде заңдар жобаларын жасау және үкіметтік қаулыларды дайындау;
- келісімшарттар, жылжымайтын мүлікпен мәмілелер және өсиеттер сияқты заңдық құжаттарды құрастыру, сондай-ақ заңдық қорытындыларды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Адвокат
Зияткерлік меншік мәселелері жөніндегі сарапшы
Нотариус
Медиатор
Патент жүргізуші
Жеке сот орындаушысы
Заң консультанты

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Сот орындаушысы, мемлекеттік – 1122
Заңгердің көмекшісі – 3411
Заң консультанты (біліктілігі орташа) – 3411

2612 Судьялар

Судьялар жалпы заң құзыреті соттарында азаматтық және қылмыстық процестер кезінде төрағалық етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сот процестері және тыңдау кезінде төрағалық ету;
- процестік нормаларды түсіндіру және мәжбүрлі жүзеге асыру және дәлелдемелердің мүмкіндігіне қатысты шешімдер шығару;
- тараптардың құқықтарын және міндеттемелерін айқындау, оның ішінде істі алқабилер қараған жағдайларда;
- алқабилерді іске қатысты қолданылатын заң тармақтарымен таныстыру;
- дәлелдемелерді алқабилердің қатысуынсыз талқыланатын іс барысында бағалау және талқылау және кінәлілігі немесе кінәлі еместігі туралы, сондай-ақ айыпталушының немесе жауапкердің жауапкершілік дәрежесі туралы шешімдер шығару;
- айыпталушыларға қылмыстық істер жөнінде үкім шығару, зиянды немесе азаматтық істер бойынша заңдық қорғаудың басқа тиісті құралын анықтау, сондай-ақ сот қаулыларын шығару;
- құқықтық мәселелерді зерттеу және осындай мәселелер бойынша қорытындыны дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Төреші

Судья

КІТАПХАНАШЫЛАР, АРХИВАРИУСТАР ЖӘНЕ МУЗЕЙ САҚТАУШЫЛАРЫ

кітапханашылар, архивариустар және музей сақтаушылары архивтердің, кітапханалардың, музейлердің, көркемөнер галереяларының және басқа ұқсас мекемелердің жинақтарын толықтырады және қызмет көрсетеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: архивтердің құрамын және тарихи, мәдени немесе көркемөнер қызығушылық тудыратын материалдық мәдениет бұйымдарын бағалау немесе жасау және ұйымдастыруды, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз етуді; музейлерде, көркемөнер галереяларында және ұқсас мекемелерде топтамаларды және экспозицияларды ұйымдастыруды; жазылған және жарияланған материалдардың жүйелі жинақтарын толықтыру мен оларға қызмет көрсетуді және оларға кітапхана және тектес мекемелер келушілерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуді; ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындауды; зерттеулер жүргізуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

2621 Архивариустар және музей сақтаушылары

2622 Кітапханашылар және ақпаратты сақтаумен байланысты тектес қызметтер саласындағы кәсіби мамандар

2621 Архивариустар және музей сақтаушылары

Архивариустар және музей сақтаушылары мұрағат материалдарын, тарихи, мәдени, әкімшілік және көркемөнер қызығушылықтарын тудыратын материалдық мәдениет бұйымдары мен жазбаларын, сондай-ақ өнер бұйымдарын және басқа объектілерді жинайды, бағалайды және қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз етеді. Олар тарихи құндылығы бар жазбаларды және құжаттарды қауіпсіз сақтау жүйесін жоспарлайды, әзірлейді және жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- әкімшілік, тарихи, заңдық, дәлелдеу және басқа мақсаттарда жазбаларды бағалау және сақтау;
- сілтемелерге, библиографияларға, микрофильмдердің көшірмелеріне және басқа анықтамалық құралдарға жетекшілік ету немесе дайындау және оларға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- шығу тегін зерттеу, мәдени және көркемөнер қызығушылықтарын тудыратын материалдарды және объектілерді бөлу және пайдалану;
- мәдени, көркемөнер, ғылыми немесе тарихи маңыздылығы бар бұйымдар жинақтарын ұйымдастыру, толықтыру және қызмет көрсету;
- музей және көркемөнер галереялары жинақтарының жіктеуін және каталогтарын жасау немесе жетекшілік ету, сондай-ақ көрмелер ұйымдастыру;
- үкіметтік құжаттар, жеке қағаздар, суреттер, карталар, қолжазбалар және аудиовизуалдық материалдар сияқты тарихи маңызды және құнды құжаттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, бағалау, ұйымдастыру және сақтау;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау;
- архивтерді және электрондық жазбаларды компьютерлік басқаруды жоспарлау және іске асыру;
- музейлерде және көркемөнер галереяларында көрмелерді ұйымдастыру, экспонаттарды жарнамалау және жалпы, жеке немесе біліми қызығушылық тудыратын экспонаттарды көрсету үшін арнайы витриналарды ұйымдастыру;
- зерттеу мақсаттарында архив жинақтарын құру және дамыту үшін аржив материалдарын бағалау және сатып алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Археограф

Архивариус (жалпы бейін)

Палеограф

Музей заттарын есепке алу жөніндегі маман

Сақтаушы (өнер туындылары)

2622 Кітапханашылар және ақпаратты сақтаумен байланысты тектес қызметтер саласындағы кәсіби мамандар

Кітапханашылар және ақпаратты сақтаумен байланысты тектес қызметтер саласындағы кәсіби мамандар кітапхана жинақтарын және басқа ақпараттық қоймаларды жинайды, іріктейді, толықтырады, ұйымдастырады және қызмет көрсетеді; басқа кітапхана қызметтерін ұйымдастырады және бақылайды және келушілерге ақпарат береді.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кітаптардың, мерзімді басылымдардың және басқа баспа, аудиовизуалдық немесе сандық материалдардың жүйеге келтірілген жинақтарын ұйымдастыру, толықтыру және қызмет көрсету;
- кітаптарды және басқа баспа немесе аудиовизуалдық және сандық материалдарды таңдау және сатып алу жөнінде ұсынымдар;
- кітапхана материалдарын ұйымдастыру, жіктеу және каталогтарға енгізу;
- кітапхана аралық абонементпен және ақпараттық желімен уақытша пайдалануға кітапхана қорларын беру жүйесіне жетекшілік ету;
- материалдарды қалпына келтіру және коммерциялық және басқа пайдаланушыларды жеке қорлардан немесе кітапханалық және ақпараттық желілерден алынған ақпаратпен қамтамасыз ету;
- пайдаланушылардың өзгеріп отыратын сұраныстарына сәйкес кітапханалық және ақпараттық қызметтерге зерттеулер жүргізу, талдау және өзгерту;
- ақпаратты сақтау, ұйымдастыру, жіктеу және іздеу жүйелерін және модельдерін әзірлеу және іске асыру;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау;
- бұқаралық ақпарат құралдарында қолмен, онлайн және интерактивті іздеуді жүргізу, кітапханааралық абонемент қызметтерін ұсыну және пайдаланушыларға кітапхана материалдарына қол жеткізуге жәрдемдесудің басқа да функцияларын орындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Библиограф

Кітапханашы

Кітапханашы-каталогшы

Видеотекарь (біліктілігі жоғары)

263-ШАҒЫН ТОП

ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛА ЖӘНЕ ДІН ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ МАМАНДАР

Гуманитарлық сала және дін жөніндегі кәсіби мамандар зертханалық жұмыс жүргізеді; тұжырымдарды, теорияларды және әдістерді жетілдіреді немесе әзірлейді; философиямен, саясатпен, экономикамен, социологиямен, антропологиямен, тарихпен, психологиямен және басқа қоғамдық ғылымдармен байланысты білімдерді практикалық қолданумен айналысады, сондай-ақ жекелеген адамдардың және отбасыларының қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: бар және болжалды экономикалық, саяси немесе әлеуметтік проблемаларды тұжырымдау мен іс жүзінде шешуді; өткен оқиғаларға және қызметке, сондай-ақ адамзаттың пайда болуына және эволюциясына зерттеулер жүргізу және талдауды; жеке тұлғаның және топтардың психикалық процестерін және мінез-құлқын зерттеуді; әлеуметтік қызметтер көрсетуді; ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындауды қамтиды. Міндеттер басқа қызметкерлерге басшылық етуді қамтуы мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2631 Талдаушы-зерттеушілер**
- 2632 Социологтар, антропологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары**
- 2633 Философтар, тарихшылар және саясаттанушылар**
- 2634 Психологтар**
- 2635 Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы кәсіби мамандар**
- 2636 Діни қайраткерлер**

2631 Талдаушы-зерттеушілер

Талдаушы-зерттеушілер макро- және микродеңгейде зертеулер, деректердің мониторингін жүргізеді, ақпарат талдайды және экономикалық және коммерциялық проблемаларды шешу үшін есептер және жоспарлар дайындайды, сондай-ақ экономикалық практика мен мінез-құлықты талдау, түсіндіру және болжамдау үшін модельдер әзірлейді. Олар ағымдағы немесе болжалды экономикалық және коммерциялық мәселелерді тұжырымдау мақсатында кәсіпкерлерге, мүдделі адамдар топтарына және үкіметтік органдарға консультация береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қысқа мерзімді бюджеттерді құру, ұзақ мерзімді жоспарлау және капитал салымдарын бағалау үшін экономикалық жағдайлардың өзгеруін болжау;
- ұсынымдар, экономикалық бағдарламалар және жоспарлар, корпоративтік стратегиялар және капитал салымдарын дайындау, сондай-ақ жобалардың техникалық-экономикалық жүзеге асырылу мүмкіндігін талдау;
- тиімділікті бағалау және кредит-ақша жәнесалық саясатына қатысты ұсынымдар беру үшін экономикалық деректерді мониторингілеу;
- өндірудің және тұтынудың алдығы деңгейлері, сондай-ақ жалпы экономикалық жағдайлар мен өндірістің жекелеген салаларының жай-күйі туралы құжаттаманың негізінде тауарлардың және қызметтердің белгілі түрлерін өндіруді және тұтынуды болжау;
- шығындардың және табыстардың, пайыздық мөлшерлемелер мен айырбас бағамдарының болжамдарын дайындау;
- экономикалық белсенділік, жұмысбастылық, еңбекақы, жұмыссыздық және еңбек нарығының басқа көрсеткіштерінің деңгейін анықтайтын факторларды талдау;
- экономикалық теорияларды тексеру және экономикалық проблемалардың шешімін табу үшін математикалық формулаларды және статистикалық әдістерді пайдалану;
- экономикалық теорияларды, сондай-ақ әртүрлі статистикалық және басқа әдістемелерді пайдалану арқылы экономикалық деректерді жинау, талдау және интерпретациялау;
- қоғамдық экономика және қаржы үшін саяси шешімдердің салдарын бағалау, сондай-ақ экономикалық саясат және өткен, қазіргі және күтілетін экономикалық факторлар және үрдістер аясында іс-қимыл бағытын таңдау мәселелері бойынша консультация беру;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау;
- жекелеген компаниялардың экономикалық қызметіне байланысты проблемаларды талдау;
- сауда көлемі және тауарларға және қызметтерге бағаларды анықтау, нарықтың әлеуетін және болашақ үрдістерді бағалау үшін, сондай-ақ болашақ стратегияларды әзірлеу үшін жергілікті, өңірлік немесе ұлттық деңгейде нарық конъюктурасына зерттеу жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Экономикалық мәселелер жөніндегі консультант

Экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесші

Экономист (жалпы бейін)

Шарттық және наразылық жұмысы жөніндегі экономист

Экономист, эконометрия

Жұмыспен қамту және әлеуметтік-еңбек мәселелері жөніндегі экономист

Операциялар жөніндегі талдаушы

Экономикалық талдаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Статистик – 2120

Қаржы талдаушысыгі - 2413

2632 Социологтар, антропологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары

Социологтар, антропологтар және тектес қызметтердің кәсіби мамандары қоғамдардың құрылымын, шығу тегін және дамуын, қоршаған орта жағдайлары мен адам қызметі арасындағы өзара байланысты зерттейді және сипаттайды. Олар экономикалық және әлеуметтік саясатты қалыптастырған кезде алынған нәтижелерді практикалық қолдану мәселелері бойынша консультация береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- адамзат қоғамының шығу тегі, құрылымы, әлеуметтік құрылысы, ұйымдары және қарым-қатынастары бойынша зерттеулер жүргізу;
- мәдени және әлеуметтік институттардың өзгеріп жатқан сипаттамаларын зерттеу жолымен адамзаттың пайда болуын және эволюциясын зерттеу;
- тұрғынжайлар, ғибадатханалар, құрал-саймандар, балшық бұйымдар, монеттер, қару-жарақ немесе мүсін сияқты бұрынғының материалдық қалдықтарын зерттеу жолымен адамзаттың дамуын талдау;
- аймақтардың және өңірлердің физикалық және климаттық аспектілерін зерттеу, осы факторлардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени қызметпен байланысын белгілеу;
- әлеуметтік құбылыстарды түсіндіру және сипаттау үшін теорияларды, модельдерді және әдістерді әзірлеу;
- әлеуметтік сала үшін саяси шешімдердің нәтижелерін бағалау;
- әлеуметтік деректерді талдау және бағалау;
- халық топтары және өңірлер үшін, сондай-ақ нарықты дамыту үшін экономикалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру кезінде алынған нәтижелерді практикалық қолдану мәселелері бойынша консультация беру;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Антрополог

Археолог

Географ

Социолог

Этнолог

2633 Философтар, тарихшылар және саясаттанушылар

Философтар, тарихшылар және саясаттанушылар адамзат тәжірибесінің және тіршілігінің табиғатына, адамзат тарихының кезеңдеріне немесе аспектілеріне, саяси құрылыстарға, қозғалыстарға және мінез-құлқына зерттеулер жүргізеді. Олар саяси және жеке іс-әрекеттерді хабарлау және қалыптастыру мақсатында алынған нәтижелер туралы есептерді құжаттайды және дайындайды.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қоғамның, адам қызметінің, тәжірибесінің және тіршілігінің ең ортақ себептерін, қағидаттарын және түсініктерін зерттеу, оның ішінде талқылау жолымен, сондай-ақ философиялық тұжырымдарды және теорияларды түсіндіру және дамыту;
- өткен оқиғалар туралы түпнұсқалық және қазіргі заманғы жазбалар сияқты түпдеректерді, сондай-ақ археологиялық және антропологиялық табылған заттар сияқты екіншілікті көздерді салыстыру және консультация беру;
- іске қатысы бар материалды іздеу, оның түпнұсқалығын тексеру, белгілі бір кезеңнің, елдің, өңірдің тарихын немесе белгілі тарихи аспектіні, мысалы, экономикалық, әлеуметтік немесе саяси, зерттеу және сипаттау;
- саяси философия, саяси жүйелердің, институттардың және мінез-құлықтың өткен және қазіргі теориясы және практикасы сияқты салаларда зерттеулер жүргізу;
- қазіргі заманғы саяси институттарды және пікірлерді зерттеу, үкіметтен және саяси партиялардан ресми тұлғалармен, сондай-ақ басқа мүдделі тұлғалармен әңгімелесулерді қою алғанда, олар бойынша әртүрлі дереккөздерден деректер жинау;
- адамзат тәжірибесінің табиғатын, сондай-ақ тарихи және саяси оқиғаларды және мінез-құлықты түсіндіру және сипаттау үшін теорияларды, модельдерді және әдістерді әзірлеу;
- жариялау немесе мемлекеттік саяси партиялардың немесе басқа ұйымдардың және мүдделі тұлғалардың пайдалануы үшін нәтижелерді және қорытындыларды ұсыну;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тарихшы

Саясаттанушы

Генеалогия жөніндегі маман

Философ

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Саяси талдаушы – 2421

Оқытушы, доцент, тарих профессоры, ЖОО - 2312

Тарих оқытушысы, колледж - 2332

2634 Психологтар

Психологтар ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді және психикалық процестерін және адамдардың жеке тұлғалар және топтар ретінде мінез-құлқын зерттейді, сондай-ақ осы білімдерін жеке, әлеуметтік, білімдік немесе кәсіптік өзгерістерді жоспарлау және дамыту мақсатында қолданады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- интеллектіні, қабілетті, бейімділікті, мүмкіндіктерді және т.б. қоса алғанда, психикалық, физикалық және басқа сипаттамаларды анықтау үшін тестілерді жоспарлау және өткізу, нәтижелерін түсіндіру және бағалау, сондай-ақ консультация беру;
- тұлғаның ойлау қабілетіне және мінез-құлқына тұқым қуалаушылықтың, әлеуметтік, кәсіптік және басқа факторлардың әсерін талдау;

- жеке адамдармен және топтармен консультациялар немесе терапевтік әңгімелесу өткізу, сондай-ақ кейінгі бақылауды жүргізу;
- қажетті байланыста болу, оның ішінде отбасы мүшелерімен, оқу орындарының басшыларымен немесе жұмыс берушілермен, сондай-ақ проблемалардың мүмкін шешімдеріне және реттеуге қатысты ұсынымдар;
- психикалық ауруларды, сондай-ақ эмоционалдық және жеке бас бұзушылықтарын диагностикалау, емдеу және алдын алу кезінде психологиялық факторларды зерттеу, сондай-ақ тектес кәсіптердің кәсіби мамандарымен осы мәселелер бойынша консультациялар өткізу;
- ғылыми құжаттаманы және есептерді дайындау;
- дайындық деңгейін тексеру үшін тестілерді, оқытушылар оқу бағдарламаларының әдістерін және мазмұнын жоспарлау процесінде пайдалануы үшін диагностикалық және болжамдық тестілерді әзірлеу;
- лауазымдық міндеттерге, жұмыс топтарына, моральдық жағдайға, уәждемеге, қадағалауға және басқаруға байланысты сауалнамалар және зерттеулер жүргізу;
- адамның мінез-құлқын түсіндіру және сипаттау үшін теорияларды, модельдерді және әдістерді әзірлеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженерлік психология жөніндегі маман

Психолог, өнеркәсіптік

Психолог педагог

Спорттық психолог

Еңбек және ұйымдастыру психологиясы жөніндегі психолог

Мектеп психологі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дәрігер-психиатр – 2212

Психикалық денсаулық консультанты - 2635

2635 Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы кәсіби мамандар

Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы кәсіби мамандар әлеуметтік және жеке проблемаларға жауап ретінде жеке адамдарға, отбасыларына, топтарға, қауымдастықтарға және ұйымдарға ұсынымдар мен нұсқауларды қамтамасыз етеді. Олар клиенттерге жұмыссыздық, кедейлік, мүгедектік, зиянды әдеттер, қылмыстық және құқыққа қайшы мінез-құлық, ерлі-зайптылық және басқа проблемалар салдарынан пайда болатын проблемаларды шешуге қажетті дағдыларды дамытуға және ресурстарға және көмек көрсету қызметтеріне қолжетімділік алуға көмектеседі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- орын алған жағдайды және проблемаларды бағалау және қызметтің қандай түріне қажеттілік бар екенін анықтау мақсатында отбасыларының қатысуымен клиенттермен жеке негізде әңгіме немесе ұжымдық әңгіме өткізу;
- клиенттердің жағдайларын талдау және оларға проблемаларды шешудің балама тәсілдерін ұсыну;

ҚР МЖ 01-2017

- сотқа беру үшін немесе басқа процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру үшін аурулардың тарихын немесе есептерді дайындау;
- консультацияларды, емдеуді және делдалдық қызметтерді қамтамасыз ету, сондай-ақ клиенттерге олардың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу үшін қажетті дағдыларын және түсінігін дамытуға жәрдемдесу мақсатында топтық іс-шараларды өткізу;
- дағдарысты жағдайларына араласуды және қаржылай көмек, заңдық көмек көрсететін, тұрғын үй беретін, медициналық көмек және басқа қызметтер көрсететін агенттіктерге жіберуді қоса алғанда, клиенттерге көмектесу бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру;
- теріс немесе немқұрайлы пайдалану жағдайларын тергеп-тексеру және қатерге ұшыраған балаларды және басқа адамдарды қорғау үшін шаралар қолдану;
- құқық бұзушылардың қоғамдастыққа ықпалдасуына және одан әрі бұзушылықтарға жол бермеу үшін өзінің қарым-қатынасын және міне-құлқын өзгертуге көмектесу мақсатында жазаны орындау кезінде және одан кейін олармен жұмыс істеу;
- құқық бұзушы қамауға алуға, қамаудан босатуға немесе баламалы түзету шараларын қолдануға жататынын әлде жатпайтындығын және жататын болса, қандай шарттармен екенін анықтауға көмектесу үшін түрме бастықтарына және түрмеге қамау және мерзімінен бұрын босату жөніндегі комиссияларға ұсынымдар береді;
- клиенттердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу мақсатында қауымдастықтардағы клиенттер топтарының мүдделерін қорғау және білдіру;
- қауымдастықтар қажеттіліктеріне сәйкес алдын алу бағдарламаларын және араласу шараларын әзірлеу;
- клиент жағдайы және істің жай-күйі туралы ақпарат беру және жауап алу үшін клиенттерге қатысы бар әлеуметтік қамсыздандырудың басқа органдарымен, білім беру мекемелерімен және медицина жұмыскерлерімен байланыста болу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Шартты түрде сотталғандарды қадағалау жөніндегі инспектор

Кәсіптік оңалту жөніндегі консультант

Нашақорлармен және маскүнемдермен жұмыс істеу жөніндегі консультант

Балалардың денсаулығын қорғау жөніндегі маман

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (жалпы бейін)

Отбасы және неке мәселелері жөніндегі терапевт

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Психолог – 2634

Әлеуметтік қызметкер – 3412

2636 Діни қайраткерлер

Діни қайраткерлер рухани дәстүрлерді, дін практикаларын және догмаларын сақтаушылар ретінде болады. Олар діни қызметтерді жүргізеді, діни культ немесе діни сенім нормаларына сәйкес діни жораларды өткізеді немесе орындайды, рухани және моральдық тәлімгерлікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ ұстанатын дінге сәйкес келетін басқа функцияларды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- рухани дәстүрлерді, практикаларды және дін догмаларын сақтау;
- діни қызметтерді, жораларды және рәсімдерді орындау;
- діни ұйымдардың комитеттеріне және жиналыстарына қатысуды қоса алғанда, әртүрлі әкімшілік және қоғамдық міндеттерді орындау;
- ұстанатын дініне сәйкес рухани және моральдық тәлімгерлікті қамтамасыз ету;
- өз елінде немесе шетелде діни нанымдарды тарату;
- діни уағыздарды дайындау және оқу;
- діни оқу курстарын және діни білім бағдарламаларын әзірлеу және жетекшілік ету;
- тұлғааралық, қаржылық, діни проблемаларға және денсаулық проблемаларына байланысты жекелеген адамдарға өсиет айту;
- графиктерді құру және шатырлы лагерьлерді, конференцияларды, семинарларды және көшпелі семинарларын қоса алғанда, арнайы іс-шараларға қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бонза

Имам

Миссионер

Пуджари

Раввин

Дін қызметшісі

Теолог

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Культтық ұйымдардың діни атағы жоқ қызметшілері – 3413

Ескертпелер

Діни қоғамдастықтардың жұмысы басқа кәсіптерге тән міндеттерді, мысалы мұғалім, мейіргер немесе әлеуметтік қызметкерлер ретінде міндеттерді орындаумен байланысты мүшелері мұндай жұмысқа тән міндеттер мен міндеттемелерге сәйкес ескеріледі.

ҚР МЖ 01-2017
264-ШАҒЫН ТОП

ЖАЗУШЫЛАР, ЖУРНАЛИСТЕР ЖӘНЕ ЛИНГВИСТЕР

Жазушылар, журналистер және лингвистер әдеби туындыларды шығарады және жасайды; жаңалықтарды және қоғамдық оқиғаларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіреді және таратады; бір тілден екінші тілге жазбаша немесе ауызша аударуды жүзеге асырады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: әдеби туындыларды жазуды; әдеби және басқа өнер туындыларының сапасын бағалауды; ағымдағы оқиғалар туралы ақпарат жинауды және оларды сипаттауды; газеттердің, теледидардың, радионың және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жаңалықтарды және қоғамдық оқиғаларды іздеу, тергеп-тексеру, интерпретациялау және таратуды; бір тілден екінші тілге жазбаша аударуды жүзеге асыруды; бір тілден екінші тілге синхрондық аударуды жүзеге асыруды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2641 Жазушылар, ақындар және басқа әдебиетшілер**
- 2642 Журналистер**
- 2643 Филологтар, аудармашылар және басқа лингвистер**

2641 Жазушылар, ақындар және басқа әдебиетшілер

Жазушылар, ақындар және басқа әдебиетшілер жоспарлар жасайды, зерттеулер жүргізеді және жариялау немесе ұсыну үшін кітаптар, сценарийлер, кадрларға бөлу, пьесалар, эсселер, баяндамалар, нұсқаулықтар, ерекшеліктер және басқа журналистік емес мақалаларды (газеттерге, журналдарға және басқа мерзімді басылымдарға арналған материалдарды қоспағанда) жазады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жариялау немесе ұсыну үшін романдарды, пьесаларды, сценарийлерді, өлеңдерді және басқа материалдарды ойластыру, жазу және редакциялау;
- фактілерді анықтау мен басқа да қажетті ақпаратты алу үшін зерттеулер жүргізу;
- қойылымдардың сценарийлері мен мәтіндерін жазу және театрда, радиода және теледидарда қою үшін бағдарламалар дайындау;
- ерекшеліктерді, ескертпелерді және сызбалардықоса алғанда, материалды талдау және пайдалану жөніндегі нұсқауларды, нұсқаулықтарды, пайдаланушы нұсқауларын және бағдарламалық камсыздандыруды, электрондық, механикалық және басқа да жабдықты орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету процесін нақты әрі қысқаша түсіндіруге арналған басқа да құжаттарды дайындау;
- брошюралар, жол нұсқаулықтары мен ұқсас техникалық басылымдарды жазу;
- жариялау үшін материалдарды таңдау, стильін, грамматикасын және мазмұнының дәлдігін тексеру, барлық қажетті түзетулерді келісу мен жариялау алдында сынамалы баспатаңбаларын тексеру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сценарий авторы

Драматург

Киносыншы

Очеркші

Жазушы

Жазушы-романшы

Ақын

Кітап редакторы

Мәтін құрастырушы

Техникалық мәтіндерді құрастырушы

Сілтемелерді жасаушы

Сценарист

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қоғаммен байланыс жөніндегі мәтіндерді құрастырушы – 2431

Журналист – 2642

Газета редакторы – 2642

2642 Журналистер

Журналистер қоғамдық оқиғалар туралы жаңалықтар мен ақпаратты зерттейді, тергеп-тексереді, газет, теледидар, радио және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіреді және таратады. .

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сұхбат, тергеп-тексеру және бақылау, қоғамдық іс-шараларға қатысу, құжаттарды іздеу, жазба туындыларға шолу жасау, фильмдерге және сахналық көріністерге бару арқылы жергілікті, ұлттық және халықаралық жаңалықтарды жинау;
- газеттерге және мерзімді басылымдарға жариялау үшін немесе радио, теледидар немесе Интернет желісі арқылы беру үшін есептерді жинау, құру және жаңалықтарға және ағымдағы оқиғаларға комментарийлер дайындау;
- жаңалықтардың және басқа құжаттарды алу, талдау және дәйектілігін тексеру;
- радио, теледидар немесе Интернет басылымдары үшін жазылған жеке сұхбаттарды қоса алғанда, баспасөз конференцияларындағы немесе басқа іс-шаралардағы саяси және басқа қоғам қайраткерлерімен сұхбаттасу;
- медицина, ғылым және техника сияқты арнайы салалардағы оқиғалардың дамуы туралы зерттеулер жүргізу және есептерді жасау;
- редакциялық мақалалар жазу және қоғам қызығушылығын тарту және жарияланым немесе эфирлік материал туралы пікір білдіру үшін өзекті проблемалар бойынша комментарийлер дайындау;
- газеттер, теледидар, радио және басқа бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзінің білімдерінің, пайымдарының және тәжірибесінің негізінде әдеби, музыка және басқа өнер туындыларына сыни шолуларды дайындау;
- жариялау үшін материал таңдау, стилін, грамматикасын, мазмұнының дәлдігі мен заңдылығын тексеру, сондай-ақ барлық қажеті түзетулерді келісу;
- басып шығару алдында соңғы корректураны тексеру үшін өндірістік персоналмен байланыста болу;
- баспада жариялау, радиодан, теледидардан және басқа бұқаралық ақпарат құралдарынан беру үшін алдында іскерлік немесе басқа ұйымдар туралы жарнама материалдарын таңдау, іріктеу және дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Газет репортері

Бақуаттылар туралы хабарлар журналисі

Тілші

Газет редакторы

Теледидар/радио жаңалықтарының репортері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қоғаммен байланыс жөніндегі маман – 2431

Ақын – 2641

Кітап редакторы – 2641

Репортаж фотографы - 3431

Видеооператор – 3521

2643 Филологтар, аудармашылар және басқа лингвистер

Филологтар, аудармашылар және басқа лингвистер бір тілден екінші тілге жазбаша және ауызша аудармаларды орындайды және тілдердің шығу тегін, дамуын және құрылымын зерттейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ежелгі тілдер мен тілдердің қазіргі заманғы топтары арасындағы қатынасты зерттеу, сөздердің, грамматикалық және тілдік нысандардың шығу тегін және эволюциясын анықтау, сондай-ақ нәтижелері туралы есептер жазу;
- тілдік жіктеулер жүйелерін, грамматикаларды, сөздіктерді және ұқсас материалдар дайындау немесе олар жөнінде консультация беру;
- бір тілден екінші тілге жазбаша аудару, түпнұсқаның дұрыс мағынасының түгелдігін, заңдық, техникалық немесе ғылыми жұмыстар аудармасының дұрыстығын, сондай-ақ әдеби туындылардың фразеологиясын, терминологиясын, бағытын және стилін барынша дәл жеткізуді қамтамасыз ету;
- аудармалардың өнімділігін және сапасын арттыру мақсатында компьютерлерді және басқа инструментарийді пайдалануға арналған әдістемелерді дамыту;
- бір ауызша немесе ымдау тілінен екінші ауызша немесе ымдау тіліне ауызша аудару, әсіресе жиналыстарда, отырыстарда және осыларға ұқсас іс-шараларда, сондай-ақ түпнұсқаның мәнін және бағытын барынша дұрыс жеткізуді қамтамасыз ету;
- аударылған материалды редакциялау және түзету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Лингвист

Аудармашы (жазбаша)

Ауызша сөйленісті аударушылар

Синхрондық аудармашы

Аудармашы-дактилолог

Сурдоаудармашы

Филолог

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Кітап редакторы – 2641

Журналист – 2642

ҚР МЖ 01-2017
265-ШАҒЫН ТОП

СУРЕТШІЛЕР ЖӘНЕ МҮСІНШІЛЕР

Суретшілер және мүсіншілер идеяларды, әсерлерді және фактілерді әртүрлі жеткізгіштердің көмегімен ерекше әсерге қол жеткізу үшін таратады; туындыны орындау немесе қою мақсатында партитураны немесе сценарийді қоса алғанда, туындыларды түсіндіреді; бұқаралық ақпарат құралдары үшін қызығушылық тудыратын көріністер мен басқа да іс-шараларды өткізеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бейнелер өнерінің нысандарын ойластыруды және жасауды; тың музыканы ойластыру мен жазуды; музыкалық, би, тетр қойылымдарын және кино туындыларын ойластыру, қою, репетицияларын өткізу және орындауды; телевизиялық бағдарламаларды, фильмдерді және театр қойылымдарын шығаруға байланыстышығармашылық, қаржылық және ұйымдастырушылық жауапкершілікті өзіне алуды; сценарийлерді, пьесаларды немесе кітаптарды зерделеу ен олардың интерпретациясын дайындауды және репециялар өткізуді; тарату, қоғамдық ақпарат қызметінің жарнамасын және хабарландыруларын шығару үшін музыканы, видеожазбаларды және көркемдік материалдарды іріктеу және ұсынуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 2651 Суретшілер және мүсіншілер**
- 2652 Музыканттар, әншілер және композиторлар**
- 2653 Бишілер және хореографтар**
- 2654 Режиссерлер және продюсерлер**
- 2655 Актерлер**
- 2656 Жүргізушілер, комментаторлар және дикторлар**
- 2659 Б.т.к өнер қайраткерлері**

2651 Суретшілер және мүсіншілер

Суретшілер және мүсіншілер өнер туындыларын жасайды және орындайды, мүсіндер жасайды, тасты қашап сурет салады, бояулармен сурет салады, сурет салады, мультфильмдер жасайды, нақыштайды немесе басқа тәсілдерді пайдаланады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кескіндемелерге, суреттерге және мүсіндерге арналған идеяларды, конструктивтік шешімдерді және стильдерді ойлап табу және әзірлеу;
- объектілерді орналастыру, модельдерді қою және таңдалған тақырыпқа сәйкес ландшафтарды және басқа көру нысандарын таңдау;
- көркем безендіруді, әдісті және материалдарды таңдау;
- бейнелерді немесе абстрактылы үш өлшемді немесе бедерлі пішіндерді бейіндеу, ою және өңдеу арқылы, сондай-ақ ағаш, тас, саз, металл, мұз немесе қағаз сияқты материалдарды үйлесімді пайдаланып жасау;
- қарындаштарды, сияларды, борды, майлы бояуларды, акварельді пайдаланып, немесе аппликацияларды немесе басқа тәсілдерді пайдаланып, бейнелерді немесе абстрактілі суреттерді және картиналарды жасау;
- суреттерді жасау және оларды металда, ағашта немесе басқа материалдарда нақыштау немесе өрнектеу;
- адамдарды және оқиғаларды бейнелейтін мультипликацияларды, көбінесе карикатура түрінде жасау;
- зақымданған, ластанған және өңі кеткен картиналарды және басқа өнер туындыларын қалпына келтіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Карикатурист

Скульптор

Суретші

Суретші-кескіндемеші

Суретші-иллюстратор

Суретші-реставратор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өнеркәсіп бұйымдар дизайнері – 2163

Жарнама жөніндегі суретші – 2166

Өнер оқытушысы (қосымша білім) – 2373

2652 Музыканттар, әншілер және композиторлар

Музыканттар, әншілер және композиторлар музыкалық композицияларды жазады, аранжирлейді, сүйемелдейді және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- идеяларды және сезімдерді музыка арқылы білдіру үшін әуенді, үйлесімді және ырғақты құрылымдарды жасау;
- шығару және орындау үшін идеяларды және тұжырымдарды стандартты музыкалық белгілерге және символдарға түрлендіру;

ҚР МЖ 01-2017

- әуенді белгілі бір инструменталдық немесе вокалдық топтар, аспаптар немесе іс-шаралар үшін бейімдеу немесе аранжирлеу;
- инструменталдық немесе вокалдық топтарға дирижирлеу;
- көріністер үшін музыканы таңдау және аспаптық партияларды музыканттарға бекіту;
- жеке орындаушы (солист) немесе оркестр немесе музыкалық топ мүшесі ретінде бір немесе бірнеше музыкалық аспапта ойнау;
- жеке орындаушы немесе вокалдық топтың немесе басқа ұжымның мүшесі ретінде ән айту;
- жоғары ән айту мастерлігін қолдау үшін жаттығулар және репетициялар өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аккомпаниатор

Ән және би ансамблінің әртісі

Оркестр әртісі

Хор әртісі

Әртіс-вокалист (опералық және камералық)

Дирижер

Композитор

Концертмейстер

Әнші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Эстрадалық вокал оқытушысы, колледж – 2334

Музыка мектебінің оқытушысы – 2373

2653 Бишілер және хореографтар

Бишілер және хореографтар билерді ойластырады, жасайды немесе орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сюжет, тақырып, идея немесе көңіл-күй белгілі бір би паларымен, қозғалыстарымен және қимылдарымен берілетін билерді ойлап табу және жасау;
- билерді солист ретінде, әріптесімен немесе би ұжымының қатысушысы ретінде аудиторияның алдында немесе фильм, теледидар немесе ақпараттың басқа визуалдық жеткізушілері үшін орындау;
- қабілеттің қажетті деңгейін және физикалық пішінді қолдау үшін жаттығу, дене шынықтыру және би сабақтарына бару;
- көрініске қажетті би паларын және тәсілдерін қайталау үшін жаттығуларға жетекшілік ету және қатысу;
- кандидаттарды би рөлдеріне немесе би ұжымдарының қатысушыларына қарау;
- музыкалық туындылар өндірісін музыкалық жетекшілермен үйлестіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Балет әртісі

Балетмейстер

Хореограф

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Оқытушы, доцент, балет профессоры, ЖОО – 2314

Бал билері оқытушысы, қосымша білім– 2373

2654 Режиссерлер және продюсерлер

Режиссерлер және продюсерлер кинофильмдердің, телевизиялық немесе радио бағдарламаларының және сценалық қойылымдардың өндірісін қадағалауды жүзеге асырады және олардың техникалық және көркемдік аспектілерін бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жазушыларды таңдау, көркемдік интерпретацияны әзірлеу үшін сценарийлерді зерделеу, сондай-ақ актерлерге ойын әдістерін түсіндіру;
- актерлерді іріктеуді, костюмдерге, декорацияларға, дыбыстық және жарықтық әсерлерге қатысты соңғы шешім қабылдауды қоса алғанда, сахнада, теледидарда, радиода немесе кинофильмдерде драмалық қойылымдардың барлық аспектілеріне жетекшілік етеу;
- көріністерді, кинофильмдерді, телевизиялық шоуларды және радио бағдарламаларды дайындаудың әртүрлі сатыларын және кезеңдерін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау;
- барлық техникалық персоналды жалдау және қадағалау, сондай-ақ өндіріс тәсілдерін, ауқымын және графиктерін айқындау;
- өндіріс архивтерін жүргізу және лицензиялық төлемдерді талқылау;
- жазба, видеожазба үшін сценарийлерді жасау, жоспарлау немесе жазу, сондай-ақ бағдарламаларды редакциялау;
- декорациялардың, реквизиттің, сондай-ақ жарықтық және дыбыстық аппаратураның орналасуын қадағалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Дыбыс режиссері

Кинорежиссер

Суретшінің құрамалық түсірулер жөніндегі ассистенті

Қоюшы оператор

Деректі фильмдер режиссері

Қоюшы режиссер

Компьютер ойындар продюсері

Телевизиялық және кинофильмдер продюсері

Телевизиялық/радио жаңалықтары продюсері

Театрдың қоюшы суретшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бейне операторы – 3521

Дыбыстық жазба операторы – 3521

Монтажер (біліктілігі орташа) - 3521

ҚР МЖ 01-2017

2655 Актерлер

Актерлер кинофильмдерде, телевизиялық немесе радио қойылымдарында және сахналық қойылымдарда рөлдерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өлеңдерді, репликаларды есте сақтау немесе сахнада, жарнамада, теледидарда, радиода немесе кинофильмдерде драмалық қойылымдарда рөлдерді орындау;
- драматургпен немесе автор жасалан рөлге кіру және осы рөлді көрермендерге ұсыну;
- тыңдармандарды оқыту немесе көңілін көтеру үшін хикаяларды айтып беру және әдеби туындыларды дауыстап оқу;
- рөлдерге қарауға және тыңдауға қатысу;
- қоюшы режиссерлердің бақылауымен немесе жетекшілігімен репетициялар жасау арқылы көріністерге дайындалу;
- рөлді, тақырыпты және мінез ерекшеліктерін түсіну үшін сценарийлерді оқу және зерттеу;
- репечия сатысында дайындалған рөлдерді фильмдерде, телевизиялық, радио қойылымдарда және сахналық қойылымдарда ойнау және ұсыну.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Актер

Драма әртісі

Мимикалық ансамбль әртісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дубляж актері – 2656

Арқанда жүруші – 3440

Каскадер – 3439

2656 Жүргізушілер, комментаторлар және дикторлар

Жүргізушілер, комментаторлар және дикторлар жаңалықтарға шолуды оқиды, сұхбат жүргізеді және радиода, теледидарда, театрларда және басқа мекемелерде немесе бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру немесе анаонстар жасайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- радиода немесе теледидарда жаңалықтардың шолуларын немесе басқа хабарландыруларды оқу;
- өнер қайраткерлерін немесе сұхбат алынып жатқан адамдарды таныстыру, радиода және теледидарда, түнгі клубтарда және басқа мекемелерде тиісті хабарландыруларды оқу;
- әртүрлі адамдардан жұрт алдында сұхбат алу, оның ішінде радиода және теледидарда;
- бағдарламаға немесе сұхбатқа дайындалу мақсатында анықтамалық материалдарды зерттеу;
- музыкалық туындыға және ауа-райы жағдайларын немесе жол қозғалысын қоса алғанда, басқа мәселелер жөнінде реценция беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Дубляж актері
Жаңалықтар бағдарламасын жүргізуші
Ток-шоу жүргізушісі
Радиохабар тарату редакциясының дикторы
Спорт комментаторы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Журналист – 2642
Драма әртісі - 2655

2659 Б.т.к өнер қайраткерлері

Бұл бастауыш топ *265 Суретшілер және әртістер* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін өнер қайраткерлерін қамтиды. Мысалы, бұл топқа клоундар, акробаттар және басқа өнер қайраткерлері кіреді.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне кіреді:

- ойынпаздық және күлкілі оқиғаларды айтып беру;
- иллюзиялар, фокустар, трюктар көрсету және гипноз арқылы көрермендердің көңілін көтеру;
- күрделі және әсерлі акробаттық, гимнастикалық нөмірлер көрсету және жонглирлеу;
- жануарларды баптау және олардың қатысуымен өнер көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

"Сатира" жанрының әртісі
Әртіс-әуе гимнасты
Спорт-акробаттық жанр әртісі
Цирк әртісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мимикалық ансамбль әртісі – 2655

ТЕХНИК МАМАНДАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал ғылыми немесе көркем тұжырымдар мен жұмыс әдістерін әзірлеумен және қолданумен, сондай-ақ мемлекеттік басқарумен немесе бизнесті ұйымдастырумен байланысты техникалық және мазмұны бойынша міндеттерді орындайды. Осы негізгі топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың үшінші деңгейін талап етеді.

Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: физикалық ғылымдар, оның ішінде техника мен технология, жаратылыстану ғылымдары, оның ішінде медицина, сондай-ақ қоғамдық ғылымдар мен гуманитарлық саладағы тұжырымдар мен әдістерді әзірлеумен және қолданумен байланысты техникалық жұмысты орындауды; мемлекеттік заңдар мен қағидалардың сақталуын, сондай-ақ әлеуметтік жұмысты қоса алғанда, саудамен, қаржымен, басқарумен байланысты әртүрлі техникалық қызметтерді ұйымдастыру мен орындауды; өнер және ойын-сауық саласында техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруды; спорт қызметіне қатысуды; діни салада кейбір функцияларды орындауды қамтиды. Сонымен қатар басқа жұмыскерлерді қадағалауды жүзеге асыруы мүмкін.

Аталған негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 31 Ғылым мен техника саласындағы техник мамандар**
- 32 Денсаулық сақтау саласындағы техниктер, орта медициналық және фармацевтикалық персонал**
- 33 Экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі кәсіби көмекші персонал**
- 34 Құқықтық, әлеуметтік жұмыс, мәдениет, спорт және тектес қызметтер саласындағы кәсіби көмекші персонал**
- 35 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы техник мамандар**

31-КІШІ ТОП**ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИК МАМАНДАР**

Ғылым мен техника саласындағы техник мамандар ғылыми-техникалық салада қолданылатын тұжырымдар мен оперативтік әдістерді әзірлеумен және қолданумен байланысты техникалық міндеттерді орындайды. Олар пайдалы қазбаларды өндірудің техникалық және пайдаланушылық аспектілеріне, өндірістік процестерге, құрылысқа және басқа техникалық жұмыстарды орындауға, сондай-ақ кемелер мен ұшақтардың жабдығын қоса алғанда, техникалық жабдықты пайдалануға қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың үшінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: аспаптар мен жабдықтарды жасау, бақылау және пайдалануды, жүйелерге сынақтар мен эксперименттер және мониторинг жүргізуді; үлгілерді жинау мен тестілеуді; бақылауларды тіркеу мен деректерді талдауды; техникалық сызбалар мен схемаларды дайындау, түзету және қолдануды; басқа қызметкерлердің қызметін үйлестіру, бақылау, басқару және жоспарлауды; коммутаторларды, автоматтандырылған басқару жүйелерін және технологиялық процестерді басқарудың көп функциялы тетіктерін пайдалану мен мониторинг жүргізуді; су және әуе кемелері мен басқа жабдықтың қауіпсіз және тиімді қозғалысын және пайдаланылуын қамтамасыз ету бойынша техникалық функцияларды орындауды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 310 Инженерлердің көмекшілері**
- 311 Физика және техника ғылымдары саласындағы техниктер (1)**
- 312 Физика және техника ғылымдары саласындағы техниктер (2)**
- 314 Биологиядағы, ауыл және орман шаруашылығындағы кәсіби көмекші персонал**
- 315 Құрлық, әуе, теңіз және су көлігі техниктері мен диспетчерлері**
- 316 Сапаны бақылау және еңбекті қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстарының инспекторлары**

ҚР МЖ 01-2017
310-ШАҒЫН ТОП

ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ КӨМЕКШІЛЕРІ

Инженерлердің көмекшілері конструкцияларды, машиналар мен жабдықты жобалауға, инженерлердің басшылық етуімен инженерияда операторлық әдістерді әзірлеуге қатысады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жаңа өнімдерді әзірлеуде көмек көрсетуді; өндірістік процестерді әзірлеу немесе жетілдіруді; конструкцияларды, машиналар мен жабдықты өндіруді, пайдалануды, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді техникалық қадағалауда көмек көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3101 Инженер-электротехниктерді қоспағанда, инженерлердің көмекшілері**
- 3102 Инженер-электротехниктердің көмекшілері**

3101 Инженер-электротехниктерді қоспағанда, инженерлердің көмекшілері

Инженер-электротехниктерді қоспағанда, инженерлердің көмекшілері сынақтарды әзірлеуге, жоспарлауға, ұйымдастыруға, құрылыстарды, механизмдер мен олардың компоненттерін, өндірістік жүйелерді және өндірістік инженерлердің басшылық етуімен қондырғыларды салуға, орнатуға, техникалық қызмет көрсетуге қатысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- технологиялық процестер жүйелерін, азаматтық құрылыс объектілерін, механикалық жабдықтар мен жүйелерді, тау-кен және бұрғылау жұмыстарын, сондай-ақ басқа да техникалық жобаларды жоспарлау мен жобалауда көмек көрсету;
- ғимараттардың, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау және тасымалдау жүйелерінің құрылысын, сондай-ақ жабдықты, механизмдер мен қондырғыларды дайындауды, орнатуды, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді қадағалауда көмек көрсету;
- техниканың әртүрлі салаларында жобалық және пайдаланымдық проблемаларды шешуге қатысу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженер-механиктің көмекшісі

Өндірісті дайындау жөніндегі инженердің көмекшісі

Инженер-технологтың көмекшісі

Инженер-химиктің көмекшісі

Мұнай-газ ісі инженерінің көмекшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер-электриктің көмекшісі - 3102

Инженер-электрониктің көмекшісі - 3102

Техник-технолог - 3112

Техник-құрылысшы - 3113

Техник-механик (жалпы бейін) - 3115

Техник-химик - 3116

3102 Инженер-электротехниктердің көмекшілері

Инженер-электротехниктердің көмекшілері басшылық етуімен электрондық, электрлік және телекоммуникациялық жүйелерді, компоненттерді, қозғалтқыштар мен жабдықты пайдалану бойынша жұмысқа қатысады. Олар электрлік және электрондық агрегаттар мен жүйелердің өнімділігі мен қауіпсіздігін бақылау мақсатымен бақылау жүйесін ендіруге көмек көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- электрлік, электрондық және телекоммуникациялық бұйымдар мен жүйелерге техникалық қызмет көрсетуде және жөндеуде көмек көрсету;
- электр энергиясын шығаратын, тарататын және бөлетін электр станциялары мен жүйелерді жобалауға қатысу;
- электрлік, электрондық және телекоммуникациялық жүйелер мен жабдықтың өнімділігі мен қауіпсіздігін қадағалауда көмек көрсету.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инженер-электриктің көмекшісі

Инженер-электрониктің көмекшісі

Телекоммуникациялар жөніндегі инженерлердің көмекшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер-механиктің көмекшісі - 3101

Инженер-құрылысшының көмекшісі - 3101

Инженер-технологтың көмекшісі - 3101

Техник-электрик - 3121

Техник-электроник - 3122

311-312-ШАҒЫН ТОПТАР**ФИЗИКА ЖӘНЕ ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКТЕР**

Физика және техника ғылымдары саласындағы техниктер инженер ісі, техникалық сызу (құрастыру) немесе өндірістік процестердің экономикалық тиімділігі сияқты салаларды қоса алғанда, жұмыс тұжырымдарын, қағидаттары мен әдістерін, оның ішінде физикалық ғылымдар саласында зерттеу және практикалық қолдану кезінде көмек көрсету мақсатында техникалық міндеттерді орындайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: химия, физика, геология, метеорология, астрономия, инженер ісі және техникалық жобалау саласында техникалық жұмыстар жүргізуді; құралдар мен жабдықты баптау, пайдалану және қызмет көрсетуді, осы эксперименттерге мониторинг жүргізуді, бақылаулар, сондай-ақ есептеулер жүргізу мен нәтижелерін жазып алуды; эксперименттер жүргізуге арналған материалдарды дайындауды; жүйелерді сынақтан өткізуді; үлгілерді жинау мен тестілеуді; бақылауларды тіркеу мен деректерді талдауды; техникалық сызбаларды, электрлік схемаларды, платаларды құрастыру схемаларын дайындау, тексеру және пайдалануды немесе сызбалардың эскиздерін дайындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3111 Химия және физика ғылымдары саласындағы техниктер**
- 3112 Өнеркәсіп пен өндірістегі техниктер**
- 3113 Техник-құрылысшылар**
- 3114 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техниктер**
- 3115 Техник-механиктер**
- 3116 Химия өндірісі техниктері**
- 3117 Тау-кен техниктері, техник-металлургтер және тектес қызметтер саласындағы техник мамандары**
- 3118 Мұнай-газ ісінің техниктері**
- 3121 Техник-электриктер**
- 3122 Техник-электроншылар**
- 3124 Сызшылар**
- 3129 Б.т.к. физика және техника ғылымдары саласындағы техниктер**

ҚР МЖ 01-2017

3111 Химия және физика ғылымдары саласындағы техниктер

Химия және физика ғылымдары саласындағы техниктер химия, физика, геология, геофизика, метеорология және астрономия саласында зерттеулер жүргізу кезінде, сондай-ақ өнеркәсіпте, медицинада, әскери және басқа салаларда алынған нәтижелерді практикалық қолдану процесінде көмек көрсету мақсатында техникалық міндеттерді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- үлгілерді жинау және эксперименттер, тестер мен талдаулар үшін материалдар мен жабдықты дайындау;
- аса қарапайым және жақсы пысықталған зертханалық тестілер жүргізу, зерттеуші ғалымдар химиялық және физикалық зерттеулер, әзірлемелер, талдаулар мен тестілер жүргізген кезде оларға көмек ретінде әртүрлі техникалық функцияларды орындау;
- үлгілердің сыңқтарын жүргізу кезінде пайдаланылатын зертханалық шығыс материалдарының сапасы мен санын бақылау, материалдарды пайдалануды бақылау және берілген техникалық талаптарға сәйкес жобаны іске асыру үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарын алдын ала бағалауды дайындау;
- зертханалық құралдар мен жабдықты пайдалану және қызмет көрсету, эксперименттер мен сынақтарды мониторингілеу, бақылаулар, сондай-ақ есептеулер жүргізу және нәтижелердің жазбаларын тіркеу;
- үлгілерді мұздату, жасау және химиялық заттарды араластыру сияқты эксперименттерге арналған материалдарды дайындау;
- геологтар мен геофизиктерге көмек ретінде топырақ пен судың сынамаларын алу және тексеру, бақылауларды жазу және деректерді талдау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Техник-геодезист

Техник-геолог

Техник-геофизик

Техник-дозиметрист

Техник-физик

Техник-химик (жалпы бейін)

Кадастр жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Химия технологиясы жөніндегі техник - 3116

Техник-химик (мұнай және газ) – 3116

Техник-биолог – 3141

3112 Өнеркәсіп пен өндірістегі техниктер

Өнеркәсіп пен өндірістегі техниктер өнеркәсіптік кәсіпорындарда жабдық пен машиналарды шығару, сондай-ақ жасау, модификациялау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша зерттеулер саласындағы техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қажетті техникалық тапсырмаларға, сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес жедел іс- шараларды орындау;
- өнім бойынша техникалық құжаттарды, техникалық сипаттамаларды оқу және зерттеу және басқасы;
- технологиялық және зауыттық жабдық пен машиналарды жоспарлы жөндеуді жүзеге асыру;
- технологиялық, зауыттық жабдық пен машиналардың ақауларын анықтау және ақаулықтарын жою.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Өндірістік процестерді автоматтандыру жөніндегі техник

Өндірісті дайындау жөніндегі техник

Сапаны бақылау қызметінің технигі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер-технолог - 2141

3113 Техник-құрылысшылар

Техник-құрылысшылар азаматтық құрылыс, ғимараттарды және сумен жабдықтау және кәріз жүйелері, көпірлер, жолдар, бөгеттер және әуежайлар сияқты құрылыстарды жобалау, салу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша зерттеулер саласында техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- топырақ пен құрылыс материалдарына далалық және зертханалық сынақтар жүргізу кезінде сынақтарды орындау және көмек көрсету;
- ғимараттар мен басқа құрылыстарды салумен, сынақтау жүргізумен немесе тексеру нәтижелері туралы баяндамалар дайындаумен байланысты техникалық көмек көрсету;
- техникалық ерекшеліктердің, қолданыстағы заңнаманың және нормативтік ережелердің, сондай-ақ жұмыстарды орындау мен қолданылатын материалдардың белгіленген стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- туындайтын проблемаларды анықтау мен шешу мақсатымен практикада азаматтық құрылыстың инженерлік қағидаттары бойынша техникалық білімдерін қолдану;
- жобаны белгіленген техникалық талаптарға сәйкес орындау үшін материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнын дәл бағалауды жүргізуге көмек көрсету;
- техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыру;
- құрылыс саласындағы заңнамаға сәйкестігін, жіктелуін, аймақтандырылуын және қауіпсіздігін, сондай-ақ бекітілген жоспарларға, ерекшеліктерге, стандарттарға және ғимараттардың сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты басқа нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылыс кезінде және аяқталғаннан кейін ғимараттар мен құрылыстарды тексеру;
- өртке қарсы қауіпсіздік шараларының сақталмауын анықтау үшін өнеркәсіптік кәсіпорындарды, қонақ үйлерді, кинотеатрларды және басқа ғимараттар мен құрылыстарды тексеру және оларды жою бойынша ұсынымдар беру;
- өрт сөндіру детекторлары мен өрт сөндіру жүйелерін орнату, сондай-ақ ғимараттар мен көлік құралдарының құрылысы кезінде өрттің туындау қаупін, ол орын алған жағдайда

ҚР МЖ 01-2017

қауіптің ауқымын және залалды төмендететін материалдарды пайдалану мәселелері бойынша консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Азаматтық құрылыс жөніндегі техник

Құрылысшы техник

Ғимараттар мен құрылыстарды жобалаушы техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ерекшеліктер мен сметалар жөніндегі инженерлер - 2149

Техник-механик (жалпы бейін) - 3115

3114 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техниктер

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техниктер адам қызметінің қоршаған ортаға теріс зардаптарының алдын алу, бақылау және жою бойынша зерттеулер саласында, оның ішінде құрылыс және қалдықтарды кәдеге жарату саласында техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеу жұмысын жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау және құрылыс және қалдықтарды кәдеге жарату саласын қоса алғанда, адам қызметі түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау саласындағы мамандарға көмек көрсету;
- судың, ауаның немесе топырақтың сапасын бақылау, басқару немесе қалпына келтіру үшін жүйелерді, процестер мен жабдықты жобалау кезінде инженерлерге техникалық көмек көрсету;
- табиғатты қорғау заңнамасының бұзушылықтарын және табиғи ресурстардың ұтымды емес жұмсалудың, қоршаған ортаға зиян келтіру фактілерін немесе қауіпін анықтау мақсатымен өнеркәсіптік және коммуналдық кәсіпорындарды тексеру;
- жабдықтың техникалық күйінің қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;
- ластану деңгейлерін анықтау мақсатымен қоршаған ортаның сынамаларына зертханалық талдауларды орындау;
- әзірленген нұсқаулықтарға сәйкес зертханалық жабдық пен құралдардың жарамды күйін бақылау, тексеру және реттеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қоршаған ортаның ластануына мониторинг жүргізу жөніндегі техниктер

Қалдықтарды азайту жөніндегі техник

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техник

Экология жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Эколог - 2133

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженерлер - 2143

Техник-геодезист - 3111

Техник-геолог - 3111

3115 Техник-механиктер

Техник-механиктер машина жасау саласында зерттеулер жүргізу кезінде, сондай-ақ машиналарды, тораптар мен механикалық жабдықты жобалау, дайындау, монтаждау, құрастыру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- машина жасауды зерттеу мен дамыту және жаңа механикалық құрылыстарды жасау, оларды орнату және жиынтықтау, сондай-ақ қолданыстағы аналогтарды тестілеу саласында техникалық көмек көрсету;
- белгіленген техникалық параметрлерге сәйкес машиналар мен механикалық жүйелердің, жабдық пен жиынтықтаушы материалдардың макеттерін жобалау және жасау;
- белгіленген ерекшеліктерге сәйкес жабдықты шығару мен монтаждау үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнына толық бағалау дайындау;
- ерекшеліктер мен қағидаларға сәйкес қанағаттанарлық жұмыс істеуі мақсатында машиналар мен механикалық қондырғыларды дайындауға, монтаждауға, пайдалануға, қызмет көрсету мен жөндеуге техникалық бақылауды қамтамасыз ету;
- кемелердің корпустарына, кеме жабдығы мен жүктерге қатысты теңіздегі барлау жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздік қағидаларан, стандарттары мен рәсімдерін әзірлеу және сақталуын бақылау;
- жаңа және жетілдірілген механикалық тораптарды, жиынтықтаушы бұйымдарды, станоктар мен бақылау құралдарын, сондай-ақ гидроэнергетикалық жүйелерді монтаждау және орнату;
- механикалық жүйелерге сынақтар жүргізу, алынған деректерді жинау және талдау, сондай-ақ инженер-механиктерге көмек көрсету үшін механикалық тораптарды жинау және орнату;
- қолданыстағы ерекшеліктердің, қағидалар мен шарт талаптарының негізінде механикалық конструкцияларды жобалауды бастаудан аяқтауға дейін жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Әуе кемелерін (әуе кемелерінің жүйесін) пайдалану жөніндегі авиация технигі (механигі)

Құрал-сайман жөніндегі техник

Борт технигі

Ауаны кондиционирлеу жөніндегі техник

Техник-автомобиль жасаушы

Техник-механик (жалпы бейін)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қозғалтқыштарды жинаушы – 8211

Ұшу аппараттарын жинаушы – 8211

3116 Химия өндірісі техниктері

Химия өндірісі техниктері химиялық технологиялар саласында зерттеулер жүргізу кезінде, сондай-ақ химия зауыттарының жабдығын жобалау, дайындау, құрастыру,

ҚР МЖ 01-2017

пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жаңа өнеркәсіптік химиялық процестерді, қондырғылар мен жабдықты зерттеу және әзірлеу, сондай-ақ қолданыстағы аналогтарын тестілеу процесінде техникалық көмек көрсету;
- белгіленген техникалық талаптарға сәйкес химиялық кәсіпорындардың макеттерін әзірлеу және дайындау;
- белгіленген ерекшеліктерге сәйкес химиялық жабдықты шығару мен монтаждау үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнының толық бағалауларын дайындау;
- ерекшеліктер мен қағидаларға сәйкес қанағаттанарлық жұмыс істеуі мақсатында химиялық жабдық пен қондырғыларды дайындауды, монтаждауды, пайдалануды, қызмет көрсету мен жөндеуді техникалық бақылауды қамтамасыз ету;
- қатты, сұйық және газ тәрізді материалдардың сандық және сапалық параметрлерін талдау процесінде ғалымдар мен инженерлерге көмек көрсету үшін химиялық және физикалық зертханалық сынақтар жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Химия технологиясы жөніндегі техник

Электр химиялық қорғаныс жөніндегі техник

Техник-химик (мұнай және газ)

Мұнай тазарту жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-химик (жалпы бағдар) – 3111

3117 Тау-кен техниктері, техник-металлургтер және тектес қызметтер саласындағы техник мамандары

Тау-кен техниктері, техник-металлургтер және тектес қызметтер саласындағы техник мамандары металлургия саласында зерттеулер мен эксперименттер жүргізу кезінде, пайдалы қазбаларды өндіру және алу әдістерін жетілдіру кезінде, сондай-ақ кеніштерді, шахталар мен шахталық жабдықты, сондай-ақ кендерден металл алуға арналған жабдықты жобалау, салу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу процесінде техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- металдар мен жаңа қорытпалардың қасиеттерін айқындау процестерін зерттеу және жетілдіру процесінде инженерлерге техникалық көмек көрсету;
- геологиялық және топографиялық түсірілімдер жүргізу, қатты пайдалы қазбаларды жобалау мен өндіру кезінде, көлік жүйелерін, пайдалы қазбалар мен металдар алу мен қайта өңдеуге арналған жабдықты әзірлеу мен белгілеу кезінде мамандарға техникалық көмек көрсету;
- пайдалы қазбаларды іздеу, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау бойынша жобаларды іске асыру үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнының толық бағалауларын дайындау;

- минералды кендерді өндіруге, тасымалдау мен сақтауға арналған жабдықты және қондырғыларды салу, монтаждау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде нормативтік қамтамасыз ету мен қауіпсіздік техникасына техникалық бақылауды, бақылауды қамтамасыз ету;
- кеніштерді, шахталарды, тоннельдерді және алғашқы жәрдем көрсетудің жерасты пункттерін жобалау мен жоспарлау кезінде қосалқы жұмыстарды орындау;
- тау жыныстарын, минералды және металл кендердің үлгілерін алу және дайындау, олардың қасиеттерін анықтау, сынақ жабдығын тестілеу және қызмет көрсету нәтижелерін талдау және ұсыну үшін зертханалық зерттеулер жүргізу;
- микроскоптарды, электромагниттік сәулелендіру машиналарын, спектрометрлерді, спектрографтарды, денситометрлерді және кернеуді анықтау құралдарын пайдалана білу;
- қажетті мәліметтерді, оның ішінде металл кеніштерді өндірудің әлеуетті көздерін анықтауға қатысты мәліметтерді алу үшін зертханалық және өндірістік қызмет жағдайында электрлі, ультрадыбыстық немесе радиациялық өлшеу құралдарын пайдалану кезінде зерттеушілерге техникалық көмек және қолдау көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тау-кен технигі

Бұрғылау, тау-кен жұмыстары жөніндегі механик

Көмір өндіру жөніндегі техник

Техник-металлург

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-геолог – 3111

Күкірт өндіру және су құю ұңғымаларының операторы – 8113

Шахтер – 8113

3118 Мұнай-газ ісінің техниктері

Мұнай-газ ісінің техниктері мұнай-газ ісі саласында зерттеулер мен эксперименттер жүргізу, ұңғымаларды бұрғылау, мұнай мен табиғи газды өндіру, сақтау және тасымалдау әдістерін жетілдіру кезінде, сондай-ақ жабдықты, мұнай мен табиғи газды тасымалдау және сақтау жүйелерін жобалау, құрылысын салу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу процесінде техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ұңғымаларды бұрғылау, мұнай мен газды өндіру, сақтау және тасымалдау саласында зерттеулер жүргізуде инженерлерге техникалық көмек көрсету;
- мұнай және газ құбырларын бұрғылау мен мұнай құбырларын және мұнай-газ қоймаларын салуға арналған жаңа технологиялар мен техникалық құралдарды жобалау кезінде зерттеушілерге техникалық көмек пен қолдау көрсету;
- мұнай және газды тасымалдау, сақтау және қайта өңдеу жабдығы мен жүйелерін монтаждау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде нормативтік қамтамасыз ету мен қауіпсіздік техникасына бақылауды, техникалық бақылауды қамтамасыз ету;
- технологиялық жабдықты сынақтан өткізуге, жұмысы мен жөнделуін талдауға қатысу;

ҚР МЖ 01-2017

- мұнай мен табиғи газды іздеу, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау бойынша жобаларды іске асыру үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнының толық бағалауларын дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бұрғылау жөніндегі техник

Мұнай мен газ өндіру жөніндегі техник

Мұнай мен газды дайындау және тасымалдау жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мұнай мен газды өндіру операторы - 8112

Мұнай айдау станциясының операторы - 8112

3121 Техник-электриктер

Техник-электриктер электр техникасы, сондай-ақ электр жабдығын, электр энергиясын тарату құралдары мен жүйелерін жобалау, дайындау, монтаждау, салу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу саласындағы техникалық тапсырмаларды орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жаңа электр техникалық жабдық пен құрылыстарды зерттеу және әзірлеу немесе олардың қолданыстағы аналогтарын тестілеу процесінде техникалық көмек беру;
- берілген техникалық параметрлерге сәйкес электр қондырғыларының сызбалары мен схемаларын жобалау және дайындау;
- белгіленген техникалық параметрлерге сәйкес жабдықты шығару мен монтаждау үшін қажетті материалдық және еңбек шығындардың саны мен құнының толық бағалауларын дайындау;
- электрлік жүйелерді және ерекшеліктер мен қағидаларға сәйкес қанағаттанарлық жұмысын қамтамасыз етуге арналған жабдықты дайындау, монтаждау, пайдалану, қызмет көрсету мен жөндеуге техникалық бақылауды қамтамасыз ету;
- жаңа электрлік жабдық пен жүйелерді орнату әдістерін жоспарлау, қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін орнатудың аяқталғандығын тексеру, бастапқы іске қосуды бақылау немесе жүзеге асыру;
- қағидаларға және жұмыс қауіпсіздігі талаптарына сәйкес электр техникалық жабдық пен қондырғыларды монтаждау, іске қосу, тестілеу, салыстыру, жетілдіру және жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Техник-жылу технигі

Техник-энергетик

Техник-электрик

Техник-электротехник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-электроник – 3122

Электр жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер – 7413

3122 Техник-электроншылар

Техник-электрониктер электроникадағы зерттеулер саласында, сондай-ақ электрондық жабдықты жобалау, дайындау, монтаждау, салу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде техникалық міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- зерттеулер жүргізу және жаңа электрондық жабдықты әзірлеу кезінде техникалық көмек көрсету немесе олардың әрекет етуші аналогтарын тестілеу;
- белгіленген техникалық параметрлерге сәйкес электрондық схемалардың сызбаларын жобалау және дайындау;
- белгіленген техникалық параметрлерге сәйкес электрондық жабдықты шығару мен монтаждау үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнының толық бағалауларын дайындау;
- ерекшеліктер мен қағидаларға сәйкес қанағаттанарлық жұмысын қамтамасыз ету мақсатында электрондық жабдықты дайындауға, монтаждауға, пайдалануға, қызмет көрсету мен жөндеуге техникалық бақылауды қамтамасыз ету;
- электрондық жүйелерді жобалауда, әзірлеуде, орнатуда, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуде көмек беру;
- жаңа электрондық жабдық пен жүйелерді орнату әдістерін жоспарлау, қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін орнатудың аяқталуын тексеру, бастапқы іске қосуды бақылау немесе жүзеге асыру;
- электрондық жүйелерге сынақтар жүргізу, алынған деректерді жинау және талдау, инженер-электрониктарға көмек көрсету үшін электрондық схемаларды жинау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Құралдар мен электр құралдары жөніндегі авиация механигі

Радио-, телетарату жөніндегі техник мамандар

Техник-бағдарламашы

Техник-электроник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-электрик – 3121

Телекоммуникациялық жабдық жөніндегі техник – 3522

Электрондық жабдықты жинаушы – 8213

3124 Сызушылар

Сызушылар эскиздер, өлшеулер және басқа деректер бойынша техникалық сызбалар, карталар мен иллюстрациялар, сондай-ақ гальваноклише мен баспа нысандарына арналған сызбалар мен иллюстрациялардың көшірмелерін дайындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- машиналар мен жабдықты дайындау, монтаждау және ретке келтіру үшін немесе ғимараттарды, бөгеттерді, көпірлерді, жолдар мен басқа сәулеттік және инженерлік құрылыстарды салу, пайдалану және жөндеу үшін инженерлер мен конструкторлар әзірлеген эскиздер мен ерекшеліктер бойынша жұмыс сызбаларын дайындау және тексеру;

ҚР МЖ 01-2017

- сызбаларды жасау, редакциялау және басып шығару және цифрлық форматта жұмыс сызбаларын дайындау үшін автоматтандырылған жобалау жүйелерін пайдалану;
- цифрландырылған жұмыс сызбаларын басқа нысанға, ал карталар мен басқа суреттерді цифрлық түрге аудару үшін компьютерлік немесе басқа жабдықты пайдалану;
- машиналарды, басқа жабдық пен бұйымдарды жинау, монтаждау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша анықтамалық басылымдар, брошюралар және техникалық анықтамалықтар үшін иллюстрациялар дайындау және тексеру;
- сызуларды көшіру және суреттерді басу үшін тас және металды нысанға ауыстыру;
- зауыттарда, электр станциялары мен ғимараттарда электр техникалық жабдықты өндіру, монтаждау және жөндеу үшін пайдаланылатын графиктер мен диаграммаларды, құрастыру схемалары мен алдын ала сызбаларды дайындау;
- жабдық пен механикалық құрылғылардың толық жұмыс схемаларын, оның ішінде мөлшерлерін, бекіту әдістерін және басқа техникалық ақпаратты көрсете отырып жасау;
- жұмыс сызбалары ретінде пайдалану үшін аяқталған сызбаларды көшіруді ұйымдастыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Чертежник (жалпы бағдар)

Авиация чертежнігі

Чертежник-конструктор

Чертежник-механик

Чертежник-электрик

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Картограф – 2165

Топограф – 2165

3129 Б.т.к. физика және техника ғылымдары саласындағы техниктер

Осы бастауыш топ *311-312 Физика және техника ғылымдары саласындағы техниктер* шағын топтарының басқа бастауыш топтарға кірмейтін физика және техника ғылымдар саласындағы техниктерді қамтиды. Мысалы, топ қауіпсіздікті қамтамасыз ету, медициналық-биологиялық, экологиялық проблемаларды шешу бойынша рәсімдер әзірлеумен немесе зерттеулер жүргізумен айналысатын, сондай-ақ өнеркәсіптік және өндірістік қамсыздандырудың басқа салаларының ғалымдары мен инженерлеріне техникалық көмек көрсететін мамандарды қамтиды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- персоналды, материалдар мен жабдықты тиімді, қауіпсіз және ұтымды пайдалануға; жұмыс әдістері мен операциялар реттілігіне, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылауға; зауыттың немесе кәсіпорынның тиімді орналасуына қатысты деректерді жинау және техникалық қолдауды қамтамасыз ету;
- жазатайым оқиғалардың қаупін анықтауға және қауіпсіздік қағидалары мен құралдарын енгізуге көмек көрсету;

- қоршаған ортаның ластануының алдын алу, бақылау және қалпына келтіру, ластанған учаскелерді қалпына келтіру және жерлердің мелиорациясы үшін пайдаланылатын жабдық пен құралдарға жетілдірулерді енгізу және сынақтар жүргізу;
- инженерлердің басшылық етуімен қоршаған ортаның ластануының алдын алу және қалпына келтіру бойынша көмек көрсету;
- автоматты жабдық пен робот техникасын тестілеуде және әзірлеуде инженерлерге көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Криминалдық зертхана технигі
Материалтану жөніндегі техник
Техник-құюшы
Техник-оптик
Техник-ядрошы
Тамақ өнеркәсібі технологы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өндірістегі инженер – 2141
Ерекшеліктер мен сметалар жөніндегі инженерлер – 2149
Ұшақтардың қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі техник – 3115
Техник-механик (жалпы бейін) - 3115

**БИОЛОГИЯДАҒЫ, АУЫЛ ЖӘНЕ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӘСІБИ
КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ**

Биологиядағы, ауыл және орман шаруашылығындағы кәсіби көмекші персонал биологияда, ботаникада, зоологияда, биотехнология мен биохимияда, сондай-ақ ауыл және орман шаруашылықтарында және балық аулауда табиғатты сақтау мен қорғау бойынша зерттеулер, әзірлемелер, жұмыстар жүргізу кезінде кәсіби мамандарға көмек көрсете отырып, биология ғылымдары (өмір туралы ғылымдар) саласында бірқатар техникалық тапсырмаларды орындайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: сынақтар мен эксперименттер, зертханалық талдаулар, далалық зерттеулер жүргізуді және қабылданған ғылыми әдістерді пайдалану арқылы ақпарат жинауды; есеп жүргізуді; талдамалы материалдарды жинақтауға жәрдемдесу мен есептер дайындауды; жабдықты пайдалану және техникалық қызмет көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3141 Биологиялық зерттеулер саласындағы техник мамандар (орта медициналық персоналды қоспағанда)

3142 Ауыл шаруашылығындағы кәсіби көмекші персонал

3143 Орман шаруашылығы және ағаш дайындау өндірісі жөніндегі техник мамандар

3141 Биологиялық зерттеулер саласындағы техник мамандар (орта медициналық персоналды қоспағанда)

Биологиялық зерттеулер саласындағы техник мамандар (орта медициналық персоналды қоспағанда) кәсіби мамандар тірі ағзаларға зерттеулер, талдаулар жүргізген кезде, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны, өсімдіктер және жануарлар әлемін (флора мен фауна) қорғауға, микробиологияға, жасушалық және молекулярлық биологияға қатысты зерттеулер нәтижесінде алынған білімдерді меңгеру және қолдану процесінде биологиялық ғылымдар (өмір туралы ғылымдар) саласындағы кәсіби мамандарға техникалық қолдау көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- эксперименттерді жобалауда, ұйымдастыру мен өткізуде көмек көрсету;
- зертханалық құралдар мен жабдықты жинау, баптау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету;
- үлгілерді, химиялық ерітінділерді, эксперименттерде пайдалану үшін өсіп тұрған дақылдардың зертханалық кесінділерін алу және дайындау;
- дәстүрлі далалық және зертханалық сынақтарды орындау;
- рәсімдердің сапасын дұрыс зертханалық бақылаудың сақталуын, денсаулықтың және қауіпсіздік техникасының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында эксперименттер жүргізуді мониторингтеу;
- сынақтарға, талдамалық, есептік, есептемелік жұмыстарға қадағалау жүргізу, тиісті ғылыми әдістерді пайдалану арқылы зерттеу нәтижелері туралы есептілік құрастыру;
- үлгілерді сақтау, жіктеу және каталогтау;
- орындалған жұмыстардың егжей-тегжейлі журналдарын жүргізу;
- үлгілерді әзірлеу және деректерді талдау үшін компьютерлерді пайдалану;
- жұмыстарды орындау үшін күрделі және жоғары дәлдікті жабдықты пайдалану;
- зерттеулерге, әзірлемелерге және өнімдер мен процестердің өндірісіне қатысу; зертханалық жабдықтарды ретке келтіру және сақтау; тиісті дерекқорларды жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Клиникалық зерттеу үйлестірушісі

Техник-бактериолог

Техник-зоолог

Техник-фармаколог

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Фармацевт (орта біліктілігі бар) - 3213

3142 Ауыл шаруашылығындағы кәсіби көмекші персонал

Ауыл шаруашылығындағы кәсіби көмекші персонал зерттеулер мен эксперименттер жүргізуге қатысады, сондай-ақ агроном-ғалымдарға, фермерлер мен шаруашылық басшыларына техникалық және ғылыми қолдау көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- эксперименттер, сынақтар мен талдаулар жүргізу үшін материалдар мен жабдықты дайындау;

ҚР МЖ 01-2017

- эксперименттер, сынақтар мен талдаулар жүргізу үшін (топырақтың, өсімдік немесе жануар жасушаларының, жануарлар тіндерінің немесе органдарының) үлгілер алу және дайындау;
- микроскопия, гистология, хроматография, электрофорез және спектроскопия сияқты әдістер мен әдістемелерді қолдану негізінде эксперименттер, сынақтар мен талдаулар жүргізуге көмек көрсету;
- өсімдіктер мен жануарлар үшін зиянкестер болып табылатын патогенді микроорганизмдер мен жәндіктерді, паразиттерді, зәңдер мен арамшөптерді анықтау, сондай-ақ бақылау әдістерін әзірлеуге көмек көрсету;
- өнім сапасына жету және сақтау мақсатында талдаулар жүргізу;
- ағымдағы жұмыс жоспарларын жүргізу немесе орындалуын бақылау (балық өсіру зауытының, жылыжайдың, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жоспарларын);
- сапасын, тазалығы мен өнгіштігін бағалау үшін тұқымдардың үлгілерін талдау;
- жобаларды іске асыру үшін қажетті материалдық және еңбек шығындарының саны мен құнын бағалау және деректерді жинау;
- зерттеу жабдығына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді ұйымдастыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Агроном (біліктілік деңгейі орташа)

Сүт өнімдері өндірісінің зоотехнигі

Техник-агроном (бағбан)

Техник-құсшы

Бағбан-техник

Техник-фермерлер (мал шаруашылығы)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ветеринариялық техник – 3240

Ветеринариялық фельдшер - 3240

3143 Орман шаруашылығы және ағаш дайындау өндірісі жөніндегі техник-мамандар

Орман шаруашылығы және ағаш дайындау өндірісі жөніндегі техник мамандар орман шаруашылығы және орманды пайдалану, ағаш дайындау, орман ресурстарын сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласында зерттеулер жүргізу кезінде техникалық және қадағалау функцияларын орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ормандарды түгендеуді, жалпы қабылданған ғылыми және өндірістік рәсімдерді сақтау арқылы тексерулер мен далалық өлшеулер жүргізу;
- фотограмметрлік, картирлеу әдістерін, сондай-ақ автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы ағаштарды өсіру (қалпына келтіру) бойынша орманды пайдалануды және жоспарлар құруды жүзеге асыру процесінде техникалық функцияларды орындау кезінде көмек көрсету;
- кіреберіс жолдары мен орман жолдарын жоспарлау кезінде көмек көрсету және құрылысын қадағалау;

- техникалық функцияларды орындау, сондай-ақ учаскелер дайындаумен, ағаштар отырғызумен және отырғызылған ағаштарға күтім жасаумен байланысты орман шаруашылығы операцияларын жүзеге асыру процесін бақылау;
- ағаш көлемдерін анықтау, орман өрттерімен, аурулармен және зиянкес жәндіктермен күресу немесе орман көшеттерін алдын ала коммерциялық бағалау сияқты іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыру;
- ағаш дайындау жұмыстарын орындау кезінде техникалық функцияларды қадағалау және орындау;
- қағидалардың сақталуын және қоршаған ортаны қорғау саясатын іске асыруды, орман ресурстарын пайдалануды, өрт қауіпсіздігін сақтауды және жазатайым оқиғалардың алдын алуды қамтамасыз ету;
- орман питомниктерінде орман шаруашылығы қызметін бақылау;
- ағаштың сапасын жақсартуға, ағаш өсіруге және бақтарды отырғызуға, жәндіктермен және аурулармен күресуге, орман шаруашылығы және орман инженериясы саласында тексерулер немесе эксперименттер жүргізуге қатысты орман шаруашылығын дамытудың зерттеу бағдарламаларын іске асыруға техникалық қолдауды жүзеге асыру;
- ағаш өсіру және кесу жоспарларын дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Орманды ұдайы өндіру және ағаш өсіру жөніндегі техник

Техник-ағаш өсіруші

Техник-таксатор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер-таксатор – 2132

Қорықшы - 5419

Ағаш кесуші - 6210

Автоматтандырылған орман көлігінің операторы - 8341

ҚР МЖ 01-2017

315-ШАҒЫН ТОП

ҚҰРЛЫҚ, ӘУЕ, ТЕҢІЗ ЖӘНЕ СУ КӨЛІГІ ТЕХНИКТЕРІ МЕН ДИСПЕТЧЕРЛЕРІ

Құрлық, әуе, теңіз және су көлігі техниктері мен диспетчерлері осы көлік құралдарының қауіпсіз және тиімді қозғалысын қамтамасыз ету, сондай-ақ электрлік, электромеханикалық және қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйелерін жетілдіру бойынша техникалық функциялар мен әрекеттерді орындайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: кеме бортында механикалық, электрлік және электрондық жабдықтың жұмысын бақылауды, теңіз немесе әуе кемелеріне қолбасшылық ету және навигациялауды, теңіз немесе әуе кемелерінің қозғалысын басқару мен электрлік, электромеханикалық және қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйелерін жетілдіруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3151 Тасымалдар жөніндегі супервайзерлер

3152 Кеме және авиация штурмандары

3154 Авиация диспетчері

3155 Ұшақтардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техник-электрониктер

3156 Теңіз қозғалысы диспетчері

3157 Құрлық көлігі диспетчерлері

3159 Б.т.к. көлік жөніндегі диспетчерлер және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер

3151 Тасымалдар жөніндегі супервайзерлер

Тасымалдар жөніндегі супервайзерлер құрлық, су, әуе көліктік операциялары бойынша қызметтерді басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- операциялардың реттілігі мен жабдықты пайдалануды анықтау;
- жұмыс күшіне қажеттілікті бағалау;
- қызметтердің жұмыскерлерінің міндеттерін анықтау;
- жұмыста проблемаларды талдау және шешу;
- құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру;
- жұмыскерлерге бақылауды жүзеге асыру және оларға жұмыста көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ұшу құрамын оқыту жөніндегі үйлестіруші

Бортсеріктер қызметін үйлестіруші

Жолаушылар автомобиль көлігі қызметін бақылаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Барж бақылаушысы - 3159

Теміржол қоймасын бақылаушы - 3159

Ескертпелер

Супервайзер – еңбек қызметінің түрлі салаларында басқа жұмыскерлер мен қызметшілерге қадағалауды, сондай-ақ ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын адам.

3152 Кеме және авиация штурмандары

Кеме және авиация штурмандары әуе кеңістігінде, теңізде, ішкі және жағалаудағы суларда кемелердің навигациясын жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- барлық карталар мен қажетті құралдарды дайындауды қосқанда, теңізде және ішкі суларда кемелердің рейсін жоспарлау;
- ұшу жоспарын дайындау және бекіту немесе ұшудың стандартты жоспарын қарастыру;
- навигациялық жабдықтың жұмыс істеуін бақылау;
- навигациялық карталар мен анықтамалық құралдарды заманауи деңгейде қолдау;
- порттарға кірген және шыққан кезде арналар, бұғаздар мен арнайы білімдер қажет болатын басқа су жолдары арқылы өткен кезде кемелерді басқару;
- жұмысы процесінде туындайтын проблемаларды анықтау және шешу үшін кемелердің навигациясы саласында теориялық және практикалық білімдерді қолдану;
- қажетті сертификаттарға қол қою және рейстер мен ұшулар туралы ресми есептер (журналдар) жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ұшу стандарттары жөніндегі менеджер

Штурман (флоттағы)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Кеме капитаны - 2171

ҚР МЖ 01-2017

Ұшақ пилоты - 2172

Авиация диспетчері - 3154

Матрос – 8350

3154 Авиация диспетчері

Авиация диспетчері радио, радарлық және жарықтық жүйелерді пайдалану арқылы әуе кеңістігі мен жерде әуе кемелерінің қозғалысын басқарады, сондай-ақ ұшулар бойынша ақпаратты ұсынады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- әуе кемелерінің қозғалысын басқару және әуежайға жақындаған кезде және әуежайдан ұшқан кезде, сондай-ақ жерде оны бақылау;
- әуе кеңістігінің белгілі бір секторындағы әуе кемелерінің қозғалысын басқару және бақылау;
- ұшулардың жоспарларын қарастыру және бекіту;
- ұшу экипаждары мен қызмет көрсететін персоналға ауа-райы жағдайлары, аппараттура жұмысы, ұшу жоспарлары мен әуе кемелерінің қозғалысы туралы ақпараттандыру;
- туындайтын проблемаларды анықтау және шешу мақсатымен әуе қозғалысын басқару процесінде теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды қолдану;
- апатты-құтқару, іздеу-құтқару шаралары мен рәсімдерін бастамалау және жүргізу;
- ұшу-қону жолақтарының аумағында немесе жанында барлық әуе кемелері мен қызметтік көлік құралдарының қызметін басқару;
- басқару мұнараларымен, басқару тораптарының терминалдарымен және жақын жатқан аудандардағы әуе кемелерінің қозғалысын басқару мен үйлестірудің басқа орталықтарымен радио- және телефон байланысын қолдау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Авиация диспетчері

Қозғалыс қызметінің диспетчері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Авиация штурманы - 3152

3155 Ұшақтардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техник-электрониктер

Ұшақтардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техник-электрониктер әуе қозғалысын басқарудың аэронавигациялық жүйелерін жобалау, орнату, басқару, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша техникалық тапсырмаларды орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- электрондық және компьютерлік аэронавигациялық жүйелер мен жабдықты дамытумен, сондай-ақ әрекет етуші үлгілерді сынақтан өткізумен байланысты техникалық міндеттерді орындау;
- нақты аэронавигациялық жүйелер мен ұшуларды бақылау жүйелерін әзірлеу мен орналастыруға техникалық көмек көрсету;
- шығыстардың сметаларын дайындау немесе анықтауға қатысу; қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әуе қозғалысы мен жабдықты басқаруға үйретудің техникалық ерекшеліктері мен қағидаларын әзірлеу;

- стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жерүсті аэронавигациялық жабдықтың құрылысына, монтаждау мен пайдаланылуына, оған техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді техникалық қадағалауды жүзеге асыруда көмек көрсету;
- әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыс процесінде туындайтын проблемаларды анықтау және жою үшін теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды қолдану;
- жүйелік бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу, жетілдіру және ретке келтіру;
- қолданыстағы жерүсті аэронавигациялық жүйелер мен жабдықты жетілдіру және әуе кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, әуе қозғалысын басқару жүйелерінің сенімділігі мен бүтіндігін арттыру, мүмкіндіктерін кеңейту мақсатымен әуе қозғалысын басқарудың жаңа рәсімдеріне оларды бейімдеу;
- әуе қозғалысын қадағалау үшін навигация, байланыс құралдары мен жабдықты бақылау, мониторингілеу және сертификаттау, ұшудың, шарықтау мен қонудың ең жоғары дәлдігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жерүсті аэронавигациялық жүйелерді салыстырып тексеру;
- басқа жұмыскерлердің техникалық дайындығын қамтамасыз ету және бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Авиациялық қауіпсіздік техникі

Ұшу ақпаратын өңдеу жөніндегі техник

Радиолокация, радионавигация және байланыс жөніндегі техник

Әуе кемелерінің ресурсы мен олардың жабдығын есепке алу жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Борт инженері – 2144

Инженер-электроник – 2152

3156 Теңіз қозғалысы диспетчері

Теңіз қозғалысы диспетчері радио мен радарды пайдалану арқылы кемелерді бағыттайды. Олар кемелердің қауіпсіз және тиімді қозғалуы мен пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін ақпарат пен бағыттар ұсынады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кемелердің қозғалысы туралы толық ақпаратты жағалаудағы және кеме персоналына ұсыну;
- олардың неғұрлым тиімді және ұтымды пайдаланылуын ескере отырып жұмыс түрлері бойынша кемелерді орналастыруды бақылауды жүзеге асыру;
- кемелердің қозғалыс бағыттарын анықтау;
- су көліктік операцияларын қадағалауды жүзеге асыру;
- бағдар бойынша рейстерді үйлестіру және бақылау;
- теңізде кемелердің соқтығысудың алдын алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Флот жөніндегі диспетчер

Порт диспетчері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Штурман (флотта) – 3152

ҚР МЖ 01-2017

3157 Құрлық көлігінің диспетчерлері

Құрлық көлігінің диспетчерлері құрлық көлігінің жүргізушілері мен машинистерінің жұмысын ұйымдастырады және тасымалдар жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құрлық көлігінің жүргізушілері мен машинистерінің жұмысын және олардың тасымалдар жоспарын орындауын ұйымдастыру және бақылау;
- көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдау;
- жүргізушілер мен машинистерге метеорологиялық жағдайларды ескере отырып, бағдарларда тасымалдау қағидалары мен ерекшеліктері туралы нұсқау өткізу.
- тасымалдарға келісілген жедел басшылық етуді қамтамасыз ету үшін клиенттермен, тиеу-түсіру пункттерімен өзара әрекет ету;
- құрлықтағы көлікті жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Автомобиль көлігінің диспетчері

Вагон депосының диспетчері

Вагон паркін реттеу жөніндегі диспетчер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Авиация диспетчері - 3154

Порт диспетчері - 3156

Жолаушылардың автомобиль көлігі қызметінің бақылаушысы - 3151

3159 Б.т.к. көлік жөніндегі диспетчерлер және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер

Бұл бастауыш топ *315 Құрлық, әуе, теңіз және су көлігі техниктері мен диспетчерлері* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін құрлық, әуе, теңіз және су көлігі техниктері мен диспетчерлерін қамтиды. Мысалы, осы топқа құрлық, әуе, теңіз және су көлігі саласында жұмыс істейтін порт капитаны, метрополитен бастығы сияқты жұмыскерлер кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Баржа бақылаушы

Теміржол қоймасын бақылаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Авиация диспетчері - 3154

Порт диспетчері - 3156

316-ШАҒЫН ТОП**САПАНЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ИНСПЕКТОРЛАРЫ**

Сапаны бақылау және еңбекті қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстарының инспекторлары жұмыс орындары, ғимараттар, құрылыстар, өндірістік процестер, өндірілетін, тұтынылатын және сатылатын тауарлар мен қызметтерді тексеруді жүзеге асырады, адам, жануарлар әлемі, тарихи-мәдени мұра объектілері және қоршаған ортаны қорғайтын заңнаманы сақтауды бақылайды. Олар сондай-ақ пайдалану, өндірістік-техникалық, ұйымдастырушылықжәне басқа да мәселелер бойынша нормалар мен қағидалардың сақталуына қадағалауды жүзеге асырады.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: қолданыстағы заңдардың, құрылыс нормалары мен қағидаларының, мемлекеттік стандарттардың, өрт қауіпсіздігі қағидаларының және басқа да нормативтік актілердің сақталуын бақылау мақсатында жаңадан салынған және пайдаланудағы әртүрлі ғимараттар мен құрылыстарды, кәсіпорындарды, көлік құралдарын, өндірістік аймақтарды, өнімді өңдеу, тасымалдау, өңдеу, сақтау және іске асыру орындарын инспекциялауды жүргізуді; өрт шығу себептерін анықтау үшін өрттердің орындарын тексеруді, қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар себептеріне тергеп-тексеруді жүргізуді; санитариялық-гигиеналық шараларды қолдау немесе жақсарту, су, ауа және топырақтың ластануының алдын алу жөнінде бастамашылық жасауды; ауруларға қарсы күрес, қалдықтарды тиісінше жою және қоғамдық орындарды тазалау, ауадағы зиянды микроорганизмдер мен зиянды заттардың санын азайту жөніндегі алдын алу және түзету шараларын іске асыруға ықпал етуді; олардың шығындармен мөлшерлестігін бағалау және тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін тауарлар мен қызметтерге бағаны белгілеу кезінде қағидалардың сақталуына мониторинг жүргізуді; орындалған жұмыстар үшін тиісті төлем деңгейін және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету үшін еңбек заңнамасының сақталуына өтініштерді қарау мен мониторингін жүргізуді; балық аулау және орманды пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды, браконьерлік және заңсыз кесу, орман өрті қатерінің туындау фактілерін анықтауды және белгіленген бұзушылықтардың жолын кесуді; тұтастай алғанда кәсіпорындарға және халыққа өндіріс және өндірістік ортаның қауіпсіздігі, көлік қауіпсіздігі, санитариялық-гигиеналық жағдайлар, шикізат, азық-түлік, дәрі-дәрмек, косметика және ұқсас бұйымдар тазалығы мен сапасына қатысты мемлекеттік және басқа да ережелер мен қағидаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша консультация беруді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3160 Сапаны бақылау және еңбекті қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстарының инспекторлары

ҚР МЖ 01-2017

3160 Сапаны бақылау және еңбекті қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстарының инспекторлары

Сапаны бақылау және еңбекті қорғау жөніндегі құрылыс жұмыстарының инспекторлары жұмыс орындарын, ғимараттарды, құрылыстарды, өндірістік процестерді, өндірілетін, тұтынылатын және сатылатын тауарлар мен қызметтерді инспекциялауды жүзеге асырады, адамды, жануарлар әлемін, тарихи-мәдени мұра объектілері және қоршаған ортаны қорғайтын заңнаманың сақталуын бақылайды. Олар сондай-ақ пайдалану, өндірістік-техникалық, ұйымдастырушылық және басқа да мәселелер бойынша нормалар мен қағидалардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қолданыстағы заңдардың, құрылыс нормалары мен қағидаларының, мемлекеттік стандарттардың, өрт қауіпсіздігі қағидалары және басқа да нормативтік актілердің сақталуын бақылау мақсатында жаңадан салынған және пайдаланудағы әртүрлі ғимараттар мен құрылыстарды, кәсіпорындарды, көлік құралдарын, өндірістік аймақтарды, өнімді қайта өңдеу, тасымалдау, өңдеу, сақтау және іске асыру орындарында инспекциялауды жүргізу;
- өрттің шығу себептерін анықтау үшін өрттердің орындарын тексеру, қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар себептерін тепгеп-тексеруді жүргізу;
- санитариялық-гигиеналық шараларды қолдау немесе жақсарту, су, ауа және топырақтың ластануын алдын алу жөнінде бастамашылық жасау;
- ауруларға қарсы күрес, қалдықтарды тиісінше жою және қоғамдық орындарды тазалау, ауадағы зиянды микроорганизмдер мен зиянды заттардың санын азайту жөніндегі алдын алу және түзету шараларын іске асыруға ықпал ету;
- олардың шығындармен мөлшерлестігін бағалау және тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін тауарлар мен қызметтерге бағаны белгілеу кезінде қағидалардың сақталуына мониторинг жүргізу;
- орындалған жұмыстар үшін тиісті төлем деңгейін және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету үшін еңбек заңнамасының сақталуына өтініштерді қарау мен мониторингін жүргізу;
- балық аулау және орманды пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау, браконьерлік және заңсыз кесу, орман өрті туындау қатері фактілерін анықтау және белгіленген бұзушылықтардың жолын кесу;
- тұтастай алғанда кәсіпорындарға және халыққа өндіріс және өндірістік ортаның қауіпсіздігі, көлік қауіпсіздігі, санитариялық-гигиеналық жағдайлар, шикізат, азық-түлік, дәрі-дәрмек, косметика және ұқсас бұйымдар тазалығы мен сапасына қатысты мемлекеттік және басқа да ережелер мен қағидаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Теңіз инспекторы

Өрт сөндіру инспекторы

Ғимараттың техникалық жай-күйін бақылау жөніндегі инспектор

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инспектор

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инспектор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Экологиялық қауіпсіздік жөніндегі техник - 3114

Авиациялық қауіпсіздік технигі - 3155

32-КІШІ ТОП**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКТЕР, ОРТА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПЕРСОНАЛ**

Денсаулық сақтау саласындағы техниктер, орта медициналық және фармацевтикалық персонал адамдар мен жануарлардың организміндегі ауруларды, сырқаттарды, жарақаттар мен бұзушылықтарды диагностикалау және емдеуді жүргізу бойынша техникалық және практикалық міндеттерді орындайды, медициналық қызмет көрсетуді, медицина, ветеринария, медициналық күтім саласындағы кәсіби мамандар және басқа да медициналық қызметкерлер әдетте беретін емдеу жөніндегі тағайындаулар мен нұсқамалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Аталған кіші топ жұмыстарының көбісі дағдылардың үшінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: зерттеулер және сәулелік терапияны өткізу үшін медициналық техниканы тексеру және пайдалануды; биологиялық сұйықтықтар мен тіндердің үлгілерінде клиникалық сынақтар орындауды, фармацевтердің басшылығымен дәрілерді және басқа да фармацевтикалық қосылыстарды дайындауды; медициналық және стоматологиялық аспаптар мен құрылғыларды жобалау, монтаждау, қызмет көрсету және жөндеуді; күтім көрсету мен жеке гигиенаны, сондай-ақ акушерлік көмек қызметтерін қамтамасыз етуді; халықтық медицина, нанымдар және әртүрлі халықтар мен мәдениеттер тәжірибесіне негізделген шөптермен емдеу және терапияның басқа да түрлерін пайдалануды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 321 Орта медициналық персонал, медициналық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техниктер және фармацевттер**
- 322 Күтім және акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал**
- 324 Ветеринариялық фельдшерлер**
- 325 Денсаулық сақтау саласындағы басқа да орта медициналық персонал**

ҚР МЖ 01-2017

321-ШАҒЫН ТОП

ОРТА МЕДИЦИНАЛЫҚ ПЕРСОНАЛ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКТЕР ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТТЕР

Орта медициналық персонал, медициналық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техниктер және фармацевттер ауруларды, сырқаттарды, жарақаттарды және функционалдық бұзушылықтарды диагностикалау мен емдеуде көмек көрсету бойынша бірқатар техникалық міндеттерді орындайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: визуалды медициналық зерттеулер жүргізу үшін радиографиялық, ультрадыбыстық және басқа да медициналық жабдықтарды тексеруді және пайдалануды; пациенттердің ауруларын анықтау және емдеу мақсатында радиохимиялық немесе радиациялық жабдықтарды басқаруды; органикалық сұйықтықтар мен тіндердің үлгілерінде клиникалық сынақтар жүргізуді; фармацевтердің басшылығымен дәрі және басқа да фармацевтикалық қосылыстар дайындауды; медициналық және стоматологиялық құрылғылар мен аспаптарды жобалау, монтаждау, жөндеу және қызмет көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3211 Медициналық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техниктер**
- 3212 Фельдшерлер**
- 3213 Техник-фармацевтер және фармацевтердің көмекшілері**
- 3214 Тіс техниктері**
- 3215 Техник-протезшілер**

3211 Медициналық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техниктер

Медициналық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техниктер жарақаттар, аурулар және басқа да бұзушылықтарды диагностикалау мен емдеу үшін, адам денесі мен организмі құрылымының суретін алу үшін қолданылатын радиографикалық, ультрадыбыстық және басқа да медициналық жабдықтарды сынайды және қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- диагностикалық мақсаттарда дене суреттерін алу үшін радиологиялық, ультрадыбысты және магнитті аппаратура жұмысын пайдалану немесе бақылау;
- нұсқау, пациенттерді бақылау және орналастыру, тексеру, сканирлеу немесе емдеу кезінде қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету үшін қорғаныш құрылғыларын пайдалану;
- диагностикалық немесе емдеу жабдықтарын орналастыру, сипаттамалар мониторингісі және техникалық параметрлерді тексеру, техникалық ерекшеліктерге сәйкес аппаратураны басқару;
- диагностика мақсаттары, диагностикалық процедуралар нәтижелерін жазуды жүргізуге арналған суреттер дұрыстығы мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін айқындау үшін рентген суреттерінің, видеокассеталардың, компьютерлік ақпараттың сапасын зерттеу және бағалау;
- дәрігерлердің тағайындауы бойынша пациенттер алған радиация немесе химиотерапевтік препараттардың дозаларын өлшеу және жазып алу;
- ауруларды диагностикалау мен емдеуге арналған радиоизотоптарды, камералар немесе басқа да жабдықтарды пайдалана отырып пациенттердің денелерінде жиналған химиотерапиялық препараттар мен радиациялық сәулеленуді енгізу, анықтау және өлшеу;
- радиациялық қауіпсіздікті сақтау және қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес радиоактивті материалдар мен химиотерапиялық препараттарды есепке алу және пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Рентген технигі

Медициналық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Радиациялық қорғау саласындағы маман - 2111

Инженер-радиолог – 2143

Дәрігер-рентгенолог– 2216

3212 Фельдшерлер

Фельдшерлер емделушілерге жедел медициналық жәрдем көрсетеді, емделушінің денсаулығы немесе өлім себептері туралы ақпарат алу мақсатында органикалық сұйықтықтар мен тіндер үлгілерінде клиникалық сынақтар жүргізеді.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- медициналық процедураларды жүргізу және емдік дәрі-дәрмектерді егу, жедел медициналық жәрдем көрсету хаттамасына сәйкес емдеудің өзге тәсілдерін қолдану, соның ішінде дефибрилляторлар немесе тіршілікті қамтамасыз етудің басқа жабдықтарын қолдану арқылы емделушілерді реанимациялау;
- дәрігерге дейінгі көмек көрсету және амбулаторлық және стационарлық жағдайларда емдік-диагностикалық манипуляциялар мен шағын операциялар жүргізу кезінде дәрігерге ассистент болу;
- санитариялық қадағалауды жүзеге асыру және қарапайым зертханалық зерттеулер жүргізу;
- алдаулар мен жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректерін енгізу, сондай-ақ клиникалық нәтижелердің жазбаларын ақпаратты сақтау жүйелері мен банктеріне енгізу, медицина қызметкерлеріне және денсаулық сақтаудың басқа да қызметкерлеріне мәлімет беру;
- бекітілген медициналық есеп беру-есептік құжаттаманы жүргізу;
- денсаулықты нығайту және аурулардың профилактикасы, саламатты өмір салтын насихаттау бойынша санитариялық-ағартушылық жұмыс жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жалпы практика фельдшері

Санитариялық фельдшер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ветеринариялық фельдшер - 3240

Ветеринариялық техник – 3240

3213 Техник-фармацевтер және фармацевтердің көмекшілері

Техник-фармацевтер және фармацевтердің көмекшілері фармацевтер немесе басқа да медицина қызметкерлерінің басшылығымен дәрілік заттарды беруге байланысты бірқатар міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- фармацевттің немесе басқа медициналық қызметкердің басшылығымен дәрілік заттарды және басқа да фармацевтикалық қосылыстарды дайындау;
- пациенттерге дәрілік заттар мен препараттарды босату және дәрігерлер, ветеринарлар және басқа да медицина қызметкерлерінің нұсқамаларына сәйкес дәрілерді қолдану бойынша олардың жазбаша және ауызша нұсқауы;
- медицина қызметкерлері тарапынан нұсқамалар мен сұраныстар алу, алынған ақпараттың толықтығын және дәлдігін және оның стандарттарды ұстанудың медициналық талаптарына сәйкестігін тексеру;
- есірткілерді сақтау кезінде тиісті сақтау және қауіпсіздік шарттарын қамтамасыз ету;
- белгіленген дәрілермен контейнерлерді толтыру және маркировкалау;
- мәселелердің туындауы, жекелеген тармақтарды түсіндіру кезінде клиенттерге көмек көрсету немесе дәрілер туралы ақпарат алу үшін оларды фармацевттерге жіберу;
- пациенттің ауру тарихында белгіленген және тіркелген бағасын және рецептуралық компоненттерін, оның ішінде жекелеген пациенттер қабылдайтын медициналық препараттардың тізбесін айқындау;

- дәрілер, химикаттар мен материалдар қорларын ретке келтіру, маркалау және есепке алу, сондай-ақ сақтау жүйелерінің жазбаларына түгендеу деректерін енгізу;
- дәрілер мен фармацевтикалық препараттарды дайындау және дозалау үшін қолданылатын жабдықтар мен контейнерлерді тазалау және дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Фармацевт (біліктілігі орташа)

Фармацевттің көмекшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Фармацевт (провизор) – 2262

Техник-фармаколог – 3141

Күту және дәрілік заттарды қабылдау жөніндегі көмекші – 5320

3214 Тіс техниктері

Тіс техниктері дәрігерлердің нұсқамалары мен нұсқаулықтарына сәйкес медициналық және стоматологиялық құрылғылар мен аспаптарды жобалайды, орнатады, қызмет көрсетеді және жөндейді. Олар стоматологиялық проблемаларды дұрыс шешу үшін қажетті көмекші құралдардың кең спектрін дайындай алады, мысалы, тіс протездері, коронкалар.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пациенттердің ерекшеліктері мен қандайда бір құрылғыға қажеттігін айқындау мақсатында оларға тексеру және өлшеулер жүргізу, сондай-ақ құрылғының жеке ерекшеліктеріне ықпал етуі мүмкін факторларды анықтау;
- практика жүргізуші медициналық және стоматологиялық қызметкерлермен құрылғылар мен аспаптарға арналған ерекшеліктер мен нұсқамаларды әзірлеу мәселелерін талқылау;
- бұйым немесе құрылғының, сондай-ақ қажетті материалдар мен құрал-жабдықтардың түрін анықтау үшін нұсқамалар мен ерекшеліктерді зерттеу;
- кейіннен модельдер (үлгілер) ретінде қолдану үшін пациенттердің тістерінің құймалары немесе бейнелерін дайындау немесе пайдалану;
- пациентте аспаптар мен құрылғыларды монтаждау, пациенттің ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету, функционалдық сәйкестікке және жайлылыққа қол жеткізу үшін дайындау дәлдігін және түзету қажеттілігін анықтау;
- ерекшеліктерге сәйкес медициналық және стоматологиялық протездердің және қосалқы құрылғылардың жөнделуін, жетілдірілуін және қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- жасалған модельдерге сәйкес протездердің конструктивтік элементтерін жасау үшін қажетті материалдар мен тіндерді майыстыру, қалыптау және жасау;
- протездерді пайдалану және күту бойынша пациенттерге нұсқау беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тіс технигі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Стоматологиялық ауруларды күту жөніндегі көмекші

ҚР МЖ 01-2017

Ескертпелелер

Осы бастауыш топқа енгізілген кәсіптер әдетте арнайы оқыту жолымен алынған кейбір медициналық, стоматологиялық, анатомиялық және инженерлік білімдерді талап етеді. Нақты медициналық және хирургиялық құралдарды дайындайтын және жөндейтін техниктер, мұнда есепке алынбайды.

3215 Техник-протезшілер

Техник-протезшілер протездеудің әдеттегі жағдайлары үшін, сондай-ақ денені және омыртқаны үйлесімді және әдеттегіден тыс ампутациялау және деформациясы кезінде протездеуде қолданылатын барлық материалдардың ішінен протездік-ортопедиялық бұйымдарды жасайды, тағып көреді, өлшемін келтіреді және жөндейді.

Олардың міндетіне кіретіндер:

- техникалық жабдықпен, жарақпен, құрал-саймандармен және бақылау-өлшеу құралдарымен жұмыс істеу;
- сыртқы энергия көздері бар қол протездерін, электрондық басқару жүйесі бар аяқ протездерінің эксперименталдық және көп буынды тораптарынан протездер жасау;
- протездердің қабылдау гильзаларын және пациенттің аяқ-қолынан немесе денесінің бөліктерінен гипс модельдер бойынша вакуумдық қалыптау әдісімен қабатты пластиктен және термопластардан ортездер жасау;
- тораптар мен жартылай фабрикаттардың конструкциясындағы дефектілерді анықтау, оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу;
- бұйымдарды дәрігердің тағайындауына, жинау схемаларына, технологиялық процестерге сәйкес монтаждау және өлшемін келтіру;
- бұйымның функционалдығына және пациенттің ыңғайлылығына қол жеткізу үшін пациенттің жеке ерекшеліктеріне сәйкес тағып көру және тағып көргеннен кейін түзету;
- бұйымдарды дәрігердің тағайындауына сәйкес жөндеу;
- пациентті бұйымды пайдалану мен оны күту дағдыларына үйрету;
- күрделі және әдеттегіден тыс жағдайларда протездік-ортопедиялық көмек көрсету;
- протездік-ортопедиялық көмек көрсету кезінде «адам-протез» немесе «протез-адам» биотехникалы қ жүйесін құру тұрғысынан жүйелік тәсілді пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Техник-ортопед

Механик-протезист

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Хирургиялық құралдар мен аппараттарды құрастырушы – 7320

322-ШАҒЫН ТОП**КҮТІМ ЖӘНЕ АКУШЕРИЯ ЖӨНІНДЕГІ ОРТА МЕДИЦИНАЛЫҚ ПЕРСОНАЛ**

Күтім және акушерия жөніндегі орта медициналық персонал физикалық және психикалық ауру адамдарға, мүгедектерге немесе дәрменсіз адамдарға, сондай-ақ денсаулығы үшін мүмкін қатердің салдарынан үтімге мұқтаж адамдарға, босандыруды қоса алғанда, жалпы және жеке күтім жасауды қамтамасыз етеді. Әдетте олар дәрігерлердің, акушерлер мен басқа да медицина қызметкерлерінің басшылығымен, медициналық күтімді жүзеге асыруда және емдеу әдістемесі мен жоспарларын іске асыруда оларға көмек көрсете отырып жұмыс істейді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: күтімді және жеке гигиенаны қамтамасыз етуді, дәрігерлердің нұсқамаларына сәйкес пациенттерді емдеу және консультация беруді; дәрілерді қабылдауды тағайындайтын және емдеу әдістерін айқындайтын кәсіби мейіргерлерге, акушерлерге және дәрігерлерге жәрдемдесуді; жараларды тазалау мен таңу материалдарын қолдануды; денсаулық, контрацепция, жүктілік және босануға қатысты мәселелер бойынша жеке тұлғалар, отбасылар және қоғамдастықтарға консультация беруді; жүктілік және босану барысын бағалауды, медициналық көмек көрсетуде жәрдем беруді, сондай-ақ дәрігерге жүгінуді талап ететін аурулардың белгілері мен симптомдарын тануды; босанудан кейін әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің күтімі мен қолдауын қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3221 Күтім жөніндегі орта медициналық персонал

3222 Акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал

ҚР МЖ 01-2017

3221 Күтім жөніндегі орта медициналық персонал

Күтім жөніндегі орта медициналық персонал жас ерекшелігі факторлары, аурулары, жарақаттары, басқа да де жеке немесе ақыл-ой кемістігіне байланысты медициналық көмекке мұқтаж науқас адамдарға жалпы және жеке күтімді қамтамасыз етеді. Әдетте олар дәрігерлердің, акушерлер мен басқа да медицина қызметкерлерінің басшылығымен, медициналық күтімді жүзеге асыруда және емдеу әдістемесі мен жоспарларын іске асыруда оларға көмек көрсете отырып жұмыс істейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- массаж және нүктелік терапия (нүктелік массаж) сияқты қолмен жасалатын процедураларды орындау;
- пациенттердің күтімі мен жеке гигиенасын қамтамасыз ету, дәрігерлер белгілеген емдеу жоспарларына сәйкес пациенттерді емдеу және медициналық консультация беру;
- дәрілік препараттарды енгізу, пациенттерді емдеудің басқа да әдістерін қолдану, пациенттердің жай-күйі мен олардың қолданылатын емдеу әдістеріне сезімталдығын бақылау, қажеттілігіне қарай мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін дәрігерге пациенттер және олардың туыстарын жіберу;
- жараларды тазалау және таңу материалдарын қолдану;
- емдеу шарттары мен әдістеріне қатысты пациенттер туралы ақпаратты жаңарту, ақпаратты сақтау жүйесіне жазбаларды енгізу;
- әрбір пациентке күтімді жоспарлау және ұйымдастыру кезінде көмек көрсету; төтенше жағдайлар кезінде алғашқы көмек көрсетуде жәрдем беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Массажист

Мейіргер

Мейіргер (мамандандырылған)

Күтім жөніндегі мейіргер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Акушер-гинеколог дәрігер – 2214

Акушер – 3222

Күту жөніндегі көмекші(ауруханадағы немесе клиникадағы) – 5320

Үйдегі күтім жөніндегі көмекші – 5320

Ескертпелер

3221 тобына ортадан кейінгі медициналық білім алған мейіргерлерді де жатқызады.

3222 Акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал

Акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал стандартты медициналық қызмет көрсетуді және босандыру және босану жөнінде консультация беруді қамтамасыз етеді. Ол медициналық кәсіби маман анықтайтын (дәрігерлер, акушерлер және басқа да медицина мамандары) күтім жасауды, емдеуді және тағайындауларды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- денсаулық сақтау, тамақтану, гигиена, физикалық жаттығулар, босану және бала біту, емізу, жаңа туылған нәрестелерге күтім жасау, отбасын жоспарлау және контрацепция, өмір салты және жүктілік пен босанумен байланысты болып келетін басқа да тақырыптар бойынша әйелдерге, отбасылар мен қоғамдастықтарға консультация беру;
- жүктілік пен босанудың өтуін бағалау, сонымен қатар дәрігерге қаралуды талап ететін симптомдар мен белгілерді анықтауды;
- анықталған ықтимал асқынулар болмаған жағдайда өз бетінше медициналық көмек көрсету және дәрігерлер мен акушер мамандарға көмектесу;
- жаңа туған нәреселер мен әйелдерді қолдау және күтімін қамтамасыз ету, олардың денсаулық жағдайын бақылау, сонымен қатар дәрігерге қаралуын талап ететін белгілері мен симптомдарын анықтау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Акушер

Жалпы практика кушері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Акушер-гинеколог дәрігер - 2214

Күтім жөніндегі мейіргер- 3221

ҚР МЖ 01-2017

324-ШАҒЫН ТОП

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ФЕЛЬДШЕРЛЕР

Ветеринариялық фельдшерлер ветеринариялық дәрігерлер жүзеге асыратынға қарағанда ауқымы мен күрделілігі бойынша едәуір шектелген консультативтік, диагностикалық, профилактикалық және емдік ветеринариялық жұмыстарды орындайды. Олар уақытша орналастыру және ветеринариялық көмек көрсету орындарында емдеу кезінде жануарларға қамқорлық көрсетеді, сондай-ақ процедуралар мен операцияларды орындау кезінде ветеринарларға көмектеседі.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жануарларға қарау, олардың ауруларын және жарақаттарын емдеу мәселелері бойынша консультация беруді; диагноз қою немесе едәуір күрделі жағдайларда ветеринариялық дәрігерге жіберу мақсатында тексерулер жүргізуді; ауру немесе жаралы жануарларды, әсіресе, кең тараған аурулар мен бұзылулар кезінде емдеуді; үстелдер мен құрал-саймандарды тазалау мен стерилдеуді, жануарларды тексеру және емдеу үшін материалдарды дайындауды; жануарларды қолдан ұрықтандырумен байланысты техникалық міндеттерді жүзеге асыруды; тексеру немесе емдеуге жататын жануарларды аулауды, оларды емдеу кезінде ұстап тұруды; емдеу кезінде анестетиктерді және оттегіні енгізу кезінде ветеринарларға көмек көрсетуді; операциядан кейін қалпына келтіру үшін жануарларды торларға орналастыруды, олардың жай-күйін бақылауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

3240 Ветеринариялық фельдшерлер

3240 Ветеринариялық фельдшерлер

Ветеринариялық фельдшерлер ветеринариялық дәрігерлер жүзеге асыратынға қарағанда ауқымы мен күрделілігі бойынша едәуір шектелген консультативтік, диагностикалық, профилактикалық және емдік ветеринариялық жұмыстарды орындайды. Олар уақытша орналастыру және ветеринариялық көмек көрсету орындарында емдеу кезінде жануарларға қамқорлық көрсетеді, сондай-ақ процедуралар мен операцияларды орындау кезінде ветеринарларға көмектеседі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жануарларды бағу, олардың аурулары мен жарақаттарын емдеу мәселелері бойынша консультация беру;
- диагноз қою немесе едәуір күрделі жағдайларда ветеринариялық дәрігерге жіберу мақсатында тексерулер жүргізу;
- ауру немесе жаралы жануарларды, әсіресе, кең тараған аурулар мен бұзылулар кезінде емдеу;
- үстелдер мен құрал-саймандарды тазалау мен стерилдеу, жануарларды тексеру және емдеу үшін материалдарды дайындау;
- жануарларды қолдан ұрықтандырумен байланысты техникалық міндеттерді жүзеге асыру;
- тексеру немесе емдеуге жататын жануарларды аулау, оларды емдеу кезінде ұстап тұру;
- емдеу кезінде анестетиктерді және оттегіні енгізу кезінде ветеринарларға көмек көрсету;
- операциядан кейін қалпына келтіру үшін жануарларды торларға орналастыруды, олардың жай-күйін бақылау;
- рентгенографияны, үлгілер жинауды жүргізу, сондай-ақ жануарлар денсаулығының проблемаларын диагностикалау мен анықтауды жеңілдету үшін ысқақ да зертханалық анализдерді орындау;
- жануарларда тұрақты стоматологиялық процедураларды орындау және жануарларды емдеуші ветеринарлар мен стоматологтарға көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ветеринариялық мейіргер
 Ветеринариялық вакцинактор
 Ветеринариялық фельдшер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ветеринар – 2250
 Ветеринариялық санитар – 5190
 Жануарларға қараушы – 5190

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ДА ОРТА МЕДИЦИНАЛЫҚ ПЕРСОНАЛ

Денсаулық сақтау саласындағы басқа да орта медициналық персонал адам денсаулығын сақтау және жақсарту бойынша стоматология, медициналық әкімшілендіру және медициналық құжаттаманы жүргізу, қоғамдық денсаулық, көру өткірлігінің төмендеуін түзету, физиотерапия, қоршаған орта гигиенасы, шұғыл медициналық көмек және басқа да іс-шараларды көрсету саласындағы техникалық міндеттерді орындайды және қызметтер көрсетеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: тіс және ауыз қуысы аурулары мен бұзылыстарын алдын алу және емдеу мақсатында көмек көрсетуді; гигиена, тамақтану және денсаулық үшін ықтимал қауіпті төмендетудің басқа да профилактикалық шаралар мәселелері бойынша консультация беруді; пациенттердің жай-күйі және оларды емдеу туралы медициналық жазбалар мен құжаттарды жасау және жүргізуді, зерттеулер жүргізу, шоттарды шығару, шығындарды бақылау және күтімді жетілдіру үшін мәліметтер беруді; денсаулық жағдайын жақсарту бойынша қажетті дағдыларды дамытуда және ресурстарды пайдалануда отбасыларға жәрдемдесуді; инфекциялық аурулардың таралуын шектеу мақсатында санитария және гигиена саласында консультация және ағартуды жүргізуді; оптикалық линзалар параметрлерін өлшеу және анықтауды; адам денсаулығына әсер етуі мүмкін экологиялық және өндірістік факторларға қатысты нормалар мен қағидалардың қолданылуын зерделеуді; дененің жұмсақ тіндерінің массажын; тексеру кабинеттерінде пациенттерді тексеруді және оларды тексеруден өткізуге дайындауды; авариялар, төтенше жағдайлар туындаған және медициналық көмек көрсетудің қажеттілігі кезінде қатысу және көмек көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3251 Тіс дәрігерлері

3252 Медициналық ақпарат жөніндегі қызметшілер

3254 Медициналық оптик-оптометристер

3259 Б.т.к. денсаулық сақтау саласындағы басқа да орта медициналық персонал

3251 Тіс дәрігерлері

Тіс дәрігерлері стоматологтар немесе басқа стоматологиялық дәрігерлер тағайындаған тіс және ауыз қуысы аурулары мен бұзылыстарының профилактикасы және емдеу бойынша негізгі стоматологиялық қызметтерді көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тамақтану мен ауыз қуысының гигиенасы және ауыз қуысы денсаулығы үшін ықтимал қауіпті төмендетудің басқа да профилактикалық шаралары мәселелері бойынша консультация беру;
- денсаулық жағдайын бағалау үшін пациенттердің ауыз қуысы, тістері жағдайының және олармен байланысты тіндерінің визуалды және физикалық тексерісін жүргізу;
- тіс дәрігеріне немесе басқа да медицина мамандарына жүгінуді талап ететін ауыз қуысының жағдайы нашар немесе ауыз қуысының аурулары бар пациенттерді анықтау;
- күрделі стоматологиялық процедураларды өткізу кезінде стоматологтарға көмек көрсету;
- тістерді фторлауды, тіс өңезін тазалау мен жоюды жүргізу, тіс қуысын санациялау және пломба орнату, жергілікті анестезияны жүргізу, сондай-ақ клиникалық стоматологиялық процедуралардың негізгі немесе көп орындалатын түрлерін орындау;
- науқастарды тексеру мен емдеу кезінде пайдаланылатын стоматологиялық құрал-саймандарды, жабдықтар мен материалдарды дайындау, тазалау және стерильдеу;
- пациенттерді тексеру немесе емдеу жүргізуге дайындау, оның ішінде процедуралардың мәнін түсіндіре және оларды дұрыс позициялауды қамтамасыз ете отыра;
- диагностика жүргізу мен тіс протездерін орнату үшін тіс қалыптарын алу және тіс рентгенограммасын алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Стоматологтің ассистенті

Дантист

Тіс дәрігері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дәрігер-стоматолог - 2261

Тіс технигі – 3214

Техник-тіс протездеуші - 3214

Стоматологиялық науқастарды күту жөніндегі көмекші – 5320

3252 Медициналық ақпарат жөніндегі қызметшілер

Медициналық ақпарат жөніндегі қызметшілер медициналық терминология және санитариялық көмек көрсетудің сауықтыту рәсімдері бойынша арнайы білімдерін пайдалана отырып, байланыс, құжаттаманы жүргізу, әкімшілік және үйлестіру бойынша басқа да ішкі функцияларды орындау саласындағы әртүрлі жұмыстарды орындай отырып, сонымен қатар медициналық мекемелердегі және денсаулық сақтаудың басқа ұйымдарындағы медицина қызметкерлеріне көмек көрсете отырып, дәрігерлерге және медициналық және әлеуметтік мекемелердің басқа да қызметкерлеріне көмектеседі.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- медициналық тағайындаулардың тізімдері мен растауларын құрастыру және медициналық персонал мен пациенттер үшін хабарламалар беру;
- медициналық карталар, есептер, құжаттар және хат-хабар жасау, ресімдеу және алу;
- нысандарды, құжаттар және ауру тарихын толтыру үшін пациенттерге сауалнама жүргізу;
- сақтандыру және наразылықтардың басқа да нысандарын толтыру;
- медициналық құжаттаманы және жазбаларды, техникалық кітапхананы жүргізу;
- қаржылық есептілікті және медициналық процедуралар үшін шоттарды дайындау;
- бюджетті әзірлеу, шығыстарды бақылау, келісімшарттар жасауда және сатып алуда немесе тапсырыстарды алуда көмек көрсету;
- медицина қызметкерлерін және офистің басқа да қызметкерлерін ақпаратпен қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Медицина тіркеушісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Хатшы (жалпы бейін)- 4120

Клиника хатшысы – 4224

Медициналық офисте клиенттерді қабылдау жөніндегі қызметші – 4224

Ескертпелер

Осы бастауыш топқа енгізілген кәсіптер әдетте медициналық терминологияны, медициналық ақпаратпен жұмыс істеудің құқықтық аспектілерін білуді, медициналық-санитариялық стандарттарды білуді, сонымен қатар орта медициналық білім алу аясында және/немесе жұмыс орны бойынша алынған компьютерлік немесе қағаз жүзіндегі деректермен жұмыс істеу дағдыларын талап етеді.

3254 Медициналық оптик-оптометристер

Медициналық оптик-оптометристер пациенттерге оптикалық линзаларды көру өткірлігінің төмендеуін түзету үшін дәрігер-офтальмолог рецептінің негізінде таңдайды. Олар түзетуші көзілдіріктерге, контактілік линзаларға, көру қабілеті нашар адамдарға арналған басқа да құрылғыларға және басқа да оптикалық аспаптарға күтім жасау бойынша қызметтер көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бет және көздердің пішімі және құрылысын зерттеу, көзілдіріктерді және басқа да оптикалық аспаптарды таңдау үшін клиенттердің параметрлерін өлшеу;
- клиенттерге көзілдіріктерді және оправаларды таңдау және тағу, контактілік линзаларды және көру өткірлігін, қауіпсіздікті, ыңғайлылықты және өмір стилін арттыруға арналған басқа да оптикалық құрылғыларды таңдауда консультациялық көрсету;
- линзаларды тегістеу мен оправаға орнатуды, контактілі линзаларды дайындауды және өзге жұмыстарды орындайтын оптикалық зертхана үшін оптикалық рецептілерді таратып жазу және жұмысын дайындау ;
- дайын оптикалық құралдар және құрылғылардың дәлдігін және бастапқы рецептіге және клиенттер талаптарына сәйкестілігін тексеру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Оптикометрист

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дәрігер-офтальмолог - 2214

3259 Б.т.к. денсаулық сақтау саласындағы басқа да орта медициналық персонал

Осы бастауыш топ 32 Денсаулық сақтау саласындағы техниктер, орта медициналық және фармацевтикалық персонал кіші тобының басқа топтарына кірмейтін денсаулық сақтаудың орта медициналық қызметкерлерін қамтиды. Мысалы, аталған топқа емдік дене шынықтыру жөніндегі инструкторлар және денсаулықты сақтау және қалпына келтіру саласындағы басқа мамандар кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пациенттерге олардың денсаулық жағдайы, жарақат сипаты және дәрежесі, ауруы немесе денсаулығына қатысты басқа да физикалық немесе психикалық проблемалары туралы ақпаратты алу үшін сауалнама жүргізу және тексеру;
- тағамдық қоспалар, антиретровирустық және профилактикалық дәрілік препараттарды, сонымен қатар медициналық-санитариялық көмектің басқа да заттарын дозалау және оларды қолдану мәселелері бойынша консультация беру;
- емдеу әдістемесіне сәйкес пациенттер жағдайының жақсаруын бақылау, сонымен қатар дәрігерге немесе басқа медицина мамандарына жүгінуді талап ететін белгілер және симптомдарды анықтау;
- пациенттердің жай-күйі және ұсынылған емдеу туралы ақпаратты медициналық құжаттамада тіркеу;
- тұрақты және жалпыны қамтитын күтімді қамтамасыз ету үшін, қажеттілік болған жағдайда медициналық-санитариялық көмек көрсететін басқа мамандармен ақпарат алмасу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Емдік дене физкультура жөніндегі инструктор

Диеталық тамақтану жөніндегі мейіргер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Күтім жөніндегі мейіргер - 3221

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Экономикалық және әкімшілік қызмет жөніндегі кәсіби көмекші персонал, ең алдымен, қаржылық есеп пен қаржылық мәмілелерге, математикалық есептеулер және есептеп шығаруларға, адами ресурстарды дамытуға, қаржылық құжаттарды сату мен сатып алуға, арнайы хатшылық міндеттерді орындауға, сондай-ақ тиісті мемлекеттік қағидалар және нормалардың енгізілуіне немесе қолданылуына жататын білімдерді практикалық қолданумен байланысты техникалық міндеттерді орындайды. Бұдан басқа, мұнда кедендік ресімдеу, конференц-жоспарлау, жұмысқа орналастыру, жылжымайтын мүлікті немесе тауарлардың көтерме партиясын сату және сатып алу сияқты бизнес қызметтерін көрсететін, спортшылар және әртістер үшін агенттер ретінде қызмет ететін қызметкерлер енгізілген. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың үшінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бағалы қағаздарды, акцияларды, облигацияларды немесе басқа да қаржылық құралдарды сатып алу және сату бойынша және шетелдік валютаны алдағы немесе жедел сатып алу жөніндегі құжаттарды ресімдеу және тапсыруды; басшылыққа бекіту немесе бас тартуға арналған ұсынымдармен кредиттерді және кредиттік өтінімдерді ұсынуды; мекеменің кредиттік стандарттарын сақтай отырып, қамтамасыз етудің рұқсат етілген шектері аясындағы өтінімдерді бекіту немесе бас тартуды; бухгалтерлердің басшылығымен, бухгалтерлік есептің жалпы қағидаларына сәйкес кәсіпорынның барлық қаржылық операцияларын толық есепке алынуын қамтамасыз етуді; математикалық, статистикалық, актуарлық, бухгалтерлік және олармен байланысты есептеулерді жоспарлау және орындауға жәрдемдесуді; қаржылық құралдарды сату және сатып алуды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 331 Қаржылық қызмет, есеп, сандық ақпаратты өңдеу саласындағы кәсіби көмекші персонал**
- 332 Тауарларды сатып алу және сату жөніндегі кәсіби көмекші персонал**
- 333 Коммерциялық қызметтер жөніндегі агенттер**
- 334 Әкімшілік-басқару қызметімен айналысатын кәсіби көмекші персонал**
- 335 Мемлекеттік қызметтерді көрсететін қызметшілер**

331-ШАҒЫН ТОП**ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ЕСЕП, САНДЫҚ АҚПАРАТТЫ ӨНДЕУ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ**

Қаржылық қызмет, есеп, сандық ақпаратты өңдеу саласындағы кәсіби көмекші персонал әрбір жеке заттың және жалпы меншіктің құнын айқындайды, қаржылық операциялардың есебін жүргізеді, кредиттік өтінімдер бойынша ақпаратты талдайды және қаржылық құралдарды сату және сатып алу туралы шешім шығарады, сонымен қатар математикалық және олармен байланысты есептеулерді жүргізеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бағалы қағаздарды, акцияларды, облигацияларды немесе басқа да қаржылық құралдарды сатып алу және сату бойынша және шетелдік валютаны алдағы немесе жедел сатып алу жөніндегі құжаттарды тіркеу мен беруді; басшылыққа бекіту немесе бас тартуға арналған ұсынымдармен кредиттерді және кредиттік өтінімдерді ұсынуды; мекеменің кредит стандарттарын сақтай отырып, қамтамасыз етудің рұқсат етілген шектері аясындағы өтінімдерді бекіту немесе бас тартуды; бухгалтерлердің басшылығымен, бухгалтерлік есептің жалпы қағидаларына сәйкес кәсіпорынның барлық қаржылық операцияларын толық есепке алынуын қамтамасыз етуді; математикалық, статистикалық, актуарлық, бухгалтерлік және олармен байланысты есептеулерді жоспарлау және орындауға жәрдемдесуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3311 Қаржылық, валюталық және тауар нарықтарындағы сатып алу-сату жөніндегі дилерлер және брокерлер**
- 3312 Кредит агенттері**
- 3313 Есеп жүргізушілер және бухгалтерлердің көмекшілері**
- 3314 Техник-статистиктер және математикалық есептеулер жүргізумен байланысты тектес қызметтердің персоналы**
- 3315 Шығындар жөніндегі бағалаушылар және сарапшылар (консультанттар)**

ҚР МЖ 01-2017

3311 Қаржылық, валюталық және тауар нарықтарындағы сатып алу-сату жөніндегі дилерлер және брокерлер

Қаржылық, валюталық және тауар нарықтарындағы сатып алу-сату жөніндегі дилерлер және брокерлер құнды қағаздар, акциялар, облигациялар және басқа да қаржылық құралдарды сатып алады және сатады, сонымен қатар сол жерде немесе фьючерлік нарықтарда өзінің компаниясы атынан немесе клиенттер үшін комиссиялық негізде шетелдік валютамен мәмілелерді жүзеге асырады. Олар клиенттер мен жоғарғы басшылыққа мәмілелер бойынша ұсынымдар береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- инвестициялар жасалынуы мүмкін клиенттер және компаниялардың қаржылық ахуалы туралы ақпаратты алу;
- құнды қағаздар, облигациялар, акциялар және басқа да қаржылық құралдар, сонымен қатар шетелдік валютадағы нарықтың үрдістерін талдау;
- әлеуетті клиенттерді нарық жағдайлары және перспективалары туралы ақпараттандыру;
- кредиттерді алу/беруді ұйымдастыру және клиенттердің капиталын ұлғайту үшін қаржы нарығында акциялар мен облигацияларды орналастыру шарттары туралы консультация беру және келіссөздерге;
- құнды қағаздарды, акцияларды, облигацияларды немесе басқа да қаржылық құралдарды сатып алу және сату және шетелдік валютаны алдағы немесе жедел сатып алу жөніндегі құжаттарды ресімдеу және тапсыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Акциялар және пакеттер брокері
Шетелдік валюта брокері
Бағалы қағаздар жөніндегі брокер
Валюта дилері
Инвестиция брокері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қаржы талдаушысы – 2413
Сауда брокері – 3324
Бағалы қағаздар жөніндегі қызметші – 4312
Инвестициялық қызметші – 4312

3312 Кредит агенттері

Кредит агенттері кредиттер және заемдарға арналған өтінімдерде қамтылатын қаржылық ақпаратты талдайды және бағалайды, клиентке кредитті немесе заемды ұсынуды мақұлдау немесе мақұлдамау туралы шешім қабылдайды және басшылыққа мақұлдау немесе мақұлдамау жөнінде ұсыным береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жеке қажеттіліктеріне, ипотекалық, студенттік кредиттер және бизнес-кредиттерді алу үшін өтініш берушілермен келіссөздер жүргізу;

- қарыз алушының қаржылық ахуалын, ұсынымдарды, кредит тарихын және кредиттік қабілеттілігін зерттеу және бағалау;
- мақұлдау немесе бас тарту үшін ұсынымдармен кредитті және кредиттік өтінімдерді басшылыққа ұсыну;
- мекеменің кредиттік стандарттарының сақталуы шартымен қамтамасыз етудің рұқсат етілген шектері аясында кредиттік өтінімдерді бекіту немесе бас тарту;
- төлемдердің есепке алынуын жүргізу, сонымен қатар кешіктірілген шоттарды төлеу және заңдық әрекет жасау үшін деректер беру өтініші бар стандартты хаттарды дайындау;
- кредитті және кредиттік құжаттаманы аяқтау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кредит агенті
Кредит брокері
Кредиттеу жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Сақтандыру агенттігінің басқарушысы - 1346
Сақтандырушы брокер - 3321

3313 Есеп жүргізушілер және бухгалтерлердің көмекшілері

Есеп жүргізушілер және бухгалтерлердің көмекшілері анағұрлым жоғары біліктіліктегі бухгалтерлердің басшылығымен жұмыс істейді және кәсіпорынның қаржылық операцияларының есебін және осындай мәмілелерге жатқызылатын құжаттар мен жазбалардың дұрыстығын тексереді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бухгалтерлердің басшылығымен, бухгалтерлік есептің жалпы қағидаларына сәйкес кәсіпорынның барлық қаржылық операцияларының есебін жүзеге асыру;
- төлемдерге, түбіртектерге және басқа да қаржылық операцияларға қатысты құжаттар мен жазбалардың дұрыс ресімделуін және жүргізілуін тексеру;
- белгілі бір мерзімге арналған қаржылық құжаттаманы және есептілікті дайындау;
- олардың жұмыс процесінде туындауы мүмкін проблемаларды анықтау және шешу мақсатымен бухгалтерлік есеп қағидастары мен практикасы жөніндегі білімдерін қолдану;
- бағдарламалық қамсыздандырудың стандартты пакеттерін пайдалана отырып компьютердегі бухгалтерлік және олармен байланысты есептеулерді орындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бухгалтердің ассистенті
Бухгалтердің көмекшісі
Есеп жүргізушісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бухгалтер – 2411
Актуарий көмекшісі – 3314
Бухгалтерлік қызметші – 4311

ҚР МЖ 01-2017

3314 Техник-статистиктер және математикалық есептеулер жүргізумен байланысты тектес қызметтердің персоналы

Техник-статистиктер және математикалық есептеулер жүргізумен байланысты тектес қызметтердің персоналы (қызметкер) статистикалық, математикалық немесе актуарлық деректерді жинау, өңдеу және ұсынуды жоспарлау және статистер, математиктер және актуарийлердің басшылығымен басқа да операцияларды жүргізу кезінде көмек көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- статистикалық, математикалық, актуарлық және олармен байланысты есептеулерді жүргізу және жоспарлау кезінде көмек көрсету;
- статистикалық санақ пен жұмыспен қамтылудың басқа да тексерулерін жүргізу кезінде қажетті материалдық және еңбек шығындарының көлемі және құнының толық бағалауын дайындау;
- жұмыспен қамтылудың санақтары және тексерулері үшін тізкелімдерді және таңдалымды анықтау, қолдау және пайдаланумен байланысты техникалық міндеттерді орындау;
- санақтарды және тексерулерді жүргізу барысында сапаны бақылау бойынша операцияларды жүзеге асырумен және деректерді жинаумен байланысты техникалық міндеттерді орындау;
- бағдарламалық қамсыздандырудың стандартты пакеттерін пайдалану арқылы компьютердегі математикалық, актуарлық, статистикалық және олармен байланысты басқа да есептеулерді орындау;
- графикалық немесе кесте түрінде ұсыну үшін статистикалық, математикалық, актуарлық, бухгалтерлік және басқа да нәтижелерді дайындау;
- статистикалық қызметшілердің (клерктердің) жұмысын бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Актуарийдің көмекшісі
Математиктің көмекшісі
Техник-статистик

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Актуарий – 2120
Математик – 2120
Статистик – 2120
Бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі көмекші – 3313

3315 Шығындар жөніндегі бағалаушылар және сарапшылар (консультанттар)

Шығындар жөніндегі бағалаушылар және сарапшылар (консультанттар) мүлік және әртүрлі тауарлардың құнын анықтайды, сақтандыру төлемдерімен орнын толтыру үшін шығындарды бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шикізаттың, жылжымайтын мүліктің, өнеркәсіптік жабдықтардың, жеке және үй мүлкінің, өнер туындыларының, бағалы тастардың және басқа да заттардың сапасын немесе құнын анықтау;

- заладың немесе шығындардың көлемдерін және сақтандыру полисімен қамтылатын шығындарға қатысты сақтандыру компаниялары және сақтандырушылардың міндетемелерін бағалау;
- сатылымдардың рекордтық деңгейін және ұқсас тауарлар немесе мүліктің құнын анықтау;
- күйін, өлшемін және конструкциясын бағалау үшін заттарды немесе мүлікті тексеру;
- факторларды бағалау және пайдаланылатын әдістер баяндалған бағалау туралы есептерді дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бағалаушы

Жылжымайтын мүлікті бағалаушы

Сақтандыру шығындарын бағалау жөніндегі сарапшы

Наразылықтар жөніндегі сарапшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Аукционист – 3339

ТАУАРЛАРДЫ САТЫП АЛУ ЖӘНЕ САТУ ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Тауарларды сатып алу және сату жөніндегі кәсіби көмекші персонал өнеркәсіптік, құрылыс, сауда және басқа да коммерциялық ұйымдар мен мекемелер үшін тауарлар, мүлік, сақтандырулар, көліктік және басқа қызметтер сатып алу және сату үшін компанияларға, мемлекеттік және басқа да ұйымдардың атынан шығады немесе тауарлар мен қызметтерді сатып алушылар мен сатушылардың басын қосу кезінде тәуелсіз агенттер ретінде шығады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жұмыс берушілер және бәсекелі тауарлар және қызметтер туралы ақпарат алуды; нарық үрдістері және жағдайларын мониторингілеу және талдауды, тауарлар мен қызметтерге жұмыс берушілерді және жұмыс іздеушілерді табуды; клиенттердің қажеттіліктері туралы ақпарат алу мен сай келетін өнімдер мен қызметтерді айқындауды; клиенттер үшін өнімдер мен қызметтерді түсіндіруді және көрсетуді; бағалар, келісімшарт жасасу шарттары, тиеп әкету бойынша талаптар және іс-шаралар, мүлікті, қызметтерді немесе тауарларды сатып алу немесе сату туралы келіссөздер жүргізуді қамтиды.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

3321 Сақтандыру агенттері

3322 Коммерциялық сатылымдар жөніндегі агенттер

3323 Сатып алушылар және жабдықтаушылар

3324 Сауда брокерлері

Ескертпелер

Сатылымдар жөніндегі қызметтердің басшылары *122 Өткізу, маркетинг, дамыту және қызмет көрсету жөніндегі қызметтердің басшылары* шағын тобында ескеріледі. Техникалық, медициналық өнімдерді және АКТ өткізу жөніндегі мамандар *243 Қоғаммен байланыс, өнімдерді және қызметтерді өткізу және маркетинг жөніндегі кәсіби мамандар* шағын тобында ескеріледі. Құнды қағаздар және қаржылық құжаттарды сату жөніндегі дилерлер *331 Қаржылық қызмет, есеп, цифрлық ақпаратты өңдеу саласындағы кәсіби көмекші персонал* шағын тобында ескеріледі.

3321 Сақтандыру агенттері

Сақтандыру агенттері жаңа және тұрақты клиенттер үшін өмірді, оқыс оқиғалардан, көлікті, жауапкершілікті, салымдарды, өрттен сақтандыру, теңіз және сақтандырудың басқа түрлері бойынша консультациялық қызметтер көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сақтандырудың тиісті түрін және сақтандыру талаптарын анықтау үшін клиенттердің жағдайлары туралы қажетті ақпаратты алу;
- сақтандырылуы міндетті болып табылатын сақтандыру тәуекелдерінің типін және шамасын анықтау үшін клиенттермен келіссөздер жүргізу;
- сақтандыру детальдары мен шарттарын, сақтандыру тәуекелдерін жабу және клиенттердің пайдасы үшін сақтандыру төлемдерінің көлемін түсіндіру;
- клиенттерге сақтандырудың типін және талап етілетін көлемін анықтау, сақтандыру төлемдерін есептеу және төлем тәсілдерін белгілеуде көмек көрсету;
- келіссөздер жүргізу және қайта сақтандыру шарттарын орналастыру;
- мәселелер бойынша консультация беру, жобалардың ірі немесе арнайы типтері, құрылыстар немесе тәуекелдер үшін сақтандыру шарттарының талаптары және орналастыру туралы келіссөздер жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сақтандыру сатылымдары жөніндегі агент

Сақтандыру брокері

Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері жөніндегі сақтандырушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Сақтандыру агенттігінің басшысы – 1346

Құнды қағаздар жөніндегі брокер – 3311

Сақтандыру шығындарын бағалау жөніндегі сарапшы – 3315

Сақтандыру жөніндегі қызметші – 4312

3322 Коммерциялық сатылымдар жөніндегі агенттер

Коммерциялық сатылымдар жөніндегі агенттер кәсіпорындар және басқа да ұйымдар үшін әртүрлі тауарлар және қызметтерді сату жөніндегі компанияларды ұсынады және қажеттілікке қарай олардың нақты ақпаратты алуын қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бөлшектеп сату, өнеркәсіп, көтерме және басқа да мекемелер үшін тапсырыстарды іздеу және тауарларды сату;
- коммерциялық кәсіпорындар немесе жеке тұлғалар үшін жабдықтарды, шығыс материалдарын және ілеспе қызметтерді сату;
- нарықтық талаптар, сонымен қатар жалдаушы өндіретін тауарлар және қызметтер, сонымен қатар бәсекелестердің тауарлары және қызметтері туралы ақпарат алу және жанарту;
- әлеуетті клиенттерге сатуға арналған өнімдер және жабдықтардың сипаттамалары және функциялары туралы ақпарат беру, пайдаланылуын немесе сапасын көрсету;

ҚР МЖ 01-2017

- кредиттеудің бағаларын және шарттарын айқындау, тапсырыстарды тіркеу және жеткізуді ұйымдастыру;
- клиенттер реакциясы және өнім берушілер өндірушілерге қойылатын талаптар туралы есептілік жасау;
- сатып алынатын өнімдерге қанағаттанарлығын қамтамасыз ету үшін клиенттерді сүйемелдеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сатылымдар және тұтынушыларды зерттеу жөніндегі агент

Клиенттерге сервистік қызмет көрсету жөніндегі агент

Коммивояжер

Бизнесті дамыту жөніндегі агент

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Маркетинг қызметінің басшысы – 1221

Сауда өкілі (медициналық және фармацевтикалық тауарлар) – 2433

Техникалық жабдықтарды сату жөніндегі сауда өкілі – 2433

Дүкен сатушысы – 5210

Тұрғылықты мекенжай бойынша тауарларды ұсынатын сауда өкілі – 5232

3323 Сатып алушылар және жабдықтаушылар

Сатып алушылар және жабдықтаушылар өнеркәсіптік, коммерциялық, мемлекеттік немесе басқа да мекемелер және ұйымдар атынан пайдалану немесе қайта сату үшін тауарларды және қызметтерді сатып алады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шарт талаптарын, күтілетін жеткізулерді және жабдықты, шикізатты, өнімді, қызметтерді сатып алуға және тауарларды қайта сату үшін сатып алуға ұсынылатын келісімшарттарды айқындау және ол туралы келіссөздер жүргізу;
- қажеттіліктер мен қорлар туралы ақпараталу, сатып алынатын тауарлардың саны мен сапасы, құны, жеткізу мерзімдері және шарттың басқа да талаптары бойынша талаптар әзірлеу;
- пайдалану немесе арналуы бойынша одан әрі өңдеу үшін жалпы және арнайы жабдықты, материалдарды немесе бизнес қызметтерін сатып алу;
- тендерлерге қатысу, өнім берушілермен консультациялар және котировкаларды талдау;
- бөлшектеп немесе көтерме саудада қайта сату үшін тауарларды сатып алу;
- нарық жағдайын, саудалық мерзімді басылымдарды және материалдарды зерделеу, сауда көрмелерін, сату салондарын, фабрикалар және дизайнерлік мекемелерді аралау;
- қойылатын талаптарға барынша сәйкес келетін тауарлар немесе өнімдерді таңдау;
- өнім берушілерге сауалнама жүргізу және бағалар, жеңілдіктер, кредиттеу және тасымалдау талаптары туралы келіссөздер жүргізу;
- сауда нүктелері үшін тауарларды бөлу және қорлардың дұрыс деңгейін ұстап тұруды бақылау;
- жеткізу графиктерін белгілеу, шарттардың орындалуын мониторингілеу және туындаған проблемаларды шешу үшін клиенттермен және өнім берушілермен байланыста болу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сату жөніндегі агент
Қамтамасыз ету жөніндегі агент
Сатып алушы
Жеткізулер жөніндегі өкіл

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Маркетинг жөніндегі маман - 2431
Сауда брокері – 3324

3324 Сауда брокерлері

Сауда брокерлері тауарлар және көліктік қызметтерді әдетте үлкен партиялармен, өз компаниясы атынан немесе клиенттер үшін комиссиялық негізде сатып алады және сатады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тауарларды сатып алушылар мен сатушылар арасында байланыс орнату;
- клиенттердің сатып алу немесе сату жөніндегі талаптарын талқылау және тиісті консультация беру;
- кемелердегі жүкке арналған орын-жайларды сатып алу және сату;
- тауарлар мен тауарлық фьючерстерді сатып алу немесе сату туралы келіссөздер;
- жүкті және/немесе тауарларды сақтау орнын анықтау, жүкті тиеу, тасымалдау және сақтау талаптары (құны) туралы келіссөздер жүргізу;
- нарық үрдістерін және тауарлар мен көліктік қызметтерге деген сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін басқа факторларды мониторингілеу және талдау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тауарларды тасымалдау жөніндегі брокер
Сауда брокері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Құнды қағаздар жөніндегі брокер – 3311
Құнды қағаздар жөніндегі дилер – 3311
Қаржы брокері – 3311
Қаржы дилері– 3311
Сақтандыру брокері – 3321

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТЕР

Коммерциялық қызметтер жөніндегі агенттер бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамаға арналған орын ұсыну, белгіленген тәртіпке сәйкес мәмілелерді кедендік ресімдеуге арналған қажетті құжаттармен қамтамасыз ету, жұмыс іздеушілер үшін бос жұмыс орындарын іздеу, жұмыс берушілер үшін жұмыскерлерді таңдау, спортшылардың, әртістердің және суретшілердің өнер көрсетуіне келімішраттарды ұйымдастыру, сонымен қатар кітаптарды шығару, ойындар немесе дискілер өндірісі, музыкалық туындыларды жазу және сату, конференциялар және ұқсас іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру сияқты әртүрлі бизнес қызметтерін сатуды жүзеге асыру мақсатында байланыстарды орнатады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: экспорт және импорт рәсімдерін кедендік ресімдеуді жүргізуді, конференцияларды және конференц-залдарды, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын жабдықтау, маңдайша жазуларын, дисплейлерді ресімдеу, аудиовизуалдық және компьютерлік техниканы пайдалану, орналастыру, қатысушылар үшін көліктік және әлеуметтік сүйемелдеу сияқты ұқсас іс-шараларды өткізу жөніндегі қызметтерді; жұмыс берушілерде бар бос жұмыс орындарына үміткерлерді іздеуді; жұмыс іздеуші адамдар үшін жұмыс орындарын таңдауды; әлеуетті сатып алушылар немесе жалға алушыларға сату немесе жалға алуға арналған жылжымайтын мүлік объектілерін көрсетуді; сату талаптарын және жалға алу немесе лизинг талаптарын түсіндіруді; аукционда мүліктің, автомобильдердің, тауарлардың, малдың, өнер туындыларының, зергерлік бұйымдарың және басқа да объектілердің алуан түрін сатуды; орындаушылар және спектакльдер үшін келісімшарттарды ұйымдастыруды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3331 Тауарлар мен жүктерді кедендік тазарту және алып жүру жөніндегі агенттер**
- 3332 Конференцияларды, көрмелерді және басқа да іс-шараларды ұйымдастырушылар**
- 3333 Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі қызметшілер**
- 3334 Жылжымайтын мүлікпен және басқа да меншікпен жасалатын операциялар жөніндегі агенттер**
- 3339 Б.т.к. коммерциялық қызметтер жөніндегі агенттер**

3331 Тауарлар мен жүктерді кедендік тазарту және алып жүру жөніндегі агенттер

Тауарлар мен жүктерді кедендік тазарту және алып жүру жөніндегі агенттер сақтандырудың, экспорттық-импорттық лицензияларды берудің және басқа да белгіленген тәртібіне сәйкес кедендік ресімдеу процедурасын жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- экспорттық-импорттық процедураларды кедендік ресімдеуді жүргізу;
- сақтандыру қағидаларының сақтаулуын қамтамасыз ету;
- экспорттық-импорттық лицензиялардың дұрыс ресімделуін және басқа формальдылықтың сақталуын қамтамасыз ету;
- коносаментке қол қою және беру;
- жүктің құрамын анықтау үшін экспорттық-импорттық құжаттамасын тексеру, сондай-ақ тауарларды тарифтерді кодтау жүйесін пайдалана отырып, тарифтер немесе тарифтік топтарға байланысты топтар бойынша жіктеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жүктерді жеткізу жөніндегі агент

Жүктерді кедендік тазалау жөніндегі агент

Экспедитор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Логист – 2432

Жүктерді кедендік ресімдеу жөніндегі маман – 2432

3332 Конференцияларды, көрмелерді және басқа да іс-шараларды ұйымдастырушылар

Конференцияларды, көрмелерді және басқа да іс-шараларды ұйымдастырушылар конференцияларды, оқиғаларды, салтанаттарды, банкеттерді және семинарларды өткізуді ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- әлеуетті клиенттер үшін конференциялар, жиналыстар және көрмелерді өткізуге жәрдем көрсету;
- тұруға, жиһаздарды жалға алуға, тамақтану мен осы қызметтермен байланысты қызметтер мен оларға арналған шығыстарға қатысты сұрау салуларға жауап;
- клиенттермен олардың қажеттіліктерін талқылау және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру нұсқаларын әзірлеу үшін кездесулер өткізу;
- конференц-залдардың, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының жабдығы, маңдайша жазуларын, дисплейлерді ресімдеу, аудиовизуалдық және компьютерлік техниканы пайдалану, орналастыру, қатысушыларды көліктік және әлеуметтік сүйемелдеу, жүргізушілерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтерді ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- қатысушыларды тіркеуді ұйымдастыру;
- бюджет аясында ұсынылатын қызметтердің сипаты және құны туралы келіссөздер жүргізу;

ҚР МЖ 01-2017

- мердігерлердің жұмысын бақылау және жұмыстарға арналған нарядтың өзгерістері бойынша есептілік жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Көрмелерді үйлестіруші
Конференцияларды ұйымдастырушы
Үйлену тойларын ұйымдастырушы
Семинарларды ұйымдастырушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Әдебиет агенті - 3339
Музыка агенті- 3339
Спорт агенті- 3339
Театр агенті- 3339

3333 Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі қызметшілер

Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі қызметшілер жұмыс іздеуші адамдар үшін бос жұмыс орындарын таңдайды, жұмыс берушілер үшін жұмыскерлерді табады және кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдар мен мекемелердің сұрауы бойынша немесе комиссиялық негізде жұмысқа орналастыру бойынша нақты жобаларды іске асыру үшін еңбек шарттарын ресімдейді. Олар жұмыспен қамтудың жекеше және мемлекеттік агенттіктерінде жұмыс істейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жұмыс іздеуші адамдар үшін бос жұмыс орындарын таңдау;
- жұмыс берушіден немесе жұмыскерден комиссияға бос лауазымдарға жұмыскерлерді таңдау;
- штатқа немесе келісімшарт бойынша жұмысқа кіргізу үшін қажет жұмыскерлердің қажетті дағдылары мен басқа да мінездемелерін кәсіпорынмен/ұйыммен талқылау;
- тиісті біліктілігі бар жұмыскерлерді таңдау, сондай-ақ ұлттық немесе халықаралық қағидалар мен талаптарға сәйкес қажетті формальдылықты сақтау;
- еңбек шарттарының заңнама талаптарына сәйкестігін және оларға қол қойылуын қамтамасыз ету;
- кадрларды даярлау мәселелері бойынша консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жұмыспен қамту жөніндегі агент
Сәйкес жұмысты таңдау жөніндегі агент
Тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қызметші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қызметкерлерді іріктеу жөніндегі маман – 2422
Еңбек нарығының талдаушысы – 2631

3334 Жылжымайтын мүлікпен және басқа да меншікпен жасалатын операциялар жөніндегі агенттер

Жылжымайтын мүлікпен және басқа да меншікпен жасалатын операциялар жөніндегі агенттер жылжымайтын мүлікті және басқа да меншікті сатуды, сатып алуды, лизингін және жалдауды әдетте клиенттердің тапсырмасы бойынша және комиссиялық бастамалармен ұйымдастырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сату немесе жалға беру мақсатымен жылжымайтын мүлік және басқа да меншік объектілері, меншік иелерінің талаптары және әлеуетті сатып алушылар мен жалға алушылардың талаптары туралы ақпарат алу;
- сату немесе жалға берілуге жоспарланған меншікті, әлеуетті сатып алушыларды немесе жалға алушыларды іздеу, оларға сату талаптарын және жалға алу немесе лизинг талаптарын түсіндіру;
- жалға алушылар және меншік иелерімен жалға алу құны және сыйақы көлемі туралы келіссөздерді жеңілдету;
- лизингтік келісімдерді әзірлеу және іске асыру және шығыстарды бағалау;
- жалдау және меншік құқығын беру шарттарына қол қоюды ұйымдастыру;
- меншік иесі атынан жалға алу және қарызға төлемдерін жинау, меншікті жалға беруге дейінгі, жалға беру және одан кейінгі уақытта тексеру;
- жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді орындау үшін жұмыскерлердің болуын қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жылжымайтын мүлік жөніндегі агент

Риелтор

Жылжымайтын мүлік жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Коммивояжер - 3322

Ипотекалық кредиттер жөніндегі қызметші – 4312

3339 Б.т.к. коммерциялық қызметтер жөніндегі агенттер

Осы бастауыш топ 333 *Коммерциялық қызметтер жөніндегі агенттер* шағын бобының басқа бастауыш топтарға кірмейтін коммерциялық қызметтер жөніндегі агенттерді қамтиды. Мысалы, аталған топқа іскерлік байланыстарды орнататындар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалық алаңдар сияқты түрлі бизнес-қызметтерді сататындар, спортшылар, әртістер және суретшілердің өнерін көрсетуге арналған келісімшарттарды жасауды, кітап шығаруды, ойындар мен дисктердің өндірісін ұйымдастыратындар, музыка туындыларына тапсырыс беретіндер және сататындар, сондай-ақ аукциондарда мүлікті, тауарларды сататындар, бағыттарды және топтық турларды әзірлейтіндер мен ұйымдастыратындар кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сатуға шығарылатын қызметтер және әлеуетті сатып алушылардың қызметтері туралы ақпарат алу;

ҚР МЖ 01-2017

- сатушы немесе сатып алушы атынан шарттарды жасау және клиент үшін сату және төлеу талаптарын түсіндіру;
- сатушы немесе сатып алушы атынан келісімдерге қол қою және шарттың заңды күшіне ие болуын қамтамасыз ету;
- сатып алынған бизнес-қызметтер сатып алушы үшін келісілген форматта және келісілген мерзімде қолжетімді болғанын растау;
- мүлік, автомобиль, тауарлар, мал, өнер туындылары, зергерлік әшекейлер және басқа да заттардың алуан түрін аукционда сату;
- бизнес үшін топтық турларды немесе демалыс үшін саяхаттарды ұйымдастыру, саяхаттар пакеттерін дайындау және тапсырыстарды келісу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аукционист
Әдебиет агенті
Музыка агенті
Спорт агенті
Театр агенті

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Көрмелерді үйлестіруші - 3332
Конференцияларды ұйымдастырушы - 3332
Еңбек шарттары жөніндегі агент - 3333
Жылжымайтын мүлік жөніндегі маман - 3334

334-ШАҒЫН ТОП

ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІМЕН АЙНАЛЫСАТЫН КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Әкімшілік-басқару қызметімен айналысатын кәсіби көмекші персонал жұмыс істейтін ұйымдағы бизнес-қызметтегі арнайы білімдерін пайдалана отырып ұйымдастырушылық, коммуникациялық және құжаттамалық қолдауды жүзеге асырады. Осы қызметкерлер ұйымдағы контора қызметшілері үшін жауапкершілікті және бақылауды өзіне алады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттеріәдетте мыналарды: кеңсе қызметкерлерінің жұмысын үйлестіру, айқындау және талдауды; құжаттарды ресімдеуді; өсиеттер, жазбаша түсініктемелер және заңи істердің қысқаша мазмұндаулары сияқты іскерлік қағаздарды және құқықтық құжаттарды дайындау және өңдеуді; бөлімшенің қызметін ішкі басқарушылық үйлестіруді және құжат айналымын, байланысты енгізу және қолдауды, кейбір жағдайларда шаруашылық қызметті ұйымдастыру жөніндегі арнайы білімдерін пайдалануды; жиналыстар, кездесулер және қатынастарды клиенттерге арналған хабарламалар арқылы өткізуді жоспарлау және растауды; құқықтық және медициналық құжаттар, есептер, құжаттамалар және хат-хабар жазу, тіркеу және қарауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3345 Адам ресурстарын басқару жөніндегі кәсіби көмекші персонал

3349 Б.т.к. әкімшілік-басқару қызметімен айналысатын басқа да кәсіби көмекші персонал

ҚР МЖ 01-2017

3345 Адам ресурстарын басқару жөніндегі кәсіби көмекші персонал

Адам ресурстарын басқару жөніндегі кәсіби көмекші персонал ұйымның мақсатына жету үшін адам ресурстарын дамытуға арналған кадр саясатын және бағдарламаларды жоспарлайды, әзірлейді, енгізеді және бағалайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жұмыскерлерге және еңбек ресурстарын оқытудағы қажеттіліктерді айқындау;
- жалдау, оқыту, өтемақы ұсыну сияқты адами ресурстармен жұмыс бойынша функцияларды және бақылауды жүзеге асыру;
- адами ресурстарды дамыту саласындағы мақсаттарды белгілеу және қол жеткізілген нәтижелерді бағалау;
- анықтамалықтар, көрнекі оқу құралдары, электрондық оқулықтар, демонстрациялық модельдер сияқты оқу-әдістемелік оқу материалдарын және оқу құралдарын, сондай-ақ оқыту жөніндегі анықтамалық құжаттаманы дайындау және әзірлеу;
- жеке және топтық семинарлар түріндегі оқытуды жобалау, үйлестіру, жоспарлау және өткізу және кеңестерді, конференциялар және көрсетілімдерді ұйымдастыру;
- оқытудың нақты бағдарламаларын ұсынуды ұйымдастыру үшін оқытудың сыртқы жеткізушілерімен өзара әрекеттесу;
- оқыту сапасы мен тиімділігіне мониторинг және бақылау жүргізу, сондай-ақ оқу мақсаттарын, әдістерін және оқыту тәсілдерін өзгерту және оларға шолу жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Еңбек қатынастары жөніндегі агент

Еңбекті ұйымдастыру және мөлшерлеу жөніндегі қызметші

Кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі қызметші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мансаптық өсу саласындағы консультант - 2422

Персоналды іріктеу жөніндегі маман - 2422

Кадрларды даярлау жөніндегі маман - 2422

3349 Б.т.к. әкімшілік-басқару қызметімен айналысатын басқа да кәсіби көмекші персонал

Осы бастауыш топ *334 Әкімшілік-басқару қызметімен айналысатын кәсіби көмекші персонал* басқа бастауыш топтарға кірмейтін әкімшілік-басқару қызметімен айналысатын кәсіби көмекші персоналды қамтиды. Мысалы, зал әкімшісі, ғимарат әкімшісі.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кино әкімшісі

Неке қию сарайының иесі

335-ШАҒЫН ТОП**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТШІЛЕР**

Мемлекеттік қызмет көрсететін қызметшілер тиісті мемлекеттік нормалар және нормативтік актілерді қолданады немесе пайдаланады, әлеуметтік төлемдер, мүлік, бизнес жүргізу үшін лицензия, рұқсат қағаздарын алу саласындағы мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін азаматтардан құжаттар қабылдауды және тексеруді жүзеге асырады; тауар-материалдық құндылықтарға түгендеу жүргізеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша консультация беруді; жеке тұлғаларға және ұйымдарға әлеуметтік көмектің мемлекеттік бағдарламаларын регламенттейтін мемлекеттік заңдар, қағидалар және ережелер, жәрдемақыларды айқындау және төлеу немесе қызметтерді көрсету, сондай-ақ тұлғаның құқықтары мен міндеттері туралы консультация беруді; тұрғындардан мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер, құжаттар қабылдауды және тексеруді; адамның алуға құқығы бар жәрдемақының түрі мен көлемін айқындау үшін өтінімдер мен басқа тиісті құжаттарды қарауды; өтініш берушілерді өтініштердің қаралу статусы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы ақпараттандыруды; үкіметтің рұқсаттар мен лицензияларды беруі туралы құжаттарды қарау және қабылдауды; саудада дұрыс шаралар мен таразыларды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық кәсіпорындарды тексеруді; заңнаманың орындалуын бақылауды, заңдылықтың сақталуын немесе анықталған бұзушылықтар мен жауаптылыққа тартуды құжатпен ресімдеу бойынша тергеу және әкімшілік әрекеттерді орындауды, актілер, хаттамалар, есептер және хат-бар дайындауды қамтиды. Олар жоғары тұрған үкіметтік лауазымды адамдардан не өзге басшылардан басқарушылық нұсқаулар алуы мүмкін. Олардың міндеттеріне басқа қызметкерлерді бақылау кіруі мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3350 Мемлекеттік қызмет көрсететін қызметшілер

ҚР МЖ 01-2017

3350 Мемлекеттік қызмет көрсететін қызметшілер

Мемлекеттік қызмет көрсететін қызметшілер тиісті мемлекеттік нормалар және нормативтік актілерді қолданады немесе пайдаланады, әлеуметтік төлемдер, мүлік, бизнес жүргізу үшін лицензия, рұқсат қағаздарын алу саласындағы мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін азаматтардан құжаттар қабылдауды және тексеруді жүзеге асырады; тауар-материалдық құндылықтарға түгендеу жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша консультация беру;
- жеке тұлғаларға және ұйымдарға әлеуметтік көмектің мемлекеттік бағдарламаларын регламенттейтін мемлекеттік заңдар, қағидалар және ережелер, жәрдемақыларды айқындау және төлеу немесе қызметтерді көрсету, сондай-ақ тұлғаның құқықтары мен міндеттері туралы консультация беру;
- тұрғындардан мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер, құжаттар қабылдау және тексеру;
- адамның алуға құқығы бар жәрдемақының түрі мен көлемін айқындау үшін өтінімдер мен басқа тиісті құжаттарды қарау;
- өтініш берушілерді өтініштердің қаралу статусы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы ақпараттандыру;
- үкіметтің рұқсаттар мен лицензияларды беруі туралы құжаттарды қарау және қабылдау;
- саудада дұрыс шаралар мен таразыларды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық кәсіпорындарды тексеру;
- заңнаманың орындалуын бақылау, заңдылықтың сақталуын немесе анықталған бұзушылықтар мен жауаптылыққа тартуды құжатпен ресімдеу бойынша тергеу және әкімшілік әрекеттерді орындау, актілер, хаттамалар, есептер және хат-бар дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Әлеуметтік қамсыздандыруға наразылықтар жөніндегі инспектор
Мемлекеттік қызметтерді көрсетуші инспектор
Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметшісі
Зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі маман

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры - 1344
Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман – 2635
Тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі қызметші -3333

34-КІШІ ТОП**ҚҰҚЫҚТЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ**

Құқықтық, әлеуметтік жұмыс, мәдениет, спорт және тектес қызметтер саласындағы кәсіби көмекші персонал заңдық қызметтер, әлеуметтік жұмыс, мәдениет, тағам дайындау, спорт және дінге жатқызылатын білімдерін практикалық қолданумен байланысты техникалық міндеттерді орындайды. Бұл кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың үшінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер, әдетте мыналарды: техникалық және практикалық қызметтерді ұсыну және әлеуметтік және қоғамдық көмек бағдарламаларын іске асыру кезінде, сонымен қатар діни және мәдени іс-шараларды өткізу кезінде сот процестерінде және тергеп-тергеулерде қосалқы функцияларды орындауды; спорттық іс-шараларға қатысу мен төрелік етуді; спорттық жаттығуларды, фитнесі және рекреациялық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды; әртүрлі көркемөнер, мәдени және өзге де іс-шараларда шығармашылық және техникалық дағдыларды біріктіруді; тағам әзірлеуді, мәзірлер жасауды және тағамды дайындауды бақылауды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 341 Заң, әлеуметтік қызметтер және дін жөніндегі кәсіби көмекші персонал**
- 342 Спорт, дене шынықтыру және фитнес саласындағы жұмыскерлер**
- 343 Мәдениет және кулинария өнерінің кәсіби көмекші персоналы**
- 344 Ойын-сауық индустриясындағы кәсіби көмекші персонал**

ҚР МЖ 01-2017

341-ШАҒЫН ТОП

ЗАҢДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ДІН ЖӨНІНДЕГІ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Заңдық, әлеуметтік қызметтер және дін жөніндегі кәсіби көмекші персонал құқықтық процестер және тергеп-тексерулерді жүргізу, әлеуметтік және қоғамдық көмек және діни қызмет бағдарламаларын іске асыруда техникалық және практикалық көмек және функциялық қолдау көрсетеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: құқықтық, әлеуметтік және діни қызмет саласындағы кәсіби мамандарға қолдау көрсетуді; нақты деректерді алу және талдауды, заңдық құжаттарды дайындау мен сот шешімдерін табыстауды; әлеуметтік көмек және коммуналдық қызмет бағдарламаларын басқару және іске асыруды, клиенттерге жеке және әлеуметтік проблемаларын шешуде қолдау көрсетуді; жекелеген адамдар және қауымдарға практикалық көмек және моральдық қолдау көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3411 Құқықтану саласындағы және тектес қызметтердің кәсіби көмекші персоналы

3412 Әлеуметтік жұмысты жүргізу және ұйымдастыру саласындағы қызметшілер

3413 Рухани мәртебесі жоқ діни қызметшілер

3411 Құқықтану саласындағы және тектес қызметтердің кәсіби көмекші персоналы

Құқықтану саласындағы және тектес қызметтердің кәсіби көмекші персоналы жалпы заң құзыреті соттарында немесе адвокаттық контораларда қосалқы функцияларды орындайды, сақтандыру шарттарын ресімдеу, мүлікті тапсыру және кредит беру сияқты құқықтық мәселелермен, сонымен қатар басқа да қаржылық операциялармен байланысты қызметтерді көрсетеді немесе клиенттер үшін тепгеп-тергеулер жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сот рәсімдерін және сот шешімдерін құжаттамалық ресімдеу;
- талап өтініштерді, шақыру қағаздарын, хабарламаларды, ордерлерді, сотқа шақыруы бар шақыру қағаздарын және өзге де сот шешімдерін табыстау;
- сотта және кеңесу бөлмелерінде тәртіпті ұстап тұру;
- заңдық құжаттарды, сондай-ақ адвокаттар үшін сот істерінің қысқаша баяндамаларын, өтініштерді, арыздарды, өсиеттерді және шарттарды дайындау, сонымен қатар құқықтық ұстанымдарды қортыу немесе кредит беру немесе сақтандыру талаптарын баяндау бойынша қағаздарды дайындау;
- фактілерді тергеп-тексеру, деректерді жинау және істерді дайындау үшін тиісті кодекстерді, шешімдер мен басқа да құқықтық құжаттарды зерделеу;
- клиенттерге заңдық мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
- ипотекалық кредиттерді, кепілзаттарды, сот шешімдерін, сервитуттарды, келісімшарттарды және құқықтық кепілдіктер мен меншік құқықтарының түпнұсқалылығын тексеруге арналған құжаттарды ресімдеу сияқты заңдық мәселелер бойынша құжаттаманы зерделеу;
- жылжымайтын мүлікті, акцияларды тапсыру немесе ресми тіркеуді талап ететін басқа мәселелермен байланысты құжаттарды дайындау;
- іскерлік мекемелерден тауарлардың, ақшаның, ақпараттың ұрлану мүмкін жағдайларды және тапсырыс берушілердің және қызметкерлердің заңсыз әрекеттерінің басқа да мүмкін жағдайларын тергеп-тексеру;
- клиенттер атынан мекемелердің қызметін, жағдайларды немесе жекеше тұлғалардың әрекеттерін тергеп-тексеру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Заңгердің көмекшісі

Сот өкімшісі

Заң консультанты (біліктілігі орташа)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Заң консультанты – 2611

Заңгер – 2611

Нотариус – 2611

Судья – 2612

Сот отырысының хатшысы – 4415

3412 Әлеуметтік жұмысты жүргізу және ұйымдастыру саласындағы қызметшілер

Әлеуметтік жұмысты жүргізу және ұйымдастыру саласындағы қызметшілер әлеуметтік көмек бағдарламаларын әкімшілендіру және іске асыру, қоғамдық қызметтерді ұсыну

ҚР МЖ 01-2017

және клиенттерге олардың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу үшін көмек көрсетуді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттердің қажеттіліктеріне қатысы бар ақпаратты жинау және олардың тиісті дағдыларын, күшті жақтарын және кемшіліктерін бағалау;
- мүмкіндіктері шектеулі адамдарға және қарт адамдарға қажетті қызметтерді алуы және олардың қоғамға бейімдеу қабілеттерін жақсарту мақсатымен көмек көрсету;
- клиенттерге қажетті қолдау көрсете отырып, іс-қимыл жоспарларының мүмкін нұсқаларын айқындау және әзірлеу үшін қолдау көрсету;
- заңдық, медициналық және қаржылық көмекті, тұрғын үйді, жұмспен қамтуды, көлікті, жүріп-тұрудағы көмек, балабақша және басқа да қызметтерді қоса алғанда, клиенттерге қоғамдық ресурстарға қолжетімділігін айқындау мен қамтамасыз ете отырып, оларға көмек көрсету;
- балалар үйінде және интернаттарда тұратын адамдарға консультация беру, олардың қызметін бақылау және олардың мекемедегі және мекемеден кейінгі өмірін жоспарлауда көмек көрсету;
- клиенттерді тиісті бағдарламаларға қатысуға таңдау және қабылдауға қатысу;
- сыни жағдайларда көмекті және уақытша баспананы ұсыну жөніндегі қызмет көрсету;
- мамандық алуға және жұмысқа орналасуға, нашақорлықтың алдын алу және емдеу жөніндегі бағдарламаларға, тәртіпті басқару бағдарламаларына, әлеуметтік жұмыс немесе денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандардың басшылығымен жастар және басқа да қоғамдық және әлеуметтік бағдарламаларға тарту;
- қабылданатын шаралар және бағдарламалардың тиімділігін бағалауға көмек көрсету, клиенттермен жұмысқа мониторинг жүргізу және есептілік жүргізу;
- клиенттер туралы ақпаратты ұсынумен байланысты және жалпы жағдайдағы өзгерістерді бағалау үшін клиенттерден кері байланысты алу үшін басқа да әлеуметтік қызметтермен, мектептер және денсаулық сақтау мекемелерімен байланыста болу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жастар ісі жөніндегі жұмысшы

Дағдарыс орталығының қызметкері

Отбасы орталығының қызметкері

Әлеуметтік қызметкер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Отбасылық консультант – 2635

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман - 2635

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі мектептегі маман – 2635

3413 Рухани мәртебесі жоқ діни қызметшілер

Рухани мәртебесі жоқ діни қызметшілер дін қызметшілеріне немесе діни қауымға көмек және қолдау көрсетеді, саламаттылықты сенім күшімен және рухани кеңеспен жақсартуға ұмтыла отырып, белгілі бір дін оқуын уағыздайды және таратады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қандайда бір діни сенімнің оқуын уағыздау және тарату;

- құдайға құлшылық ету және діни жораларды жүргізу кезінде көмек көрсету;
- діни білім беруде жәрдем көрсету, адамдар мен қоғамдастықтарға рухани жетекшілік ету және моральдық қолдау;
- мұқтаж адамдарды азық-түлікпен, киіммен және баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды ұйымдастыру және оларға қатысу;
- қауымдарға және жекелеген адамдарға тиісті мінез-құлық, сенімді сақтау немесе олардың әл-ауқатын жақсарту мәселелері бойынша консультация беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Уағызшы

Діни ұйымдардың рухани мәртебесіне жоқ қызметшілері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бонза – 2636

Имам – 2636

Ислам уағызшысы- 2636

Раввин – 2636

Діни қызметші – 2636

Құдай жолындағы адам – 2636

ҚР МЖ 01-2017
342-ШАҒЫН ТОП

СПОРТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ФИТНЕС САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕР

Спорт, дене шынықтыру және фитнес саласындағы жұмыскерлер қаржылық пайда табу үшін спорттық іс-шараларға дайындықты жүзеге асырады және қатысады, әуесқой және кәсіби спортшыларды спорттық нәтижелерін жақсарту үшін жаттықтырады; жастар және халықтың басқа санаттары үшін дене шынықтырумен және жаппай спортпен шұғылдануды ұйымдастырады; спорттық іс-шаралардың ұйымдастырылуын және оларда төрелік етуді қамтамасыз етеді; спорттық оқытуды, физикалық белсенділіктің әртүрлі нысандары және басқа да ойын-сауық іс-шараларды дайындау және бақылауды іске асырады.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: спорттық жарыстарға қатысуды; қабілеттіліктерді дамыту және спорт туралы білімдерін кеңейту бойынша спорттық іс-шараларды өткізуді; спорттық жарыстарды өткізуге қатысты қағидаларды құруды, сонымен қатар олардың өту барысын бақылауды; практикалық сабақтарды (жаттығуларды) жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуді; фитнес бағдарламаларын дамыту мен жасауды; сыныптармен топтық сабақтар және фитнеспен шұғылдану процесінде дербес оқытуды өткізуді; спортты және спорттық жетістіктерді дәріптеуді; жастарды спортқа тартуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3421 Атлеттер және спортшылар**
- 3422 Спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және білім беру ұйымдарындағыларды қоса алғанда, спорт қызметшілері**
- 3423 Фитнес клубтарының, спорттық демалыс аймақтарының инструкторлары және спорттық бағдарламаларды ұйымдастырушылар**

3421 Атлеттер және спортшылар

Атлеттер және спортшылар спорттық жарыстарға қатысады. Олар таңдап алған спорт түрінде жеке немесе команда құрамында жаттығады және жарысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- спорттық жарыстарға қатысу;
- тұрақты практикалық және оқу сабақтарына қатысу және физикалық дайындық пен мастерліктің талап етілетін деңгейін қолдау үшін жеке сабақтар өткізу;
- спорттық іс-шараларды және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалық науқандарды өткізу;
- аталған спорт түрінде мастерліктің жоғары дәрежесін қолдау;
- жаттықтырушылармен консультациялар өткізу процесінде спорттық дайындық стратегиясы туралы шешім қабылдау;
- басқа бәсекелестерді және спорттық алаңдардағы жағдайларды бағалау;
- спорттық іс-шараларға қатысу;
- спорттың нақты түрімен байланысты қағидалар мен ережелерді сақтау;
- дайындықтың жеке жоспарын, жаттығу және жарыстық тапсырмаларды орындау;
- дене шынықтыру және спортты насихаттауды жүзеге асыру;
- жас спортшыларға практикалық көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Боксшы
 Балуан
 Велошабандоз
 Шаңғышы
 Спортшы
 Теннисші
 Футболшы
 Хоккейші
 Шахматшы

3422 Спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және білім беру ұйымдарындағыларды қоса алғанда, спорт қызметшілері

Спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және білім беру ұйымдарындағыларды қоса алғанда, спорт қызметшілері дене шынықтыруда білім алатындарды оқытуды жоспарлайды және жүзеге асырады, сонымен қатар әуесқой спортшылармен және кәсіби спортшылармен, олардың спорттық жетістіктерін жақсарту жеке жұмыс жасайды, спортқа жаппай қатысуды қолдайды, спортшылардың және командалардың нәтижелері және спорттық жетістіктері белгіленетін құжаттаманы ресімдейді, сондай-ақ белгіленген қағидаларға сәйкес спорттық іс-шараларды дайындау және өткізу кезінде міндеттер орындайды және ұйымдастырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқушылардың жасы, дайындылығы, жеке және психофизикалық ерекшеліктері және қызығушылықтарын ескере отырып білім беру бағдарламасына сәйкес оқу процесін жоспарлау және жүзеге асыру;

ҚР МЖ 01-2017

- жарыстық графиктер мен бағдарламаларды әзірлеу, жоспарлау және үйлестіру;
- чемпионаттарды және басқа да спорттық жарыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін дайындық;
- спортшылар немесе командаларды жарыстар немесе ойындар үшін ынталандыру және дайындау;
- ойын уақытында немесе спорттық іс-шараларды өткізу кезінде бәсекелі стратегияны, ойын жоспарларын және спортшылар мен ойыншылардың әрекеттерін әзірлеу;
- спортшылардың техникасы және өнерін бақылау және талдау және болашақта қажет болатын жетілдірулерді айқындау;
- іс-шараларды және жарыстарды өткізу уақытында ойынның аяқталу уақытын және санауды жүргізуді бақылау;
- жарыстардағы спортшылардың өнеріне төрелік ету, ұпайларды тағайындау, құқықбұзушылықтар үшін айыппұлдар салу және нәтижелерді анықтау;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен және демеушілермен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру;
- спорттық есепті, басқа спорттық рекордтарды және жетістіктерді белгілеу;
- спорттық жарыстар қағидалары мен допингке қарсы қағидалардың сақталуын бақылау;
- дене шынықтыру және спортты насихаттау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Спорттық төреші

Рефери

Спорт жөніндегі төреші

Жаттықтырушы

Спорт мектебінің инструктор-әдіскері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Аэробика жөніндегі инструктор – 3423

Дайвинг жөніндегі инструктор – 3423

Фитнес жөніндегі инструктор – 3423

3423 Фитнес клубтарының, спорттық демалыс аймақтарының инструкторлары және спорттық бағдарламаларды ұйымдастырушылар

Фитнес клубтарының, спорттық демалыс аймақтарының инструкторлары және спорттық бағдарламаларды ұйымдастырушылар бағдарламаларды өткізеді, топтарды немесе жекелеген адамдарға бос уақытын өткізу, фитнес клубтарына немесе ашық ауадағы ойын-сауықтарға бару бойынша нұсқау береді және ұйымдастырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бос уақытты және фитнеспен шұғылдануды жоспарлау және өткізу;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін рекреациялық, спорттық және фитнес іс-шараларын мониторингілеу және қажеттілік болған кезде жедел және алғашқы медициналық көмек көрсету;
- клиенттердің спорттық қабілеттерін және деректерін бағалау және мониторингілеу, одан әрі қызметі бойынша ұсынымдар беру;

- дене қозғалысын, фитнес рәсімдерінде және рекреациялық қызметте пайдаланылатын түсініктер мен дағдыларды көрсету және үйрету;
- спорт жабдығын пайдалануға үйрету;
- қауіпсіздік техникасы, спорттық нормалар және қағидаларды сақтау бойынша нұсқау беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аэробика жөніндегі инструктор

Альпинизм және құзға шығу жөніндегі инструктор

Дайвинг жөніндегі инструктор

Жүзу жөніндегі инструктор

Ашық ауадағы ойын-сауық жөніндегі инструктор

Йога инструкторы

Қатер элементтері бар спорт түрлері жөніндегі инструктор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Картинг жөніндегі инструктор – 5170

Би жөніндегі инструктор – 5170

ҚР МЖ 01-2017
343-ШАҒЫН ТОП

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ КУЛИНАРИЯ ӨНЕРІНІҢ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛЫ

мәдениет және кулинария өнерінің кәсіби көмекші персоналы фотосуреттерді дайындау және өндірісі кезінде техникалық мәдени білімін және шығармашылық қабілетін біріктіреді; дизайн және театрлық декорацияларды, жарнамалық қалқандарды және дүкендердің маңдайшаларындағы жазуларды ресімдейді, үй интерьерлері; объектілерді үшін дайындау; кітапханалық және галереялық топтамаларының, сақтау және каталогтау көрмелерін өткізу; мәзірлерді жасау, азық-түліктерді дайындау және ұсыну; кинофильмдер және телевизиядағы өндіріс кезінде, сонымен қатар көркемөнер және мәдени қызметтің басқа да салаларында қолдау көрсету.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: адамдарды, оқиғаларды, сахналарды, материалдарды, бұйымдарды және басқа да заттарды фотоға түсіру үшін фотокамерамен жұмыс істеуді; өнімдер дизайны, интерьерлерді безендіру және тұрмысты ынталандыру бойынша көркемөнер әдістерін қолдануды; объектілерді бейнелеу үшін монтаждау және дайындауды, жиһазды, демонстрациялық заттар мен демонстрациялық аймақтардың көрмелерін дайындау және ұйымдастыруды; мәзірді жобалауды және тамақ өнімдерін дайындауды бақылауды; басшылар мен орындаушыларға театрлық спектакльдерді қоюға, кинофильмдер өндіруге, телевизиялық немесе басқа да коммерциялық жобаларды іске асыруға көмек көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3431 Фотографтар

3432 Интерьер дизайнерлері және декораторлар

3433 Көркемөнер галереяларының, музейлердің және кітапханалардың кәсіби көмекші персоналы

3434 Бас аспаз

3435 Б.т.к. мәдениет және кулинария өнерінің басқа кәсіби көмекші персоналы

3431 Фотографтар

Фотографтар фотокамерамен жұмыс істейді және адамдарды, оқиғаларды, сахнаны, материалдарды, бұйымдарды және басқа да заттарды фотоға түсіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жарнама немесе басқа да коммерциялық, өнеркәсіптік немесе ғылыми мақсаттар үшін, әңгімелерді және газеттердегі, журналдардағы және басқа да басылымдардағы мақалаларды иллюстрациялау үшін фотографияларды дайындау;
- адамдардың және адамдар тобының портреттерін дайындау;
- нақты тапсырманың талаптарын зерттеу және камера, пленка, жарықтандыру және пайдаланылатын фондық аксессуарлар типі туралы шешім қабылдау;
- бейненің композициясын айқындау, жабдықты және затты фотоға түсіруді теңшеу;
- фотобейнені компьютерлерге беру үшін сканерлермен жұмыс істеу;
- фотографиялық бейнелерді түзету үшін компьютерде жұмыс істеу;
- мультимедиялық өнімдерге қосылатын жаңа цифрлық бейнені құру кезінде бұрыннан бар фотографиялық бейнені бейімдеу;
- қажетті визуалдық эффектілерді құру үшін компьютерді немесе басқа да әдістерді пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Репортаж фотографы

Спорт фотографы

Фотограф

Портрет фотографы

Суретші-фотограф

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Кинооператор – 3521

Видеожазба операторы – 3521

Фотокерамик - 7317

Фотомеханикалық нақыштаушы фотограф – 7331

3432 Интерьер дизайнерлері және декораторлар

Интерьер дизайнерлері және декораторлар, мақсаттарды ескере отырып, өмір сапасы мен жұмыс жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ сатылымдарды ынталандыруға ықпал ететін факторларды назарға ала отырып, коммерциялық, өнеркәсіптік, қоғамдық, сауда және тұғын ғимараттар интерьерін жоспарлау және дизайны жүзеге асырады. Олар ғимараттар мен орын-жайлардың құрылысы және әрлеу жұмысын үйлестіреді және қатысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттермен және мүдделі тараптармен консультациялар жүргізу жолымен мақсаттарды және дизайнерлік шектеулерді айқындау;
- кеңістіктік, функциялық және эстетикалық қажеттіліктерді, сондай-ақ тиімділік және қауіпсіздік талаптарын зерттеу және талдау;
- ғимараттар интерьерлері үшін дизайн тұжырымдамасын әзірлеу;

ҚР МЖ 01-2017

- дизайн тұжырымдамасын талқылау үшін эскиздерді, схемаларды, иллюстрацияларды және жоспарларды дайындау;
- клиенттермен, сонымен қатар басқаруды іске асырушы персоналмен, өнім берушілермен және құрылысшылармен жобалық шешімдер бойынша келіссөздер жүргізу;
- функциялық және әрлеу материалдары, жиһаз және интерьерге арналған бұйымдарды таңдау, нақтылау және олар бойынша ұсыным беру;
- ғимараттың құрылысы және әрлеу үшін таңдап алынған дизайнды талқылау және қабылдау;
- құрылысты және интерьерді безендіруді үйлестіру;
- дизайн, безендіру және декорацияларды өрнектеу;
- өнімдер мен қызметтерді нарықта жылжыту үшін витриналар мен басқа да жарнамалық аймақтарды жобалау және безендіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Интерьер декораторы

Интерьер дизайнері

Ландшафтық дизайнер

Студия дизайнері

Сценограф

Суретші-декоратор (біліктілігі орташа)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Интерьер сәулетшісі – 2161

Ландшафтық сәулетші - 2162

Жиһаз дизайнері - 2163

3433 Көркемөнер галереяларының, музейлердің және кітапханалардың кәсіби көмекші персоналы

Көркемөнер галереяларының, музейлердің және кітапханалардың кәсіби көмекші персоналы өнер туындыларын, үлгілерін және жинақтарға арналған артефактілерді дайындауды жүзеге асырады, экспонаттардың көрмесі жайлы келіседі және оларды ұйымдастырады, кітапханашыларға жазылған материалдар және файлдарды өңдеуге арналған жүйелерді ұйымдастыру және басқару процесінде көмектеседі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бейнелеу үшін объектілерді есепке алу және дайындау;
- көрме жабдықтарын әзірлеу және жеткізілуін, витриналар мен демонстрациялық аймақтардың безендірілуін ұйымдастыру;
- жарықтандыруды және демонстрациялық жабдықтарды құруға көмек көрсету;
- экспонаттарды алу, жеткізу, қаптау және қаптамадан шығару;
- кітапхана үшін жаңа материалдарға тапсырыс беру және кітапханалар мен кітапханалық коллекторлық жүйелер қорын қолдау;
- баспа және қолжазба материалдарын каталогтау;
- дерекқорларға деректерді енгізу және компьютердегі жазбаларды редакциялау;
- аудиовизуалдық және көбейткіш техникамен жұмыс істеу;
- библиографиялық деректерді іздеу және тексеру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кітапхана қызметшісі

Музей заттарын есепке алу жөніндегі маман

Музей технигі

3434 Бас аспаз

Бас аспаз мәзірлейді ойлап табады, жаңа тағамдарды жасайды және қонақүйлерде, мейрамханаларда және басқа да қоғамдық тамақтану орындарында, кеме борттарында, жолаушы пойыздары және жеке шаруашылықтарда тағамдарды дайындауды жоспарлау, ұйымдастыру және дайындау процестерін бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тамақ өнімдерін және жұмыс күшінің құнын бағалау арқылы рецептілер мен мәзірді жоспарлау және әзірлеу, сондай-ақ өнімдерге тапсырыс беру;
- тағамдарды дайындау мен ұсынудың барлық кезеңдерінде олардың сапасын бақылау;
- тағамдарды дайындау мәселелерін басшылармен, диетологтармен, асхана жұмыскерлерімен және қызмет көрсетуші персоналмен талқылау;
- аспазшылар және тағамды дайындаумен айналысатын басқа да жұмыскерлердің қызметін бақылау және үйлестіру;
- белгіленген стандарттарға сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін материалдар, жабдықтар және жұмыс аймақтарын тексеру;
- тағамның қалай ұсынылуы керектігін айқындау, сондай-ақ тағамдардың декоративтік безендірілуін жасау;
- аспазшылар мен басқа да жұмыскерлерге тағам, гарнирлер дайындау, әзірлеу, сондай-ақ тамақ өнімдерін презентациялау мәселелері бойынша нұқсау беру;
- ас бөлмесі үшін персоналды таңдауға қатысу және оны пайдалануды мониторингілеу;
- дәмдеуіштерді дайындау, таңдау және арнайы тамақ өнімдерін және күрделі тағамдарды дайындау;
- гигиенаны және тағам өнімдерінің қауіпсіздігін сақтауды түсіндіру және қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бренд-шеф

Су-шеф

Шеф-кондитер

Шеф-аспазшы

Тұздалған азық-түлік шеф-аспазшысы

Тұздықтар шеф-аспазшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Аспазшы – 5120

Қонақүйдегі аспазшы – 5120

Кафетерийдегі аспазшы – 5120

Тағам әзірленетін тағам дайындаушылар – 9410

ҚР МЖ 01-2017

3439 Б.т.к. мәдениет және кулинария өнерінің басқа кәсіби көмекші персоналы

Осы бастауыш топ *343 Мәдениет және кулинария өнері жөніндегі кәсіби көмекші персонал* шағын тобының басқа бастауыш топтарға кірмейтін мәдениет және кулинария өнерінің кәсіби көмекші персоналын қамтиды. Мысалы мұнда басшыларға немесе актерлерге театрлық спектакльдерді қоюға, кинофильмдердің өндірісіне, телевизиялық немесе басқа көркемөнер коммерциялық жобаларын іске асыруға көмектесетіндер енгізілген.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Каскадер

Трюктерді үйлестіруші

Суфлер

Арнайы эффектiлер жөнiндегi техник

Техник-жарықтандырушы

Боди-арт жөнiндегi суретшi

Трюктер жөнiндегi суретшi

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жарық жөнiндегi режиссер – 2654

Сценограф – 3432

Арнайы эффектiлер жөнiндегi әртiс – 3440

344-ШАҒЫН ТОП

ОЙЫН-САУЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ КӘСІБИ КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

Ойын-сауық индустриясындағы кәсіби көмекші персонал сахнада, мюзик-холлда, көшеде, цирктерде және стадиондарда көріністік және ойын-сауық қойылымдарын көрсетеді. Олар менеджерлердің, продюсерлердің басшылығымен немесе өздігінен жұмыс істейді. Кейбір жағдайларда олар басқа жұмыскерлерді басқаруды немесе дайындауды жүзеге асыруы мүмкін.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: көріністік ойын-сауық нөмірлерін орындауды, фокустарды көрсетуді, күрделі және эффектілі акробатикалық трюктерді және басқа да цирктік нөмірлерді орындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3440 Ойын-сауық индустриясындағы кәсіби көмекші персонал

ҚР МЖ 01-2017

3440 Ойын-сауық индустриясындағы кәсіби көмекші персонал

Ойын-сауық индустриясындағы кәсіби көмекші персонал сахнада, мюзик-холлда, көшеде, цирктерде және стадиондарда көріністік және ойын-сауық қойылымдарын көрсете отырып, аудиторияның көңілін көтереді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жұртшылық алдындағы қойылымдарының сценарийлерін дайындау;
- ойын-сауық трюктерін орындау, күлкілі қойылымдарды ойнау;
- фокустар, иллюзиялық жанрдағы нөмірлер, гипноз өнерін көрсету;
- күрделі және эффектілі акробаттық және гимнастикалық нөмірлерді, жонглерлік трюктерді орындау;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Арнайы эффектілер жөніндегі әртіс

Түнгі клуб бишісі

Көше әншісі (музыкант)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мимикалық ансамбль әртісі – 2655

Радиодағы диск-жокей – 2656

"Акробатика" жанрының әртісі - 2659

"Жонглерлық" жанрының әртісі - 2659

Каскадер – 3439

Трюктерді үйлестіруші – 3439

35-КІШІ ТОП**АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР (АКТ)
САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИК МАМАНДАР**

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы техник мамандар компьютерлік жүйелер, байланыс жүйелері және желілерінің күн сайынғы жұмысын қолдап отырады және телекоммуникация, бейнені және дыбысты трансляциялаумен, сонымен қатар құрлықтағы, теңіздегі немесе тікұшақтағы телекоммуникациялық сигналдардың басқа да түрлерімен байланысты техникалық міндеттерді орындайды. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі көбісі дағдылардың үшінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақпараттық және коммуникациялық жүйелердің пайдаланушыларына көмек көрсетуді, жаңа бағдарламалар мен жабдықтарды орнатуды; желілерді және деректерді берудің басқа да жүйелерін құру, пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; Интернет және Интернет сайттарын немесе Web-серверлік жабдықтарды немесе бағдарламалық камсыздандыруды орнату, мониторингілеу және қолдауды; Web-парақшаларды өзгертуді, сонымен қатар деректерді резервке көшіруді және қалпына келтіруді; дыбысты жазуға, бейнені және дыбысты редакциялау мен микширлеуге арналған жабдықты бақылауды; радио-және телевизиялық бағдарламалар үшін бағдарламалар және тарату жүйелерін және жерсеріктік жүйелерді бақылау мен жүргізуді; радиобайланыс жүйелерін, жерсеріктік қызметтерді және құрлықтағы, теңіздегі немесе ұшақтағы көп каналды жүйелерді бақылау мен қолдауды; компьютерлік жүйелер мен телекоммуникациялық жабдықтарды зерттеу мен дамытуды немесе прототиптерді тестілеумен байланысты техникалық көмек көрсетуді; ерекшеліктердің деректеріне сәйкес сызбалардың схемаларын жобалау және дайындауды; телекоммуникациялық жүйелерді өндіру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді техникалық қадағалауды қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

351 АКТ операторлары және техниктері

352 Телекоммуникациялар және телерадио хабарларын тарату жөніндегі техник мамандар

ҚР МЖ 01-2017

351-ШАҒЫН ТОП

АКТ ОПЕРАТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕХНИКТЕРІ

АКТ операторлары және техниктері байланыс жүйелерінің, компьютерлік жүйелердің және желілердің күнделікті жұмысын қолдайды және пайдаланушыларға техникалық көмек көрсетеді.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: перифериялық және компьютерлермен байланысқан жабдықтарды пайдалану мен басқаруды; жабдықтың істен шығуы немесе оның жұмысындағы қателіктерді алдын алу үшін жүйелерді мониторингіледуді; принтерлер сияқты перифериялық жабдықтарды іске қосу үшін қажетті материалдармен жүктеуді немесе перифериялық жабдықтарды осы жабдықтар операторларының жүктеуін қадағалауды; пайдаланушылардың проблемаларды шешуге арналған бағдарламалық немесе аппараттық қамсыздандыруға қатысты сұрауларына жауап беруді; жабдықтарды, бағдарламалық қамсыздандыруды немесе перифериялық жабдықтарды конструкцияларына және орнату жөніндегі ерекшеліктеріне сәйкес орнатуды немесе ұсақ жөндеуді; жүйелердің күн сайынғы жұмысын бақылауды; қызметкерлердің пайдалануы үшін жабдықты ретке келтіруді, кәбілдерді, операциялық жүйелерді және сәйкес бағдарламалық қамсыздандыруды тиісті монтаждалуын орындау мен қамтамасыз етуді; жүйелер мен деректерді берудің басқа жүйелерін жасау, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуді; Интернетті және Интернет сайттарын немесе Web-серверлік жабдықтарды немесе бағдарламалық қамсыздандыруды орнатуды, мониторингіледуді және сенімділігін қолдауды; Web-парақшаларды өзгертуді, сонымен қатар Web-серверлік резервтік көшіру және қалпына келтіруді орындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

3512 Компьютерлер жөніндегі техник мамандар

3513 Web жөніндегі техник мамандар және әкімшілер

3512 Компьютерлер жөніндегі техник мамандар

Компьютерлер жөніндегі техник мамандар компьютерлік желілерді және деректерді берудің басқа жүйелерін жасайды, пайдаланады және оларға қызмет көрсетеді, сондай-ақ бағдарламалық қамсыздандырудың, жабдықтардың, компьютерлік перифериялық жабдықтардың, жүйелердің, деректерлердің және Интернеттің мәселелерін мен проблемаларын диагностикалау және шешуді қоса алғанда, қолданушыларға не тікелей, не телефон, электрондық пошта немесе басқа электрондық құралдар арқылы техникалық көмек көрсетеді, сондай-ақ жүйелерді өрістетуге, орнату және оларға техникалық көмек көрсету бойынша ұсынымдар береді және қолдау көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- желілік жүйелерді пайдалану, техникалық қызмет көрсету және ақаулықтарын жою;
- желілерді қоспағанда, деректерді беру жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету;
- желі пайдаланушыларына көмек көрсету және деректерді берудегі проблемаларды жою;
- жабдықты және бағдарламалық қамсыздандыруды жаңартуға мұқтаж аймақтарды анықтау;
- компьютерлік техниканы, желілік бағдарламалық қамсыздандыруды, операциялық жүйенің бағдарламалық қамсыздандырылуын және бағдарламалық қамсыздандырудың қосымшаларын орнату;
- қосу және сөндіруді, сонымен қатар компьютерлік желілер үшін деректерді резервтік көшіруді және авариялық қалпына келтіруді орындау;
- проблемаларды шешу үшін пайдаланушылардың бағдарламалық немесе аппараттық қамсыздандыруға қатысты сұрауларына жауап беру;
- командаларды енгізу және операциялардың дұрыстығын тексеру және қателіктерді анықтау үшін бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- компьютерлік жабдықтың, бағдарламалық қамсыздандыруды немесе перифериялық жабдықтарды конструкциясының ерекшеліктеріне немесе орнату жөніндегі ерекшеліктеріне сәйкес орнату және ұсақ жөндеуін орындау;
- коммуникация құралдарының және компьютерлік жүйелердің күн сайынғы жұмысын бақылау;
- қызметкерлердің пайдалануы үшін жабдықтарды реттеу, калқандарды, операциялық жүйелерді және тиісті бағдарламалық қамсыздандыруды монтаждауды дұрыс орындау немесе қамтамасыз ету;
- деректерді күн сайын беру бойынша операциялардың, проблемалардың және жағдайды түзету бойынша қабылданған шаралардың немесе монтаждау жұмыстарының есебін жүргізу;
- пайдаланушылар тап болатын техникалық проблемаларды еңсеру немесе жою;
- пайдаланушыларға арналған нұсқаулықтар, техникалық нұсқаулықтар және зерттеу және шешімдерді табуға арналған басқа құжаттар бойынша кеңес тектес кәсіптердің;
- АКТ өнімдерін әзірлеу және тестілеу кезінде қосымшалардың программистеріне, жүйелерді әзірлеушілерге және басқа да мамандарға көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Клиенттерді қолдау қызметінің операторы

Компьютерлік жүйелерді талдау жөніндегі көмекші

ҚР МЖ 01-2017

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Желілік әкімші – 2522

Желілік талдаушы – 2523

Web жөніндегі техник маман – 3514

3513 Web жөніндегі техник мамандар және әкімшілер

Web жөніндегі техник мамандар және әкімшілер Интернеттің және Интернет сайттарының, Web-серверлік жабдықтардың және бағдарламалық қамсыздандырудың оңтайлы жұмыс істеуін қолдайды, бақылайды және қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- Интернетті және Интернет сайттарды, Web серверлік жабдықтарды және бағдарламалық қамсыздандыруды орнату, мониторингілеу және беріктігін және ыңғайлылығын сақтау;
- құжаттамалық қамсыздандыруды дамыту және қолдау, саясатты және нұсқаулықтарды әзірлеу, жедел рәсімдерді жазып алу және жүйелік журналдарды ресімдеу;
- қауіпсіздік шараларын әзірлеу, үйлестіру, жүзеге асыру және мониторингілеу;
- жаңғырту мен жаңа жүйелерді сатып алуды қоса алғанда, өнімділігін арттыру үшін ұсынымдар беру және талдау;
- клиенттермен және пайдаланушылармен байланыста болу және оларға консультациялық көмек көрсету;
- Web -парақшаларды құру және өзгерту;
- Web-серверлік көшіруді және қалпына келтіруді орындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Web бойынша техник-маман

Web-сайт әкімшісі

Web-сайт технигі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Web-сайт дизайнері – 2166

Жүйелік талдаушы (компьютерлік) – 2511

Web-бағдарламашы – 2512

Компьютерлік ойындарды шығарушы – 2512

Желілік әкімші – 2522

Компьютерлік желілер әкімшісі – 2523

352-ШАҒЫН ТОП**ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИК МАМАНДАР**

Телекоммуникациялар және телерадио хабарларын тарату жөніндегі техник мамандар бейнені және дыбысты жазу және редакциялау және радио-және телебағдарламалардың бейнелерін және дыбысын беру, сонымен қатар құрлықтағы, теңіздегі немесе ұшақтағы телекоммуникациялық сигналдардың басқа да түрлерін таратуға арналған аппаратураның жұмыс істеуіне техникалық бақылауын жүзеге асырады, телекоммуникациялық инженерлік іздестірулермен және жобалаумен, телекоммуникациялық жүйелерді дайындаумен, монтаждаумен, салумен, пайдаланумен, оларға техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен байланысты техникалық міндеттерді орындайды.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: дыбысты жазуға, бейнені және дыбысты жазуды редакциялау мен микширлеуге арналған жабдықты бақылауды; бағдарламаларды, радио- және телевизиялық бағдарламаларға арналған хабар тарату жүйелерін және жерсеріктік жүйелерді бақылау және жүргізу; радио байланысы жүйелерін, жерсеріктік қызметтерді және құрлықтағы, теңіз немесе әуе кемелеріндегі көп каналды жүйелерді бақылау мен оларға қызмет көрсетуді; телекоммуникациялық жабдықтарды зерттеу және дамытумен немесе прототиптерді тестілеумен байланысты техникалық көмек көрсету; баяндалған техникалық талаптарға сәйкес сызбаланың схемаларын жобалау мен дайындауды; телекоммуникациялық жүйелердің өндірісіне, пайдаланылуына, ұсталуына және жөнделуіне техникалық қадағалауды қамтамасыз етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 3521 Телерадио хабарларын тарату жөніндегі техник мамандар және аудио-бейне операторлары**
- 3522 Телекоммуникациялар жөніндегі техник мамандар**
- 3523 Телекоммуникациялық жабдықтар операторы**

ҚР МЖ 01-2017

3521 Телерадио хабарларын тарату жөніндегі техник мамандар және аудио-бейне операторлары

Телерадио хабарларын тарату жөніндегі техник мамандар және аудио-бейне операторлары бейнені және дыбысты жазу мен редакциялауды және радио- және телебағдарламалардың бейнесін және дыбысын беруге арналған аппаратураның жұмыс істеуін техникалық бақылауды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- дыбысты жазуға арналған жабдықты бақылау;
- қанағаттанарлық сапаны қамтамасыз ету және ерекше бейнені және дыбыстық эффекттері жасау мақсатында бейнені және дыбыс жазбасын редакциялау және микширлеуде қолданылатын жабдықты бақылау;
- бейне және дыбыс жазбасының қағидалары мен практикасы туралы білімдерді қолдану және проблемаларды анықтау және шешу мақсатында редакциялау;
- радио- және телевизиялық бағдарламаларға арналған бағдарламаларды, тарату жүйелерін және жерсеріктік жүйелерді бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Оператордың көмекшісі (видео, теле-, дыбыс)

Кинооператор

Бейнені монтаждаушы

Дыбыстық жазбалар операторы

Технологиялық жарықтандыру жөніндегі техник

Трансляция жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дыбыстық жазба жөніндегі инженерлер – 2153

Теле радио хабарларын тарату жөніндегі инженерлер – 2153

Фотограф – 3431

3522 Телекоммуникациялар жөніндегі техник мамандар

Телекоммуникация жөніндегі техник мамандар телекоммуникациялармен, инженерлік ізденістермен байланысты техникалық міндеттерді, сондай-ақ телекоммуникациялық жүйелерді жобалау, дайындау, монтаждау, салу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- телекоммуникациялық жабдықтарды зерттеумен және дамытумен немесе прототиптерді тестілеумен байланысты техникалық көмек көрсету;
- қабылданатын жұмыс әдістерін анықтау мақсатымен сызбалар мен эскиздер сияқты техникалық материалдарды зерделеу;
- баяндалған техникалық талаптарға сәйкес телекоммуникациялық жабдықтарды дайындау және монтаждауға қажетті материалдардың саны мен құнын және еңбек шығынын нақты бағалауды дайындау;

- ерекшеліктер және қағидаларға сәйкес қанағаттанарлық жұмысын қамтамасыз ету үшін телекоммуникациялық жүйелерді өндіру, пайдалану, күту және жөндеуді техникалық қадағалауды қамтамасыз ету;
- телекоммуникациялық инженерлік қағидалар және тәжірибелерді олардың жұмысында туындайтын проблемаларды анықтау және шешу мақсатымен техникалық білімдерді қолдану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Техник-радиотехник

Телекоммуникациялық жабдықтарды монтаждау жөніндегі техник

Телекоммуникациялық жүйелер жөніндегі техник

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-электроник – 3122

Телекоммуникация желілерін жөндеуші – 7422

3523 Телекоммуникациялық жабдықтар операторы

Телекоммуникациялық жабдықтар операторы құрлықта, теңізде немесе ұшақта телекоммуникациялық сигналдарды беру үшін телекоммуникациялық жабдықтардың жұмыс істеуіне техникалық бақылауды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құрлықта, теңізде немесе ұшақта радиобайланыс жүйелерін, жерсеріктік қызметтерді және көп каналды жүйелерді бақылау;
- хабар тарату қағидастары мен практикасы, телекоммуникациялық терминалдар және беру жүйелері туралы білімдерін проблемаларды анықтау және шешу мақсатында қолдану;
- жабдықты авариялық жөндеуді жүзеге асыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Борт радисі

Кемедегі радисі

Радиозондист

ӘКІМШІЛЕНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Әкімшілендіру саласындағы қызметшілер қажетті ақпаратты жазып алады, сақталуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, есептеулер мен есептеп шығаруларды орындайды, қажетті ақпаратты алады, сондай-ақ ақша операцияларымен, сапарлармен және саяхаттармен, ақпараттық сұратулармен және кездесулермен байланысты бірқатар қызметтік міндеттерді орындайды. Осы негізгі топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Қызметшілер орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: стенографияны, машинамен жазуды, операциялық мәтіндік процессорлармен және басқа да офистік машиналармен жұмыс істеуді; компьютерлерге деректерді енгізуді; хатшылық міндеттерді орындауды; цифрлық деректерді енгізу мен компьютерлік өңдеуді; қоймалық қорларға, өндіріске және көлікке жатқызылатын жазбаларды жүргізу және сақтауды; жолаушылар және жүк тасымалына қатысты есеп жүргізуді; кітапханаларда техникалық функцияларды орындауды; құжаттарды тіркеу мен сақтауды; пошта қызмеімен байланысты міндеттерді орындауды; хат-хабармен жұмыс істеу кезінде баспаға арналған материалдарды дайындау және тексеруді; ақша операцияларын орындауды; сапарларды ұйымдастыру жөніндегі істерді жүргізуді; клиенттер мен лауазымды адамдар сұратқан ақпаратты ұсынуды; телефон коммутаторына қызмет көрсетуді, сонымен қатар басқа жұмыскерлерді қадағалауды қамтуы мүмкін.

Аталған негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 40 Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер**
- 41 Кең бейінді және офис техникасына қызмет көрсетуші қызметшілер**
- 42 Клиенттермен жұмыс жөніндегі қызметшілер**
- 43 Сандық ақпаратты өңдеу және материалдық құндылықтарды есепке алу саласындағы қызметшілер**
- 44 Әкімшілендіру саласындағы басқа қызметшілер**

40-КІШІ ТОП**ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ОФИС ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР**

Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер *4 Әкімшілендіру саласындағы қызметшілер* негізгі тобына енгізілген жұмыскерлердің қызметін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: мынадай міндеттерді орындайтын қызметкерлердің жұмысын үйлестіру, айқындау және талдауды; мәтіндерді өңдеу, есепке алу және тіркеу, телефон және коммутаторларға қызмет көрсету; деректерді енгізу, оларды басып шығару және кеңселік және әкімшілік жұмыстың дағдыларын талап ететін басқа да іс-шаралар; жұмыс графиктерін және рәсімдерін әзірлеуді және басқа жұмыс бөлімшелерімен және департаменттермен қызметті үйлестіруді; жұмыспен, қол жеткізілген табыстар және басқа да есептіліктер туралы материалдарды дайындаумен және ұсынумен байланысты проблемаларды шешуді; жұмыскерлерді қызметтік міндеттерді орындау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компания саясатын іске асыру бойынша оқыту мен нұсқаулар өткізуді немесе аталған бағыттар бойынша оқытуды ұйымдастыруды; жұмыскерлердің жұмыстарды орындауын және қағидаларды сақтауын бағалауды және персоналдың тиісті іс-әрекеттеріне ұсынымдар беруді; жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау, әңгімелесулерді өткізу және персоналды іріктеу кезінде көмек көрсетуді көрсетуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

400 Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер

ҚР МЖ 01-2017
400-ШАҒЫН ТОП

Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер

Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер *4 Әкімшілендіру саласындағы қызметшілер* негізгі тобына енгізілген қызметкерлердің қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асырады.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттері мынадай міндеттерді орындайтын қызметкерлердің жұмысын үйлестіру, айқындау және талдауды: мәтіндерді өңдеу, есепке алу және тіркеу, телефон және коммутаторларға қызмет көрсету; деректерді енгізу, оларды басып шығару және кеңселік және әкімшілік жұмыстың дағдыларын талап ететін басқа да іс-шаралар; жұмыс графиктерін және рәсімдерін әзірлеуді және басқа жұмыс бөлімшелерімен және департаменттермен қызметті үйлестіруді; жұмыспен, қол жеткізілген табыстар және басқа да есептіліктер туралы материалдарды дайындаумен және ұсынумен байланысты проблемаларды шешуді; жұмыскерлерді қызметтік міндеттерді орындау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компания саясатын іске асыру бойынша оқыту мен нұсқаулар өткізуді немесе аталған бағыттар бойынша оқытуды ұйымдастыруды; жұмыскерлердің жұмыстарды орындауын және қағидаларды сақтауын бағалауды және персоналдың тиісті іс-әрекеттеріне ұсынымдар беруді; жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау, әңгімелесулерді өткізу және персоналды іріктеу кезінде көмек көрсетуді көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

4000 Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер

4000 Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер

Құжат айналымы және басқа да офис жұмысы жөніндегі супервайзерлер *4 Әкімшілендіру саласындағы қызметшілер* негізгі тобына енгізілген қызметкерлердің қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- мынадай міндеттерді орындайтын қызметкерлердің жұмысын үйлестіру, айқындау және талдауды: мәтіндерді өңдеу, есепке алу және тіркеу, телефон және коммутаторларға қызмет көрсету; деректерді енгізу, оларды басып шығару және кеңселік және әкімшілік жұмыстың дағдыларын талап ететін басқа да іс-шаралар;
- жұмыс графиктерін және рәсімдерін әзірлеу және басқа жұмыс бөлімшелерімен және департаменттермен қызметті үйлестіру;
- жұмыспен, қол жеткізілген табыстар және басқа да есептіліктер туралы материалдарды дайындаумен және ұсынумен байланысты проблемаларды шешу;
- жұмыскерлерді қызметтік міндеттерді орындау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компания саясатын іске асыру бойынша оқыту мен нұсқаулар өткізу немесе аталған бағыттар бойынша оқытуды ұйымдастыру;
- жұмыскерлердің жұмыстарды орындауын және қағидаларды сақтауын бағалау және персоналдың тиісті іс-әрекеттеріне ұсынымдар беру;
- жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау, әңгімелесулерді өткізу және персоналды іріктеу кезінде көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Билет кассасының меңгерушісі

Кеңсе меңгерушісі

Құжаттарды тіркеу жөніндегі басшы

Кадрлық іс қағаздарын жүргізу жөніндегі ызметшілердің басшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Көшіру-көбейту бюросының меңгерушісі - 1332

ҚР МЖ 01-2017

41-КІШІ ТОП

КЕҢ БЕЙІНДІ ЖӘНЕ ОФИС ТЕХНИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Кең бейінді және офис техникасына қызмет көрсетуші қызметшілер ақпаратты тіркейді, ұйымдастырады, сақтайды және шығарады және белгіленген рәсімдерге сәйкес кеңселік және әкімшілік міндеттердің кең спектрін орындайды. Аталған кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақпаратты жазу, дайындау, сұрыптау, жіктеу және беруді; поштаны сұрыптау, ашу және жөнелтуді; әдепкі сипаттағы есептер мен хат-хабарды дайындауды; құжаттарды ксерокөшіруді және факспен жіберуді; мәтіндік және сандық материалдарды жазуға, енгізуге, өңдеуге арналған дербес компьютерлермен, мәтіндік процессорлармен немесе жазушы машиналармен жұмысты; құжаттардың көшірмелерін корректурлеуді және түзетуді; шот-фактураларды дайындау мен сандық деректерді тексеруді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

411 Кең бейінді офис қызметшілері

412 Кең бейінді хатшылар

413 Мәтінді өңдеу, теру және деректерді енгізу жөніндегі қызметшілер

411-ШАҒЫН ТОП

КЕҢ БЕЙІНДІ ОФИС ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ

Кең бейінді офис қызметшілері белгіленген рәсімдерге сәйкес кеңселік және әкімшілік міндеттер спектрін орындайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақпаратты жазу, дайындау, сұрыптау, жіктеу және беруді; поштаны сұрыптау, ашу және жөнелтуді; әдепкі сипаттағы есептер мен хат-хабарды дайындауды; құжаттарды ксерокөшіруді және факспен жіберуді; персонал үшін жабдық көрсеткіштерін жазып алуды; телефондық және электрондық сұратуларға жауап беруді немесе тиісті адамдарға беруді; сандарды тексеруді, шот-фактураларды дайындауды және қаржылық мәмілелердің детальдарын жазып алуды; компьютердегі ақпаратты таратуды, сондай-ақ көшірмелерді корректурлеу мен тексеруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

4110 Кең бейінді офис қызметшілері

ҚР МЖ 01-2017

4110 Кең бейіндегі офис қызметшілері

Кең бейінді офис қызметшілері белгіленген рәсімдерге сәйкес кеңселік және әкімшілік міндеттердің кең спектрін орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- келіп түсетін және жіберілетін хат-хабарды уақтылы өңдеу, оның тағайындалуы бойынша жеткізілуін қамтамасыз ету;
- ағымдағы іс қағаздарын жүргізу құжаттарын, сонымен қатар басшылықтың бұйрықтары мен тапсырмаларын тіркеу, есептеу, сақтау және тиісті құрылымдық бөлімшелерге беру;
- керартпалық сипаттағы есептер мен хат-хабарды дайындау;
- персонал үшін жабдықтардың көрсеткіштерін жазып алу;
- телефондық және электрондық сұратуларға жауап беруді немесе тиісті адамдарға беру;
- құжаттардың орындалу мерзімдері мен олардың дұрыс рәсімделуіне бақылауды жүргізу;
- машина жазушы жұмыстарды, құжаттарды көшіруді және көбейтуді орындау;
- істердің дұрыс қалыптастырылуын, сақталуын және мұрағатқа уақтылы берілуін бақылау;
- тапсырмалардың орындалуын бақылау нәтижелері бойынша есептерді, анықтамаларды, жинақтауларды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Іс қағаздарын жүргізуші

Офис қызметшісі (кең бейінді)

Офис қызметшісі

Қоғаммен байланыс жөніндегі қызметші

Кадрларды есепке алу жөніндегі қызметші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Хатшы (кең бейінді) - 4120

Ескертпелер

Офис қызметшілері (кең бейінді) мен *4120 Хатшылар* бастапқы тобына ескерілетін қызметкерлер арасындағы ерекшелік ретінде хатшылардың жұмысы ең алдымен хат-хабар мен басқа да құжаттарды жазу, форматтау және өңдеуге қатысты екенін атап өту қажет. Ал кең бейінді офис қызметшілерімұндай сипаттағы кейбір жұмыстарды орындауы мүмкін, бірақ құжаттарды тіркеу мен өңдеу олардың жұмысының негізгі құрамы болып табылмайды.

412-ШАҒЫН ТОП**КЕҢ БЕЙІНДІ ХАТШЫЛАР**

Кең бейінді хатшылар хаттарды өңдеу, хаттарды және басқа да құжаттарды теру үшін жазушы машиналарды, дербес компьютерлерді және мәтіндерді өңдеуге арналған басқа да жабдықтарды пайдаланады, басқа қызметкерлер дайындаған құжаттарды тексереді және форматтайды, кіріс және шығыс құжаттамамен жұмыс істейді, кездесулер немесе тағайындаулар туралы өтініштерді сұрыптайды, сонымен қатар әртүрлі қосымша әкімшілік міндеттерді орындайды.

Аталған шағын топ қызметкерлер орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: әкімшілік құжаттаманы, хаттамаларды және есептерді айту бойынша, электрондық немесе шимай құжаттарды жазу машинасының, дербес компьютер немесе мәтінді өңдеуге арналған басқа да құралдардың көмегімен құжаттаманы рәсімдеу стандарттарына сәйкес тексеру, форматтау және басуды; электрондық кестелерді қоса алғанда, компьютерлік бағдарламалардың әртүрлі пакеттерін пайдалана отырып әкімшілік қолдауды жүзеге асыруды; ақпаратты телефон, факсимильдік және пошта байланысының көмегімен қабылдау және беруді қамтамасыз етуді; пошталық хабарламаларды, хат-хабарды және құжаттарды сканирлеу, жазып алу мен таратуды; құжатталған ақпаратты қабылдау, ескепке алу және сақтауды қамтамасыз етуді; кездесулер туралы өтініштерді сұрыптауды, кездесулердің кезектілігін айқындауды немесе кездесулерді ұйымдастыруға көмек көрсетуді, келіссөз процестерін сервистік сүйемелдеуді; демалыстардың кезектілігін келісуді, демалыстарды тіркеуді және қызметкерлердің басқа да құқықтарын сақтауды; құжаттарды тіркеу және сақтау жүйесін ұйымдастыру мен бақылауды; жеке бастамасы бойынша әдеттегі хат алмасуды жүргізуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

4120 Кең бейінді хатшылар

ҚР МЖ 01-2017

4120 Кең бейінді хатшылар

Кең бейінді хатшылар хаттарды өңдеу, хаттарды және басқа да құжаттарды теру үшін жазушы машиналарды, дербес компьютерлерді және мәтіндерді өңдеуге арналған басқа да жабдықтарды пайдаланады, басқа қызметкерлер дайындаған құжаттарды тексереді және форматтайды, кіріс және шығыс құжаттамамен жұмыс істейді, кездесулер немесе тағайындаулар туралы өтініштерді сұрыптайды, сонымен қатар әртүрлі қосалқы әкімшілік міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құжаттаманы, хаттамаларды және есептерді айту бойынша, электрондық немесе шимай құжаттарды жазу машинасының, дербес компьютер немесе мәтінді өңдеуге арналған басқа да құралдардың көмегімен құжаттаманы рәсімдеу стандарттарына сәйкес тексеру, форматтау және басу;
- электрондық кестелерді қоса алғанда, компьютерлік бағдарламалардың әртүрлі пакеттерін пайдалана отырып әкімшілік қолдауды жүзеге асыру;
- кіріс және шығыс поштамен бірге жұмыс;
- пошталық хабарламаларды, хат-хабарды және құжаттарды сканирлеу, жазып алу мен тарату;
- кездесулер туралы өтініштерді сұрыптау, кездесулердің кезектілігін айқындау немесе кездесулерді ұйымдастыруға көмек көрсету;
- демалыстардың кезектілігін келісу, демалыстарды тіркеу және қызметкерлердің басқа да құқықтарын сақтау;
- құжаттарды тіркеу және сақтау жүйесін ұйымдастыру мен бақылау;
- жеке бастамасы бойынша әдеттегі хат алмасуды жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жеке көмекші

Кабинет хатшысы

Стенографшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Медициналық тіркеуші, емхана - 3252

Стоматология хатшысы - 4224

Заң хатшысы – 4415

413-ШАҒЫН ТОП

МӘТІНДІ ӨНДЕУ, ТЕРУ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Мәтінді өңдеу, теру және деректерді енгізу жөніндегі қызметшілер деректерді сақтау, одан әрі өңдеу, жариялау және беру үшін мәтіндік және сандық материалдарды енгізеді, өңдейді, сондай-ақ дайындайды, редакциялайды және жасайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақпаратты өңдеу үшін қажетті деректерді және кодтарды енгізуді; қатқыл және алмалы дискілерде сақталатын деректерді алу, сақтау және жаңартуды; бастапқы деректерді есепке алуды; компьютерленген жабдықты немесе стенографтық машиналарды пайдалана отырып стенографиялық жазбаларды жүргізуді; стенограммалар түрінде немесе дыбыс жазу аппаратурасына жазылған стенографиялық ақпараттың мағынасын ашуды, көшірмелерді корректурлеу мен түзетуді; ауызша мәтінді, сонымен қатар телевизиялық бағдарламаларды машинамен жазып жаңғыртуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

4131 Мәтінді өңдеушілер және терушілер

4132 Деректерді енгізу жөніндегі қызметшілер

ҚР МЖ 01-2017

4131 Мәтінді өңдеушілер және терушілер

Мәтінді өңдеушілер және терушілер мәтіндік материалдарды жазу машиналарының, дербес компьютерлердің немесе басқа да мәтіндік процессорлардың көмегімен тереді, редакциялайды және басып шығарады, сонымен қатар айту бойынша басады немесе стенографиялық жазбаларын жасайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қолмен жазылған шимай материалдарды басу, көшірмелерді түзету, айту бойынша басу немесе стенограммаларды компьютердің, мәтіндік процессордың немесе жазушы машиналардың көмегімен басып шығару;
- орындалған жұмыстарды орфография, грамматика, пунктуация және форматтау қағидалары тұрғысынан тексеру;
- нұсқаулықтарды сақтай отырып терілген материалдарды жинау және тәртіпке келтіру;
- дайын құжаттарды компьютердің қатқыл дискісіне немесе алмалы дискіге енгізу және сақтау, сақтаудың компьютерлік жүйесін қолдау, құжаттарды алу және жаңарту;
- айту бойынша басу және стенографтау;
- стенограммалар түрінде немесе дыбысты жазу аппаратурасында жазылған ақпараттың мағынасын ашу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Мәтінді теруші

Мәтінді өңдеуші

Телефакс операторы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Стенографист – 4120

4132 Деректерді енгізу жөніндегі қызметшілер

Деректерді енгізу жөніндегі қызметшілер кодталған, статистикалық, қаржылық және басқа да сандық деректерді электрондық құрылғыларға, компьютерлік дерекқорларға, электрондық кестелерге немесе деректерді сақтаудың басқа да орындарына клавиатураның, тінтуірдің немесе оптикалық сканердің, сөзді танитын бағдарламалық қамсыздандырудың немесе деректерді енгізудің басқа да құралдарының көмегімен енгізуді жүзеге асырады. Олар математикалық есептеулер жүргізу үшін деректерді механикалық және электрондық құрылғыларға енгізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шот-фактураларды, нысандарды, есептерді және деректерді жинауға арналған басқа да құжаттарды алу және тіркеу;
- бастапқы материалдан сандық деректерді, кодтарды және мәтіндерді компьютермен үйлесімді ақпаратты сақтау және өңдеуге арналған құрылғыларға енгізу;
- деректердің дәйектілігін және толықтығын тексеру, қажет болған жағдайда енгізілген деректерге түзетулер енгізу;
- операциялық бухгалтерлік және есептеу машиналарындағы жұмыс;
- дерекқорларды сақтаудың әртүрлі жүйелері мен бағдарламалық қамсыздандыру арасындағы деректермен алмасу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Деректерді енгізу жөніндегі оператор

Деректерді енгізу жөніндегі қызметші

Жалақы деректерін енгізу жөніндегі қызметші

КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Клиенттермен жұмыс жөніндегі қызметшілер ақшалай операцияларды, сапарлар мен саяхаттарды жүзеге асырумен, ақпаратты ұсыну туралы сұрау салулармен, кездесулерді белгілеумен, телефон коммутаторларына қызмет көрсетумен, қызметтерге арналған құқықтарды айқындау үшін өтінімдер толтыру немесе тексеру үшін сұхбаттарды жүргізумен байланысты клиенттермен істес болады. Бұл кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: банктерде, пошта бөлімшелерінде, ойын мекемелерінде және бәстерді жасау немесе саяхаттар мен сапарларды ресімдеу кезінде ақшалай операцияларды жүзеге асыруды; клиенттердің өтініші бойынша және кездесулерді ұйымдастыру кезінде ақпарат ұсынуды; телефон коммутаторларына қызмет көрсетуді; келушілерді қарсы алу мен қабылдауды; респонденттерден, қызметтерге үміткерлерден сауалнама алуды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағы топтарға бөлінеді:

421 Кассирлер және тектес қызметтердің жұмыскерлері

422 Клиенттерге қызмет көрсету және ақпараттандыру жөніндегі қызметшілер

421-ШАҒЫН ТОП

КАССИРЛЕР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ

Кассирлер және тектес қызметтердің жұмысқерлері банк және пошта қызметтерін көрсететін, кепілзатқа ақшалай кредит беретін және қарыздарды жинауды жүзеге асыратын мекемелерде ақшалай операцияларды орындайды.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ақшалай операцияларға немесе пошта байланысы қызметтеріне байланысты банк немесе пошта бөлімшелерінің клиенттерімен жұмысты; тауарлы депозиттерді немесе басқа да құнды қағаздарды кепілге алу арқылы кредит беруді; қарыздарды және басқа да төлемдерді жинауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 4211 Банк кассирлері және тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлері**
- 4213 Ломбард жұмысқерлері және нәрселерді кепілге беру жөніндегі басқа агенттер**
- 4214 Коллекторлар мен борыштарды және төлемдерді жинау жөніндегі тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлер**

ҚР МЖ 01-2017

4211 Банк кассирлері және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлері

Банк кассирлері және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлері банктердің немесе пошта бөлімшелерінің клиенттерімен ақшалай қаражаттарды алу, алмасу және төлеумен немесе пошта қызметтерін ұсынумен байланысты тікелей жұмыс істейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ақшалай ақшаны шешумен және депозиттерді, чектерді, аударымдарды, шоттарды, кредиттік карталар бойынша төлемдерді, ақшалай аударымдарды, кепілгерліктерді және басқа да банктік операцияларды ресімдеумен байланысты қызметтерді клиентке көрсету;
- келіп түскен ақшалай қаражаттарды және оларды клиенттердің шотынан шешілуін ресімдеу;
- клиенттердің тапсырмасы бойынша шоттарды төлеу және ақшалай аударымдарды жүзеге асыру;
- поштаны алу, пошталық маркаларды сату және пошта бөлімшелерінде шоттарды төлеу, ақша аударымдары сияқты және басқа да ұқсас есептік операцияларды жүргізу;
- клиенттердің талаптарына сәйкес ақшалай сомаларды бір валютадан басқасына аудару;
- барлық мәмілелерді есепке алу және оларды ақшалай қаражаттардың қалдығымен келістіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Банк кассирі

Валюта кассирі, банктегі

Ақша айырбастау кассасының операторы

Ақша операцияларын ресімдеуші пошта қызметшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бақылаушы-кассир - 5220

4213 Ломбард жұмыскерлері және нәрселерді кепілге беру жөніндегі басқа агенттер

Ломбард жұмыскерлері және нәрселерді кепілге беру жөніндегі басқа агенттер тауарлы депозиттерді немесе өзге де меншікті, сондай-ақ басқа да қамсыздандырылуды кепілге алу арқылы қарызға ақша беруді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кепілзат ретінде ұсынылатын тауарларды бағалау, пайыздарды есептеу және кредит көлемін айқындау;
- кредитті қайтару жағдайында тауарларды қайтару немесе төлеу жағдайында тауарларды сату;
- болашақ егінді және басқа да тектес өнімдерді кепілге алу арқылы жеке қажеттіліктер үшін кредит беру;
- болашақ егінді және басқа да тектес өнімдерді кепілге алу арқылы берілген қайтарылған кредитті алу;
- кепілділікке алынған заттардың және берілген және кері қайтарылған ақшалай сомалардың есепке алынуын жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ломбард тауартанушысы

Ломбард қызметшісі

4214 Коллекторлар мен борыштарды және төлемдерді жинау жөніндегі тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер

Коллекторлар мен борыштарды және төлемдерді жинау жөніндегі тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер кешіктірілген шоттар және жалған чектер бойынша төлемдерді, сонымен қатар қайырымдылық төлемдерін жинайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- борышкерлерді қадағалау және іздеу;
- клиенттерді телефон бойынша, жеке немесе жазбаша түрде төлеу қажеттілігі немесе мерзімін шегеріп төлеу туралы ақпараттандыру;
- алынған сомалар туралы баяндамалар дайындау және төлемдерді жинаумен байланысты жазбалар мен файлдарды жүргізу;
- құқықтық әрекеттер бойынша немесе, егер төлемді алу мүмкін болмаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату туралы ұсынымдар дайындау;
- өтініштермен жүгіну және қайырымдылық төлемдерін жинау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қайырымдылық жарналары коллекторы

Берешекті өндіріп алу жөніндегі коллектор

Шоттар және вексельдер жөніндегі коллектор

ҚР МЖ 01-2017

422-ШАҒЫН ТОП

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Клиенттерге қызмет көрсету және ақпараттандыру жөніндегі қызметшілер саяхаттарды және сапарларды ұйымдастырумен, ұйым өнімдерін немесе қызметтерін сипаттаумен, қонақтар мен келушілерді тіркеу және қарсы алумен, іскерлік кездесулерді ұйымдастырумен, телефон қоңырауларын қосумен, респонденттер немесе қызметтерге үміткерлерден ақпаратты жинаумен байланысты ақпаратты жеке, телефон арқылы немесе электрондық пошта сияқты электрондық құралдардың көмегімен ұсынады немесе алады.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: саяхаттар маршруттарын әзірлеуді, клиенттер үшін билеттерді және мейманханаларды брондауды; клиенттер және келушілерді қарсы алу мен қабылдауды; қонақтарды орналастыруды тіркеуді, ұйымның тауарлары, қызметтері немесе саясаты туралы ақпарат ұсынуды; іскерлік кездесулерді ұйымдастыруды; телефон коммутаторына қызмет көрсетуді; респонденттер және жеңілдіктерге үміткерлерден сауалнама алуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

4221 Туризм жөніндегі агенттер және тектес қызметтердің қызметшілері

4223 Телефонистер

4224 Хатшы-ресепшионистер және клиенттерге қызмет көрсету және ақпараттандыру жөніндегі қызметшілер

4221 Туризм жөніндегі агенттер және тектес қызметтердің қызметшілері

Туризм жөніндегі агенттер және тектес қызметтердің қызметшілері туристік бағыттар туралы ақпарат ұсынады, саяхаттардың маршруттарын әзірлейді, билеттерге және қонақ үйлерде мекендеуге броньды ресімдейді, жолаушыларды кетуі және келуі кезінде тіркейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- көліктің және қонақ үйде орналастырудың алуан түрінің болуы, құны және ыңғайлылығы туралы ақпарат алу, клиенттердің қажеттіліктерін анықтау және оларға сапарларды және саяхаттарды ұйымдастыру бойынша консультация беру;
- жергілікті және өңірлік көрікті жерлер, экскурсиялар, мейрамханалар, көркемөнер және ойын-сауық мекемелері туралы ақпарат ұсыну, сонымен қатар карталарды және ақпараттық брошюраларды ұсыну;
- саяхаттардың маршруттарын әзірлеу;
- саяхаттар, экскурсиялар және орналасу үшін броньдауды жүзеге асыру және растау;
- билеттерді, отырғызу талондарын және чектерді беру;
- клиенттерге қажетті сапар құжаттарын, атап айтқанда визаларды алуға көмек көрсету;
- сапар құжаттағырын тексеру және кетуі және келуі кезінде жолаушылар мен жүктерді тіркеу;
- шоттарды дайындау және төлемдерді алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тексеру агенті

Туризм жөніндегі агент

Нөмір броньдау жөніндегі оператор

Билет беру жөніндегі қызметші (саяхаттауларда)

Туристік ақпарат жөніндегі қызметші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Саяхаттарда ілесіп жүруші – 5190

Туристік гид– 5113

Билет беру жөніндегі кассир (ойын-сауық және спорттық іс-шаралар) – 5220

4223 Телефонистер

Телефонистер телефон байланысын коммутаторлар мен пульттердің көмегімен жүзеге асырады, қызмет көрсету проблемалары туралы телефон қоңырауларын және хабарламаларын қабылдайды, сонымен қатар хабарламаларды тіркейді және қызметкерлерге немесе клиенттерге ұсынады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- телефон қоңырауларын қосу, ұстау, беру және ажыратуға арналған тарату қалқандарына және пульттерге қызмет көрсету;
- шығыс қоңырауларға арналған байланысты орнату;
- телефон қоңырауларын бөлужәне хабарламаларды жазып алу;
- хабарламаларды қызметкерлерге немесе клиенттерге қайта жолдау;
- операциялық жүйе проблемаларын зерттеу және жөндеу қызметтерін ақпараттандыру.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Оператор-телефонист

Телефон коммутаторының операторы

Контакт орталығының байланыс операторы

4224 Хатшы-ресепшионистер және клиенттерге қызмет көрсету және ақпараттандыру жөніндегі қызметшілер

Хатшы-ресепшионистер және клиенттерге қызмет көрсету және ақпараттандыру жөніндегі қызметшілер клиенттерді, келушілерді немесе мейманхана және басқа мекемелердегі қонақтарды қарсы алады және тіркейді. Олар клиенттердің есебін жүргізеді, телефон, электрондық пошта сұрауларына жауап береді, клиенттерден қызмет көрсету сапасы жөнінде ақпарат жинайды, бар қызметтер жайлы ақпарат береді, клиенттерге мекемедегі тәртіп жайлы ақпарат береді, ұйым көрсеткен қызметтер үшін төлемдерді алады.

Олардың міндеттеріне кіреді:

- клиенттерді, келушілерді немесе қонақтарды қарсы алу және тіркеу;
- қолжетімді қызметтер, бағалар және басқа да осыған байланысты мәселелер бойынша ақпарат ұсыну;
- қонақтардың сұрауларын және келіп түскен шағымдарды қанағаттандыру;
- клиенттердің кредит төлеу қабілеттілігін тексеру;
- өзі телефон арқылы немесе телефон коммутаторы арқылы хабарламаларды алу және қайта жіберу;
- көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Фронт- офис әкімшісі

Бортжолсерік (жердегі)

Қонақүй ресепшионисі

Стаматология хатшысы

Call-орталық маманы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Құжаттарды тіркеуші - 4110

Хатшы (жалпы бейін) - 4120

Туристік ақпарат жөніндегі қызметші – 4221

43-КІШІ ТОП**САНДЫҚ АҚПАРАТТЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕР**

Сандық ақпаратты өңдеу және материалдық құндылықтарды есепке алу саласындағы қызметшілер бухгалтерлік есеп бойынша есептеулерді алады, жинайды және жүргізеді, бухгалтерлік, статистикалық, қаржылық және басқа да цифрлық ақпаратты өңдейді, сонымен қатар өздеріне бизнесті жүргізумен байланысты кассалық операциялар үшін жауапкершілікті алады. Осы кіші топта ескерілетін кейбір кәсіптер өндірістік циклдің көрсетілген күніне қажетті шығарылған, сатып алынған, қоймаға жиналған, жүктелген тауарлар мен материалдардың есебін жүргізумен немесе басқарушылық аспектілердің есебін жүргізумен және жолаушылар және жүк тасымалдарын жүзеге асыру мерзімдерін келісумен байланысты. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бухгалтерлік есепті жүзеге асыруда, бухгалтерлік есептеулерді жүргізуде және есептіліктерді жасауда көмек көрсетуді; өнім бірлігіне шығындарды есептеуді жүргізуді; еңбекақыны есептеуді және кейбір жағдайларда өзіне бизнеспен байланысты кассалық операцияларды жүргізу үшін жауапкершілікті алу арқылы еңбекақыны төлеуді; статистикалық немесе актуарлық деректерді алу, құрастыру және есептеуді; сақтандыру ұйымындағы, банктік немесе ұқсас мекемедегі қаржылық операциялармен байланысты кеңселік міндеттерді орындауды; шығарылған, қоймаға жиналған, жинақталған және жүктелген тауарларды есепке алуды; қоймадағы немесе берілген, алынған материалдарды есепке алуды; белгілі бір уақыт мерзіміне қажетті өндірістік материалдардың санын анықтау және өндірістік қызмет графиктерін дайындау және тексеруде көмек көрсетуді; пайдаланушылық аспектілердің есебін жүргізуді және жолаушылар және жүк тасымалдарының мерзімдерін үйлестіруді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

431 Сандық ақпаратты өңдеуші қызметшілер

432 Материалдарды және көлік тасымалдарын есепке алумен айналысатын қызметшілер

ҚР МЖ 01-2017
431-ШАҒЫН ТОП

САНДЫҚ АҚПАРАТТЫ ӨНДЕУШІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Сандық ақпаратты өңдеуші қызметшілер бухгалтерлік есеп бойынша есептеулерді алады, жинайды және жүргізеді, бухгалтерлік, статистикалық, қаржылық және басқа да цифрлық ақпаратты өңдейді, сонымен қатар өздеріне бизнесті жүргізумен байланысты кассалық операциялар үшін жауапкершілікті алады.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бухгалтерлік есепті, бухгалтерлік есептеуді және есептілікті жүзеге асырудағы көмекті; өнім бірлігі үшін шығындарды есептеуді; еңбекақыны есептеуді және кейбір жағдайларда өздеріне бизнеспен байланысты кассалық операциялар үшін жауапкершілікті алу арқылы еңбекақы төлеуді; статистикалық немесе актуарлық деректерді алу, жасау және есептеуді; сақтандыру ұйымдарындағы, банк немесе ұқсас мекемелердегі қаржылық операцияларымен байланысты кеңселік міндеттерді орындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 4311 Бухгалтерлік операциялар және есеп жөніндегі қызметшілер**
- 4312 Қаржы және сақтандыру қызметі жөніндегі қызметшілер**
- 4314 Статистикалық ақпаратты өңдеу және маркетингтік зерттеулер жөніндегі қызметшілер**
- 4315 Компьютерлік операциялар жөніндегі қызметшілер**

4311 Бухгалтерлік операциялар және есеп жөніндегі қызметшілер

Бухгалтерлік операциялар және есеп жөніндегі қызметшілер есептеулерді жүргізеді, қаржылық құжаттаманы жүргізу жөніндегі сандық деректерді жіктеу және жазуды жүзеге асырады, сонымен қатар еңбекке ақы төлеу және оны ынталандыру туралы ережелерге, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін басқа да құжаттарға сәйкес еңбекақыны және басқа да төлемдерді есептеуге арналған ақпаратты жинау, тексеру және өңдеуді жүзеге асырады, бөлімшелердің, компаниялардың және басқа да бөлімдердің жұмыскерлеріне олардың мәртебесін ескере отырып төлемдер мен жәрдемақылардың көлемін есептейді. Олар тәртіппен айқындалған кез келген есептеулерді, көрсеткіштерді көшіру мен орналастыруды орындайды және бастапқы қаржылық деректерді бухгалтерлік есепті жүргізуде пайдалану үшін алу бойынша міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сандарды тексеру, оларды тіркеу және дұрыс енгізу, математикалық дәлдікті және тиісті кодтауды қамтамасыз ету үшін құжаттарды тексеру;
- ақпаратты жазу, сақтау және талдау үшін бухгалтерлік бағдарламалық қамсыздандыруы бар компьютердегі жұмыс;
- журналдар, кітаптар және компьютерлерді пайдалану арқылы қаржылық құжаттаманы жасау және жүргізу үшін сандық және қаржылық деректерді жіктеу, тіркеу және қорыту;
- есептеулер жүргізу, вексельдерді, шот-фактураларды, шоттардан және белгіленген рәсімдерге сәйкес басқа қаржылық құжаттамадан үзінді-көшірмелерді дайындау және беру;
- жалақысы мен жәрдемақыларын есептеу үшін қолмен есептеу немесе компьютерлендірілген жүйені қолдану арқылы қызметкерлердің жұмыс уақытының, демалыстарының және үстеме жұмысының есебін жүргізу;
- жалпы таза жалақыны және салықтарды, кәсіподақтық, сақтандыру және зейнетақы салымдары сияқты аударымдарды көрсете отырып жұмыскерлердің еңбекақысы туралы ережелерді дайындау және тексеру;
- қызметкерлерге төлемдерді дайындау және чек немесе электрондық аударым арқылы жәрдемақыларды төлеу;
- жұмыс уақытын есепке алу табельдерін, жұмыс графиктерін, еңбекақыны есептеулерді және еңбекақының көлемін айқындаудағы қателіктерді анықтау және жоюға арналған басқа ақпаратты қарау;
- жұмыс уақытын, жұмыс істелген сағаттар санын тексеру және айырмашылықтарды төлеу, тиісті құжаттамаға түзетуші ақпаратты енгізу;
- статистикалық, қаржылық, бухгалтерлік және аудиторлық есептілікті және ақшалай түсімдер, шығыстар, дебиторлық және кредиторлық берешек, сонымен қатар пайда және шығындар сияқты мәселелерге жатқызылатын кестелерді жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бастапқы есеп жөніндегі бухгалтерлік қызметші

Аудит жөніндегі көмекші

Төлеуге ұсынылатын шоттар жөніндегі қызметші

Табельші

Есеп жүргізуші

ҚР МЖ 01-2017

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бухгалтердің көмекшісі - 3313

Бухгалтердік есепті жүргізу жөніндегі көмекші – 3313

4312 Қаржы және сақтандыру қызметі жөніндегі қызметшілер

Қаржы және сақтандыру қызметі жөніндегі қызметшілер сақтандыру мекемелерінің, банктердің және басқа да қаржы мекемелерінің қызметімен байланысты кеңселік міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сақтандыру тізімдерін өңдеу, мәмілелердің күшін жою және бекіту туралы деректерді, саясат пен төлемдердегі басқа өзгерістерді енгізу;
- сомаларды, орташа мәндерді, проценттерді және басқа көрсеткіштерді есептеу, оларды талап етілетін кесте түрінде ұсыну;
- қаржылық құжаттарды дайындау, сонымен қатар проценттерді, брокерлік алымдарды және салықтар мен алымдар бойынша берешектерді есептеу;
- облигациялардың, акциялардың және клиенттердің немесе жұмыс берушілердің тапсырмасы бойынша сатып алынған немесе сатылған басқа құнды қағаздардың есебін жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Брокерлік қызметші

Кредит қызметшісі

Банкноттарды сұрыптау жөніндегі оператор

Сақтандыру жөніндегі қызметші

Бағалы қағаздар жөніндегі қызметші

Қаржы қызметшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бағалы қағаздарды сату жөніндегі брокер – 3311

Бухгалтердік есепті жүргізу жөніндегі көмекші – 3313

Сауда брокері – 3324

Бухгалтерлік қызметші – 4311

Есепке алушы қызметші – 4311

4314 Статистикалық ақпаратты өңдеу және маркетингтік зерттеулер жөніндегі қызметшілер

Статистикалық ақпаратты өңдеу және маркетингтік зерттеулер жөніндегі қызметшілер статистикалық немесе актуарлық деректерді алады, жинайды және санайды. Ақпаратты алу әдістері адамдардан сұхбат алуды және маркетингтік зерттеулерді жүргізу аясындағы сұрақтарға олардың жауаптарын жазып алуды қамтиды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сұхбат алушымен телефон арқылы немесе жеке сөйлесу және сұхбат мақсаттарын түсіндіру;
- анкета және сауалнама негізінде сұрақтар қою;

- жауаптарды қағазға жазу немесе жауаптарды тікелей дерекқорға компьютерді пайдалану арқылы сұхбат алу жүйелерінің көмегімен енгізу;
- жауаптардағы сәйкессіздіктерді анықтау және жою;
- зерттеулердің демеушілерімен нақты деректерді алудағы проблемаларға қатысты өзара әрекеттесу;
- ақпараттың тұрақты немесе арнайы көздері негізінде статистикалық немесе актуарлық деректерді алу және қорыту.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Далалық зерттеулердегі интервьюер

Сауалнама жүргізу жөніндегі интервьюер

Кодтаушы

Статистикалық ақпаратты өңдеу жөніндегі қызметші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Статистик- 2120

Талдаушы-маркетолог- 2431

4315 Компьютерлік операциялар жөніндегі қызметшілер

Компьютерлік операциялар жөніндегі қызметшілер өндірістік процестің графиктерін дайындайды және компьютерлік операциялардың есебін жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- компьютерлік операциялар үшін өндірістік процестің графиктерін күн сайын дайындау;
- тапсырмаларды орындау алгоритмдерін, сондай-ақ компьютерлік енгізу үшін қажетті файлдарды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жоспарлаушы (компьютерлік операциялар жөніндегі)

Деректерді өңдеуді бақылау жөніндегі қызметші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Деректерді енгізу, тексеру және өңдеу жөніндегі оператор - 4132

Деректерді енгізу жөніндегі оператор - 4132

ҚР МЖ 01-2017

432-ШАҒЫН ТОП

МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖӘНЕ КӨЛІК ТАСЫМАЛДАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Материалдарды және көлік тасымалдарын есепке алумен айналысатын қызметшілер шығарылған, сатып алынған, қоймаға жиналған, жүктелген тауарлардың, сондай-ақ жоспарларға сәйкес өндіріс үшін қажетті материалдардың есебін жүргізеді немесе көліктік қызметтер есебін жүргізеді және жолаушылар және жүк тасымалдарын жүзеге асыру мерзімдерін келіседі.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: шығарылған, қоймаға жөнелтілген, жинақталған және жүктелген тауарлардың есепке алынуын жүзеге асыруды; қоймаға жіберілген немесе берілген, алынған материалдарды есепке алуды; белгілі бір уақыт мерзіміне қажетті өндірістік материалдардың санын анықтау мен өндірістік қызмет графиктерін дайындау мен тексерудегі көмекті; көлік қызметтерінің есебін жүргізуді және жолаушылар мен жүк тасымалдарының мерзімдерін үйлестіруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

4321 Қоймадағы қызметшілер

4322 Өндірістегі есепке алу жөніндегі қызметшілер

4323 Көліктегі қызметшілер

4321 Қоймадағы қызметшілер

Қоймадағы қызметшілер өндірілген тауарларға және өндіріс үшін алынған материалдарға есеп жүргізеді, өлшейді, береді, тиейді немесе қоймаға жөнелтеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тауарды алуды және жөнелтуді ұйымдастыру және бақылау және тиісті құжаттарды жүргізу;
- қоймалық есеп жазбаларын жүргізу, тауар қорын тексеру, қажеттілікті бағалау және қоймаға жинау үшін жаңа тауар партиясына тапсырыстарды қабылдау;
- құралдар-саймандарды, қосымша детальдарды немесе басқа да құралдарды қабылдау, сақтау және беру және тиісті есепті жүргізу;
- алынған, берілген, өндірілген немесе жөнелтілген тауарларды өлшеу және тиісті жазбасын жүргізу;
- сақтауға алынған жиһаздарға және басқа да заттарға түгендеу жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Таразышы

Түгендеу жөніндегі қызметші

Тауарларды жөнелту жөніндегі есепке алушы (қоймадағы)

Қоймадағы есепке алушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тапсырыстарды қабылдау жөніндегі қызметші - 4322

4322 Өндірістегі есепке алу жөніндегі қызметшілер

Өндірістегі есепке алу жөніндегі қызметшілер өндірістің, құрылыстың немесе ұқсас бағдарламаларды іске асырудың белгілі бір кезеңіне қажетті материалдардың санын есептейді, сондай-ақ өндіру бағдарламаларына сәйкес сыртқы өнім берушілерден және өндірістік учаскелер арасында шикізатты, материалдарды, жиынтықтаушыларды жеткізу кестелерін дайындау мен тексеруді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өндірістік бағдарламаны орындау үшін қажетті шикізаттардың, материалдардың, жиынтықтаушылардың санына, сапасына және түріне есеп жүргізу;
- өндіріс процесс барысына сәйкес қамтамасыз етуге кепілдік берілетін қажетті материалдардың жеткізілу графиктерінің орындалуын жедел бақылау және сәйкес құжаттарды жүргізу;
- клиентердің тапсырыстары негізінде өндірістік тиеу графиктерін дайындау және дайындауға көмектесу, өндірістік қуаттар мен еңбек өнімділігін толық пайдалануды қамтамасыз ету;
- өндірістік процесс барысының бұзылуына диагностика және мониторинг жүргізу;
- бөлімшелер арасындағы шикізат пен материалдардың өңделу және қозғалыс сатыларына есеп жүргізу және үйлестіру;
- өндірістік процестердің барысы туралы есептер дайындау.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Материалдарды диспетчерлік есепке алу жөніндегі қызметші
Материалдарды диспетчерлік есепке алу жөніндегі қызметші
жеткізу графиктері жөніндегі қызметші
Тапсырыстарды қабылдау жөніндегі қызметші
Диспетчерлік қызмет операторы

4323 Көліктегі қызметшілер

Көліктегі қызметшілер көліктегі жедел қызметті реттеуді жүргізеді, теміржол, автомобиль және әуе жолаушы және жүк тасымалдарының орындалу мерзімін келіседі және бақылайды, сондай-ақ басшылық үшін есеп дайындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- көлік құралдарын пайдалануға жедел өндірістік есеп жүргізу және жолаушы және жүк тасымалы мерзімін үйлестіру;
- бөлім немесе аймақ ішіндегі көлік құралдарының дәстүрлі маршруттарын басқару, олардың қозғалысын үйлестіру және тиісті есеп жүргізу;
- көлік тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі бастапқы құжаттардың дұрыс ресімделуін тексеру;
- көлік тасымалы саласындағы жедел қызметті үйлестіру және есебін жүргізу, мысалы, көлік құралдарының қозғалысын және жүргізушілердің жұмысын бөлу және жоспарлау, көлік құралдарына тиеу және түсіру және жолда жүктерді сақтау;
- әуе жолаушылар және жүк көлігі саласындағы жедел қызметті үйлестіру және есепке алу, жолаушы және жүк декларацияларының тізімін жасау;
- басшылық үшін есеп дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жылжымалы құрам депосының кезекшісі
Әуе кемелерін сүйемелдеу жөніндегі кезекші
Метрополитен станциясының кезекшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тауарларды тиеу және түсіруді бақылаушы - 4321

44-КІШІ ТОП

ӘКІМШІЛЕНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Әкімшілендіру саласындағы басқа қызметшілер поштаны сұрыптау мен жеткізуді жүзеге асырады, құжаттардың файлдарын, кадрлық есептерді жүргізу бойынша ақпаратты өңдеу үшін дайындайды, материалдардың түпнұсқасына сәйкестігін тексереді, адамдарға қызметтер мен жеңілдіктерге құқықтарын ресімдеуге көмектеседі, сондай-ақ басқа да арнайы техникалық міндеттерді орындайды. Осы кіші топ кәсіптері дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: кітапхана кітаптарын сатып алу, беру және қайтаруға қатысты ақпаратты жазып алуды; кадр есебін жүргізу; түрлі құжаттарды және басқа материалдарды жіктеу мен ұсынуды; пошта бөлімшелерінде, сондай-ақ кәсіпорын ішінде поштаны сұрыптауды, есепке алуды және жеткізуді; кодтауды; куәгерлік айғақтарды түзетуді; әртүрлі техникалық қызметтерді орындауды; адамдарға қызметтер мен жеңілдіктерге құқықтарын ресімдеуге көмектесу кезінде өтініштері мен хаттарын ресімдеуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

441 Әкімшілендіру саласындағы басқа қызметшілер

ҚР МЖ 01-2017
441-ШАҒЫН ТОП

ӘКІМШІЛЕНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Әкімшілендіру саласындағы басқа қызметшілер поштаны сұрыптау мен жеткізуді жүзеге асырады, құжаттардың файлдарын, кадрлық есептерді жүргізу бойынша ақпаратты өңдеу үшін дайындайды, материалдардың түпнұсқасына сәйкестігін тексереді, қызметтер мен жеңілдіктерге құқықтарды ресімдеу кезінде, мемлекеттік және өзге де ресми нысандарды толтыру кезінде жаза немесе оқи алмайтын адамдардың атынан ресми белгіленген тілде хат, өтініш жазуға және нысандарды толтыруға көмектеседі, сондай-ақ басқа да арнайы техникалық міндеттерді орындайды.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: кітапхана кітаптарын сатып алу, беру және қайтаруға қатысты ақпаратты жазып алуды; кадр есебін жүргізу; түрлі құжаттарды және басқа материалдарды жіктеу мен ұсынуды; пошта бөлімшелерінде, сондай-ақ кәсіпорын ішінде поштаны сұрыптауды, есепке алуды және жеткізуді; кодтауды; куәгерлік айғақтарды түзетуді; әртүрлі техникалық қызметтерді орындауды; адамдарға қызметтер мен жеңілдіктерге құқықтарын ресімдеуге көмектесу кезінде өтініштері мен хаттарын ресімдеуді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 4411 Кітапхана жұмыскерлері**
- 4415 Заң және сот хатшылары**
- 4419 Б.т.к. әкімшілендіру саласындағы қызметшілер**

4411 Кітапхана жұмыскерлері

Кітапхана жұмыскерлері кітапхана материалдарын береді және алады, кітаптарды, аудио және видеожазбаларды, мерзімдік басылымдарды, брошюраларды, газеттер мен журналдарды сұрыптап, кітап сөрелеріне орналастырады және кітапхана қолданушыларына олар туралы жалпы ақпарат ұсынады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кітапхана кітаптарын және басқа материалдарын беру және қабылдау мен формулярлар толтыру;
- кітаптарды және басқа да материалдарды сөрелерге орналастыру, жүйелік және алфавиттік каталогтарды жүргізу;
- бланктарды қолмен, электрондық толтыру, мәтіндерді өңдеу, кейде басу секілді кеңселік жұмыстарды орындау;
- жазба журналын жүргізу және келіп түскен басылымдарды ресімдеу;
- қолданушыларға кітапхананың негізгі материалдарына қол жеткізуде көмек көрсету және кітапханаралық абонемент жұмысын қамтамасыз ету;
- кітаптарды және басқа да басылымдарды алуға, есептен шығаруға және олардың қозғалысымен байланысты кітапхана құжаттамасын жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кітапхана қызметшісі

Кітапханашының көмекшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Библиограф - 2622

Кітапханашы - 2622

4415 Заң және сот хатшылары

Заң және сот хатшылары заңдық терминологияны және сот және заң ұйымдарында қолдау көрсету бойынша рәсімдерді білу бойынша арнайы білімдерін қолданады, сондай-ақ заңдық мәселелермен байланысты құжаттардың есебін жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құқықтық құжаттарды және өсиеттер, апелляциялар, жазбаша айғақтар мен заңдық істердің қысқаша мазмұндары секілді қағаздарды дайындау және өңдеу;
- құжаттарды қарау, түзету және құқықтық рәсімдерді сақтау мақсатында хат жазысу;
- құжаттарды тарату, факстарды жіберу немесе клиенттермен, куәгерлермен және сот органдарымен заңдық жазысу хаттарының жеткізілуін ұйымдастыру;
- қозғалмайтын мүлікке, акцияларға және ресми тіркеуді қажет ететін басқа да мәселелерді беруге қатысты құжаттарды дайындау;
- құжаттарды, істерді және заңды кітапхананы ұйымдастыру және жүргізу;
- кездесулер туралы өтініштерді сұрыптау, кездесулерді жоспарлау және ұйымдастыру.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Адвокаттық контора хатшысы
Сот отырысының хатшысы
Заң хатшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Заң консультанты - 2611
Заң консультанты (орта біліктіліктегі)- 3411
Заңгердің көмекшісі - 3411

4419 Б.т.к. әкімшілендіру саласындағы қызметшілер

Осы бастауыш топ 441 *Әкімшілендіру саласындағы басқа қызметкерлер* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін офис қызметшілерін қамтиды. Мысалы, ол хат-хабарға жауап беретін және мерзімді басылымдарды дайындауда көмек беретін корректорларды, қызметкершіді қосады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- деректерді өңдеу мақсатында ақпаратты кодтарға түрлендіру және ақпаратты кодтар бойынша жіктеу;
- баспа үшін дайындалған мәтіндерді және олармен байланысты материалдарды түпнұсқасымен салыстыру, қателерін түзету және белгіленген тәртіпке сәйкес принтер үшін мәтіндерді маркалау;
- проспектілер мен конверттерді қолмен дайындау;
- жарнаманы дайындау бойынша клиенттерден тапсырыс алу, көшірмелерді жазу және редакциялау, жарнамалық прайстарды дайындау және клиенттерге шоттарды ұсыну;
- іскерлік және үкіметтік хат-хабарды жазу, мысалы, ақпарат пен көмектер ұсыну туралы сұрау салуларға жауаптар, шығындарды өтеу туралы талаптар, көрсетілген қызметтерге наразылықтар туралы;
- мерзімді басылымдарды, жарнамаларды, анықтамалықтарды және басып шығару үшін басқа да материалдарды дайындауға жәрдемдесу;
- қызметкерлер мен клиенттердің қызығушылығын тудыратын мақалаларды табу үшін газеттерді, журналдарды, баспасөз релиздерін және басқа да басылымдарды оқу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Полиграфиядағы корректор-реvisor
Паспортист
Көшіріп жазушы (хатшы)
Планшетист

5-НЕГІЗГІ ТОП**ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ САУДА САЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ**

Қызмет көрсету және сауда саласының жұмыскерлері саяхатпен, үй шаруашылығымен, қоғамдық тамақтанумен, жеке күтіммен, өрт пен заңға қайшы әрекеттерден қорғаумен байланысты түрлі жеке қызметтерді көрсетеді; немесе көтерме және бөлшек сауда дүкендерінде және ұқсас орындарда, сондай-ақ палаткаларда және базарларда тауарларды көрсетіп, сатады және азаматтарды және жеке меншікті қорғау саласында қызмет көрсетеді. Осы негізгі топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Көрсетілетін қызметтер және сауда-саттық саласының қызметшілері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: саяхаттар кезінде қызметтерді ұйымдастыру мен көрсетуді; үй шаруашылығын жүргізуді; тағамдар мен сусындарды дайындау мен ұсынуды; балаларға күтім жасауды; жеке күтім саласындағы және үйде және мекемелерде денсаулық сақтаудың негізгі қызметтерін көрсетуді, оның ішінде шаштараздарда және сұлулық салондарында, сондай-ақ сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді көрсетуді; тағдырды болжауды; бальзамдауды жерлеуді ұйымдастыруды; өрттен және заңға қайшы әрекеттерден азаматтарды және жеке меншікті қорғау саласында қызмет көрсетуді; заңды мен тәртіпті сақтауды; жарнамалық мақсатта, көркемөнер көрсетілімдерінде және тауарлар көрмелерінде тірі модельдер ретінде жұмыс жасауды; көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындарында, сондай-ақ палаткалар мен базарларда тауарларды сатуды; әлеуетті сатып алушыларға тауарларды көрсетуді қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 51 Жеке қызмет саласындағы жұмыскерлер**
- 52 Сатушылар және сауда жұмыскерлері**
- 53 Жеке күтім жөніндегі қызметтерді көрсететін жұмыскерлер**
- 54 Азаматтарды және мүлкіті қорғайтын қызметтердің жұмыскерлері**

ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСҚЕРЛЕР

Жеке қызмет саласындағы жұмысқерлер саяхатпен, үй шаруашылығын жүргізумен, қоғамдық тамақтанумен және қонақ үйде қызмет көрсетумен, шаштаразда және сұлулық салонында қызмет көрсетумен, жануарларға қарау және оларды үйретумен, еріп жүрумен, сондай-ақ, жеке сипаттағы басқа да қызметтерді көрсетеді. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: саяхат пен көрікті жерлерді көрумен байланысты қызметтерді ұйымдастыру мен ұсынуды; үй шаруашылығын; тағамдар мен сусындарды дайындау мен ұсынуды; шаштараздар мен сұлулық салондарында қызмет көрсетуді; тағдырды болжауды; бальзамдау және жерлеуді ұйымдастыруды; жануарларға қарау және оларды үйретуді; адамдарға көлік құралдарын жүргізуді үйретуді; еріп жүру және басқа да жеке қызметтер көрсетуді қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа қызметкерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 511 Туризм және қоғамдық көлік саласындағы жұмысқерлер**
- 512 Аспаздар**
- 513 Бармендер, буфетшілер және даяшылар**
- 514 Шаштаразшылар, косметологтар және тектес қызметтердің жұмысқерлері**
- 515 Букмекерлер, крупьеелер және құмар ойындар саласындағы тектес қызметтердің жұмысқерлері**
- 516 Пошташылар, курьерлер және басқа тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлер**
- 517 Арнайы дайындық жөніндегі инструкторлар**
- 519 Жеке қызметтер саласындағы басқа жұмысқерлер**

511-ШАҒЫН ТОП

ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСҚЕРЛЕР

Туризм және қоғамдық көлік саласындағы жұмысқерлер ұшақпен, пойызбен, кемемен, автобуспен және басқа да көлік құралдарымен саяхатауға, сондай-ақ туристік сапарларда, көрікті жерлерді көрсету кезінде және экскурсияларда жекелеген адамдар мен топтарға еріп жүрумен байланысты жеке қызметтерді көрсетеді.

Аталған шағын топ қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді; ас пен жеңіл тамақтарды таратуды; сапарлармен байланысты мәселелерге жауаптар мен ақпарат беруді; қоғамдық көлікте билеттерді жинау жинау мен беруді; көрікті жерлерді көрсету кезінде және экскурсияларда жекелеген адамдар мен топтарға еріп жүруді, сондай-ақ қызықты жерлер туралы ақпарат беруді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 5111 Жолсеріктер және стюардтар**
- 5112 Кондукторлар және билет тексерушілер**
- 5113 Гидтер және экскурсоводтар**

ҚР МЖ 01-2017

5111 Жолсеріктер және стюардтар

Жолбасшылар және стюардтар жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ас пен сусын береді және жеке қызметтер көрсетеді (әдетте ұшақ пен кеме бортында). Олар тазалық пен тәртіптің сақталуын және вагондарда, каюталар мен ұшақ салондарында мәдени-ағартушылық шаралардың өткізуін қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- теміржол вагонына, ұшаққа немесе кемеге кірген кезде жолаушыларды қарсы алу, билеттерін немесе отырғызу талондарын тексеру және жолаушыларды орындарына немесе каюталарына шығарып салу;
- оттегі маскаларын, қауіпсіздік белдіктерін және құтқару жилеттерін және басқа да құтқару құралдарын қолдану сияқты қауіпсіздік қағидаларын және авариялық жағдайлардағы іс-әрекет тәртібін хабарлау, түсіндіру және көрсету;
- алдын ала дайындалған ас пен сусынды топтастыру және тарату;
- баж салынбайтын және басқа тауарларды сату;
- жолаушылардың жалпы қажеттіліктері мен қолайлығының қамын жасау, вентиляция, кондиционер және жылыту құрылғыларын реттеу;
- газеттермен және журналдармен қамтамасыз ету, салондарда тазалық пен тәртіпті ұстау;
- авария болған жағдайда белгіленген рәсімдерді орындау кезінде жолаушыларға бағыттау және оларға көмек көрсету, мысалы, авариялық қонудан кейін ұшақ бортынан эвакуациялау кезінде;
- авариялық-құтқару жабдықтарының жұмыс жағдайын және алғашқы көмек қобдишаларын тексеру;
- қажет болған жағдайда жолаушыларға алғашқы медициналық көмек көрсету;
- ауа райы, маршрут, авария жағдайындағы әрекеттер, экипаж мүшелерінің әрекеттерін үйлестіру, маршруттың ұзақтығы, жолаушылардың санын есепке ала отырып оларға берілетін асты, сусынды дайындау мәселелеріне арналып көзделген нұсқауларға қатысу;
- маршруттың кетуі және келуі кезінде жолаушыларды және кемені дайындау;
- кішкентай балалар, қарт адамдар немесе мүгедектер секілді жолаушылардың ерекше қажеттіліктерін анықтау және оларға көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бортжолсерік (әуе)

Жолаушы вагонының жолсерігі

Стюард

Стюард (теңіздегі)

Стюардесса

5112 Кондукторлар және билет тексерушілер

Кондукторлар және билет тексерушілер билеттерді тексереді және береді, пойыз, трамвай, автобус және басқа да қоғамдық көлік жолаушыларының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жолақыны жинау және билет беру, алдын ала берілген жол жүру құжаттарын тексеру;
- отырғызу, орналасу және жүкпен жүгінген жағдайда қажет болған кезде ең алдымен қарт, сырқат жолаушыларға немесе мүгедектерге, сондай-ақ қасында баласы бар жолаушыларға көмек көрсету;
- жолаушыларға есікті ашу және жабу;
- жүруге дейін жабдықтардың қауіпсіздігін тексеру;
- тоқтау немесе жүру үшін жүргізушілерге сигнал беру;
- жолаушыларды көлік құралдарына отырғызу кезінде жолаушыларды қарсы алу және маршруттар мен аялдамаларды хабарлау;
- қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- жолаушылардың өтініштері мен шағымдарына ден қою, аялдамалар және ауысып отыру туралы ақпарат ұсыну;
- күтпеген жағдайлар немесе жазатайым оқиғалар кезінде қажетті шараларды қабылдау;
- сатылған билеттерді есептеу және қолма-қол түсімді тапсыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Автобус кондукторы

Трамвай кондукторы

Фуникулер кондукторы

Билет тексеруші

5113 Гидтер және экскурсоводтар

Гидтер және экскурсоводтар сапарларда, көрікті жерлерді көрсету кезінде, жәксурсияларда және тарихи ескерткіштер, өнеркәсіптік кәсіпорындар және тақырыптық саябақтар сияқты көрікті орындармен таныстыру үшін шыққан кезде адамдарға және адамдар тобына еріп жүреді. Олар көрікті жерлер туралы ақпарат және олардың ерекшеліктері туралы қосымша мәлімет береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- туристердің тұруы үшін бөлінген жерге, сапарларда және көрікті жерлерді көрсету кезінде еріп жүру;
- келушілерді музей, тақырыптық саябақ, зауыт және басқа да объектілер секілді көрікті жерлерге апару;
- көрікті жерлер мен экспонаттар туралы ақпаратты хабарлау және ұсыну және сұрақтарға жауап беру;
- балалармен білім беру іс-шараларын өткізу;
- кәсіпорындарда немесе сапарларда қолданылатын қауіпсіздік техникасы нормалары мен қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында келушілерді қадағалау;
- сапарға келушілер мен қатысушыларды қарсы алу және тіркеу, сондай-ақ қажетті рұқсатнама қағаздары мен қорғаныс құрылғыларын беру;
- брошюралар тарату, аудиовизуалдық презентациялар өткізу, туристік объектілерде қабылданған рәсімдер мен қағидаларды түсіндіру;
- топтардың дене қауіпсіздігін қамтамасыз ету, алғашқы медициналық көмек көрсету және қауіп жағдайында эвакуациялау секілді шараларды қабылдау;
- жол жүру кезінде туындайтын проблемаларды және қызмет көрсетумен және орналастырумен байланысты проблемаларды шешу.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Хайуанаттар бағының гиді

Гид (музей, көркемөнер галереясы, саяхат)

Демалыс саябағының гиді

Гид-аудармашы

Туристтік гид

Экскурсовод

512-ШАҒЫН ТОП

АСПАЗДАР

Аспаздар рецептілерге сәйкес немесе мейрамханадағы, дәмханадағы немесе басқа да қоғамдық тамақтану орнындағы, қонақүйдегі, кеме бортындағы, жолаушы пойыздарындағы, емдеу мекемелеріндегі немесе жеке үйлердегі шеф-аспаздардың бақылауымен асты жоспарлайды, дайындайды және жасайды.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ас мәзірін жоспарлауды; асты дайындау мен әзірлеуді; ас үйдегі көмекшілердің жұмысын жоспарлау, бақылау, және үйлестіруді; азық-түліктердің сапасын тексеруді; рецептілерге сәйкес немесе өз қалауы бойынша ингредиенттерді өлшеу мен араластыруды; духовка шкафының, грильдердің, жаровня және басқа да ас үй жабдығының температурасын реттеуді; тамақ өнімдерін қолдану кезінде қауіпсіздік қағидаларының және гигиенаның сақталуын қамтамасыз ету үшін ас үйді, ас үй аспаптарын, жинақтау аймақтарын және т.с.с. қарау мен тазалауды; гриль, фритюрь немесе жаровня сияқты ірі ас үй құралдарын пайдалануды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5120 Аспаздар

ҚР МЖ 01-2017

5120 Аспаздар

Аспаздар рецептілерге сәйкес немесе мейрамханадағы, дәмханадағы немесе басқа да қоғамдық тамақтану орнындағы, қонақүйдегі, кеме бортындағы, жолаушы пойыздарындағы, емдеу мекемелеріндегі немесе жеке үйлердегі шеф-аспаздардың бақылауымен асты жоспарлайды, дайындайды және жасайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ас мәзірін жоспарлау, асты дайындау мен әзірлеу;
- ас үйдегі көмекшілердің жұмысын жоспарлау, бақылау, және үйлестіру;
- азық-түліктердің сапасын тексеру;
- рецептілерге сәйкес немесе өз қалауы бойынша ингредиенттерді өлшеу мен араластыру;
- духовка шкафының, грильдердің, қуыру пешінің (жаровня) және басқа да ас үй жабдығының температурасын реттеу
- тамақ өнімдерін қолдану кезінде қауіпсіздік қағидаларының және гигиенаның сақталуын қамтамасыз ету үшін ас үйді, ас үй аспаптарын, жинақтау аймақтарын және т.с.с. қарау және тазалау;
- гриль, фритюрь немесе жаровня сияқты ірі ас үй құралдарын пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кафетерийдегі аспаз
Мектептегі аспаз
Аспаз, емдеу мекемесі
Банкеттегі аспаз
Соусье

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дәмхана директоры – 1412
Кафетерий, кондитерлік директоры – 1412
Мейрамхана директоры – 1412
Бас аспаз- 3434
Тағам әзірленетін тағам жасаушы – 9410

Ескертпелер

Персоналды басқару мен бақылау жұмысының негізгі бөлігі болып табылмайтын шағын кафелердің, мейрамханалардың және барлардың жұмыскерлерін орындайтын негізгі міндеттеріне байланысты 5120 *Аспаздар* немесе 5130 *Бармендер, буфетшілер және даяшылар* бастауыш тобына жатқызады.

513-ШАҒЫН ТОП

БАРМЕНДЕР, БУФЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ДАЯШЫЛАР

Бармендер, буфетшілер және даяшылар мейрамханаларда, кафелерде, барларда және басқа қоғамдық тамақтану орындарында, клубтарда, сның ішінде кеме борттарында және жолаушы пойыздарында тағам мен сусындар береді.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бардағы қорларды толтыру кезінде көмектесуді, бөтелкелер мен ыдыстарды орналастыруды; пайдаланылған ыдыстарды жуу мен бар аумағын тазалауды; барда алкогольді және алкогольсіз сусындарды дайындау және беруді; үстелдерге таза жабын жабуды, асхана аспаптарын, тәрелкелер және ыдыстарды қоюды; келушілерді қарсы алуды, оларға ас мәзірін және сусындар тізімін ұсынуды; ас пен сусынды таңдау кезінде оларға ұсыныс беруді; тапсырыстарды алуды және оны ас үйге беруді; ас пен сусынды беруді; шоттарды ұсынуды, төлемді қабылдауды және төлем терминалымен және кассалық аппаратпен жұмыс жасауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5130 Бармендер, буфетшілер және даяшылар

ҚР МЖ 01-2017

5130 Бармендер, буфетшілер және даяшылар

Бармендер, буфетшілер және даяшылар мейрамханаларда, кафелерде, барларда және басқа қоғамдық тамақтану орындарында, клубтарда, соның ішінде кеме борттарында және жолаушы пойыздарында тағам мен сусындар береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бардағы қорларды толтыру кезінде көмектесу, бөтелкелер мен ыдыстарды орналастыру;
- пайдаланылған ыдыстарды жуу және бар аумағын тазалау;
- барда алкогольді және алкогольсіз сусындарды дайындау және беру;
- үстелдерге таза жабын жабу, асхана аспаптарын, тәрелкелер мен ыдыстарды қою;
- келушілерді қарсы алу, оларға ас мәзірін және сусындар тізімін ұсыну;
- ас пен сусынды таңдау кезінде оларға ұсыныс беру;
- тапсырыстарды алу және оларды ас үйге беру;
- ас пен сусынды беру;
- шоттарды ұсыну, төлемді қабылдау және төлем терминалымен және кассалық аппаратпен жұмыс жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бариста

Бармен

Буфетші

Даяшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Кафе директоры– 1412

Тағам әзірленетін тағам жасаушы - 9410

514-ШАҒЫН ТОП

ШАШТАРАЗШЫЛАР, КОСМЕТОЛОГТАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ

Шаштаразшылар, косметологтар және тектес қызметтердің жұмысқерлері шаш қиюды, жатқызуды, сақал-мұрт қыру мен қырқуды жүзеге асырады, косметикалық қызметтерді ұсынады, косметика және грим жағады, клиенттердің сыртқы келбетін жақсарту үшін басқа да жұмыстарды жүзеге асырады.

Аталған шағын топтың жұмысқерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: клиенттермен олардың қалауын талқылауды; шаш қию және жатқызуды; сақал-мұрт қыру мен қырқуды; косметикалық қызметтер ұсынуды; косметика және грим жағуды; аяқ пен қол тырнақтарының пішінін келтіруді және оларды бояуды, тері мен тырнақтың жеңіл сырқаттарын емдеуді; моншаға келушілерге көмек көрсетуді және оларға қарапайым массаж жасауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5141 Шаштаразшылар

5142 Косметологтар және тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлер

5149 Б.т.к. сауықтыру рәсімдерімен байланысты жұмысқерлер

ҚР МЖ 01-2017

5141 Шаштаразшылар

Шаштаразшылар шашты қырқады, бояйды, түзетеді және перманентті бұйралайды, беттегі сақал-мұртты қырады, қияды және бас терісін өңдейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шашты қырқу, жуу, бояу және бұйралау;
- сақал-мұртты қыру немесе қысқарту;
- бас терісіне күтімін жасау;
- клиент талабына сәйкес париктің өлшемін келтіру;
- шашқа күтім жасау, косметикалық тауарлар және шаш үлгілері жөнінде ұсынымдар беру;
- шаштан дредтер мен бұрымдар өру және жасанды шаш өсіру;
- келуді белгілеу және ақысын алу;
- жұмыс орнын тазалау және құралдарды санитариялық өңдеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Барбер

Сақал қырушы

Шаштаразшы

Шашқа күтім жасау жөніндегі маман

Стилист-шаштаразшы

5142 Косметологтар және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер

Косметологтар және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер бет пен денеге косметикалық процедураларды жүргізеді, косметика мен грим жағады және клиенттердің сыртқы келбетін жақсарту үшін басқа да жұмыстарды жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- теріні тазалау, бетке және дененің басқа бөліктеріне крем, лосьон және ұқсас заттарды жағу;
- бетке және денеге массаж жасау;
- сұлулық салонында клиенттерге немесе актерлерге және басқа орындаушыларға грим жағу;
- аяқ пен қолдағы тырнақтарды тазалау, пішінін келтіру және оларды бояу және тері мен аяқтың сүйел, терінің қатаюы немесе аяқтағы тырнақтың пішінінің деформациясы секілді жеңіл сырқаттарын емдеу;
- моншаға келушілерге көмек көрсету және оларға қарапайым массаж жасау;
- воск пен қанттың көмегімен процедуралар жасау, денедегі қажетсіз шаштарды кетіру үшін депиляциялық процедураларды жасау;
- салмақтан арылу және арықтау мақсатында диета және жаттығулар мәселелері бойынша клиенттерге ұсынымдар беру;
- келуді белгілеу және ақысын алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Визажист

Гриммер-пастижер

Косметолог
Маникюр мастери

5149 Б.т.к. сауықтыру рәсімдерімен байланысты жұмыскерлер

Бұл бастауыш топ *514 Шаптаразшылар, косметологтар және тектес кәсіптердің жұмыскерлері* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін сауықтыру процедураларымен байланысты қызметкерлерді қамтиды. Мысалы, ол сымбатты түзету жөніндегі консультанттарды, халық медицинасының емшілері мен шипагерлерін қамтиды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттердің қажеттіліктерін талдау, жеке ерекшеліктерін талдау және емдеу әдістері бойынша консультация беру;
- дәстүрлі халықтық амалдар мен әдістерді пайдалана отырып сырқаттар немесе басқа да аурулар кезінде күтім жасау және емдеу бойынша ұсынымдар: дене манипуляциялары мен жаттығулары, шөптердің, өсімдіктердің, жәндіктердің және жануарлар экстрактілерінің негізінде алынған табиғи экстрактілер мен препараттар;
- физикалық әсер ету мен шөп терапиясының дәстүрлі әдістері негізінде сүйектердің сынуын және буындардың шығуын орнына салумен және емдеумен байланысты дене жарақаттарына күтім жасау мен емдеу;
- денеге медициналық емес массаж жасау;
- сымбатты түзетуге көмектесу үшін салмақтан арылу және арықтау мақсатында диета мен жаттығулар мәселелері бойынша клиенттерге консультация беру;
- сымбатты түзету процесіне және арықтау арналған тағамдарға бағалау жүргізу;
- клиенттермен кездесуді ұйымдастыру және жазбасын жүргізу;
- жұмыс аймақтарын тазалау және құрал-саймандарды дезинфекциялау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сымбатты түзету жөніндегі консультант

Шипагер, фитотерапия

Массажист (медициналық емес)

Шипагер, халықтық әдістер бойынша

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Диетолог - 2265

Массажист, медициналық - 3221

Ескертпелер

Ұзақ практикалық пайдалану нәтижесінде әзірленген дәстүрлі және дәстүрлі емес емдеу әдістерін терең түсінуді, сондай-ақ адам анатомиясы мен қазіргі заманғы медицина элементтерін білуді талап ететін шипагерлік және дәстүрлі және дәстүрлі емес медицина практикасын қолдану саласындағы кәсіптер *2230 дәрігерлер және дәстүрлі және дәстүрлі емес медицинаның кәсіби мамандары* бастауыш тобында ескеріледі. Практикалық қызметі өздері тұратын жерде пайдаланылатын халық дәстүрлері мен практикалары негізіндегі практикалық оқыту мен кәсіптік даярлаудың салыстырмалы түрде алғанда ұзақ емес кезеңдеріне негізделген кең білімді талап етпейтін мамандар *5149 Сауықтыру процедураларымен байланысты қызметкерлер* бастауыш тобына қосылған. Негізгі әдістер ретінде шөппен емдеуді, рухани терапияны немес мануальді терапияны қолданатын практика жүргізуші шипагерлер бастауыш топтан шығарылады.

ҚР МЖ 01-2017

Сенім негізінде, адам сырқаттарын рухани практика арқылы, шөп терапиясын немесе басқа медикаменттерді және физикалық әсер етуді пайдаланбай емдейтін шипагерлер *3413 Рухани мәртебесі жоқ діни қызметшілер* бастауыш тобына қосылған.

Нүктелік массаж және шиацу әдістемесі сияқты массаждың дәстүрлі әдістерін және қысым салуды пайдалану арқылы емдеуді көздейтін кәсіптер *3221 Күту жөніндегі орта медициналық персонал* бастауыш тобына қосылған.

Әйелдерге жүктілікке және босануға байланысты көмек көрсететін, күтім жасайтын және ең алдымен практикалық тәжірибеге және оқу процесінде және халық медицинасының дәстүрлері мен практикасы арқылы алынған білімге негізделген ұсынымдар беретін дәстүрлі акушерлер және кіндік шешелер *322 Акушерлік жөніндегі орта медициналық персонал* бастауыш тобында ескеріледі.

515-ШАҒЫН ТОП

БУКМЕКЕРЛЕР, КРУПЬЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰМАР ОЙЫНДАР САЛАСЫНДАҒЫ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ

Букмекерлер, крупьеелер және құмар ойындар саласындағы тектес қызметтердің жұмысқерлері ұту мүмкіндігін айқындайды, спорттық және басқа іс-шаралардың нәтижелеріне ұтыс тігеді немесе ойын орындарында құмар ойындарын өткізеді.

Аталған шағын топ жұмысқерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ұтыс тігу бойынша тәуекелдерді айқындауды және ұтыс тігу немесе ұтыс тігуден бас тарту туралы шешім қабылдауды; күтілетін мүмкіндіктердің тізімін дайындау және беруді; ойын карталарымен, сүйектермен немесе рулетка дөңгелегімен жұмыс істеуді; ойын орнының операциялық қағидаларын түсіндіру және интерпретациялауды, ұтқан нөмірлерді хабарлауды, жеңгендерге ақысын төлеуді және жеңілгендерден төлемдерді жинауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5150 Букмекерлер, крупье және құмар ойындар саласындағы тектес қызметтердің жұмысқерлері

ҚР МЖ 01-2017

5150 Букмекерлер, крупье және құмар ойындар саласындағы тектес қызметтердің жұмыскерлері

Букмекерлер, крупье және құмар ойындар саласындағы тектес қызметтердің жұмыскерлері ұту мүмкіндігін айқындайды, спорттық және басқа іс-шаралардың нәтижелеріне ұтыс тігеді немесе ойын орындарында құмар ойындарын өткізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ұтыс тігу бойынша тәуекелдерді айқындау және ұтыс тігу немесе ұтыс тігуден бас тарту туралы шешім қабылдау;
- күтілетін мүмкіндіктердің тізімін дайындау және беру;
- ойын карталарымен, сүйектермен немесе рулетка дөңгелегімен жұмыс істеу;
- ойын орнының операциялық қағидаларын түсіндіру және интерпретациялау;
- ұтқан нөмірлерді хабарлау, жеңгендерге ақысын төлеу және жеңілгендерден төлемдерді жинау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Букмекер

Крупье

Ойын автоматтары залының менеджері

516-ШАҒЫН ТОП

ПОШТАШЫЛАР, КУРЬЕРЛЕР ЖӘНЕ БАСҚА ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСҚЕРЛЕР

Пошталылар, курьерлер және басқа тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлер пошта бөлімшелерінде немесе сонымен байланысты ұйымдарда, сондай-ақ мекеме ішінде және сыртында сұрыптауды, есепке алуды, жеткізуді немесе пошта қызметтерінің басқа да міндеттерін орындайды.

Аталған шағын топтың қызметкерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: поштаны жеткізудің мемлекеттік пошта бөлімшелерінде немесе жеке мекемелерінде поштаны өңдеуді; поштаны сұрыптауды жеке жеке үйлер мен ұйымдарға жеткізуді; клиенттің сұратуы бойынша жеткізуді растайтын есептер ұсынуды; қарапайым кіріс және шығыс хат-хабарларын сұрыптау мен сақтауды және шығыс поштаны түрлі мекемелерге жөнелтуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5160 Пошталылар, курьерлер және басқа тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлер

ҚР МЖ 01-2017

5160 Пошташылар, курьерлер және басқа тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер

Пошташылар, курьерлер және басқа тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер пошта бөлімшелерінде немесе сонымен байланысты ұйымдарда, сондай-ақ мекеме ішінде және сыртында сұрыптауды, есепке алуды, жеткізуді немесе пошта қызметтерінің басқа да міндеттерін орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- поштаны жеткізудің мемлекеттік пошта бөлімшелерінде немесе жеке мекемелерінде поштаны өңдеуді орындау;
- поштаны сұрыптау, жеке үйлер мен ұйымдарға жеткізу;
- клиенттің сұраты бойынша жеткізуді растайтын есептерді ұсыну;
- қарапайым кіріс және шығыс хат-хабарларын сұрыптау мен сақтау және шығыс поштаны түрлі мекемелерге жөнелту.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Поштаны тасымалдаушы-жеткізуші

Пошташы

Поштаны айырбастау жөніндегі кезекші

Поштаны сұрыптаушы

Сот курьері

517-ШАҒЫНТОП

АРНАЙЫ ДАЯРЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ИНСТРУКТОРЛАР

Арнайы даярлық жөніндегі инструкторлар спорттық даярлықтан басқа, автокөлік жүргізу, колөнер, кәсіби емес би саласындағы түрлі дағдыларға үйретеді.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: сабақтардың жоспары мен бағдарламаларын жасауды, олардың орындалуын қамтамасыз етуді; қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізуді; жүргізудің нақты жағдайларында жүргізуге үйретуді, тежегіштердің, іліністің, берілістің, автоматтық трансмиссияның, дыбыстық және жарықтық сигналдардың жұмысын түсіндіру мен көрсетуді; жол жүру ережесін үйретуді; үйренушілердің қол жеткізген нәтижелерін бағалауды; оқыту бағдарлама бойынша дағдыларды жақсарту жөнінде ұсыным беруді қамтиды. Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5170 Арнайы даярлық жөніндегі инструкторлар

ҚР МЖ 01-2017

5170 Арнайы даярлық жөніндегі инструкторлар

Арнайы даярлық жөніндегі инструкторлар спорттық дайындақтан басқа, автокөлік жүргізу, қолөнер, басқа кәсіби емес би саласында хобби деңгейінде адамдарды түрлі дағдыларға үйретеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сабақтардың жоспары мен бағдарламаларын құру, олардың орындалуын қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізу;
- оқытуды жүргізу, жаттығуларды көрсету;
- жүргізудің нақты жағдайларында жүргізуге үйрету, тежегіштердің, іліністің, берілістің, автоматты трансмиссияның, дыбыстық және жарықтық сигналдардың жұмысын түсіндіру және көрсету;
- жол жүру ережесін үйрету;
- үйренушілердің қол жеткізген нәтижелерін бағалау;
- оқыту бағдарламасы бойынша дағдыларды жақсарту жөнінде ұсыным беру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жүргізу жөніндегі инструктор

Картинг жөніндегі инструкторлар

Өрнектеу жөніндегі инструктор

Би инструкторы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Оқытушы, доцент, балет профессоры, ЖОО - 2314

Оқытушы, доцент, театралдық өнер профессоры, ЖОО - 2314

Йога инструкторы - 3423

Желкенді спорт инструкторы- 3423

519-ШАҒЫН ТОП

ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ЖҰМЫСКЕРЛЕР

Жеке қызметтер саласындағы басқа жұмыскерлер адамдардың өткен өмірі туралы ақпарат беріп, болашақта болатын оқиғаларды айтады, бірге еріп жүру бойынша және басқа да жеке қызметтерді ұсынады, жануарларды жаттықтырады (үйретеді), тазалайды және оларға күтім жасайды, мәйіттерді бальзамдайды және жерлеу қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ адамдарды көлік құралдарын басқаруды үйретеді.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жұлдызнама құруды; еріп жүру бойынша қызметтерді, клиенттер үшін камердинерлік және басқа да жеке қызметтерді көрсетуді; мәйіттерді бальзамдау және жерлеу қызметтерін көрсетуді; жануарларды тамақтану, оларға күтім жасау, үйрету және тазалауды; жүргізудің шынайы жағдайларында жүргізуді үйретуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5190 Жеке қызметтер саласындағы басқа жұмыскерлер

ҚР МЖ 01-2017

5190 Жеке қызметтер саласындағы басқа жұмыскерлер

Осы бастауыш топқа *51 Жеке қызмет саласындағы жұмыскерлер* кіші тобының бастауыш топтарына кірмейтін жеке қызметтер саласының жұмыскерлерін қамтиды. Осында адамдардың өткен өмірі туралы ақпарат беріп, болашақта болатын оқиғаларды айтатындарды, жұлдызнама құрастыратындарды, жануарларға күтім жасайтындарды, жерлеу қызметтерін көрсететіндерді, клиенттерді түрлі көңіл көтеру іс-шараларына алып баратындарды жатқызуға болады.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттердің өткен өмірі туралы ақпарат беріп, болашақта болатын оқиғаларды және өмір жағдайын айту үшін клиенттерге жұлдызнама құрастыру;
- клиент алақанының сипаттамасының мағынасын ашу, клиент таңдаған ойын карталарын, шыны-аяқтағы шай жапырақтарының немесе кофе қоюының орналасуын, өлі жануарлар сүйектерінің кескіндері мен суреттерін және т.с.с. интерпретациялау;
- жұмыс берушілермен түрлі орындарға еріп бару, оқу, әңгімелер жүргізу және онымен бірге түрлі іс-шараларға, мысалы, спорттық шараларға қатысу;
- жұмыс берушінің үйінде қонақ қабылдауға көмектесу және жұмыс берушінің киімдеріне және жеке заттарына күтім жасау;
- жерлеуді, кремацияны ұйымдастыру және өткізу, табыттар мен жерлеу урналарын таңдауға және жерлеу және кремация орны мен уақытын айқындауға көмектесу;
- адам мәйітінің бүлінуін баяулату және алдын алу мақсатында оны бальзамдау және санитариялық-гигиеналық нормалар мен балзамдаумен және жерлеумен байланысты заңнама талаптарын сақтау;
- жануарларға жуындыру, тарау, жүндерін кесу және қию, тырнақтарын алу және құлақтарын тазалау секілді шараларды жүргізуді қоса алғанда, оларға күтім жасау;
- виварийлерді, қораларды, атқораларды, торларды және алаңдарды, сондай-ақ жануарларға арналған ерлер мен қамыттар сияқты инвентарды тазарту, ұйымдастыру және дезинфекциялау;
- жарыстар, ойы-сауықтар, тыңдауы үшін, қорғауы, үстінде жүру және басқа іс-шаралар үшін қажетті дағдыларды дамыту және сақтау үшін жануарларды үйрету;
- клиенттерді мейрамханалар және басқа да ойын-сауық орындарына алып бару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Астролог

Бальзамдаушы

Балгер

Табытшы

Грумер

Жануарларды үйретуші

Камердинер

Компаньон

Ойын-сауық орындарына ілесіп жүретін әріптес

52-КІШІ ТОП**САТУШЫЛАР ЖӘНЕ САУДА ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ**

Сатушылар және сауда жұмыскерлері көтерме немесе бөлшек сауда дүкендерінде, тұрғылықты жері бойынша, телефонмен немесе клиенттерге қызмет көрсету орталықтарында тауарларды сатады және көрсетеді. Олар алынған тауарлар мен қызметтерді тіркеп, олардың ақысын ала алады, сондай-ақ шағын бөлшек сауда нүктелерін меңгере алады. Осы кіші топтың көптеген кәсіптері дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: көтерме немесе бөлшек сауда дүкендерінде, тұрғылықты жері бойынша, телефонмен немесе клиенттерге қызмет көрсету орталықтарында тауарларды сатуды; әлеуетті тұтынушыларға тауарларды көрсетуді; сатуға жататын азық-түліктерді үнемі жеткізу туралы келісімдерді алу мен жасауды; сату үшін тауарларды қоюды және орналастыруды немесе сатылған тауарларды қаптауды; сатуға жататын тауарлардың ассортиментін, қорларын немес бағаларының деңгейін айқындауды; тауарлар мен қызметтерді сатып алуды тіркеу мен ол үшін ақы алу үшін кассалық аппараттармен, штрих-кодтың оптикалық сканерлерімен, компьютерлермен және басқа да жабдықтармен жұмыс істеуді қамтиды. Осы кіші топқа жатқызылатын кейбір кәсіптер басқа жұмыскерлерге басшылық етуді қамтуы мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

521 Дүкен сатушылары

522 Кассирлер және билет сатушылар

523 Модельдер, тауарларды көрсетушілер және басқа сауда жұмыскерлері

Ескертпелер

Дүкендердің басшылары мен сату жөніндегі менеджерлерді *1 Басшылар және мемлекеттік қызметшілер* негізгі тобына жатқызады. Техникалық, медициналық тауарларды өткізу бойынша және ақпараттық және коммуникативтік технологиялар саласындағы мамандарды *2 Кәсіби мамандар* негізгі тобына жатқызады. Коммерциялық сату жөніндегі агенттер мен сақтандыру агенттерін, қаржы және тауар брокерлерін *3 Техник мамандар және басқа да кәсіби көмекші персонал* негізгі тобына жатқызады. Көше саудагерлерін *9 Біліктілігі жоқ жұмысшылар* негізгі тобына жатқызады.

ҚР МЖ 01-2017
521-ШАҒЫН ТОП

ДҮКЕН САТУШЫЛАРЫ

Дүкен сатушылары түрлі тауарларды сатады және халықтың қалың жігіне көтерме және бөлшек кәсіпорындарында (базаларда) қызметтер көрсетеді. Олар осы тауарлар мен қызметтердің функциясы мен сапасы туралы түсінік береді және сатушылар мен кассирлер көмекшілерінің жұмысын бақылайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: клиенттердің қалауын анықтауды және өнім ассортименті, бағасы, жеткізілуі, кепілдігі, өнімді қолдану және оған күтім жасау туралы ұсынымдар беруді; төлеудің түрлі тәсілдерін қолдана отырып тауарлар мен қызметтердің төлемін қабылдауды және шот-фактураларды (чектерді) дайындауды; қайта есепке алуды қоса алғанда, ағымдағы қорды басқаруды жүзеге асыруды және оны жүргізу кезінде көмек көрсетуді, сондай-ақ түгендеуге қатысуды, сату үшін тауарларды орнықтыру мен орналастыруды, сатылған тауарларды қаптауды; сатуға жататын тауарлардың ассортиментін, қорларын немес бағаларының деңгейін айқындауды; дүкендер сатушылары көмекшілерінің, бақылаушылардың және супермаркеттер мен әмбебап дүкендердің басқа да жұмыскерлерінің жұмысын үйлестіру мен қадағалауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5210 Супервайзерлер, дүкендегі сатушылар және олардың көмекшілері

5210 Супервайзерлер, дүкендегі сатушылар және олардың көмекшілері

Супервайзерлер, дүкендегі сатушылар және олардың көмекшілері дүкендер сатушылары көмекшілерінің, бақылаушылардың және супермаркеттер мен әмбебап дүкендер сияқты көтерме және бөлшек сауда дүкендерінің басқа да жұмыскерлерінің жұмысын үйлестіру мен қадағалауды жүзеге асырады. Олар сондай-ақ халықтың қалың жігіне тікелей немесе көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындары атынан түрлі тауарларды сатады және қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ мұндай тауарлар мен қызметтердің сапасы мен функциясы туралы түсінік береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жұмыс графиктерін жоспарлау мен құру және персоналға нақты тапсырмалар беру;
- персоналға сату тәртібімен байланысты мәселелер бойынша нұсқау жүргізу, оның ішінде қиын және күрделі проблемаларды шешу;
- клиенттерге тез қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- әңісулер, персоналды жалдау, даярлау, жоғарылаты және жұмыстан босату кезінде қатысу және басқарушыларға ұсынымдар беру, сондай-ақ еңбек жанжалдарын шешу;
- қайтарылған тауарды қарау және қажетті шаралар туралы шешім қабылдау;
- сату үшін тауарларға түгендеу жүргізу және қорды жасақтау үшін жаңасына тапсырыс беру;
- дұрыс бағасының көрсетілуін және тауарлар мен қызметтердің тиісінше қойылуын қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- клиенттердің қалауын айқындау және өнім ассортименті, бағасы, жеткізілуі, кепілдігі, өнімді қолдану және оған күтім жасау туралы ұсынымдар беру;
- мекеменің тауарлары мен қызметтерін клиенттерге көрсету және түсіндіру ;
- тауарлар мен қызметтерді сату, төлеудің түрлі тәсілдерін қолдана отырып төлемді қабылдау, шот-фактуралардан үзін-көшірмелер дайындау, кассалық аппарат көмегімен сатылымды тіркеу және чек беру;
- қайта есепке алуды қоса алғанда, ағымдағы қорларды басқаруды жүзеге асыру кезінде көмек көрсету, сондай-ақ түгендеуге қатысу;
- сату үшін тауарларды орнықтыру және орналастыру, сатылған тауарларды қаптау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Супермаркет бригадирі

Дүкен сатушысы

Дүкен сатушысының көмекшісі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Дүкен директоры– 1420

Дүңгіршек сатушысы - 9520

Ескертпелер

Басқару мен бақылау жұмысының маңызды бөлігі болып табылмайтын шағын дүкендердің жұмыскерлері *5210 Дүкендегі супервайзерлер және дүкендегі сатушының көмекшілері* бастауыш тобына жатқызады. Персоналды бақылаудан басқа тауарлардың ассортиментін, жалпы баға саясатын айқындауды, бюджетті құруды және персоналдың саны, іріктелуі және жалдау туралы шешім қабылдау сияқты басқару функцияларын жүзеге асыратын дүкен басқарушыларын *1420 Бөлшек және көтерме сауда қызметтері жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)* бастауыш тобына жатқызады.

ҚР МЖ 01-2017
522-ШАҒЫН ТОП

КАССИРЛЕР ЖӘНЕ БИЛЕТ САТУШЫЛАР

Кассирлер және билет сатушылар кассалық аппараттармен, штрих-кодтың оптикалық сканерімен, компьютермен және дүкендерде тауарларды, мейрамханаларда қызметтерді үшін ақыны және ойын-сауық және спорттық іс-шараларға арналған кіру ақысын төлеуге арналған басқа жабдықпен жұмыс істейді.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: дүкендерде, билет кассаларында немесе соған ұқсас орындарда қолма қол, чек, кредит картасы арқылы немесе автоматты дебеттік операциялар арқылы ақыны алу және оны тексеруді; ақша қалдығы мен квитанцияны беруді; билет кассаларында билет беруді және тиісті ақыны қабылдауды; алынған немесе төленген ақша сомаларын қайта есептеу және тіркеу және оларды кассалық аппарат бойынша сауда есебімен салыстыруды; түсетін қолма-қол ақшаны алуды, оны сату туралы түбіртектер (чектер) және басқа құжаттар бойынша тексеруді және банкке орналастыруға дайындауды; клиент төлеуге тиіс соманы есептеу үшін кассалық аппаратпен жұмыс жасауды; тауарларға бағаларды сканирлеу, өлшеу және тіркеуді; тауарларды орау мен пакеттерге салуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5220 Кассирлер және билет сатушылар

5220 Кассирлер және билет сатушылары

Кассирлер және билет сатушылар кассалық аппараттармен, штрих-кодтың оптикалық сканерімен, компьютермен және дүкендерде тауарларды, мейрамханаларда қызметтерді үшін ақыны және ойын-сауық және спорттық іс-шараларға арналған кіру ақысын төлеуге арналған басқа жабдықпен жұмыс істейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- дүкендерде, билет кассаларында немесе соған ұқсас орындарда қолма қол, чек, кредит картасы арқылы немесе автоматты дебеттік операциялар арқылы ақыны алу және оны тексеру;
- ақша қалдығы мен квитанцияны беру;
- спорттық және мәдени іс-шараларға баруға арналған билеттер беру;
- алынған немесе төленген ақша сомаларын қайта есептеу және тіркеу және оларды кассалық аппарат бойынша сауда есебімен салыстыру;
- түскен қолма-қол ақшаны алуды, оны сату туралы түбіртектер (чектер) және басқа құжаттар бойынша тексеру және банкке орналастыруға дайындау;
- клиент төлеуге тиіс соманы есептеу үшін кассалық аппаратпен жұмыс жасау;
- тауарларға бағаларды сканирлеу, өлшеу және тіркеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Казино кассирі

Қызмет көрсету станциясының кассирі

Билет беру жөніндегі кассир (ойын-сауық және спорттың іс-шаралар)

Бақылаушы-кассир

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Билет беру жөніндегі қызметші (саяхаттардағы) – 4221

МОДЕЛЬДЕР, ТАУАРЛАРДЫ КӨРСЕТУШІЛЕР ЖӘНЕ БАСҚА САУДА ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ

Модельдер, тауарларды көрсетушілер және басқа сауда жұмыскерлері тауарларды, азық-түлікті және қызметтерді орналастырады, көрсетеді және сатады, әдетте базарлар, көшелер мен дүкендерде сатудан өзгеше жағдайларда қалың көпшілікке.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: сату үшін тауарларды орналастыру және көрсетуді; фототүсірілімдер, кино- және видеофильмдер, жарнама, фотографиялар үшін немесе көркем шығармашылық мақсаттакейіп көрсетуді; сұрақтарға жауап беруді және тауарлар мен қызметтерді пайдалану бойынша ұсынымдар беруді; тапсырыстарды қабылдауды және тауарларды немесе қызметтерге ақы төлеуді, жеткізуді және алуды; тауарлар мен қызметтерді сатуды және әлеуетті клиенттер мен үйлерді аралау арқылы, телефонмен немесе басқа да электрондық байланыс құралын пайдалану арқылы бизнесті жүзеге асыруға ықпал жасауды; техникалық қызмет көрсету станцияларында автомобильдер үшін отын, жанар-жағармай материалдарын және басқа да тауарларды сатуды; отын құю, тазалау, майлау және автокөлік құралдарына ұсақ жөндеу жасау сияқты қызметтер көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 5231 Манекеншілер және басқа жанды модельдер**
- 5232 Тауарларды көрсетушілер, оның ішінде үйдегі**
- 5233 Телефондық сауда жөніндегі мамандар**
- 5239 Б.т.к. сатушылар және сауда жұмыскерлері**

Ескертпелер

Өткізу бойынша қызмет жетекшілерін *123 Өнімді өткізу, маркетинг, даму және қызмет көрсету жөніндегі функционалдық басшылар (басқарушылар)* шағын тобына жатқызады. Техникалық, медициналық тауарларды өткізу бойынша және ақпараттық және коммуникативтік технологиялар саласындағы мамандарды *243 қоғаммен байланыс, өнімді және қызметтерді өткізу және маркетинг жөніндегі кәсіби мамандар* шағын тобына жатқызады. Коммерциялық сату бойынша агенттерді және сақтандыру агенттерін *332 Тауарларды сатып алу және сату жөніндегі кәсіби көмекші персонал* шағын тобына жатқызады.

5231 Манекеншілер және басқа жанды модельдер

Манекеншілер және басқа жанды модельдер киімдер мен аксессуарларды көрсетеді және фототүсірілім, кино- және видеофильмдер, жарнама, фотографиялар үшін немесе көркем шығармашылық мақсатта кейіп көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жаңа киімдердің немесе сәнді киімдердің немесе сатып алушының қалауы бойынша киімдердің үлгілерін көрсету;
- киімдердің, сәнді аксессуарлардың және басқа да тауарлардың неғұрлым тартымды жақтарын, стилін және сипаттамасын көрсету мақсатында жүру, айналу және көрсетудің басқа да тәсілдерін қолдану;
- мүсін, кескіндеме және бейнелеу өнерінің басқа да түрлері үшін натурашы ретінде кейіп көрсету;
- фотографиялар, журналдар және басқа да жарнама жеткізгіштер үшін модель ретінде кейіп көрсету;
- телевизиялық, видеожарнама, кино жарнамасы және басқа да қойылымдар үшін кейіп көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Манекенші

Жарнамаға түсіну модель

Сәнді шаш үлгілерінің демонстраторы

5232 Тауарларды көрсетушілер, оның ішінде үйдегі

Тауарларды көрсетушілер, оның ішінде үйдегі сауда үй-жайларында, көрмелерде және жеке үйлерде тауарлар мен қызметтерді сипаттайды, көрсетеді және сатады, әдетте жеке үйлерде тұратын әлеуетті клиенттерге, үйлерді аралап, кәсіпорын бизнесінің жүзеге асуына ықпал етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- витриналарға орналастыру және тауарлардың сипаттамасы туралы және оларды қолдану тәсілдері туралы клиенттерді ақпараттындыру мақсатында сату үшін тауарларды көрсету, клиенттерге бару және әлеуетті клиенттердің жеке үйлеріне бару;
- сұрақтарға жауап беру және тауарларды пайдалану туралы ұсынымдар беру;
- тапсырыстарды және операцияларды тіркеу, өнім берушілерден алынған тауарларды орналастыру;
- тапсырыстар қабылдау және тауарлардың төлемін, жеткізілуін және алынуын ұйымдастыру;
- тауарлардың үлгілерін ұсыну, каталогтар мен жарнамалық материалдарды тарату;
- перспективті клиенттер тізбесін жасау және жаңа тапсырыстар алу үшін олардың назарына ақпаратты жеткізу;
- өткізу аудандары мен клиенттер арасында қозғалу және сатуға ұсынылған үлгілерді немесе тауарларды тасымалдау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тауарды көрсетуші

Сатушы-консультант

Тұрғылықты жер бойынша қызметтерді ұсынатын сатушы

ҚР МЖ 01-2017

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Коммерциялық сату жөніндегі агент – 3322

Лоток сатушысы – 9520

Дүңгіршек сатушысы - 9520

Шатыр және базар сатушысы - 9520

5233 Телефондық сауда жөніндегі мамандар

Телефондық сауда жөніндегі мамандар қызметтер мен тауарларды жылжыту, сатуларды қамтамасыз ету және сатып алу үшін кездесу уақытын келісу мақсатында телефон арқылы немесе электрондық байланыстың басқа құралдарын пайдалану арқылы ағымдағы және әлеуетті клиенттермен байланысады. Олар байланыс орталықтарында немесе басқа бөлімшелерде жұмыс істеуі мүмкін.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- байланысатын тұлғалардың тізімдері мен сценарийлер негізінде телефон немесе электрондық пошта арқылы тауарлар мен қызметтерді жылжыту;
- тауарлар мен қызметтерге қызығушылық тудыру, сату немесе сауда өкілдерімен кездесу туралы келісім жасасуға ұмтылу;
- клиенттерге тауарлар мен қызметтерді, ақпараттық пакеттерді және брошюраларды дайындау мен жеткізуді келісу;
- сауда өкілдерінің келуін тағайындау;
- әр клиентпен байланысты өзгерістерді көрсету мақсатында маркетингтік дерекқорды жаңарту және кейінгі әрекеттерді қабылдау үшін жазбалар жүргізу;
- басшылыққа бәсекелестердің қызметі мен байланысушы тұлғалардың сұрақтары туралы хабарлау;
- жасалған қоңыраулар және қол жеткізілген нәтижелер туралы статистиканы жүргізу;
- телемаркетинг саласындағы және оның нәтижелері туралы іс-шаралар жөнінде кезеңдік есептерді ұсыну.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Телемаркетинг саласындағы сатушы

Байланыс орталығының сатушысы

Байланыс орталығының клиенттермен жұмыс жасау жөніндегі сатушысы

Интернет арқылы сатушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Call-орталық маманы – 4224

5239 Б.т.к. сатушылар және сауда жұмыскерлері

Осы бастауыш топ *52 Сатушылар және сауда жұмыскерлері* кіші тобына кірмейтін сатушылар мен сату жұмыскерлерін тұрады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ломбард сатушысы

Жалға беру пунктiсiнiң сатушысы

Салат барының жұмыскері

Қызмет көрсету станциясының қызметшісі

53-КІШІ ТОП

ЖЕКЕ КҮТІМ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТЕТІН ЖҰМЫСҚЕРЛЕР

Жеке күтім жөніндегі қызметтерді көрсететін жұмысқерлер ұйымдар мен үйлерде балаларға, ауру және қарт адамдар мен мүгедектерге күтім, көмек көрсетеді және оларды бақылайды. Аталған кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың жұмысқерлер орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: қозғалуға, жуынуға мен жеке қажеттеліктермен байланысты көмектесуді; балаларға жеке негізде әлеуметтік дағдыларды меңгеруде көмек көрсетуді; балалардың физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін қызмет түрлерін қадағалау және оларға қатысуды; денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының тиісті қызметкерлеріне есеп беруді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 531 Балаларды бағып-күту жөніндегі жұмысқерлер және мұғалімдердің көмекшілері**
- 532 Науқастарға күтім жасау жөніндегі жұмысқерлер**

ҚР МЖ 01-2017

531-ШАҒЫН ТОП

БАЛАЛАРДЫ БАҒЫП-КҮТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСҚЕРЛЕР ЖӘНЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӨМЕКШІЛЕРІ

Балаларды бағып-күту жөніндегі жұмысқерлер және мұғалімдердің көмекшілері мектептерде, приюттерде және балалар мекемелерінде балаларды күту және бақылауды қамтамасыз етеді.

Аталған шағын топтың жұмысқерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: балаларға жеке негізде әлеуметтік дағдыларды меңгеруде көмек көрсетуді; мектептердегі және мектепке дейінгі мекемелерде балалардың физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін қызмет түрлерін көрсету, қадағалау және оларға қатысуды; балаларға мектеп алдында, мектептен кейін, каникулда және күндізгі уақытта қарауға арналған мекемелерде балаларды оқыту және сауықтыру қызметі үшін материалдар мен жабдықтар дайындауға ықпал етуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5311 Балаларды бағып-күту жөніндегі және тектес қызметтер саласындағы жұмысқерлер

5312 Мұғалім көмекшілері

5311 Балаларды бағып-күту жөніндегі және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер

Балаларды бағып-күту жөніндегі және тектес қызметтер саласындағы жұмыскерлер приюттерде және мектепке алдында, мектептен кейін, каникулда және күндізгі уақытта балаларға қарауға арналған мекемелерде балаларды күту мен бақылауды қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шомылу, киіну және тамақтану кезінде балаларға көмектесу;
- балаларды мектепке апару және мектептен алып келу не серуендеу уақытында бірге жүру;
- балалармен ойнау, оларға кітап оқу немесе ертегі айтып беру;
- балаларды оқыту және сауықтыру қызметі үшін материалдар мен жабдықтарды дайындауға жәрдемдесу;
- балалардың мінез-құлқын бақылау және олардың әлеуметтік дамуын бағыттау;
- балалар арасында тәртіпті сақтау және ұсынымдар беру немесе киімін күту және ойыншықтар мен кітаптарды жинауды қоса алғанда, басқа бақылау шараларын қолдану;
- балалардың ойындарын бақылау және қадағалау;
- күн ішіндегі бақылаулар мен сабақтардың түрі, ұсынылған тамақ және тағайындалған дәрілік заттар туралы ақпаратты қоса алғанда, жеке балалар бойынша құжаттама жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бала бағушы

Балабақшадағы бала бағушы

Тәрбиешінің көмекшісі

Отбасыда күндізгі уақытта балаларға қарайтын қызметкер

Сабақ уақытынан тыс уақытта балаларға қарайтын қызметкер

Балаларды күту жөніндегі қызметкерлер

Балалармен отырушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Балабақша меңгерушісі - 1341

Тәрбиеші - 2362

5312 Мұғалім көмекшілері

Мұғалім көмекшілері оқытумен байланысты емес міндеттерді орындайды және оқытушылық персоналға көмектесу мақсатында мектептерде және мектепке дейінгі мекемелерде балаларды күту және қарау бойынша жұмыстарды орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- мектепте және мектепке дейінгі мекемелерде балалардың физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін қызмет түрлерін қадағалау және оларға қатысу;
- оқыту және сауықтыру іс-шараларына бөлмелерді және ашық алаңдарды дайындау;

ҚР МЖ 01-2017

- оқыту процесі барысында интеллектуалдық, физикалық, тәртіптік және басқа қиыншылықтарға тап болған балаларға көмек көрсету;
- жеке негізде балаларға әлеуметтік дағдыларды меңгеру бойынша көмек көрсету;
- оқу материалдарын дайындауда көмек көрсету, сондай-ақ жазба және баспа материалдарын көшіру және тігу;
- аудиовизуалдық аппаратураны, компьютерлерді және басқа да оқыту құралдарын пайдалану;
- оқу материалдарын тарату және жинау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Арнайы білімнің оқу-әдістемелік бөлімі бойынша ассистент

Мұғалімнің көмекшісі

532-КІШІ ТОП

НАУҚАСТАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСҚЕРЛЕР

Ауруларды күту жөніндегі қызметкерлер денсаулық сақтау мекемелерінде және үйде науқастарды, қарт адамдарды, пациенттерді, сауығып келе жатқан адамдарды және мүгедектерді күтуді және қозғалу және күнделікті іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде көмектесуді қамтамасыз етеді.

Аталған шағын топтың жұмысқерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: пациенттерге қозғалуы, өзін-өзі күтуі және сөйлесуі кезінде көмек көрсетуді; хирургиялық және басқа да аспаптар мен жабдықтарды стерильдеуді; бақылауды және денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының тиісті қызметкерлеріне есеп беруді; пациенттерді тексеруге және емдеуге дайындауды және жекелеген адамдарды күтуді жоспарлауға қатысуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5320 Науқастарға күтім жасау жөніндегі жұмысқерлер

5320 Науқастарға күтім жасау жөніндегі жұмыскерлер

Науқастарға күтім жасау жөніндегі жұмыскерлер ауруханаларды, клиникаларды, тұрғылықты жері бойынша күтім жөніндегі мекемелерді, үйде күтім көрсетуді қоса алғанда, денсаулық сақтаудың түрлі мекемелеріндегі, қартаю, ауру, жарақат немесе басқа физикалық және психикалық көрсетілімдер бойынша күтімге мұқтаж пациенттер мен тұрушыларға күнделікті қызметті жүзеге асыруда тікелей жеке күтімді және көмекті қамтамасыз етеді. Олар әдетте медицина, медициналық күтім саласындағы мамандардың және денсаулық сақтау саласындағы басқа да мамандардың немесе тектес кәсіптер мамандарының тікелей бақылауымен күтімнің тағайындалған схемалары мен әдістерін іске асырумен айналысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- медицина, медициналық күтім саласындағы мамандар немесе денсаулық сақтау саласындағы басқа мамандар тағайындаған емдеу схемаларына сәйкес медициналық, оналту мекемелерінің және тұрғылықты жері бойынша күту мекемелерінің пациенттеріне күтімді, қолдауды және емдеуді қамтамасыз етеді;
- пациентті күтумен байланысты іс-шараларды, оның жай-күнінің өзгеруін және емдеу мен күтімге реакцияларын тіркеу, сондай-ақ проблемалар туралы хабарлау немесе денсаулық сақтау немесе әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандарға жіберу;
- жеке гигиена, тамақтану, киіндіру, дене қозғалысы және жаттығулары, сөйлесу, дәрілік заттарды пероральді қабылдау және таңғыштарды ауыстыру сияқты жеке және терапевтік іс-шараларды өткізу кезінде пациенттерге көмек көрсету;
- дене қозғалысымен байланысты проблемалары бар пациенттерді жатқызу және көтеру, сондай-ақ оларды мүгедектер арбашасымен немесе автокөлікпен тасымалдау кезінде көмек көрсету;
- үй-жайды жинауды және төсек орнын ауыстыруды, киімді жуу мен ыдысты жууды, сондай-ақ тұрғын үй-жайларды жинауды қоса алғанда, пациенттерді күту кезінде санитариялық ережелерді сақтау;
- ауырғанды сезінуді шешу үшін, оның ішінде жүктілік және туу кезінде массаж немесе басқа процедураларды орындау;
- хирургиялық, стоматологиялық және фармацевтикалық құрал-саймандарды, бөтелкелерді, мензуркаларды және басқа жабдықтарды тазарту және стерильдеу;
- дәрілік заттарды, химикаттарды және фармацевтикалық дәрілерді белгілеу және олардың қорларын толтырып отыру;
- емделушілерге және олардың отбасы мүшелеріне эмоционалдық қолдау көрсету, тамақтану, гигиена, жаттығу, сәбилерді күту немесе мүгедекке не ауруға бейімделу сияқты мәселелер бойынша ақпарат пен ұсыныстарды тектес кәсіптердің;
- босанғаннан кейінгі кезеңде ата-аналарға көмек көрсетуді және жаңа туған нәрестелерді күтуді қамтамасыз ету;
- клиенттердің дәрігерлер мен денсаулық сақтау саласындағы басқа мамандарға бару графиктерін құрастыру және оларға еріп жүру немесе басқа да тапсырмаларды орындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Күту жөніндегі көмекші (ауруханадағы немесе клиникадағы)

Күту және дәрілерді қабылдау жөніндегі көмекші

Үйде күту жөніндегі көмекші

Күтуші (кең бейінді)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (кең бейінді) - 2635

Күту жөніндегі мейіргер - 3221

ҚР МЖ 01-2017

54-КІШІ ТОП

АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ МҮЛКІТІ ҚОРҒАЙТЫН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ

Азаматтарды және мүлкіті қорғайтын қызметтердің жұмыскерлері өрттен және басқа қауіптен азаматтарды және мүлкіті қорғайды, қоғамдық тәртіпті және заңдар мен құқықтық қағидалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Осы кіші топтың көптеген кәсіптері дағдылардың екінші деңгейін етеді.

Аталған кіші топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: өрттің алдын алуды, онымен күресуді және сөндіруді, адамдарды жанып жатқан ғимараттардан және оқиға орындарынан құтқаруды, сонымен қатар қауіпті жағдайға тап болған адамдарды құтқаруды; құқықтық тәртіпті сақтауды, заңдар мен құқықтық нормаларды қолдануды, қоғамдық орындарды патрульдеуді және жасалған қылмыстар үшін күдіктілерді қамауға алуды; жол қозғалысын реттеуді және жазатайым оқиғалар уақытында өзіне өкілеттіліктерді алуды; түрмелерде, түзету мекемелерінде және пенитенциарлық ұйымдарда тәртіпті сақтау мен бақылауды; мүлкіті ұрлық пен вандализмнен қорғау мақсатында үй-жайды патрульдеуді немесе бақылауды, мекемелерге кіруді бақылауды, тәртіпті сақтауды және қоғамдық іс-шаралар кезінде және мекемелердің ішінде құқықтық қағидаларды қолдануды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

541 Азаматтарды және мүлкіті қорғайтын қызметтердің жұмыскерлері

541-ШАҒЫН ТОП**АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ МҮЛІКТІ ҚОРҒАЙТЫН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ**

Азаматтарды және мүлікті қорғайтын қызметтердің жұмысқерлері өрттен және басқа қауіптен азаматтарды және мүлікті қорғайды, қоғамдық тәртіпті және заңдар мен құқықтық қағидалардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Аталған кіші топтың жұмысқерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: өрттің алдын алуды, онымен күресуді және сөндіруді, адамдарды жанып жатқан ғимараттардан және оқиға орындарынан құтқаруды, сонымен қатар қауіпті жағдайға тап болған адамдарды құтқаруды; құқықтық тәртіпті сақтауды, заңдар мен құқықтық нормаларды қолдануды, қоғамдық орындарды патрульдеуді және жасалған қылмыстар үшін күдіктілерді қамауға алуды; жол қозғалысын реттеуді және жазатайым оқиғалар уақытында өзіне өкілеттіліктерді алуды; түрмелерде, түзету мекемелерінде және пенитенциарлық ұйымдарда тәртіпті сақтау мен бақылауды; мүлікті ұрлық пен вандализмнен қорғау мақсатында үй-жайды патрульдеуді немесе бақылауды, мекемелерге кіруді бақылауды, тәртіпті сақтауды және қоғамдық іс-шаралар кезінде және мекемелердің ішінде құқықтық қағидаларды қолдануды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысқерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

5411 Өрт сөндірушілер

5412 Полицейлер

5413 Түрме қызметшілері

5414 Күзетшілер

5415 Құтқарушылар

5419 Б.т.к. азаматтарды және мүлікті қорғайтын қызметтердің жұмысқерлері

ҚР МЖ 01-2017

5411 Өрт сөндірушілер

Өрт сөндірушілер өрттің алдын алады, онымен күреседі және оны сөндіру үшін бар күш-жігерін жұмсайды, басқа төтенше жағдайларда көмек көрсетеді, адамдардың өмірін сақтайды және мүлікті қорғайды, сонымен қатар құтқару операцияларын жүргізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өрт дабылына және көмек туралы басқа да дабылдарға ден қою, оның ішінде автокөлік және өндірістік авариялар, жарылғыш заттарды қолдану және басқа да қауіп жағдайларында;
- өртпен күресу және қол және күштік жабдықтарды, сонымен қатар өртке қарсы химиялық реагенттерді қолдану арқылы өртті сөндіру;
- ерекше түрдегі өрттермен күресу және өндірістік кәсіпорындарда арнайы жабдықтарды қолдану;
- адамдарды жанып жатқан ғимараттардан және оқиға орындарынан, сонымен қатар қауіпті жағдайға тап болған адамдарды құтқару;
- өрттің пайда болуы немесе жазатайым оқиғалар жағдайында зиянды заттардың таралуының алдын алу немесе шектеу;
- профилактика шаралары туралы қоғамды ақпараттандыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Орман өртін сөндіруші

Өрт сөндіруші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өрт сөндіру инспекторы – 3160

Өрт және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қызметші – 3160

Өрттерді зерттеу жөніндегі маман – 3160

5412 Полицейлер

Полицейлер қоғамдық орындарды патрульдеу, заңдар мен құқықтық ережелерді қолдану және жасалған қылмыс үшін күдіктілерді қамауға алу арқылы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында жекелеген аумақтарды патрульдеу, төтенше жағдайларға ден қою, адамдар мен мүлікті қорғау және заңдар мен басқа да құқықтық нормаларды қолдану;
- қылмыстық іс-әрекеттерді жасаған күдіктілер мен қылмыскерлерді анықтау, қудалау және қамауға алу;
- жол қозғалысын реттеу және төтенше жағдайларда өзіне өкілеттіліктерді қабылдау;
- жазатайым оқиғалардың, қылмыстардың және табиғи апаттардың құрбандарына кезек күттірмейтін көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Полицей

5413 Түрме қызметшілері

Түрме қызметшілері түрмелердің, түзету мекемелерінің және басқа пенитенциарлық мекемелердің тұтқындарын бақылайды және олардың арасында тәртіпті сақтайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тұтқындарды тінту, оларға тиесілі құнды заттарды сақтауға өткізу, тұтқындарды камераларға дейін апару және камераны жабу;
- камераларды кезеңдік тексеру, ілмектерді, терезелерді, есіктерді және қақпаларды тексеру және қауіпсіз күйде ұстау;
- жұмыс істеу, тамақтану және демалу уақытында тұтқындарды қадағалау;
- тәртіпсіздіктің және қашудың алдын алу мақсатында тұтқындардың мінез-құлқын бақылау;
- қашудың алдын алу үшін түрменің аумағын патрульдеу;
- оңалту бағдарламасын іске асыруда көмек көрсету;
- тасымалдау кезінде және далаға шығуға уақытша рұқсат берілген кезде тұтқындарды алып жүру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Конвоир

Түрме күзетшісі

5414 Күзетшілер

Күзетшілер түрлі сапарларда, кездесулерде қорғалатын клиенттің денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, мүлікті ұрлықтан және вандализмнен қорғау мақсатында үй-жайларды патрульдейді және бақылайды. Олар мекемелерге кіруді бақылайды, қоғамдық іс-шаралар кезінде және мекеменің ішінде тәртіпті сақтайды және құқықтық нормаларды қолданады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қорғалатын адамның қауіпсіздігін және дербес қол сұғылшаушылығын қамтамасыз ету;
- жітілік таныту, қорғалатын адамның айналасындағы жағдайдың барлық өзгерістерін тіркеу, айналадағы басқа оқиғаларға, сондай-ақ қорғалатын адамның іс-әрекеттеріне алаңдамау;
- рұқсат етілмеген кіру белгілерінің алдын алу және анықтау үшін үй-жайларды патрульдеу және терезелерді, есіктерді және қақпаларды тексеру;
- мекемелерге кіруді бақылау, қызметкерлер мен келушілердің кіруін немесе шығуын тексеру және рұқсат беру, жеке басын тексеру және рұқсаттама беру;
- тәртіпті сақтау, мүлікті ұрлықтан немесе вандализмнен қорғау және мекемедегі қолданыстағы қағидаларды қолдану мақсатында келушілердің, клиенттердің немесе қызметкерлердің арасында жүру;
- дабыл белгілеріне ден қою, алаңдаушылық себептерін тергеп-тексеру және қажет болған кезде жоғары тұрған органдарға, полицияға немесе өрт сөндіру қызметіне жүгіну;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әуежайларда жолаушылар мен багажды тексеру;
- қолма-қол ақшаны және құнды заттарды жинау және банктерге, банкоматтарға және бөлшектеп сату мекемелеріне қауіпсіз жеткізілуін қамтамасыз ету.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Инкассатор

Күзетші

Ішкі қауіпсіздік қызметінің қызметкері (оператор)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Құтқарушы – 5415

5416 Құтқарушылар

Құтқарушылар құтқару бекетінде кезекшілік етеді, қауіптілігі жоғары орындарда бақылауды және адамдардың өмірін сақтап қалуды жүзеге асырады, судағы, таудағы жағатайым оқиғалар, авариялар кезінде жарақаттанған адамдарға бірінші болып көмекке келеді және қажет болған кезде жарақаттанған адамдарға медициналық қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жазатайым оқиғалардың алдын алу және батушыларды құтқару үшін жағажайларды және жүзу бассейндерін патрульдеу;
- зардап шегушілерді, оның ішінде арнайы іздеу аспаптарын қолдану арқылы іздеу, құтқару шараларын қабылдау;
- жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету;
- төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында азаматтарға қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын және олар орын алған жағдайларда іс-әрекет тәртібін түсіндіру;
- авариялық-құтқару жұмыстарын орындау үшін авариялық-құтқару құралдарын, мүлікті және жарақтарды жұмысқа дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кинолог

Матрос-құтқарушы

Таудағы құтқарушы

Құтқарушы-сүңгуір

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өрт сөндіру - 5411

5419 Б.т.к. азаматтарды және мүлікті қорғайтын қызметтердің жұмыскерлері

Аталған бастауыш топ *541 Азаматтарды және мүлікті қорғайтын қызметтердің жұмыскерлері* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін, азаматтар мен мүлікті қорғауды жүзеге асыратын қызметтердің жұмыскерлерін қамтиды. Мысалы, осы бастауыш топқа жекеше детективтер, қорықшылар, қорық қараушылары кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- клиенттің тапсырысы бойынша іздеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпарат жинау, кредит төлеуге қабілетсіз немесе сенімді емес іскерлік әріптестерді айқындау;
- аңшылық қағидаларының сақталуын бақылау;
- жеке және ұжымдық аң аулауды ұйымдастыру және өткізу;

– қорықтарда жануарларды, құстарды бақылау, жоғары біліктілік деңгейіндегі мамандармен бірігіп оларды сақтауға көмек көрсету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қорықшы

Қорық қараушысы

Детектив

ФЕРМЕРЛЕР ЖӘНЕ АУЫЛ МЕН ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ, БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Фермерлер және ауыл мен орман шаруашылығының, балық шаруашылығының және балық аулау жұмысшылары дала немесе жеміс-жидек дақылдарының өнімдерін өсіреді және жинайды; жабайы өсетін жемістер мен өсімдіктерді жинайды; жануарларлы өсіреді, оларды күтеді немесе оларды аулайды; мал шаруашылығының түрлі өнімдерін өндіреді; ормандарды өсіреді, қорғайды және пайдаланады; балықты өсіреді немесе аулайды; өзін және отбасы мүшелерін тамақпен, баспанамен және табыспен қамтамасыз ету үшін су организмдерінің басқа түрлерін өсіреді және жинайды. Осы негізгі топтың көптеген кәсіптері дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Ауыл мен орман, балық өсіру мен балық аулау шаруашылығының білікті жұмыскерлерінің міндеттері әдетте мыналарды: жерді дайындауды; егуді, отырғызуды, суландыруды, тыңайтқыштар себуді және егін дақылдарын жинауды; жеміс-жидек және дәрілік дақылдарды өсіруді; бақша дақылдарын және бау-бақша өнімдерін өсіруді; жабайы өсетін жемістер мен өсімдіктерді жинауды; жануарларды өсіру мен күтуді, сонымен қатар ет, сүт, жүн, тері, жібек, ара өсіру және басқа өнімдерді алу үшін аңшылық етуді; орман өсіру, сақтау және пайдалануды; балық өсіруді немесе аулауды; басқа су организмдерді өсіру немесе жинауды; өз өнімін сақтауды және бастапқы өңдеуді; өз өнімдерін сатып алушыларға, өткізу ұйымдарына немесе нарықта сатуды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 61 Фермерлер және өнімді сатуға шығаратын ауыл шаруашылығы жұмысшылары**
- 62 Аңшылар және орман және балық өнімдерін өндіру жөніндегі жұмысшылар**
- 63 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер**

61-КІШІ ТОП**ФЕРМЕРЛЕР ЖӘНЕ ӨНІМДІ САТУҒА ШЫҒАРАТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Фермерлер және өнімді сатуға шығаратын ауыл шаруашылығы жұмысшылары дала, көкөніс, жеміс-жидек және басқа да дақылдарды өсіру және жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды; түрлі малды өсіреді және сату немесе көтерме саудада сатып алушыларға, өткізу ұйымдарына немесе нарыққа жеткізу үшін мал шаруашылығы өнімдерін өндіреді. Осы негізгі топтың көптеген кәсіптері дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жерді дайындауды; егуді, отырғызуды, суландыруды, тыңайтқыштар себуді және егін дақылдарын жинауды; ағаштер мен бұталарда өсетін жемістерді және басқа дақылдарды өсіруді; бақша дақылдарын және бағбандық өнімдерін өсіруді; ет, сүт, жүн, тері, немесе жібек құртын, ара өсіру шаруашылығы өнімдерін және басқа өнімдерді алу үшін жануарларды өсіруді және күтуді; бастапқы өңдеудің кейбір түрлерін сақтауды; өз өнімін сатып алушыларға, өткізу ұйымдарына немесе нарықта сатуды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 611 Фермерлер және сатуға бақша, жеміс, егін дақылдарын өсіру жөніндегі жұмысшылар**
- 612 Мал шаруашылығындағы фермерлер және жұмысшылар**
- 613 Аралас өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар**

Ескертпелер

Егер тауарлар (көбіне азық-түлік) өзі тұтыну немесе жұмыскердің басқа отбасы мүшелерінің тұтынуы үшін өндірілетін болса, кәсіптерді *63 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер* кіші тобына жатқызады. Егер тауарлар артығымен өндірілсе және тауардың сатылған көлемі тұтынылған көлемімен көп болса, бірақ өндірістің негізгі мақсаты өзі тұтыну болып табылса, онда мұндай кәсіптерді бәрібір 63-кіші топқа жатқызады. Егер қызметтің негізгі мақсаты өнімдерді нарық үшін өндіру болатын болса, онда кәсіптерді *61 Фермерлер және өнімді сатуға шығаратын ауыл шаруашылығы жұмысшылары* немесе *62 Аңшылар және орман және балық өнімдерін өндіру жөніндегі жұмысшылар* кіші топтарына жатқызады.

ҚР МЖ 01-2017

611-КІШІ ТОП

ФЕРМЕРЛЕР ЖӘНЕ САТУҒА БАҚША, ЖЕМІС, ЕГІН ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР

Фермерлер және сатуға бақша, жеміс, егін дақылдарын өсіру жөніндегі жұмысшылар егін дақылдарын, жеміс-жидек және басқа дақылдарды, бақша дақылдарын, дәрілік және техникалық өсімдіктерді өсіру және жинау; бақша өнімдері мен жеміс питомниктерінің өнімдерін сатуға өндіру немесе көтерме сатып алушыларға, өткізу ұйымдарына немесе нарықта сату үшін тұрақты түрде жеткізу бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Аталған кіші топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: нарықтық жағдай мен конъюнктураны бақылауды, өсіру үшін дақылдардың түрлерін және санын айқындауды, сондай-ақ өндіру процесін жоспарлау және үйлестіруді; тұқымдарды, баданаларды және тыңайтқыштарды сатып алуды; жерді мелиорациялау мақсатында жерге инвестициялауды; жерді дайындауды, егуді, түрлі дақылдарды отырғызуды, культивациялау және жинауды; жұмыс жасайтын малды күтуді және ауыл шаруашылығы құрылыстарына, машиналар мен жабдықтарға қызмет көрсетуді; көшеттерді, баданаларды және тұқымдарды өсіруді; өнімдерді сақтауды және бастапқы өңдеудің кейбір түрлерін; ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуды немесе жеткізуді қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

6111 Дикандар және көкөніс өсірушілер

6112 Дақылдарды ағаштарда және бұталарда өсіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар

6113 Бағбандар, бақша өсірушілер және жеміс тәлімбақтарының жұмысшылары

6114 Фермерлері және аралас өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жұмысшылары

6111 Дикандар және көкөніс өсірушілер

Дикандар және көкөніс өсірушілер бидай, қарабидай, күріш, сұлы және басқа дәнді дақылдар, жүгері, жаңғақ, темекі, мақта, зығыр және басқа да егін дақылдарын, сондай-ақ картоп, қырыққабат, қызылша, сәбіз немесе басқа дала көкөністер сияқты түрлі дақылдарды көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе тұрақты түрде жеткізу үшін немесе нарықта сату үшін өсіру бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайдын және конъюнктурасын бақылау, өсіру үшін дақылдардың түрлерін және санын айқындау, сондай-ақ өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіру;
- қолмен немесе механизмдерді пайдалана отырып, топырақты дайындау және тыңайтқыштар мен тезекті енгізу;
- тұқымдарды таңдау мен егу және көшеттерді отырғызу;
- топырақты культивациялау, өсімдіктерді қайтадан отырғызу, кесу немесе сирету, сондай-ақ ирригациялық жабдықтарды теңшеу және пайдалану арқылы;
- гербицидтер мен пестицидтерді қолдану арқылы арамшөптермен, зиянкестермен және аурулармен күресу;
- егінді жинау және аурулармен залалданған немесе кондицияланбаған егінді жою;
- сату немесе нарыққа жеткізу үшін егінді қарау, тексеру, тазарту, сұрыптау, қаптау, сақтау және тиеу;
- жұмыс жасайтын малды күту және ауыл шаруашылығы ғимараттарына, құрылыстарына, жабдықтарына және сумен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өнімді сақтау және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімдерді сату және маркетинг, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу, тасымалдау туралы шарттарды жасасу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу мен бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды даярлау мен ауыл шаруашылығының технологиялық операцияларын орындауы, техникалық қызмет көрсетуі кезінде оларды бақылау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сонымен қатар жұмысшылар мен мердігерлерді жұмысқа жалдау және жұмыстан шығару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Саңырауқұлақ өсірушілер

Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (егін дақылдары)

Көкөніс өсіруші

Дикан

Темекі өсіруші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Агроном – 2132

Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы – 9211

Көкөністерді жинаушы – 9211

Ескертпелер

Қарқынды өңдеп өсіру әдістерін пайдаланатын көкөнісшілерді 6113 Бағбандар, бақша өсірушілер және жеміс тәлімбақтарының жұмысшылары бастауыш тобына жатқызу керек.

ҚР МЖ 01-2017

6112 Дақылдарды ағаштарда және бұталарда өсіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар

Дақылдарды ағаштарда және бұталарда өсіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар жеміс және жаңғақ ағаштары, жемісті және шай бұталары, жүзім сабақтары, жидектер сияқты дақылдарды өсіру және олардан өнім жинау; көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе тұрақты түрде жеткізу немесе нарықта сату үшін шырынды жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайдын және конъюнктурасын бақылау, өсіру үшін дақылдардың түрлерін және санын айқындау, сондай-ақ өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіру;
- қолмен немесе механизмдерді пайдалана отырып, топырақты дайындау және тыңайтқыштар мен тезектерді енгізу;
- тұқымдарды таңдау мен егу және көшеттерді отырғызу;
- топырақты культивациялау, өсімдіктерді қайтадан отырғызу, кесу немесе сирету, сондай-ақ ирригациялық жабдықтарды теңшеу және пайдалану арқылы;
- гербицидтер мен пестицидтерді қолдану арқылы арамшөптермен, зиянкестермен және аурулармен күресу;
- егінді жинау және аурулармен залалданған немесе кондицияланбаған егінді жою;
- сату немесе нарыққа жеткізу үшін егінді қарау, тексеру, тазарту, сұрыптау, қаптау, сақтау және тиеу;
- жұмыс жасайтын малды күту және ауыл шаруашылығы ғимараттарына, құрылыстарына, жабдықтарына және сумен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өнімді сақтау және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімдерді сату және маркетинг, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу, тасымалдау туралы шарттарды жасасу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу мен бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды даярлау мен ауыл шаруашылығының технологиялық операцияларын орындауы, техникалық қызмет көрсетуі кезінде оларды бақылау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сонымен қатар жұмысшылар мен мердігерлерді жұмысқа жалдау және жұмыстан шығару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жүзім өсіруші

Жеміс-көкөніс өсіруші

Фермер, жеміс-жидектер

Шай өсіруші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Көкөніс жинаушы - 9211

Жеміс жинаушы – 9211

6113 Бағбандар, бақша өсірушілер және жеміс тәлімбақтарының жұмысшылары

Бағбандар, бақша өсірушілер және жеміс тәлімбақтарының жұмысшылары саябақтарда және жеке бақтарда ағаштарды, бұталарды, гүлдерді және басқа да өсімдіктерді өсіру және сақтау бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды, сонымен қатар көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе тұрақты түрде жеткізу үшін немесе нарықта сату үшін көшеттерді, баданаларды және тұқымдарды өндіреді немесе көкөністерді және гүлдерді қарқынды өңдеп еру (жылыжайларда) әдістерімен өсіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарықтық жағдайды және конъюнктурасын бақылау, көкөністердің, бақша өсіру, питомниктер өнімдерінің түрлері мен санын өсіру үшін айқындау, сондай-ақ өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіру;
- топырақты өңдеу, грунтты тегістеу және ирригациялық және дренажды жүйелерді орнату және пайдалану арқылы жерді дайындау;
- ағаштарды, бұталы қоршауларды, бақша өсімдіктерін және шөптерді отырғызу;
- ағаштарды, бұталы қоршауларды және бұталарды кесу және қырку, өсімдіктер үшін тіреуіштерді және қоршауларды орнату, сонымен қатар көгалдарды тегістеу, қырку, аэрациялау және кесу;
- ағаштар мен өсімдіктердің саулығын тексеру, зиянкестерді, ауруларды және арамшөптерді анықтау және өңдеу, сонымен қатар тыңайтқыштар мен қарашірікті қолдану;
- көшеттерді, баданаларды және тұқымдарды өндіру және тұқымдардан немесе саптардан өсімдіктерді өсіру;
- сату немесе нарыққа жеткізу үшін егінді қарау, тексеру, тазарту, сұрыптау, қаптау, сақтау және тиеу;
- ғимараттарға, жылыжайларға және басқа да құрылыстарға, жабдықтарға және сумен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өнімдері сақтау және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімдерді сату және маркетинг, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу, тасымалдау туралы шарттарды жасасу, сонымен қатар ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу және бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды даярлау мен ауыл шаруашылығының технологиялық операцияларын орындауы, техникалық қызмет көрсетуі кезінде оларды бақылау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сонымен қатар жұмысшылар мен мердігерлерді жұмысқа жалдау және жұмыстан шығару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бағбан

Гүл өсіруші

Бақша өсіру және питомник шаруашылығының фермері

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жеміс бағындағы біліктілігі жоқ жұмысшы – 9212

ҚР МЖ 01-2017

Ескертпелер

Жеміс питомниктерінде жидек бұталары мен жеміс ағаштарын өсіретін жұмыскерлерді *6112 Дақылдарды ағаштарда және бұталарда өсіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар* бастауыш тобына жатқызады. Қарқынды өндеп егу әдістерін қолданбайтын даладағы көкөнісшілерді *6111 Диқандар және көкөніс өсірушілер* бастауыш тобына жатқызады.

6114 Фермерлері және аралас өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жұмысшылары

Фермерлері және аралас өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жұмысшылары дала дәнді дақылдарының, дала көкөніс дақылдарының және жеміс-жидектер дақылдарының нақты үйлестірілген түрлерін, сондай-ақ көтерме сатып алушыларға, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе базарларда сату үшін бақша, бау-бақша дақылдары мен отырғызу материалдарын өсіру мен жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық қызметін және конъюктурасын бақылау, өсіруге арналған дақылдардың түрлері мен санын айқындау, сондай-ақ, өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіру;
- қолмен немесе механизмдерді пайдаланумен топырақты дайындау, тыңайтқыштар мен тезек қосу;
- тұқымдарды таңдау және егу және көшеттерді отырғызу;
- топырақты культивациялау, егіндерді, ағаштар мен бұталарды қайта отырғызу, кесу, немесе сирету арқылы, сондай-ақ ирригациялық жабдықтарды теңшеу және пайдалану арқылы егіндерді өсіру;
- қарқынды технология арқылы гүлдер мен көкөністерді өсіру;
- көшеттерді, баданалар мен тұқымдарды өндіру ;
- егінді қарау мен жинау, сатуға немесе базарға жеткізуге арналған өнімдерді қарау, тазарту, сұрыптау, орау, сақтау және тиеу;
- жұмыс малын күту және ауыл шаруашылығы ғимараттарына, құрылыстарына, жабдықтар мен сумен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету;
- өнімдері сақтау және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімдерді жылжыту және маркетинг, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы шарттарды жасау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларды есепке алу және бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмыскерлерді дайындау және орындау кезінде оларды бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Білікті ауыл шыруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар)

Фермер, аралас дақылдар

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өсімдік шаруашылығындағы біліктілігі жоқ жұмысшы – 9211

Көкөністерді жинаушы – 9211

Жемістерді жинаушы – 9211

612-ШАҒЫН ТОП**МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФЕРМЕРЛЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Мал шаруашылығындағы фермерлер және жұмысшылар ет, тері, жүн, сүт өнімдерін, бал, жібек, мата және басқа өнім өндіру немесе жұмысқа, спортпен шұғылдануға, демалысқа арналған жануарлар ретінде пайдалану үшін, көтерме сауда сатып алушыларға, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізіп беру үшін немесе оларды базарларда сату үшін қолға үйретілген жануарларды, құсты, жәндіктерді және қолға үйретілмеген жануарларды өсіру және көбейту бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: нарық жағдайы мен конъюктурасын бақылауды, өндірілетін өнімдердің түрлері мен санын айқындауды, сондай-ақ өндіріс процесін жоспарлау мен үйлестіруді, жануарларды көбейтуді, қоректендіруді және күтуді, базарда өткізу үшін жануарларды немесе жануарлар өнімін дайындауды; ауруларын, жарақаттарын анықтау үшін жануарларды бақылау және тексеруді, сондай-ақ артық салмағын, сауынды және өнімділіктің басқа да көрсеткіштерін бақылауды; малдарды будандастыру, жасанды ұрықтандыру және төлдеуі кезінде көмек көрсету сияқты жануарларды көбейтуге байланысты міндеттерді орындауды; ғимараттарды, машиналарды, жабдықтар мен құрылыстарды жалға алуды немесе инвестиция салуды, техникалық қызмет көрсетуді және жинауды; өнімдерді сақтауды және бастапқы өңдеуінің кейбір түрлерін жүзеге асыруды; өнімдерді жылжытуды және олардың маркетингін, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы шарттар жасауды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу мен бағалауды; жұмысшыларды дайындауды және жануарларды күту кезінде, техникалық қызмет көрсету кезінде оларды қадағалауды, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалауды, сондай-ақ, жұмысшыларды жалға алуды және жұмыстан босатуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 6121 Фермерлер және мал союдан басқа, ет және сүт мал шаруашылығының жұмысшылары**
- 6122 Құс өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар**
- 6123 Ара өсірушілер және жібек құртын өсірушілер**
- 6129 Б.т.к. мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі басқа да фермерлер және жұмысшылар**

ҚР МЖ 01-2017

6121 Фермерлер және мал союдан басқа, ет және сүт мал шаруашылығының жұмысшылары

Фермерлер және мал союдан басқа, ет және сүт мал шаруашылығының жұмысшылары ірі қара мал, қой, шошқа, ешкі, жылқы және түйе сияқты қолға үйретілген жануарларды ет, сүт және басқа да сүт өнімдерін, тері және жүн өндіру үшін немесе жұмысқа, спортпен шұғылдануға немесе демалысқа арналған жануарлар ретінде пайдалану үшін, көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізіп беру үшін немесе оларды базарларда сату үшін өсіру және көбейту бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайы мен конъюктурасын бақылау, өндіру үшін мал басының түрлері мен санын айқындау, сондай-ақ, өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіру;
- жайылымдарды культивациялау, мал басын азықтандыру мен жағдайдың тиісті деңгейін сақтау үшін жем-шөп пен су қорын қамтамасыз ету және бақылау;
- ауруларын, жарақаттарын немесе сырқаттарын анықтау үшін жануарларды бақылау және тексеру, сондай-ақ, артық салмағын, сауынды және өнімділіктің басқа көрсеткіштерін бақылау;
- малдарды күту, маркалау, қырқу, дәрі құю және/немесе піштіру, сондай-ақ жүнін қырқу немесе оны жинау;
- мал бастарын жайылымға немесе таразыға, сарайға, көлік құралдарына немесе қораға айдау;
- қолмен немесе сауу аппараттарын пайдалана отырып, малдарды сауу;
- жем-шөпті өсіру және сатып алу, жеп-шөпті, қоспаларды және дәрілік заттарды жазып берілген пропорцияларда араластыру және жануарларға қоректену үшін беру немес қолмен беру;
- будандастыру, жасанды ұрықтандыру және төлдеу кезінде жануарларға көмектесу секілді мал басын көбейтуге байланысты міндеттерді орындау;
- ауыл шаруашылығы ғимараттарына, машиналарына, жабдықтары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсету және жинау;
- сату үшін малды сою, мал шаруашылығы өнімдерін жаңалау және дайындау;
- мал шаруашылығы мен сүт өнімдерін сақтау және бастапқы өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімді жылжыту және маркетингі, мал басын, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы шарттар жасау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу және бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды даярлау мен ауыл шаруашылығының технологиялық операцияларын орындауы, техникалық қызмет көрсетуі кезінде оларды бақылау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сонымен қатар жұмысшылар мен мердігерлерді жұмысқа жалдау және жұмыстан шығару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сауыншы;

Мал өсіруші;

Жылқы өсіруші

Қымыз дайындаушы (шұбат дайындаушы)

Марал өсіруші

Фермер, сүт өнімдері
Ешкі өсіруші фермер
Қой өсіруші фермер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ауыл шаруашылығындағы басшы (басқарушы, меңгеруші) – 1310

Аң өсіруші - 6129

Ескертпелер

Үй малының бірнеше түрін және басқа жануарларды, оның ішінде құс, жәндік, қолға үйретілмеген жануарларды өсіретін жұмысшыларды қызметінің басым түрі бойынша жіктейді. Көбінесе өздері жауап беретін малдарды кейіннен қоректендіру үшін шөп пен басқа жем-шөптерді өндіріп, сақтайтын жұмысшыларды *6121 Фермерлер және мал союдан басқа, ет және сүт мал шаруашылығының жұмысшылары* бастауыш тобына жатқызады.

6122 Құс өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Құс өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе оларды базарларда өткізу үшін ет, жұмыртқа өндіру үшін балапандарды, күркетауықтарды, қаздарды, үйректерді және басқа да құстарды, сондай-ақ асыл тұқымды малды көбейту және өсіру бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайын бақылау, өндіру процесін жоспарлау мен үйлестіру, сонымен қатар ауыл шаруашылығы жұмыстарын есепке алу мен бағалау;
- құстардың тамақтануы мен жағдайының тиісті деңгейін сақтау үшін жем-шөп пен басқа қорларды өсіру және сатып алу;
- ауруларын, жарақаттарын немесе сырқаттарын анықтау үшін жануарларды бақылау және тексеру, сондай-ақ дұрыс дамуын және артық асалмағы, жұмысртқалауы және т.б. сияқты өнімділік көрсеткіштерін бақылау, сондай-ақ әлсіз, ауру және өлген құстарды құстар тобынан жою;
- жем-шөп пен тағамдық қоспаларды араластыру және жем мен суға арналған контейнерлерді толтыру;
- ауыз су, инъекциялар немесе ауны тоздандыру арқылы құстарды вакцинациялау;
- сатуға немесе базарға жеткізу үшін жұмыртқаларды жинау, сақтау және қаптау;
- балапандардың жынысын анықтау және көбейту, жасанды ұрықтандыру және жұмыртқаларды басып шығару кезінде көмектесу;
- өндіру үшін пайдаланылатын ғимараттарды, машиналарды, жабдықтар мен құрылыстарды жалға алу немесе инвестиция салу, техникалық қызмет көрсету және жинау;
- сату немес базарға жеткізу үшін құсты сою және жаңалау;
- өнімді сақтау және оны қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- мал басын, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы шарттар жасау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды даярлау мен ауыл шаруашылығының технологиялық операцияларын орындауы, техникалық қызмет көрсетуі кезінде оларды бақылау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік

ҚР МЖ 01-2017

техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сонымен қатар жұмысшылар мен мердігерлерді жұмысқа жалдау және жұмыстан шығару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Күркетауық өсіруші фермер
Фермер, құс өсіру

Ескертпелер

Үй және басқа жануарлардың бірнеше түрін, оның ішінде құс, жәндік, қолға үйретілген жануарлары өсіретін жұмысшылар қызметінің басым түрі бойынша жіктеледі.

6123 Ара өсірушілер және жібек құртын өсірушілер

Ара өсірушілер және жібек құртын өсірушілер көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе оларды базарларда сату үшін бал, ара балауызын, жібек және басқа өнімдерді өндіру үшін араны, жібек құртын және басқа жәндіктерді көбейту, өсіру және күту бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайы мен конъюктурасын бақылау, өндіру үшін жәндіктердің түрлері мен санын айқындау, сондай-ақ өндіру процесін жоспарлау және үйлестіру,
- жәндіктеді сатып алу, жем-шөпті және басқа азықты сатып алу және өсіру;
- жәндіктерді көбейту, өсіру және күту, олардың өнімін жинау;
- өндіру үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы ғимараттарын, машиналарын, жабдықтары мен құрылыстарын жалға алу немесе инвестиция салу, оларға техникалық қызмет көрсету;
- өнімдері сақтау және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- мал басын сату, сатып алу және тасымалдау туралы шарттар жасау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу және бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды дайындау және технологиялық операцияларды орындау, техникалық қызмет көрсету кезінде оларды қадағалау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сондай-ақ жұмысшылар мен мердігерлерді жалдау және жұмыстан босату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ара өсіруші
Жібек құртын өсіруші
Фермер-омарташы

6129 Б.т.к. мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі басқа да фермерлер және жұмысшылар

Осы бастауыш топ *612 Мал шаруашылығындағы фермерлер және жұмысшылар* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі жөніндегі басқа фермерлер мен жұмысшыларды қамтиды. Мысалы, осы топқа зертханалық тәжірибе үшін пайдаланылатын, тұрақты негізде көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу

ұйымдарына, хайуанаттар бақтарына, цирктерге және базарларда сату немесе жеткізу үшін қолға үйретілмеген терісі бағалы аңдарды, құстарды (үй құстарынан басқа), ұлуларды, жыландарды және басқа рептилияларды, сондай-ақ түрлі жәндіктер мен жануарларды көбейтумен, өсірумен және күтумен айналысатындар кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайын және конъюктурасын бақылау, өндіру үшін өнімдердің түрлері менсанын айқындау, сондай-ақ өндіру процесін жоспарлау және үйлестіру;
- жануарларды көбейту, өсіру және күту;
- ауруларын, жарақаттарын немесе сырқаттарын анықтау үшін жануарларды бақылау және тексеру, сондай-ақ олардың физикалық жай-күйі мен дамуын тексеру;
- будандастыру, жасанды ұрықтандыру және төлдеуі кезінде жануарларға көмектесу сияқты мал басын көбейтуге байланысты міндеттерді орындау;
- вольерлерді, торларды, қораларды жалға алу немесе инвестиция салу, техникалық қызмет көрсету және жинау, үй-жайлардағы температураны, ылғалдылықты және жарықты ұстап тұру;
- жануарларды сою және жаңалау және базар үшін мал шаруашылығы өнімдерін дайындау;
- өнімдерді сақтау және бастапқы өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімдерді жылжыту және олардың маркетингісі, мал басын, өнімдер мен қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы шарттарды жасау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу және бағалау;
- жұмыстарды жоспарлау және бөлу, жұмысшыларды дайындау және ауыл шаруашылығының технологиялық операцияларын орындау, техникалық қызмет көрсету кезінде оларды қадағалау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сондай-ақ жұмысшыларды жалдау және жұмыстан босату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аң өсіруші

Жүн мен мамықты жіктеуші

Ит өсіруші селекционер

Фермер, терісі бағалау аңдар (қолға үйретілмеген жануарлар)

Фермер, түйеқұс өсіру

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Грумер – 5190

Хайуанаттар бағының жұмыскері – 5190

Қорықшы – 5419

Құс өсіруші – 6122

АРАЛАС ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ФЕРМЕРЛЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАР

Аралас өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына және базарда сату немесе жеткізу үшін дала, дәнді, көкөніс, жеміс-жидек және басқа дақылдарды өсіру және жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды, сондай-ақ жануарларды көбейтеді, өсіреді және күтеді және мал шаруашылығының әр түрлі өнімдерін өндіреді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: нарық жағдайы мен конъюктурасын бақылауды; өсіру үшін егіннің және өндіру үшін жануарлардың түрлері мен санын айқындауды; сондай-ақ өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіруді; тұқымдарды, тыңайтқыштарды, жем-шөпті және басқа қорларды сатып алуды; жерді дайындау, егу, отырғызу, культивациялау және егінді жинау сияқты ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындауды; жем-шөпті және басқа тамақ өнімдерін өсіру және сатып алуды; жануарларды өсіру, көбейу, және күтуді; жануарларды сою және жаңалауды және жануарларды және мал шаруашылығы өнімдерін базар үшін дайындауды; ауыл шаруашылығы ғимараттарын, машиналарын, жабдықтарын және құрылыстарын жалға алуды және оларға инвестиция салуды, техникалық қызмет көрсетуді және жинауды; өнімді сақтауды және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлерін; өнімді жылжыту мен оның маркетингін; мал басын, өнімді және қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы уағдаластықтар жасауды; сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу мен бағалауды; жұмысшыларды дайындауды және өндіріс, техникалық қызмет көрсету процесінде оларды қадағалауды; санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалауды, сондай-ақ жұмысшыларды жалдау мен жұмыстан босатуды қамтиды.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

6130 Аралас өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар

6130 Аралас өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар

Аралас өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына және базарда сату немесе жеткізу үшін дала, дәнді, көкөніс, жеміс-жидек және басқа дақылдарды өсіру және жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды, сондай-ақ жануарларды көбейтеді, өсіреді және күтеді және мал шаруашылығының әр түрлі өнімдерін өндіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нарық жағдайы мен конъюктурасын бақылау, өсіру үшін егіннің және өндіру үшін жануарлардың түрлері мен санын айқындау, сондай-ақ өндіріс процесін жоспарлау және үйлестіру;
- тұқымдарды, тыңайтқыштарды, жем-шөпті және басқа қорларды сатып алу;
- жерді дайындау, егу, отырғызу, культивациялау және егінді жинау сияқты ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау;
- жем-шөпті және басқа тамақ өнімдерін өсіру және сатып алу;
- жануарларды сою және жаңалау және жануарларды және мал шаруашылығы өнімдерін базар үшін дайындау;
- ауыл шаруашылығы ғимараттарын, машиналарын, жабдықтарын және құрылыстарын жалға алу және оларға инвестиция салу, техникалық қызмет көрсету;
- өнімді сақтау және бастапқы қайта өңдеудің кейбір түрлері;
- өнімді жылжыту мен оның маркетингісі, мал басын, өнімді және қорларды сату, сатып алу және тасымалдау туралы уағдаластықтар жасау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жұмыстары мен операцияларын есепке алу мен бағалау;
- жұмысшыларды дайындау және өндіріс, техникалық қызмет көрсету процесінде оларды қадағалау, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қадағалау, сондай-ақ жұмысшыларды жалдау мен жұмыстан босату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас өндіріс)

Фермер (аралас өндіріс)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ауыл шаруашылығындағы басшы (басқарушы, меңгеруші) – 1310

Аралас өсімдік және малшаруашылығы өнімдері өндірісіндегі біліктілігі жоқ жұмысшы – 9211

Ескертпелер

Негізгі міндеттері малды көбейтуге немесе өсімдік өнімін өсіруге байланысты, бірақ сонымен бірге сәйкесінше өсімдік өнімін өсіру немесе жануарларды күту бойынша ілесеп қызметті орындайтын ауыл шаруашылығы фермерлері мен басқа білікті жұмысшыларын *6130 Аралас өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі фермерлер және жұмысшылар* жатқызбаған жөн.

Мысалы, базарда сату үшін мал өсіретін, бірақ сонымен бірге уақытының аз бөлігін бақша дақылдарын өсіруге жұмсайтын фермерді *6121 Фермерлер және мал союдан басқа, ет және сүт мал шаруашылығының*

ҚР МЖ 01-2017

жұмысшылары бастауыш тобына жатқызған жөн. Осыған ұқсас, бидай өсіретін, сондай-ақ біраз балапан және басқа да мал ұстайтын фермерді *б111 Диқандар және көкөнісшілер* бастауыш тобына жатқызады.

Аралас фермалардағы, нарық үшін өсімдік және мал аруашылығымен айналысатын жұмысшыларды *б11 Фермерлер және сатуға бақша, жеміс, егін дақылдарын өсіру жөніндегі жұмыскерлер* *б12 Мал шаруашылығындағы фермерлер және жұмысшылар* шағын топтарындағы тиісті бастауыш топтарға жатқызады.

62-КІШІ ТОП**АҢШЫЛАР ЖӘНЕ ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Аңшылар және орман және балық өнімдерін өндіру жөніндегі жұмысшылар орман көшеттерін өсіру, сақтау бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды; тұрақты негізде көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе базарда өткізу үшін балықтарды көбейтіп, өсіреді, аңдарды және балықтарды аулайды. Осы кіші топ кәсіптерінің көпшілігі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Аталған кіші топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: жабдықтарды және машиналарды жалға алу және оларға инвестициялауды, қорларды сатып алуды; орман, балық шаруашылығы, балық аулау және аң аулау жұмыстарын жоспарлау мен жүргізуді; ғимарттарға, резервуарларға, машиналарға және басқа жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді; өнімдерді жеткізу мен өткізуді; басқа жұмысшыларды қадағалауды және оларды даярлауды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

621 Орман өсірушілер және тектес кәсіптердің жұмысшылары

622 Балық өсіру және балық аулау жұмысшылары, аңшы-атқыштар және аңшы-трапперлер (қапқаншылар)

623 Аңшылар

Ескертпелер

Егер тауарлар (негізінен азық-түлік) көбіне өзі тұтыну үшін немесе жұмыскердің басқа отбасы мүшелерінің тұтынуы үшін өндірілетін болса, кәсіптерді *63 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер* кіші тобына жатқызады. Егер тауарлар артық өндірілетін және тұтынылған тауардан гөрі сатылған тауарлар көп болса, бірақ өндірістің негізгі мақсаты өзі тұтыну болса, онда мұндай кәсіптерді бәрібір 63-кіші топқа жатқызған жөн. Егер қызметінің негізгі мақсаты өнімдерді базар үшін өндіру болатын болса, кәсіптерді *61 Фермерлер және өнімді сатуға шығаратын ауыл шаруашылығы жұмысшылары* немесе *62 Аңшылар және орман және балық өнімдерін өндіру жөніндегі жұмысшылар* кіші тобына жатқызады.

АҒАШ ӨСІРУШІЛЕР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР

Ағаш өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар орман көшеттерін өсіру, сақтау бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: орманды қалпына келтіру үшін алаңдарды бағалауды, көшеттерді отырғызу үшін (ормандарды қалпына келтіру) үшін топырық дайындауды, көшеттерді таңдау және қолмен отырғызу құралдарын пайдалана отырып, ағаш отырғызуды, сондай-ақ орман көшеттеріне жағдай жасау және оларды күтуді; десте үшін ағаштар таңдау мен ағаш қорын бағалауды; жас орман көшеттерін кесу, бұтақтар мен ұштарды кесу, ағашты жару және бөренелерде аралау үшін қол бензокұралдар мен басқа механикалық араларды пайдалануды; шабуға бөренелерді бастапқы өңдеуді; бөренелерді штабельдерге жатқызуды, оларды бөренесалғыштарға тиеу немесе өзенге қалқытып жіберуді; өртті анықтау үшін орманды күзету мен бақылауды және өтпен күрес бойынша операцияларға қатысуды, өртпен күрес бойынша есептер дайындауды және өртке қарсы жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді; қол құралдарын және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, орман көшеттерін қалпына келтіру кезінде арамшөптер жою мен тоғай қалыптастыруды; орман көшеттерін қалпына келтіру орындарында топырақты қопсыту немесе алаңдарды дайындау үшін әртүрлі жабдықтардың орнын ауыстыруға арналған трелевщиктерге, бульдозерлерге немесе басқа тракторларға техникалық қызмет көрсетуді және оларды пайдалануды; шырша бұрлерін жинауды, ағаштарды кесуді, кейінгі операцияларды жүргізу үшін ағаштарды отырғызу және маркалау орындарында геодезиялық түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде көмек көрсетуді; орман шаруашылығындағы біліктілігі жоқ жұмысшылар мен қондырғылардың операторларын қоса алғанда, орман шаруашылығы саласындағы басқа жұмысшыларды дайындау мен қадағалауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

6210 Ағаш өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

6210 Ағаш өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Ағаш өсірушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар орман көшеттерін өсіру, сақтау бойынша жұмыстарды жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- орманды қалпына келтіру үшін алаңдарды бағалау, көшеттерді таңдау және қолмен отырғызу құралдарын пайдалана отырып, ағаштарды отырғызу, сондай-ақ, орман көшеттерін өсіру және оларды күту, орман тұқымдарын жинау және өңдеу бойынша жұмыстар, отырғызу материалдарын өсіру;
- десте үшін ағаштарды таңдау және ағаш қорын бағалау;
- жас орман көшеттерін сирету, бұтақтар мен ұштарды кесу, ағаштарды жару және бөренелерде аралау үшін қол бензоқұралдар мен басқа механикалық араларды пайдалану;
- шабуда бөренелерді бастапқы өңдеу;
- бөренелерді штабельдерге жатқызу, бөренелерді бөренесалғыштарға тиеу немесе өзенге қалқытып жіберу;
- өртті анықтау үшін орманды күзету және бақылау, отпен күрес бойынша операцияларға қатысу, өртпен күрес бойынша есептерді дайындау және өртке қарсы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету;
- қол құралдарын және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, орман көшеттерін қалпына келтіру кезінде арамшөптер мен бұталарды жою;
- орман көшеттерін қалпына келтіру орындарында топырақты қопсыту немесе алаңдарды дайындау үшін әртүрлі жабдықтардың орнын ауыстыруға арналған трелевщиктерге, бульдозерлерге немесе басқа тракторларға техникалық қызмет көрсету;
- шырша бүрлерін жинау, ағаштарды кесу, кейінгі операцияларды жүргізу үшін ағаштарды отырғызу және маркалау орындарында геодезиялық түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде көмек көрсету;
- орман шаруашылығындағы біліктілігі жоқ жұмысшылар мен қондырғылардың операторларын қоса алғанда, басқа жұмысшыларды дайындау және қадағалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің мысалдары:

Ағаш шабушы (вальщик леса)

Ағаш көмірін күйдіруші

Ағаш тұқымдарын және бүрлерін дайындаушы

Қамыс дайындаушы

Орман өсіруші

Аралаушы

Салдарды қалыптаушы (формовщик)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Агроном-денролог – 2132

Орманды пайдалану жөніндегі инженер – 2132

Техник-орман өсіруші – 3143

Бөренелерді кесуге арналған машина операторы – 8171

Өсімдік шаруашылығындағы біліктілігі жоқ жұмыскер – 9211

БАЛЫҚ ӨСІРУ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ, АҢШЫ-АТҚЫШТАР ЖӘНЕ АҢШЫ-ТРАППЕРЛЕР (ҚАПҚАНШЫЛАР)

Балық өсіру және балық аулау жұмысшылары, аңшы-атқыштар және аңшы-трапперлер (қапқаншылар) тұрақты негізде көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе базарда өткізу үшін балықтарды көбейтіп, өсіреді, аулайды; аңдарға аңшылық етеді және оларды аулайды .

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: тауарлық зат ретінде немесе тұщы немесе ащы су тоғандарына жіберу үшін балықтарды, ұлуларды, устрицалар мен су организмдерінің басқа түрлерін көбейту, өсіру және күтуді, су организмдерінің тіршілігі үшін оңтайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз ету үшін қоршаған орта жағдайын бақылауды; кемеде немесе жағалауда ауланған балықты тазарту, мұздату, салқындату немесе тұздауды, сондай-қа балық пен басқа өнімдерді жөнелту үшін дайындауды; ғимараттарды, резервуарларды, машиналарды, балық аулау кемелері мен басқа жабдықтарды жалға алуды немесе оларға инвестиция салуды, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсетуді; торлар мен басқа балық аулайтын жабдықтар мен құрылғыларды дайындау мен жөндеуді; балық кәсіпшілігі аудандарына бару және қайту жолында және аулау ауданында балық аулау кемелерін басқаруды; қармақжеп салу, балық аулау жабдықтарын тастау және тартуды; сүтқоректілерді, құстар мен бауырмен жорғалаушыларды аулауға арналған қапқандарды орнатуды; өнімдерді жеткізуді немесе өткізуді; басқа жұмысшыларды қадағалау дайындауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

6221 Балық өсірушілер және тектес қызметтердің жұмысшылары

6222 Ішкі су қоймалары мен жағалау суларында балық аулайтын жұмысшылар

6223 Теңіз балығын аулайтын жұмысшылар

6221 Балық өсірушілер және тектес қызметтердің жұмысшылары

Балық өсірушілер және тектес қызметтердің жұмысшылары тұрақты негізде көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе базарда өткізу үшін балықтарды көбейтіп, өсіреді, ұлуларды, устрицаларды және су организмдерінің басқа түрлерін культивациялайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тауарлық зат ретінде немесе тұщы немесе ащы су тоғандарына жіберу үшін балықтарды, ұлуларды, устрицалар мен су организмдерінің басқа түрлерін көбейту, өсіру және күту;
- организмдер санының өсуі, өндіріс және қоршаған орта туралы деректер жинау және оны тіркеу;
- аурулары мен паразиттерді анықтау үшін тексерулер жүргізу және бақылау
- су организмдердің өмірі үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаның жағдайын қадағалау;
- жұмыстарды ұйымдастыру мен балықты көбейту әдістері туралы білімдерін пайдалану арқылы балықтың аулануын және уылдырық шашуын, уылдырық инкубациясын және шабақтарды өсіруді басқару және қадағалау;
- кемеде немесе жағалауда ауланған балықты тазарту, мұздату, салқындату немесе тұздау, сондай-қа балық пен басқа өнімдерді жөнелту үшін дайындау;
- ғимараттарға, резервуарларға, машиналарға, балық аулау кемелері мен басқа жабдықтарға техникалық қызмет көрсету;
- өнімдерді жеткізу немесе өткізу;
- балық өсіру саласындағы және балық питомниктерінде жұмыс істейтін жұмысшыларды қадағалау және дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы, балық өсіру

Балық өсіруші

Фермер, балық өсіру

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бөлім бастығы (балық шаруашылығында) – 1312

Балық шаруашылығының жұмысшысы – 9211

6222 Ішкі су қоймалары мен жағалау суларында балық аулайтын жұмысшылар

Ішкі су қоймалары мен жағалау суларында балық аулайтын жұмысшылар көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу немесе базарда өткізу үшін тұрақты негізде жалғыз немесе балық аулау кемесі экипажының мүшесі ретінде су тоғандарында немесе жағалау аймағында балықтарды аулайды немесе су организмдерінің басқа түрлерін жинайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- балық аулау торлары мен басқа жабдықтарды дайындау және жөндеу;
- балық кәсіпшілігі аудандарын таңдау, бағдармен жүру және компосты, карталарды мен басқа құралдарды пайдалана отырып, навигациялық күйді анықтау;

ҚР МЖ 01-2017

- балық кәсіпшілігі аудандарына бару және қайту жолында және балық аулау ауданында балық аулау кемелерін басқару;
- қармақжем салу, балық аулау жабдықтарын қолмен немесе көтергіш жабдықтарды пайдалана отырып, лақтыру және тарту;
- жағалаудан, таяз судан түрлі су организмдерін жинау;
- моторландырылған балық аулау жабдықтары мен басқа борттық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету;
- операцияларға, балық аулау қызметіне, ауа-райы және теңіз жағдайларына есеп жүргізу, сондай-ақ ауланған балық пен шығындарды бағалау;
- ауланған балықты сұрыптау және трюмаларда тұзбен және мұзбен сақтау;
- балық аулау жабдықтарынан балықты шығару, оны заңнамада көзделген өлшемдерге сәйкестігіне өлшеу және қолайсыз немесе заңсыз балықты суға жіберу;
- балық аулау операцияларын басқару және балық аулау кемелері экипаждарының мүшелерін қадағалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ішкі су тоғандарындағы балықшы

Теңіз аймағының балықшысы

Жағалауда балық аулаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Балық аулау жөніндегі мастер – 1310

Балықшы, терең су аймағы – 6223

Балық шаруашылығының жұмысшысы – 9211

6223 Теңіз балығын аулайтын жұмысшылар

Теңіз балығын аулайтын жұмысшылар көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу үшін немесе базарда өткізу үшін терең суда мекендейтін балықты аулайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- балық аулау торлары мен басқа жабдықтарын дайындау және жөндеу;
- терең сулы балық кәсіпшілігі аудандарына бару, қайту жолында және аулау жерлерінде балық аулау кемелерін басқару және команда беру;
- балық кәсіпшілігі аудандарын таңдау, бағдармен жүру және компосты, карталарды мен басқа құралдарды пайдалана отырып, навигациялық күйді анықтау;
- балық аулау кемелерін басқару және навигациялық аспаптар мен электрондық балық аулау құрылғыларын падалану;
- балық аулау операцияларына басшылық ету және балық аулау кемелері экипаждары мүшелерінің жұмысын қадағалау;
- балық аулау операциялары мен іс-шараларының барысын, сондай-ақ ауа-райы және теңіз жағдайларын тіркеу, сондай-ақ кеме журналын жүргізу;
- қармақжем салу, балық аулау құралдарын тастау және шығару;
- кемеде немесе жағада ауланған балықты тазарту, мұздату, салқындату немесе тұздау;
- балық аулау кемелері экипаждарының мүшелерін жалдау және дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Балық өңдеу жабдығының операторы;
Балықшы, терең су аймағы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Балық өсіруші - 6221

ҚР МЖ 01-2017
623-ШАҒЫН ТОП

АҢШЫЛАР

Аңшылар тұрақты негізде көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу үшін немесе базарда өткізу үшін ет, тері, қауырсын және басқа да өнімдерді алу үшін сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды аулайды.

Аталған шағын топтың жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды аулау үшін қапқандарды орнатуды; қақпандарға түскен немесе жабайы сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды атыс немесе басқа қаруды пайдалана отырып сою; сату немесе жеткізу үшін қажет болатын өнімдерді алу үшін сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды жаңалауды немесе басқаша өндеуді; қақпанға түскен сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды жеткізу және сатуды; жабдықтарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

6230 Аңшы-атқыштар және аңшы-трапперлер (қапқаншылар)

6230 Аңшы-атқыштар және аңшы-трапперлер (қапқаншылар)

Аңшы-атқыштар және аңшы-трапперлер (қапқаншылар) тұрақты негізде көтерме сауда сатып алушыларына, өткізу ұйымдарына сату немесе жеткізу үшін немесе базарда өткізу үшін ет, тері, қауырсын және басқа да өнімдерді алу үшін сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды аулайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды аулау үшін қақпандарды орнату,
- қақпандарға түскен немесе жабайы сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды атқыш немесе басқа қаруды пайдалана отырып сою;
- сату немесе жеткізу үшін қажет болатын өнімдерді алу үшін сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды жаңалау немесе басқаша өңдеу;
- қаққанға түскен сүт қоректілерді, құстарды немесе бауырмен жорғалаушыларды жеткізу және сату;
- жабдықтарды жөндеу және оларға техникалық қызмет ету

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аңшы (бүркітші)

Кәсіпшілік аңшысы

Аңшы-траппер (қапқаншы)

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ, БАЛЫҚ ӨСІРЕТІН ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАЙТЫН, ӨНІМДЕРДІ ЖЕКЕ ТҰТЫНУ ҮШІН ӨНДІРЕТІН ФЕРМЕРЛЕР

Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер өзін және өзінің отбасы мүшелерін тамақпен, баспанамен және кейбір жағдайларда ең төмен ақшалай табыспен қамтамасыз ету үшін егін дақылдарын немесе жеміс-жидектерді, көкөністер мен жеміс дақылдарын өсіреді және жинайды; жабайы жемістерді, дәрілік және басқа өсімдіктерді жинайды; жануарларды өсіреді, оларды бағады және аулайды; балық аулайды және түрлі су организмдерін жинайды. Осы топ кәсіптерінің көпшілігі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Жұмысшылар орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: топырақты дайындауды; егін дақылдарын егу, отырғызу, өсіру және жинауды; көкөніс, жеміс-жидек және басқа дақылдарды өсіруді; жабайы өсетін жемістерді, жидектерді, дәрілік және басқа өсімдіктерді жинауды; ең алдымен ет, жұмыртқа, сүт, жүн, тері немесе басқа өнімдерді алу үшін жануарларды, ұй құстарын күту және азықтандыруды; жануарларды аулауды және оларға қапқан құруды; балықтарды және су организмдерінің басқа түрлерін аулауды; су жеткізу және отынды жинауды; кейіннен пайдалану үшін өнімдерді сақтау мен өнімдерді бастапқы өңдеудің кейбір түрлерін; баспананы және басқа паналарды салу және оларға техникалық қызмет көрсетуді; қаруды, киімді және үй шаруашылығында пайдалануға арналған керек-жарақтарды дайындауды; кейбір артылған өнімдерді жергілікті базарларда сатуды немесе бартерлік айырбастауды қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

631 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер

Ескертпелер

Егер тауарлар (негізінен азық-түлік) көбіне өзі тұтыну үшін немесе жұмыскердің басқа отбасы мүшелерінің тұтынуы үшін өндірілетін болса, кәсіптерді *63 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер* кіші тобына жатқызады. Егер тауарлар артық өндірілетін және тұтынылған тауардан гөрі сатылған тауарлар көп болса, бірақ өндірістің негізгі мақсаты өзі тұтыну болса, онда мұндай кәсіптерді бәрібір 63-кіші топқа жатқызған жөн. Егер қызметінің негізгі мақсаты өнімдерді базар үшін өндіру болатын болса, кәсіптерді *61 Фермерлер және өнімді сатуға шығаратын ауыл шаруашылығы жұмысшылары* немесе *62 Аңшылар және орман және балық өнімдерін өндіру жөніндегі жұмысшылар* кіші тобына жатқызады. Егер тауарлар өзі тұтыну үшін немесе жұмыскердің басқа отбасы мүшелерінің тұтынуы үшін қолма-қол ақшасыз немесе бартерлік айырбастаусыз өндірілетін болса, кәсіптерді 63-кіші топқа жатқызады.

631-ШАҒЫН ТОП**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ, БАЛЫҚ ӨСІРЕТІН ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАЙТЫН, ӨНІМДЕРДІ ЖЕКЕ ТҰТЫНУ ҮШІН ӨНДІРЕТІН ФЕРМЕРЛЕР**

Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер өзін және өзінің отбасы мүшелерін тамақпен, баспанамен және кейбір жағдайларда ең төмен ақшалай табыспен қамтамасыз ету үшін көкөністерді, жеміс-жидектерді, жемістер мен басқа дақылдарды өсіреді және жинайды, үй жануарлары мен құстарды көбейтеді және күтеді, жабайы өсетін жемістер мен өсімдіктерді жинайды, жабайы жануарлар мен құстарды аулайды, орманда ағаш шабады, тезек жинайды, араларды көбейтеді және күтеді, балық аулайды, су флорасы мен фаунасының (жануарлар әлемі) түрлі мекендеушілерін жинайды.

Аталған шағын топ жұмыскерлері орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: бақша және бау-бақша дақылдарын егу үшін топырақты дайындауды, егуді, топыраққа тыңайтқыштарды салуды, көкөніс, өсімдік, бау-бақша өнімдерін өсіру және жинауды; жабайы өсетін жемістерді, саңырауқұлақтар мен дәрілік шөптерді жинауды; ет, сүт, жүн, мамық және мал шаруашылығының басқа өнімдерін алу үшін үй малы мен құстарын өсіру және күтуді; ара өсіру өнімдерін алу мақсатында араларды көбейту және күту; ет, жүн және басқа өнімдер алу мақсатында жабайы аң мен құсты аулауды; жылыту үшін отын мен тезек және баспана салу және оны жөндеу үшін құрылыс материалдарын жинауды; балықтарды, устрицаларды, мидияларды аулауды, балдырларды және су флорасы мен фаунасының басқа түрлерін жинауды; үй шаруашылығында пайдлануға арналған қарапайым құралдарды, киім мен ыдыстарды дайындауды; өзін және отбасымүшелерін ең төмен ақшалай табыспен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы, аң аулау, балық аулау және терімшілік өнімдерінен артылғанның базарларда сатуды немесе оларды дайындау пункттеріне тапсыруды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

6310 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер

ҚР МЖ 01-2017

6310 Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер

Ауыл шаруашылығының, балық өсіретін және балық аулайтын, өнімдерді жеке тұтыну үшін өндіретін фермерлер өзін және өзінің отбасы мүшелерін тамақпен, баспанамен және кейбір жағдайларда ең төмен ақшалай табыспен қамтамасыз ету үшін, өнім қалдығын сату үшін көкөністерді, жеміс-жидектерді, жемістер мен басқа дақылдарды өсіреді және жинайды, үй жануарлары мен құстарын көбейтеді және күтттеді, жабайы жемістер мен дәрілік өсімдіктерді жинайды, жабайы жануарлар мен құстарды аулайды, араларды бағып өсіреді, ормандағы ағаштарды шабады, балық аулайды, су флорасы мен фаунаның (жануарлар әлемі) түрлі мекендеушілерін жинайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- бақша, жеміс-жидек дақылдары мен гүлдерді егу үшін топырақты дайындау;
- топыраққа тыңайтқыштарды салу, көкөністерді, өсімдіктерді бау-бақша өнімдерін және гүл отырғызу, өсіру және жинау;
- ет, жұмыртқа, тері, мамық және басқа да мал шаруашылық өнімдерін алу үшін үй жануарлары мен құстарды бағып қарау;
- бал, ара балауызын және ара шаруашылығының басқа өнімдерін алу мақсатында араларды көбейту және бағу;
- жабайы жемістерді, саңырауқұлақтар мен дәрілік шөптерді жинау;
- ет, сүт, жүн, мамық және басқа өнімдерді алу үшін жабайы жануарларға аңшылық ету;
- жылыту үшін отын мен тезек дайындау және баспана салу және жөндеу үшін құрылыс материалдарын жинау;
- балықтарды, устрицаларды, мидияларды, су флорасы мен фаунасының басқа түрлерін аулау;
- ауыл, аң аулау және балық аулау шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін құрал-саймандар мен керек-жарақтарды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аңшы (өзіндік тұтыну)

Өнімді өзі тұтыну үшін өндіретін фермер

Ескертпелер

Негізгі міндеті өзі тұтыну үшін су тасу мен отын жинау болып табылатын жұмысшыларды *9629 Б.т.к. біліктілігі жоқ жұмысшылар* тобына жатқызады. Өзі тұтыну үшін өнім өндіретін, қарапайым және шектеулі міндеттері бар ауыл шаруашылығы жұмысшыларын әдетте *92 Ауыл және орман, балық өсіру және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары* кіші тобына жатқызады.

7-НЕГІЗГІ ТОП**ӨНЕРКӘСІП, ҚҰРЫЛЫС, КӨЛІК ЖӘНЕ БАСҚА ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа тектес қызметтердің жұмысшылары өздерінің шағын ғимараттарды салу және оларға техникалық қызмет көрсету; металды құюға арналған қалыптар жасау; металды конструкцияларды тұрғызу; станоктарды реттеу саласындағы немесе машиналар, жабдықтар және құрал-саймандар жасау, оларды реттеу, техникалық көрсету және жөндеу; басып шығару жұмыстарын орындау; тамақ өнімдерін, тоқымадан, ағаштан жасалған бұйымдарды және басқа бұйымдарды, соның ішінде қолөнер бұйымдарын жасау және өңдеу саласындағы кәсіби білімі мен мастерлігін іске асырады. Осы негізгі топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Жұмыс қолмен немесе дене жүктемесін азайту және уақытты қысқарту үшін пайдаланылатын, нақты міндеттерді орындау, сондай-ақ өнім сапасын жақсарту үшін қажетті басқа құрал-сайманның көмегімен орындалады. Осы жұмыстардың міндеттері өндірістік процестердің барлық кезеңдерін, пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарды, сондай-ақ түпкілікті өнімнің сипаты мен мақсатын білуді талап етеді. Білікті өнеркәсіп жұмысшылары және тектес кәсіптердің жұмысшылары орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: ғимараттар мен басқа құрылыстардың салу, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеуді; ауыр металды конструкцияларды, тальдерді және ұқсас жабдықты орнату мен тұрғызуды; механизмдерді, құрал-саймандарды, жабдықты және басқа бұйымдарды металдан жасауды; түрлі механикалық станоктарды операторлар үшін реттеуді немесе реттеу мен пайдалануды; өнеркәсіптік жабдықты, қозғалтқыштарды, көлік құралдарын, электрлі және электронды аспаптар мен басқа жабдықты реттеуді, орнатуды және жөндеуді; прецензиондық құрал-саймандар, үй тұрмысы заттарын, әкешейлер және бағалы металдардан басқа бұйымдарды, қыш көзе бұйымдарын, шыныдан бұйымдарды және басқа ұқсас бұйымдарды жасауды; басып шығару жұмыстарын орындауды; тамақ өнімдерін және ағашта, тоқымадан, былғарыдан және ұқсас материалдардан түрлі бұйымдарды өндіру мен өңдеуді қамтиды. Жеке кәсіпкерлік қызметін дербес немесе аздаған басқа адамдардың көмегімен жүзеге асыратын өнеркәсіптің білікті жұмысшылары және тектес кәсіптердің жұмысшылары мұндай міндеттер жұмысының негізгі бөлігін құрамаса да, бизнесті басқарумен, бухгалтерлік есепті жүргізуге және клиенттерге қызмет көрсетумен байланысты бірқатар міндеттерді де орындауы мүмкін.

Осы негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 71 Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 72 Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 73 Қолөнершілер, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылар**
- 74 Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылар**
- 75 Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**

**ҚҰРЫЛЫСШЫ-МОНТАЖШЫЛАР, ҚҰРЫЛЫСШЫ-ӘРЛЕУШІЛЕР,
СЫЛАҚШЫЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРИКТЕРДЕН БАСҚА, ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтердің жұмысшылары ғимараттар салуды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді; кірпіштен, тастан және ұқсас материалдардан іргетастарды, қабырғаларды және құрылыстарды тұрғызу жұмыстарын жүзеге асырады; құрылыс және басқа да мақсаттар үшін тасты жонады және жылтыратады. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Жұмыс қолмен немесе дене жүктемесін азайту және уақытты қысқарту үшін пайдаланылатын, нақты міндеттерді орындау, сондай-ақ өнім сапасын жақсарту үшін қажетті басқа құрал-сайманның көмегімен орындалады. Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттері өндірістік процестердің барлық кезеңдерін, пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарды, сондай-ақ түпкілікті өнімнің сипаты мен мақсатын білуді талап етеді.

Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттеріне мыналар кіреді: дәстүрлі және/немесе заманауи құрылыс материалдарын пайдалана отырып, ғимараттарды және басқа да құрылыстарды салуды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді; кірпіштен, тастан және ұқсас материалдардан іргетастарды, қабырғаларды және құрылыстарды салу және жөндеуді; карьер тасын плиталарға немесе блоктарға жаруды; құрылыстық, декоративтік мақсаттарда, ескерткіштер үшін және басқа да мақсаттарда тасты кесу, жону және жылтыратуды; темірбетон қаңқалар мен конструкцияларды тұрғызу, сондай-ақ бетондалған беттерді әрлеу және жөндеуді; ағаш конструкциялар мен арматураны кесу, сүргілеу, құрастыру және орнатуды; түрлі құрылыс жұмыстары мен ғимаратқа техникалық қызмет көрсетуге қатысты міндеттерді орындауды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Осы кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 710 Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 711 Құрылысшы-монтажшылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 712 Құрылысшы-әрлеушілер және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 713 Ғимараттарға қызмет көрсету, фасадтарды тазарту жөніндегі жұмысшылар, сырлаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**

710-ШАҒЫН ТОП

**ҚҰРЫЛЫСШЫ-МОНТАЖШЫЛАР, ҚҰРЫЛЫСШЫ-ӘРЛЕУШІЛЕР,
СЫЛАҚШЫЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРИКТЕРДЕН БАСҚА, ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР
ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР
(БРИГАДИРЛЕР)**

Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) ғимараттар мен құрылыстарды салумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылардың қызметін үйлестіреді, бақылайды және жоспарлайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: құрылыс талаптары мен жоспарлы рәсімдерді айқындау үшін ерекшеліктерді оқуды; жұмысты аяқтауға қажетті материалдық және кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және үйлестіруді; жұмыстың орындалу барысын қарастыру және тексеруді; денсаулықтың қорғалуын және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жабдықтар мен құрылыс алаңдарын тексеруді; объектілердің құрылысын қадағалауды және басқа құрылыс жобаларымен қызметті үйлестіруді; білікті құрылыс жұмысшыларының, біліктілігі жоқ жұмысшылардың және басқа да құрылыс жұмыскерлерінің қызметін қадағалауды қамтиды.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7100 Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

ҚР МЖ 01-2017

7100 Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Құрылысшы-монтажшылар, құрылысшы-әрлеушілер, сылақшылар және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) ғимараттар мен құрылыстарды салумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылардың қызметін үйлестіреді, бақылайды және жоспарлайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құрылыс талаптары мен жоспарлы рәсімдерді айқындау үшін ерекшеліктерді оқу;
- жұмысты аяқтауға қажетті материалдық және кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру және үйлестіру;
- жұмыстың орындалу барысын қарастыру және тексеру;
- денсаулықтың қорғалуын және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жабдықтар мен құрылыс алаңдарын тексеру;
- объектілердің құрылысын қадағалау және басқа құрылыс жобаларымен қызметті үйлестіру;
- білікті құрылыс жұмысшыларының, біліктілігі жоқ жұмысшылардың және басқа да құрылыс жұмыскерлерінің қызметін қадағалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тұрғын үй құрылысының прорабы

Тұрғын үй құрылысының супервайзері (бригадирі)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бас құрылысшы– 1323

Басшы (басқарушы) (құрылыстағы) – 1323

Ғимарат құрылысы жөніндегі инженерлер – 2142

711-ШАҒЫН ТОП**ҚҰРЫЛЫСШЫ-МОНТАЖШЫЛАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Құрылысшы-монтажшылар және тектес қызметтердің жұмысшылары азқабатты және биік қабатты үйлердің қаңқаларын тұрғызуды, оларға техникалық қызмету көрсетуді және ғимараттарды жөндеуді; кірпіштен, тастан және ұқсас материалдардан іргетастарды, қабырғаларды және құрылыстарды тұрғызуды және жөндеуді жүзеге асырады; құрылыс және декоративтік мақсаттарда тасты жонады және жылтыратады; сондай-ақ әртүрлі құрылыс жұмыстары мен ғимараттарға техникалық қызмет көрсетуге қатысты міндеттерді орындайды.

Орындайтын міндеттеріне мыналар кіреді: дәстүрлі және/немесе заманауи құрылыс материалдарын пайдалана отырып, ғимараттарды және басқа да құрылыстарды салуды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді; кірпіштен, тастан және ұқсас материалдардан іргетастарды, қабырғаларды және құрылыстарды салу және жөндеуді; карьер тасын плиталарға немесе блоктарға жаруды; құрылыстық, декоративтік мақсаттарда, ескерткіштер үшін және басқа да мақсаттарда тасты кесу, жону және жылтыратуды; темірбетон қаңқалар мен конструкцияларды тұрғызу, сондай-ақ бетондалған беттерді әрлеу және жөндеуді; ағаш конструкциялар мен арматураны кесу, сүргілеу, құрастыру және орнатуды; түрлі құрылыс жұмыстары мен ғимаратқа техникалық қызмет көрсетуге қатысты міндеттерді орындауды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7111 Арматурашылар және қаптама жасаушылар**
- 7112 Тас қалаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 7113 Тасты өңдеушілер және тас жонушылар**
- 7114 Бетоншылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар**
- 7115 Ағаш ұсталары және столярлар**
- 7119 Б.т.к. құрылысшы-монтаждаушылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары**

ҚР МЖ 01-2017

7111 Арматурашылар және қаптама жасаушылар

Арматурашылар және қаптама жасаушылар дәстүрлі немесе заманауи технологиялар мен материалдарды пайдалана отырып, азқабатты және биікқабатты ғимараттардың қаңқаларын тұрғызады, оларға техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ғимаратты немесе басқа да құрылысты тұрғызуға арналған алаңды дайындау;
- іргетасты, тіреу қабырғаларды және төбе жабынын ұстап тұруға арналған тіреу бөліктерді тұрғызу, сыртқы қабырғаларды салу және сәйкес қорғаныс материалдарымен жабу;
- итарқаларды және төбе жабынының конструкциялық элементтерін орнату;
- қабатаралық аражабындарды тұрғызу және құйылмалы еден өндіру;
- бар ғимараттарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- кірпіш қалау, бояу, су құбырларындағы жұмыстар және электр сымдарын жүргізу сияқты арнайы жұмыстарды жүргізуді қосалқы мердігермен келісу;
- қосалқы мердігерлердің, жұмысшылардың және басқа да жұмыскерлердің жұмысын үйлестіру және қадағалау.

Аталған шағын топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Арматурашы (цемент, темірбетон конструкцияларын өндіру)

Сыртқы құбырларды монтаждаушы

Қаптаушы (футеровщик)-тас қалаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бас құрылысшы – 1323

Басшы (басқарушы) (құрылыстағы) – 1323

Тұрғын үй құрылысының супервайзері (бригадирі) – 7100

7112 Тас қалаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары

Тас қалаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары қабырғаларды, арақабырғаларды, аркаларды және басқа да құрылыстарды салу мен жөндеуге арналған құрылыс ерітіндісін пайдалана отырып, кірпіш, алдын-ала кесілген тас және құрылыс блоктарын салады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қабырғаларды, арақабырғаларды, каминдерді және басқа да құрылыстарды, мысалы, пештердің түгін құбырларын тұрғызуға және жөндеуге арналған тас, кірпіш және ұқсас құрылыс блоктарын төсеу;
- конвертерлердің, күйдіру пештерінің, жылыту пештерінің, көпір блоктары мен тіреулерінің ішкі бетін отқа төзімді материалдармен қаптау;
- тротуар плиткасын, бордюр тастарын төсеу және көшелерге тастан төсем салу;
- патио, бақша қабырғаларын және басқа да декоративтік құрылыстарды салу үшін кірпіш және басқа да тас қалауларды төсеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тас қалаушы
Көпір салушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тас аралаушы – 7113
Бетоншы – 7114

7113 Тасты өңдеушілер және тас жонушылар

Тасты өңдеушілер және тас жонушылар тас құрылыстар мен ескерткіштерді салу және оларға техникалық қызмет көрсету үшін қатты және жұмсақ тастан жасалған плиталар мен блоктарды жарады және қашайды, сондай-ақ, тас өрнектер мен мүсіндерді қашайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- карьерлік тастарды плиталарға немесе блоктарға бөлу үшін оларға оятын сыналарды қағу;
- гранит, мәрмәр плиталары мен блоктарын және басқа тасты іріктеу мен сұрыптау;
- қол және механикаландырылған қол құрал-сайманын пайдалану арқылы құрылыс мақсаттары үшін тасты және граниттен және мәрмәрдан мүсіндерді кесу, қашау және тегістеу;
- тасты одан әрі аралап кесу, қашау, бұрғылау және тасты қашау мен кесуге байланысты басқа да жұмыстарды жүргізу үшін белгі салу;
- ескерткіштер мен құлпытастар үшін пайдаланылатын тас блоктарға жазуларды, бейнелерді немесе суреттерді кесіп және ойып салу;
- ескерткіштер мен құлпытастарды тұрғызу кезінде тасты төлеу;
- ескі ғимараттардағы, шіркеулер мен ескерткіштердегі тас қалауларды жөндеу және ауыстыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тас қашаушы-монтажшы (тас, мәрмәр)
Тасты жылтыратушы (қолмен немесе қол құрал-саймандарының көмегімен)
Тасты аралап кесуші
Гранитті оюшы (резчик)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Плиткашы – 7122
Тасты өңдейтін машинаның операторы – 8115

7114 Бетоншылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Бетоншылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар темірбетон қаңқалар мен құрылыстарды тұрғызады, бетондарды қалыптауға арналған қалыптарды дайындайды, бетон беттерді нығайтады, қабырға тесіктерін немесе ұңғымалардың қаптама құбырларын цементтейді, цементтелген беттерді әрлейді және жөндейді және бетонның бетіне «терраццо» техникасы бойынша мозаика жұмыстарын орындайды.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- темірбетон едендерді, қабырғаларды, резервуарларды, бункерлерді және басқа да бетонды құрылыстарды орнату және жөндеу;
- цементті қалыптауға арналған ағаш қалыпты дайындау немесе қалыпталған блокты құрастыру;
- қабырға тесіктерін немесе ұнғымалардағы қаптама құбырларды цементтеу;
- бетон құрылыстардың жоғарғы беттерін жетілдіру және тегістеу;
- цементтен, бояғыш пигменттен және мәрмәр ұнтақтарынан тұратын берік жылтыр жабынды еденге төсеу, яғни «терраццо» типіндегі бетон плиталарды дайындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Құбырларды асфальттаушы

Бетоншы

Әрлеуші, цемент

Бетон салушы

Цементатор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бетонараластырғыш операторы - 8115

Бетон өңдеу машинасының операторы – 8115

Бетон-мозаикалық плитаны дайындау станогінің операторы - 8115

Бетон төсегіш машинисі – 8342

7115 Ағаш ұсталары және столярлар

Ағаш ұсталары және столярлар ағаштан және басқа материалдардан түрлі конструкциялар мен арматураны кеседі, қашайды (строгать), тұрғызады және оларға техникалық көрсетуді және жөндеуді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- конструкциялардың ағаш элементтерін дайындау жұмыстарын орындау, ағаш ұсталарының үстелінде немесе құрылыс алаңында ағаштан жасалған басқа да бұйымдарды модификациялау және жөндеу;
- құрылыс алаңдарында ауыр ағаш қаңқаларды орнату, тұрғызу және монтаждау;
- ғимараттың қабырғалар, есіктер, есік және терезе рамалары, қаптамалар мен панельдер сияқты сыртқы және ішкі элементтерін орнату, құрастыру және жөндеу;
- театр спектакльдеріне, кинофильмдерге және телевизиялық қойылымдарға арналған декорацияларды дайындау, жөндеу және орнату;
- теміржол вагондарындағы, ұшақтардағы, кемелердегі, қайықтардағы, жүзу айлақтарындағы және басқа да қозғалыс құралдарындағы ағаш элементтер мен детальдарды орнату, құрастыру, реконструкциялау және жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ағаш ұстасы

Кеме ағаш ұстасы

Ағаш мастері

Декорациялар дайындау жөніндегі ағаш мастері

Ағаш мастері, құрылыс

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жиһазға арналған доңғалақ жасаушы – 7522

Ағаш мастери-жиһаз жасаушы (краснодеревщик) – 7522

7119 Б.т.к. құрылысшы-монтаждаушылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары

Осы бастауыш топ *711 Құрылысшы-монтажшылар және тектес кәсіптердің жұмысшылары* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін құрылысшылар мен тектес кәсіптердің жұмысшыларын қамтиды. Мысалы, осы бастауыш топқа жоғары өрмелеушілер, ғимараттардың демонтажшылары кіреді.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- көтеру және түрлі құрылыс жұмыстарын және түрлі құрылыс жұмыстарын және мұнаралар, түтіндіктер және шпильдер сияқты биік құрылыстарға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;
- құрылыс алаңдарында уақытша металды немесе ағаш сатыларды құру;
- ғимараттарды және басқа да құрылыстарды бұзу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жоғары өрмелеуші

Ғимараттарды бұзу жөніндегі білікті жұмысшы

Монтажшы-биік ғимараттарды салушы

Өнеркәсіптік альпинист

Ғимараттардың биік бөліктеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы

Басқа бастауыш топқа жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Біліктілігі жоқ жұмысшы (ғимараттар құрылысы) – 9312

Ғимараттарды бұзу жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшы – 9312

ҚР МЖ 01-2017

712-ШАҒЫН ТОП

ҚҰРЫЛЫСШЫ-ӘРЛЕУШІЛЕР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Құрылысшы-әрлеушілер және тектес қызметтердің жұмысшылары ғимараттар мен құрылыстардың төбелерін, едендерін, қабырғаларын, оқшаулау жүйелерін, сондай-ақ сантехникалық жабдықтарын, құбыр желілерін және электр қондырғыларын жабады, құрастырады немесе орнатады, терезе және тағы басқа жақтауларды әйнектейді.

Орындайтын міндеттеріне әдетте мыналарды: шатырды бір немесе бірнеше материалдармен жабуды; едендерге паркет немесе басқа да материалдарды төсеуді; сондай-ақ едендерді және қабырғаларды кафельдермен немесе мозаикалық панельдермен жабуды; қабырғаларды және төбелерді сылауды; қабырғаларды, едендерді және төбелерді оқшаулағыш материалдармен жабуды; терезелерді және ұқсас ойықтарды кесу, қиыстырып келтіру және әйнектеуді; сантехникалық жабдықтарды және құбыр желілерін орнатуды; электр сымдары жүйесін және басқа да ұқсас жабдықтарды монтаждауды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық етуі кіруі мүмкін.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7121 Шатыр жөндеуші**
- 7122 Еден төсеушілер және тақташылар**
- 7123 Сылақшылар**
- 7124 Оқшаулаушылар**
- 7125 Әйнекшілер**
- 7126 Сантехниктер және құбыр жүргізушілер**
- 7127 Кондиционерлердің және тоңазытқыш қондырғылардың механиктері мен монтаждаушылары**
- 7129 Б.т.к. басқа да құрылысшы-әрлеушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары**

7121 Шатыр жөндеуші

Шатыр жөндеуші ғимараттардың барлық түрлерінің шатыр жабындарын бір немесе бірнеше материалдарды пайдалана отырып құрады және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қажетті материалдарды анықтау үшін схемаларды, ерекшеліктерді және құрылыс алаңдарын зерделеу;
- жабынды табиғи немесе синтетикалық материалдардан жасалған шифермен, жабынқышпен немесе төбені жабатын металды материалмен жабу;
- су өткізбейтін қалқаншаларды орнату және ғимараттардың негізгі қаңқаларына металл немесе синтетикалық материалдарды бекіту;
- төбе жабатын материалдарды шатыр шеттеріне, бұрыштарына және түгіндіктер сияқты шығыңқы жерлеріне қиыстырып келтіру үшін сұрыптау, пішу және кесу;
- шатырларды жабу үшін сабан, құрақ сияқты табиғи материалдарды пайдалану;
- құрылыс сатылары және баспалдақтары сияқты уақытша құрылыстарды салу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Орамалы жабын жөніндегі және дана материалдардан жабын жөніндегі шатыршы

Болат шатыр жөніндегі шатыршы

Шатыршы, битум

Шатыршы, металл жабындар

Шатыршы, жөндеу жұмыстары

Шатыршы, жабынқыш

Шатыршы, шифер

Ескертпелер

Металл шатырларды орнатушыларды *7172 Шатыршылар* бастауыш тобына жатқызады. Шатыршылардың пайдалануы және орнатуы үшін табак болаттан бұйымдар жасайтын жұмыскерлерді *7213 Жаныштаушылар (вальцовщик)* бастауыш тобына жатқызады.

7122 Еден төсеушілер және тақташылар

Еден төсеушілер және тақташылар едендерді орнатады, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді, декоративтік немесе басқа да мақсаттар үшін едендерді, қабырғаларды және басқа да беттерді кілем материалдарымен, тақталармен немесе мозаикалық панельдермен қаптайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- түрлі материалдар төсеу үшін еденді дайындау;
- кілем материалдарын, тақталарды немесе басқа да материалдарды теру және жиналған блоктарды техникалық тапсырмаға және басқа да ерекшеліктерге сәйкес еденге төсеу;
- декоративтік немесе басқа да мақсаттарда, мысалы, дыбыс өткізбеу мақсатында қабырғаларды плиталармен немесе басқа да материалдармен жабу үшін дайындау;
- қабырғаларды, едендерді және басқа да беттерді плиткамен қаптау, сондай-ақ мозаикалық панельдерді құру және төсеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Паркетші

Синтетикалық материалдармен қаптаушы

Қаптаушы-мозаикашы

ҚР МЖ 01-2017

Қаптаушы-плиташы
Қаптаушы-жылтыратушы
Кілем материалдарын төсеуші
Төсеуші, кафель
Төсеуші, мәрмәр

Басқа бастауыш топқа жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:
Футеровщик (қышқылға төзімдеуші) – 7111

7123 Сылақшылар

Сылақшылар ғимараттарда сырлау беттерін орнатады, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді, сондай-ақ құрылыстардың ішіне немесе сыртына сылақтан, цементтен және ұқсас материалдардан жасалған декоративтік және қорғаныш жабындарды жағады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- өңделген бетті құру үшін ғимараттардың ішкі қабырғаларына және төбелеріне сылақтың бір немесе бірнеше қабатын жағу;
- декоративтік гипс панельдерді өлшеу, маркалау және орнату, декоративтік гипс карниздерді құю және кесу;
- сылақ плиталарын өлшеу, белгілеу және кесу, панельдерді көтеру және орналастыру және оларды қабырғаларға, төбелерге және планкаларға бекіту;
- жалғанған жерлерді және шегелерден болған тесіктерді сулы сылақпен және герметиктейтін құрамдармен жабу, сондай-ақ оларды дымқыл кистьпен және абразивті қағазбен тегістеу;
- ғимараттардың сыртқы беттеріне цементтен, сылақтан және ұқсас материалдардан жасалған қорғаныш және декоративтік жабындарды жағу;
- талшықпен армиленген гипстен жасалған декоративтік гипс детальдарды дайындау және орнату;
- сылақпен, созылымды цемент ерітіндісімен және ұқсас материалдармен байланыстырылған акустикалық, оқшаулағыш және оттан қорғайтын материалдарды жағу және фиништік өңдеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сәулеттік детальдарды жапсырушы
Сылақшы
Сылақшы, талшықпен армиленген гипс
Сылақшы, декоративтік жұмыстар
Сылақшы, сыртқы жұмыстар
Сылақшы, сылақ ерітінділері пайдаланатын жұмыстар
Сылақшы, құрғақ сылақ

7124 Оқшаулаушылар

Оқшаулаушылар ғимараттарда, қазандарда, құбыр желілерінде, тоңазытқыш қондырғыларда және ауа баптау жүйелерінде оқшаулағыш материалдарды төсейді және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- оқшаулағыш материалды өлшемі және пішіні бойынша пішу;

- оқшаулағыш немесе дыбыс жұтатын материалдың плиталарын және табақтарын ғимараттар қабырғаларына, едендеріне және төбелеріне орнату;
- механизмдердің көмегімен оқшаулағыш немесе дыбыс жұтатын материалдармен қабырғалар, едендер және төбелер арасындағы бос қуыстарды толтыру және тегістеп нығыздау;
- қажетті материалдар түрін, сапасын және санын анықтау үшін схемаларды, ерекшеліктерді және құрылыс алаңдарын зерделеу;
- жабдықтардың – қазандардың, құбырлардың және резервуарлардың ашық беттеріне оқшаулағыш материалдарды жағу;
- тоңазытқыш қондырғылар мен ауа баптау жүйелерін оқшаулау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сымдарды оқшаулаушы

Гидрооқшаулаудағы оқшаулаушы

Термооқшаулаудағы оқшаулаушы

Оқшаулаушы, дыбыс оқшаулау

Оқшаулаушы, қазандарды және құбырларды оқшаулау

Оқшаулаушы, тоңазытқыш жабдық және кондиционерлер

7125 Әйнекшілер

Әйнекшілер жазық әйнектер мен айналарды өлшейді, кеседі, әрлейді, өлшемін келтіреді және орнатады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пайдаланылуға тиіс әйнек түрін таңдау, әйнектерді қажетті өлшемде және пішінде кесу және душ бөлмелерінің және ғимараттардың арақабырғаларының терезелерін, есіктерін әйнектеу;
- есту терезелеріне, витриналарға, ішкі қабырғаларға және төбелерге әйнектер мен айналарды бекіту;
- көлік құралдарында немесе қайықтарда жел әйнектерін салу немесе ауыстыру;
- әйнектен әйнек қабырғалар, баспалдақтар, балюстрадаалар және витраждар сияқты декоративтік бұйымдар жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Витражист

Әйнекші

Әйнекші, шатыр

Әйнекші, көлік құралдары

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Әйнекті және әйнек бұйымдарын жылтыратушы – 7314

Әйнек кесуші – 7314

Әйнек детальдарын қалыптаушы – 7314

7126 Сантехниктер және құбыр жүргізушілер

Сантехниктер және құбыр жүргізушілер құбыр жүйелелін, науаларды, құйылыстарды, ағыстарды және ілеспе арматураны және суға, газға, лай суларға, ағынды суларға, жылыту, салқындату және вентиляция жүйелеріне арналған құрылғыларды, сондай-ақ

ҚР МЖ 01-2017

гидравликалық және пневматикалық жабдықты құрастырады, орнатады, жөндейді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сантехникалық жүйелер мен қажетті материалдардың конфигурациясын анықтау үшін жарықкөшірмелерді, сызбаларды және ерекшеліктерді зерделеу;
- құбырларды, арматураны және кәріз, жылыту, жетдеткіш, сумен жабдықтау жүйелерінің және кәріз желілерінің құрылғыларын өлшеу, қию, кесу, ию, буындау, құрастыру, орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- газ аспаптарын, ыдыс-аяқ жуатын құрылғыларды және су жылытқыштарды, раковиналарды және санитариялық тораптарды қол немесе механикаландырылған құралдарды пайдалана отырып орнату;
- кәріз, дренаж, су құбыры жүйелерін құру үшін немесе басқа мақсаттар үшін траншеяларға саз, цемент немесе шойын құбырларды төсеу;
- орнатылған жүйелер мен құбырларды қысым, гидравликалық престеу, бақылау датчиктерін және басқа әдістерді пайдалана отырып тексеру, қарау және сынақтан өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Су құбырын жүргізуші

Газ құбырын жүргізуші

Санитариялық-техникалық жүйелер мен жабдықтар монтажшысы

Сантехник-слесарь

Науалар бойынша техник-маман

Құбыр жүргізуші

Құбыр төсеуші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ауаны кондициялауға арналған жабдық механигі – 7127

Ескертпелер

Металл науаларды, су құйылыстарын және ағыстарын орнатушыларды 7126 *Сантехниктер және құбыр жүргізушілер* бастауыш тобына жатқызады. Табақ болаттан сантехник-слесарлар қолданатын және орнататын бұйымдарды жасайтын жұмысшыларды 7213 *Жаныштаушылар (жаныштаушылар-вальцовщики)* бастауыш тобына жатқызады.

7127 Кондиционерлердің және тоназытқыш қондырғылардың механиктері мен монтаждаушылары

Кондиционерлердің және тоназытқыш қондырғылардың механиктері мен монтаждаушылары кондициялау және салқындату жүйелері мен жабдықтарын жинайды, орнатады, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жарықкөшірмелерді, сызбаларды және басқа да ерекшеліктерді оқу;
- кондициялау және салқындату жүйелеріне арналған компрессорлар, қозғалтқыштар, салқындатқыштар, булағыштар, ауыстырып-қосқыштар және өлшеу аспаптары сияқты компоненттерді құрастыру, монтаждау және жөндеу;
- құбырларды және жабдықтарды бұрандамалармен бекіту, тойтару, пісіру немесе дәнекерлеу арқылы біріктіру;

- жүйелерді сынақтан өткізу, ақаулықтарды диагностикалау және жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді немесе жөндеуді өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ауаны кондициялауға арналған жабдық механигі
Кондиционерлерді жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі механик
Тоңазытқыш қондырғылар механигі
Кондиционер монтажшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Вентиляциялық құбырларды жүргізуші – 7126
Слесарь-сантехник- 7126

7129 Б.т.к. басқа да құрылысшы-әрлеушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары

Осы бастауыш топ *712 Құрылысшы-әрлеушілер және тектес кәсіптердің жұмысшылары* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін құрылысшы-әрлеушілерді және тектес кәсіптердің жұмысшыларын қамтиды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жақсы күйдегі офистік ғимараттар, тұрғын үйлер, фабрикалар және осыған ұқсас басқа да мекемелер сияқты құрылыстарда түрлі орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындау;
- ерекше биіктіктерде техникалық қызмет көрсетуді, құрылыс немесе жөндеу жұмыстарын орындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бекітуші (құрылыс)
Маңдайша жазулар монтажшысы (электрондықтарға жатпайтын)
Терезе монтажшысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жоғары өрмелеуші - 7119
Монтажшы-биік ғимараттарды салушы (высотник) 7119
Ғимараттардың биік бөліктеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшы – 7119

ҚР МЖ 01-2017

713-ШАҒЫН ТОП

ҒИМАРАТТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ФАСАДТАРДЫ ТАЗАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР, СЫРЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Ғимараттарға қызмет көрсету, фасадтарды тазарту жөніндегі жұмысшылар, сырлаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары беттерді дайындайды, ғимараттарды және басқа да құрылыстарды, көлік құралдарын немесе түрлі өнеркәсіптік бұйымдарды сырмен және ұқсас материалдармен сырлайды. Олар ішкі қабырғаларға және төбелерге тұсқағаздарды жабыстырады, ғимараттар және басқа да құрылыстардың түтіндіктерін және сыртқы беттерін тазалайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: ғимараттар және басқа да құрылыстардың беттерін дайындауды және сырмен немесе ұқсас материалдармен сырлауды; көлік құралдарын немесе түрлі өнеркәсіптік бұйымдарды, әдетте сыр пульттарының көмегімен, сырмен немесе лакпен сырлауды; ішкі қабырғаларға және төбелерге тұсқағаздарды, жібекті немесе басқа да маталарды жабыстыруды; түтіндіктерді тазалауды; ғимараттардың және басқа да құрылыстардың сыртқы беттерін тазалауды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7131 Ғимараттарға қызмет көрсету, фасадтарды тазарту жөніндегі жұмысшылар**
- 7132 Құрылыс сырлаушылары**
- 7133 Лактаушылар, бояушылар және басқа да сырлаушылар**

7131 Ғимараттарға қызмет көрсету, фасадтарды тазарту жөніндегі жұмысшылар

Ғимараттарға қызмет көрсету, фасадтарды тазарту жөніндегі жұмысшылар ғимараттардың және басқа да құрылыстардың сыртқы беттерін тазалайды, сондай-ақ түтіндіктерден күйені жояды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- тас, кірпіш, металл немесе ұқсас материалдардан жасалған сыртқы беттерді химиялық заттарды немесе жоғары қысыммен берілетін бу немесе құм ағынын пайдалана отырып тазалау;
- түтіндіктердің, тартқыш және біріктіргіш мұржалардың күйесін кетіру;
- ғимараттардың ластанған, көгерген және отпен зақымдалған беттерін тазалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Құм бүріккіш (ғимараттардың сыртқы беттері)

Мұржа тазалаушы

Фасад тазалаушы (чистильщик)

Басқа топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Граффити тазалаушы (уборщик) – 9120

7132 Құрылыс сырлаушылары

Құрылыс сырлаушылары ғимараттардың және басқа да құрылыстардың беттерін сырлауға дайындайды, сырдың немесе ұқсас материалдардың қорғаныш және декоративтік қабаттарын жағады немесе ғимараттардың ішкі қабырғалары мен төбелеріне тұсқағаздарды немесе басқа да әрлеу материалдарын жабыстырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ғимараттардың қабырғаларын және басқа да беттерін бояуға немесе тұсқағаздар жабыстыруға дайындау;
- бояғыштар мен химиялық реагенттерді араластыру арқылы қажет сырды алу үшін бояуларды таңдау және дайындау;
- ғимараттардың беттеріне, конструкцияларына және арматурасына сыр, лак және ұқсас материалдар жағу немесе шашырату;
- ішкі қабырғаларда және төбелерде тұсқағаздарды немесе басқа да материалдарды белгілеу және бекіту;
- кистьтердің, білікшелердің және шашыратқыштардың көмегімен беттерге сыр, лак және бояғыш заттарды жағу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сырлаушы

Сырлаушы, ғимараттар

Сырлаушы-сылақшы

Желімдеуші, тұсқағаз

ҚР МЖ 01-2017

7133 Лактаушылар, сбаяушылар және басқа да сырлаушылар

Лактаушылар, бояушылар және басқа да сырлаушылар өнеркәсіптік бұйымдарға немесе құрылыстарға қорғаныш жабындар жағу үшін бояуды шашыратуға және лакты жағуға арналған жабдықтарды басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- майды, кірді және тотты кетірудің түрлі әдістерін пайдалана отырып беттерді сыр жағуға дайындау;
- автомобильдерді, автобустарды, жүк автомобильдерін және басқа да автомобиль құралдарын бояу, лак және басқа да қорғаныш материалдарды жағу;
- металл, ағаш және басқа да өнеркәсіптік бұйымдарға, әдетте сыр пульттарының көмегімен сыр, сондай-ақ қорғаныш эмаль немесе лак қабаттарын жағу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қаңылтыр мен құбырларды лактаушы

Ағаш беттерді лактаушы

Металл беттерді сырлаушы

Жабдық беттерін сырлаушы

Жылжымалы құрамды сырлаушы

Пластмасса бұйымдарды сырлаушы

Сырлаушы, автокөлік құралдары

Сырлаушы, өнеркәсіптік бұйымдар

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Сырлаушы, ғимараттар – 7132

Ағаш бетіне өрнек салатын суретші – 7317

Ағашты жылумен өңдеуші – 7521

Станок операторы, металдау – 8124

72-КІШІ ТОП**МЕТАЛЛ ӨНДЕУ, ЖАБДЫҚТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРИКТЕРДЕН БАСҚА, ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтердің жұмысшылары металды құяды, пісіреді, соғады және басқа тәсілдермен қалыптайды; ауыр металды конструкцияларды тұрғызады, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді; станоктарды баптауға, сондай-ақ оларды орнатуға, қозғалтқыштар мен автокөлік құралдарын қоса алғанда, машиналар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысады; асыл емес металдардан құрал-саймандар мен түрлі бұйымдарды дайындайды. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Жұмыс қолмен немесе дене жүктемесін азайту және уақытты қысқарту үшін пайдаланылатын, нақты міндеттерді орындау, сондай-ақ өнім сапасын жақсарту үшін қажетті басқа құрал-сайманның көмегімен орындалады. Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттері өндірістік процестердің барлық кезеңдерін, пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарды, сондай-ақ түпкілікті өнімнің сипаты мен мақсатын білуді талап етеді.

Аталған кіші топ жұмысшылары орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: металл құюға арналған қалыптарды және қалыптау өзектерін дайындауды; металды пісіру, кесу және қалыптауды; ауыр металды конструкцияларды, жүк көтергіштерді және ұқсас жабдықтарды орнату, тұрғызу, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді; машиналар мен механизмдерді, құрал-саймандарды, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды өндіруге және жөндеуге арналған конструкциялық металдарды соғу және қалыптауды; операторлар үшін баптауды немесе түрлі станоктарды баптау мен басқаруды; қозғалтқыштарды қоса алғанда, өнеркәсіптік машиналар мен механизмдерді, сондай-ақ көлік құралдарын реттеу, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Осы кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 720 Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 721 Қалыптаушылар, пісірушілер, вальцовшылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 722 Темір ұсталары, құрал-сайманшылар, жылтыратушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 723 Механик-слесарлар және жөндеушілер**

ҚР МЖ 01-2017

720-ШАҒЫН ТОП

МЕТАЛЛ ӨНДЕУ, ЖАБДЫҚТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРИКТЕРДЕН БАСҚА, ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР (БРИГАДИРЛЕР)

Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) ұйымның жеке бөлімшесі шеңберінде металдан бұйымдар жасаумен, металды конструкцияларды дайындаумен және монтаждаумен, жабдықтарды орнатумен және техникалық қызмет көрсетумен байланысты өндірістік қызметті бақылайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: техникалық талаптарды және өндірістік тапсырыстарды түсіндіруді; жұмыстардың реттілігін және пайдалануға қажетті жабдықтарды айқындауды; жұмыс күшіне қажеттілікті және персоналға қойылатын талаптарды айқындауды; жұмысшылар үшін міндеттерді айқындауды; металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес кәсіптер жұмысшылардың қызметін қадағалау мен үйлестіруді; жедел проблемаларды шешу және қызметті үйлестіру үшін басқарушылық және техникалық персоналмен, басқа ведомстволар жұмыскерлерімен және мердігерлермен жұмыс жасауды; жоғары тұрған басшыларға орындалатын жұмысқа қатысы бар барлық мәселелер бойынша есептер және басқа да ақпарат ұсынуды қамтиды.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7200 Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

7200 Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) ұйымның жеке бөлімшесі шеңберінде металдан бұйымдар жасаумен, металды конструкцияларды дайындаумен және монтаждаумен, жабдықтарды орнатумен және техникалық қызмет көрсетумен байланысты өндірістік қызметті бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- техникалық талаптарды және өндірістік тапсырыстарды түсіндіру;
- жұмыстардың реттілігін және пайдалануға қажетті жабдықтарды айқындау;
- жұмыс күшіне қажеттілікті және персоналға қойылатын талаптарды айқындау;
- жұмысшылар арасында міндеттерді бөлу;
- металл өңдеу, жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі және электриктерден басқа, тектес кәсіптер жұмысшылардың қызметін қадағалау мен үйлестіру ;
- жедел проблемаларды шешу және қызметті үйлестіру үшін басқарушылық және техникалық персоналмен, басқа ведомстволар жұмыскерлерімен және мердігерлермен жұмыс жасау;
- жоғары тұрған басшыларға орындалатын жұмысқа қатысы бар барлық мәселелер бойынша есептер және басқа да ақпарат ұсыну.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қалыптау қоспасын дайындау учаскесінің бригадирі
Орталықтан тепкіш машиналар бөлімшесінің бригадирі
Термоөңдеуді бақылаушы
Пісіру жұмыстары бақылаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Таратып құюшы машина бригадирі - 8100
Пресс-кеңейткіш учаскесінің бригадирі - 8100
Асыл өнімді бақылау – 8100

ҚР МЖ 01-2017

721-ШАҒЫН ТОП

ҚАЛЫПТАУШЫЛАР, ПІСІРУШІЛЕР, ВАЛЬЦОВШЫЛАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Қалыптаушылар, пісірушілер, вальцовшылар және тектес қызметтердің жұмысшылары металл құюға арналған қалыптарды және қалыптау өзектерін дайындайды, металды детальдарды пісіреді және кеседі, илемнен бұйымдар өндіреді және жөндейді, ауыр металды конструкцияларды, жүк көтергіштерді, арқанды жол вагондарын және ұқсас жабдықтарды орнатады, тұрғызады, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: металл құюға арналған қалыптарды және қалыптау өзектерін дайындауды; металды бұйымдарды құюды, пісіруді және қалыптауды; жұқа қабатты болат, жез, қаңылтыр және латунь сияқты бұйымдарды илемнен және металдан жасау және жөндеуді; ауыр металды конструкцияларды, тальды, арқанды жолдар вагондарын және ұқсас жабдықты орнатуды, тұрғызуды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтиды.

Осы шағын топтың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7211 Қалыптаушылар және өзекшілер**
- 7212 Пісірушілер және газбен кесушілер**
- 7213 Вальцшылар**
- 7214 Металды конструкцияларды дайындаушылар және монтаждаушылар**
- 7215 Такелажшылар және қалқаншы-пісірушілер**

7211 Қалыптаушылар және өзекшілер

Қалыптаушылар және металл құюға арналған қалыптарды және қалыптау өзектерін дайындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қалыптарды қолмен немесе кішігірім металды дайындамаларды дайындауға арналған станокта, көлемді құймалар үшін – құю цехында немесе құю шұңқырында көмекші механизмдердің көмегімен дайындау;
- металл құюға арналған металды қалыптарда пайдалануға арналған қалыптау өзектерін дайындау;
- қалыптарды және өзектер жәшіктерін тазалау, бетіндегі дефектілерін тегістеу және кетіру;
- жартылай қалыптар, модельдер және бөлгіш тақталар сияқты өңделетін бұйымдардың орнын ауыстыру және жайғастыру, крандарды пайдалану немесе өңделетін бұйымдардың орнын ауыстыру үшін басқа жұмысшыларға сигнал беру;
- модельдерді өңделетін бұйымдардың ішінде жайғастыру және секцияларды бекіту;
- қалыптарда астаушаларды, таратушы саңылауларды және құю арналарын ою;
- жоғарғы жартылай қалыптарды төменгілерден көтеру және қалыптау модельдерін алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Балқытылатын модельдер модельшісі

Өзекші

Қолмен қалыптау өзекшісі

Өзектерді, қалыптарды және қалыптау материалдарын кептіруші

Балқытылатын модельдерді қалыптаушы

Қалыптаушы, металл құю

7212 Пісірушілер және газбен кесушілер

Пісірушілер және газбен кесушілер газ жанарғысының, электрлі доғаның және металдарды балқытуға және кесуге немесе балқытуға және пісіруге арналған басқа да жылу көздерінің көмегімен металды детальдарды пісіреді және кеседі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- металды детальдарды газ жанарғысын немесе электрлі доғаны, термитті құрамды немесе басқа да әдістерді пайдалана отырып пісіру;
- контактілі пісіру машинасын басқару;
- қорғасын қоршауларды, құбырларды, едендерді және қорғасыннан басқа да детальдар дайындау және жөндеу үшін дәнекерлеу шамын пайдалану;
- металл детальдарды газ жанарғысын немесе электрлі доғаны пайдалана отырып кесу;
- металды бөліктерді қол дәнекерлегішін пайдалана отырып біріктіру;
- детальдардың қызып кетуінің немесе шалыстануының, материалдың отыруының, деформациялануының немесе созылуының алдын алу үшін өлшемін келтіру, қыздыру және пісіру процестерін мониторингілеу;
- дефектілерін табу мақсатында өңделетін бұйымдарды қарау және өңделетін бұйымдарды ерекшеліктерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін тексеру сызғышымен немесе шаблондармен өлшеу.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Газбен кесуші

Газбен пісіруші

Проекциялық аппаратура және газбен кесуші машиналар операторы

Пісіруші

Диффузиялық-пісіру құрылғысының пісірушісі

Лазерлік қондырғы пісірушісі

Электр газбен пісіруші

7213 Вальцшылар

Вальцшылар илемнен, жұқа табақты болаттан, мыстан, қаңылтырдан, жезден, алюминийден, мырыштан немесе мырышталған темірден жасалған бұйымдарды немесе бұйымдар детальдарын өндіреді, орнатады және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кесу және фасондау үшін илемге белгі қою;
- қаңылтырдан, мыстан және жеңіл қорытпалардан үй тұрмысы заттарын және басқа да бұйымдарды, сондай-ақ декоративтік бұйымдар мен арматураны өндіру және жөндеу;
- қазандарды, цистерналарды, бактарды және ұқсас контейнерлерді дайындау және жөндеу;
- автокөлік құралдары мен ұшу аппараттары детальдарының жұқа табақты металдан жасалған бөліктерін орнату және жөндеу;
- жұқа табақты металдан жасалған бұйымдарды құрастыру және жинау кезінде пайдаланылау үшін жарықкөшірмелерді құрастыру сызбаларына түрлендіру;
- көлемін қоса алғанда, жобалық талаптарды, құрастыру реттілігін және жарықкөшірмеге, сызбаларға және жазбаша немесе ауызша нұсқаулықтарға сәйкес талап етілген әдістер мен материалдарды айқындау;
- өнім сапасын және қондырғыларды ерекшеліктерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін бақылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Жаныштаушы

Құрылыс алаңындағы қаңылтыршы

Қазандықшы

Мыс мастері (медник)

Рихталаушы

Ескертпелер

Металды шатырларды орнатушыларды *7121 Шатыр жөндеуші* бастапқы тобына жатқызады. Металл науаларды, құйылыстарды және ағыстарды орнатушыларды *7126 Сантехниктер және құбыр жүргізушілер* бастауыш тобына жатқызады. Шатыршылардың және слесарь-сантехниктердің пайдалануы үшін табақты болаттан бұйымдар жасайтын жұмысшыларды *7213 Вальцшылар* бастауыш тобына жатқызады.

7214 Металды конструкцияларды дайындаушылар және монтаждаушылар

Металды конструкцияларды дайындаушылар және монтаждаушылар ғимараттардың және басқа да құрылыстардың металды конструкцияларын жинайды, орнатады және демонтаждайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ғимараттарды, кемелерді және басқа да құрылыстарды салу кезінде пайдалану мақсатында металл дайындамаларды одан әрі бұрғылау, кесу және фасондау үшін металды конструкцияларда белгілер қою;
- цехта конструкциялық болатты бұрғылау, кесу және фасондау;
- ғимараттарды, көпірлерді және басқа да құрылыстарды салу кезінде болат қаңқаларды тұрғызу;
- кемелердің қаңқаларын және басқа да металл бөліктерін құрастыру және орнату;
- құрылатын немесе жөнделетін кемелерде конструкциялық болат табақтарын фасондау және өлшемін келтіру;
- конструкциялардың металды элементтерін қолмен, арнайы машинаны немесе тойтару балғасын пайдалана отырып тойтару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сым тор жасаушы

Тойтарушы

Металдардағы газдарды талдайтын зертханашы

Монтажшы, металды конструкциялар

Металл бетіндегі ақауларды өңдеуші

Металды конструкцияларды құрастырушы слесарь

Токарь

7215 Такелажшылар және қалқаншы-пісірушілер

Такелажшылар және қалқаншы-пісірушілер жабдықтардың және конструкциялар элементтерінің орнын ауыстыру және жайғастыру үшін такелаждық жаракты жинайды немесе құрылыс алаңдарында, ғимараттарда немесе басқа да құрылыстарда кәбілдерді, арқандарды және тростарды орнатады және техникалық қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- орны ауыстырылатын объектілердің өлшемін, пішінін және салмағын бағалау, олардың орнын ауыстыруға қажетті жабдық жөнінде шешім қабылдау;
- кәбілдерді, арқандарды, тростарды, шкивтерді және басқа да такелаждық жарактарды орнату және жөндеу;
- түрлі саймандарды тростарға, арқандарға және кәбілдерге жалғау, жөндеу және ыңғайластыру;
- артезиан, газ және мұнай ұңғымаларын бұрғылау мұнараларын орнату және жөндеу жөніндегі бригаданың мүшесі ретінде жұмыс істеу;
- театрларда және түсіру алаңдарында декорацияларды, жарық беретін және басқа да аппаратураны көтеру және монтаждау;
- байланыс мұнараларын, аспалы арқанды жолдарды, фуникулерлерді, тау шаңғы көтергіштерін және ұқсас инфрақұрылымды орнату және техникалық қызмет көрсету.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кәбілші-пісіруші

Ұштарды біріктіруші (кәбілдердің мен тростардың)

Монтаждағы такелажшы

Такелажшы, мұнарадағы

Такелажшы, кемедегі

Такелажшы, театрдағы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Кәбілдерді қорғасынмен немесе алюминиймен пресстеуші (опресовщик)- 7221

Кран машинисі (краншы) - 8343

722-ШАҒЫН ТОП

ТЕМІР ҰСТАЛАРЫ, ҚҰРАЛ-САЙМАНШЫЛАР, ЖЫЛТЫРАТУШЫЛАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Темір ұсталары, құрал-сайманшылар, жылтыратушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары түрлі құрал-саймандарды, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды дайындау және жөндеу үшін темірден, болаттан және басқа да металдардан арқалықтарды, өзектерді немесе құймақалыптарды соғады және престейді; операторлар үшін баптайды немесе түрлі станоктарды баптайды және басқарады; металды беттерді тегістейді және кескіш құралдарды қайрайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: түрлі құрал-саймандарды, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды дайындау және жөндеу үшін темірді, болатты және басқа да металдарды соғу және штампылауды; операторлар үшін станоктарды баптауды немесе кіруі қиын (с жестким допуском) түрлі станоктарды баптау және басқаруды; металды беттерді ажарлау мен кескіш құралдарды қайрауды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

7221 Темір ұсталары, штамплеушілер және престоушілер

7222 Құрал-сайманшылар

7224 Жылтыратушылар, тегістеушілер және құрал-саймандарды қайраушылар

ҚР МЖ 01-2017

7221 Темір ұсталары, штамплеушілер және престоушілер

Балғамен және преспен жұмыс істейтін темір ұсталары, штамплеушілер және престоушілер темір ұсталары арқалықтарды, өзектерді, құймақалыптарды және темір, болат немесе басқа да металдарды соғады және престейді, сондай-ақ түрлі құрал-саймандар, металды бұйымдар, жабдықтардың бөліктерін, ауыл шаруашылығы және ұқсас инвентарды дайындау және жөндеу үшін сым тартады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- темір ұсталық пештерде металды қыздыру, төсте металды созу, ию, кесу, соғу жолымен дайындау және жөндеу арқылы бұйымдар жасау және жөндеу, металды штамптылау, кию, ұластыру, қатайту және жұмсарту;
- қыздырылған металды ашық штамптары бар механикалық балғада шыңдалған темірлерге фасондау;
- металды бұйымдарды жабық штамптарда престоу үшін коперді басқару;
- металды бұйымдарды престоуге арналған жабық штамптармен жабдықталған механикалық престі басқару;
- сымды жаншу;
- станокты баптау мақсатымен белгіленген шектерді және операциялардың реттілігін айқындау үшін жұмыстарды орындауға арналған нарядтарды немесе жарықкөшірмелерді оқу;
- бұйымдардың ерекшеліктерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін станок детальдарын өлшеу және қарау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бағалы металдар ұстасы

Балғамен және преспен жұмыс істейтін темір ұстасы

Қолмен соғатын темір ұстасы

Ротациялық машиналардағы штамптылаушы темір ұстасы

Кәбілдерді қорғасынмен немесе алюминиймен престоуші (опрессовщик)

Құбырлар мен баллондарды сынақтан өткізетін престоуші (прессовщик)

Суық металды кесуші

Штамптылаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Металдар мен қорытпаларды құюшы - 8121

Қысыммен құюға арналған құю машинасының операторы – 8121

7222 Құрал-сайманшылар

Құрал-сайманшылар қол құралдарын және металды жоғары дәлдікпен өңдеуге арналған металл кесетін станоктарды пайдалана отырып қарапайым және арнайы құрал-саймандарды, спорттық мылтықтарды, құлыптарды, штамптарды, модельдерді, машиналар мен механизмдердің құрамдас бөліктерін және басқа да металды бұйымдарды өндіреді және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- құрал-саймандардың, штамптардың, прототиптердің немесе модельдердің технологиялық сызбаларын және ерекшеліктерін оқу және түсіндіру;
- шаблондар мен эскиздерді дайындау және технологиялық процестерді айқындау;
- ерекшеліктердің негізінде құрастырма тораптардың габариттерін, өлшемдерін, пішіндерін және шектерін визуалдау және есептеу;
- металды дайындамаларды немесе құймаларды станоктарда өңдеу үшін жайғастыру, бекіту және өлшеу;
- қарапайым станоктарды және кесуге, жонуға, біліктеуге, тегістеуге, бұрғылауға, саңылаулар оюға, ажарлауға немесе алдын ала көзделген габариттерге сәйкес өңделетін бұйымдарды басқа да қалыптарға келтіруге арналған компьютерлендірілген цифрлық бағдарламалық басқаруы бар білдектерді баптау, басқару және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ оларды жетілдіру;
- негіздерді, фиксаторларды және өлшеу құралдарын өндіруге және жөндеуге арналған детальдарды қиыстырып келтіру және құрастыру;
- спорттық мылтықтарды және басқа да атыс қару-жарағын жөндеу және түрлендіру; құлыптарды және олардың бөліктерін өндіру, қиыстырып келтіру, құрастыру, жөндеу және орнату;
- құю қалыптарын дайындауға арналған металл үлгілерді өндіру және жөндеу;
- кесуді, қайрауды, қақтауды, ажарлауды немесе металдың басқа да қалыптау түрлерін қоса алғанда, одан әрі өңдейтін жұмыскерлер үшін металл дайындамаларға келтіру сызықтарын және нүктелерін белгілеу;
- жоғары дәлдікті өлшеу аспаптарын қолданып дайын бөлшектер габариттерінің, орталықтарының және шектерінің сипаттамаларға сәйкестігін тексеру және дайын бұйымдардың дұрыстығын сынау.

Аталған бастауыш топқа жатықызылған кәсіптердің үлгілері:

Құрал-сайманшы

Металл үлгілер бойынша үлгіші

Қару жасаушы

Құлыптар жасайтын слесарь

Құрал-сайман слесары

7224 Жылтыратушылар, тегістеушілер және құрал-саймандарды қайраушылар

Жылтыратушылар, тегістеушілер және құрал-саймандарды қайраушылар металды беттерді жылтыратады және ажарлайды және құрал-саймандарды қайрайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- стационарлық немесе тасымалданатын жылтыратқыш және ажарлағыш станоктарды басқару;
- ұштау дөңгелектерін немесе механикалық ұштау машиналарын пайдалана отырып кескіш құрал-саймандар мен құрылғыларды ұштау;
- тоқыма иіру машиналары цилиндрлеріндегі кескіш төсемдерді және металды тістерді жөндеу, реттеу және ұштау;
- ұштау дөңгелектерін ерекшеліктерге сәйкес жеткізу;

ҚР МЖ 01-2017

- қажеттілігіне қарай станоктарды реттеу қажеттілігін анықтау үшін олардың, сондай-ақ қандайда бір проблемалар туындаған кезде станоктар остандарының жұмысын бақылау;
- беттері мен габариттері ерекшеліктерге сәйкес болуы үшін өңделетін детальдарды тексеру, бақылау және өлшеу;
- ерекшеліктерге сәйкес, қол құрал-саймандарын пайдалана және абразивті материалдар мен ажарлау процестері туралы білімдерін қолдана отырып станоктарға ұштау дөңгелектерін таңдау және монтаждау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ұштаушы

Тіс ажарлаушы

Алмаздардан және аса қатты материалдардан жасалған сымдауыштарды жылтыратушы

Бұранда ажарлаушы

Ажарлаушы

Электрмен жылтыратушы

Хирургиялық құрал-саймандар мен аппараттарды жылтыратушы

Нақыштаушы (чеканщик)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Металдарды жылтыратуға арналған станок операторы – 8124

Станок операторы, металды мәрелік өңдеу – 8124

723-ШАҒЫН ТОП**СЛЕСАРЛАР ЖӘНЕ ЖӨНДЕУШІЛЕР**

Слесарлар және жөндеушілер ауыл шаруашылығы және өндірістік жабдықтарды, жер үсті көлік құралдарын, ұшу аппараттарын, теңіз және өзен кемелерін құрастырады, баптайды, реттейді, сынақтан өткізеді, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді, бұл ретте күрделілігі әртүрлі слесарлық жұмыстарды, жабдықтар мен бұйымдарды реттеуді және сынақтан өткізуді, олардың техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асырады.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: мото- және автокөлік құралдарын және теміржол жылжымалы құрамын, ұшу аппараттарын және кемелерін, ауыл шаруашылығы және өндірістік жабдықтарды құрастыруды, оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді; құрастырылатын және жөнделетін машиналар мен жабдықтарды реттеу, дұрыстау және сынақтан өткізуді; сынақтан өткізу стендтерін монтаждау мен демонтаждауды, ақаулар ведомстволарын жасауды және қабылдау-тапсыру құжаттамасын ресімдеуді қамтиды.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7231 Мото- және автокөлік құралдарының механик-слесарлары және жөндеушілері**
- 7232 Ұшу аппараттарының механик-слесарлары және жөндеушілері**
- 7233 Теңіз және өзен кемелерінің механик-слесарлары және жөндеушілері**
- 7234 Қозғалмалы құрамның слесарлары және жөндеушілері**
- 7239 Б.т.к. слесарлар және жөндеушілер**

Ескертпелер

Егер орындайтын міндеттері жалпы алғанда пайдаланылудағы және бақыланудағы машинамен байланысты жұмыс істеу тәжірибесін және білімді қажет ететін болса, онда жұмыскерлерді *8 Өндірістік жабдықтар операторлары, құрастырушылар және жүргізушілер* негізгі тобына жатқызады. Егер орындайтын міндеттері қарапайым қайталанатын жұмыстарды, негізінен қол құрал-саймандарын пайдаланумен, дене күшін салумен, жұмыс тәжірибесінің болмауымен немесе аз болуымен байланысты, айрықша білімнің, бастамашылықтың болуын және шешім қабылдауды талап етпейтін болса, жұмыскерлерді *9 Біліктілігі жоқ жұмысшылар* негізгі тобына жатқызады.

ҚР МЖ 01-2017

7231 Мото- және автокөлік құралдарының механик-слесарлары және жөндеушілері

Мото- және автокөлік құралдарының механик-слесарлары және жөндеушілері жолаушылар автомобильдерінің, жүк автомобильдерінің, мотоциклдердің және басқа да автокөлік құралдарының қозғалтқыштарын, тораптарын, механизмдерін және ілеспе жабдықтарын құрастырады, реттейді, баптайды, сынақтан өткізеді, техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қозғалтқыштардың және олардың компоненттерінің ақауларын анықтау және диагностикасы;
- автокөлік құралдары және мотоциклдер қозғалтқыштарын орнату, қарау, сынақтан өткізу және қызмет көрсету;
- қозғалтқыш компоненттерін немесе бүтіндей қозғалтқыштарды ауыстыру;
- автокөлік құралдарының дефектісі бар детальдарын орнату, қарау, баптау, бөлшектеу, қалпына келтіру және ауыстыру;
- автокөлік құралдары моторларын және тежегіштерін орнату және баптау, сондай-ақ руль жүйесін немесе тағы басқа компоненттерін реттеу;
- автокөлік құралдары механотроникасын және компоненттерін орнату, реттеу, қызмет көрсету және ауыстыру;
- автокөлік құралдарының бірқалыпты жүруін және ластану дәрежесін реттейтін тәртіптерге сәйкес болуын қамтамасыз ету мақсатында майды, жанар-жағармай материалдарын ауыстыруды және қозғалтқыштарды баптауды қоса алғанда, жоспарлы техникалық қызмет көрсету;
- жөндеуден кейін қозғалтқыштарды және олардың компоненттерін қайта құрастыру.

Осы бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Автокөлік құралдарының механигі

Автокөлік құралдарының механотроникасына қызмет көрсету жөніндегі механик

Механик, шағын көлемді қозғалтқыштар

Дизельді қозғалтқыштар баптаушысы (автомобиль көлігі)

Автокөлік құралдарын жөндеуші

Автомобиль жөндеу жөніндегі слесарь

Жол-құрылыс машиналарын және тракторларды жөндеу жөніндегі слесарь

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Автомобиль құрастырушы – 8211

7232 Ұшу аппараттарының механик-слесарлары және жөндеушілері

Ұшу аппараттарының механик-слесарлары және жөндеушілері ұшу аппараттарының корпустары, сондай-ақ оларға орнатылған гидравликалық және пневматикалық жабдық, агрегаттар, аспаптар, жүйелер, машиналар мен механизмдер сияқты ұшу аппараттарының қозғалтқыштарына техникалық қызмет көрсетеді, оларды жөндейді, реттейді, баптайды, сынақтан өткізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ұшу аппараттары қозғалтқыштарын орнату, қарау, сынақтан өткізу және қызмет көрсету;
- қозғалтқыштар компоненттерін немесе бүтіндей қозғалтқыштарды ауыстыру;

- тозуын, жарылуларын, сынуын, ағып кетулерін немесе тағы басқа проблемаларды анықтау үшін ұшу аппараттарының шассилерін, гидравликалық жүйелерін және мұз қатуға қарсы құрылғыларын қоса алғанда, копустарын және компоненттерін қарау және тексеру;
- ұшу аппараттарының конструктивтік, механикалық және гидравликалық жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу, күрделі жөндеу, модификациялау және сынақтан өткізу;
- бұзылған немесе зақымдалған компоненттерін жөндеуге немесе ауыстыруға болатындығын және әдістерін анықтау үшін нұсқаулықтарды, пайдалану бюллетеньдерін және басқа ерекшеліктерді оқу және түсіндіру;
- ұшу аппараттары конструкцияларының элементтеріне, функциялық компоненттеріне және қанаттары мен фюзеляжы, орнатылған жабдық, гидравликалық қондырғылар, оттегі, отын және электр жүйелері, төсемелер және тығыздауыштар сияқты детальдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ауыстыру;
- ұшу аппараты стандарттарына сәйкес техникалық қызмет көрсетілуден өткендігін және жұмыс істеуге дайын екенін анықтау үшін орындалған жұмыстарды тексеру;
- жөндеу журналдарын жүргізу, профилактикалық және жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету аясындағы барлық жұмыстарды құжаттау;
- ұшу аппараттарының электрлік және электрондық компоненттерін, тораптарын және жүйелерін орнату және сынақтан өткізу;
- тораптарға ұшу радиожүйелер, бақылау-өлшеу аспаптары, индукторлар, инверторлар және ұшу кезінде жанармай құю жүйелері сияқты компоненттерді қосу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Механик, ракета қозғалтқыштарының компоненттері

Аэрогидродинамикалық сынақтар слесары

Аэроқозғалтқыштар слесары

Ұшу аппараттарын жөндеу слесары

Детальдарды нығыздаушы (уплотнитель деталей) (ұшу аппараттары)

Электр жабдықтарын сынақтан өткізу және жөндеу жөніндегі электромеханик (ұшу аппараттары)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер, ұшақ жасау – 2144

Авиациялық электроникаға қызмет көрсететін механик-жөндеуші – 7421

Ұшу аппараттарын құрастырушы-слесарь – 8211

7233 Теңіз және өзен кемелерінің механик-слесарлары және жөндеушілері

Теңіз және өзен кемелерінің механик-слесарлары және жөндеушілері кемелердің корпустары, сондай-ақ оларға орнатылған гидравликалық және пневматикалық жабдық, агрегаттар, аспаптар, жүйелер, машиналар мен механизмдер сияқты кеме қозғалтқыштары мен тораптарына техникалық қызмет көрсетеді, оларды жөндейді, реттейді, баптайды, сынақтан өткізеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- теңіз және өзен кемелерінің қозғалтқыштарын және трансмиссияларын орнату, қарау, сынақтан өткізу және қызмет көрсету;
- кеме жабдықтарының детальдарын және бекіту тораптарын, конструкцияларды, құрылғыларды, бактарды, ыдыстарды, цистерналарды, кеме жиһазын, кондиционер және вентиляция жүйелерін орнату және жөндеу;

ҚР МЖ 01-2017

- теңіз және өзен кемелерінің конструктивтік, механикалық және гидравликалық жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу, күрделі жөндеу, модификациялау және сынақтан өткізу;
- бұзылған немесе зақымдалған компоненттерін жөндеуге немесе ауыстыруға болатындығын және әдістерін анықтау үшін нұсқаулықтарды, пайдалану бюллетеньдерін және басқа ерекшеліктерді оқу және түсіндіру;
- кемелердегі детальдар мен тораптардың механикалық, электр және пневматикалық жабдықтарын жөндеу, қарау және техникалық жағдайын тексеру;
- сынақтан өткіз камералары және стендтерінің көмегімен кеме жабдықтарын (қондырғыларды, аппараттарды, аспаптар мен жүйелерді) реттеп және теңшеп, сынақтан өткізу;
- ұшу аппараты стандарттарына сәйкес техникалық қызмет көрсетілуден өткендігін және жұмыс істеуге дайын екенін анықтау үшін орындалған жұмыстарды тексеру;
- жөндеу журналдарын жүргізу, профилактикалық және жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету аясындағы барлық жұмыстарды құжаттау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кеме бұйымдарын жасайтын мыс мастері

Трюм моторисі

Қондырғыларды және аппаратураны сынақтан өткізуші слесарь-механик (теңіз және өзен кемелерінің)

Кеме жөндеуші-слесары

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Инженер, кеме – 2144

Металды кемелердің корпустарын құрастырушы – 8211

7234 Қозғалмалы құрамның сласарлары және жөндеушілері

Қозғалмалы құрамның сласарлары және жөндеушілері жылжымалы составтың қозғалтқыштарына, сондай-ақ оларда орнатылған жабдықтарға, агрегаттарға, аспаптарға, жүйелерге, машианалар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсетеді, ремонт, реттеу, жөндеу және сынақты жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне кіреді:

- жылжымалы составтың қозғалтқыштарын орнату, қарау, сынақ жасау және қызмет көрсету;
- жабдық бекіткіштері, құрылғылар, ауабаптау және желдету жүйелерінің бөлшектері мен түйіндерін орнату және жөндеу;
- жылжымалы составтардың құрылымдық, механикалық жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу, күрделі жөндеу, түрлендіру және сынау;
- ақаулы және бұзылған бөлшектерді жөндеу немесе ауыстырудың жүзеге асушылығы мен тәсілін айқындау мақсатында нұсқаулықтарды, пайдалану бюллетендері мен өзге сипаттамаларды оқу және түсіндіру;
- жылжымалы составтардағы бөлшектердің механикалық, электрикалық және пневматикалық жабдықтардың техникалық күйін тексеру, қарау және жөндеу;
- сынақ камералары мен стендтердің көмегімен, оларды реттей және баптай отырып теміржол жабдықтарына (құрылғылар, аппараттар, аспаптар мен жүйелерге) сынақ жүргізу;

- техникалық қызмет стандарттарға сай жасалынғанын және кемеңі жұмысқа даярлығын айқындау үшін орындалған жұмыстарды тексеру;
- жөндеу журналдарын жүргізу, алдын алу және жоспардан тыс техникалық қызмет жасау аясында барлық жұмыстарды құжаттау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аккумуляторлар және электр аппаратураларды жөндеу жөніндегі темір ұстасы
Жылжымалы составты жөндеу жөніндегі темір ұстасы
Темір ұстасы сынаушы (жылжымалы составтың)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Теміржол жылжымалы составы жөніндегі инженер – 2144
Вагон- тасымалдағыштың механигі – 3115

7239 Б.т.к. слесарлар және жөндеушілер

Осы бастауыш топ *723 Слесарлар және жөндеушілер* шағын тобының басқа топтарына кірмейтін механик-слесарларды және жөндеушілерді қамтиды. Мысалы, аталған топқа ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік және офис жабдықтарына техникалық қызмет көрсететіндер және жөндейтіндер кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ауыл шаурашылығы, өнеркәсіптік және офис жабдықтарын орнату, қарау, қызмет көрсету және жөндеу;
- стационарлық қозғалтқыштарды және машина жабдықтарын маймен және консистентті маймен жағу;
- стандарттарға және ерекшеліктерге сәйкестігін тексеру мақсатында жаңа және жөнделген машиналарды, механикалық жабдықтарды қарау және сынақтан өткізу;
- детальдарын шешу және жөндеу үшін машиналарды және механикалық жабдықтарды демонтаждау;
- істен шығуы немесе тозуы сынды дефектілерін анықтау үшін детальдарды қарау;
- жөндеуден тиісті түрде өткендігін тексеру үшін жөндеуден өткен машиналық және механикалық жабдықтарды пайдаланып сынақтан өткізу;
- өткізілген жөндеулер мен техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тіркеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Офис жабдығының слесарь-жинаушысы
Электр станцияларының жабдықтарына қызмет көрсетуші слесарь
Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу жөніндегі слесарь
Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Кондиционерлерді жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі механик – 7127

ҚОЛӨНЕРШІЛЕР, ДӘЛ (ЖОҒАРЫ ДӘЛДІКТЕГІ) ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР, ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР

Қолөнершілер, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылар прецизиондық құрал-саймандарды, музыкалық аспаптарды, зергерлік бұйымдарды және асыл металдардан, керамикадан жасалған басқа да бұйымдарды, фарфор және шыны ыдыстарды, ағаштан немесе матадан, былғарыдан немесе ұқсас материалдардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ кітап, газет және журнал сияқты баспа өнімдерін жобалау, дайындау, техникалық қызмет көрсету және көркемдік безендіру мақсатында өз жұмысында көркемдеу дағдыларын және білікті қол жұмысы дағдыларын үйлестіреді. Олар түрлі бұйымдарды оюдың, қалыптаудың, монтаждаудың, өрудің және декорациялаудың дәстүрлі және/немесе жақында ойлап табылған әдістерін қолданады; басып шығару алдындағы дайындық барысында теру жұмыстарын орындайды; баспа баспақтарын жөнге келтіріп, пайдаланады; баспа өнімін түптейді және безендіреді; трафареттер дайындайды және трафареттік басып шығару жабдықтарын басқарады. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Мұндай жұмыстар қолмен немесе қол құрал-сайманын және механикаландырылған қол құрал-сайманын пайдаланып орындалуы мүмкін, кей жағдайларда машиналар мен станоктарды ретке келтіріп, пайдалануды қажет етеді. Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттері өндірістік процесті ұйымдастыруды, пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарды, сондай-ақ ақырғы өнімнің сипатын және мақсатын білуді талап етеді.

Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттері әдетте мыналарды: навигациялық, метеорологиялық, оптикалық және тағы басқа прецизиондық құрал-саймандар мен жабдықтарды өндіру және жөндеуді; музыкалық аспаптарды дайындау мен жөндеуді; зергерлік бұйымдарды және асыл металдардан жасалған бұйымдарды дайындауды; қыш-құмыра бұйымдарын, фарфор ыдыстарды, керамикалық және шыны ыдыстарды жасауды; түрлі бұйымдарды әшекейлеу мен безендіруді; ағаштан, тоқымадан, былғарыдан және ұқсас материалдардан көркем кәсіпшілік туындыларын дайындауды; баспа және түптеу жұмыстарын қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Осы кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 730 Қолөнершілердің, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 731 Қолөнершілер**
- 732 Дәл (жоғары дәлдікті) құрал-саймандар бойынша жұмысшылар**
- 733 Полиграфия жұмысшылары**
- 734 Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар жөніндегі жұмысшылар**

730-ШАҒЫН ТОП**ҚОЛӨНЕРШІЛЕРДІҢ, ДӘЛ (ЖОҒАРЫ ДӘЛДІКТЕГІ) ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР, ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР (БРИГАДИРЛЕР)**

Қолөнершілердің, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) дәл (прецизиондық) құрал-саймандарды, музыкалық аспаптарды, зергерлік бұйымдарды, керамикалық және шыны бұйымдарды дайындаумен байланысты ұйымның жеке бөлімшесі шеңберінде өндірістік қызметті қадағалайды, сондай-ақ типографияда басып шығару процесін қадағалайды және тиісті жұмысшыларға басшылық етеді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: техникалық талаптарды және өндірістік тапсырыстарды түсіндіруді; жұмыстардың реттілігін және пайдалануға арналған қажетті жабдықтарды анықтауды; персоналдың немесе қажетті материалдардың жетіспеушілігін анықтауды; жұмысшылар арасында міндеттерді бөлуді; дәл (прецизиондық) құрал-саймандар жөніндегі жұмысшылардың, полиграфия және картография жұмысшыларының қызметін бақылау мен үйлестіруді; орындалып жатқан жұмысқа қатысты барлық мәселелер бойынша жоғары тұрған басшыларға есептер және басқа да ақпарат ұсынуды; жаңа қызметкерлерге нұсқау беруді және үйретуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7300 Қолөнершілердің, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

ҚР МЖ 01-2017

7300 Қолөнершілердің, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Қолөнершілердің, дәл (жоғары дәлдіктегі) құрал-саймандар, полиграфия және картография жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) дәл (прецизиондық) құрал-саймандарды, музыкалық аспаптарды, зергерлік бұйымдарды, керамикалық және шыны бұйымдарды дайындаумен байланысты ұйымның жеке бөлімшесі шеңберінде өндірістік қызметті қадағалайды, сондай-ақ типографияда басып шығару процесін қадағалайды және тиісті жұмысшыларға басшылық етеді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- техникалық талаптарды және өндірістік тапсырыстарды түсіндіру;
- жұмыстардың реттілігін және пайдалануға арналған қажетті жабдықтар мен материалдарды анықтау;
- персоналдың немесе қажетті материалдардың жетіспеушілігін анықтау;
- жұмысшылар арасында міндеттерді бөлу;
- дәл (прецизиондық) құрал-саймандар жөніндегі жұмысшылардың, полиграфия және картография жұмысшыларының қызметін бақылау және үйлестіру;
- орындалып жатқан жұмысқа қатысты барлық мәселелер бойынша жоғары тұрған басшыларға есептер және басқа да ақпарат ұсыну;
- жаңа қызметкерлерге нұсқау беру және үйрету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Шыны өндірісіндегі бригадир

Монета-орден өндірісінің бақылаушысы

Дәл (прецизиондық) құрал-саймандар бойынша технологиялық процесті бақылаушы

Сағат және тас өндірісінің бақылаушысы

731-ШАҒЫН ТОП**ҚОЛӨНЕРШІЛЕР**

Қолөнершілер өздерінің жұмыстарында прецизиондық құрал-саймандарды, музыкалық аспаптарды, зергерлік бұйымдарды және асыл металдардан, керамикадан жасалған басқа да бұйымдарды, сондай-ақ фарфор ыдыстарды жобалау, дайындау, жөндеу, техникалық қызмет көрсету және көркемдік безендіру мақсатында көркемдеу дағдыларын және білікті қол жұмысы дағдыларын үйлестіреді. Олар шыныдан, керамикадан, тоқымадан, сабаннан, тастан, ағаштан және былғарыдан түрлі бұйымдарды оюдың, қалыптаудың, монтаждаудың, өрудің және декорациялаудың дәстүрлі және/немесе жақында ойлап табылған әдістерін қолданады.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналады: музыкалық және прецизиондық құрал-саймандарды дайындау, теңшеу, жөндеу, техникалық қызмет көрсету және орнатуды; зергерлік бұйымдарды, ритуалдық немесе діни бұйымдарды, алтыннан, күмістен, басқа да асыл металдардан немесе жарқырауық тастардан бұйымдар дайындау, құрастыру, жөндеу немесе бағалауды; жарқырауық тастарды және алмаздарды қоса алғанда, асыл және жартылай асыл тастарды кесу, өңдеу, жылтырату және салуды, сондай-ақ зергерлік бұйымдарға және асыл металдардан жасалған бұйымдарға нақыш салуды; қолмен немесе машинаны пайдалана отырып қыш-құмыра бұйымдарын, фарфор ыдыстарды, санитариялық-техникалық бұйымдарды, кірпіштерді, плиталарды және абразивті дөңгелектерді жасауды; шыныны үрлеу, қалыптау, баспақтау, кесу, тілу, ажарлау және жылтыратуды немесе қалыптарды пайдаланып балқыған шыныны қалыптауды; ағаштан, металдан, тоқымадан, шыныдан, керамикадан және тағы басқа материалдардан декоративтік бұйымдар жасауды, сондай-ақ маңдайша жазуларын дайындау үшін әріптерді, фигураларды, монограммаларды және өрнектерді әзірлеу, белгілеу және салуды; ағашты, жүзім сабағын, сабанды, ротангты, құрақты, тасты, сазды, бақалшықтарды және басқа да материалдарды кептіру немесе сіндіру сияқты дәстүрлі әдістерді қолдануды, сондай-ақ жеке немесе тұрмыста қолдануға арналған немесе декоративтік мақсаттардағы түрлі бұйымдарды ою, қалыптау, құрастыру, тоқу немесе әшекейлеу және безендіруді; өрілетін жиһазға материалдар дайындауды, түрлі себеттерді жасауды; тоқылған материалдарды, тоқылған, кестелі және тағы басқа киім-кешек бұйымдарын және үй тұрмысы бұйымдарын дайындау үшін дәстүрлі әдістер мен модельдерді қолдану.

Аталған кіші топты кәсіптері мынадай бастауыш топтарға кіреді:

- 7311 Музыкалық аспаптар бойынша қолөнершілер**
- 7312 Зергерлік бұйымдары бойынша қолөнершілер**
- 7313 Саз, керамика және ұқсас материалдар бойынша қолөнершілер**
- 7314 Шыны және линзалар бойынша қолөнершілер**
- 7315 Ағаш бойынша қолөнершілер (жиһаз жасаудан басқа)**
- 7316 Тоқыма, былғары, тері және ұқсас материалдар бойынша қолөнершілер**
- 7317 Өрнек салу, декораторлық жөніндегі суретшілер мен жұмысшылар, нақыштаушылар және қырнаушылар**
- 7319 Б.т.к. қолөнершілер**

ҚР МЖ 01-2017

7311 Музыкалық аспаптар бойынша қолөнершілер

Музыкалық аспаптар бойынша қолөнершілер музыкалық аспаптарды жасайды, құрастырады, жөндейді, реттейді және қалпына келтіреді, сондай-ақ оларды қол немесе механикалық құралдарды көмегімен теңшейді. Олар әдетте бір үлгідегі аспаптарға маманданады, мысалы, ішекті аспаптар, үрмелі жез аспаптар, тілдік музыкалық аспаптар, фортепиано немесе ұрмалы аспаптар.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- музыкалық аспаптарды және аспаптар детальдарын ағаштан, эбониттен, металдан, былғарыдан және басқа да материалдардан жасау және құрастыру;
- музыкалық аспаптар детальдарын және ішектер, тиектер, шұға және клавиштер сияқты компоненттерін қол және механикалық құрал-саймандарды пайдаланып жөндеу немесе ауыстыру;
- музыкалық аспаптардың дыбыс шығару сапасын бағалау үшін және дефектілерін анықтау үшін оларда ойнау;
- ішекті аспаптардың қажетті үніне немесе дыбыс шығару жоғарылығына жету үшін ішектерін тартып реттеу;
- лабиаль, тілдік трубалардың немесе органдар трубалары аяқтарындағы саңылауларды ауа ағынын және дыбыс қаттылығын реттеуге арналған қол құралдарын пайдалана отырып реттеу;
- камертонның дыбыс шығару жоғарылығы көмегімен орган трубаларының дыбыс шығару жоғарылығын «до» нотасы үшін реттеу арқылы орган трубаларын теңшеу және қызмет көрсету, сондай-ақ басқа трубалардың дыбыс шығару жоғарылығын теңшелген трубалар жоғарылығына қатысты теңшеу;
- ұрмалы аспаптардағы барабандарда теріні тарту;
- аккордеондарды тілшіктердің дыбыс жоғарылығын негізгі үнмен салыстырып есту арқылы теңшеу және дыбыс шығарудың стандартты жоғарылығына жету үшін тілшіктерді өңдеу;
- тілдік және үрмелі аспаптардың батырмаларын және клавиштерін реттеу;
- ұрмалы аспаптарды қажетті дыбыс шығару жоғарылығына жету үшін аспаптың жоғарғы бөлігінде немесе екі жағында орналасқан ішектерге арналған былғары декаларды тарту немесе босату арқылы теңшеу;
- ғимараттарда жаңа орган трубаларын және фортепианоларды монтаждау және орнату.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Музыкалық аспаптарды жеке тапсырыс бойынша жасаушы

Клавиатурашы

Фортепиано мен рояльдарды теңшеуші

Тілдік аспаптарды теңшеуші

Музыкалық аспаптарды қаптаушы

Үрмелі аспаптар реставраторы

Ұрмалы аспаптарды құрастырушы

7312 Зергерлік бұйымдары бойынша қолөнершілер

Зергерлік бұйымдары бойынша қолөнершілер зергерлік әшекейлерді, ритуалдық немесе діни бұйымдарды, алтыннан, күмістен, басқа да бағалы металдардан немесе жарқырауық

тастардан жасалған бұйымдарды жобалайды, дайындайды, жөндейді, реставрациялайды немесе бағалайды, нақыштау және өрнектеу жұмыстарын орындайды. Олар жарқырауық тастар мен алмаздарды қоса алғанда, асыл және жартылай асыл тастарды қырлайды, үшкірлейді, жылтыратады және салады, сондай-ақ зергерлік әшекейлерге және асыл металдардан жасалған бұйымдарға нақыш салады, өнеркәсіптік алмаздарды бедерлейді және ажарлайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- түсті металдардан қолмен әшекейлерді және басқа да бұйымдарды құю;
- жаңа зергерлік әшекейлердің дизайнын жасау және бар дизайндарын өзгерту, қажет болған жағдайда – компьютерлерді пайдалану арқылы;
- металл және зергерлік бұйымдарды дайындау кезінде модель ретінде пайдалану үшін үлгілерде немесе тағы басқа материалдарда суреттер ою;
- асыл тастардың орнын ауыстыру немесе жиектемелерін реттеу мақсатында зергерлік бұйымдардың жиектемелерін өзгерту;
- ескі зергерлік бұйымдарды немесе асыл металдардан жасалған бұйымдарды олардың дизайндарына немесе нұсқаулықтарға сәйкес жөндеу, қалпына келтіру және жаңарту;
- сақина, алқа, танамоншақ және білезік сияқты дайын зергерлік әшекейлерді алтын, күміс, платина және асыл немесе жартылай асыл тастар сияқты материалдардан жасау;
- жарқырауық тастардың сыртқы бетін және ішкі құрылымдарын тастар арасында айырмашылықтарды белгілеу үшін, сирек түрлерін анықтау үшін немесе жарқырауық тастардың бағаларына әсер ететін кемшіліктерін, ақауларын немесе ерекшеліктерін анықтау үшін полярископтарды, рефрактометрлерді, микроскоптарды және басқа да оптикалық аспаптарды пайдаланып қарау;
- асыл тастарды бедерлеу және ажарлау және оларды зергерлік бұйымдарға орнату;
- асыл тастардан және асыл металдардан жасалған бұйымдарға әріптерді, суреттерді немесе декоративтік сызықтарды нақыштау немесе ою;
- компас және хронометр сияқты прецизиондық құрал-саймандарда пайдалану үшін асыл тастардан жасалған мойынтіректерді ажарлау, бұрғылау және өңдеу;
- құрастырылған немесе дайын бұйымдардың ерекшеліктерге сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оларды ұлғайтқыш шыныны немесе прецизиондық өлшеу аспаптарын пайдалану арқылы қарау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кәріптастан көркемдік бұйымдарды жасаушы

Алмаздарды гауһарларға бедерлеуші

Зергерлік және көркемдік бұйымдарға ендірімелерді бедерлеуші

Көркемөнер бұйымдарды алтынмен жалатушы (зергерлік бұйымдар)

Алмаздарды кесуші

Зергер (жалпы бейін)

Зергер-нақышшы

7313 Саз, керамика және ұқсас материалдар бойынша қолөнершілер

Саз, керамика және ұқсас материалдар бойынша қолөнершілер қолмен немесе машинаны пайдалану арқылы қыш-құмыра бұйымдарын жасайды, керамикалық, абразивті, фарфор, фарфор-фаянс, электрокерамикалық бұйымдарды және құрылыс керамикасы бұйымдарын өңдейді және престейді.

ҚР МЖ 01-2017

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қыш-құмыра өндірісі бұйымдарын және фарфор бұйымдарын жасау;
- саздан немесе гипстан қалыптар дайындау;
- клиент талаптарын зерделеу мақсатында техникалық сызбаларды оқу;
- қажетті пішіндегі және өлшемдегі бұйымды жасау үшін көзеші ұршығында қолмен қалыптастыру арқылы бұйымдар жасау;
- бұйымдардың қалыптасуына және ыдыстар қабырғаларының жұқаруына қарай ұршықтың айналу жылдамдығын реттеу;
- ваза, шыны-аяқ, тәрелке және табақша сияқты керамикалық ыдыстарды жасауға арналған көзеші машиналарын басқару, қыш-құмыра бұйымдарын қалыптастыру және пешке салу;
- саз бөліктерін араластыратын, сығып шығаратын, кесетін және қалыптарға немесе қалыптардың үстіне салатын сазилегіштерді басқару органдарын реттеу және теңшеу;
- дайын бұйымдардың бетін резеңке қырғыштарды және дымқыл губкаларды пайдаланып тегістеу;
- пластикалық және ұнтақты қоспалардан құрылыс керамикасы бұйымдарын және электрокерамикалық бұйымдарды қалыптастыру және престеу;
- абразивті қоспаларды қолмен немесе машинамен қалыптау және престеу арқылы абразивті дөңгелектер жасау;
- дайын бұйымдарды дефектілерін анықтау мақсатында қарау және заттардың пішіндері мен өлшемдерінің дәлдігін штангенциркульдер мен шаблондарды пайдаланып тексеру;
- жұмыстарды сатуға немесе көрмеге шығаруға дайындау және жұмыстарды сатуға немесе көрмелерді өткізуге көмектесу мақсатында бөлшек сауда саудагерлерімен, сондай-ақ көзешілер қоғамдастығы, өнер және ресурстық желілер өкілдерімен байланыста болу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Көзеші

Гипс қалыптарды калибрлеуші

Құрылыс керамикасы бұйымдарын престеуші

Абразивті бұйымдарды керамикалық біріктірілмеде қалыптаушы

Құрылыс керамикасы бұйымдарын қалыптаушы

Фарфор және фаянс бұйымдарын қалыптаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Фарфор және фаянс бұйымдарын ажарлаушы оператор – 8181

Фарфор және фаянс бұйымдарын құюшы – 8181

7314 Шыны және линзалар бойынша қолөнершілер

Шыны және линзалар бойынша қолөнершілер шыныны үрлейді, қалыптайды, престейді, кеседі, тіледі, ажарлайды және жылтыратады, сондай-ақ балқыған шыныға дайын қалыптарды пайдаланып пішін береді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- шыныны газ жанарғыларын немесе пештерді пайдаланып иілгіш күйге жеткенше қыздыру, сондай-ақ бірқалыпты қыздыру үшін шыныны айналдыру;

- колба, реторта және тамызғыш сияқты ғылыми аспаптарды алу үшін дроттарды үрлеу және ию;
- дефектілерін үшін немесе одан әрі өңдеу, қылауларын тегістеу және жылтырату үшін шыны объектілерді немесе детальдарды ажарлағыш таспалы білдектерді немесе жылтыратқыш дисктерді пайдаланып ажарлау және жылтырату;
- шыны шикізатын және дайын бұйымдарды қарау, сондай-ақ маркалау немесе дақ, бедер, тыртық, томпақтық, нақыс, сызат сияқты дефектілері бар немесе пішіні қолайсыз немесе дұрыс өңделмеген бұйымдарды жарамсыз деп табу;
- кесілетін материалдың өлшемдерін, кесілетін жерлерін және санын анықтау үшін жұмысты орындау нарядтарымен танысу;
- өлшеу аспаптарын, компьютерден басылғандарды және бейнемониторларды қажетті өңдеу шарттарының сақталуын тексеру және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізу үшін бақылау;
- шыныға шаблондарды немесе суреттерді қою, өлшемдерін өлшеу және шыны кесуге арналған құрал-саймандарды пайдаланып кесу сызығын белгілеу, сондай-ақ белгіленген контур немесе шаблондар бойынша шыныны кесу;
- шыны кесуге арналған компьютерлендірілген немесе роботтандырылған жабдықтарды теңшеу, пайдалану және реттеу;
- бұйымдарды ерекшеліктерге сәйкестігін тексеру үшін микрометр, штангенциркуль, ұлғайтқыш аспап және сызғыш сияқты аспаптарды қолданып қарау, салмағын және өлшемдерін өлшеу;
- өңделетін шыны түріне сәйкес пеш температурасын реттеу;
- витраждың жекелеген детальдары үшін өрнектерді толық масштабты сызбалардан трафареттік қағазға сызбаны көшіруге арналған қаламұшты қолданып көшіру;
- шағылыстыратын бетті алу үшін күміс ерітіндісін бояғыш пистолеттерді пайдаланып шыныға шашырату;
- оптикалық және басқа да шыныны берілген өлшемдеріне сәйкес белгілеу, кесу және ажарлау және сағат әйнектері ретінде қолдануға арналған линза дайындамаларын жасау үшін салмақтарын өлшеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Шыны массасын жинаушы

Шыныны және шыны бұйымдарын жылтыратушы

Ыстық шыныны престеуші

Шыны кесуші

Шыны үрлеуші

Шыныдан детальдарды қалыптаушы

Шыныны ажарлаушы

Басқа бастауыш топтамаларға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Әйнекші - 7125

Пеш операторы (шыны өндірісі) – 8181

7315 Ағаш бойынша қолөнершілер (жиһаз жасаудан басқа)

Ағаш бойынша қолөнершілер (жиһаз жасаудан басқа) өрілген бұйымдарды, ағаштан және ұқсас материалдардан бұйымдар жасайды, ағаштың бағалы түрлерін, жүзім сабағын, дөңбекті, ағаш тамыры безін, тозды дайындайды, таңдайды және өңдейді; ағашты,

ҚР МЖ 01-2017

сабанды, ротангты, құрақты, сазды, бақалшықты және тағы басқа материалдарды дайындау үшін кептіру немесе сіндіру сияқты дәстүрлі әдістерді пайдаланады, жеке немесе үй тұрмысында қолдануға арналған немесе декоративтік мақсаттағы түрлі бұйымдарды ояды, қалыптайды, құрастырады, тоқиды немесе бояйды және безендіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ағашты, жүзім сабағын, ағаш тамыры безін, тозды, құрақты, бақалшықты немесе ұқсас материалдарды дайындап қою;
- декоративтік мақсатта ағаш беттерінде гүлдерді және көркемдік мотивтерді ою;
- ағаш бетінде қолмен декоративтік өрнектерді салу;
- нан салғыштарды, салат салғыштарды, үстелді даярлау қасықтарын, турау тақтайларын, подностарды, вазаларды, құмыраларды, себеттерді, сабан қалпақтарды, сабаннан жасалған бұйымдарды және ұқсас заттарды қоса алғанда, жеке немесе тұрмыстық мақсатта қолдануға арналған түрлі заттарды ою, құрастыру, тоқу, сурет салу және безендіру;
- мүсіншелерді және басқа да мүсіндік туындыларды, шахмат тастарын, зергерлік әшекейлерді, ағаш ойыншықтарды және ұқсас заттарды қоса алғанда, түрлі декоративтік заттарды ою, құрастыру және сурет салу;
- құрақтан, жүзім сабағынан және ұқсас материалдардан өрілген жиһазды жасау;
- сабаннан, ағаш тамыры безінен және тоздан көркемдік бұйымдарды тоз бетіне ою және өрнек салу арқылы жасау;
- өрілген жүзім сабағынан, ротангтан, құрақтан, қамыстан және ұқсас материалдардан декоративтік және тұрмыстық қолдануға арналған түрлі себеттерді жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ағаш тамыры безін булаушы

Өрілген бұйымдарды жасаушы

Жүзім сабағынан көркемдік бұйымдарды жасаушы

Папье-машені егеуші

Ағаш пен тоз кесуші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ағаш өңдейтін станоктарда жұмыс істейтін станокшы- 7521

Ою салатын станок операторы (ағаш бетінде) – 8172

7316 Тоқыма, былғары, тері және ұқсас материалдар бойынша қолөнершілер

Тоқыма, былғары, тері және ұқсас материалдар бойынша қолөнершілер тоқымалы материалдарды, тоқылған, кестелі, тоқымалы және тағы басқа киім-кешек бұйымдарын және үй тұрмысындағы бұйымдарды, сондай-ақ дәстүрлі аяқкиімді, сөмкелерді, белдіктерді және тағы басқа аксессуарларды дайындау үшін дәстүрлі техника мен модельдерді пайдаланады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жүнді, мақтаны және басқа да маталарды иіру және табиғи бояулармен бояу;
- түрлі киім-кешек бұйымдарын және үй тұрмысы заттарын дайындау үшін шілтері өру, тоқыма, тоқу немесе кестелеу;

- аң терілерін, былғарыны дайындау және табиғи бояулармен бояу және дәстүрлі аяқкиімдерді, сөмкелерді, белдіктерді және басқа да аксессуарларды жасау;
- батик техникасындағы маталардан көркемдік-декоративтік бұйымдарды, ұлттық бас киімдерді, интерьерге арналған бұйымдарды, мата бетіне түрлі техникамен сурет салынған орнаменттік және тақырыптық композицияларды жасау;
- біртүсті және түрлі түсті маталарды, декоративтік матаны, шілтерілерді, кілемдерді немесе басқа да маталарды қол тоқыма станогінің көмегімен тоқу;
- түйіндер тоқу әдісімен кілем тоқу;
- қолмен басқарылатын машиналарда немесе қолмен киім және басқа да бұйымдарды тоқу;
- ілгекпен тоқу немесе қолмен тоқыма бау дайындау;
- шаблондар дайындау және былғары мен үлбірді пішу, былғарыдан және үлбірден көркемдік бұйымдар құрастыру және оларды машиналарда тігу, үлбір және былғары бұйымдарды көркемдеп кестелеу, оларды фактуралық тігіспен, аппликациямен өңдеу;
- ауларды қолмен жасау;
- табиғи тоқыма талшығының сортын және класын анықтау;
- талшықтан жіптер ширату, ширатылған жіптерді тарау, кенепке біріктіру немесе ширатылған жіптерден ровница жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Былғары мен үлбірде кесте тігуші

Көркем өрнектелген маталардан бұйымдар жасаушы

Былғарыдан көркем бұйымдар жасаушы

Кілем тоқушы

Былғары бояушы

Теріден және үлбірден бұйымдар жасаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Түту жабдығының операторы – 8151

Тоқу-тігу жабдығының операторы – 8152

Тоқыма машинасының операторы – 8152

7317 Өрнек салу, декораторлық жөніндегі суретшілер мен жұмысшылар, нақыштаушылар және қырнаушылар

Өрнек салу, декораторлық жөніндегі суретшілер мен жұмысшылар, нақыштаушылар және қырнаушылар шыныдан жасалған бұйымдарға сурет, ою-өрнек, композици, салады, фарфорфаянсты, майоликті бұйымдарды, металды подностарды, панноларды және метал мен ағаштан жасалған басқа да бұйымдарды көркем өрнектеуді орындайды, бұйымдардың эмальді беттеріне өрнек салады, бендендіру, жарнамалық және қаріптік сипаттағы көркемдеу жұмыстарын орындайды. Олар эскиздер жасайды, маңдайшаларға арналған әріптерді, фигураларды, монограммалар мен бедерлерді жасайды, сондай-ақ шыны және басқа да бұйымдардың бетіне өрнектік және гүлді өрнектерді нақыштайды және қырнайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- декоративтік өрнектерді қолмен және қыш бұйымдар, шыны, портсигаралар немесе абажуралар сияқты бұйымдарға салады;

ҚР МЖ 01-2017

- декоративтік және ою-өрнек суреттерін қағаз трафареттерден бұйымдарға көшіру және бұйымдарға бояумен, эмальмен, лакпен және басқа да материалдармен өрнек салу;
- қажетті эффект алу үшін идеяларды, эмоцияларды және көңіл-күйді қоса алғанда, сызықтар, кеңістік, көлем, түс және перспектива сияқты бейнелеу элементтерін жинақтау және әзірлеу;
- маңдайшалар жасау үшін бір немесе бірнеше тілдегі әріптерді, фигураларды, монограммаларды және суреттерді белгілеу және салу;
- эскиздер мен набросоктарды жасау, шаблондар мен трафареттер дайындау үшін дайындамаларға немесе трафареттік материалдарға әріптерді басу;
- маңдайшалар, ыдыстар, қыш бұйымдар немесе мырышты пластиналар сияқты бұйымдарға басу үшін шаблондар немесе әріптер жасау;
- қарапайым жазық қиылған әріптерді, винилдің немесе пайдалануға даяр терілген әріптердің көмегімен қарайтылған әріптерді әзірлеу және жасау;
- көрсету немесе басқа да мақсаттарда маңдайшаларды немесе жарнамалық ашық хаттарды жазу, салу немесе басып шығару;
- әріптер мен маңдайшаларды назарға ұсыну үшін қаптау парақтарынан немесе картоннан қолмен немесе электрлік пышақты аралар немесе лента аралайтын станоктар сияқты машиналарды пайдалану арқылы оларды қию;
- қырнау, қию немесе өңделетін бұйымдарда нақыштау үшін суреттерді таңдау мақсатында эскиздерді, диаграммаларды, үлгілерді, жарық көшірмелерін немесе фотографияларды қарау;
- нақыштау үшін әріптердің, суреттердің немесе өрнектердің өлшемдерін өлшеу және есептеу;
- түрлі металды, шыны, пластмасса немесе керамикалық бұйымдардың жазық немесе қисықсызықты беттеріне өрнектерді, ою-өрнектерді, нақыштарды, тауарлы белгілерді, фигураларды немесе әріптерді нақыштау және басу;
- шыны бұйымдарда декоративтік өрнектерді, калибрлеу белгілерін және басқа да бейнелерді қырнау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Шыны бойынша нақыштаушы

Клишист

Витриналарды безендіруші

Ойыншықтарға сурет салушы

Шыны бойынша сурет салушы

Фарфор және керамика бұйымдарына сурет салушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Сырлаушы, ғимараттар – 7132

Ағаш лактаушы– 7133

Машина операторы, шыныдан жасалған бұйымдарға өрнек салу – 8181

Машина операторы, керамика бұйымдарына өрнек салу – 8181

7319 Б.т.к. қолөнершілер

Осы топқа дәстүрлі қолөнермен айналысатын және басқа бастауыш топтарға кірмейтін қолөнершілерді қамтиды. Мысалы, осы топқа асыл емес металдармен, табиғи таспен жұмыс істейтін қолөнершілер, сондай-ақ көрнекі құралдарды, оның ішінде сүйектен,

мүйізден, янтарьдан және ұқсас материалдардан жасаушылар мен реставраторлары кіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- металдан көркемөнер бұйымдарын жасау, химиялық-термиялық өңдеу және, метал бойынша дәнекерлеу, ұсталау және жылтырату жұмыстары;
- клепканың, қаріптердің және резьбалық бірікпелердің көмегімен металды бұйымдарды монтаждау, детальдарды жабыстыру және оларға эмаль жағу, белгіленген рецептура бойынша желімдер дайындау;
- сызбалар мен шаблондар бойынша гипстен мүсіндердің макеттерін және мәтіні бар мемориалдық тақталарды жасау;
- мүсін туындыларын және сәулет детальдарын тотықтау және тондау;
- түрлі материалдардан муляждарды құю, тазарту, мүсіндік өңдеу және көркем өрнектеу, муляждарды тақырыптар мен ассортимент бойынша таңдау;
- табиғи шикізаттан геологиялық үлгілерді дайындау және жасау, минералдар мен тау жыныстарын жару, тастарды препараттау;
- папье-машеден, мастикадан, пластика массасынан, балауыздан және басқа да материалдардан көрнекі құралдардың модельдерін жасау, берілген рецептура бойынша мастика мен түрлі массаларды дайындау, модельдердің бөліктерін жинау және желімдеу;
- янтарьға аяқталған түр беру үшін оны қатайту, аралау және тегістеу;
- янтарьдан көркемөнер бұйымдарын жасау, оларды қырлау, жылтырату және глянецтеу, металды детальдарды жинау және монтаждау;
- сүйектен және мүйізден жасалған көркемөнер бұйымдарын токарлық, фрезерлік және бұрғылау станоктарында өңдеу, ішкі саңылаулары бар бұйымдарды жасау;
- үлгі бойынша ажура және бедерлі техникамен сүйек пен мүйіз бойынша көркемдеп кесу, бұйымдарды монтаждау, жинау, детальдар мен тораптарды бекіту, желімдеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің мысалдары:

Металдан мүсін-көркемөнер бұйымдарын жасаушы

Ойыншықтарға арналған материалдарды бояушы

Муляжист

Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдарды өңдеуші

ДӘЛ (ЖОҒАРЫ ДӘЛДІКТІ) ҚҰРАЛ-САЙМАНДАР БОЙЫНША ЖҰМЫСШЫЛАР

Дәл (жоғары дәлдікті) құрал-саймандар бойынша жұмысшылар навигациялық, метеорологиялық, оптикалық және басқа да прецизиондық құрал-саймандар мен жабдықты, механикалық қол және қабырға сағаттарын жасайды, калибрлейді, жөндейді, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, реттейді және орнатады, сондай-ақ дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды теңшейді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: қол және қабырға сағаттары сияқты сағат механизмдерін жөндейді, тазалауды және реттеуді; өлшеу және басқа да электрондық аспаптарды пайдалану арқылы сағаттардың дәлдігі мен жұмысқа жарамдылығын сынақтан өткізуді; ақаулы компоненттерін және стандарттарға сәйкестігін анықтау үшін есептегіштердің, өлшеу аспаптарының немесе басқа да тіркейтін және бақылау құрылғыларының дәлдігін тексеруді; барометрлер, қайта іске қосу клапандары, гироскоптар, гигрометрлер, спидометрлер, тахометрлер және термостаттар сияқты құрал-саймандар мен аспаптарды құрастыруды; электрондық, сынаптық, анероидтық және метеорологиялық аспаптардың басқа да түрлеріннің жарияланған ерекшеліктерге және принциптік схемаларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін вольтметрлерді, осциллографтарды, электрондық лампаларды тексеруге арналған құрылғыларды және басқа да бақылау-өлшеу құрылғыларын пайдалану арқылы оларды сынақтан өткізуді, калибрлеуді және реттеуді; микроскоптар, телескоптар, тедолиттер және секстанттар сияқты оптикалық құрал-саймандарды жөндейді және теңшеуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7320 Дәл (жоғары дәлдікті) құрал-саймандар бойынша жұмысшылар

7320 Дәл (жоғары дәлдікті) құрал-саймандар бойынша жұмысшылар

Дәл (жоғары дәлдікті) құрал-саймандар бойынша жұмысшылар навигациялық, метаорологиялық, оптикалық және басқа да прецизиондық құрал-саймандар мен жабдықты, механикалық қол және қабырға сағаттарын жасайды, калибрлейді, жөндейді, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, реттейді және орнатады, сондай-ақ дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды теңшейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қол және қабырға сағаттары сияқты сағат механизмдерін жөндеу, тазарту, және реттеу;
- штангенциркульді, сағат жүрісінің фиксаторларын және ұстағыштарды пайдалану арқылы сағат жүрісін реттеуіштерді реттеу;
- сағаттарды жууға арналған ерітінділер мен ультрадыбыстық және механикалық құрылғыларды пайдалану арқылы сағаттардың детальдарын тазарту, шаю және кептіру;
- өлшеу және басқа да электрондық аспаптарды пайдалану арқылы сағаттарды дәлдікке және жұмысқа жарамдылыққа сынақтан өткізу;
- ақаулы компоненттерін және стандарттарға сәйкестігін анықтау үшін есептегіштердің, өлшеу аспаптарының немесе басқа да тіркейтін және бақылау құрылғыларының дәлдігін тексеру;
- қол құрал-сайманын, компьютерлерді немесе электрондық аспаптарды пайдалану арқылы құрал-саймандар мен таразыларды калибрлеу;
- ақаулықтарын анықтау үшін компоненттерді, бірікпелерді және жетек құрылғыларды тексеріп қарау;
- барометрлер, қайта іске қосу клапандары, гироскоптар, гигрометрлер, спидометрлер, тахометрлер және термостаттар сияқты құрал-саймандар мен аспаптарды құрастыру;
- электрондық, сынаптық, анероидтық және метеорологиялық аспаптардың басқа да түрлерінің жарияланған ерекшеліктерге және принциптік схемаларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін вольтметрлерді, осциллографтарды, электрондық лампаларды тексеруге арналған құрылғыларды және басқа да бақылау-өлшеу құрылғыларын пайдалану арқылы оларды сынақтан өткізу, калибрлеу және реттеу;
- микроскоптар, телескоптар, тедолиттер және секстанттар сияқты оптикалық құрал-саймандарды жөндеу мен теңшеу;
- ерекшеліктерге сәйкес агрегаттардың жұмысқа жарамдылығын тексеру және стандартты сынақтан өткізу арқылы көзделген көрсеткіштері мен беріктігін қамтамасыз ету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сағат детальдарын тісжылтыратушы

Протездік-ортопедиялық бұйымдар механигі

Хирургиялық құра-саймандар мен аппараттарды құрастырушы

Механикалық сағаттарды жөндеу жөніндегі сағатшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Прецизиондық оптика жөніндегі техник - 3129

Құлып жасау жөніндегі слесарь— 7222

ҚР МЖ 01-2017

733-ШАҒЫН ТОП

ПОЛИГРАФИЯ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Полиграфия жұмысшылары басып шығаруға дайындау барысында тереді, басып шығару престерін теңшеп, пайдаланады, баспа өнімін түптеп, ресімдейді, трафареттерді дайындайды және трафареттік баспа жабдығын басқарады.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: фоторепродукцияланатын түпнұсқа-макеттерді пленкада, баспа нысандарында және шығарудың цифрлық құрылғыларында көрсету үшін репродукциялық фотокамераларды және басқа да фотожабдықты басқаруды; сканирлеу, түсті бөліп көрсету және түсті түзету, ретуша және баспа нысандарын, цилиндрлерін және цифрлық шығару үшін көшірмелерді пленкаға ауыстыруға және пленканы жаңғыртуға арналған басқа да процестер үшін монитормен жабдықталған компьютерлік жабдықты пайдалануды; типографиялық теру, көшірмелерді фотоға түсіру, баспа материалдарын басып шығару және қию, фальцтеу, компоновкалау және түптеу үшін пайдаланылатын машиналарды теңшеу, пайдалану және мониторингілеуді; машиналарды жоспарлы ақырғы өңдеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді; трафареттерді дайындауды және трафареттік баспа жабдығын пайдалануды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

7331 Полиграфияның басып шығаруға дейінгі кезеңінің жұмысшылары

7332 Полиграфиядағы баспагерлер

7333 Әрлеушілер және түптеушілер

7331 Полиграфияның басып шығаруға дейінгі кезеңінің жұмысшылары

Полиграфияның басып шығаруға дейінгі кезеңінің жұмысшылары мәтінді және графикалық бейнелерді басып шығарудың түрлі процестерінде қолдануға болатындай және басқа көру құралдары жаңғырта алатындай нысанда түзетеді, форматтайды, тереді және құрады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- фоторепродукцияланатын түпнұсқа-макеттерді пленкада, баспа нысандарында және шығарудың цифрлық құрылғыларында көрсету үшін репродукциялық фотокамераларды және басқа да фотожабдықты басқару;
- баспа және көзбен көру арқылы қабылданатын басқа да ақпаратты тасымалдағыштарда көрсету үшін бейнелерді, мәтіндерді, түпнұсқа-макеттерді және сызықтар түсулерін жасау үшін компьютерлік қосымшаларды қолдауну;
- бейнелерді пленкадан баспа нысандарында, шығарудың цифрлық құрылғыларында және баспа машинкаларында жаңғырту мақсатында баспа нысандарын жасауға арналған жабдықты басқару;
- сканирлеу, түсті бөліп көрсету және түсті түзету, ретуша және баспа нысандарын, цилиндрлерін және цифрлық шығару үшін көшірмелерді пленкаға ауыстыруға және пленканы жаңғыртуға арналған басқа да процестер үшін монитормен жабдықталған компьютерлік жабдықты пайдалану;
- цифрлық жүйелерде цифрлық және химиялық түзеуді, сондай-ақ негативті және позитивті пленкаларды орындау;
- сапасын қамтамасыз ету үшін сынама баспа таңбаларын бағалау, оларды тексеру және корректуралау;
- бейнелерді алмастыру және көрсету әдісімен цилиндрге ауыстыру үшін пигменттік қағазды дайындау және экспонаттау;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Баспа нысандарын нақыштаушы

Баспа нысандарын жасаушы

Трафареттерді, шкалаларды және плиталарды жасаушы

Теру-басып шығару машинкаларында теруші

Терең баспа нндарын

Қырнаушы

Фотоцинкограф

7332 Полиграфиядағы баспагерлер

Полиграфиядағы баспагерлер цифрлық, типографиялық, офсеттік, флексографиялық, терең баспа, газет және басқа да баспа машиналарын теңшейді және пайдаланады.

В их обязанности входит:

- баспалау машинасының түптөсімі, ілгерілету механизмі, бояу аппараты және басқа функциональды компоненттері арқылы қуат көзі бар тетіктерді баптау, қалыпты күйге келтіру және бақылау;
- стандарттарға сәйкес бояу мен ерітінділерді араластыру және басып шығару кезінде қағаздың және бояудың берілуін реттеу;

ҚР МЖ 01-2017

- сынама іздердің негізінде баспа сапасын қамтамасыз ету үшін баспа машиналарын монитоингілеу, бағалау және айқындау, сондай-ақ ақаулықтарын анықтау;
- цифрлық, ротациялық, офсеттік, флексографиялық баспа машиналары мен терең баспа машиналарын, сондай-ақ баспа машинасымен агрегатталған әрлеу жүйелерін пайдалану арқылы түрлі баспа өнімдерін жасау;
- офсеттік баспа шағын форматты машиналарына арналған баспа нысандарын, офсеттік маталарды және баспа цилиндрлерін дайындау;
- беру механизмдеріне қағазды жүктеу;
- машиналардың жұмысы мен баспа сапасын бақылау;
- машиналарға техникалық қызмет көрсету, реттеу, жөндеу және тазарту;
- баспа үшін цифрлық бейнелерді алу, сондай-ақ бейнелердің орнын ауыстыру және оларды шығару.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Баспа машинасын баптаушы

Жоғары баспа баспашысы

Терең баспа баспашысы

Металлографтық баспа баспашысы

Полиграфия өндірісінің есепшісі

Жібекпен тігуші

7333 Әрлеушілер және түптеушілер

Әрлеушілер және түптеушілер кітаптар мен басқа да жарияланымдарды түптейді, сондай-ақ баспа өнімін қолмен немесе машиналарды пайдалану арқылы ресімдейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- автоматты түптеу және әрлеу жабдығын теңшеу және бақылау;
- кітаптарды бір материалдан жасалған түптемеде, құрама түптемеде және жмсақ түптемеде түптеу, сондай-ақ түптемелерді жөндеу;
- кітаптар мен көркем басылымдардың түптеу қақпақтарындағы жазбалар мен суреттерді басу;
- дәптерлерді қолмен немесе машинамен фальцтеу, компановкалау және тігу;
- қағазды кесу мен қиюға арналған гильотинді типті қағаз кесу құрылғыларын баспаға дейін және одан кейін басқару;
- баспа материалын газетке, журналға және конвертке қою үшін жүйелерді басқару;
- баспа өнімін қолмен немесе автоматты түрде көркем безендіру;
- фотографиялық және электрондық көшіру құрылғыларын пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Брошюралаушы

Шағын форматты брошюралау-түптеу машинасының операторы

Түптеу желісінің операторы

Кітап түптеуші

734-ШАҒЫН ТОП**ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖӘНЕ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ-ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар жөніндегі жұмысшылар саласындағы мамандарға көмектеседі, топографиялық карталарды жасауға қатысады, адам тұрмайтын, таулы, тайгалық, қатты батпақты және шөлді аудандарда қозғалу кезінде геологиялық ұйымдардың жұмыскерлеріне ілесіп жүреді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: топографиялық карталар мен жоспарлардың түпнұсқаларын жасауға қатысуды, топографиялық карта (жоспар) бедерінің контурларын нақыштау мен сызуды; фототеру қондырғысында жасалған географиялық атауларды, сандарды, шартты белгілерді, рамадан тыс ресімдеуді гранкалардан қию мен жабыстыруды; топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарды жүргізу кезінде қатысуды; бұрғыда каротаждық жабдықты монтаждауды, демонтаждауды және жөндеуді жүргізуге қатысуды; геодезиялық белгілерді монтаждау, демонтаждау және жөндеуді, осы белгілерге арналған орындарды тазартуды; геофизикалық жабдыққа, аппаратураға, асапаптарға және жекелеген тораптарға жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді, оларды ағымдағы жоспардан тыс жөндеуді; минералдар мен шлихтарды шикізатта қолмен байытуды; біліктілігі жоғарылау геологиялық сынамаларды жуып-шаюшының басшылығымен шлихтылы сынамаларды жуып-шаюды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7340 Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар жөніндегі жұмысшылар

ҚР МЖ 01-2017

7340 Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар жөніндегі жұмысшылар

Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар жөніндегі жұмысшылар геологиялық-барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар саласындағы мамандарға көмектеседі, топографиялық карталарды жасауға қатысады, адам тұрмайтын, таулы, тайгалық, қатты батпақты және шөлді аудандарда қозғалу кезінде геологиялық ұйымдардың жұмыскерлеріне ілесіп жүреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- топографиялық карталар мен жоспарлардың түпнұсқаларын жасауға қатысу, топографиялық карта (жоспар) бедерінің контурларын нақыштау мен сызу;
- фототеру қондырғысында жасалған географиялық атауларды, сандарды, шартты белгілерді, рамадан тыс ресімдеуді гранкалардан қию және жабыстыру;
- топографиялық-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарды жүргізу кезінде қатысу;
- бұрғыда каротаждық жабдықты монтаждауды, демонтаждауды және жөндеуді жүргізуге қатысу;
- геодезиялық белгілерді монтаждау, демонтаждау және жөндеу, осы белгілерге арналған орындарды тазалау;
- геофизикалық жабдыққа, аппаратураға, аспаптарға және жекелеген тораптарға жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді, оларды ағымдағы жоспардан тыс жөндеуді орындау;
- минералдар мен шлихтарды шикізатта қолмен байыту;
- біліктілігі жоғарылау геологиялық сынамаларды жуып-шаюшының басшылығымен шлихтылы сынамаларды жуып-шаю.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Топографиялық карталардың түпнұсқаларын нақыштаушы

Каротажшы

Электробарлау станциясының моторисі

Минералдар мен шлихтарды байытушы

Геологиялық түсіру және іздеу жұмыстарындағы жұмыскер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер

Техник-геодезист - 3111

Техник-картограф - 3111

Техник-топограф - 3111

Чертежник-топограф - 3124

Каротаж станциясының операторы – 8113

74-КІШІ ТОП**ЭЛЕКТРИКА, ЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылар электр сымдары жүйелерін, электромеханикалық жабдықты және басқа да электрлік аппаратураны, электр берілісі мен электрлік қоректену линиялары мен кәбілдерін, сондай-ақ электрондық және телекоммуникациялық жабдық пен жүйелерді орнатады, жөндейді және оларға техникалық қызмет көрсетеді. Осы кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Жұмыс қолмен немесе дене күшін жұмсауды азайту мен нақты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытты қысқарту, сондай-ақ өнім сапасын жақсарту үшін пайдаланылатын қол және басқа да құрал-сайманды пайдалану арқылы орындалады. Осы кіші топ жұмыскерлерінің міндеттері өндірістік процесті ұйымдастыруды, пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарды, сондай-ақ соңғы өнімнің сипаты мен тағайындалуын білуді талап етеді.

Аталған кіші топ жұмыскерлерінің міндеттері әдетте мыналарды: электрлік және электрондық жетектік жүйелерді, машиналар мен жабдықтарды орнату, оларға техникалық қызмет көрсету, құрастыру мен реттеуді; жұмыс реттілігі мен әдістерін айқындау үшін электр сымдарының жарық көшірмелерін, схемаларын және ерекшеліктерін зерттеуді; тәуекелдерді, дефектілерін және реттеу мен жөндеу қажеттілігін анықтау үшін электрлік және электрондық жүйелерді, жабдықты, кәбілдер мен машиналарды тексеру мен сынақтан өткізуді; электр берілісі және байланыс линияларын орнатуды, оларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді; электрлік, телекоммуникациялық және деректерді беру кәбілдерін қосуды; өнекәсіптік және офистік машиналар, электрондық құрал-саймандар және бақылау жүйелері, компьютерлер, сондай-ақ телекоммуникациялық жабдық және деректерді беруге арналған жабдық сияқты электрондық жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді, ақаулықтарын табууды, оларды құрастыруды, реттеуді, сынақтан өткізуді және жөндеуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 740** **Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 741** **Электрика жөніндегі жұмысшылар**
- 742** **Электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылар**

ҚР МЖ 01-2017

740-ШАҒЫН ТОП

ЭЛЕКТРИКА, ЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР (БРИГАДИРЛЕР)

Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) ұйымның электрлік және электрондық жабдықтарға қызмет көрсетумен байланысты жекелеген бөлімшесі шеңберінде өндірістік қызметті үйлестіреді және бақылайды және тиісті жұмысшыларға басшылық етуді жүзеге асырады.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: техникалық талаптар мен өндіріс тік тапсырыстарды түсіндіруді; жұмыстың кезектілігі мен пайдалану үшін қажетті жабдықтар мен материалдарды айқындауды; кадрлық және материалдық қажеттілікті айқындауды; жұмысшылар арасында міндеттерді бөлуді; электрлік және электрондық жабдықтарға техникалық қызмет көрсететін жұмысшылардың қызметін бақылау мен үйлестіруді; жоғары тұрған басшыларға орындалатын жұмысқа қатысты барлық мәселелер бойынша есептер мен басқа да ақпарат беруді, жаңадан келген қызметкерлерді оқыту мен оларға нұсқау жүргізуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7400 Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

7400 Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Электрика, электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) ұйымның электрлік және электрондық жабдықтарға қызмет көрсетумен байланысты жекелеген бөлімшесі шеңберінде өндірістік қызметті үйлестіреді және бақылайды және тиісті жұмысшыларға басшылық етуді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- техникалық талаптар мен өндіріс тік тапсырыстарды түсіндіру;
- жұмыстың кезектілігі мен пайдалану үшін қажетті жабдықтар мен материалдарды айқындау;
- кадрлық және материалдық қажеттілікті айқындау;
- жұмысшылар арасында міндеттерді бөлу;
- электрлік және электрондық жабдықтарға техникалық қызмет көрсететін жұмысшылардың қызметін бақылау мен үйлестіру;
- жоғары тұрған басшыларға орындалатын жұмысқа қатысты барлық мәселелер бойынша есептер мен басқа да ақпарат беру;
- жаңадан келген қызметкерлерді оқыту мен оларға нұсқау жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Электроқшаулаушы материалдар өндірісінің бақылаушысы

Радиоэлектрондық аппарату мен аспаптар бақылаушысы

Электроқадағалау бақылаушысы

Электроника жөніндегі жұмысшылардың үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

ҚР МЖ 01-2017
741-ШАҒЫН ТОП

ЭЛЕКТРИКА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР

Электрика жөніндегі жұмысшылар электр сымдары жүйелерін және тиісті жабдықты, электрлік жабдықты, электрлік қозғалтқыштарды, генераторлар мен басқа да электрлік аппаратураны, сондай-ақ электр берілісі және электрлік қоректену линиялары мен кәбілдерін орнатады, баптайды және оларға техникалық қызмет көрсетеді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: электрлік жетектік жүйелерді, машиналар мен жабдықтарды орнатуды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, құрастыруды және реттеуді; жұмыс реттілігі мен әдістерін анықтау үшін жарық көшірмелерін, электр сымдары схемаларын және ерекшеліктерді зерттеуді; тәуекелдерді, дефектілерін және реттеу мен жөндеу қажеттілігін анықтау үшін электрлік жүйелерді, жабдықтарды, кәбілдер мен машиналарды тексеру мен сынақтан өткізуді, электр берілісі линияларын орнатуды, оларға техникалық қызмет көрсетуді; электрлік кәбілдерді қосуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7411 Электр берілісі желілерінен басқа, электриктер мен электр монтаждаушылар**
- 7412 Электр берілісі линияларынан басқа, электромеханиктер және электромонтерлер**
- 7413 Электр берілістерінің жоғары вольтты желілері жөніндегі жұмысшылар**

7411 Электр берілісі линияларынан басқа, электриктер және электромонтажшылар

Электр берілісі линияларынан басқа, электриктер және электромонтажшылар электр сымдары жүйесі мен ілеспе жабдықтар мен арматураны орнатады, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- түрлі ғимараттарда – мектептерде, ауруханаларда, тұрғын үйлерде және басқа да құрылыстарда электр сымдары жүйелерін және ілеспе жабдықты монтаждау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- жарық көшірмелерін, электр сымдары схемаларын және ерекшеліктерді жұмыстың кезектілігі мен әдістерін айқындау үшін зерттеу;
- компановканы жоспарлау және жұмыс ғимараттары мен тиісті стандарттардың негізінде электр сымдарын, жабдықтарды және арматураны орнату;
- тәуекелдерді, дефектілерді және баптау мен жөндеу қажеттігін анықтау үшін электр жүйелерін, жабдықтар мен компоненттерді тексеру;
- сымдар мен кәбілдерді таңдау, кесу және клеммдерге және шықпаларға жалғау;
- монтаждауға арналған негізгі нүктелерді өлшеу және дайындау;
- электрлік бөлу қалқандарын орналастыру үшін орындарды айқындап, оларды орнату;
- шынжырларды үзілген жерлерінің болу-болмауына сынақтан өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің мысалдары:

Құрылыс электригі

Төмен қысымды аппаратура мен кәбілдердің электрик-құрылысшы-монтажшысы

Электромонтажшы-баптаушы

Жарықтандыру және жарықтандыру желілері жөніндегі электромонтажшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Электромонтер (жалпы бейін) – 7412

Құрылыс электрослесарі – 7412

Электр жежілерін пайдалану жөніндегі электрик - 7413

7412 Электр берілісі линияларынан басқа, электромеханиктер мен электромонтерлер

Электр берілісі линияларынан басқа, электромеханиктер мен электромонтерлер электровоздар мен қалалық электрлік көлік сияқты электрлік көлік құралдарында, ғимараттарда, зауыттарда, цехтарда немесе басқа орындарда электромеханикалық жабдық мен басқа электрлік аппаратураны жинайды, ретке келтіреді, орнатады және жөндейді.

Олардың міндетіне кіреді:

- электрлік машиналар мен моторлардың алуан түрлерін, генераторларды, таратқыш құрылғыларды, бақылау-өлшеу аппаратурасын, аспаптарды немесе көтергіштердің электрлік компоненттерін және ұқсас жабдықты құрастыру, теңшеу және жөндеу;
- күрделі жөндеуден кейін қуаты әртүрлі электрлік қозғалтқыштарды, электрлік аппараттар мен трансформаторларды кешенді сынақтан өткізу;
- үй тұрмысындағы заттардың, өнеркәсіптік машиналар мен басқа аппараттардың электрлік компоненттерін құрастыру, теңшеу және жөндеу;
- өнеркәсіптік электрлік бұйымдарды тексеру және сынақтан өткізу;

ҚР МЖ 01-2017

- электрлік жабдықты, сымдар мен бақылау жүйелерін орнату, сынақтан өткізу, қосу, пайдалануға енгізу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- электрлік және гидравликалық жолаушылар және жүк лифтілерін, эскалаторларды, қозғалмалы жолдар мен басқа көтергіш жабдықты жобалау, орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- қоректендіру көздеріне электр жүйелерін қосу;
- жарамсыз компоненттерді ауыстыру және жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тұрмыстық электрлік аспаптар механигі
Лифтілер бойынша электромеханик
Тартқыш қосалқы станция электромонтері
Құрылыс электрослесарь
Кәбілдерді электр кептіруші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Электр жабдықтарын құрастырушы – 8212

7413 Электр берілістерінің жоғары вольтты желілері жөніндегі жұмысшылар

Электр берілістерінің жоғары вольтты желілері жөніндегі жұмысшылар ілеспе жабдықпен электрмен жабдықтау және электр берілісі линияларын монтаждайды, жөндейді және қосады.

Олардың міндетіне кіреді:

- электр берілісінің әуе және жерасты желілерін және электр тартқыштың байланыс желілерінің линияларын монтаждау және жөндеу;
- әуе және жерасты желілердің кәбілдерін қосу;
- қауіпсіздік техникасы қағидалары мен рәсімдерін сақтау, оның ішінде жабдықты үнемі тексеру және жұмыстарды өткізу орындарының айналасында қоршаулар тұрғызу;
- ауыстырып-қосқыштарды ажырату немесе жарамсыз немесе құлап түскен линиялардан электр тоғының соғу қаупін жою үшін, сонымен қатар жөндеу жұмыстарын жүргізуді жеңілдету мақсатында жерге тұйықтаушы құрылғыларды қосу;
- бағандарға (тіректерге) көтерілу немесе жабдыққа қол жету үшін автомобиль көтергіштерін пайдалану;
- электр сымдары схемаларын және электрлік бақылау-өлшегіш аспаптарды пайдалану арқылы жарамсыз секциялық құрылғыларды, ажыратқыштарлы, балқымалы сақтандырғыштарды, кернеу реттегіштерін, трансформаторларды, ауыстырып-қосқыштарды, релені немесе сымды анықтау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Көлік құралдарында электрлік қондырғыларды монтаждау жөніндегі электрик
Электрлік желілерді пайдалану жөніндегі электрик
Электр станцияларының электрлік жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электромонтер
Электр станцияларының электрлік жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрослесарь

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Байланыс монтажшысы-кәбілші– 7422

742-ШАҒЫН ТОП**ЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Электроника және телекоммуникациялар жөніндегі жұмысшылар өнеркәсіптік және офистік машиналар, электрондық құрал-саймандар мен бақылау жүйелері сияқты электрондық жабдықты монтаждайды, оған техникалық қызмет көрсетеді, ретке келтіреді және жөндейді; телекоммуникациялық жабдықты, деректерді беруге арналған жабдықты, кәбілдерді, антенналар мен кәбілдік каналдарды монтаждайды, жөндейді, оларға техникалық қызмет көрсетеді, сонымен қатар компьютерлерді жөндейді, орнатады және техникалық қызмет көрсетеді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: жарамсыздықтарын анықтау үшін машиналарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды және бақылау жүйелерін тексеру мен сынақтан өткізуді; тозған және жарамсыз компоненттер мен сымдарды ретке келтіру, жөндеу және ауыстыруды және машиналар, жабдықтар мен құрал-саймандарға техникалық қызмет көрсетуді; электрондық құрал-саймандар мен бақылау жүйелерін орнатуды; электрондық жабдықты құрастыру және реттеуді; компьютерлерге, деректерді беруге арналған жабдыққа және компьютерлік периферияға техникалық қызмет көрсету, ақаулықтарын іздеу, сынақтан өткізу және жөндеуді; электрмагниттік толқындарды пайдалану арқылы микротолқынды, телеметрлік, мультиплекстік, спутниктік және радио байланысы мен байланыстың басқа жүйелерін орнату, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ақаулықтарын диагностикалауды; техникалық консультация мен ақпарат беруді, күрделі телекоммуникациялық желілер мен жабдықтардың жұмысын қадағалауды; компьютерлердің, радио, телефондардың және телевизиялық бағдарламалар кәбілдерін орнату мен жөндеуді; байланыс саласында пайдаланылатын антенналарды орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді қамтиды.

Аталмыш шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

7421 Электроника жөніндегі жұмысшылар

7422 Телекоммуникациялар жөніндегі монтаждаушылар мен жөндеушілер (АКТ)

ҚР МЖ 01-2017

7421 Электроника жөніндегі жұмысшылар

Электроника жөніндегі жұмысшылар өнеркәсіптік және офистік машиналар, электрондық құрал-саймандар мен бақылау жүйелері сияқты электрондық жабдықты монтаждайды, оларға техникалық қызмет көрсетеді, ретке келтіреді және жөндейді.

Олардың міндетіне кіреді:

- Ақаулықтарын анықтау үшін машиналарды, құрал-саймандарды, бақылау жүйелерін және басқа электрондық жабдықты тексеру және сынақтан өткізу;
- тозған және ақаулы компоненттер мен сымдарды ретке келтіру, жөндеу және ауыстыру, сонымен қатар машиналарды, жабдықтар мен құрал-саймандарға техникалық қызмет көрсету;
- жабдықты қайтара құрастыру, сынап айдау және ретке келтіру;
- электрондық құрал-саймандар мен бақылау жүйелерін орнату;
- инженерлер, техниктер маман және техникалық қызмет көрсету бойынша басқа мамандардың жұмысымен өз жұмысын келістіру;
- жүйелер жұмысына байланысты ақаулықтар мен проблемаларды диагностикалау үшін сынақтардың нәтижелерін түсіндіру;
- қол құрал-саймандарын, механикаландырылған құрал-саймандарды немесе дәнекерлегіштері пайдалану арқылы электрлік және электрондық компоненттерді, түйіндер мен жүйелерді орнату, ретке келтіру, жөндеу немесе ауыстыру;
- радиожүйелер, бақылау-өлшеу аспаптары, индукторлар, инверторлар және ұшу кезінде май құю жүйелері сияқты тораптарға компоненттерді қосу;
- техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстарды тіркеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Радио аппаратурасын бөліктеуші

Ленталы өзекшелерді дайындаушы

Электрлік жабдықтарды реттеуші

Электрондық аппаратураға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Техник-электроник - 3122

Радиолокация, радионавигация және байланыс жөніндегі техник – 3155

7422 Телекоммуникациялар жөніндегі монтаждаушылар мен жөндеушілер (АКТ)

Телекоммуникациялар жөніндегі монтаждаушылар мен жөндеушілер (АКТ) телекоммуникациялық жабдықты, деректерді беруге арналған жабдықты, кәбілдерді, антенналар мен кәбілдік каналдарды монтаждайды, жөндейді, оларға техникалық қызмет көрсетеді, сонымен қатар компьютерлерді жөндейді, орнатады және техникалық қызмет көрсетеді.

Олардың міндетіне кіреді:

- компьютерлерге, деректерді беруге арналған жабдықтарға және компьютерлік периферияға техникалық қызмет көрсету, ақаулықтарын табу, сынақтан өткізу және жөндеу;
- компьютерлік аппараттық қамсыздандыруды монтаждау және теңшеу;

- электромагниттік толқындарды пайдалану арқылы телеметрлік, мультиплекстік, спутниктік және радио байланысы мен байланыстың басқа жүйелерін орнату, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау;
- техникалық консультация мен ақпарат беру, күрделі телекоммуникациялық желілер мен жабдықтардың жұмысын қадағалау;
- компьютерлердің, радио, телефондардың және телевизиялық бағдарламалардың кәбілдерін орнату және жөндеу;
- телекоммуникациялық кәбілдер мен деректер беру кәбілдерін қосу, сондай-ақ қорғағыш экрандарды бітеу;
- байланыс үшін антенналарды орнату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Байланыс монтажшы-антеннашысы

Телекоммуникациялық жабдықтарды реттеуші

Электр байланысы құрылғылары мен аппаратурасына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер

Телекоммуникациялар бойынша электроник-жөндеуші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Телекоммуникациялық жүйелер бойынша техник – 3522

АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ШИКІЗАТТАРЫН ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ӨНІМ ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылар және тектес қызметтердің жұмысшылары және тектес кәсіптердің жұмысшылары ауыл шаруашылығы шикізатын, сондай-ақ балық аулау және балық өсіру шаруашылығының өнімін тамақ өнімдеріне және басқа да өнімдерге өңдеумен және қайта өңдеумен, ағаштан, тоқымадан, тонды, былғарыдан немесе басқа материалдардан бұйымдарды өндірумен және жөндеумен айналысады. Аталмыш кіші топ кәсіптерінің көпшілігі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Жұмыс нақты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытты қысқарту және физикалық күшті азайту, сонымен қатар өнім сапасын жақсарту үшін қолмен және қол және басқа құрал-саймандарды пайдалану арқылы орындалады. Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттері өндірістік процесті, пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарды ұйымдастыруды, сонымен қатар соңғы өнімнің сипаты мен міндетін білуді талап етеді.

Аталған кіші топ жұмысшыларының міндеттері әдетте мыналарды: етті, балықты, бидайды, жемістерді, көкөністерді және материалдардың ұқсас бастапқы шикізатын тамақ өнімдеріне, темекіні темекі өнімдеріне өңдеу мен қайта өңдеуді; тамақ өнімдері мен сусындарды дегустациялауды және сортын анықтауды; табиғи талшықтарды, теріні, былғарыны және тонды өңдеу мен қайта өңдеуді; ағаштан жиһаз және басқа бұйымдар жасау мен оларды жөндеуді; теріні, былғарыны және тонды одан әрі пайдалану үшін өңдеуді; тоқыма бұйымдарын, киімдерді, баскиімді, аяқкиімді және ұқсас бұйымдарды жасау мен жөндеуді қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 750 Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылардың және тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 751 Тамақ өнімдері өндірісіндегі жұмысшылар**
- 752 Ағаш өңдеушілер, жиһаз жасаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 753 Тоқымашылар, тігіншілер және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 754 Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар**

750-ШАҒЫН ТОП**АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ШИКІЗАТТАРЫН ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ӨНІМ ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР (БРИГАДИРЛЕР)**

Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылардың және тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) жұмысшылар тамақ өнімдерін және сусындарды өңдеу, талшықтарды дайындау, сүректі өңдеу, ағаш жиһазын, тон бұйымдарын, киім, аяқкиім және тапсырысқа былғарыдан бұйымдар жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымның бөлек бөлімшелері аясында өндірістік қызметті үйлестіреді және бақылайды, сонымен қатар супервайзерлер (бригадирлер) тиісті жұмысшыларға басшылықты жүзеге асырады.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: жұмыстар тізбектілігін және пайдалану үшін қажетті материалдар мен жабдықты анықтауды; кадрлық және материалдық қажеттілікті анықтауды; жұмысшылар арасында міндеттерді бөлуді; жұмысшылардың ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізатынан өнімді қайта өңдеу және жасау жөніндегі қызметін бақылау мен үйлестіруді; орындалатын жұмысқа қатысты барлық мәселелер жөніндегі жоғарыда тұрған басшыларға есептер мен басқа ақпаратты ұсынуды қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

7500 Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылардың және тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

ҚР МЖ 01-2017

7500 Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылардың және тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу және олардан өнім шығару жөніндегі жұмысшылардың және тектес қызметтер жұмысшыларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) жұмысшылар тамақ өнімдерін және сусындарды өңдеу, талшықтарды дайындау, сүректі өңдеу, ағаш жиһазын, тон бұйымдарын, киім, аяқкиім және тапсырысқа былғарыдан бұйымдар жасау, зиянды және қауіпті жағдайлары бар өндірістік учаскелерді жинау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымның бөлек бөлімшелері аясында өндірістік қызметті үйлестіреді және бақылайды, сонымен қатар супервайзерлер (бригадирлер) тиісті жұмысшыларға басшылықты жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне кіреді:

- жұмыстардың тізбектілігі мен пайдалану үшін қажетті жабдықтар мен материалды анықтау;
- кадрлық және материалдық қажеттілікті анықтау;
- жұмысшылар арасында міндеттерді бөлу;
- жұмысшылардың ауыл, орман және балық шаруашылығы шикізатынан өнімді қайта өңдеу және жасау жөніндегі қызметін үйлестіру және бақылау;
- орындалатын жұмысқа қатысты барлық мәселелер жөніндегі жоғарыда тұрған басшыларға есептер мен басқа ақпаратты ұсыну;
- жаңадан келген қызметкерлерге нұсқау жүргізу және үйрету.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердең мысалдары:

Төбе жабыны және гидроокшаулағыш материалдар бақылаушысы

Наубайхана мастері

Теріні минералдық әрлеу мастері

Теріні илеу(дублирование) жөніндегі мастер

751-ШАҒЫН ТОП**ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Тамақ өнімдері өндірісіндегі жұмысшылар жануарларды сояды; етті өңдеп, дайындайды және оларды адамның және жануардың жеуі үшін тиісті тамақ өнімдеріне қайта өңдейді; нанның, кондитерлік өнімдердің және басқа ұн өнімдерінің алуан түрін өндіреді; жемістерді, көкөністерді және ұқсас өнімдерді қайта өңдейді және консервілейді; тағам өнімдері мен сусындарды дегустациялайды және сортын анықтайды, сондай-ақ темекіні дайындайды және темекі өнімдерін дайындайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: жануарларды союды; етті, балықты және басқа тағам өнімдерін өңдеу, дайындауды, нанның, кондитерлік өнімдердің және басқа ұн өнімдерінің әртүрлі сорттарын жасауды; жемістерді, көкөністерді және ұқсас өнімдерді қайта өңдеу мен консервілеуді; тағам өнімдері мен сусындарды дегустациялауды және сортын анықтауды, темекіні дайындауды және темекі өнімдерін дайындауды қамтиды. Олардың міндеттеріне жұмысшыларға басшылық жасау кіруі мүмкін.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

7511 Етт және балық тамақ өнімдерін дайындаушылар

7512 Наубайшылар, кондитерлер және кәмпит жасаушылар

7513 Сүтті тамақ өнімдерін дайындаушылар

7514 Жеміс-жидектерді, көкөністерді мен саңырауқұлақтарды дайындаушылар және өңдеушілер

7515 Дегустаторлар

7519 Б.т.к. тамақ өнімдерінің өндірісіндегі жұмысшылар

ҚР МЖ 01-2017

7511 Етт және балық тамақ өнімдерін дайындаушылар

Етт және балық тамақ өнімдерін дайындаушылар сояды, ет пен балықты тазалайды, турайды және мүшелейді, сүйектерін бөліп алып, тиісті тағам өнімдерін дайындайды немесе қақтау, кептіру, тұздау немесе ыстау арқылы етті, балықты және басқа өнімдерді консервілейді,

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- ірі және ұсақ мүйізді малды, шоқшаларды, құстар мен қояндарды сою;
- тұтас етті жаңалау және кесу;
- сүйектерін бөліп алу, сату және одан әрі пайдалану үшін ет пен балықты кесу және мүшелеу;
- шабу, араластыру және қалыптауға арналған машиналарды пайдалана отырып ингредиенттерді дайындау және шұжықтарды және ұқсас өнімдерді жасау;
- мұздату, тұздау, маринадтау арқылы етті, балықты және басқа өнімдерді молынан дайындау;
- етті, балықты және басқа тамақ өнімдерін қақтау үшін қақтау камераларын немесе пештерін басқару;
- сату үшін етті, балықты немесе басқа ілеспе өнімдерді қайнату немесе басқа тәсілдермен дайындау;
- өнімді қаптауды, өлшеу мен маркалауды қоса алғанад, тұтынушыларға етті немесе балықты сату, сонымен қатар төлемін алу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Мал союшы

Етті жартылай фабрикаттарды жасаушы

Тұтас етті өңдеуші

Балықты өңдеуші

Ет өнімдерін өлшеп ораушы (расфасовщик)

Тартылған етті жасаушы (составитель)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тартылған етті құрастырушы оператор – 8161

Балықты өңдеуші оператор– 8161

Базардағы сатушы – 9520

7512 Наубайшылар, кондитерлер және кәмпиттерді жасаушылар

Наубайшылар, кондитерлер және кәмпиттерді жасаушылар нанның, торттардың, печеньеелердің, пірәндіктердің әртүрлі сортын және басқа ұн өнімдерін дайындайды, сонымен қатар қанттан дана шоколадтар және кондитерлік өнімдер дайындайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- нанды, торттарды, құрғақ печеньеені, пирогтарды және басқа ұн өнімдерін дайындау;
- қанттан, шоколадтан және басқа ингредиенттерден қолдан жасалатын кондитерлік өнімдерді қол құрал-сайманы мен механизмдері арқылы дайындау;
- араластыру, купаждау немесе жылумен өңдеу үшін машиналар резервуарларында өлшенген ингредиенттерді қосу;

- стардарттар мен ерекшеліктердің талаптарын сақтау мақсатында шикізат сапасын тексеру;
- шпательдер немесе кистьтерді пайдалана отырып пісірілген нанға глазурь немесе басқа қоспаларды жағу;
- қауіпсіздік техникасы және еңбек гигиенасы қағидаларының сақталуы мақсатында машиналарды іске қосу алдында жабдықтың тазалығын және жұмысқа жарамдылығын тексеру;
- пісіру уақытын анықтау үшін пеш температурасын және өнімнің сыртқы түрін бақылау;
- нан, батон, ұнды және кондитерлік өнімдердің партияларын қалыптауды, тиеуді, пісіруді, түсіруді, қалыптардан алуды үйлестіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Глазировшы

Шоколад жасаушы

Кондитер

Кэмпитші

Наубайшы (жалпы бейін)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Шоколад жасау машинасының операторы – 8162

Бисквит жасау машинасының операторы – 8164

7513 Сүтті тамақ өнімдерін дайындаушылар

Сүтті тамақ өнімдерін дайындаушылар май мен ірімшіктің әртүрлі сорттарын, қаймақты, кілегейді, ірімшікті, сүттен жасалған ұлттық сусындарды немесе басқа сүт өнімдерін өндіреді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қажетті майлылық дәрежесіндегі майды алу үшін сүтті қайнату немесе пастерлеу;
- сүттен кілегейді бөліп алу (сепарация) және кілегейді майға шайқау;
- сүтке ашытқының және басқа ингредиенттердің өлшенген мөлшерін салу;
- сүтті ұйыту, ірімшікті керек пішінге қол жеткізу үшін еріту, ірімшікті кептіру және ірімшікті престеу үшін қалыптарға салу;
- ірімшікті тұздау және зең басу үшін ірімшікке бактериялар салу немесе тесу;
- ірімшіктің жетуі үшін сөрелерге ірімшік брикеттерін орналастыру және оларды бұру;
- қарап-тексеру, сынама алу және қажет болған кезде сақтау жағдайларын өзгерту үшін қаптау алдында өнімнің сапасын бақылау;
- шығындалған ингредиенттер санын, сынаулар нәтижелерін және уақытша циклдерді тіркеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қымыз жасаушылар

Балмұздақ жасаушы

Қаймақ жасаушы

Ірімшік жасаушы

Сүзбе ірімшік жасаушы

ҚР МЖ 01-2017

Сүзбе жасаушы
Май шайқаушы
Ірімшік жасаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған тектес кәсіптер:

Сүтті пастерлейтін және салқындататын аппаратшы – 8162
Май шайқау машинасының операторы – 8162
Балмұздақ өндіру линиясының операторы– 8162

7514 Жеміс-жидектерді, көкөністерді мен саңырауқұлақтарды дайындаушылар және өңдеушілер

Жеміс-жидектерді, көкөністерді мен саңырауқұлақтарды дайындаушылар және өңдеушілер пісіруді, кептіруді және тұздауды немесе шырынды немесе майды алуды қоса алғанда, әртүрлі тәсілдермен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды немесе ұқсас тамақ өнімдерін өңдеуді немесе консервілеуді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- әртүрлі жемістерден шырын алу;
- май құрамды тұқымдардан, жаңғақтардан немесе жемістерден май алу;
- жемістерді, көкөністерді және ұқсас өнімдерді қайнату, тұздау немесе кептіру;
- Сакталуын арттыру және құрамын, сыртқы түрін және дәмін жақсарту үшін пектин, кант, дәмдеуіштер мен сірке суы сияқты ингредиенттерді араластыру және қосу;
- стерильді банкілерге, бөтелкелерге немесе басқа контейнерлерге консервіленген азық-түлікті салу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Тосап (варенье) жасаушы
Көкөністерді тұздаушы
Глазирленген жемістерді жасаушы
Тағам тұздықтарын жасаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Көкөністерден немесе жемістерден консервілер өндіретін оператор - 8165
Консервілеу машинасының операторы– 8183

7515 Дегустаторлар

Дегустаторлар ауыл шаруашылығы өнімдерінің, тамақ өнімдері мен сусындардың алуан түрін қарайды, дәмін тексереді және сортын анықтайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жасаудың әртүрлі кезеңдерінде ауыл шаруашылығы өнімдерін, тамақ өнімдері мен сусындарды қарау, тексеру, дегустациялау және иісін бағалау;
- өнімдердің сапасын, қолдануға жарамдылығын және бағларлы құнын бағалау, сонымен қатар оларды тиісті класқа жатқызу;
- төмен сапалы өнімдерді ақауға шығару;

- ярлықтарда, қабылдау парақтарында немесе жарнамалық ішпектерде сортын және/немесе сәйкестендіру нөмірлерін бекіту;
- өнімдерді өлшеу мен таразылау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Шарап дегустаторы

Тамақ өнімдері өндірісіндегі сұрыптаушы

Титестер

7519 Б.т.к. тамақ өнімдерінің өндірісіндегі жұмысшылар

Осы топқа *751 Тамақ өнімдері өндірісіндегі жұмысшылар* негізгі тобының басқа топтарына кірмейтін, тамақ өнімдерін өндірудегі жұмысшылар жатқызылған. Мысалы, топқа сусындар мен темекі өнімдерін жасайтын жұмысшылар кіреді.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сусындарды, оның ішінде шарап-арақ өнімдерін жасау, олардың сапасын бағалау;
- темекі өнімдерін жасау, темекіні өндірудің әртүрлі кезеңдерінде сапаны тексеру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сигара жасауша

Шарап шикізатын өңдеуші

Содашы

Темекіні кептіруші

АҒАШ ӨНДЕУШІЛЕР, ЖИҒАЗ ЖАСАУШЫЛАР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Ағаш өңдеушілер, жиғаз жасаушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары ағашты сақтайды және өңдейді, ағаш жиғазын, көлік құралдарын және басқа да ағаш бұйымдар мен компоненттерді жасайды, безендіреді және жөндейді; ағашты кептіретін дәне қорғайтын жабдықты, ағаш өңдейтін жабдықты, машиналар мен станоктарды теңшейді, пайдаланады және күтеді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: ағашты және ағаштан жасалған басқа бұйымдарды кептіру үшін өңдеуші және басқа жабдықты пайдалану мен оған күтім жасауды, сонымен қатар ағаштан жасалған бұйымдарды химиялық өңдеу мен консерванттар сіңдіруді; бөлшектер мен компоненттерді кесу, профильдеу, пішінін келтіру үшін ағаш өңдейтін станоктарды теңшеу мен пайдалануды; жоспарларды зерделеуді, өндірілетін бұйымдардың габариттерін тексеруді, дайын өнімдерді алу үшін детальдарды бір-біріне келістіруді, ерекшеліктердің сақталуын қамтамасыз ету үшін детальдардың сапасын тексеру мен келістіруді; басқа жұмысшылардың жұмысы үшін әртүрлі машиналарды теңшеу мен реттеуді; жиғаздың ағаш бөлшектерін, бекітпелерді немесе басқа ағаш бұйымдарды жасау, жөндеу немесе қайтара өңдеу үшін ағаш өңдейтін әртүрлі станоктарды теңшеу, программалау, пайдалану мен мониторингілеу; ерекшеліктерді оқу мен түсіндіру немесе ауызша нұсқаулықтарды орындау.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

7521 Сүректі бастапқы өңдеу жөніндегі жұмысшылар

7522 Қызыл ағаш өңдеушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

7521 Сүректі бастапқы өңдеу жөніндегі жұмысшылар

Сүректі бастапқы өңдеу жөніндегі жұмысшылар қолмен немесе кептіргіш камералар мен резервуарлар сияқты сүректі өңдеуге арналған жабдықты пайдалану арқылы ағаш пен сүректі кептіреді, сақтайды және өңдейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сүректі кептіруге, сүрек пен ағаштан басқа бұйымдарды дайындау мен ұстауға, сондай-ақ ағаш бұйымдарға консерванттарды сіңдіруге арналған кептіргіш камераларды, сіңдіру бактарын және басқа жабдықтарды пайдалану мен оларға күтім жасау;
- стандарттан ауытқуларды анықтау мен процестердің ерекшеліктерге сәйкес өтуін қамтамасыз ету үшін жабдықтың, аспаптар мен панельдік индикаторлардың жұмысын бақылау;
- сіңдіретін резервуарларға өңдеуші ерітіндіні салу үшін клапандарды пайдалану, әрбір өңдеу циклында қажетті температураны, вакуумды және гидравликалық қысымды және ерітінді деңгейін ұстау;
- автоклавтардан ауа мен буды айдау үшін және өңдеу процесін жылдамдату үшін ағаш саңылауына өңдеуші ерітіндіні салу үшін вакуумдық және гидравликалық айдау сорғыларын қосу;
- қажеттілікке қарай өңдеуші жабдықтар мен машиналарға техникалық қызмет көрсету процесіне жәрдемдесу;
- жабдықты тазалау, майлау және реттеу;
- материалдар мен бұйымдарды өңдеу аймақтарына және олардан қолмен немесе тәшкелерді, қол арбашықтарын немесе жүк шығырларын пайдалану арқылы тасымалдау;
- өнімді шығару туралы есептерді толтыру мен жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Оператор-аралаушы

Ағаш өңдейтін білдектердің білдекшісі

Қабыршақтар мен шерелерді кептіруші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ағаш ұстасы - 7115

Бөренелерді сұрыптау және қайта өңдеу агрегаттық линияларының операторы – 8171

7522 Қызыл ағаш өңдеушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Қызыл ағаш өңдеушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар олар қажет болған кезде баптайтын станоктарды және арнайы қол құрал-саймандарын пайдалана отырып, ағаш жиһазын, арбаларды және басқа көлік құралдарын, доңғалақтарды, детальдарды, арматураны, шаблондарды, модельдер мен басқа ағаш бұйымдарды жасайды, безендіреді және жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жиһаздардың ағаш бөліктерін жөндеу немесе дайындау, басқа да ағаш бұйымдарды бекіту мақсатында аралауға, фасондауға, бұрғылауға, сүргілеуге, престоуге, жонуға,

ҚР МЖ 01-2017

- тазартуға немесе ою жасауға арналған әртүрлі ағаш өңдейтін станоктарды пайдалану, теңшеу, программалау;
- сызбалар мен эскиздер бойынша жиһаз дайындау, детальдарын таңдай, өлшемін келтіре және бекіте отырып, корпусық жиһазды құрастыру;
 - өңделетін детальға, станоктардың функцияларына және өнімдердің ерекшеліктеріне сәйкес пышақтарды, араларды, жүздерді, бұрғыларды, тістерді, қашауларды немесе белдіктерді іріктеу;
 - жоспарларды зерделеу, өндірілетін бұйымдардың габариттерін тексеру немесе ерекшеліктерін дайындау, ерекшеліктердің сақталуы үшін детальдардың сапасын тексеру және өлшемін келтіру;
 - желімдердің және скобалардың көмегімен жіктерді өңдеу және бөлшектер мен құрастырмалы тораптардың дайын бұйымдар алу үшін өлшемін келтіру, сондай-ақ шегелерді, бұрандаларды және басқа да бекіткіштерді пайдалана отырып бірікпелерді бекіту;
 - шкафтарды, жиһазды, көлік құралдарын, масштабталған модельдерді, спорттық инвентарды және басқа да бөліктер немесе бұйымдарды қоса алғанда, әр түрлі ағаш бұйымдарды дайындау, өзгерту және жөндеу;
 - ағаштан жасалған инкрустациямен немесе ағаш ою және шпон салумен жиһаздарды және темір арқауларды безендіру;
 - ағаш бұйымдардың немесе жиһаздардың үстіңгі беттерін жылтыратып өңдеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Өрілген жиһазды жасаушы
Ағаш өңдеуші жабдықты баптаушы
Жиһаз детальдарын қаптаушы
Ағаш ұстасы-жиһаз жасаушы
Ағаш ісінің токары

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ағаш ұстасы - 7115
Ағаш мастері - 7115
Жиһаз құрастырушы (ағаш жиһаз) – 8219

753-ШАҒЫН ТОП**ТОҚЫМАШЫЛАР, ТІГІНШІЛЕР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Тоқымашылар, тігіншілер және тектес қызметтердің жұмысшылары тапсырыс бойынша тігілген киімдерді қайта жөндейді, өлшемін келтіреді және жөндейді; мата мен үлбірден, сонымен қатар былғары және үлбір бұйымдарынан киім құрастырып, тігеді; киімдерді, перчаткалар мен басқа да тоқыма бұйымдарын жөндейді, жаңартады және сәндейді; киімдерге арнап үлгілер тігеді; ортопедиялық детальдарды және автомобильдік жиһаз жасайды, жиһаздың, құрылғылардың қаптауларын жөндейді және ауыстырады; теріні, үлбірді немесе жануарлар терісін кесіп қысқартады, тазартады, илейді, өңдейді және бояйды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: тапсырыспен тігілген киімдердің өлшемін келтіруді, қайта жөндеуді; жеке тапсырыс бойынша тоқыма маталардан, жұқа былғарыдан және басқа материалдардан киімді құрастыруды және тігуді немесе шляпалар немесе париктер жасауды; киім стиліне өзгеріс енгізуді; киім және басқа да тоқыма, былғары немесе үлбір бұйымдарын өндіру үшін эталон дайын үлгілерді жасауды; матадан, үлбірден, жұқа былғарыдан және басқа да материалдардан киім, перчаткалар және басқа да бұйымдарды тігу, біріктіру, басу, жөндеу, қайта жөндеу және сәндейді; желкендер, бастырмалар және кенептер жасау мен құрастыруды; автомобильдерде, теміржол вагондарында, ұшақтарда, кемелерде жиһаздарды, құрылғыларды, ортопедиялық құрылғыларды, орындықтарды, панельдерді және басқа жиһазды орнатуды, жөндеуді және олардың қаптауларын ауыстыруды; киім және басқа да бұйымдар жасауға арналған өңделген теріні, жануарлардың терісін немесе тонын кесу, тазарту, илеу, жылтырату және бояуды; стандартты, тапсырыспен немесе ортопедиялық аяқкиімді және бұйымдарды табиғи және жасанды былғарыдан тігу, қайта жөндеу және жөндеуді қамтиды.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 7531 Тігіншілер және бас киімдерді дайындаушылар**
- 7532 Сызба үлгілерді пішушілер және тігіп пішушілер**
- 7533 Мата реставраторлары және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 7534 Қаптаушылар және тектес кәсіптердің жұмысшылары**
- 7535 Қаптаушылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар**
- 7536 Тері илеушілер және өңдеушілер**

ҚР МЖ 01-2017

7531 Тігіншілер және бас киімдерді дайындаушылар

Тігіншілер және бас киімдерді дайындаушылар жеке тапсырыс бойынша әртүрлі маталардан, жұқа былғарыдан және басқа материалдан костюмтер, пальто және көйлектер сияқты киімдерді тігеді, өлшемін келтіреді, қайта жөндейді немесе клиенттердің тапсырыстары бойынша немесе клиенттер мен киім өндірушілердің ерекшеліктеріне сәйкес шляпалар, париктер жасайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- әдетте клиенттердің жеке тапсырысы бойынша пальто, костюм, юбка, жейде, ішкіім, корсеттік ішкіім, шляпа мен париктерді және ұқсас киімдерді шығару;
- киімдердің қажетті құрылымы мен сапасына, түсіне, өлшеміне сай келетін тоқыма маталарды, былғары немесе терілерді таңдау; киім пішініне сәйкес оларды қию және киім дизайнына сәйкес пішіндер бойынша орналастыру;
- шалбарларды немесе қайырма жағаларды тарылтумен қатар киім стиліне өзгерістер енгізу, сонымен қатар астарын қосу немесе алып тастау;
- клиенттер мен киім шығарушылардың ерекшеліктеріне сәйкес коммерциялық даяр үлгіні таңдау, өзгерту және өлшемін келтіру;
- клиенттің талаптарына сәйкес жеке тапсырыс бойынша киімдерді, көйлектерді, пальтоларды және басқа да киімдердің өлшемін келтіру, қайта жөндеу және жөндеу;
- театрда, телеарнада және киностудияларда пайдаланылатын костюмдерді шығару және күту;
- атлас немесе жібек секілді материалдармен бүрмелер, өрімдер жасау немесе перделеу, сондай-ақ шляпаларды безендіру және пішінге келтіру үшін төбелері мен жиектірінің айналасына банттарды немесе жасанды гүлдер түрінде маталарды немесе ленталарды тағу;
- париктер жасау үшін шаш бұрымдарын және материалдарды қусыру және бекіту;
- париктерге табиғи түр беру үшін түстердерді таңдау, бұрым шаштарды белгілі бір күйде жатқызу және бұрымдар қалыптастыру үшін шашты қусыру;
- үлбірден жасалған киімдер мен теріден жасалған басқа да бұйымдарды дайындау, қайта жөндеу, жаңарту және оңдау;
- үлбір немесе былғарыдан жасалған ескі пальтоларды сәуле қайта іріктеу, үлбір пальтоның ішкі бетіне матаны жапсыру және теріден жасалған киімдерді кесіп қысқарту.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бас киімдер әдіскері

Тігінші

Корсет жасаушы

Тері илеуші-теруші

Тері илеуші-киім пішуші

Бас киімдерді қалыптаушы (тігін өндірісі)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жұмысшы-қолөнерші, маталарды дайындаушы – 7316

Тігінші - 7533

Үлбір терілерді өңдеуші - 7535

Тігін жабдығының операторы – 8153

7532 Сызба үлгілерді пішушілер және тігіп пішушілер

Сызба үлгілерді пішушілер және тігіп пішушілер киімдерді және басқа да тоқыма, былғары немесе үлбір бұйымдарын шығару үшін эталон дайын үлгілерді шығарады. Олар киімдерді, шляпалар мен кепилерді, перчаткалар мен басқа да түрлі бұйымдарды жасау кезінде сәулелік көшірмелерге немесе ерекшеліктерге сәйкес маталарды, жұқа былғары мен басқа да материалдарды белгілеп алып, кесіп қысқартады, қалпына келтіреді және кеседі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- диаграммаларды, сызу аспаптарын, компьютерлерді және/немесе маркалау құрылғыларын пайдалана отырып киімдердің қарастырылған өлшем диапазоны шеңберінде әр өлшемнің эталон дайын үлгісін әзірлеу;
- компьютердің көмегімен киімдердің жеке нұсқаларына арналған дайын үлгілер детальдарын немесе сәулелік көшірмелерін жасау;
- материалдарды созу есебімен және өлшеміне сәйкес дайын үлгілердің габариттерін есептеу;
- детальдарды біріктіру орнын, сондай-ақ бүрмелердің, қалталардың, ілгектердің киімдегі, декоративтік тігістердің аяқкиім жұптарындағы немесе құлақшалардың кенептен жасалған бұйымдардағы орналасу жерін компьютерлерді немесе сызу аспаптарын пайдалана отырып көрсету;
- ойылып кесілген жердің жеке нүктелерін орналастыру немесе барынша шығуын алу үшін материалдарды өлшеу немесе шаблондарды орналастыру, сонымен қатар маталарды тиісінше белгілеу;
- эталон дайын үлгілерді маталарға салу және үлгілерді жасау;
- киімнің сынамалы даналарын тігу және қиыстырып келтіру арқылы дайын үлгілерді тексеру;
- матаның жоғары қабатына дайын үлгіні орналастыру және электрлік және қол пышақтарын, кескіштерді және сандық бағдарламалық басқарылуы бар пішу машиналарының көмегімен дайын үлгілер бойынша маталарды кесу;
- киім детальдарын немесе басқа да үлбір бұйымдарын шығару үшін маталарды немесе үлбір терілерді пішу;
- артық материалды кесу немесе дайын өнімдердің бекітілмеген шеттерін кесуді қоса алғанда, дайын өнімдерден жіптерді кесу;
- былғарының беткі жағының құрылымын, материалдың дефектілерін және созылуын ескере отырып, материалды барынша ұтымды пайдалану мақсатында былғарыны машиналардың платформаларына кесу үшін орналастыру;
- жұмсақ маталардан тігілген киімдерді және кенептен жасалған бұйымдарды қоса алғанда, басқа бұйымдарды өндіру кезінде үлгілерді жасау, белгілеу және пішу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Киім пішуші

Дайын үлгілерді жасаушы (тігін өндірісі)

Үлгіші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тігінші - 7533

Матаны әрлеуші – 8152

ҚР МЖ 01-2017

7533 Мата реставраторлары және тектес қызметтердің жұмысшылары

Мата реставраторлары және тектес қызметтердің жұмысшылары матадан, үлбірден, жұқа былғарыдан және басқа да материалдардан киімдерді, перчаткалар мен басқа да бұйымдарды тігеді, жөндейді, жаңартады және әшекейлейді, сонымен қатар қалқаларды, желкендерді және кенептерді шығарады. Олар ең алдымен жіп пен инені пайдалана отырып қолмен жұмыс істейді, бірақ кейбір операциялар тігін машинасы арқылы да жүргізіледі.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қолайлы ине мен жіпті пайдалана отырып қолмен жарамсыз немесе бүлінген материалдар бөліктері мен киімдерді жөндейді;
- ұстараның жүзін немесе пышақты пайдалана отырып қайта жөндеу үшін киімдерден тігісін шешу;
- детальдардың ерекшеліктеріне немесе түсіне сәйкес жіптерді таңдау не жөндеуге жататын матаның түсі мен тонына сәйкес жіптерді бояу;
- жіп пен инені пайдалана отырып жарамсыз бұйымдарды торлап жамау немесе тігістері сөгілген немесе жыртылған жыртықтарды торлап жамау;
- ілмектерді пайдалана отырып киімдердің теріс жағына түйіндерді тарту;
- матаның жөнделген бөліктерін қалған бөліктерімен ұқсастыққа келтіру үшін жіптерді қайшымен кесу;
- ине мен түрлі түсті жіптерді пайдалана отырып, матаға әшекейлер трафаретімен сыртынан қолмен салынған немесе басылған және толтырылған әшекейлерді кестелеу;
- ине мен түрлі түсті жіптерді пайдалана отырып, тігін машинасы көмегімен немесе қолмен матаға әшекейлерді кестелеу;
- қусырлауға дайындау үшін судың көмегімен былғарыны немесе аяқкиім материалын жұмсарту;
- шляпа, кепи немесе әйелдерге арналған шляпалар секілді бұйымдарға декоративтік жиектерді қусырту немесе жапсыру;
- қолмен қаңқасына қолшатыр матасын тігу, қолшатырды жиналған күйінде ұстап тұру үшін тігістері көмегімен бізге матаны бекіту;
- желкендерді, бастырмаларды, кенептер мен қалқаларды жасау үшін кенептерді, тығыз маталарды және ұқсас материалдарды жасау және жинау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кесте тігуші

Фурнитурашы

Төсеуші

Тігінші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жұмысшы-қолөнерші, мата дайындаушы – 7316

Тігінші – 7531

Тігін жабдығының операторы – 8153

7534 Қаптаушылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Қаптаушылар және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар жиһазды, құрылғыларды, ортопедиялық құрылғыларды, автомобильдердің, теміржол вагондарының, ұшақтардың, кемелердің орындықтарын, панельдерін, аудармалы және винилді беттерін және басқа жиһаздарын, сондай-ақ ұқсас бұйымдарды қаптау үшін матадан, былғарыдан, ледериннен және басқа да қаптау материалдарынан жасалған қаптамасын жабады, жөндейді және ауыстырады. Олар сонымен қатар жастықтар, сырылған көрпелер және матрастар жасайды және оларды жөндейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жиһаз бен басқа да бұйымдарды қаптау үшін клиенттермен матаның сортын, түсін және матаның стилін талқылау және құнын бағалау;
- клиенттер берген эскиздердің, сипаттамалардың или сәулелік көшірмелердің негізінде қаптауға арналған дайын үлгілерді жасау;
- дайын үлгілердің, шаблондардың, эскиздердің және техникалық талаптардың негізінде қаптау материалын білгілеу, өлшеу және пішу;
- жиһаз рамасына қаптайтын материалдарды және астарларды, серіппелерді орнату, тарту және бекіту;
- қаптайтын материалдар детальдарын бекіту және кепшіктерін бүркеу үшін қолмен қаптайтын материалдарды қусыру;
- жастықтарды қаптау және қаптайтын материалдың детальдарын біріктіру үшін қаптау материалын қолмен тігу;
- ине мен жіпті пайдалана отырып материалдың тегісі кеткен жерлерін және тесіктерін тігу және тігістерін жасау;
- декоративтік әрлеуді, тоғаларды, бауларды және басқа да аксессуарларды қапталған бұйымдардың беттеріне немесе рамаларына байлап қою, жапсыру немесе тағу;
- ұшақтарда, автокөлік құралдарында, теміржол вагондарында, кемелер мен қайықтарда қаптауларды белгілеу, тілу және орнату;
- ұштары жасанды былғары жабындарды жөндеу;
- тігістерді айыру қашауларын, магниттік балғалар мен ұзын инелерді қоса алғанда, әртүрлі құрал-саймандарды пайдалана отырып, антикварлық жиһазды жаңарту;
- үй-жайларды безендіру кезінде суретші - декораторлармен жұмыс жасау және маталардың жеткізілуін үйлестіру;
- сырылған көрпелер, жастықтар мен матрастар жасау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Матрастарды қаптаушы

Жиһазды қаптаушы

Көлік құралдарын қаптаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тігін жабдығының операторы – 8153

ҚР МЖ 01-2017

7535 Тері илеушілер және өңдеушілер

Тері илеушілер және өңдеушілер киімдер мен басқа да бұйымдарды өндіру үшін дайын үлбірді және иленген былғарыны дайындау үшін жануарлар терісін, үлбірін тазартады, тазалайды, илейді, өңдейді және бояйды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- түр түсіне, өңіне, өлшеміне және тығыздығына сәйкес үлбір және былғары шикізатының сорты мен класын анықтау;
- тері және былғары шикізатын тазарту және оны жұмсарту мақсатында өңдеу;
- теріден қатты, ұзын қылдарды жою және бірдей ұзындыққа дейін түбітін тегістеу;
- терінің табиғи түрін қалпына келтіру немесе әдемілігі мен жарқырауын арттыру үшін теріні илеу және өңдеу;
- тері мен былғарыны өңдеуге арналған арнайы құрамды ерітіндіні дайындау;
- теріні өңдеп шығару үшін тері илейтін ерітіндіде тері мен былғарыны өңдеу;
- үлбірдің табиғи өңін жақсарту үшін теріні тондау немесе бояу;
- дымқыл терідегі немесе былғарыдағы талшықтар мен қатпарларды тегістеу;
- тері өңдеу және бояу мен бояғыш заттарды жағу;
- өңделген терілерді созу және тегістеу;
- қолмен, кистьтің көмегімен былғары бетіне химиялық ерітіндіні немесе майды бірдей етіп жағу арқылы былғарыны өңдеу және былғарыны таза ауада кептіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Илеуші

Үлбір теріні өңдеуші

Терілерді сұрыптаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Терілерді өңдеуші - 6121

Илеу аппаратшысы (тон өндірісі) – 8155

7536 Аяқ-киім тігушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Аяқ-киім тігушілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар стандартты, тапсырыс берілген немесе ортопедиялық аяқкиімді және багаж сөмкелері, саквояждар мен белдіктер (былғары киімнен, бас киімнен және қолғаптан басқа) сияқты табиғи немесе жасанды былғарыдан бұйымдарды жасайды, өңдейді және жөндейді немесе аяқкиімді және ілеспе бұйымдарды өндіру процесіне қатысады. Олар аяқкиімді, багаж сөмкелерін, саквояждар мен белдіктерді сәндейді, нығайтады немесе әрлейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- жеке талаптарды ескере отырып, стандартты аяқкиім жасау, қайта өңдеу және жөндеу;
- дәрігерлердің ұйғарымдарына сәйкес ортопедиялық немесе терапевтік аяқкиімді жасау, қайта өңдеу және жөндеу немесе аяқтарының аурулары бар адамдар немесе ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бар аяқкиімді қайта өңдеу;
- белдіктерді, багаж сөмкелерін, ридикюльдер мен ұқсас бұйымдарды жөндеу;
- сызбаларын дайындау үшін деформацияланған аяқтардың немесе табандардың гипстік құймаларын жасау;

- тапсырыс берушілердің аяқтарының көшірме бедерлері негізінде ендірмелер, табан астыларын және көтергілерін дайындау;
- тапсырыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес аяқкиім жасау үшін сызбалар мен басқа да ерекшеліктерді зерделеу;
- жұмыс жүктемесі, ерекшеліктер мен пайдаланылатын материалдардың типтері туралы ақпарат алу үшін жұмыстарды орындауға арналған нарядтарды және/немесе аяқкиімнің детальдарындағы ярлықтарды зерделеу;
- нақты мақсат үшін былғарының жарамдылық деңгейін анықтау үшін былғарының құрамын, түсін және беріктігін тексеру;
- былғары бұйымдарын жасау кезінде тігістерін тарқату, қалыпқа келтіру және төсем бекіту;
- ридикюльдер, белдіктер, аяқкиім мен багаж сөмкелері сияқты бұйымдарды жөндеу мақсатында тігісі кеткен жерлерін тігу немесе жамау салу;
- тесіктерде жіктер тиісті түрде салынғанын тексеруді қоса алғанда, аяқкиімнің, аяқкиім детальдарының және олардың дизайнының ерекшеліктерге сәйкестігін тексеру үшін олардың сипаттамаларын және дизайнын бағалау;
- бұйымдарды әшекейлеу немесе қорғау үшін аксессуарларды немесе декоративтік элементтерді бекіту;
- жануарларға арналған ершіктер мен әбзелдер, жол сөмкелері, саквояждар, қоржындар, былғары сөмкелер, белдіктер және аксессуарлар сияқты бұйымдарды жасау мен жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ортопедиялық аяқкиім модельері

Аяқкиім жөндейтін аяқкиімші

Былғары-галантереялық бұйымдарды тігуші

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес сабақтар:

Тері илеуші-жинаушы – 7531

Оператор аяқ киім жасаушы – 8159

ҚР МЖ 01-2017

754-ШАҒЫН ТОП

ӨНЕРКӘСІП, ҚҰРЫЛЫС, КӨЛІК ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР

Осы шағын топқа 7 Өнеркәсіп, құрылыс, көлік саласындағы және басқа да тектес кәсіптердің жұмысшылары атты негізгі топтың басқа топтарына кірмеген өнеркәсіп, құрылыс, көлік саласындағы және тектес кәсіптердің басқа да жұмысшылары жатқызылған. Мысалы, топқа зиянды және қауіпті жағдайлары бар өндірістік учаскелерді жинауды жүзеге асыратын, зиякестермен және арамшөптермен күресу үшін су астында, жарылғаш заттармен, химикаттармен жұмыс істейтін, теміржол көлігін және метрополитен машиналары мен механизмдерін жасайтын, өнеркәсіптік және құрылыс материалдарын жасайтын, шикізатты, өндірілген компоненттер мен бұйымдарды тексеретін және қарайтын жұмысшылар кіреді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: өндірісте жинау үшін әртүрлі жуушы және дезинфекциялаушы ерітінділерді дайындауды; қауіпсіздік талаптарына сәйкес қоқыс пен қалдықтарды жинауды; қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды; суасты тыныс алу аппараттарын пайдаланумен немесе пайдаланбай-ақ су астындағы жұмыстарды орындауды; нұсқаулықтарға сәйкес химикаттарды араластыруды, жабдықтады пайдалану мен мониторингілеуді, зиянкестер мен арамшөптерді кетіру үшін ауыл шаруашылығы егістіктерін, ғимараттар мен құрылыстарды химиялық өңдеуді; бұзу үшін забойларда, карьерлерде және алаңдарда жарылғаш материалдарды салу, компоненттеу және жаруды; слюданы өңдеуді, цемент, асбест цемент және асбест силит бұйымдарды, темір бетон және бетон бұйымдарды, жылу оқшаулағыш материалдарды, асфальтты мастика мен плитка сияқты өнеркәсіптік және құрылыс материалдарын өңдеуді; теміржол көлігін және метрополитен машиналары мен механизмдерін қарау, тексеру, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді; шикізатты, өндірістік компоненттер мен бұйымдарды қарау мен тексеруді қамтиды.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

7549 Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

7549 Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Осы шағын топқа 7 Өнеркәсіп, құрылыс, көлік саласындағы және басқа да тектес кәсіптердің жұмысшылары атты негізгі топтың басқа топтарына кірмеген өнеркәсіп, құрылыс, көлік саласындағы және тектес кәсіптердің басқа да жұмысшылары жатқызылған. Мысалға, топқа зиякестермен және арамшөптермен күресу үшін жарылғаш заттармен, химикаттармен су астында жұмыс істейтін, теміржол көлігін және метрополитен машиналары мен механизмдерін жасайтын, өнеркәсіптік және құрылыс материалдарын жасайтын жұмысшылар кіреді.

Мұндай жағдайларда олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау;
- суасты тыныс алу аппараттарын пайдаланумен немесе пайдаланбай-ақ су астында жұмыстарды орындау;
- нұсқаулықтарға сәйкес химикаттарды араластыру, жабдықтады пайдалану мен мониторингілеу, зиянкестер мен арамшөптерді кетіру үшін ауыл шаруашылығы егістіктерін, ғимараттар мен құрылыстарды химиялық өңдеу;
- көшіру үшін забойларда, карьерлерде және алаңдарда жарылғаш материалдарды салу, компоненттеу және жару;
- слюданы өңдеу, цемент, асбест цемент және асбест силиттік бұйымдар, темір бетон және бетон бұйымдары, жылу оқшаулағыш материалдар, асфальттық мастика мен плитка сияқты өнеркәсіптік және құрылыс материалдарын өңдеу;
- теміржол көлігін және метрополитен машиналары мен механизмдерін қарау, тексеру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу; шикізатты, өндірістік компоненттер мен бұйымдарды қарау мен тексеру;
- құрамы бойынша ұқсас басқа да міндеттерді орындау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Туннельдік пештерге тиеуші

Карбонизаторшы

Шихташы

ӨНДІРІСТІК ЖАБДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРЫ, ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ

Өндірістік жабдық операторлары, құрастырушылары және жүргізушілері тікелей орнында немесе қашықтан басқару көмегімен өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы қондырғыларын, машиналар мен жабдықтарды басқаруды жүзеге асырады және жұмысын бақылайды; пойыз жүргізеді, автокөлік құралдарын және жылжымалы өнеркәсіптік, құрылыс және ауыл шаруашылығы жабдықтарын басқарады; қатаң қағидалар мен белгіленген тізбектілікке сай жиынтықтаушы бөліктерден өнімді жинайды. Аталмыш негізі топтың мамандықтарының көпшілігі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді. Осындай жұмыс негізінен басқарылатын және өндірістік қондырғылардың, машиналар мен жабдықтар бойынша тәжірибе мен білімді, сонымен қатар машинаның беретін қарқынында жұмыс істеу және техникалық жаңалықтарды меңгеру машығын талап етеді.

Өндірістік қондырғылар мен машиналар операторларының, құрастырушылар мен жүргізушілердің орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: металды, минералдық шикізатты, шыныны, қышты, ағашты, қағазды немесе химиялық өнімдерді өңдеу үшін тау-кен жабдығын, өндірістік қондырғылар мен машиналарды басқару мен бақылауды; металдан, минералдық шикізаттан, химиялық өнімдерден, резеңкеден, пластмассадан, ағаштан, қағаздан, тоқымадан, үлбірден немесе былғарыдан бұйымдарды өндіру бойынша, сонымен қатар тамақ өнімдерін және ұқсас өнімдерді өңдеуге арналған машиналар мен жабдықтарды басқару мен жұмысын бақылауды; қатаң қағидалар мен белгіленген тізбектілікке сай жиынтықтаушы бөлшектерден өнімді жинауды; пойыздарды, автокөлік құралдарын жүргізу мен қызмет көрсетуді; жылжымалы өнеркәсіптік, құрылыс және ауыл шаруашылығы жабдықтары мен машиналарын жүргізу мен қызмет көрсетуді, теңіз бен өзен кемелерінде палуба жұмыстарын орындауды қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмыскерлерге басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған негізгі топ кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 81 Өндірістік стационалық жабдық операторлары**
- 82 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынаушылар**
- 83 Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторлары**

81-КІШІ ТОП**ӨНДІРІСТІК СТАЦИОНАЛЫҚ ЖАБДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРЫ**

Өндірістік стационалық жабдық операторлары өнеркәсіптік стационарлық қондырғыларды, машиналар мен жабдықты қозғалу олардың жұмысының ажырамас бөлігі болып табылмайтын қондырғылар мен жабдықты тікелей орнында басқарады немесе қашықтан бақылайды және пайдаланады. Аталған кіші топ кәсіптерінің көбісі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Осындай жұмыс негізінен басқарылатын және өндірістік қондырғылардың, машиналар мен жабдықтар бойынша тәжірибе мен білімді талап етеді. Әдетте машинаның беретін қарқынында жұмыс істеу және техникалық жаңалықтарды меңгеру машығын талап етеді.

Аталған кіші топтың жұмысшылары орындайтын міндеттер әдетте мыналарды: әртүрлі стационарлық қондырғыларды, машиналар мен механизмдерді теңшеу, басқару және бақылауды; ақаулықтарды анықтау мен түзетуші өзгерістерді енгізуді; ақаулықтарын және ерекшеліктерге сәйкестігін анықтау үшін өнімді бақылауды; сонымен қатар тиісті түрде машиналарды теңшеуді ретке келтіруді; техникалық қызмет көрсету, жөндеу мен тазалауды; деректерді тіркеу мен өндірістік есепті жүргізуді қамтиды. Олардың міндеттеріне басқа жұмысшыларға басшылық ету кіруі мүмкін.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 810 Өндірістік стационалық жабдық операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 811 Бұрғылау, мұнай, газ, пайдалы қазбаларды өндіру және кен байыту жөніндегі операторлар**
- 812 Металды балқыту және өндіру, метал бұйымдарын өндіру және өңдеу жөніндегі операторлар**
- 813 Химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнімді өндіру жөніндегі операторлар**
- 814 Резеңке, пластмасса және олардан жасалатын бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар**
- 815 Тоқыма, тері және былғары өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар**
- 816 Тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар**
- 817 Ағаш бұйымдарды, қағазды және қағаз бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар**
- 818 Өндірістік стационарлық жабдықтың басқа операторлары**

810 КІШІ ТОБЫ

ӨНДІРІСТІК СТАЦИОНАЛЫҚ ЖАБДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР (БРИГАДИРЛЕР)

Өндірістік стационалық жабдық операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) өнеркәсіптік мақсаттарда ұңғымаларды бұрғылау, кен байыту, мателдарды балқыту мен өндіру, химиялық шикізатты қайта өңдеу, резеңке, тоқыма өнімін, тамақ өнімдерін, ағаш және қағаз және басқа өнімдерді өндіру, стационарлық жабдықты, қондырғыларды, машиналарды басқарумен айналысатын, жұмысшылардың өндірістік қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асырады.

Орындалатын міндеттер әдетте келесілерден тұрады: жабдықты пайдаланумен айналысатын жұмысшылар жұмысын үйлестіру, анықтау мен талдау; денсаулықты сақтауды қамтамасыз ету және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау мақсаттарына жабдықты тексеру; жұмыс кестелері мен рәсімдерін әзірлеу және басқа бөлімшелермен және департаменттермен қызметті үйлестіру; жұмыстарды орындау барысын қарастыру мен тексеру; өндірістік процес барысында туындайтын ауытқулар журналын жүргізу; бақыланатын қызметке қатысты барлық сұрақ бойынша жоғары тұрған басшыларға есептер мен басқа ақпаратты беру; қызметтік міндеттерді орындау бойынша жұмысшыларды оқыту мен нұсқама беру, компания саясатын іске асыру мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; жұмыс күшінде қажеттілікті бағалау мен өндірітік бригада мүшелерін іріктеу.

Аталмыш кішкентай топтың мамандықтары келесі бастауыш топқа кіреді:

8100 Өндірістік стационалық жабдық операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

8100 Өндірістік стационалық жабдық операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Өндірістік стационалық жабдық операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) өнеркәсіптік мақсаттарда ұңғымаларды бұрғылау, кен байыту, мателдарды балқыту мен өндіру, химиялық шикізатты қайта өңдеу, резеңке, тоқыма өнімін, тамақ өнімдерін, ағаш және қағаз және басқа өнімдерді өндіру, стационарлық жабдықты, қондырғыларды, машиналарды басқарумен айналысатын, жұмысшылардың өндірістік қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асырады.

Олардың міндетіне кіреді:

- жабдықты пайдаланумен айналысатын жұмысшылар жұмысын үйлестіру;
- анықтау мен талдау; денсаулықты сақтауды қамтамасыз ету және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау мақсаттарына жабықты тексеру;
- жұмыс кестелері мен рәсімдерін әзірлеу және басқа бөлімшелермен және департаменттермен қызметті үлестіру;
- жұмыстарды орындау барысын қарастыру мен тексеру;
- өндірістік процес барысында туындайтын ауытқулар журналын жүргізу;
- бақыланатын қызметке қатысты барлық сұрақ бойынша жоғары тұрған басшыларға есептер мен басқа ақпаратты беру;
- қызметтік міндеттерді орындау бойынша жұмысшыларды оқыту мен нұсқама беру, компания саясатын іске асыру мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- жұмыс күшінде қажеттілікті бағалау мен өндірітік бригада мүшелерін іріктеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Негізгі өндірістік телімдеріндегі бригадасы

Байытушы өнімдерді бақылаушы (металл кендері өндірісі)

Шыны өндірісін бақылаушы

Бұрғылау ерітінділері және шығындары жөніндегі супервайзер

ҚР МЖ 01-2017

811 КІШІ ТОБЫ

БҰРҒЫЛАУ, МҰНАЙ, ГАЗ, ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ КЕН БАЙЫТУ БОЙЫНША ОПЕРАТОРЛАР

Бұрғылау, мұнай, газ, пайдалы қазбаларды өндіру және кен байыту бойынша операторлар машиналарды бақылайды және пайдаланады және мұнау мен газды, кен жыныстарын және жерден минералдарды өндіру, минералдар мен тасты өңдеу, ұңғымалар мен оқпандарды бұрғылау, сонымен қатар цемент пен тастан жасалған бұйымдарды өндіру мен жеткізу үшін қол, автоматтандырылған және механикаландырылған құрал-сайманмен басқарады.

Орындалатын міндеттер әдетте келесілерден тұрады: бұрғылау мұнаралары мен қосалқы механизмдер мен жабдықтарды, комбайн алымы механизмдерін, сонымен қатар кескіш, ұсату, ұнтақтаушы, сорғы және араластырғыш қондырғылар мен жабдықтарды қоса алғанда, өндіру және кен-байыту қондырғыларын, машиналар мен механизмдерді баптау, басқару мен бақылау; қалдықтарды кетіру мен минералдарды алу үшін шайғыш, бөлгіш, экстракциялық және құрамдас жабдықтарды пайдалану; цементті, бетонды, жасанды тасты, құрама бетонды және олардан жасалған бұйымдарды өндіру үшін қондырғылар мен механизмдерді пайдалану; әртүрлі қондырғылар мен машиналардың өнімділігін бақылау, жарасыздықтарды анықтау мен түзетуші өзгерістерді енгізу; қондырғылар мен машиналарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу мен тазалау; өндірістік есепті жүргізу.

Аталмыш кіші топтың мамандықтары келесі бастауыш топтарға бөлінеді:

8111 Бұрғылау қондырғыларының машинистері (бұрғылаушылар)

8112 Шикі мұнай және табиғи газды өндіру жөніндегі операторлар

8113 Тау-кен жұмыстарының операторлары және басқа да тау-кен жұмысшылары

8114 Руданы және тау жыныстарын өңдеу және байыту операторлары

8115 Цементтен, тастан және басқа минералды материалдардан өнім өндіру жөніндегі операторлар

8111 Бұрғылау қондырғыларының машинистері (бұрғылаушылар)

Бұрғылау қондырғыларының машинистері (бұрғылаушылар) ұңғымаларды тереңдету, кен жыынстарының, сұйықтықтардың үлгілерін өндіру үшін немес басқа көптеген мақсаттар үшін бұрғылау және ілеспе жабдықты орнатады, монтаждайды және пайдаланады.

Олардың міндетіне кіреді:

- бұрғылау мұнараларын және қосалқы жабдықты бөлшектеу, орнын ауыстыру мен монтаждау;
- құбырларды, отырғызу құбырларын және бұрғылау ұштықтарын монтаждау мен бөлшектеу, сонымен қатар жарамсыз жабдықты алмастыру;
- отырғызу құбырларын төмендету мен көтеру үшін басқару органдарын пайдалану және ұңғымалар ішінде бекіту, ұңғымалар ішінде қысымды ретке келтіру мен құрал-саймандар жылдамдығын басқару;
- бұрғылау ерітіндісін дайындау мен отырғызу колонналары мен ұңғымаларында сұйықтықтың тиісті түрде айналуын қамтамасыз ету үшін сорғылар жұмысын тексеру;
- аспаптар мен басқа индикаторлардың көрсетілімдерін бақылау, жарамсыздықтар мен штаттан тыс жұмыс жағдайларын анықтау үшін жабдық жұмыс істеген кезде шуылдарды тыңдау, сонымен қатар бұрғыны немесе жабдықты алмастыруда қажеттілікті анықтау;
- бұрғылау қондырғыларына, көтеру және басқа машиналарға техникалық қызмет көрсету, ретке келтіру, жөндеу мен тазалау;
- бұрғылау және қосалқы жұмыстарды есепке алу;
- саңылаулар мен ұңғымалардан шаңды, топырақты және жойылған немесе сынған бұрғылау жабдығын шығару үшін машиналар мен құрал-саймандарды басқару;
- майдаланылмайтын ұңғымаларды бітеу мен оқшаулау;

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Гидрогеологиялық ұңғымаларының бұрғылаушысы

Шпурларды бұрғылаушы

Мұнараны монтаждаушы

Бұрғылау қондырғысының машинисті, тау-кен өнеркәсібі

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Бұрғылау бөлімшесінің бригадирі - 8100

Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысы – 8112

8112 Шикі мұнай және табиғи газды өндіру жөніндегі операторлар

Шикі мұнай және табиғи газды өндіру жөніндегі операторлар қондырғыларды, машиналарды басқарады және барлық тәсілмен мұнай мен газды өндіру үшін қол құрал-сайманын пайдаланады, сонымен қатар ұңғымалар мен басқа мұнай-газ өнеркәсіптік жабдығына қызмет көрсетеді және жөндейді.

Олардың міндетіне кіреді:

- зерттеуге, игеруге, оларды пайдалануға беруге ұңғымаларды дайындау;
- тереңдікті, қашықтан және тіркеуші аспаптармен әртүрлі түрлі зерттеулерді жүзеге асыру;

ҚР МЖ 01-2017

- машиналарды пайдалану және мұнай мен газды өндіру үшін қол немесе механикаландырылған құрал-сайманды қолдану;
- жерасты және ашық қазбаларда бұрғылау жабдығын баптау мен пайдалану;
- мұнай-кәсіптік жабдықтарға, қондырғылар мен жабдықтарға техникалық ызмет көрсету және жөндеу, сонымен қатар қондырғыларды, машиналар мен құрал-саймандарды майлау мен тазалау;
- ұңғымалардың, қондырғылардың, сорғы және сығымдағыш станциялар мен мұнай мен газды өндіру технологиясына байланысты басқа жабдықтың үздіксіз жұмысын бақылауды жүзеге асыру;
- газ бен конденсат шығынын қысқарту бойынша техникалық іс-шараларды жүзеге асыру; газды алу, дайындау мен тасымалдау технологиялық процестерін жетілдіру;
- ұңғымаларды цементтеу, қаттың гидравликалық ажырауы, ұңғымаларды шаю, ұңғымаларды су-құм ағынды перфорациялау және тұншықтыру бойынша жұмыстары орындау;
- ауысым бойы орындалған операциялардың сипаттамасымен есептерді толтыру.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысы

Газ-тарату станциясының операторы

Мұнай-қотару станциясының операторы

Ұңғымаларды жерасты жөндеу бойынша оператор

Мұнай және газ өндірудегі басқару пультінің операторы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Мұнай газ жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрслесарь – 7413

Бұрғы қондырғысының машинисі – 8111

8113 Тау-кен жұмыстарының операторлары және басқа да тау-кен жұмысшылары

Тау-кен жұмыстарының операторлары және басқа да тау-кен жұмысшылары қондырғыларды, машиналарды басқарады және жерасты және ашық қазылымдар мен тас сындырғыштарда мұнай мен газдан басқа, кен жынысын, минералдық кенді және басқа пайдалы қазбаларды өндіру үшін қол, автоматтандырылған және механикаландырылған құрал-сайманды басқарады.

Олардың міндетіне кіреді:

- комбайн алғыш қондырғысын, кескіш және қазғыш қондырғыларды қоса алғанда, әртүрлі өндіру жабдығын орналастыру, пайдалану мен жұмысын бақылау;
- жерасты және ашық қазылымдар мен тас сындырғыштарда бұрғылау жабдығын баптау мен пайдалану;
- мұнай мен газдан басқа, ұсақталған жынысты, кенді, көмірді және басқа пайдалы қазбаларды алу үшін машиналарды пайдалану және қол немесе механикаландырылған құрал-сайманды қолдану;
- қарнақ бекітпелерін қоса алғанда, жерасты қазу барысында тіректерді дайындау, айдау мен орнату;
- жаңа оқпандарды ашу, деңгейжиек қазбалар, ауа арналары мен еңіс қазбалары үшін машиналар мен жабдықтарды пайдалану;

- ауаны, суды және бұрғылау ерітіндісін шығару үшін сорғылар сияты, осындай қосапды қондырғыларды пайдалану;
- қондырғыларда, машиналар мен құрал-саймандарға техникалық қызмет көрсету мен ұсақ жөндеу, сонымен қатар майлау мен тазалау;
- ауысым бойы орындалған операциялардың сипаттамасымен есептерді толтыру; зертханалық талдау үшін минералдар үлгілерін жинау.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Геологиялық жұмыстардағы кенжұмысшы

Жерасты кенжұмысшысы

Жерасты өздігінен жүретін машиналар машинисі

Шахтер

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Жарушы – 7549

Толық қималы шахта оқпандарын бұрғылау жөніндегі құрылғылардың машинисті – 8111

Шахта және карьерлердегі біліктілігі жоқ жұмысшы – 9311

8114 Руданы және тау жыныстарын өңдеу және байыту операторлары

Руданы және тау жыныстарын өңдеу және байыту операторлары тікелей пайдалану немесе ары қарай өңдеу үшін тазаланған өнімдерді жинау үшін кен жыныстарын, минералдар мен атсты қайта өңдеу бойынша машиналар мен жабдықтарды пайдаланады және бақылайды.

Олардың міндетіне кіреді:

- Жұмыс тапсырмасына сай кен жыныстарын, минералдар мен тастарды үгетін, нтайқтайтын, кесетін, аралайтын және ажырататын стационарлық қонырғылар мен жабдықтарды баптау мен пайдалану;
- Аралай, кесу мен ары қарай өңдеу үшін машиналарға тас блоктары мен плиталарын салу;
- Машиналарға конвейерлерден өңделетін бас кенінің, минералдар мен атстардың үздіксіз ағынын бақылаумен қамтамасыз ету;
- бос жынысты кетіру мен минералдарды алу үшін шаю, байыту, сілтісіздендіру, түшкірту, сүзу, айырып алу мен құрамдастыру үшін жабдықты пайдалану;
- ары қарай қайта өңдеуді жеңілдету үшін еріткіштермен кенді өңдеу;
- қойырту, флотация, гравитациямен бөлу арқылы немесе магниттік және электр статикалық өрістерді пайдаланумен кеннен немесе аллювиалдық шөгіндіден металдың немесе концентрат бөлінуі;
- есептегіштердің, аспаптар мен бақылау панельдерінің көрсеткіштерін бақылау, жабдықтың қауіпсіз және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін клапандар мен бақылау органдарын ретке келтіру, жарамсыздықтарды анықтау мен қондырғылар мен машиналарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу барысында жәрдем көрсету;
- нормативтер мен жұмыс тапсырмаларын сақтау, сонымен қатар зертханалық сынақтар үшін үлгілерді жинау үшін өңделетін материалдарды визуалды және қолмен тексеру;
- өндірілген материалдардың саня, типі мен габариттері сияқты жұмыс кезінде өткізілген өңдеу туралы ақпаратты жазу;

ҚР МЖ 01-2017

- қаптау, ары қарай өңдеу немесе тиеу үшін өңделген минералдар мен тасты сұрыптау, қоймалау мен орнын ауыстыру.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Алтын құрамды кендерді байыту аппаратшысы
Кен мен кен жыныстарын өңдеу мен байыту бойынша диірмен машинисі
Оператор ұсатушы
Алтынды тұндыру үшін қондырғы операторы
Флотатор

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Цементті, асбестцементті өндіруде және тасты өңдеуде тас тесуші – 7113
Тастан жасалған бұйымдарды ажарлаушы-жылтыратушы – 7113
Тасты аралаушы – 7119
Білдек операторы, бетон тасы – 8115
Тасты жылтырату үшін білдек операторы, бетон тасы - 8115

8115 Цементтен, тастан және басқа минералды материалдардан өнім өндіру жөніндегі операторлар

Цементтен, тастан және басқа минералды материалдардан өнім өндіру жөніндегі операторлар құрама бетоннан, битум мен тастан жасалған бұйымдарды өндіру мен өңдеу үшін, сонымен қатар бетон тасын өндіру, құрылыс мақсаттарында қабырға және тұтқырлы материалдарды өндіру мен жағу үшін машиналарды бақылайды және пайдаланады,

Олардың міндетіне кіреді:

- құрама бетоннан және тастан жасалған бұйымдарды жасау мен өңдеу үшін экструдерлерді, қалыптау, араластыру, сорғы, баспақтау, ұсату және кескіш машиналарды пайдалану;
- ингредиенттерді тиеу мен түсіруді қоса алғанда, цементті, әк пен клинкерлік кірпішті өндіру үшін қондырғыларды пайдалану, сонымен қатар сорғылар мен конвейерлер сияқты үзіліссіз берумен осынай жабдықты пайдалану;
- құмды, қиыршық тасты, цементті, су мен цемент жасау үшін басқа ингредиенттерді араластыратын және өлшейтін қондырғылар мен машиналарды пайдалану;
- жасанды таспен бетон қоспасымен формаларды жинау мен толтыру, формалардан қалыпты құю мен құйылған өнімдердің бетін өңдеу үшін қондырғылар мен машиналарды пайдалану;
- жұмыс тапсырмасына сәйкес бетон мен тас блоктарынан жасалған бұйымдарды, плиталар мен бұйымдарды кесу, бұзу, дәнекерлеу, құм-ағынды өңдеу мен жылтырату;
- материалдарды, ингредиенттерді, рәсімдерді, компоненттерді анықтау мен таңдау үшін, экструдерлер, қалыптау, араластыру және баспақтау машиналары үшін өндірістік жоспарлар мен ерекшеліктермен салыстыру;
- температура мен қысым датчиктері сияқты осындай аспаптарды бақылау арқылы қондырғылар мен машиналар жұмысын бақылау; басқару органдарын ретке келтіру мен қажеттілікке қарай жарамсыздықтар турады есептерді беру;
- ерекшеліктерге сәйкестікке қоспалар мен дайын бұйымдар қоспаларының үлгілерін жинау мен тексеру және тиісті жолмен машиналар баптауларын өзгерту;

- дайындалған материалдар мен бұйымдардың саны, ауқымы мен типтері туралы ақпаратты қоса алғанад, өндірістік есептерті тексеру мен жүргізу;
- қондырғылар мен машиналарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша жәрдемдесу және шаралар қолдану.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Битумшы

Бетон-мозаика плитасын жасау бойынша баспа машинасының машинисі

Жағушы

Тасты өңдеу бойынша машина операторы

Тасты жылтырату үшін білдек операторы, бетон тасы

Білдек операторы, бетон тасы

Білдек операторы, құйма бетоннан жасалған бұйымдар

Білдек операторы, бетонды өндіру

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Тас жылтыратушы (қолмен немесе қол құралдары көмегімен) – 7113

Кірпішті жағу үшін пеш операторы – 8181

Ескертпелер

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған, қондырғылар мен машиналар операторларының жасаған бұйымлар мысалдары келесілерден тұрады: дайын бетон қоспасы, тас плиталары, бетон кірпіш пен клитка, ұоршаулар тіректері, құйылған құбырлар кесінділері мен траншеялар қамтамасы, батон шпалдар, қабырға плиталар мен арақабырғалар үшін плиталар, ғимараттар компоненттері, кабельдік каналдар, түтін мен шаң тарту үшін науалар, ажарлағыш шеңберлер мен сыртқы фурнитура.

ҚР МЖ 01-2017

812 КІШІ ТОБЫ

МЕТАЛДЫ БАЛҚЫТУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ, МЕТАЛ БҰЙЫМДАРЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЛАР

Металды балқыту және өндіру, метал бұйымдарын өндіру және өңдеу жөніндегі операторлар минералдық кендер мен металдардың түрленуін, өңделуін және жеткізілуін басқару үшін машиналар мен жабдықтарды бақылайды және пайдаланады.

Орындалатын міндеттер әдетте келесілерден тұрады: металдар мен кезденді өңдеу мен жеткізу үшін машиналарды баптайды, дайындайды және ретке келтіреді, металдарды өңдеу мен жеткізудің нақты кезеңінің жұмысын үйлестіреді және бақылауды; жарамсыздыққа жабдықты тексеру, аспаптарды бақылау, жоспарлы пайдалану сынақтарын өткізу мен техникалық ызмет көрсетуді келісу; өнімнің үлгілерін тексеру, сынау мен талдау; деректерді тіркеу мен өндірістік есеп журналдарын жүргізу.

Аталмыш кіші топтың мамандықтары келесі бастауыш топтарға бөлінеді:

- 8121 Металды балқыту, құю және прокат станының операторлары**
- 8122 Металды термиялық өңдеу жөніндегі операторлар**
- 8123 Экструдер операторлары және металды сымдаушылар**
- 8124 Металды бұйымдарын өңдеу жөніндегі операторлар**

8121 Металды балқыту, құю және прокат станының операторлары

Металды балқыту, құю және прокат станының операторлары металдарды және олардың қорытпаларын жағу, құю және илеу кезінде машиналар мен жабдықтарды бақылайды, пайдаланады, ретке келтіретін және техникалық қызмет көрсетеді

Олардың міндетіне кіреді:

- минералды кендерді немесе металдарды өңдеудің бір кезеңін орындау мақсатында минералды кендерді және металдарды өңдеуге арналған машиналарды баптау, дайындау және қалыпты күйге келтіру;
- металдар мен минералдық кендерді үгіту, бөлу, сүзу, араластыру, құю, илеу, байыту үшін машиналарды пайдалану;
- балқытылатын модельдер бойынша құю үшін мателл мен қорытпаны балқыту;
- машиналардың тиісті жұмысын қамтамасыз ету және басқарудың, құюдың, илеудің берілген талаптарын тексеру үшін өлшегіш аспаптарды, санағыштарды, компьютерлік басып шығаруларды, видеомониторлар мен өнімді бақылау;
- жұымсты іске қосу және аяқтау процестерін бақылау; ауытқуларды түзету мен металдар мен олардың қорытпаларын жағу, құю мен илеу процесінде жабдықты бақылау;
- қондырғыға шикізат пен қандай да бір реагенттерді дайындауды, өлшеу мен беруді бақылау;
- жарамсыздыққа жабдықты тексеру, жоспарлы пайдалану сипаттамаларын өткізу мен техникалық қыммет көрсетуді келісу;
- өнімнің үлгілерін талдау, сынауларды өткізу, нәтижелерді тіркеу мен өндірістік есеп журналдарын жүргізу.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Металдар мен қорытпаларды құюшы
Сым илек қарнағының операторы
Ферроқорытпаларды балқытушы
Ыстық металды илектеуші
Вакуум пешінің болат қайнатушысы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Түсті металдарды өңдеу бойынша линиялар операторы - 8123
Білдек операторы, металдандыру – 8124

8122 Металды термиялық өңдеу жөніндегі операторлар

Металды қыздырып өңдеу жөніндегі операторлар термиялық және химиялық өңдеудің әртүрлі түрлері арқылы металдың физикалық сипаттамаларын өзгерту бойынша қондырғылар мен машиналарды басқаруды жүзеге асырады.

Олардың міндетіне кіреді:

- күйдірудің жылу режимін реттей отырып, болат пен қорытпалардың прецизиялық маркаларын, түсті металдар мен қорытпалардан жасалған дайындамалар мен бұйымдарды күйдіру;

ҚР МЖ 01-2017

- жоңқаларды, гильзаларды, сымдар мен қара және түсті металдан басқа қалдықтар мен бұйымдарды күйдіру мен кептіру;
- шамотқа балшық пен брикетті жағу, әкті, жоғары отқа төзімді тотықтардан жасалған бұйымдар мен басқа бұйымдар мен материалдарды жағу;
- әртүрлі материалда оды қыздыру, кальцинация, құнарсыздандыру және өңдеудің басқа түрлері, соның ішінде сирек және радиоактивтік материалдарды қосу;
- қашықтан және бағдарламалық басқару пульттерінен термиялық өңдеудің технологиялық процесін ретке келтіруді жүзеге асыру;
- жабдықты, клапандарды, сорғыларды, бақылау органдары мен термиялық-өңдеуші жабдықтарды ретке келтіру;

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Прецизиялық болат пен қорытпаларды күйдіруші

Пештерде жағушы

Металдың қалдықтарын жағушы

Қыздырушы

Түсті металдарды күйдіруші

8123 Экструдер операторлары және металды сымдаушылар

Экструдер операторлары және металды сымдаушылар Икемдеу, калибрін өлшеу, созу, жаншуға және өзге де сым, құбыр және осыған ұқсас бұйымдарды өндіруге арналған қондырғыларды басқарады

Олардың міндетіне кіреді:

- салқын және ыстық жағдайдағы табакты және шыбықты металдан түрлі созылу арқылы және престоуші көмегімен тетіктерінің түзетілуі және қалыпқа келтірілуі;
- ыстық металдардың түрлі болат маркаларында, пішіндегі және ыстық жаншу қалпындағы қимасындағы икемделуі;
- қоспалы болат маркаларын салқын күйде икемдеу және қаңылтырды жылтырату және түзету;
- сымдау орнағындағы шыбықты және бунттық барлық металл қалыптарын жаншып қақтау және дәлдеу;
- жұқа қабырғалы, жалтыр, авиациялық және өзге де сымдау орнағындағы және бір уақыттағы термоөңдеу» бар арнайы қондырғыларды жаншып қақату және тарату;
- дайындалған материалдарды сызба немесе үлгіге сәйкестігін қадағалау.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Салқын икемдеу орнағының қақтаушысы

Ыстық икемдеу орнағының қақтаушысы

Сымдаушы

Жіксіз құбырларды қақтаушы

Шақа ауласы машинасының операторы

Инелі-платинкалық бұйымдарды түзетуші оператор

Экструдер операторы (металл)

8124 Металды бұйымдарын өңдеу жөніндегі операторлар

Металды бұйымдарын өңдеу жөніндегі операторлар безендіру мақсаттарында немесе электрлік немесе магниттік қасиеттерді беру үшін, тозу мен тот басуға олардың төзімділігін арттыру үшін бұйымдарға немесе олардың бөліктеріне қорғағыш қабатты жылтырататын, металдандыратын және жағатын жабдық жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндетіне кіреді:

- электрмен тұндыру, гальванизациялау, эмальдау процестеріне немесе ұқсас процестерге дайындық кезінде металл бұйымдарды тазалау жүргізілетін жабдықты басқару мен бақылау;
- электр-құймалы жабын үшін жабдықтың жұмысын басқару мен бақылау;
- темір мен болаттан жасалған бұйымдарды жабу үшін қолданылатын, батыру тәсілімен жабындарды жағу үшін жабдықтың жұмысын басқару мен бақылау;
- түсту металмен өткізгіштерді автоматты жабуды жүзеге асыратын, машиналарды басқару мен бақылау;
- қорғағыш немесе сәндік қабатты жағу немесе тозған немесе зақымдалған беттерді қалпына келтіу үшін металл беттерге балқыған металды немесе басқа заттарды брку үшін пайдаланылатын жабдықтың жұмысын басқару мен бақылау;
- химиялық реагенттермен өңдеу мен қыздыру арқылы металл бұйымдарға тоттанбайтын жабынды жаағу үшін жабдықтың жұмысын басқару мен бақылау;
- микрометрлерді, штангенциркульді және басқа құрылғыларды пайдаланумен жабынның тиісті қалыңдығын тексеру; нәтижелерді тексеру мен өнірістік есеп журналдарын жүргізу;
- белгіленген регламенттерге немесе ерекшеліктерге сәйкес металдайтын ерітінділерді дайындау мен араластыру.

Аталмыш бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Гальванотехник

Ыстық тәсілмен қалайышы

Металлизаторшы

Оксидирлеуші-вакуумшы

Құм-ағынды тазалау қонлырғылары операторы

Мырыштаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір туысқан сабақтар:

Сыршы, автокөлік құралдары – 7133

**ХИМИЯЛЫҚ ШИКІЗАТТЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ, ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ФОТОГРАФИЯЛЫҚ ӨНІМДІ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЛАР**

Химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнімді өндіру жөніндегі операторлар фармацевтикалық, дәрілік құралдарды, парфюмерлік-косметикалық құралдарды, жарылғыш заттарды, фотографиялық немесе басқа химиялық өнімді өндіру үшін әртүрлі химиялық реагенттерді және ингредиенттерді өңдейтін машиналар жұмысын басқарады және бақылайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: ары қарай өнеркәсіптік пайдалану мақсатында немесе дайын өнімді жасау үшін қажетті қасиеттер тектес кәсіптердің үшін химиялық реагенттерді және химиялық өнімді қосатын, араластыратын, қаптайтын және басқа өңдеуді жүргізетін, машиналар мен жабдықтар жұмысын басқарады және бақылайды.

Аталмыш шағын топтың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 8131 Химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнімді өндіру жөніндегі операторлар**
- 8132 Фармацевтикалық және гигиеналық өнімдерді өндіру жөніндегі операторлар**
- 8133 Фотографиялық өнім өндіру жөніндегі операторлар**
- 8139 Б.т.к. химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнім өндіру жөніндегі басқа да операторлар**

8131 Химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнімді өндіру жөніндегі операторлар

Химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнімді өндіру жөніндегі операторлар химиялық өнімдерді қосу, араластыру, өңдеу және қаптау үшін агрегаттар мен машиналар жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пештерде, камераларда, кептіргіш және күйдіру қондырғыларында, кептіру барабандары мен аппараттар мен басқа жабдықта химиялық шикізатты, материалдарды, қатты сусымалы заттарды кептіру технологиялық процесін жүргізу;
- өнімнің химиялық құрамын басқа дарту, бөек компоненттерді қалпына келтіру, тотықтыру немесе кетіру мақсатында күйдіру пештерінде химиялық шикізатты, материалдарды, компоненттерді күйдіру технологиялық процесін жүргізу;
- кеннен радиоактивтік материалдарды алу мен кетіру немесе ұқсас материалдарды қайта өңдеу жөніндегі жабдықты бақару;
- машиналар мен қондырғыларды теңшеу, іске қосу, бақылау, ретке келтіру мен тоқтату;
- қауіпсіздік техникасы қағидаларына сәйкес өтетін реакцияны және өнімнің түрленуін бақылау;
- миксерлер, реакторлар, блендерлер, кептіріш құрылғылар немесе тааблеткалау, капсулаларға салу, түйіршіктеу мен жабу үшін машиналар сияқты агрегаттарды қоса алғанда, бір немесе бірнеше химиялық реагентті немесе құрамдарды өңдеу бойынша агрегаттармен жұмыс істеген кезде есептегіштердің, аспаптар мен электрондық бақылау-өлшеу аппаратурасының көрсеткіштерін бақылау;
- рецептуралық карталар негізінде химиялық ингредиенттерді өзгерту, өлшеу мен тиеу;
- өнімнің сынамаларын алу және химиялық және физикалық сынақтарын өткізу, сонымен қатар технологиялық көрсеткіштерді тіркеу;
- машиналар мен қондырғыларды тазалау және ұсақ жөндеуді өткізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Түйіршіктеу аппаратшысы

Цианидті металдар өндіру аппаратшысы

Ұнтақтаушы (химия)

Химиялық талшықты кесуші

Химиялық фильтрация мен бөлу (выделения) жөніндегі сепараторшы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Мұнай және газды қайта өңдеу қондырғысының операторы - 8187

8132 Фармацевтикалық және гигиеналық өнімдерді өндіру жөніндегі операторлар

Фармацевтикалық және гигиеналық өнімдерді өндіру жөніндегі операторлар фармацевтикалық және гигиеналық өнімдерді өндіруге арналған химиялық заттар мен басқа да ингредиенттерді қайта өңдеуге арналған жабдықтардың жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- кешенді қосылыстарды алу, комплексондарды алу және бөлу процесін жүргізу;

ҚР МЖ 01-2017

- өсімдік шикізаттарынан күшті әсер ететін алкалоидтарды немесе кристалдық гликозидтерді бөліп алу процесін жүргізу;
- өнімді қайта кристалдау, тұнбаларды тұндыру, бейтараптандыру арқылы тазарту;
- бактериялық препараттарды, витаминдерді, биосинтез немесе дайын өнім препараттарын тазартудың ионоалмасу процесін жүргізу;
- дентинді, амальгаманы, протездеу препараттарын және басқа да тіс дәрігерлік мтаериалдарын алудың технологиялық процесін жүргізу;
- медициналық қоспалар мен жақпамайларды алудың технологиялық процесін жүргізу;
- анатоксиндерді, вакциналар мен сарысуларды алудың технологиялық процесін жүргізу, құнарлы орталарға тірі себінділерді егу және оларды культивациялау, сепарациялау, фильтрлеу, концентрациялау және басқасы;
- жануарлардан алынатын шикізаттардан плазма алмастырушы препараттар мен ферменттерді, шикізаттардың қышқылдық гидролизін, ферменттерді көп мәрте қайта кристалдауды өндірудің технологиялық процесін жүргізу, центрифугалау, стерильді препараттарды фильтрлеу және дозалау;
- алдын ала құты шприцтерді детальдардан жинау, ампулалардың корпусын дәнекерлеу және беткі жағын стерильді жағдайларда автоматты желіде газ жалынымен өңдеу арқылы құты шприцтердің ампулаларын медициналық препараттармен толтыру технилогиялық процесін жүргізу;
- таблетка жасайтын машиналарда галенді, витаминді , фармацевтикалық препараттар немесе тісті протездеуге арналған препараттар өндірісінде таблеткалар дайындау;
- машиналарда, қондырғыларда және ағынды желілерде опа-далаптарды, тіс тазалайтын ұнтақтарды, құрғақ әтірлерді және басқа да косметикалық заттарды дайындау процесін жүргізу;
- композициялар, хош иістендіргіштер, тұнбалар, ерітінділер немесе парфюмериялық сұйықтықтар дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің мысалдар:

Химия-фармацевтикалық препараттарды ионалмасулық тазарту жөніндегі аппаратшы

Косметикалық заттар дайындау жөніндегі аппаратшы

Медициналық қоспалар мен жақпамайлар дайындау жөніндегі аппаратшы

Таблетка дайындаушы

8133 Фотографиялық өнім өндіру жөніндегі операторлар

Фотографиялық өнім өндіру жөніндегі операторлар фотопенка мен фотоқағаз өндіруге арналған, экспозицияланған фотопенканы өңдеуге және фотофилярды басып шығаруға арналған жабдықты басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- фотопенка мен фотоқағаз өндіруге арналған жабдықтың жұмысын басқару және бақылау;
- фотографияларды өңдеу мен басып шығаруға арналған жабдықтарды басқару, бақылау және сынақтан өткізу, сондай-ақ пайдалану стандарттарын қамтамасыз ету;
- экспозицияланған фотопенканы фотозертханаларда өңдеудің түрлі процестеріне дайындау;

- бейнелерді, пленкалар мен суреттерді бақылау, сондай-ақ суреттердің қажетті түсін, айқындылығын, контрастылығын, мөлшерін, өлшемін және түрін алу үшін басып шығаратын жабдықтардың теңшеулерін реттеу;
- айқындауға арналған автоматты жабдықтардың теңшеулерін реттеу және іске қосу;
- пленкаларды видеотаспаға ауыстыруға арналған жабдықтарды немесе басқа да электрондық ақпарат тасымалдаушыларды пайдалану;
- фотографияларды өңдеумен байланысты міндеттерді орындау;
- түрлі түсті негативтерді, суреттер мен слайдтарды өңдеуге арналған автоматты жабдықтарды (бөлшек сауда кәсіпорындарында) пайдалану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кинофотонегізді және техникалық пленкаларды құюшы аппаратшы
Фильм көшірмелерін жиынтықтаушы
Фотосуреттерді басып шығарушы
Кинопленканы айқындаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Өңдеуші - 3431
Фотограф – 3431
Прецизиондық фотолитография фотографы – 7421

8139 Б.т.к. химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнім өндіру жөніндегі басқа да операторлар

Осы топқа *813 Химиялық шикізатты қайта өңдеу, химиялық және фотографиялық өнімді өндіру жөніндегі операторлар* шағын тобының басқа да топтарына кірмеген химиялық шикізаттарды қайта өңдеу, химиялық және фотография өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар жатқызылған.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Фотокомплект монтажшысы

ҚР МЖ 01-2017

814-ШАҒЫН ТОП

РЕЗЕҢКЕ, ПЛАСТМАССА ЖӘНЕ ОЛАРДАН ЖАСАЛАТЫН БҰЙЫМДАРДЫ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЛАР

Резеңке, пластмасса және олардан жасалатын бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар резеңке мен резеңке қоспаларын пластиналау мен араластыруға, табиғи және синтетикалық резеңке мен пластмассадан әртүрлі компоненттерді және бұйымдарды өндіруге арналған машиналардың жұмысын бақылайды және басқарады немесе осылардан әртүрлі бұйымдар өндіреді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: резеңке мен резеңке қоспаларын пластиналайтын және араластыратын, сондай-ақ табиғи және синтетикалық резеңке мен пластмассадан жасалған әртүрлі компоненттерді және бұйымдарды өндіретін машиналарды пайдалануды және бақылауды; өнімді ақаулықтарын анықтау және ерекшеліктерге сәйкес келуі мәніне үшін бақылауды, сондай-ақ тиісті түрде машиналардың теңшеулерін реттеуді қамтиды.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

8141 Резеңке және резеңке бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар

8142 Пластмасса және пластмасса бұйымдарын өндіру жөніндегі операторлар

8141 Резеңке және резеңке бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар

Резеңке және резеңке бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар резеңке мен резеңке қоспаларын пластиналау мен араластыруға арналған, сондай-ақ табиғи және синтетикалық резеңкеден жасалған әртүрлі компоненттерді және бұйымдарды, оның ішінде құйылған аяқкиімді, үй керек-жарақтарын, оқшаулағыш материалдарды, өнеркәсіп арматурасын немесе шиналарды өндіруге арналған машиналардың жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- резеңке және резеңке бұйымдарын одан әрі өңдеу үшін оларды пластиналауға, араластыруға және біріктіруге арналған машиналарды басқару және бақылау;
- илектеу процесінің көмегімен жалпақ резеңкені немесе резеңке қосылған маталарды өндіруге арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- толтырылған резеңке қоспасын сығуға немесе вулкандалған резеңкеге қалыптау жолымен пішін беруге арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- пішіндер негізінде доңғалақ қақпақтарын, вулкандалған шиналар өндіру немесе ескі доңғалақ қақпақтарын қалыптау мен қалпына келтіру жөніндегі машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- өнімді дефектілерін анықтау және ерекшеліктерін сәйкес келуін тексеру үшін қарау;
- вулкандау немесе басқа да процестер арқылы тозған және бүлінген доңғалақ қақпақтарының ақаулықтарын анықтау және жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Резеңке желімдер мен жабындар дайындайтын аппаратшы

Вулкандаушы

Латексті бұйымдарды дайындаушы

Қақпақтарды дайындаушы

Резеңке қоспаларды дайындау жөніндегі оператор

Синтетикалық каучукты кептіруші оператор

Қақпақтарды қалыптаушы

8142 Пластмасса және пластмасса бұйымдарын өндіру жөніндегі операторлар

Пластмасса және пластмасса бұйымдарын өндіру жөніндегі операторлар пластмасса алуға және әртүрлі пластмасса компоненттер мен бұйымдарды әзірлеуге арналған толтырғыштарды біріктіруге және пластиналауға арналған машиналардың жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- пластмасса алу үшін толтырғыштарды біріктіретін және пластиналайтын машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- қалытау, экструзия, үрлеу, кесу және өндеудің басқа да әдістері арқылы пластмассалардың пішінін келтіретін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- пластикті және пластик сіңірілген материалдарды ламинаттауға немесе шыны талшықты өндіруге арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- оқшауланбаған сымдарды, шнурларды, кәбілдерді және оптикалық талшықтарды пластикпен бүркеу;

ҚР МЖ 01-2017

- өнімді дефектілерін анықтау және ерекшеліктерін сәйкес келуін тексеру үшін қарау;
- пластмасса қалдықтарын екінші мәрте пайдалану;
- жасанды көздер мен контактілі линзалар дисклерін дайындау, көзілдіріктерге және ортопедиялық құралдардың пластмасса бөліктеріне арналған жиектемелер дайындау және жөндеу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Пластикалық қоспалар өндірісіндегі стандарттау аппаратшысы

Пластмасса құюшы

Пластмассадан бұйымдар дайындау жөніндегі машинист

Пластмассадан жасалған бұйымдарды өңдеуші

Линолеум өндіру жөніндегі оператор

815-ШАҒЫН ТОП**ТОҚЫМА, ТЕРІ ЖӘНЕ БЫЛҒАРЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЛАР**

Тоқыма, тері және былғары өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар талшықты, иірілген жіпті, жіпті, былғарыны немесе теріні дайындайтын, қиюлайтын және өңдейтін әртүрлі типтегі машиналардың жұмысын бақылайды және басқарады; аяқкиім мен киімді қайта жөндеп, түзетеді; тоқыма, тері бұйымдарын немесе жұқа былғарыдан жасалған бұйымдарды дайындайды немесе өндіреді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды: иірілген жіпті өңдейтін және иірілген, иірілмеген немесе тоқылған бұйымдарды өндіретін жіп иіретін және тоқу машиналарын басқару және бақылауды; талшық дайындайтын, табиғи тоқыма немесе жасанды талшықтардан иірілген жіп пен жіпті иіретін, қабаттайтын, ширататын және орайтын машиналардың жұмысын басқару және бақылау; тоқыма, тері, синтетикалық немесе былғары киімді дайындауға, жөндеуге, торлап жамауға және қалпына келтіруге арналған немесе киімге немесе басқа да материалдарға сәндік әшекейлерді кестелеп тігуге арналған тігін машиналарының жұмысын басқару және бақылау; талшықты, иірілген жіпті және матаны ағартатын, отырғызатын, бояйтын немесе басқа да әдіспен өңдейтін немесе киімді, теріні, жүннен тоқылған маталар мен кілемдерге химиялық тазартуды жүзеге асыратын машиналардың жұмысын басқару және бақылау; тапсырыспен дайындалған стандартты немесе ортопедиялық аяқ киімді және жол сөмкесі, дорба және портфель сияқты былғары бұйымдарды дайындайтын, қайта жасайтын немесе жөндейтін машиналардың жұмысын басқару және бақылау.

Осы шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 8151 Талшық дайындау, иіру және орау машинасының операторлары**
- 8152 Тоқыма және ілмектеп тоқу машиналарының операторлары**
- 8153 Тігін және кесте тігетін жабдықтың операторлары**
- 8154 Маталарды ағарту, бояу және тазарту жөніндегі операторлар**
- 8155 Былғары мен теріні өңдеу жөніндегі операторлар**
- 8159 Б.т.к.тоқыма, тері және былғары өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар**

ҚР МЖ 01-2017

8151 Талшық дайындау, иіру және орау машинасының операторлары

Талшық дайындау, иіру және орау машинасының операторлары талшық дайындайтын, табиғи тоқыма талшықтардан иірілген жіп пен жіпті иіретін, қабаттайтын, ширататын және орайтын машиналардың жұмысын бақылайды және басқарады. Олар бір аса берік, тегіс, бірыңғай және ауыр жіпті алу үшін талшықтың бір немесе бірнеше жібін ширатады, сондай-ақ тоқыма бұйымдарын аса берік және су өтпейтіндей ету үшін оларды өңдейді.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қалдық жүн маталарды талшыққа түрлендіруге арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- жүннен иірілген жіпті сабалған жүнге түрлендіруге және тазартуға арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- тоқыма талшықтарды бірыңғай қоспаларға араластыратын машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- тоқыма талшықтарды тазартып, түтетін, олардан иірілген жіп жасайтын, оларды бастапқы тартуға арналған аса қалың иірілген жіпке тарайтын, иірілген жіпті лентаға немесе лентаны холстқа біріктіретін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- олардың әрқайсысы бірнеше иірілген жіпті салмағы мен қалыңдығы шамамен бастапқы иірілген жіптердікіндей етіп біріктіретін бірнеше готовальнямен жабдықталған ленталы машиналарды басқару;
- жіп пен иірілген жіпті созбадан иіретін, білдекке екі немесе бірнеше жіпті орайтын, иірілген жіптің немесе жіптің екі немесе бірнеше тұтамын бір тұтамға иірімжіптің беріктігін, тегістігін және/немесе біркелкілігін арттыру мақсатымен ширататын немесе иірімжіпті немесе жіпті бір орамнан екіншісіне орайтын машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- созбаны немесе ширатылған жіпті иірімжіпке созып тұратын және ширататын иіретін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- жіп созатын машиналардан алынған ширатылған жіпті өрімді ширатылған жіпке созуға арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- крахмал, май, шайыр және сабын сияқты ингредиенттерді сумен араластыру арқылы мата мен иірімжіптің қаттылығы мен өңделуін арттыру кезінде пайдалану үшін шлихталауды дайындау, сондай-ақ қарастырылған уақыт ішінде бу тасқынында қоспаны қайнату;
- тоқыма материалды су өтпейтіндей ету үшін оны химиялық реагенттермен өңдеу;
- жүн қалдықтарын кетіру үшін түк шығаратын машиналардың роликтері мен цилиндрлерін тазарту;
- жаңа резеңке немесе былғары жабындардың көмегімен әртүрлі иіретін, түткіш және жеткізгіш машиналардың созатын металл роликтердің жабындарын қолдану және қалпына келтіру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Иірімжіпті, матаны релаксациялаушы және тұрақтандырушы аппаратшы

Шырмауыш және орауыш машиналардың машинисі

Айналмалы жабдық операторы

Түткіш-қайталаушы агрегат операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Талшық пен матаны өңдеуші - 7533

Талшық дайындаушы - 7533

8152 Тоқыма және тоқу машиналарының операторлары

Тоқыма және тоқу машиналарының операторлары иірімжіпті өңдейтін немесе өңделген, өңделмеген немесе тоқылған бұйымдарды, оның ішінде шұғаны, ленталарды, кілемдерді, өнеркәсіптік маталарды, шұлық-нәски бұйымдарын және трикотаж киімдерді өндіретін тоқыма және тоқу машиналарының немесе матаны кестелеуге арналған машиналарды теңшейді, басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- қажетті өрнектері бар мен белгіленген дизайндағы киімдерді тоқуға арналған ықтырмалы түрдегі автоматты тоқу машиналарының батареяларын теңшеу және басқару;
- иірімжіпті, жіпті және матаны өру, тоқу және басқалай өңдеу үшін машиналардың бағыттаушы инелері мен роликтеріне сабақтау;
- түкті иірімжіпті, әртүрлі түстегі кілемдер мен жүн маталарды өндіруге арналған арқаужіп пен негізгі иірімжіпті бір мезгілде тоқитын автоматты станоктарға қызмет көрсету;
- иірімжіп пен баулар қиылысатын және тор түзу үшін бірдей аралықта өрілетін станоктардың жұмысын басқару және бақылау;
- тоқыма бұйымдарды, сырылған көрпелерді немесе матрастарға арналған жабындарды дайындауға арналған материалдың бірнеше қабатын кестелеуге немесе тігуге арналған ірі автоматты көп инелі машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- жіксіз шұлық-нәски бұйымдарын тоқуға мүмкіндік беретін тоқыма түрлерінің автоматты реттелімдерін пайдалану арқылы дөңгелек тоқу машиналарына қызмет көрсету;
- табан мен аяқтың пішіні бойынша шұлық-нәски бұйымдарын тоқуға арналған тоқу машиналарының жұмысын басқару және бақылау;
- дөңгелектеп тоқылған матадан кесіп алынған бүйір немесе жоғарғы бөліктерінде өкше мен аяқ саусақтары бөліктерді тоқуға арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- нәски саусақтарының арасындағы тесіктерді тігетін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- шілтерді тоқуға, қажетті түрдегі немесе дизайндағы осындай бұйымдарды өңдеуге арналған желі жіптік ілмектеп тігетін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- негізді толтыру, арқан жіптердің үзіліп қалуы немесе механикалық дефектілер сияқты себептерін қоса алғанда, станоктың тоқтап қалу себепін, анықтау үшін оны тексеріп-қарау;
- тозған немесе бүлінген инелер мен басқа да компоненттерді жөндеу немесе ауыстыру;
- жеңіл жеңдерді, жуғыш ерітінділерді, майсауыттарды және/немесе майлау шприцтерін пайдалану арқылы машиналарды тазарту, майлау және май жағу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кілем тоқушы-оператор

Тоқу-тігу жабдығының операторы

ҚР МЖ 01-2017

Түйіндеп тоқу машинасының операторы
Түтіп-тоқығыш жабдықтың операторы
Тоқымашы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тоқымашы (қол өндірісі) - 7316

Кілем тоқушы - 7316

8153 Тігін және кесте тігетін жабдықтың операторлары

Тігін және кесте тігетін жабдықтың операторлары тоқыма, тері, синтетикалық немесе былғары киімдерді дайындауға, жөндеуге, торлап жамауға және жаңартуға арналған тігін және кесте тігетін машиналардың немесе киімге немесе басқа да материалдарға сәндік ою-өрнекті кестелеуге арналған машиналардың жұмысын бақылайды және басқарады. Олар ілмектерді, түйме тесіктерін тесуді және айналдыра торлауды, түйме қадауды және киімдегі тігіс шеттерін өңдеуді жүргізетін машиналарды басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- киімге немесе киім бөліктеріне сәндік әшекейлерді тігу, бекіту, қайып тігу немесе қадау сияқты тігін операцияларын орындауға арналған тігін машиналарына қызмет көрсету немесе қолдану;
- автоқоректендіргіштерді немесе қысқыш ұстағыштарды пайдалану арқылы матаға түймелерді, ілгектерді, сыдырма ілгектерді, қарсы ілгектерді немесе басқа да аксессуарларды бекіту;
- киімге түрлі ою-өрнектер тігетін тарақты жылжытудың тізбекті механизмінің көмегімен бақылау арқылы көптеген тігін бастиегі бар жартылай автоматты тігін машиналарына қызмет көрсету;
- бір немесе екі инесі бар торлағыш сияқты машиналарды және материалды немесе бұйымды автоматты түрде біріктіруге, бекітуге немесе сәндеуге арналған жазықтық тоқу машиналарын пайдалану;
- тері елтірісін қажетті өлшемге дейін біріктіру, пішінін келтіру және киім бөлшегіндегі елтіріні біріктіру немесе дайындау мақсатымен теріге арналған тігін машиналарын пайдалану;
- былғары киімнің, сөмкелердің, қолғаптардың немесе соларға ұқсас бұйымдардың былғары детальдарын тігуге арналған тігін машиналарын басқару;
- ақаулы тігіс, жіптердің үзілуі немесе білдектердің ақауы сияқты мәселерді анықтау үшін білдектердің жұмысын тексеріп қадағалау;
- инелерді ауыстыру және т.б. сияқты техникалық қызмет көрсету міндеттерін орындау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кесте тігетін машина операторы

Тігін жабдықтарының операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Былғары мен теріден жасалған бұйымдарды жинаушы – 7316

Тігінші (пішуші) – 7531

Кестеші – 7533

Тігінші әйел – 7533

Теріден киім дайындаушы-тері илеуші, тапсырысқа - 7531

8154 Маталарды ағарту, бояу және тазалау жөніндегі операторлар

Маталарды ағарту, бояу және тазалау жөніндегі операторлар талшықтарды, иірімжіптерді немесе маталарды ағартатын, отырғызатын, бояйтын немесе басқа да күймен өңдейтін машиналар жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- маталарды, иірімжіптерді, жіптерді немесе басқа да тоқыма бұйымдарын ағартатын, бояйтын немесе басқа да күймен өңдейтін және ажарлайтын машиналар мен құрылғыларды іске қосу және бақылау;
- тоқымалы және тоқылған маталарды белгілі бір өлшемге дейін отырғызатын немесе тоқымалы материалдарды талшықтарды өрумен бекітетін машиналарға қызмет көрсету;
- тондарды түтетін және тазартатын әр түрлі автоматтық машиналарға қызмет көрсету;
- оған көлем мен салмақ беру мақсатында жібекті өңдеуге арналған машиналарды басқару мен бақылау;
- химиялық реагенттермен өңдеу көмегімен тоқымаға су тепкіш қасиет тектес кәсіптердің үшін машиналарды басқару мен бақылау;
- химиялық реагенттермен өңдеу арқылы тоқыма бұйымдарға сужұқпайтын қасиет беру үшін машиналарды басқару және бақылау;
- олардың түстерін өзгерту немесе қалпына келтіру үшін бұйымдарды бояу;
- маталарды созатын немесе жылтыр түс беретін, немесе басқа да өңдеу операцияларын жүзеге асыратын машиналарды басқару мен бақылау;
- тондарды тазалайтын және олардан бөтен заттарды алып тастайтын құрылғыны қолдау және реттеу;
- тондарды түтетін, кептіретін және тазартатын, сонымен қатар қауырсындар мен көрпелерді стерилдейтін және көпсітетін машиналарды басқару;
- электронды құрылғыны бағдарламалау үшін өңдеу жөніндегі бағдарламаларды енгізу;
- визуалды индикаторлары, басқару панелдерін, құрылғыларды және құрылғы жұмысының дұрыстығын тексеру үшін маталарды жүктеу және түсіру процестерін бақылау;
- машиналардың сүзгішін тазалау және құрылғыларды майлау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сыққыш-шайғыш құрылғысының машинисі

Үтіктегіш-кептіргіш агрегатының операторы

Тазартқыш машинаның операторы

Мата, бұйымдарын тазалаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Жібек басушы – 7332

Кір жуғыш машиналардың операторы – 8159

Үтіктеуші (қолмен атқарылатын) – 9120

Кір жуушы (қолмен атқарылатын) – 9120

ҚР МЖ 01-2017

8155 Тері мен былғарыны өңдеу жөніндегі операторлар

Тері мен былғарыны өңдеу жөніндегі операторлар теріні өңдейтін немесе тондық немесе жүнді терілерді өңдейтін әр түрлі машиналардың жұмысын басқарады және бақылайды. Олар иленген былғары мен дайын терілерді дайындау үшін терілерді немесе аң терілерін кеседі, тазалайды, илейді, тегістейді және бояйды.

Олардың міндеттеріне:

- олар өңдеу алдында тазалау және жұмсарту үшін терілерді сал мен майдан тазартатын машиналардың жұмысын бақылау және басқару;
- тон терілерінен ұзын, қатты қылдарын алып тастау, бірдей өлшемге дейін түбіттерді кесу, өңделген терілерді созу және тегістеу үшін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- қыл түптерін жою, терінің беткі жағынан дақты жасушаларды және ізбест тұздарын жоятын машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- терілер немесе тондардың тығыздығын бірдей өлшемге дейін азайту үшін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- қажетті өңдеу көмегі арқылы терілерге тегістік пен бұдырлық беру үшін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- тері қалдықтарын, және де тері салы мен қылдарын ажырататын машиналардың жұмысын бақылау және басқару;
- терілерді бір немесе бірнеше бөліктерге бөлу немесе оларға бірдей қалыңдық беру мақсатында көлденең бағытта кесу үшін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- оларды өңделген теріге айналдыру мақсатында терілерді ерітінділерде өңдеу бойынша машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- терінің бетін маймен өңдеу және теріге жылтыр түр беру мақсатында тегістеу машиналарын пайдалану;
- теріге бояу мен бояғыштар жағатын машиналар жұмысын басқару және бақылау,
- қолданылатын машиналарға жөндеу жұмыстарын жүргізу және қызмет көрсету жатады.

Бұл бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Сулы-химиялық өңдеу аппаратшысы

Илеу аппаратшысы (тон өндірісі)

Сығу қондырғысының машинисі (былғары және тері шикізат өндірісі)

Жасанды тері ажарлаушы операторы

Басқа да бастауыш топқа жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Илеуші – 7535

Тон терілерін өңдеуші – 7535

8159 Б.т.к.тоқыма, тері және былғары өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар

Бұл бастауыш топ *815 Тоқыма, тон және тері өнімдері өндірісінің операторлары* басқа кіші топтарға жатпайтын тоқыма, тон және тері өнімдері өндірісінің операторларын қамтиды. Мысалы, бұл топқа стандартты немесе арнайы аяқ киім, сөмке, бас киім, қалқа, матрас және басқа бұйымдар өндірісі мен жөндеуі жөніндегі машиналарды басқаратын

және бақылайтын операторларды қосады. Олар сонымен бірге кір жуу және химиялық тазалау машиналары жұмысын басқарады.

Бұндай жағдайларда, олардың міндеттеріне:

- аяқ киім, жол чемодандары, сөмкелер, белдіктер және басқа да аксессуарды дайындаушы машиналарды басқару мен бақылау;
- тоқымадан, тоннан, теріден және әр түрлі бұйымдардан қалпақтар жасау мен дайындау үшін, және де жиектемелерді тоқу немесе өңдеудің басқа түрлері жөніндегі машиналар жұмысын басқару және бақылау;
- кір жуу машиналарының, химиялық тазалау машиналарының, үтіктеу баспақтарын және кір жуу және химиялық тазалау ұйымдарында маталарды өңдеуге арналған машиналарды басқару және бақылау;
- киімнен дақтарды тексеру және жою, түймелерін ауыстыру және басқа да ұсақ жөндеу жұмыстары жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Үтіктеуші

Қалпақтарды дайындаушы машина операторы

Аяқ киімді жинақтаушы оператор

Кір жуу машинасының операторы

Бұйымдар мен материалдарды кесуші (тоқыма өндірісі)

Тоқыма, тон және тері өндірісі кептірушісі

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бас киімдерді түрге келтіруші (тігін өндірісі) - 7531

Аяқ киімді жинақтаушы (қолмен атқарылатын) - 7536

Үтіктеуші (қолмен атқарылатын) – 9120

Кір жуушы (қолмен атқарылатын) – 9120

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН, СУСЫНДАРДЫ ЖӘНЕ ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЛАР

Тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар малды сою, тұтас еттерді бөлу және тағам өнімдерін, сусындарды және темекі жапырақтарын дайындау, қатыру, жылулық өңдеу, бөлшектеу, араластыру, қосу және басқа өңдеу үшін қолданылатын машиналарды баптайды, пайдаланады және қызмет көрсетеді.

Орындалатын міндеттерге: малдардың қимылын шектейтін және соятын және тұтас еттерді және балықты стандартты бөліктерге бөлуге қолданылатын машиналарды басқарады және бақылайды; нан мен ұннан дайындалатын кондитерлік тәтті тағамдарды араластыру, пісіру және басқа тәсілдермен дайындау үшін машиналарды пайдалану және қызмет көрсету; сыра, шарап, сірке суы, ашытқы және сол тектес тағамдарды дайындау үшін бидайды және жемістерді уату, араластыру, ашыту, дайындау және ферменттеу үшін қолданылатын машиналарды пайдалану; джем, шоколад және кәмпит, балық пен еттен жасалған тағамдарды, сүт өнімдері мен ірімшікті, ас майлары мен маргаринді, шәрбатты, мұзды, макарон өнімдері мен крахмалды, балмұздақты, сосискаларды және басқа да тағам өнімдерін дайындау үшін құрылғыларды қолдау; тағам өнімдерін өңдеу үшін қолданылатын тағам өнімдерінің концентрациясы мен сұйықтықтарды суыту, қыздыру, кептіру, пісіру, булау, пастерлеу, сүрлеу, стерилдеу, қатыру, қайнату үшін машиналарды пайдалану; тағам өнімдерін және сусындарды араластырғыш, басқыш, елегіш, ұнтақтаушы және сүзгіш құралдар көмегімен араластыру, үгу, ұнтақтау, қосу және ажырату; темекі, сигара, трубкалы темекі және басқа темекі бұйымдарын жасау үшін темекі жапырақтарын машиналық әдіспен өңдеу жатады.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 8161 Ет және балық өнімдерін дайындау жөніндегі операторлар**
- 8162 Сүт және кондитерлік өнімдерді дайындау жөніндегі операторлар**
- 8163 Бидай өнімдерін және дәмдеуіштерді өңдеу мен өндіру жөніндегі операторлар**
- 8164 Нан-тоқаш және бидай өнімдерін дайындау жөніндегі операторлар**
- 8165 Жеміс-жидектерден, көкөністерден және жаңғақтардан жасалған бұйымдарды өңдеу мен өндіру жөніндегі операторлар**
- 8166 Қантты қайта өңдеу және рафинаттау жөніндегі операторлар**
- 8167 Сусындарды өндіру жөніндегі операторлар**
- 8168 Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар**
- 8169 Б.т.к.тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі бұйымдарын өндіру жөніндегі операторлар**

8161 Ет және балық өнімдерін дайындау жөніндегі операторлар

Ет және балық өнімдерін дайындау жөніндегі операторлар ет шикізатын және ет бұйымдарын консервілеу, өңдеу, ет өнімдерін және жартылай дайын өнімдерді дайындау, балық пен балық өнімдерін кептіру және қатыру жөніндегі құрылғылардың жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- қысым арқылы жұмыс жасайтын жабық аппараттарда етті және малдың ішкі өнімдерін термо өңдеу процесін енгізу, аппараттағы температура мен қысымды реттеу;
- ет өнімдерін қазандықтар мен плиталарда булау және пісіру процестерін жүргізу;
- автоматтар мен автоматтық желілерде бөлінген жартылай дайын өнімдерді (котлет, тартылған ет, бифштекстер, тұшпаралар мен соған ұқсастар) түрлеу процесін жүргізу;
- автоматтар мен автоматтық желілерде тартылған етті және шұжық пен сосискалар батондары тығындарына тығыздықтарының тең берілуін бақылаумен пісірілген шұжық пен сосискалар өндірісі процесін жүргізу;
- шұжық өнімдерін термо камераларда және термо агрегаттарда техникалық өңдеу процесін жүргізу, берілген бағдарламаға сәйкес температуралық-ылғалдылық тәртіптерін бақылау және қолдау;
- жұмыртқа массасын пластикалық пастерленген-салқындатқыш қондырғыда қатаң белгіленген тәртіпте пастерлеу, ұстау және салқындату процесін жүргізу;
- арнайы құрылғыда жұмыртқа массасын кептіру, кептіргішке түсетін жұмыртқа массасының сапасын тексеру процесін жүргізу;
- кезеңдік немесе үздіксіз жұмыс жасайтын кептіргіш қондырғыларда немесе робот-манипуляторларды қолданумен механикалық желілерде балықты кептіру процесін жүргізу;
- автоматтандырылған тез қатырғыш аппараттарда балық және балық өнімдерін қатыру процесін жүргізу;
- аппараттар немесе автоклавтарда казеин, сүйек, силикат және басқа желімдерді дайындау процесін жүргізу, шикізатты таңдау, компоненттер санын есептеу және оларды аппараттар мен автоклавтарға салу;
- әр түрлі кептіргіштерде желімді және техникалық желатинді кептіру процесін жүргізу жатады;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Консервілерді стерилдеу аппаратшысы

Піскен шұжықтар өндірісі автоматының операторы

Кептіргіш қондырғысының операторы

Тартылған етті дайындау желісінің операторы

Басқа да бастауыш топқа жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тартылған ет құраушысы (қолмен атқарылатын) - 7511

Шұжық бұйымдарын түрлеуші (формалаушы) - 7511

8162 Сүт және кондитерлік өнімдерді дайындау жөніндегі операторлар

Сүт және кондитерлік өнімдерді дайындау жөніндегі операторлар сүт және кілегейді өңдеу жөніндегі, ашымал сүт өнімдерін, майды, ірімшікті, шоколадты, кәмпитті және

ҚР МЖ 01-2017

басқа да кондитерлік және сүт өнімдерін өндіру жөніндегі машиналар мен құрылғылар жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- сүт және кілегейді қажетті температураға дейін трубкалы пастерлеу немесе температуралық режимде автоматты түрде реттейтін пастерлеу-салқындату желілерінде пастерлеу немесе салқындату процесін жүргізу;
- белгіленген бағдарлама бойынша автоматтық желілерде шикізатты қабылдау, салқындату, нормалау, айыру, жылулық өңдеу және сақтау процестерін жүргізу;
- таза өнімдердің зертханалық ашытқыларынан өндірістік ашытқыларды дайындау процесін жүргізу, ашытқы сынамасын бактериялық талдауға және қышқылдығын анықтауға зертханаға жіберу;
- сұйық қоймалық әдіспен ашымал сүт өнімдері және де балалар сүт езбелерін және казеин емдік препараттарының өндірісі процесін жүргізу, есептік формулалар бойынша ашытқы мөлшерін анықтау және өнім түріне қарай оны сүтке енгізу;
- ірімшік массасын еріту үшін вакууммен немесе агрегатта әр түрлі түрлі аппараттарда ірімшік массасын ұсақтау мен еріту процесін жүргізу;
- ерітілген май өндірісінің техникалық процесін жүргізу, ерітілген майды жылыту мен пастерлеу, пастерлеу температурасында ұстау және бөлінген плазманы өңдеуге жіберу;
- қойылтылған, құрғақ сүт, сүттік қант пен басқа сүт шикізаттары өндірісінде вакуум-аппаратта сүт пен сары су процесін, қымталуын тексеруді және аппараттағы вакуумды жасауды жүргізу;
- үгінді ірімшіктерді парафиндеу және әр түрлі түрлі машиналар мен аппараттарда полимерлі жабындыларды жағу және жабынды жағу мен оларды кептіру алдында ірімшіктердің бетін термо өңдеу процесін жүргізу;
- үзіліссіз ағып тұратын механикаландырылған желілерде немесе автоматты басқарылатын рецепторлы –қоспаланатын станцияларда шоколад массаларын жасау процесін енгізу, өндірістің барлық кезеңдерінде технологиялық режимнің сақталуын бақылау: мөлшерлеу, араластыру, біліктеу, ажырату, гомогендеудің сақталуын бақылау;
- автоматты басқаруды үздіксіз-ағынды механикалық желілерде немесе рецепті-араластырушы станцияларда шоколад массаларын дайындау процесін жүргізу, өндірістің барлық кезеңдерінде техникалық тәртіптің;
- шоколад массасын темперирлеудің технологиялық процесін енгізу және шоколадтың және пультпен басқарылатын агрегат-автоматтарда дайындалатын шоколад өнімдерінің барлық түрлерін плиталық, түрлі формалы шоколад өнімдерін дайындау, шоколад массасының температурасы мен консистенциясын реттеу;
- механикаландырылған желілерде шикі пектинді өңдеудің технологиялық процесін енгізу, ұю және гомогендеуге сығындылар ағындарын үйлестіру жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Пастерлеу аппаратшысы

Ерітілген ірімшік өндірісінің аппаратшысы

Ашымалы және балалар сүт өнімдері өндірісінің операторлары

Балмұздақ өндірісі желісінің операторы

Май шығаратын машина операторы

Шоколад шығаратын машина операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Балмұздақ шығарушы - 7513

Қаймақ шығарушы - 7513

Ірімшік жасаушы - 7513

8163 Бидай өнімдері мен дәмдеуіштерді өңдеу және өндіру жөніндегі операторлар

Бидай өнімдері мен дәмдеуіштерді өңдеу және өндіру жөніндегі операторлар дәмдеуіштер өндірісі, бидайды өңдеу мен тартуға, ұсақтауға және бидайды кептіруге дайындайтын машиналар мен құрылғылардың жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- бидайды тартуға дайындаудың (бидай массасын қоспадан тазарту, бидай бетін "құрғақ" және "ылғал" тәсілмен тазарту, астықты кептіру, тартылатын партияларды дайындау) және тарту түріне байланысты ұн тартушы зауыттардың білікті білдектерде және диірмендерде бидайды ұнтақтаудың технологиялық процесін жүргізу;
- бидай тазартушы және бидай сұрыптаушы машина-агрегаттарда бидайды тазартудың, шахталық, газды-қайта пайдаланатын және басқа кептіргіштерде сатуға, жемге және тұқымға арналған бидайдың әр түрлі өнімдерін кептіру техникалық процесін жүргізу;
- бидайды машиналар мен әр түрлі құрылымды механизмдерде өңдеуге (айыру, гидротермиялық өңдеу), түлеуге, ұнтақтауға, тегістеуге және басқа процестерге дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;
- дәмдеуіштер өндірісі үшін өсімдіктерді өңдеу жөніндегі машиналардың жұмысын басқару және бақылау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бидайды өңдеуші аппаратшы

Дәмдеуіштер диірменшісі

Элеваторды басқару пультінің операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бисквиттерді дайындау жөніндегі машина операторы - 8164

8164 Нан-тоқаш және бидай өнімдерін дайындау жөніндегі операторлар

Нан-тоқаш және бидай өнімдерін дайындау жөніндегі операторлар нан өнімдерін араластыру, үстеме қосу, түрге келтіру және пісіру, макарон бұйымдарын дайындау, шоколад массаларын жасау және одан шоколад бұйымдарын түрлеу және басқа бұйымдар жасау жөніндегі машиналар мен құрылғылардың жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- нанның, бөлке нанның және қытырлақ нандардың даналық сұрыптарын бөлу үшін бөлгіш, түрлегіш, дөңгелегіш, бұрап кескіш машиналардың барлық түрлеріне қызмет көрсету;
- нан таяқтарын, сабандарын және басқа нан өнімдерін ағынды желілерде түрлерге келтіру, қамыр илейтін машиналардан қамырдың берілуін бақылау және олардан түрлі стандартсыз өнімдерді өндірістен шығару процесін жүргізу;

ҚР МЖ 01-2017

- процестің барлық кезеңдерінде басқару пультінен ағынды-автоматты желілерде макарон бұйымдарын дайындау, қамырды илеу және макарон бұйымдарын бастыру, кептіргіштерге ілу, дайын өнімді кептіру және түсірудің технологиялық процесін жүргізу;
- қамырды кесу мен түрлеу, қамыр өнімдерін кешенді-механикалық желілерде соңғы ұстау және пісіру, желілердің барлық түйіндері жұмыстарын реттеу, пісірудің температуралық және булық тәртіптерін бақылау процесін жүргізу;
- ұн өндіру және кондитерлік өнімдерді өндіруде қолдану үшін басқару пультінен ағынды-механикаландырылған желілерде толықтырғыш ретінде экструдирленген жармадан жасалған ұнды және түйірді өндірудің технологиялы процесін жүргізу жатады;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қамыр илеуші машиналардың машинисі

Бисквиттер дайындайтын машинаның операторы

Макарон бұйымдарын шығаратын машинаның операторы

Нан пісіру операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ұн мен түйір өндіру бойынша желі операторы - 8163

Элеваторды пультпен басқару операторы - 8163

8165 Жеміс-жидектерден, көкөністерден және жаңғақтардан жасалған бұйымдарды өңдеу мен өндіру жөніндегі операторлар

Жеміс-жидектерден, көкөністерден және жаңғақтардан жасалған бұйымдарды өңдеу мен өндіру жөніндегі операторлар жемістер мен көкөністерден шырын немесе май өнімдерінен май алу, кептіру, пісіру және консервілеу жолымен жеміс пен көкөністерді өңдеу машиналары мен құрылғыларының жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- әр түрлі құрылымды пресстерде түрлі жемістерден шырындарды, ас шикізатынан майларды, шикізаттың тең түсуін реттеудің технологиялық процесін жүргізу;
- диссуторларда немесе пісіру қазандықтарында белгіленген рецепт бойынша құрамдарын мөлшерлей отырып, шәрбаттарды, сусындарды, шикізаттың әр түрлі көздерінен экстракттерді пісіру процесін жүргізу;
- томатты-шырынды агрегатта томат шырыны өндірісін, шикізат желісіне шикізаттың толықтай үзіліссіз түсуін қамтамасыз ету және томат шырынын толық алу процесін жүргізу;
- басқару пультынан автоматтандырылған желілерде томат өнімдерін пісіру, рефракт өлшеуіштер көмегімен анықталатын белгіленген тығыздыққа дейін томат массасын пісіру процесін жүргізу;
- сублимациялық қондырғыда өнімдерді сублимациялық кептіру процесін жүргізу;
- кезеңдік және үзіліссіз әрекетті құрылғыда көкөністер мен жемістерді сульфиттеу, натрийдің бисульфат немесе күкіртті ангидрид ерітінділерін дайындау процесін жүргізу;

- басқару пультінен булық өңдеу әдісімен картопты жуу, калибрлеу, тазалаудың технологиялық процестерін жүргізу, агрегаттың барлық түйіндеріндегі жұмысты реттеу;
- автоклавтарда көкөністерді булау процесін жүргізу және оларды пісірудің қажетті деңгейіне дейін жеткізу;
- әр түрлі жүйенің құю-толтыру автоматтарында құтыларды консервіленген өнімдердің, тұздықтардың, маринадтардың, шәрбаттардың барлық түрлерімен толтыру және жапқыш машиналарында құтыларды жабу процесін жүргізу жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Майларды рафинаттау аппаратшысы

Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы

Өсімдік майын сығу үшін пресс операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Шәрбат, шырын, экстрактілерді пісіруші - 8167

8166 Қантты қайта өңдеу және рафинаттау бойынша операторлар

Қантты қайта өңдеу және рафинаттау жөніндегі операторлар басқарудың бас пультінен бақылаушы-өлшеуіш құрылғылар бойынша қант-шекерлі немесе рафинадты өндірістің негізгі учаскелерінің өндірістік процестерін басқарады, вакуум-аппараттардағы утфелді пісіру, қант-шикізатты өңдеу, реакторларда салқын кальций сахаратын алу, рафинадты бастарды кристалдау және ағарту және қантты дайындау мен рафинадтау жөніндегі басқа да технологиялық процестерді жүргізеді және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- вакуум-аппараттарда утфелді пісіру, ағын мен буды беруді реттеу, аппараттағы тоқты қосу мен ұстау, утфель дайындығын анықтау және оны утфель-араластырғышқа құю процесін жүргізу;
- желімдік ерітіндіні алу үшін шомдық массаның пісіру процесін жүргізу;
- реакторларда салқын кальций сахаратын алу, реакторды реагенттермен, ағынды ерітіндімен және ізбес ұнтағымен толтыру, реактордағы реакция соңын анықтау;
- рафинадты бастарды кристалдау және ағарту процесін жүргізу, "ақшыл кептіру" жайларында ағартылатын утфелдің, клерстің және ауаның тұрақты және бірдей температурасын қамтамасыз ету;
- бақылаушы-өлшеуіш процестер және химиялық талдаулар бойынша қантты шығару мен рафинадтау жөніндегі техникалық процестерді бақылау;
- бас басқару пультінен қант-құмшекер немесе рафинад өндірісінің негізгі учаскелеріндегі өндірістік процестерді басқару;
- аппараттардың, агрегаттардың және құралдардың жедел қосылуы, қайта қосылуы және сөндірілуі;
- құралдардың, автоматикалардың, сигнализациялардың және қайталама коммутацияның жұмысындағы ақауларды жою жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Утфель пісіруші аппаратшы

Рафинадты бастарды өңдеуші аппаратшы

ҚР МЖ 01-2017

Қант өндірісіндегі басқару пульті операторы

8167 Сусындарды өндіру операторлары

Сусындарды өндіру жөніндегі операторлар шәй, сыра, арақ-шарап бұйымдары мен басқа да сусындарды өндіру, эфир майын және эфирмай шикізатын өңдеу жөніндегі процестерді жүргізеді, кофені қуыру аппаратында қуырады.

Олардың міндеттеріне:

- шәй жапырақтары қолмен және механикалық түрде салынатын және шығарылатын конвейерлік типтік машинада шәй жапырақтарын қақтау және бекіту процесін жүргізу, температуралық режимді реттеу және зертханалық талдау қорытындысы бойынша ауа беру;
- түйірленген шәй жапырақтарын кептіру бойынша механикаландырылған желіні басқару, кірпіш шәйларды престтеу, басқару тетігінен қақталған және бекітілген шәй жапырған түйірлеу және жасыл сұрыптау, желідегі барлық механизмдер мен машиналардың үйлесімді жұмысын қатмасыз ету;
- спирттік ашыту, сыраның әр түрлі сортына арналған ашытқыны ашыту, толық ашыту және сыраны ұстау, квас пен ашымақтың ашу процестерін жүргізу, күбінің микробиологиялық тазалығын тексеру;
- үзіліссіз әрекет ету булағыш аппаратында спирстен кейінгі және ашытқыдан кейінгі булау процессін жүргізу;
- кезеңдік және үзіліссіз жұмыс істейтін қондырғыларда спиртті айдау және тазарту процессін жүргізу, вентиляция немесе автоматты құралдардың көмегімен ашымақ, спирт және суды реттеу;
- кезеңдік немесе резервуарлық тәсілмен шарапты шампандау, көмір қышқылын айдау тәсілімен резервуар батареясына шарап материалдары мен ликерлерді жүктеу;
- эфир майын өңдеу (тұндыру, фазаларды бөлу, кептіру, сүзгіден өткізу), талдауға сынаманы талдау және тапсыру, дайын болған майды жинағышқа төгу және ыдысына жинау;
- басқару пультінен кофені қуыру аппаратында қуыру жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Эфир майларын өңдеу аппаратшысы

Ашыту процессінің аппаратшысы

Шәрбәттар, шырындар, сығындылар (экстракт) қайнатушы

Какао дәндерін қуыратын машина операторы

Газдалған сусындарды өндіру машиналарының операторы

Уыттаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жеміс шырындарын сығуға арналған пресс операторы - 8165

8168 Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар

Темекі өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар жабдықты басқарады және темекіні өңдеу және темекіні және басқа темекі өнімдерін өндіру жөніндегі технологиялық процестерді бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- ағымдық-механикаландырылған желіде ферментацияға дейінгі темекіні өңдеу процессін жүргізу, ауа өткізгішке темекіні беру жылдамдығын реттеу;
- темекіні үзіліссіз ферментациялау процессін жүргізу, ферментация желісінің аймағында ферментация режимінің технологиясын ұстау;
- ағымдық-автоматтандырылған желіде ірі жапырақтарды өңдеу процессін жүргізу, әр түрлі қондырғыларға бір мезгілде қатар қызмет көрсету, темекі шикізатының әр түрі мен сұрпына технологиялық режимді сақтау;
- темекісі жапырағын, құрамында шаңы аз қара темекі- әжіктерді алу үшін гильотон типтік машинада қара темекі гамузасының және чухран жапырағын көптеген талшықтарын кесу процессін жүргізу;
- ағымдық-механикаландырылған папиростық немесе темекі желілері мен агрегаттарында дайындау және пачкалар мен қорапқа салу;

Аталған бастауыш топқа қатысты кәсіптердің үлгілері

Ұнтақтағыш машинаның машинисі (темекі)

Табакты үзіліссіз ферментациялау желісінің машинисі

Темекіні өңдеу ағымдық-автоматтандырылған желісінің машинисі

8169 Б.т.к.тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі бұйымдарын өндіру жөніндегі операторлар

Бұл бастауыш топ *816 Тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі өнімдерін өндіру жөніндегі операторлар* кіші тобына кірмейтін азық-түлік, сусындар мен темекі өнімдерін, өндіру жөніндегі операторлардан тұрады. Мысалға, осы топқа мұз, жемшөп қоспасы, крахмал, тұз және азық-түліктерді өндіру жөніндегі машиналарды басқару және бақылаумен айналысатын операторлар кіреді.

Аталған бастауыш топқа қатысты кәсіптердің үлгілері

Крахмалды тазарту аппаратшысы

Жұмыртқа массасын кептіру аппаратшысы

Тұзды булаушы

Ферменттеуші

ҚР МЖ 01-2017
817-ШАҒЫН ТОП

АҒАШ БҰЙЫМДАРДЫ, ҚАҒАЗДЫ ЖӘНЕ ҚАҒАЗ БҰЙЫМДАРДЫ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОРЛАР

Ағаш бұйымдарды, қағазды және қағаз бұйымдарды өндіру жөніндегі операторлар ағашты кесуге, бір қатпарлы шерені кесу, көп қабатты шерені дайындауға, қағаз массасын, қағаз бұйымдары және ағаштан шығарылған заттарды өндіруге, ары қарай қолдану үшін басқа тәсілдермен шығарылған қағаз массасы мен қағаздарға арналған машинаны бақылайды және қолданады.

Орындайтын міндеттеріне: өлшемін, күйін, сапасын және басқа көрсеткіштерін анықтау үшін бөренелерді қарау және бөренелерді кесудің оңтайлы тәсілдері туралы шешімдер қабылдау немесе бөренелерді лазерлі сканерлермен сканерлеу үшін автоматты жабдықты пайдалану және кесудің оңтайлы және тиімді бейіндерін анықтау; бөренелер мен қырлы ағаш бөренелерді жүк автомобилдерінен конвейерлер мен станоктарға жоңқаға, шпон мен қағаз массасына өңдеу үшін іріктеу, тиеу және түсіру; іріктеу, ағарту жабдығының, автоклавтың, қоспалы сұйық қоймалардың, жуғыш қондырғылар мен целлюлозаны өңдеудің бір немесе бірнеше сатыларына арналған жабдық пен қағаз массасын өңдеу үшін басқа машиналардың жұмысын бақылау мен пайдалану; көп қабатты қағазды жасау, жылтырату, қалыптастыру, жабу, кесу, қию, шиыршықтау немесе қағазды дайындау мен өңдеудің басқа процестерін орындау мақсатында қағазды дайындау мен өңдеуге арналған машиналар мен жабдықтардың жұмысын бақылау және пайдалану; түрлі қағаз бұйымдарын өндіретін машиналарды қолдану және бақылау; машиналар мен жабдықтардың ақаулықтарын анықтау және өңдеу сатыларын ерекшеліктерге сәйкес орындау үшін индикаторлардың, өлшеу құралдарының және басқа бақылау-өлшеу аппаратураларының көрсеткіштерін, деңгейлерін бақылау; көп қабатты фанераларды қабаттау және фанераны ыстық престеу машиналарының, сонымен қатар шпонды кесу машиналарының жұмысын бақылау және пайдалану; өңделген ағаш бұйымдарды жұмыс жүргізілетін орынға жеткізу жатады.

Аталған кіші топтың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

8171 Сүректі қайта өңдеу жөніндегі операторлар

8172 Ағаш бұйымдар жөніндегі операторлар

8173 Қағаз массасын, қағаз және картон, қағаз және картонды бұйымдар өндіру жөніндегі операторлар

8171 Сүректі қайта өңдеу жөніндегі операторлар

Сүректі қайта өңдеу жөніндегі операторлар орман материалдарын жоңқаланбаған кесілген ағаштарға кесу жабдықтарының, бір қабатты фанераны жылтырату, көп қабатты фанераны дайындау, сонымен қатар ағашты әрі қарай пайдалану үшін басқа тәсілмен өңдейтін жабдықтардың жұмысын бақылайды, басқарады және қадағалайды.

Олардың міндеттеріне:

- өлшемін, күйін, сапасын және басқа көрсеткіштерін анықтау үшін бөренелерді қарау және басқа да көрсеткіштерін анықтау үшін, және орман материалдарын кесудің оңтайлы тәсілдері туралы шешімдер қабылдау үшін, немесе бөренелерді лазерлі сканерлермен сканерлеу және кесудің оңтайлы және тиімді профилдерін анықтау үшін қарау;
- бөренелерді тиеу және тасымалдау жөніндегі конвейерлік жүйенің жұмысын басқару және бақылау;
- бөренелерді, шауып тегістелген бөренелерді, шет тақтайларды, тақтайшалар немесе бүйірлерді кесу және түрлі өлшемді тегістелген кесу материалдарын алу, сонымен қатар жіңішке тақталар мен саңылауларды кесу немесе бөлу үшін қабыршақтарды кесу мақсатында ленталы, бөлгіш және көп жолақты аралардың жұмысын басқару мен бақылау;
- көп қабатты фанераның қабаттарын төсеу және фанераны ыстық пресстеу машиналарының, сонымен қатар шпонды кесуге арналған машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- орман кесу жабдығын тазалау және майлау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Бөренелерді іріктеу және өңдеу агрегаты желілерінің операторы

Орман кесу операторы

Бөренелерді кесуге арналған машиналардың операторы

Көп кесу станогының операторы

Фанераны өндіру үшін пресс операторы

Ағашты өңдеу жөніндегі кептіру жабдығының операторы

Басқа да бастауыш топқа жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Шпон және фанераны кептіргіш – 7521

Ағаш өңдеу станоктарында жұмыс істейтін жұмысшы – 7521

8172 Ағаш бұйымдар жөніндегі операторлар

Ағаш бұйымдар жөніндегі операторлар ағаш тақтайлар, паркет, сіріңке және қарындаштар мен соған ұқсас бұйымдардың өндірісіне қолданылатын технологиялық жабдық кешенінің жұмысын бақылайды, басқарады және қадағалайды.

Олардың міндеттеріне:

- қалыптастыру машиналары мен конвейерлерде қажетті қалыңдық пен тығыздықта ағаш-түкті, цементті-жоңқалы және қаланды кілемді қалыптастыру;
- ағаш және қаланды тақтайлар өндірісінде араластырғыш, тақтайды қалыптастыру және басқа да бөлімдердің жұмысын қашықтықтан басқару;
- арнайы көлденең сіңіру-кептіру агрегаттарында бакелитті қабықтарды дайындау;

ҚР МЖ 01-2017

- жазық әрлеу материалдары мен қағаздарды автоматты желілер мен сіңіру-кептіру агрегаттарында сіңіру;
- паркетті және басқа ағаш жабындарының өндірісі жөніндегі жабдықтарды басқару;
- ағаш өңдеу бұйымдары мен тетіктерін өңдеуге дайындау, тегістеу жабдығын басқару;
- ағаш өңдеу жұмыстарына детальдің және өнімнің алдыңғы бетін дайындау, жылтырату;
- өнімнің және сіріңке талдарын кептіру, тегістеу, іріктеу, мөлшерлеу, оны қораптарға салу және сіріңкені дайындау жөніндегі технологиялық процестің басқа операциялары;
- қарындаш өзектерін дайындау және қарындаштарды автоматта жинау үшін өзек массасын дайындау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Әрлеу материалдарын сіңірудің аппаратшысы

Жиһаздың бөлшектері мен бұйымдарын өңдеу жөніндегі автоматты желілердің операторы

Қарындаштарды жинау автоматтарының операторы

Сіріңкелерді дайындау жөніндегі оператор

Ағаш бұйымдарды кептіруші

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жиһаз детальдарын әрлеуші – 7522

8173 Қағаз массасын, қағаз және картон, қағаз және картонды бұйымдар өндіру жөніндегі операторлар

Қағаз массасын, қағаз және картон, қағаз және картонды бұйымдар өндіру жөніндегі операторлар ағашты, қағаз массасын және басқа целлюлозалық материалдарды қағаз массасын, қағаз бен картонды, қағаз бен картон бұйымдарын өндіру барысында өңдеу үшін, сонымен қатар қағазды жабу және өңдеу үшін арналған жабдықты бақылайды және қолданады.

Олардың міндеттеріне:

- іріктеу және ағарту жабдығының, автоклавтардың, араластыру су қоймаларының, жуғыш қондырғылары мен қағаз массаларын өңдеуге арналған басқа машиналардың және целлюлозаны өңдеудің бір немесе бірнеше сатыларын орындау үшін қағаз массасын және жабдықты өңдеуге арналған басқа да машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- көп қабатты қағазды кептіру, жылтырату, қалыптастыру, жабу, кесу, қию, бұрау және қағазды, картонды, қағаз және картон бұйымдарын дайындау мен өңдеу басқа процестерін орындау мақсатында қағазды дайындау мен өңдеу үшін машиналар мен жабдықтың жұмысын басқару және бақылау;
- машиналар мен жабдықты іске қосу мен ажырату процестерін бақылау, сонымен қатар индикаторлардың, өлшеу құралдарының және басқа бақылау-өлшеу аппаратураның, машиналар мен жабдықтардың ақауларын анықтау, өңдеу сатыларын ерекшеліктерге сәйкес орындау үшін жабдықтар мен механизмдердің көрсеткіштерін, деңгейлерін бақылау;
- қажеттілігіне қарай машиналар мен жабдықтарды іске қосу немесе тоқтату процесіне өзгерістер енгізу үшін технологиялық процестерге бақылау бойынша оператормен байланыс жасау;
- өндірістік сынақ барысында алынған өлшеу құралдары мен үлгілердің көрсеткіштерін талдау, және қажет болса өндірістік процесс пен жабдыққа басқа өзгерістер енгізу;

- көтергіш құрылғыны қолданумен қағаз орамдарын бекіту, орналастыру және кигізу;
- жиырылған орындарды, саңылауларды, түсінің өзгеруін, және басқа да ақауларды анықтау үшін, сонымен қатар түзеу енгізу үшін өзгерістер енгізу, және картон бұйымдарды, қағаз және картон бұйымдарды шолып қарау;
- өнімнің шығарылуы туралы есептерді толтыру мен құрастыру.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Қағаз бояйтын машинаның машинисі (бояғыш)

Қағаз бұйымдары өндірісінің машинисі

Қағаз бұйымдарын жабыстыру жөніндегі машинаның машинисі

Қораптар модельері

Қағаз конверттер мен пакеттерді дайындауға арналған машиналардың операторы

Қағазды, картонды, фибраны және олардан жасалған бұйымдарды кептіргіш

ӨНДІРІСТІК СТАЦИОНАРЛЫҚ ЖАБДЫҚТЫҢ БАСҚА ОПЕРАТОРЛАРЫ

Бұл *81 Өндірістік стационарлық жабдық операторлары* кіші тобының басқа топтарына кірмейтін өндірістік стационарлық жабдықтың операторларынан тұрады. Бұл топқа, мысалы, шыны мен керамика өндіріс машиналарының операторлары, бу қазандықтарына қызмет көрсету жөніндегі, қаптау, маркалау, басып шығару, брошюралық машиналар, компрессорлық, сорғы, тоңазытқыш қондырғылары, электр энергиясын өндіру, мұнай мен газдан тазарту және өңдеу жөніндегі операторлар, сонымен қатар өнеркәсіптік роботтар мен 3D басып шығару операторлары кіреді.

Орындайтын міндеттеріне: күйдіру пештерінің, басқа пештердің, шыны, керамика, фарфор, тақтайлар немесе кірпіштер жасайтын пештердің жұмысын бақылау; күйдіру, немесе шыны және керамиканы шынықтыру немесе сәндеу машиналарын қолдану; стационарлық бу қозғалтқыштарына, бу қазандықтарына, турбиналарға және көмекші жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және пайдалану; өнімді өлшейтін, қаптайтын және таңбалайтын немесе контейнерлерді өнімге толтыратын машиналар жұмысын бақылау және қолдану; басып шығару және көбейту жабдығы жөніндегі машиналардың жұмысын бақылау және қолдану; компрессорлық, сорғы, тоңазытқыш және ұқсас қондырғыларды бақылау және қолдану; энергия өндірісі және оны тарату жөніндегі машиналар мен қондырғылар жұмысын басқару; мұнай- және газдан тазалау және өңдеу қондырғыларының жұмысын бақылау жатады.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға кіреді:

- 8181 Шыны, керамика және олардан жасалған бұйымдарды дайындау жөніндегі операторлар**
- 8182 Бойлерлер мен бу машиналарының операторлары**
- 8183 Қаптау, бөліп құю және таңбалау машиналарының операторлары**
- 8184 Түптеу және әрлеу жөніндегі операторлар**
- 8185 Компрессорлық, сорғы, тоңазытқыш және ұқсас қондырғылар операторлары**
- 8186 Электр энергиясын өндіру жөніндегі операторлар**
- 8187 Мұнай мен газды тазарту және қайта өңдеу операторлары**
- 8188 Автоматты желілер, өндірістік роботтар және 3D баспа операторлары**
- 8189 Б.т.к. өндірістік стационарлық жабдықтардың басқа да операторлары**

8181 Шыны, керамика және олардан жасалған бұйымдарды дайындау жөніндегі операторлар

Шыны, керамика және олардан жасалған бұйымдарды дайындау жөніндегі операторлар күйдіру пештерін, басқа пештерді, шыны, керамика, фарфор, тақтай, және олардан жасалатын бұйымдарды шынықтыру немесе әшекейлеу үшін машиналар мен жабдықтарды бақылайды және қолданады.

Олардың міндеттеріне кіреді:

- дайын ингредиенттерді еріту және балқыту арқылы шыны дайындау үшін шыны балқытатын пештердің жұмысын бақылау және басқару;
- шынының беткі қабаттарын беткі қатайтқышпен жабу үшін қолданылатын ыстық және суық тозандатуға арналған жабдыққа қызмет көрсету;
- түзетілген шыныны пішінге тығыздайтын немесе пішінін шөлмектер, банкалар мен стақан сияқты ыдыстарға келтіретін машиналардың жұмысын бақылау және қолдану;
- шыныға қажетті пішінді жасау үшін қолмен пресстеуді қолдану;
- балқытылған шыныны өңдеу үшін және жазық шынының үздіксіз табақтарын қалыптастыруға арналған пештерді қолдану;
- жылтыратылған табақ шыны өндірісі үшін қондырғылардың жұмысын басқару және бақылау;
- тегістеу, бұрғылау, құмды сырғылау өңдеу, сәндеу үшін, шыны немесе шыны бұйымдарды шаю немесе жылтырату үшін әрлеу станоктарының жұмысын басқару және бақылау;
- ылғалды саздан жасалған керамикалық бұйымдарды пішіндеу үшін пресстердің жұмысын күйге келтіру және басқару;
- керамикалық бұйымдарды дайындау мақсатында қажетті икемді күйге немесе жартылай сұйық пішінге келтіру үшін сазды сумен араластыратын машиналарды пайдалану;
- қыш және фарфорлы бұйымдарды, кірпіштерді және жабын қыштарды дайындау үшін күйдіру пештерінің жұмысын басқару және бақылау;
- жылтырақ немесе бұдырларды дайындаушы машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- шыны талшықтарын дайындау мақсатында балқытылған шыныны экструзиялайтын машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- сызаттарды, сынықтарды, бөлінген орындарды, сонымен қатар түсті және басқа да ақауларды анықтау үшін дайын өнімді қарау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Шыны бұйымдарының калибрлеушісі

Құрылыс керамика бұйымдарының күйдірушісі

Электр көмір өндірісінің тесушісі

Керамикалық тақтайларды күйдіруге арналған пеш операторы

Шыны қалыптастыратын машиналардың операторы

Керамикалық және фарфор бұйымдарының кескіші

Басқа да бастауыш топқа жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Фарфор және фаянс бұйымдарының қалыптаушысы – 7313

Шыны кесуші – 7314

Шыны үрлеуші – 7314

ҚР МЖ 01-2017

8182 Бойлерлер мен бу машиналарының операторы

Бойлерлер мен бу машиналарының операторлары тұрғын, сауда, өнеркәсіптік ғимараттар мен басқа да мекемелерді, құрылыс жұмыстарын жүргізу орындарын, өздігінен жүретін кемелерді энергиямен қамтамасыз ету және басқа коммуналдық қызметпен қамту үшін түрлі бу машиналарының, бу қазандықтарының, турбиналардың және көмекші жабдықтардың жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- бу қозғалтқыштарының, қазандықтар мен көмекші жабдықтың, соның ішінде сорғылардың, ғимараттар, теңіз кемелері немесе пневматикалық машиналар үшін бу мен энергия деңгейін ұстап тұру үшін компрессорлар мен ауаны конденсациялау жабдықтарының жұмысын бақылау, басқару, тазалау, майлау;
- өлшеу құралдарының көрсеткіштерін талдау және жазу, ақауларды іздеу және жабдықтың істен шығуын немесе жүйенің істен шығуын болдырмау үшін ақауларды іздеу және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін және қайнап тұрған судың, химиялық реагенттер мен отынның қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін жабдық жұмысының көрсеткіштерін бақылау және қадағалау;
- автоматтандырылған газ құбырларын немесе май сорғыларын қолданумен көмір пештерді, сонымен қатар газ немесе май қазандықтарын жандыру;
- бу қазандықтары үшін су сапасын сынау немесе оларды сынауды, қажетті түзеу шараларын реттеу және қабылдауды, соның ішінде коррозия мен қауіпті шөгінділердің алдын алу үшін химиялық реагенттерді қосу;
- кеме қозғалтқыштарының, машиналар мен жабдықтардың жұмысы кезінде көрсеткіштерді қадағалау, көрсеткіштерді жазу және ақаулар туралы есептерді кезекші кеме инженер-механигіне ұсыну;
- жүк түсіретін гидравликалық сорғы және клапандар жұмысын бақылау және қолдану.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бу қазандықтарының қараушысы

Қазандық операторы

Стационарлық қондырғылар (бу, бойлер) операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Механик (кеменің) – 3115

Қазандық жұмысшысы - 7213

8183 Қаптау, бөліп құю және таңбалау машиналарының операторлары

Қаптау, бөліп құю және таңбалау машиналарының операторлары өнімді өлшейтін, қаптайтын және таңбалайтын немесе контейнерлерді өніммен толтыратын машиналар жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- түрлі өнімдерді өлшейтін, қаптайтын, жапсыратын және буып түйетін машиналардың жұмысын басқару және бақылау;
- тубаларды, шөлмектерді, қаңылтыр банкаларды, қораптары, сөмкелер мен тамақ, сусын, бояу, майлар мен сұйық косметикалық құралдар сияқты өнім салынған басқа

контейнерлерді толтыратын және герметизациялайтын машиналарды басқару және қадағалау;

- жабыстыру арқылы немесе басқа әдіспен тауарларды және түрлі контейнерлерді таңбалайтын, қаптайтын машиналарды басқару және қадағалау жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Қаптау автоматының операторы
Консервілеу машинасының операторы
Маркалау машинасының операторы
Шөлмектерге арналған құйғыш машина операторы
Қаптау машинасының операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Қолмен қаптаушы – 9311

8184 Түптеу және әрлеу жөніндегі операторлар

Түптеу және әрлеу жөніндегі операторлар мұқабалардағы түптеу және тігістерін қысу машиналарының, сонымен қатар басып шығару және көбейту жабдығының жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- жоғарғы және терең басып шығару, металл графтық басып шығару, тегіс басып шығару, қаңылтыр үстінде басып шығару, трафаретті, флексографиялық және басқа түрлердегі басып шығару жабдығының, соның ішінде көшірме және көбейту машиналарының жұмысын басқару және бақылау.
- көп бояулы басып шығару үшін түпнұсқалы пішіндерімен маркалауға сынамаларын алу;
- түрлі автоматтарда, офсет, литографиялық, табақты, орамды және терең басып шығарудың маркалау машиналарында келтіру, түзеу және басып шығару;
- жабыстыру-талау-тігу, жіппен тігу, жалғастырғыш, блок өңдеуші, жапсырма-тігін-кесу сияқты түптеу машиналарының жұмысын басқару және бақылау.
- автоматта кесу қаптамасын дайындау үшін техникалық маталармен реңдік қағазды жабыстыру;
- жіппен тігу машиналары мен автоматтарда кітап-журналдық өнім мен құжаттық кітапшаларды тігу;
- кітап блоктарының түптерін қағазбен жабыстыру, машиналарда жабыстыру;
- кітап-блоктардағы түптеу қақпағына кітап салатын автоматында қондыру және автомат механизмдерін басқа көлемде және үлгідегі кітаптарды қондыру үшін ауысқан кезде реттеу;
- брошюралар мен журналдарды, құжаттық кітапшаларды, паспорттық құжаттарды жинақтау, тігу және кесу жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Баспа машинасының колористі
Кітаптарды дайындау жөніндегі автоматты желінің машинисі
Жапсырма-тігу-кесу агрегатының машинисі
Желімдеу машинасының машинисі
Көшірме және көбейту машинасының операторы
Терең басып шығару бойынша электрондық ойма автоматтарының операторы

ҚР МЖ 01-2017

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Түптеуші – 7333

Терең басып шығарушы – 7332

8185 Компрессорлық, сорғы, тоңазытқыш және сондай қондырғылардың операторлары

Компрессорлық, сорғы, тоңазытқыш және сондай қондырғылардың операторлары сығымдалған газды шығару, қоршаған ортаның немесе осындай жабдықтың температурасынан төмен температураны ұстап тұру және қолдан төмендету бір орыннан екінші орынға сұйықтықты айдау үшін жабдықтың жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- компрессорлық, сорғы, тоңазытқыш және сондай қондырғылардың жұмысының технологиялық процессін басқару және бақылау;
- сипаттамамен бекітілген ағын, қысым және температура көрсеткіштеріне сәйкес келу және ақауларды табу, бекітілген талаптарды орындау мақсатымен есептегіш, сүзгіш және датчиктерді пайдалану шарттарын бақылау және жабдықты тексеру;
- жұмыста ақауларды анықтау және жоғарыдағы басшылыққа ақаулықтар туралы есеп беру;
- істен шығып қалудың алдын-алу үшін, жабдықты жөндеуге қатысу;
- өндірістік журналдар мен есептерді толтыру және жүргізу.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Автокомпрессор машинисі

Сорғыш қондырғылардың машинисі

Тоңазытқыш қондырғылардың машинисі

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тоңазытқыш қондырғылары жабдықтарын монтаждаушы – 7127

8186 Электр энергиясын өндіру жөніндегі операторлар

Электр энергиясын өндіру жөніндегі операторлар тасымалдау желісінде электр және басқа энергияны өндіру және бөлуді басқаратын басқару орталығында монитор мен сәйкесінше жабдықты қадағалап, басқарады. Олардың әрекет ету аймағында мынадай электр қондырғылары мен жабдықтар бар: реакторлар, турбиндар, генераторлар және электрстансасында электрэнергиясын өндіру үшін басқа қосалқы жабдықтар.

Олардың міндетіне:

- электр энергиясын өндіру жөніндегі электрстансаның әр түрлі жабдығын басқару, мониторинг жасау және тексеру;
- гидрожылу (көмір, мұнай, табиғи газбен жұмыс жасайтын) және электр энергиясын өндіру мен шығаруға арналған атом электр стансасында жұмыс жасайтын қазандық, турбиналар, генераторлар мен реакторды қоса алғанда, энергетика жүйелері мен жабдығын басқару және бақылау;
- энергетика жабдығының қосылуы мен өшірілуіне бақылау, судың дәрежесін реттейтін операцияларды бақылау, жүктеуді, желідегі жиілікті және кернеуді реттейтін және үйлестіретін операциялық жүйелермен өзара әрекеттесу;

- орнатылған интервалдығы аспаптар, есептегіш пен датчиктердің көрсеткіштерін қадағалау, ақауларды анықтап, керек болған жағдайда дұрыстау жөніндегі шаралар қабылдау;
- көрсеткіш жазбаларын жүргізу, журналдарды толтыру және есептемені құрастыру, жұмыс жасап тұрған жабдықтың жағдайын бағалау үшін басқа қызметкерлермен өзара әрекеттесу;
- істен шығу немесе жабдық жұмысының нашарлауының алдын алу мақсатында .генератор, қазандық, турбина, сорғы, компрессор сияқты жабдықтың тазалығын қамтамасыз ету және оған қызмет көрсету ,

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Гидроагрегат машинисі

Жылжымалы электростанса машинисі

Энергоблок машинисі

Реактор бөлімінің операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Стационарлық қондырғы операторы (бу, бойлерк) – 8182

8187 Мұнай мен газды тазарту және қайта өңдеу операторлары

Мұнай мен газды тазарту және қайта өңдеу операторлары жабдықты іске қосады және бақылайды, технологиялық бірліктің және мұнай мен табиғи газды, сонымен қатар жанама өнімдерін тазарту, сүзу және өңдеу жөніндегі қондырғының дұрыс орнатылуын, жұмысын реттейді және қолдайды.

Олардың міндеттеріне:

- бірнеше процессорларда орын алатын физикалық және химиялық процестерді бақылау үшін басқару орталығындағы электрондық және компьютерлік басқаруды іске қосу;
- аппаратурала, қақпақшалар, сорғылар, реттеушілер және басқа технологиялық жабдықтарды реттеу;
- жабдықты іске қосу және тоқтатуды бақылау, ақауларды іздеу және технологиялық процестен тыс жабдықтың жұмыс жасауына мониторинг жасау;
- ағу мен сынуды анықтау мақсатында және технологиялық қызметті ұйымдастыру үшін жабдықтарды тексеру;
- өнім нұсқаларына талдау жасау, сынақтан өткізу, мәліметтерді тіркеу және өндіріс журналдарында жазбаларды жүргізу жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Бөлу мұнай базасы жабдықтарының машинисі

Табиғи газды тазарту және өңдеу жабдықтарының операторы

Мұнай өңдеу қондырғысының операторы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Химиялық өңдеу машинасының операторы – 8131

Химиялық сүзгілеу және бөліністер жөніндегі сепараторщы – 8131

ҚР МЖ 01-2017

8188 Автоматты желілер, өндірістік роботтар және 3D баспа операторлары

Автоматты желілер, өндірістік роботтар және 3D баспа операторлары өндірістік жинау желісінде, өндірістік робот (манипулятор) және 3D баспада құрылғының жұмысын басқарады және бақылайды.

Олардың міндетіне:

- өндірістік жинау желілерінде, басқару панелінің, компьютерлік терминал немесе басқа басқару жүйелерінің көмегімен жабдықтар жұмысының технологиялық регламентін басқару және бақылау;
- өндірістік роботтарды бағдарламалау және қайта бағдарламалау;
- өндірістік роботтардың (манипулятор) жұмысын басқару және бақылау;
- 3D басылымы бойынша жабдықты пайдалану және техникалық қызмет көрсету, шығын материалдарын бақылау және жүктеу;
- 3D басылымының дайын нысандарына соңғы өңдеуді жүзеге асыру;
- ақауларды уақытылы анықтау және оның алдын-алу мақсатында өндірістік жабдықтар мен өндірістік роботтарды тексеруді жүргізу жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ремиздік автоматтардың автоматшысы

3D басылым операторы

Өндірістік роботтармен жұмыс жасау операторы

Бағдарламалық басқарумен станоктар операторы

8189 Б.т.к. өндірістік стационарлық жабдықтардың басқа да операторлары

Осы бастауыш топ - *81 Өндірістік стационарлық жабдық операторлары* басқа тобының қосалқы тобына кірмейтін өндірістік стационарлық жабдықтың операторынан тұрады. Осы топқа, мысалға, суды тазарту және өңдеу процессін басқаратын машина операторлары жатады.

Осындай жағдайда олардың міндетіне:

- арнайы жағдайларда суды химиялық тазарту процессін жүргізу, арнаулы қондырғыда оны хлорлау, тұздан айыру, кремнийден тазарту және сол сияқты;
- тұндыру, сүзгілеу, ионндық-айырбастаумен тазарту, биологиялық қышқылдандыру және басқа тәсілдермен өндірістік ағын және радиобелсенді суларды қоспалардан тазарту процессін жүргізу жатады.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Су жіберу мотористі

Тазарту құрылғыларының операторы

Даланы суландыру және сүзгілеу операторы

82-КІШІ ТОП

БҰЙЫМДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР МЕН СЫНАУШЫЛАР

Бұйымдарды құрастырушылар мен сынаушылар жинау түйіндерін, өнімдерді және жабдықты бекітілген технологиялық процесске тура сәйкестендіріп, дайын детальдарды немесе компоненттерді жинайды, сәйкес келуін тексереді және жиналған немесе жөнделген жабдық жүктемесімен сынақтан өткізеді. Жинаушылар өңдейтін бұйымдар жинау желісінің бойымен бір жұмысшыдан екіншісіне қарай қозғалуы мүмкін. Осы кіші топтың көптеген кәсіптері машықтың екінші дәрежесін талап етеді.

Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттері мыналардан тұрады: әр түрлі өнімдердің компоненттерін жинау және жабдықтардың белгіленген технологиялық процесске дәл сәйкес келуін; қажетті материалдар мен жинау бойынша нұсқаулықтарды анықтау үшін жұмыстарды, ерекшеліктерді, диаграммалар мен сызбаларды орындауға тапсырмаларды орындауды; арнайы көзделген бланкілерді қолдану арқылы технологиялық және пайдалану көрсеткіштерін тіркеуді; дайын компоненттермен тораптарды қарау және сынақтан өткізу, сымдар жүйесі мен электр тізбектерін монтаждау; жұмыс жасамайтын тораптар мен құрамдас бөлшектерін ақауға шығару

Осы кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 820 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілердің үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 821 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақшылары**

ҚР МЖ 01-2017

820-ШАҒЫН ТОП

БҰЙЫМДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР МЕН СЫНАҚТАН ӨТКІЗУШІЛЕРДІҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР (БРИГАДИРЛЕР)

Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілердің үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) *82 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынаушылар* тобына кіретін жұмысшылардың қызметіне бақылау жасайды және үйлестіреді.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналарды қамтиды: құрамдас детальдарды жинауды, жабдықтарды сынақтан өткізуді орындайтын жұмысшылардың жұмысын анықтау және талдау жасау; басқа да жұмыс бөлімдері мен департаменттердің жұмысшылардың жұмыс кестесі мен процедурасын жасау және қызметтерін үйлестіру; жұмыстың орындалуын қарау және тексеру; өндірістік процесс барысында орын алатын ақаулардың журналын жүргізу; бақыланатын қызметке қатысты барлық сұрақтар жөніндегі жоғарғыдағы басшыларға есеп беру және басқа ақпаратты жеткізу; қызметтік міндеттерді орындау жөніндегі компания саясатын іске асыру және қауіпсіздікті қамтамасыздандыру бойынша оқыту және нұсқау тектес кәсіптердің; өндірістік бригаданың жұмыс күшінің қажеттілігін бағалау және мүшелерін таңдау.

Осы шағын топтың кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

8200 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілердің үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

8200 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілердің үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілердің үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) *82 Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілер* тобына кіретін жұмысшылардың қызметін бақылайды және үйлестіреді.

Олардың міндетіне:

- жиынтық детальдарды жинайтын, жабдықтарды сынақтан өткізетін жұмысшылардың жұмысын үйлестіру, айқындау және олардың жұмысына талдау жасау;
- жұмыс кестелері мен процедураларын әзірлеу және басқа да жұмыс бөлімдері мен департаменттерінің қызметімен үйлестіру;
- орындалған жұмыс барысын қарау және тексеру;
- өндірістік процесс барысында орын алатын ақауларды тіркеу журналын жүргізу;
- бақыланатын қызметке қатысты барлық сұрақтар жөніндегі жоғарыдағы басшылыққа есеп және басқа да ақпаратты беру;
- қызметтік міндеттерін орындау, қауіпсіздікті қамтамасыздандыру және компанияның саясатын жүзеге асыру бойынша жұмысшыларды оқыту және нұсқаулықтан өткізу;
- жұмыс күшіне қажеттілікті бағалау және өндірістік бригаданың мүшелерін таңдау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Электр машиналарын, аппаратураларды және аспаптарды жинау жөніндегі тексеруші
Бұйымдарды жинаушылар мен сынақтан өткізушілердің технологиялық процессін тексеруші

ҚР МЖ 01-2017
821-ШАҒЫН ТОП

БҰЙЫМДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР МЕН СЫНАҚТАН ӨТКІЗУШІЛЕР

Бұйымдарды құрастырушылар мен сынақтан өткізушілер жинау түйіндерін, өнімдерді және жабдықты бекітілген технологиялық процеске тура сәйкестендіріп алу үшін дайын бөлшектер мен оның құрамдас бөліктерін жинайды және сәйкес келуін тексереді және жиналған немесе жөнделген жабдық жүктемесімен сынақтан өткізеді. Жинаушылар өңдейтін бұйымдар жинау желісінің бойымен бір жұмысшыдан екіншісіне берілуі мүмкін. Осы кіші топтың көптеген кәсіптері машықтың екінші дәрежесін талап етеді.

Осы шағын топ жұмысшыларының міндеттері әдетте мыналардан тұрады: әр түрлі өнімдер мен жабдықтардың құрамдас бөлшектерінің технологиялық процеске дәл сәйкестігіне құрамдас детальдарды жинау; жұмыстарды, сипаттамаларды, керекті материалдарды анықтау үшін қажетті диаграммалар мен сызбаларды жинау жөніндегі нұсқаулар мен тапсырмаларды орындау, зерделеу; арнайы көзделген бланктерді қолдану арқылы технологиялық және пайдалану көрсеткіштерін тіркеу; дайын құрамдас бөлшектерін және тораптарды қарау және сынақтан өткізу, сымдар жүйесі мен электр тізбектерін монтаждау; жұмыс жасамайтын тораптар мен құрамдас бөлшектерін ақауға шығарып тастау.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 8211 Механикалық машиналар мен жабдықтарды құрастырушылар**
- 8212 Электр жабдықтарын құрастырушылар**
- 8213 Электрондық жабдықтарды құрастырушылар**
- 8214 Бұйымдарды сынақтан өткізушілер**
- 8219 Б.т.к. құрастырушылар**

8211 Механикалық машиналар мен жабдықтарды құрастырушылар

Механикалық машиналар мен жабдықтарды құрастырушылар қозғалтқыш, автокөлік құралдары, турбиналар, ұшу аппараттары, жылжымалы құрам, кеме сияқты механикалық машиналардың құрамдас бөлшектерін жинаумен айналысады, сонымен қатар, технологиялық процесспен дәл сәйкестендіріп, өндірістік жабдықты жинайды.

Олардың міндетіне:

- жинақталған тораптарды, механикалық жабдықтарды, қозғалтқыштар мен дайын автокөлік құралдарын алу үшін дайын бөлшектер немесе құрамдас бөлшектерін жинау және оны орнату;
- қажетті материалдар мен жинау жөніндегі нұсқаулықты анықтау үшін жұмыстарды, ерекшеліктерін, диаграммалар мен сызбаны орындаудың тапсырмасын зерттеу;
- арнайы көзделген бланкілерді қолдана отырып, технологиялық және пайдалану көрсеткіштерін тіркеу;
- пайдалану сипаттамасын алу және жинаудың дұрыстылығын бақылау;
- жұмыс жасамайтын тораптар мен құрамдас детальдарды қолданыстан шығару кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қозғалтқыш құрастырушысы

Металл кемелердің корпусын құрастырушысы

Химиялық аппаратуралар мен химиялық жабдықтарды құрастырушы

От алу қорабын құрастырушы-слесарь

Ұшу аппараттарын құрастырушы-слесарь

Жылжымалы құрамды жөндеу бойынша құрастырушысы-слесарь

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір кәсіптер:

Автокөлік құралының механигі – 7231

Электр машиналары мен аппараттарды құрастырушы – 8212

Велосипед құрастырушы – 8219

8212 Электр жабдықтарын құрастырушылар

Электр жабдықтарын құрастырушылар электр жабдығының құрамдас бөлшектерін технологиялық процесске дәл сәйкестендіріп жинайды немесе қайтадан жасайды.

Олардың міндетіне:

- механикалық және электр реттеумен аппараттардың, машиналардың, аспаптардың сұлбасы бойынша электр жүйелерінің құрамдас бөлшектерін жинау, жекелеген тораптарға, жинақталған тораптарға қол немесе механикаландырылған құралдарды қолдану арқылы бөлек блоктарды дәлдеу мен блоктардың бекіту немесе каркастарға дәнекерлеу және микродәнекерлеу жабдықтарын жинау;
- жинау бойынша керекті материалдарды және нұсқаулықты анықтау үшін жұмыстарды, ерекшеліктерді, диаграммалар мен сызбаларды орындаудың тапсырмасын зерттеу;
- арнайы көзделген бланкілерді қолдана отырып технологиялық және пайдалану көрсеткіштерін тіркеу;
- бұйымдарды жинау кезінде қажетті есептер мен эскиздерді орындау; жұмысына байланысты қажетті есептерді орындау;

ҚР МЖ 01-2017

- өлшеу құралдары, трансформатор, арматур сымдар, элетрқозғалтқыштар және генераторлар сияқты электр қондырғылары мен компоненттердің құрамында сымдарды орау үшін қолданылатын сым орау машиналарын пайдалану;
- дайын құрамдас бөлшектер мен тораптарды қарау, сымдар жүйесі мен тізбекті монтаждау, сонымен қатар, бұзылған жинау тораптарын істен шығару кіреді.

Аталған бастауыш топқа жататын кәсіптердің үлгілері

Батареялар мен аккумуляторлар құрастырушы

Тұрмыстық электр аспаптарын құрастырушы

Трансформатор құрастырушы

Электр жарық беруші жабдықтарды құрастырушы

Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жөніндегі дәнекерлеуші-құрастырушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір кәсіптер:

Радиоэлектрондық аппаратуралар мен аспаптар монтаждаушы – 8213

8213 Электрондық жабдықтарды құрастырушылар

Электронды жабдықтарды құрастырушылар электронды жабдықтар компоненттерін технологиялық процеске дәл сәйкестілікте құрастырады немесе қайта жөндейді.

Олардың міндеттеріне:

- тораптарды, жекелеген детальдарды, бөліктерді және электронды жүйелерді жинау, жекелеген блоктарды тораптарға орналастыру, құрастыру түйіндеріне немесе қол немесе механикаландырылған құрал-саймандарды қолданумен дәнекерлеу және микродәнекерлеу жабдықтарын тіректерге дәлдемелеу және бекіту;
- жинау бойынша қажетті материалдар мен нұсқаулықтарды анықтау үшін жұмыстарды, ерекшеліктерді, диаграммалар мен сызбаларды орындауға тапсырмаларды зерттеу;
- құрастыру жұмыстарына байланысты қажетті есеп айырысуларды орындау;
- арнайы көзделген бланкілерді қолдану арқылы технологиялық және пайдалану көрсеткіштерін тіркеу;
- дайын компоненттер мен тораптарды қарау, сымдар мен шынжырларды монтаждау, сонымен қатар істен шыққан құрастырушы тораптарды істен шығару кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Электрондық техника өнімдерін құрастырушы

Микросхемаларды құрастырушы

Радиоаппаратураларды құрастырушы

Теледидарларды құрастырушы

Басқада бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір кәсіптер:

Тұрмыстық электр аспаптарын құрастырушы - 8213

8214 Бұйымдарды сынақтан өткізушілер

Бұйымдарды сынақтан өткізушілер тексерісті дәлділікке жүргізеді және сынақтан өткізуді құрастырылған және жөнделген көліктер мен жабдықтардың жүктемесімен жүргізеді.

Олардың міндеттеріне:

- машиналар мен жабдықтарға сынау жүргізу үшін сынау аппаратураларын, стендтерді, басқарғыштарды дайындау;

- жиналатын және монтаждлатын аспаптарға, аппаратураларға, радиоқұрылғыларға, беріктілікке, қысымға, ауа өткізгіштікке және басқа да параметрлерге жиналған бұйымдарға бақылау және типтік сынама жүргізу;
- зерттеу қысымдарында металл арқандар мен шынжырлардың үзілуіне сынама жүргізу;
- бүлінген детальдарды, машиналар мен қондырғыларды және жарамды аспаптардың жіктемесін анықтау;
- жүргізілген сынамалар мен алынған нәтижелер туралы қажетті құжаттаманы толтыру кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Қозғалтқыштарды сынаушы

Детальдар мен аспаптарды сынаушы

Алмас және аса қатты материалдан жасалған құрал-саймандарды сынаушы

Металды сынаушы

Ауа өткізгіштігін сынаушы

8219 Б.т.к. Құрастырушылар

Басқа топқа кірмейтін құрастырушылар, құрамына электрондық, электрлік немесе механикалық компоненттер кірмейтін, технологиялық процесспен дәл сәйкестілікте әртүрлі тауарларды құрастырумен айналысады.

Олардың міндеттеріне:

- жинақтаушы детальдарды құрастыру және орналастыру, жеке блоктарды түйіндерге, дәнекерлеу және шағын дәнекерлеу жабдықтарының қол немесе механикаландырылған құрал-саймандарды қолдана отырып, құрастырушы түйіндерге немесе тіректерге дәлдемелеу және бекіту;
- жұмыстарды орындау құжаттарымен, және құрастыру жөніндегі нұсқаулықпен және қажетті материалдарды анықтау үшін сызбалармен және диаграммалармен, сипаттамалармен танысу;
- арнайы көзделген бланкілерді қолдану арқылы технологиялық және пайдалану көрсеткіштерін тіркеу;
- компоненттерді және дайын тораптарды тексеру;
- бұзылған өнімдерді істен шығару кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Оқ-дәрілерді құрастырушы

Велосипедтерді құрастырушы

Ойыншықтарды құрастырушы

Доңғалақ тыстарын құрастырушы

Резеңке бұйымдарды құрастырушы

Шыны бұйымдарды құрастырушы

Зергерлік бұйымдарды құрастырушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір кәсіптер:

Үрмелі аспаптарды құрастырушы - 7311

Кәріптастан жасалған бұйымдарды құрастырушы - 7312

Бөлшектер мен бұйымдарды (аяқ киім) құрастырушы - 7536

ҚОЗҒАЛМАЛЫ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ МЕН ОПЕРАТОРЛАРЫ

Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторлары локомотивтер мен автокөлік құралдарын жүргізеді және қызмет көрсетеді, өндірістік, құрылыстық және ауыл шаруашылығы көліктері мен жабдықтарын жүргізеді, басқарады және жұмыстарын бақылайды, кемелерде және басқа да су көлік құралдарында жұмыстар атқарады. Осы кіші топтың көптеген кәсіптері екінші деңгейлі дағдыны талап етеді.

Бұл кіші топ жұмысшыларының міндеттеріне: поездар мен автокөлік құралдарын жүргізу және қызмет көрсету; қозғалмалы өндірістік және ауыл шаруашылығы көліктері мен жабдықтарын басқару және жұмыстарын бақылау; кемелерде және басқа да су көлік құралдарында жұмыстар атқару кіреді.

Аталған кіші топтың кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 830 Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)**
- 831 Локомотив машинистері және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 832 Мотоциклдер мен автомобиль жүргізушілері**
- 833 Жүк автомобильдерінің, автобустардың және троллейбустардың жүргізушілері**
- 834 Жылжымалы жабдық жүргізушілері**
- 835 Кемелердің палуба командасының мүшелері және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар**

830-ШАҒЫН ТОП**ҚОЗҒАЛМАЛЫ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ МЕН
ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚАРАЙТЫН СУПЕРВАЙЗЕРЛЕР
(БРИГАДИРЛЕР)**

Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) 83 *Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторлары* кіші тобы жұмысшыларының қызметін бақылау мен үйлестіруді жүзеге асырады.

Орындалатын міндеттерге мыналар кіреді: қозғалмалы көліктер мен жабдықтардың жұмыстарын және кемелердегі және басқа да су көлік-құралдарындағы жұмыстарды атқаратын басқарушылардың, жұмысшылардың жұмыстарын үйлестіру, анықтау және талдау; жұмыс кестелерін және процедураларын жасау және басқада жұмыс бөлімшелермен және департаменттермен үйлестіру қызметі; жұмыстардың орындалу барысын тексеру және қарау; өндірістік процесс барысында пайда болған қабылдамау журналын жүргізу, бақылаудағы қызметке қатысты барлық сұрақтар жөніндегі жоғарыдағы басшыларға есептерді және басқа да ақпараттарды ұсыну; қызметтік міндеттерді орындау жөніндегі жұмысшыларға нұсқаулық, тектес кәсіптерді оқыту, компания саясатын жүзеге асыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету; жұмыс күші қажеттілігін бағалау және өндірістік бригада мүшелерін іріктеу.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топқа бөлінеді:

8300 Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

ҚР МЖ 01-2017

8300 Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер)

Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторларының үстінен қарайтын супервайзерлер (бригадирлер) 83 *Қозғалмалы жабдықтардың жүргізушілері мен операторлары* кіші тобы жұмысшыларының қызметін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады.

Олардың міндеттеріне:

- қозғалмалы машиналар мен жабдықтардың жұмыстарын және кемелердегі және басқа да су-көлік құралдарындағы жұмыстарды атқаратын басқарушылардың, жұмысшылардың жұмыстарын үйлестіру, анықтау және талдау;
- жұмыс кестелері мен процедураларын жасау және басқа да жұмыс бөлімшелері мен департаменттердің жұмысын үйлемстіру;
- жұмыстардың орындалу барысын қарау және тексеру;
- өндірістік процесс барысында пайда болған қабыл алмау журналын жүргізу;
- бақыланатын қызметке қатысты барлық мәселелер жөнінде жоғарыдағы басшыларға есептерді және басқа да ақпараттарды ұсыну;
- қызметтік міндеттерді орындау жөніндегі жұмысшыларға нұсқаулық, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компанияның саясатын жүзеге асыру;
- жұмыс күшіне қажеттілікті бағалау және өндірістік бригада мүшелерін іріктеу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Әуе жолы көлігі қызметінің супервайзері

Метрополитен супервайзері

Кемежай операцияларының супервайзері

831-ШАҒЫН ТОП

ЛОКОМОТИВ МАШИНИСТЕРІ ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Локомотив машинистері және тектес қызметтердің жұмысшылары және жүк пойыздарын жүргізеді немесе жүргізуге көмектеседі; жүру барысында тауар құрамының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; белгілерді қосу көмегімен темір жол көлігінің қозғалысын бақылайды; қозғалмалы құрамды ауыстырады және сұрыптау бекеттерінде пойыздарды біріктіреді; кен ошақтарында жүру үшін вагондардан поездар құрайды және олардың қозғалысын бақылайды.

Орындалатын міндеттерге: локомотивтерді жүргізу және оларды жүргізуге көмектесу, темір жол белгілерін ауыстыру, қозғалмалы құрамды ауыстыру және сұрыптау бекеттерінде пойыздарды біріктіру, кен ошақтарында жүру үшін вагондардан поездарды құрау және олардың қозғалысын бақылау кіреді.

Атаған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

8311 Локомотив машинистері

8312 Тежегіш жұмысшылары, жол бұрушылар және дабылшылар

ҚР МЖ 01-2017

8311 Локомотив машинистері

Локомотив машинистері теміржол жолаушылар және жүк пойыздарын жүргізеді немесе жүргізуге көмектеседі.

Олардың міндеттеріне:

- паровоз, электровоз, тепловоз, метрополитен поезді, трамвай және басқа локомотивтер сияқты, жер асты немесе жер үсті пойыздарын жүргізу немесе жүргізуге көмектесу.
- поезд құрамының салмағына және жол бедеріне байланысты поезд қозғалысының жылдамдығын реттеу;
- белгілерді, құрам жағдайын және жолды, байланыс желісін, бақылау-өлшеуіш аспаптарының көрсеткіштерін қадағалау;
- маневрлік жұмыстарды ұйымдастыру және орындау;
- жер асты немесе кен ошағы немесе карьер үстінде жүктерді тасымалдау үшін локомотивтерді жүргізу;
- индикаторлар көрсеткіштерін және белгілерді бақылау және жүру жолында қауіпті факторларды қадағалау;
- поездардың жүру жолы кестесі мен пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында поезд бригадаларымен және диспетчерлерімен байланыста болу үшін байланыс жүйесін пайдалану кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Трамвай жүргізушісі

Дизельпоездің машинисі

Метрополитен пойыздарының машинисі

Тепловоз машинисі

Электровоз машинисі

Паровоз машинисінің көмекшісі

8312 Тежегіш жұмысшылары, жол бұрушылар және дабылшылар

Тежегіш жұмысшылары, жол бұрушылар және дабылшылар жүру барысында темір жол құрамының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, жол бұрғыштарды ауыстыру арқылы темір жол көлігінің қозғалысын бақылайды, поезд құрамын қалптастырады және сұрыптау бекеттерінде поездарды біріктіреді, кен ошақтарында қозғалту үшін вагондардан поездарды құрайды және олардың қозғалысын бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- жүру барысында жүк пойыздарын қадағалау және қамтамасыз ету;
- блокбекет немесе басқару құралымен жол бұру және белгілерді ауыстыру жолымен темір жолдың желілік аймағында темір жол қозғалысын бақылау;
- тиеу, түсіру және поездарды біріктіруге сәйкес қосымша жолдарда және сұрыптау бекеттерінде қозғалмалы құрамды ауыстыру және тіркеу;
- локомотив немесе кабелдің көмегімен оларды қозғалту үшін вагондардан поездарды біріктіру және кен ошағында немесе карьерде тасымалдық қазынды арқылы олардың қозғалысын бағыттау;
- поезд жүйелері мен жабдықтарын тексеру, соның ішінде кондициялау және жылыту, поезд қозғалғанына дейін тежегіш жүйесін және тежегіш майтүтіктерін тексеру кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Өткел кезекшісі

Жол бұру бекетінің кезекшісі

Вагондар қозғалысының жылдамдығын реттеуші

Сигнал беруші

ҚР МЖ 01-2017
832-ШАҒЫН ТОП

МОТОЦИКЛДЕР МЕН АВТОМОБИЛЬ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ

Мотоциклдер мен автомобиль жүргізушілері жолаушыларды, материалдарды немесе тауарларды тасымалдау үшін мотоциклдерді, жеңіл көліктерді немесе фургондарды, скутерлерді, квадроциклдерді, үш доңғалақты мотоциклдерді жүргізеді және қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне: жолаушыларды, материалдарды немесе тауарларды тасымалдау үшін мотоциклдерді, жеңіл көліктерді немесе фургондарды, скутерлерді, квадроциклдерді, үш доңғалақты мотоциклдерді жүргізу және қызмет көрсету кіреді.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

8321 Мотоциклдердегі курьерлер

8322 Жеңіл автомобиль, такси және фургондардың жүргізушілері

8321 Мотоциклдердегі курьерлер

Мотоциклдердегі курьерлер жолаушыларды, материалдарды немесе тауарларды тасымалдау үшін жабдықталған мотоциклдерді немесе үш доңғалақты мотоциклдерді жүргізеді және қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне:

- жолаушыларды, материалдарды немесе тауарларды тасымалдау үшін жабдықталған мотоциклдерді немесе үш доңғалақты мотоциклдерді жүргізу және қызмет көрсету;
- жол қозғалысы ережелерін және бағдаршам белгілерін қадағалау;
- көлік құралдарын тазалау және жуу, сонымен қатар техникалық қызметті және шағын жөндеуді жүзеге асыру;
- жол жүріс журналын жүргізу;
- хабарламаларды жеткізу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Аэрошаналар жүргізушісі

Мотокөлік құралдарының жүргізушісі

Электр және автоарба жүргізушісі

8322 Жеңіл автомобиль, такси және фургондардың жүргізушілері

Жеңіл автомобиль, такси және фургондардың жүргізушілері жолаушыларды, пошталарды немесе тауарларды тасымалдау үшін жеңіл автокөліктер мен фургондарды жүргізеді және қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне:

- жолаушылар фургондарын, автомобильдер немесе таксилерді жүргізу және қызмет көрсету;
- поштаны немесе тауарларды жеткізу үшін жеңіл көліктерді, фургондарды немесе кіші тонналық жүк көліктерін жүргізу және басқару;
- жүкпен көмек сұраған жағдайда жолаушыларға көмек көрсету;
- жеткізуді растайтын құжаттарды немесе жол жүру үшін және жеткізу үшін төлемді алу;
- өзінің орналасқан жері және қызмет көрсетуге дайындығы туралы хабарлау үшін, сонымен қатар диспетчерлік орталық нұсқаулығын орындау мақсатында телекоммуникациялық жабдықтарды пайдалану;
- анағұрлым тиімді бағытты таңдау;
- мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға көмек көрсету;
- мүмкіндігі шектеулі жолаушылардың түсуін және мінуін жеңілдететін жабдықтарды басқару кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптерге мысал:

Сынаушы-жүргізуші

Тұрақ қызметкері-жүргізуші

Автокөлік жүргізушісі

Такси жүргізушісі

Жиһаз тасымалдауға арналған фургон жүргізушісі

Жеке жүргізуші

ҚР МЖ 01-2017

Басқа бастауыш топқа қатысты бірнеше тектес қызметтер:

Мотокөлік құралдарының жүргізушісі – 8321

Автобус жүргізушісі – 8331

Жүк көлігінің жүргізушісі – 8332

833-ШАҒЫН ТОП

**ЖҮК АВТОМОБИЛЬДЕРІНІҢ, АВТОБУСТАРДЫҢ ЖӘНЕ
ТРОЛЛЕЙБУСТАРДЫҢ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ**

Жүк автомобильдерінің, автобустардың және троллейбустардың жүргізушілері тауарларды, сұйықтықтарды, ауыр материалдарды, поштаны немесе жолаушыларды тасымалдау үшін әмбебап және мамандандырылған жүк автокөліктерін, автобустарды немесе троллейбустарды жүргізеді және қызмет көрсетеді.

Орындайтын міндеттерге әдетте: тауарларды, сұйықтықтарды, ауыр материалдарды, поштаны немесе жолаушыларды тасымалдау үшін үлкен жүк автокөліктерін, әмбебап және мамандандырылған жүк көліктерін немесе троллейбустарды жүргізу және қызмет көрсету жатады

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

8331 Автобустардың және троллейбустардың жүргізушілері

8332 Жүк автомобильдерінің жүргізушілері

ҚР МЖ 01-2017

8331 Автобустардың және троллейбустардың жүргізушілері

Автобустардың және троллейбустардың жүргізушілері жолаушыларды, поштаны немесе тауарларды тасымалдау үшін автобустарды, микроавтобустарды немесе троллейбустарды жүргізеді және қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне:

- жергілікті және халықаралық желілерде жолаушыларды, поштаны немесе тауарларды тасымалдау үшін, оның ішінде жедел медициналық жәрдем көрсету мақсатында автобустарды, троллейбустарды немесе халықаралық автобустарды жүргізу және қызмет көрсету; Жолаушылар кіруге дейін және кейін немесе отырғызу кезінде есіктерді ашу және жабу;
- жолаушылар көлікке мінгенге дейін немесе көліктен шыққаннан кейін есіктерді ашу және жабу;
- жолаушыларға жүкпен жүгінуі кезінде көмек;
- автобустардың және трамвайлардың жарықтандыру, жылыту және вентиляция жүйелерін басқару;
- қауіпсіз жол жүру мақсатында жол қозғалысы ережелерін сақтау;
- жол жүру ақысын алу немесе жолаушыларда қажетті билеттердің болуын тексеру;
- арнайы құрылғыны, бақылау-өлшеу аспаптарын және құрал-жабдықтарын қолданумен автобустарға және троллейбустарға жоспарлық тексеріс жүргізу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Автобус жүргізушісі

Жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі

Халықаралық автобустың жүргізушісі

Троллейбус жүргізушісі

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кәсіптер:

Трамвай жүргізушісі- 8311

Жүк автокөлігінің жүргізушісі – 8332

8332 Жүк автомобильдерінің жүргізушілері

Жүк автомобильдерінің жүргізушілері қысқа немесе алыс қашықтықтарға тауарларды, сұйықтықтарды және ауыр материалдарды тасымалдау үшін, сонымен бірге өрт жағдайында көмек көрсету мақсатымен ауыр автокөлік құралдарын жүргізеді және қызмет көрсетеді.

Олардың міндеттеріне:

- қысқа немесе алыс қашықтықтарға тауарларды, сұйықтықтарды және ауыр материалдарды тасымалдау үшін ауыр автокөлік құралдарын, оның ішінде өрт көліктеріне, тіркемемен немесе тіркемесіз жүк көліктерін, самосвалдарды жүргізу және қызмет көрсету;
- барынша тиімді бағдарды таңдау;
- жүктерді жоғалту және бүлінуін болдырмау үшін жүктердің сәйкесінше оралуын және қауіпсіз жабылуын қамтамасыз ету;

- әртүрлі көтеру немесе орналастыру құрылғыларын қолдану арқылы тиеу немесе түсіру жөніндегі операцияларды жүргізу немесе қолдау көрсету кіреді.
- көлік құралдарына ұсақ техникалық қызмет көрсетулерді жүзеге асыру, сонымен бірге оларға күрделі техникалық қызмет көрсетілуін және жөндеу жұмыстарын келісу;
- тиеу жөніндегі шектеулерді сақтау және жүктерді қауіпсіз орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында салмақты бағалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері

Жүк автокөлігінің жүргізушісі

Қоқыс тасымалдау көлігінің жүргізушісі

Өрт көлігінің жүргізушісі

Суару көлігінің жүргізушісі

Тартқыштың жүргізушісі

Эвакуатордың жүргізушісі

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір кәсіптер:

Фургонның жүргізушісі – 8322

ҚР МЖ 01-2017
834-ШАҒЫН ТОП

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖАБДЫҚ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ

Жылжымалы жабдық жүргізушілері жер учаскелеріне тазарту немесе дайындау, жер жұмыстарын орындау, топырақты, тасты және сондай материалдарды тасымалдау және шашу, сонымен бірге ауыр объектілерді көтеру немесе тасымалдау үшін қолданылатын мамандандырылған моторлы көліктерді немесе жабдықтарды жүргізеді, қызмет көрсетеді және жұмысын бақылайды.

Орындалатын міндеттерге: жұмыс үшін дайындау және орналастыру; құрылғының жылдамдығын, биіктігін және тереңдігін реттеу; жылжымалы жабдықтарды жүргізу және орналастыру; ағаштарды, бөренелерді топырақты және басқа да ауыр объектілерді немесе материалдарды көтеру, тасымалдау және лақтыру үшін арнайы жасалған құрылғыларды пайдалану; құрылыс, тасымалдау және сақтау барысында автотиегіштерді және стационарлық немесе жылжымалы крандардың жұмыстарын басқару және бақылау; көліктерге қызмет көрсету және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру кіреді.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 8341 Ауыр және орман шаруашылығының моторландырылған жабдықтарының операторлары**
- 8343 Жер қазу және ұқсас машиналардың операторлары**
- 8343 Крандардың, көтергіштердің, автотиегіштердің және ұқсас құрылғылардың операторлары**

8341 Ауыр және орман шаруашылығының моторландырылған жабдықтарының операторлары

Ауыр және орман шаруашылығының моторландырылған жабдықтарының операторлары ауыл шаруашылығында, бау-бақша немесе орман шаруашылығында қолданылатын мамандандырылған моторлы жылжымалы көліктердің бір немесе бірнеше түрлі жұмыстарын жүргізеді, қызмет көрсетеді, басқарады және бақылайды.

Олардың міндеттеріне:

- топырақты қазу және тұқым себу, тыңайтқыштарды енгізу, топырақты қопсыту және егінді жинау үшін тракторлы тартқышқа немесе өздігінен жүретін мамандандырылған ауыл шаруашылығы көліктерін жүргізу және қызмет көрсету;
- топырақты тазарту, егінді егу және жинау, ағаштарды және орман материалдарын тасымалдау немесе орман шаруашылығы саласында басқа да жұмыстарды жүргізу үшін тракторлы тартқышта немесе өздігінен жүретін көлікте орман шаруашылығы үшін мамандандырылған көліктерді жүргізу және қызмет көрсету;
- жұмысқа орнатуға дайындау және олардың орналасуы;
- жабдықтың жылдамдығын, биіктігін және тереңдігін реттеу;
- ағаштарды қармау, көтеру және құлату үшін көліктерді басқару;
- ағаштарды және бөренелерді көтеру, тасымалдау, лақтыру және іріктеу үшін, сонымен бірге бөренелерді жару және аралау жөніндегі құрылғылармен басқару үшін бейімделулерді пайдалану;
- кесілген бөренелерді бұтақтары кесу және аралау үшін өңдеуші құрылғылар тектес кәсіптердің және стапельдер мен жүк тиегіш көліктерге тиеу;
- көліктерге қызмет көрсету және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Комбайнер

Құрғату көлігінің машинисі

Жинау көлігінің машинисі

Автоматтандырылған ағаш тасымалдауыштар операторы

Тракторшы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын тектес кәсіптер:

Бульдозер машинисі – 8342

Қар тазалайтын машина операторы - 8342

8342 Жер қазу және ұқсас машиналардың операторлары

Жер қазу және ұқсас машиналардың операторлары топырақты және сондай материалдарды суырып шығаратын, кесетін, тегістейтін және тығыздайтын көліктерді басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- топырақты, тау жынысын, қиыршық тастарды және сондай материалдарды суыру және тасымалдау үшін қозғалмалы шөміштер, күректермен немесе сүргілермен жабдықталған жер қазу көліктерін басқару және бақылау;

ҚР МЖ 01-2017

- кәріздер, дренаждар, су құбырлары, мұнай құбырлары, газ құбырлары немесе сондай құбыр өткізгіштер үшін транштар қазуға арналған көліктерді басқару және жұмысын бақылау;
- топырақты, құмды, қарды және басқа да материалдарды жылжыту, тарату және тегістеу үшін иілген болат пышақтармен жабдықталған көліктерді басқару және бақылау;
- құмды, қиыршық тастарды және топырақты сулы резервуарлар түбінен қазу жөніндегі құрылғыны басқару және жұмысын бақылау;
- ағаш, бетон немесе болат тіреулерді жерге қадау үшін көліктерді басқару және жұмысын бақылау;
- жолдар, тротуарлар құрылысы кезінде қабаттарды нығыздау және тегістеу және сондай жұмыстарды жүргізуге арналған тегістеуші-каттарды басқару және жұмысын бақылау;
- шосселердің, жолдардың жол жабындарын немесе сондай беткі қабаттардың құрылысы кезінде бетонды немесе битумды болмаса гудронды қоспаларды тарататын және тегістейтін көліктерді басқару және жұмысын бақылау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Бульдозер машинисі

Бетон қалаушы машинисі

Мұз кесетін көлік машинисі

Тірек қағуды орнату машинисі

Құбыр қалаушы машинисі

Экскаватор машинисі

Жер қазғыш көліктің операторы

Қар тазалау көлігінің операторы

8343 Крандардың, көтергіштердің, автотиегіштердің және ұқсас құрылғылардың операторлары

Крандардың, көтергіштердің, автотиегіштердің және ұқсас құрылғылардың операторлары стационарлық және қозғалмалы крандармен және басқа көтергіш жабдықтармен, сонымен бірге тауармен поддондарды тасымалдау, көтеру және қалау үшін көлік тиегіштерді немесе сондай көлік құралдарын жүргізеді, жұмысын бақылайды және басқарады.

Олардың міндеттеріне:

- жабдықты және материалдарды көтеру, тасымалдау немесе орналастыру үшін кранның көтеру немесе төмендету арқылы стационарлық немесе жылжымалы крандардың жұмыстарын басқару және бақылау;
- құрылыс алаңдарында немесе шахталарда жұмысшыларды және материалдарды көтеру немесе түсіру үшін жабдықтың жұмысын басқару және бақылау;
- шаңғышылар немесе ұқсас жабдықтар үшін көтергіштердің жұмыстарын басқару және бақылау;
- шамалы қашықтықтағы су жолдары арқылы паромдарды немесе жүк тиелген барждарды, жолаушылармен және көлік құралдарымен тарту үшін қолданылатын көліктің жұмысын басқару және бақылау;
- автокөлік және су көлігін өткізу үшін көпірлердің көтеру және түсіру үшін көліктердің жұмысын басқару және бақылау;
- су жолдарын және басқа акваторийлердің түбін тереңдету үшін жер қазу жабдықтарымен крандардың жұмысын басқару және бақылау;

- кемелер немесе барждарда орнатылған жабдықтарды және материалдарды көтеру, жылжыту және орналастыру үшін орнатылған крандарды басқару;
- қойма терминалдарында, айлақтарда, қоймаларда, фабрикаларда және басқа кәсіпорындарда тауарларды және поддондарды тиеу және түсіру, тасымалдау, көтеру және қалау үшін көлік тиегіштердің және ұқсас жабдықтардың жұмысын басқару және бақылау;
- тиелген поддондардың, платформалардың және жәшіктердің үстіне, астына немесе айналасына көтергіш құрылғыларын орналастыру, сонымен бірге қажетті аймақтарға тасымалдау үшін материалдарды немесе өнімдерді тіркеу;
- тозу және ақауларды анықтау үшін құрылғыны тексеру;
- көлік құралдарына және жабдықтарға жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- жүргізілген жұмыстардың және көлік құралдарының істен шығуын есепке алу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері

Көлік тиегіштің жүргізушісі

Порт краншысы

Кран машинисі (краншы)

Көтергіш көлігінің машинисі

Фуникулер операторы

ҚР МЖ 01-2017

835-ШАҒЫН ТОП

КЕМЕЛЕРДІҢ ПАЛУБА КОМАНДАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР

Кемелердің Палуба Командасының Мүшелері Және Тектес Қызметтер Саласындағы Жұмысшылар Кеме Палубасында Әртүрлі Жұмыстарды Және Корпустық бөлікте техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындайды, бөлмені және тараны әртүрлі жүктерге тиеу үшін тексереді және дайындайды, құтқару шлюптерін басқарады, палубаны және кеме бөлмелерін тазалайды.

Орындайтын міндеттемелерге: теңізде және айлаққа кіру және одан шығу сәтінде немесе шектеулі су кеңістігіне қозғалыс кезіндегі кеме жүретін жағдайда қадағалау; нұсқаулыққа сәйкес кеме рулдік басқаруды жүзеге асыру; арқандармен және торстармен жұмыс, сонымен бірге айлақ құрылғыларын пайдалану; қызмет көрсету және бір қатар жағдайларда кеме құрылғыларымен, тиеу-түсіру қондырғыларымен, жабдықпен, құтқару құрылғыларымен және өрт сөндіру құрылғыларымен басқару; кемеде тазалық жұмыстарын жүргізу және корпусын ескі бояудан тазарту, қажеттілігіне қарай техникалық қызмет көрсету жөніндегі бояу және басқа да міндеттер; жүк құрылғыларын, стационарлық жабдықтарды көтеру, жабдықтау және қалау, кеме бөлмелеріне тазалау.

Аталған шағын топ мынадай бастауыш топқа жатады:

8350 Кемелердің палуба командасының мүшелері және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

8350 Кемелердің палуба командасының мүшелері және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар

Кемелердің палуба командасының мүшелері және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылар кеме палубасында әртүрлі жұмыстарды және корпусның бөлікте техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындайды, бөлмені және тараны әртүрлі жүктерге тиеу үшін тексереді және дайындайды, құтқару шлюптеріне басқарады, палубаны және кеме бөлмелерін тазалайды.

Олардың міндеттеріне:

- теңізде және айлаққа кіру және одан шығу сәтінде немесе шектеулі су кеңістігінде қозғалыс кезіндегі кеме жүретін жағдайды қадағалау;
- нұсқаулыққа сәйкес кеме рулдік басқаруды жүзеге асыру;
- арқандармен және торстармен жұмыс, сонымен бірге айлақ құрылғыларын пайдалану;
- қызмет көрсету және кейбір жағдайларда кеме құрылғыларымен, тиеу-түсіру қондырғыларымен, жабдықпен, құтқару құрылғыларымен және өрт сөндіру құрылғыларымен басқару;
- кемеде балташы ұстаханалық, такелаждық және сырлау жұмыстарын орындау;
- кемеде тазалық жұмыстарын жүргізу және корпусын ескі бояудан тазарту, қажеттілігіне қарай техникалық қызмет көрсету бойынша бояу және басқа да міндеттер;
- жүк құрылғыларын, стационарлық жабдықтарды көтеру, жабдықтау және қалау.
- Жарық және жалау сигнализациясы арқылы хабарламаларды қабылдау кіреді. ;

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптер мысалдары

Боцман

Матрос

Рөлді басқарып отыратын адам

Маяк бақылаушысы

Шкипер

БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАР

Біліктілігі жоқ жұмысшылар қол құралдарын және елеулі дене күшін қолдануды талап етуі мүмкін қарапайым және стандартты тапсырмаларды орындайды. Аталған негізгі топтың қызметтерінің басым бөлігі дағдылардың бірінші деңгейін талап етеді.

Біліктілігі жоқ жұмысшылардың міндеттеріне: тазалық жұмыстары, қорларын толтыру және пәтерлерді, үйлерді, ас үй, қонақүй бөлмелерін, офистерді және басқа ғимараттарды тазалауға базалық қызмет көрсету; көліктерді және терезелерді жуу; ас бөлмеде көмек және тамақ дайындаумен байланысты қарапайым тапсырмалар; хабарламаларды және тауарларды жеткізу; жүкті тасу және қол жүктеріне және жүктермен жұмыс; сауда автоматтарын толтыру немесе есептегіштердің көрсеткіштеріне есептеу және сауда автоматтарынан ақшаны шешу; қоқысты жинау және іріктеу; көшелерді және сондай жерлерді сыпыру; ауыл шаруашылығында, балық шаруашылығында, аңшылықпен немесе аңдарды қақпанмен аулаумен байланысты әртүрлі қарапайым операцияларды орындау, пайдалы қазбаларды өндірумен, құрылыспен және өндіріспен, өнімді іріктеуді қоса алғанда қарапайым жұмыстарды орындау; өнімді қолмен буып-түю және сөрелерді толтыру; әртүрлі көше қызметтерін көрсету; педальді немесе қолмен басқарылатын көлік құралдарымен жолаушыларды және тауарларды тасымалдау; көлік-арба көлік құралдары немесе механизмдеріне басқару жатады. Олардың міндеттемелеріне басқа жұмысшыларға басшылық жасау кіруі мүмкін.

Аталған негізгі топтың кәсіптері мынадай кіші топтарға бөлінеді:

- 91 Тазалаушылар және үй қызметшісі**
- 92 Ауыл және орман шаруашылығы, балық өсіру және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары**
- 93 Өнеркәсіп, құрылыс және тасымалдаудың біліктілігі жоқ жұмысшылары**
- 94 Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа, қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары**
- 95 Саудагерлер және көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар**
- 96 Қоқысты жинау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар және басқа біліктілігі жоқ жұмысшылар**

91-КІШІ ТОП

ТАЗАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ ҮЙ ҚЫЗМЕТШІСІ

Тазалаушылар және үй қызметшісі жеке үйлерде, отелдерде, офистерде, ауруханаларда және басқа мекемелерде, сонымен бірге ұшақтарда, поездарда, автобустарда, трамвайларда және сондай көлік құралдарында олардың интерьерлерінің және агрегаттарының тазалығын қолдау мақсатында әртүрлі тапсырмаларды орындайды, сонымен бірге киім-кешекті және текстильді бұйымдарды қолмен жуады және үтіктейді. Аталған топ бөлігі қызметтерінің басым дағдылардың бірінші деңгейін талап етеді.

Бұл топ бөлігінің міндеттеріне: бөлмені қолмен немесе шаңсорғыштың көмегімен тазалау; едендерді жуу және сүрту, жиһазды және басқа заттарды жылтырату; киімді күту және төсек жабындарын тазалау; тамақ дайындау және ас бөлмеде тазалық жұмыстары кезінде көмек; автокөліктерді және терезелерді жуу және тазарту; киім-кешекті және текстильді бұйымдарды қолмен жуу және үтіктеу кіреді.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

911 Тазалаушылар және үй қызметшісі

912 Жуушылар

ҚР МЖ 01-2017

911-КІШІ ТОП

ТАЗАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ ҮЙ ҚЫЗМЕТШІСІ

Тазалаушылар және үй қызметшісі үйлерде, қонақ үлерде және мекемелерде сыпырады, шаңсорғышты пайдаланып тазалау жүргізеді, жуады, жылтыратады, үй киімдерін күтеді және үй қорларын сатып алады; отелдердің, мекемелердің және басқа ұйымдардың, сонымен бірге ұшақтарда, поездарда, автобустарда және сондай басқа көлік құралдарында сантехникалық және тұрмыстық құрылғылардың тазалығын және ішкі бөлмелердің жинақылығын қолдау мақсатына әртүрлі жұмыстарды жасайды.

Орындайтын міндеттері әдетте мыналардан тұрады: бөлмені қолмен немесе шаңсорғыштың көмегімен тазалау; қонақүйлерде, офистерде және басқа мекемелерде едендерді жуу және сүрту, жиһазды және басқа заттарды жылтырату; төсек жабындарын жинау, орамалдардың, сабынның және сәйкес тауарлардың қорын толтырып тұру; тамақ дайындау және ыдыс-аяқ жуу кезінде, тазалық жұмыстары кезінде көмек, ас бөлмеде, жуыну бөлмесінде және әжетханаларда тазалау, дезинфекция және иістерді жою жұмыстарын жүргізу.

Аталған кіші топтың кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 9111 Үй қызметшісі және тазалаушылар**
- 9112 ОТЕЛЬДЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҰҚСАС МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ТАЗАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ ҮЙ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ**
- 9113 ОФИСТЕРДЕГІ ЖИНАУШЫЛАР**
- 9114 Өнеркәсіптік орын-жайларды тазалаушылар**
- 9115 Қоғамдық тамақтану орындарындағы тазалаушылар**
- 9116 Аула сыпырушылар және ашық аумақтарды тазалаушылар**
- 9117 Ұшақтарды, вагондарды және басқа көлік құралдарын тазалаушылар**
- 9119 Б.т.к. басқа да тазалаушылар және үй қызметшілері**

9111 Үй қызметшісі және тазалаушылар

Үй қызметшісі және тазалаушылар қолмен немесе шаңсорғыштың көмегімен тазалайды, жуады және жылтыратады, үй киімдерін күтеді, үйге керекті қорларды сатып алады, тамақ дайындайды, ас ұсынады және үйге қатысты басқа да міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- шаңсорғыштың көмегімен сыпыру және тазалау, едендерді ысқылау және жуу және жиһаздарды жылтырату немесе терезелерді және басқа заттарды жуу;
- төсек-орын жабындарын және басқа текстильді бұйымдарды жуу, үтіктеу және жөндеу;
- ыдыс-аяқ жуу;
- тағамды және басытқыны дайындауға, пісіруге және ұсынуға көмек;
- азық-түлікті және басқа да әртүрлі үй қорларын сатып алу;
- ас бөлмеде, жуыну бөлмесінде және әжетханаларда тазалау, дезинфекция және иістерді жою жұмыстарын жүргізу;
- терезелерді және басқа да беткі жақтары шыны заттарды жуу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары

Үй қызметкері (жинап тазалаушы)

Үй жинап тазалаушы

Үй қызметшісі

Эконом әйел, жеке меншік үй иелену

Бас қызметші

Үй қызметшісі

Басқа бастауыш топқа жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Отелдегі жинап тазалаушы – 9112

Аумақты жинап алушы – 9116

Кір жуушы әйел (қолмен жуу) -9120

9112 ОТЕЛЬДЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҰҚСАС МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ТАЗАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ ҮЙ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ

Отельдердегі және ұқсас мекемелердегі тазалаушылар және үй қызметшілері отелдердегі, қонақүйлер, отель және сонымен байланысты мекемелерде жиһазды және интерьерлерді тазалықта және ретте ұстау жөніндегі түрлі міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- қонақүй бөлмелерінде тазалықты және реттілікті сақтау;
- қонақтарды күту үшін қонақ бөлмелерін (тұратын және ванна бөлмелері) дайындау және жинау, қонақүйдегі белгіленген тазалық стандарттарына сәйкес тазалық жасау техникасының көмегімен және қолмен ағымдағы және кеңінен тазалау жұмыстарын жүргізу
- төсекті салу;
- бөлмелерде тазалықты және ретті келтіруді сақтау;
- қонақүй төсек-орын жабындарымен, және жұмсалатын материалдарымен бөлмелерді қамтамасыз ету;
- тұрғылықты және ванна бөлмелерін жинаған кезде қажетті жуғыш және дезинфекциялаушы құралдарды таңдау және оларды қауіпсіз пайдалану кіреді.

ҚР МЖ 01-2017

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптер мысалдары:

Қызметші әйел

Қонақүй жайларын жинастырушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Кеңсені жинаушы – 9113

Ыдыс жуатын адам – 9115

Ас үйдегі көмекші – 9410

9113 Офистердегі жинаушылар

Офистердегі жинаушылар кеңсе және басқа орын-жайларда жиһазды және басқа жабдықтарды тазалықта және тәртіпте сақтау жөніндегі түрлі міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- еден, жиһаз және басқа да кеңсе және басқа орын-жайларды жуу және жылтырату, вакуум-тазарту немесе сыпыру;
- қосалқы жайларды таза ұстау;
- қоқысты және қалдықтарды жинау және арнайы орындарға алып тастау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің мысалдары:

Кеңсені жинаушы

Мектепті жинаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Ыдыс жуушылар – 9115

Терезе жуушылар – 9120

Ас үйдегі көмекшілер – 9410

9114 Өнеркәсіптік орын-жайларды тазалаушылар

Өнеркәсіптік орын-жайларды тазалаушылар зиянды, өнеркәсіптік жайларда және қосымша құрылыстарда тазалық пен тәртіпті сақтау жөніндегі түрлі міндеттерді орындау үшін арнайы жабдықтар мен ерітінділерді қолданады.

Олардың міндеттеріне:

- өндірісте тазалау жұмысын жүргізу үшін әр түрлі жуатын және дезинфекция ерітінділерін дайындау;
- жұмысты орындау кезінде өндірістік санитария ережелерін сақтау;
- қауіпсіздік талаптарына сәйкес қоқыстар мен қалдықтарды жинау;
- өндірістік орын-жайдан қоқыстар мен қалдықтарды белгіленген орынға жеткізу;
- қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, қолданылатын инвентарды тазалау және жуу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жататын істердің мысалдары:

Құю цехтарын жинаушы

Металлургиялық өндіріс қалдықтарын жинаушы

Өнеркәсіптік жайларды жинаушы

Зауытты, фабриканы жинаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Офисті жинаушылар – 9113

9115 Қоғамдық тамақтану орындарындағы тазалаушылар

Қоғамдық тамақтану орындарындағы тазалаушылар сусындар мен тамақ өнімдері сақталатын ғимараттар мен орын-жайларда тазалық пен тәртіпті сақтау жөніндегі түрлі міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- еденді сыпыру және жинау;
- тәрелкелер мен асхана құралдарды жинау және үстелдерді сүрту;
- тәрелкелер, подностарды және басқа ыдыстарды жуу;
- ас үйді жинау;
- қоқыстар мен қалдықтарды жинау және оларды арнайы орындарға тастау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын істердің мысалдары:

Тәрелкені жинаушы

Үстелді жинаушы

Ыдысты жуушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір ұқсас кәсіптер:

Сауда орталықтарын жинаушы – 9112

Ас үйде көмекші – 9410

9116 Аула сыпырушылар және ашық аумақтарды тазалаушылар

Аула сыпырушылар және ашық аумақтарды тазалаушылар өздеріне бекітілген аумақты жинайды.

Олардың міндеттеріне:

- аумақта орналасқан урналарды толып қалуына және оларды орнату орындарына қарай тазарту;
- ластануына қарай урналарды жуу және дезинфекциялау;
- кәріздендіру, газ және өрт құдықтарының қақпақтарын тазарту;
- қоқыс қабылдағыш камераларынан қоқысты алып тастау, алдын ала қарау және жинау;
- аумақты алдын ала ылғалдата отырып қардан, шаңнан және ұсақ тұрмыстық қоқыстан өтетін жолдар мен аумақты тазалау;
- бекітілген аумақта отырғызылған жасыл шөптер мен олардың қоршауларын суару
- аумақты сыпыру, оны қар мен мұздан тазалау;
- жаяу жүргіншілердің қозғалысы мен автокөліктің еркін жүруіне кедергі келтірмейтін жерлерге қарды үю және алып тастау;
- еркін қолжетімділік үшін өрт құдықтарын қар мен мұздан тазалау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Аула сыпырушы

ҚР МЖ 01-2017

Аумақты тазалаушы

Басқада бастауыш топтарына жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Мектепті жинаушы – 9113

Сауда орталықтарын жинаушы – 9112

9117 Ұшақтарды, вагондарды және басқа көлік құралдарын тазалаушылар

Ұшақтарды, вагондарды және басқа көлік құралдарын тазалаушылар ұшақтарды, теміржол вагондарын, метро, кеме және басқа да көлік құралдарының түрлерін тазалайды.

Олардың міндеттеріне:

- әрбір рейс кезінде және рейстен кейін ұшақтар, теміржол вагондары, метро, кеме және басқа көлік құралдарының дәретханалары мен жолаушы салондарын алдын-ала, рейс барысында және рейстен кейін тазалау және дезинфекция жасау;
- қолмен немесе арнайы жабдықты қолдана отырып ұшақтар мен көлік құралдарында арнайы құралмен жабындарды тазарту, жуу және жылтырату;
- көлік құралдарының жиһаздарының, кілемдерінің, қаптамаларының шаңын сору;
- көлік құралдарының экстерьерлері мен жиһаздарынан дақтарды кетіруге арналған тазарту құралдарын қолдану кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Ұшақты тазалаушы

Кемені тазалаушы

ТЖ вагондарын тазалаушы

Метро станциясын тазалаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Сауда орталықтарын тазалаушы – 9112

Автобус жуушы – 9120

Жеңіл автомашиналарды жуушы – 9120

9119 Б.т.к. басқа да тазалаушылар және үй қызметшілері

Осы бастауыш топ 911 *Тазалаушылар және үй қызметшісі* шағын тобына кірмейтін басқа қызметкерлерді қосады. Мысалы, осы топқа тиісті тәртіпте қоршаған аумақ пен ғимаратты ұстау үшін бақылауды жүзеге асыратын жұмысшылар жатқызылған.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Шаруашылық бикесі

Спорт кешендерін жинап тазалаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Аула сыпырушы - 9116

Аумақты тазалаушы - 9116

912-ШАҒЫН ТОП**ЖУУШЫЛАР**

Жуушылар қолмен жуу жөніндегі түрлі функцияларды орындайды, сондай-ақ арнайы автоматтандырылған құрылғыларды пайдалана отырып, терезе, сөрелерді, көлік құралдарының әйнектерін және басқа да ғимараттар мен үй-жайлардың шыны беттерін. Сонымен қатар, олар автомобильдің іші-сыртын жуады және жылтыратады, қолмен жуады, үтіктейді немесе киімге, іш киімге және басқа да тоқыма бұйымдарға химиялық тазалау жасайды. Сондай-ақ, осы топқа беттерді, объектілер мен материалдарды, кілем, қабырға, жүзу бассейндері мен тоназытқыш камераларды тазалауға арнайы құрал-жабдықтар мен химикаттарды пайдаланатын тазалаушылар кіреді.

Орындалатын міндеттерге: тазалау, автомобильдерді жуу және жылтырату, терезелерді немесе басқа да шыны беттерді сумен немесе түрлі ерітінділермен жуу, оларды кептіру және жылтырату; химиялық ерітінділердің көмегімен қолмен тазалау, кір жуатын жерлерде, химиялық тазалауда немесе басқа орындарында кір жуу және іш киім, маталар және ұқсас бұйымдарды үтіктеу, тазалау машиналарды және олардың құрылғыларын пайдалана отырып кілемді және жұмсақ жиһазды тазалау; кілемді кір тұрғызбайтын химикаттармен және жағымсыз иіс кетіретін құралдарымен өңдеуге; қабыршақты, жиналып қалған ластан және жүзу бассейндеріндегі басқа да шөгінділерді, суытқыш мұнаралардың және ағынды компоненттерін жою үшін жуғыш шаңсорғышты және басқа да вакуумдық жабдықтарды пайдалану кіреді.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа кіреді:

9120 Жуушылар

ҚР МЖ 01-2017

9120 Жуушылар

Жуушылар қолмен жуу жөніндегі түрлі функцияларды орындайды, сондай-ақ арнайы автоматтандырылған құрылғыларды пайдалана отырып, терезе, сөрелерді, көлік құралдарының әйнектерін және басқа да ғимараттар мен үй-жайлардың шыны беттерін. Сонымен қатар, олар автомобильдің іші-сыртын жуады және жылтыратады, қолмен жуады, үтіктейді немесе киімге, іш киімге және басқа да тоқыма бұйымдарға химиялық тазалау жасайды. Сондай-ақ, осы топқа беттерді, объектілер мен материалдарды, кілем, қабырға, жүзу бассейндері мен тоңазытқыш камераларды тазалауға арнайы құрал-жабдықтар мен химикаттарды пайдаланатын жинаушылар кіреді.

Олардың міндеттеріне:

- автомобильдерді тазалау, жуу және жылтырату, терезелерді немесе басқа да шыны беттерді сумен немесе түрлі ерітінділермен жуу, оларды кептіру және жылтырату;
- шаңсорғышты пайдалана отырып автокөліктердің салондарын тазалау және кілемдер мен қаптауларға химиялық тазалау жасау;
- химиялық ерітінділердің көмегімен қолмен тазалау, киімдерді жуу және киім-кешек, маталар мен ұқсас бұйымдарды кір жуатын жерде, химиялық тазалау жасайтын жерде немесе басқа орындарында үтіктеу;
- тазалау машиналарды және олардың құрылғыларын пайдалана отырып кілемді және жұмсақ жиһазды тазалау
- кілемді кір тұрғызбайтын химикаттармен және жағымсыз иіс кеіретін құралдарымен өңдеуге;
- қабыршақты, жиналып қалған ластан және жүзу бассейндеріндегі басқа да шөгінділерді, суытқыш мұнаралардың және ағынды компоненттерін жою үшін жуғыш шаңсорғышты және басқа да вакуумдық жабдықтарды пайдалану;
- тас қабырғаларды, металл беттерін және фасканы жоғары қысыммен және еріткіштермен су тазарту құралдарын пайдалана отырып тазалау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Кілем жуғыш

Көлік жуғыш (қолмен)

Кір жуғыш, қолмен кір жуу

Арнай киімдерді өңдейтін және жуатын жұмысшы

Терезесүрткіш

Басқада бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Сығу-жуу жабдығының машинисі – 8154

Үтіктеу-кетіру агрегатының операторы – 8154

Мата, бұйымдарды тазалаушы – 8154

92-КІШІ ТОП

АУЫЛ ЖӘНЕ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БАЛЫҚ ӨСІРУ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Ауыл және орман шаруашылығы, балық өсіру және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру процесінде, өсіруге және бақшалар мен парктерді күтіп-ұстауға, ормандарды қорғау және пайдалануда, сондай-ақ балық өсіру және балық аулау саласындағы жұмыстарды орындау процесінде қарапайым және стандартты міндеттерді орындайды. Жұмыстардың көпшілігі осы шағын топтың бірінші деңгейдегі дағдыларын талап етеді.

Осы топтағы жұмысшыларың міндеттеріне: қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып, қарапайым жер жұмыстарын орындау; қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып суару, кесу, отау және өнімге күтім жасау; отырғызу, өнімді жинау, жинау және қолмен балық аулау мен балық өсіру өнімдерін аулау; тамақтану, жануарларды суару және тазалау, жануарларға арналған қоралардағы тазалықты ұстау; жануарларды жайылымда бағу мен мал басын бақылау және оның жай-күйі туралы есеп беру; желілерді, қармақ жіпті және басқа да балық аулау құрылғыларын және палубалық жабдықтарды дайындау мен пайдалану кіреді.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топқа кіреді:

921 Ауыл және орман шаруашылығы, балық өсіру және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары

ҚР МЖ 01-2017

921-ШАҒЫН ТОП

АУЫЛ ЖӘНЕ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БАЛЫҚ ӨСІРУ ЖӘНЕ БАЛЫҚ АУЛАУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Ауыл және орман шаруашылығы, балық өсіру және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру процесінде, өсіруге және бақшалар мен парктерді күтіп-ұстауға, ормандарды қорғау және пайдалануда, сондай-ақ балық өсіру және балық аулау саласындағы жұмыстарды орындау процесінде қарапайым және стандартты міндеттерді орындайды.

Орындайтын міндеттеріне: қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып, қарапайым жер жұмыстарын орындау; қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып суару, сирету, отау және өнімге күтім жасау; отырғызу, өнімді жинау, жинау және қолмен балық аулау мен балық өсіру өнімдерін аулау; тамақтану, жануарларды суару және тазалау, жануарларға арналған қоралардағы тазалықты ұстау; жануарларды жайылымда бағу мен мал басын бақылау және оның жай-күйі туралы есеп беру; желілерді, қармақ жіпті және басқа да балық аулау құрылғыларын және палубалық жабдықтарды дайындау мен пайдалану кіреді.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 9211 Ауыл және орман шаруашылығы, балық және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары**
- 9212 Абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар**

9211 Ауыл және орман шаруашылығы, балық және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары

Ауыл және орман шаруашылығы, балық және балық аулау шаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшылары өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру процесінде, өсіруге және бақшалар мен парктерді күтіп-ұстауға, ормандарды қорғау және пайдалануда, сондай-ақ балық өсіру және балық аулау саласындағы жұмыстарды орындау процесінде қарапайым және стандартты міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып суару, сирету, егістікті отау;
- күріш сияқты егіс дақылдарын қолмен отырғызу және жинау;
- тамақтану, жануарларды суару және тазалау, сонымен бірге жануарларға арналған қоралардағы тазалықты ұстау;
- жануарларды жайылымда бағу, суару кезінде, сауу үшін және жайылымға бөліп алуға, қырқуға, тасымалдауға немесе союға, сондай-ақ жайылымдар арасында оларды ауыстыруға көмектесу;
- күреп аршу, маялау, маяланған шөпті, сабанды және басқа да жемшөпті сақтау және малдарға жем-шөп пен төсеніш түрлерін дайындау;
- қолмен отырғызу үшін топырақты дайындау, қарапайым жер жұмыстарын орындау;
- қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып немесе қолмен суару, сирету, егістікті отау;
- жемістерді, жаңғақтарды, көкөністерді және басқа да өнімдерді жинау, сондай-ақ жұмыртқа жинау;
- суару, отау және көгалды шабу арқылы бақшалар мен өсімдіктерге күтім жасау;
- балдырларды, мүктерді жейтін және басқа да моллюскаларды жинау;
- балық және басқа да теңіз организмдерін аулау үшін балық құрылғыларын қолдану кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері :

Балық аулайтын біліктілігі жоқ жұмысшылар (балық өсіру және орман шаруашылығы)

Күзетші

Малшы

Ағштарды күтуші

Жемістерді жинаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Көгал шабушы– 9212

9212 Абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар

Абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар абаттандыру, көгалдандыру және қаланың және басқа да іргелес аймақтардың тазалығын қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстарды орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- абаттандыру, көгалдандыру және тазалықты сақтау;

ҚР МЖ 01-2017

- қала саябақтарында, скверлерде және аллеясындағы жасыл желектерді суару;
- скверлердің тазалығын қадағалау;
- рұқсат етілмеген қоқыстар тасталған және шығару жерлерді жою;
- өсіп-өну, жуу, ылғыл бергіш гүлзарларды суару;
- қала жағдайында ағаштарды механикаландырылған тазалау жөніндегі жұмыстардың барлық кешенін (ағаштарды құлату, бұтақтарды кесу, солқылдақ шыбықтарды сыпталған сортименттерге бөлу) орындау;
- геодезиялық белгілер бойынша көгалдандыру жобаларын жүзеге асыру ауыстыру кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Көгал шабушы

Бау-бақшадағы біліктілігі жоқ жұмысшылар

Питомниктегі біліктілігі жоқ жұмысшылар

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Ағаштарды күту жөніндегі жұмысшы – 9211

Әр түрлі жұмысты істейтін жұмысшы, құс фермасы – 9211

93-КІШІ ТОП**ӨНЕРКӘСІП, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Өнеркәсіп, құрылыс және тасымалдаудың біліктілігі жоқ жұмысшылары тау-кен өндіру кәсіпорындарында және өңдеу өнеркәсібінің, кен орындарындағы өндіру, азаматтық құрылыста, құрылыста, өндірісте, көлік және қойма операцияларында жеке күш жұмсауға байланысты қарапайым және стандартты міндеттерді орындайды, сондай-ақ қарапайым көлік құралдары мен механизмдерді басқарады. Жұмыстардың көпшілігі осы шағын топтың бірінші деңгейдегі дағдыларын талап етеді.

Осы топтағы жұмысшылардың міндеттеріне: топырақты жұмыстарды орындау, қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып материалдардың, құм, топырақ және қиыршық тастардың орнын ауыстыру; материалдарды қолмен сұрыптау, тиеу, түсіру, орнын ауыстыру, қоймалау және сақтау, жабдықтарды, өнімді, қорларды, бағажды және жүктерді; механизмдерді, жабдықтарды, құрал-саймандарды және жұмыс орындарын тазалау; орауды және буылған материалдары мен өнімдерді шешу, қолмен контейнерлерді толтыру және сөрелерді өнімдерімен толтыру; қарапайым көлік құралдары мен механизмдерді басқару кіреді.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

- 931 Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және құрылыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар**
- 932 Өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар**
- 933 Көлікте, сақтауда және байланыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар**

ҚР МЖ 01-2017

931-ШАҒЫН ТОП

ТАУ-КЕН ӨНДІРУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАР

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және құрылыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар тау-кен өндіру кәсіпорындарында және өңдеу өнеркәсібінің, карьера өндіруге жеке күшін жұмсауға байланысты қарапайым және стандартты міндеттерді орындайды, сондай-ақ машиналар мен механизмдерді және жинаушыларға олардың жұмыстарында көмек көрсетеді.

Орындайтын міндеттеріне: қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып, қарапайым жер жұмыстарын орындау; материалдарды, құм, топырақтарды; материалдыр мен жабдықтарды сұрыптау, тиеу, түсіру, шұңқырлар мен жыраларды қазу және жабу, сонымен қатар жұмыс орындарында механизмдерді, жабдықтарды, құрал-саймандарды жеткізу, тазалау және жұмыс біткеннен кейін қоршауды алып тастау кіреді.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастауыш топқа кіреді:

9311 Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар

9312 Құрылыстағы біліктілігі жоқ жұмысшылар

9311 Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар пайдалы қазбаларды табу мен тау-кен орындарында жұмыс істеуге байланысты жұмыс барысында қарапайым стандартты міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- шахталар мен кен өндіруде қолмен басқарылатын құралдарды орнатуда кеншілер мен тау-кен жұмысындағы жұмысшыларға механизмдермен, жабдықтармен және қондырғылармен техникалық қызмет көрсету барысында көмек көрсету;
- тау қондырғыларына монтаж және демонтаж;
- пайдалану тоқтатылған шахталар мен карьераларда өндіру кезіндегі тіреулерді алу;
- шахталар мен карьералардағы қауіпті шығыңқы жерлерді жою;
- өндіру аяқталғаннан кейін жұмыс орнынан қалдықтар мен қолдануға жарамды материалдар мен жабдықтарды шығару, сонымен қатар тау жыныстарының қалдықтары мен минералдарды жинау;
- механизмдерді, жабдықтарды, құрал-саймандарды, штректерді және тасып шығарылатын жолдарды тазалау;
- шахтаның басқа жұмысшылары пайдаланған материалдар мен қорларды сұрыптау, тиеу, түсіру, қоймаға жинау және құралдарды, материалдарды сақтау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Канавашы (тау-кен жұмыстары)

Карьерші

Шахталар мен карьерлердегі біліктілігі жоқ жұмысшылар

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Бұрғылау қондырғысының машинисі, тау өнеркәсібі – 8111

Бұрғылау ерітіндісін дайындаушы – 8111

Маркалау машинасының операторы – 8183

Орау машинасының операторы – 8183

9312 Құрылыстағы біліктілігі жоқ жұмысшылар

Құрылыстағы мамандандығы жоқ жұмысшы құрылыспен, жөндеу және ғимараттарға, жолдарға, темір жолдарға, бөгеттерге және басқа да азаматтық объектілерге қызмет көрсетуге байланысты құрылыстағы стандартты міндеттерді орындайды.

Орындайтын міндеттеріне:

- пайдаланылған кірпіштерді тазалау және бұзылған үйлердегі басқа да жәй жұмыстарды;
- бетон, гипс, цемент және құрылыс ерітіндісі сияқты материалдарды араластыру, бөліп құю және шашып тастау;
- құм, топырақ, қиыршық тасты және ұқсас материалдарды шашып тастау;

ҚР МЖ 01-2017

- қазып алынған материалдар мен жабдықтарды, құрылыс материалдарын тиеуге және түсіруге, сондай-ақ оларды қол арбаларды пайдалана отырып құрылыс алаңдарында тасымалдау;
- жұмыс орындарын тазалау мен кедергілерді жою;
- қолмен басқарылатын құралдарды пайдалана отырып шұңқырлар мен жыраларды қазу және жабу;
- қиыршық тастарды және соған ұқсас материалдарды шашып тастау және бөлу;
- тау жынысын, бетон мен битум беттерін шой балғаларды пайдалана отырып тазалау және бұрғылау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Кірпіш қалаушының көмекшісі
Гидроқондырғының жұмыскері
Ерітінді тасушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Тиеуші– 9311
Канавашы (тау-кен жұмыстары) – 9311

932-ШАҒЫН ТОП

Өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар

Өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар машиналар мен механизмдер операторларына және жинаушыларға олардың жұмысына көмек көрсету мақсатында физикалық күшке байланысты өндірістегі әр түрлі жай және стандартты жұмыстарды орындайды.

Орындайтын міндеттеріне: әр түрлі материалдар мен азық-түлікті қолмен орау; бөтелкелерді, қораптарды, пакеттерді және басқа да азық-түлік контейнерлерін қолмен толтыру; азық-түліктер пен контейнерлерді қолмен маркалау; көлік құралдарын тиеу және түсіру; тауарларды, материалдарды және жабдықтарды жұмыс істейтін орынға апару; азық түліктерді немесе оның компоненттерін қолмен сұрыптау кіреді.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа кіреді :

9321 Қолмен қаптаушылар

9329 Б.т.к. өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар

ҚР МЖ 01-2017

9321 Қолмен қаптаушылар

Қолмен қаптаушылар материалдар мен азық-түліктерді қолмен өлшейді, орайды және таңбалайды.

Олардың міндеттеріне:

- әр түрлі материалдар мен өнімдерді қолмен өлшеу, орау, жапсыру;
- бөтелкелерді, қораптарды, пакеттерді және басқа да азық-түлік контейнерлерін қолмен толтыру;
- азық-түліктерді, пакеттерді пен контейнерлерді қолмен маркалау

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Маркалаушы

Қаптаушы (қолмен)

Ораушы (қолмен)

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Орайтын автоматтың операторы- 8183

Маркалау машинасының операторы-8183

Қорапқа орайтын машинаның операторы 8183

9329 Б.т.к. өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар

Б.т.к. өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар машиналар мен механизмдердің операторлары мен жинаушылардың жұмысына көмек көрсетеді, сонымен қатар, дайын өнімді орау мен маркалаудан басқа, физикалық күш жұмсауға байланысты өндірістегі әр түрлі жәй және стандартты міндеттерді орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- тауарларды, материалдарды, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды жұмыс орынына апару және дайын бұйымдарды тасу;
- көлік құралдарына, жүк машиналарына және вагондарға тиеу және түсіру;
- бітеліп қалған механизмдерді жою, механизмдерді, жабдықтарды және құралдарды тазалау;
- өнімдер мен компоненттерді қолмен сұрыптауды орындау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Бөтелкелерді сұрыптаушы

Фабрика жұмысшысы

Отын қалаушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Электр жабдықтарын жинаушы – 8212

Электронды жабдықтарды жинаушы – 8213

Резина бұйымдарын жинаушы – 8219

Ораушы (қолмен) - 9321

933-ШАҒЫН ТОП

КӨЛІКТЕ, САҚТАУДА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАР

Көлікте, сақтауда және байланыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар велосипедтермен және ұқсас көлік құралдарын, сондай-ақ жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін күш көлігін басқарады; күш тетіктерін басқарады, жүктер мен багажды ауыстырады, сондай-ақ сөрелердегі қорларды толықтырады.

Орындайтын міндеттеріне: жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін велосипедтерді және ұқсас көлік құралдарын басқару, жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін күш көлігін басқару, сондай-ақ дүкендердегі сөрелерде және витринадағы қорларды толықтыру, пошта хабарламаларын, хаттарды, жеделхаттарды жеткізу жатады. .

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа кіреді :

- 9331 Көлікте және байланыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар**
- 9332 Тасымалдаудың біліктілігі жоқ жұмысшылары**
- 9333 Жүкшілер және қоймалау бойынша біліктілігі жоқ жұмысшылар**

ҚР МЖ 01-2017

9331 Көлікте және байланыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар

Көлікте және байланыста жұмыс істейтін біліктілігі жоқ жұмысшылар негізінен қарапайым қол құрал саймандарын қолданып және нақты физикалық күш жұмсай отырып көлікте орындайды.

Олардың міндеттеріне:

- ұсақ жөндеуден өткізуді орындау және көлік құралын жұмыс жағдайында ұстау;
- пошта хабарламаларын, хаттарды, жеделхаттарды адресаттарға пошта хабарламаларын, хаттарды, жеделхаттарды адресаттарға жеткізу;

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Депо паровозында от жағушы

Көлік жұмысшысы

Баспа экспедиторы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Таратушы – 9621

Тегін газеттерді таратушы – 9639

9332 Тасымалдаудың біліктілігі жоқ жұмысшылары

Тасымалдаудың біліктілігі жоқ жұмысшылары қолмен және педальмен басқарылатын көлік құралдарын басқарады, сонымен қатар күш жұмсай отырып, хабарламаларды жолаушыларды немесе жүкті жеткізу үшін велосипед жүргізеді, арба сүйретеді, ауылшаруашылығы жұмыстарында қолданылатын соған ұқсас көлік құралдарын жүргізеді.

Олардың міндеттеріне:

- тауарларлы тиеу және түсіру немесе көлік құралынан түскенде немесе отырғанда жолаушыларға көмек көрсету;
- тозу мен бүлінуін анықтау үшін көлік құралының компоненттерін тексеру;
- көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету;
- жол жүру ақысын жинау;
- жануарларды жегу және оларды көлік құралдарына немесе машинаға тиеу; және түсіру немесе көлік құралынан тінгенде және түсіргенде жолаушыларға көмек көрсету;
- тауарларлы тиеу және түсіру немесе көлік құралынан түскенде немесе отырғанда жолаушыларға көмек көрсету;
- басқа көліктердің қозғалыс тәртібін және жол қозғалысы ережесін ескере отырып, қажетті бағытқа қозғалу үшін жануарларды басқару;
- шахталар мен карьералардағы вагондарды қозғалысы үшін жануарларды басқару;
- ауылшаруашылығы немесе басқа да машиналарға тиелген жануарларды басқару;
- жануарларды күту және оларға жем беру кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері :

Велорикша

Лаушы
Педальмен басқарылатын көлік құралының жүргізушісі (велокөлік)
Рикша

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Порт жүк тасушысы-9333
Темір жол жүк тасушысы– 9333

9333 Жүкшілер және қоймалау бойынша біліктілігі жоқ жұмысшылар

Жүкшілер және қоймалау бойынша біліктілігі жоқ жұмысшылар жиһаздар мен басқа да үйге керекті заттарды орау, апару, тиеу және түсіруді, кемедегі және ұшақтағы және басқа да жүктерді тиеу мен түсіруді немесе әр түрлі қоймадағы тауарларды тасуды және қоймаға жинауды, сонымен қатар сөрелер мен витриналардағы қорларды толтырады, супермаркеттердегі және көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындарындағы қорларды таза, ретке келтіріп ұстайды.

Олардың міндетіне:

- бір орыннан екінші орынға жеткізу үшін офистік немесе үй жиһаздарын, машиналарды, құралдар мен солған ұқсас тауарларды орау;
- фургондарға, жүк машиналарына, вогондарға, кемелер мен ұшақтарға тиеу немесе олардан түсіру үшін тауарларды тасу;
- ленталы конвейерлерде, тұрбаларда және басқа да жеткізу құралдарына орналастыру жолымен астықты, көмірді, құмды, бағажды және басқа тауарларды тиеу және түсіру;
- мұнайды, сығылған газды және басқа да сұйықтықтарды тиеу және түсіру мақсатында, жағалаудан келген тұрбалар мен барж резервуарлары, танкерлер мен басқа да кемелер арасындағы шлангтерді қосу;
- қоймалар мен сол сияқты нысандардағы тауарларды тасу және қоймаға жинау;
- тиер немесе түсірер кезде жүктерді сұрыптау;
- жәшіктер мен сөрелердегі тауарларды мұқият орналастыру, сонымен қатар көлемі үлкен тауарларды еденге орналастыру;
- сөрелерді тауармен толтыру және жарамдылық мерзімі ерте бітетін тауарларды сөрелердің алдыңғы жағына қарай қоятын етіп орналастыру кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері :

Теміржол жүк тиеушісі
Тауарды жинақтаушы
Қоймадағы тасушы
Бағаж сұрыптаушы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Таратушы – 9621
Тасушы – 9621

**ТЕЗ ДАЙЫНДАЛАТЫН ТАҒАМ ДАЙЫНДАУШЫЛАР ЖӘНЕ
ТАЗАЛАУШЫЛАРДАН БАСҚА, ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНЫҢ
БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа, қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары жартылай фабрикаттардың шектеулі түрлері немесе сусындарды тапсырыспен дайындайды, үстелдердің үстін жинайды, ас бөлмесі орын-жайларын жинайды және ыдыс-аяқты жуады.

Аталған ішкі топ кәсіптерінің көпшілігіне дағдының екінші деңгейі талап етіледі: Осы ішкі топ жұмысшыларының міндеттеріне: бутербродтар, пицца, қуырылған картоп пен балық, салаттар және кофемен қоса, қарапайым тағамдар немесе жартылай фабрикаттар мен сусындар дайындау; дайындауға арналған азық-түліктерді жуу, кесу, өлшеу және араластыру; қақтамалар, қысқа толқынды пештер және қуырма ыдыстар сияқты ас үй жабдықтарын пайдалану; ас бөлмесін, тағам дайындау аймағы мен қызмет көрсету аймағын жинау; ас бөлмесі мен мейрамханаларда пайдаланылатын, ас үй және басқа керек-жарақтарды тазалау кіреді.

Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топқа кіреді:

- 941 Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа, қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары**

941-ШАҒЫН ТОП

**ТЕЗ ДАЙЫНДАЛАТЫН ТАҒАМ ДАЙЫНДАУШЫЛАР ЖӘНЕ
ТАЗАЛАУШЫЛАРДАН БАСҚА, ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНЫҢ
БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ**

Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа, қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары жартылай фабрикаттардың шектеулі түрлері немесе сусындарды тапсырыспен дайындайды, үстелдердің үстін жинайды, ас бөлмесі орын-жайларын жинайды және ыдыс-аяқты жуады.

Осы ішкі топ жұмысшыларының міндеттеріне мыналар кіреді: бутербродтарды қоса алғанда, пицца, қуырылған картоппен балық, салаттар мен кофені қоса, қарапайым тағамдар немесе жартылай фабрикаттар мен сусындар дайындау, дайындауға арналған азық-түліктерді жуу, кесу, өлшеу және араластыру, қақтамалар, қысқа толқынды пештер және қуырма ыдыстар сияқты ас-үй жабдықтарын пайдалану, ас-үйлер мен мейрамханалардағы қолданылатын тағам керек-жарақтарды тазалау кіреді.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа кіреді :

**9410 Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа,
қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары**

ҚР МЖ 01-2017

9410 Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа, қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары

Тез дайындалатын тағам дайындаушылар және тазалаушылардан басқа, қоғамдық тамақтану орындарының біліктілігі жоқ жұмысшылары жартылай фабрикаттардың шектеулі түрлері немесе сусындарды тапсырыспен дайындайды, үстелдердің үстін жинайды, ас бөлмесі орын-жайларын жинайды және ыдыс-аяқты кіреді.

Осы ішкі топ жұмысшыларының міндеттеріне:

- бутербродтар, пицца, қуырылған картоп пен балық, салаттар мен кофемен қоса, қарапайым тағамдар немесе жартылай фабрикаттар және сусындар дайындау;
- дайындауға арналған азық-түліктерді жуу, кесу, өлшеу және араластыру;
- қақтамалар, қысқа толқынды пештер және қуырма ыдыстар сияқты ас үй жабдықтарын пайдалану;
- дайын тағамды жылыту;
- тағам дайындау аймақтарын, тағам дайындауға арналған беттер мен керек-жарақтарды тазалау;
- тез қызмет көрсетуге және тағамды апарып беруге мамандандырылған, қоғамдық тамақтану мекемелерінде тағамға және сусындарға тапсырыс қабылдау және қызмет көрсету;
- тез дайындалатын тағамдар үшін жеткізілген ингредиенттерді қабылдау және тапсырыстарды орналастыру;
- жұмыс аймақтарындағы санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- дайындалған тағамның сапасы мен санының талаптарына сәйкестігін тексеру,
- ас бөлмесін, тағам дайындау аймағы мен қызмет көрсету аймағын тазалық жұмысын жүргізу;
- ас бөлмесі мен мейрамханаларда пайдаланылатын, ас үй және басқа керек-жарақтарды тазалау.

Аталған бастауыш топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері :

Гамбургерлер дайындаушы

Пицца дайындаушы

Ас үй жұмысшысы

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Аспаз – 5120

Бармен – 5130

Асханадағы таратушы – 5239

95-КІШІ ТОП

САУДАГЕРЛЕР ЖӘНЕ КӨШЕДЕ ӘРТҮРЛІ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН ЖҰМЫСШЫЛАР

Саудагерлер және көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар тікелей тұтынатын тауарлар сатады (тағамнан басқа) және бекеттермен қоса, басқа қоғамдық орындар мен көшелерде бірқатар басқа да қызметтер көрсетеді. Аталған ішкі топ кәсіптерінің көпшілігі дағдылардың екінші деңгейін талап етеді.

Осы кіші топ жұмысшыларының міндеттеріне: сатуға арналған түрлі заттарды сатып алу немесе дайындау; сатуға және оларды тасымалдауға арналған бұйымдарды тиеу және түсіру; қызмет көрсетуге қажетті материалдарды алу; тауарлар мен қызметтерді көшедегі басқа адамдарға ұсыну; аяқ киімді тазалау және жылтырату; автокөлік шыныларын жуу және жылтырату; түрлі тапсырмаларды орындау; автокөлік жүргізушілеріне тұратын орын іздеуге көмектесу және жүргізуші жоқ болған кезде машина зардап шекпеуін қадағалау, үнпарақтар мен ақысыз газеттер тарату, төлемді орнында алу кіреді. Аталған кіші топ кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

951 Көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар

952 Көшелер мен базарлардағы саудагерлер

ҚР МЖ 01-2017
951-ШАҒЫН ТОП

КӨШЕДЕ ӘРТҮРЛІ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН ЖҰМЫСШЫЛАР

Көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар аяқкиім тазалау, машина терезелерін жуу, тапсырмаларды орындау, меншікті заттарды қарау және осыған ұқсас басқа қызметтерді көрсетумен қоса, көшелерде немесе басқа қоғамдық орындарда қызметтер көрсетеді.

Олардың міндеттеріне: қызмет көрсету үшін қажетті материалдар алу, көшедегі басқа адамдарға қызметтер ұсыну, аяқ киімді тазалау және жылтырату, автокөлік терезелерін жуу және жылтырату, түрлі тапсырмаларды орындау, автокөлік жүргізушілеріне көлік қоятын орын іздеуге көмектесу және жүргізуші жоқ болған кезде машина зардап шекпеуін қадағалау, үнпарақтар мен ақысыз газеттер тарату, төлемді орнында алу кіреді.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа кіреді:

9510 Көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар

9510 Көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар

Көшеде әртүрлі қызметтер көрсететін жұмысшылар, аяқ киім тазалау, машина терезелерін жуу, тапсырмалар орындау, үнпарақтар тарату, меншікті заттарды қарау және осыған ұқсас басқа қызметтерді көрсетумен қоса, көшелерде немесе басқа қоғамдық орындарда қызметтер көрсетеді.

Олардың міндеттеріне:

- қызмет көрсету үшін қажетті материалдар алу;
- көшедегі басқа адамдарға қызметтер ұсыну;
- аяқ киімді тазалау және жылтырату;
- автокөлік терезелерін жуу және жылтырату;
- түрлі тапсырмаларды орындау;
- автокөлік жүргізушілеріне көлік қоятын орын іздеуге көмектесу және жүргізуші жоқ болған кезде машина зардап шекпеуін қадағалау;
- үнпарақтар мен ақысыз газеттер тарату;
- төлемді орнында алу кіреді.

Аталған бастауыш топқа жатқызылған кәсіптердің үлгілері:

Қайраушы

Аяқ киім тазалаушылар

Автокөлік терезелерін жуушылар

Газет таратушы

Басқа бастауыш топтарға жатқызылатын кейбір тектес кәсіптер:

Тұрғылықты жерінде тауар ұсынатын саудагер – 5232

Қызмет көрсету бекетінің қызметшісі – 5239

ҚР МЖ 01-2017

952- ШАҒЫН ТОП

КӨШЕЛЕР МЕН БАЗАРДАҒЫ САУДАГЕРЛЕР

Көшелер мен базардағы саудагерлер әдетте тауар түрлерін көшелерде, шағын бөлшек сауда дүкендерінде және бекеттер, ойын-сауық орталықтары немесе театрлар сияқты қоғамдық орындарда сатады.

Олардың орындайтын міндеттеріне: сатуға жататын тауар түрлерін, қорларын анықтау; сатуға арналған тауарларды сатып алу немесе алу немесе қарапайым бұйымдар жасау; бекеттер немесе кинотеатрлар сияқты қоғамдық орындарға немесе көшелерге тауарларды тасымалдауға арналған көлік құралдары немесе себеттер, тұғырықтар, шабадандар, арбалар, велосипедтер, қол арбаларды тиеу және түсіру; клиенттердің назарын аударуға шақыру немесе тауарларды орналастыру; тауарларды клиенттерге сату және клиенттерге өнімдерді пайдалану туралы кеңес беру; көшелерде әлеуетті клиенттермен тілдесу немесе тауарларды сатуды бір үйден екінші үйге ауысып ұсыну; төлемді орнында алу.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа :

9520 Көшелер мен базарлардағы саудагерлер

9520 Көшелер мен базарлардағы саудагерлер

Көшелердегі және базарлардағы саудагерлер әдетте тауар түрлерін көшелерде, шағын бөлшек сауда дүкендерінде және бекеттер, ойын-сауық орталықтары немесе театрлар сияқты қоғамдық орындарда сатады.

Олардың міндеттеріне:

- сатуға жататын тауарлар қорын, түрлерін анықтау;
- сатуға арналған тауарларды сатып алу және алу;
- бекеттер немесе кинотеатрлар сияқты, қоғамдық орындарға немесе көшелерге тауарларды жеткізу үшін көлік құралдары немесе себеттер, тұғырықтар, шабадандар, арбаларға, велосипедтерге, қол арбаларға тиеу және түсіру;
- тауарларды жаю және сату үшін клиенттерді шақыру;
- көшелерде әлеуетті клиенттермен тілдесу немесе бір үйден екінші үйге ауысып тауарларды сатуды ұсыну;
- төлемді орнында алу кіреді.

Аталған бастаушы топқа жатқызылатын кәсіптердің үлгілері:

Дүңгіршек сатушысы

Далба дүкен сатушысы

Базардағы сатушы

Газет сатушы

Азық-түлік тауарларын сатушы

Басқа да бастауыш топтарға жататын тектес кәсіптер:

Дүкен сатушылары- 5210

**ҚОҚЫСТЫ ЖИНАУ ЖӨНІНДЕГІ БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАР ЖӘНЕ
БАСҚА БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Қоқысты жинау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар және басқа біліктілігі жоқ жұмысшылар ғимараттар, аулалар, көшелер және басқа да қоғамдық орындардағы қоқыстарды өңдеу және екінші рет пайдалану үшін жинайды, сұрыптайды. Олар көшелердегі және басқа да қоғамдық орындардағы тазалық пен тәртіпті сақтайды, хабарламалар мен пакеттерді жеткізеді, және жеке шаруашылықтар немесе мекемелер үшін бір реттік жұмыстарды орындайды. Бұл ішкі топтың көпшілік кәсіптері дағдының алғашқы деңгейін талап етеді.

Бұл ішкі топ жұмысшыларының міндеттеріне: көшелерді, саябақтарды және басқа қоғамдық орындарды сыпыру; ағаш, су, жүк пен хабарламалар жинау және жеткізу; кілемдердің шаңын қағу және басқа бір реттік тектес міндеттерді атқару кіреді.

Аталған ішкі топтың кәсіптері мынадай шағын топтарға бөлінеді:

961 Қоқысты жинау және сұрыптау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар

962 Жүк тасушылар, күзетшілер және тектес қызметтердің жұмысшылары

961-ШАҒЫН ТОП**ҚОҚЫСТЫ ЖИНАУ ЖӘНЕ СҰРЫПТАУ ЖӨНІНДЕГІ БІЛІКТІЛІГІ ЖОҚ ЖҰМЫСШЫЛАР**

Қоқысты жинау және сұрыптау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар ғимараттар, аулалар, көшелер және басқа қоғамдық орындардағы қоқысты жинайды, өңдеу және екінші рет пайдалану үшін алғашқы сұрыптауды жүзеге асырады немесе көше және басқа қоғамдық орындардағы тазалық пен тәртіпті сақтайды.

Орындалатын міндеттерге: екінші рет өңдеу үшін қоқысты және материалдарды жинау, сонымен қатар оларды қоқыс пен екінші рет өңделетін шикізаттар урналарына және жүк көліктеріне салу; көшелер, саябақтар және басқа қоғамдық орындарды сыпыру; қоқыс пен екінші рет пайдаланылатын шикізаттарға арналған жүк көліктерімен жүру; қоқыс контейнерлерін көтеру және олардың ішіндегісін жүк көліктеріне немесе одан үлкен контейнерлерге салу; қоқыс пен екінші рет пайдаланылатын шикізаттарға арналған жүк автокөліктерін түсіру; қоқыс үйінділерінде, коммуналдық, сауда және өнеркәсіп орынжайларында немесе көше сияқты қоғамдық орындардағы өңдеуге арналған бұйымдарды және қалдықтарды жинау; қатырма қағаз, қағаз, шыны, пластмасса, алюминий немесе басқа да екінші рет пайдаланылатын материалдарды түрлеріне қарай сұрыптау; екінші рет пайдалануға жарамды бұйымдар мен материалдарды арнайы тасымалдау немесе сақтауға арналған орынжайлар мен контейнерлерге орналастыру; жөндеу немесе қайтадан пайдалануға жарамды жиһаз, жабдық, механизмдер немесе компоненттерді анықтау және бөлу; екінші рет өңдеуге жарамды болатын бұйымдарды қолмен немесе моторсыз көлік құралдарын пайдаланып тасымалдау; екінші рет өңдеуге немесе пайдалануға жарамды материалдарды сату.

Аталған шағын топтың кәсіптері мынадай бастаушы топқа кіреді:

9610 Қоқысты жинау және сұрыптау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар

ҚР МЖ 01-2017

9610 Қоқысты жинау және сұрыптау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар

Қоқысты жинау және сұрыптау жөніндегі біліктілігі жоқ жұмысшылар ғимараттар, аулалар, көшелер және басқа қоғамдық орындардағы қоқысты жинайды, өңдеу және екінші рет пайдалану үшін алғашқы сұрыптауды жүзеге асырады немесе көше және басқа қоғамдық орындардағы тазалық пен тәртіпті сақтайды.

Олардың міндеттеріне:

- екінші рет өңдеу үшін қоқысты және материалдарды жинау, сонымен қатар оларды қоқыс пен екінші рет өңделетін шикізаттар урналарына және жүк көліктеріне салу;
- көшелер, саябақтар және басқа қоғамдық орындарды сыпыру;
- қоқыс пен екінші рет пайдаланылатын шикізаттарға арналған жүк көліктерімен жүру;
- қоқыс контейнерлерін көтеру және олардың ішіндегісін жүк көліктеріне немесе одан үлкен контейнерлерге салу;
- қоқыс пен екінші рет пайдаланылатын шикі заттарға арналған жүк автокөліктерін түсіру;
- қоқыс үйінділерінде, коммуналдық, сауда және өнеркәсіп орын жайларында немесе көше сияқты қоғамдық орындардағы өңдеуге арналған бұйымдарды қалдықтарды жинау;
- қағаз, қатырма қағаз, шыны, пластмасса, алюминий немесе басқа да екінші рет пайдаланылатын материалдарды түрлеріне қарай сұрыптау;
- екінші рет пайдалануға жарамды бұйымдар мен материалдарды арнайы тасымалдау немесе сақтауға арналған орын жайлар мен контейнерлерге орналастыру;
- жөндеуге немесе қайтадан пайдалануға жарамды жиһаздарды, жабдықтарды, механизмдерді немесе компоненттерді анықтау және бөлу;
- екінші рет өңдеуге жарамды болатын бұйымдарды қолмен немесе моторсыз көлік құралдарын пайдаланып тасымалдау;
- екінші рет өңдеуге немесе пайдалануға жарамды материалдарды сату.

Аталған бастаушы топқа жататын кәсіптердің үлгілері:

Қоқыс жинаушы

Қоқысты өңдеуші

Қалдықтарды жинаушы

Басқа да бастауыш топтарға жататын тектес кәсіптер:

Қоқыс таситын көліктің жүргізушісі – 8332

962-ШАҒЫН ТОП

ЖҮК ТАСУШЫЛАР, КҮЗЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ТЕКТЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Жүк тасушылар, күзетшілер және тектес қызметтердің жұмысшылары қонақүйлерде, вокзалдар мен әуежайларда және т.б. мекемелерде жүкті және басқа да заттарды алып келеді, белгілі бір нысандарды, аймақтарды, ғимараттарды күзетеді, мекеме ішінде немесе мекемелер арасында жаяу хабарламалар, пакеттер және басқа да заттарды тасиды және жеткізіп береді.

Орындалатын міндеттерге: қонақүйлерде, вокзалдарда, әуежайларда және басқа орындарда жүктерді тасу және жеткізу; толтыру арқылы жүкті алу және маркалау және оны түбіртекпен бекіту; оларға бекітілген ғимараттар, құрылыстар, аймақтар және басқа мекемелерді күзету; мекеме ішінде, мекемелер арасында немесе басқа орындарға хабарламалар, пакеттер және басқа заттарды жеткізу; кәсіпорындарға, дүкендерге, жеке үйлерге және басқа орындарға және кері қарай түрлі тауарларды жеткізу.

Аталған шағын топ кәсіптері мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- 9621 Тасушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары**
- 9622 Күзетшілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары**
- 9629 Б.т.к. біліктілігі жоқ жұмысшылар**

ҚР МЖ 01-2017

9621 Тасушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары

Тасушылар және тектес қызметтердің жұмысшылары қонақүйлерде, вокзалдар мен әуежайларда және т.б. мекемелерде жүкті және басқа да заттарды алып келеді, мекеме ішінде немесе мекемелер арасында жаяу хабарламалар, пакеттер және басқа заттарды тасиды және жеткізіп береді.

Олардың міндеттеріне:

- мекеме ішінде, мекемелер арасында немесе басқа орындарға хабарламалар, пакеттер және басқа заттар жеткізу;
- кәсіпорындарға, дүкендерге, жеке үйлерге және басқа орындарға және кері қарай түрлі тауарларды жеткізу;
- қонақүйлерде, вокзалдарда, әуежайларда және басқа орындарда жүктерді тасу және жеткізу;
- багаж алуға түбіртеккі толтыру және қоса беру арқылы жүкті алу және маркалау;
- мекеме ішінде немесе мекемелер арасында хабарламалар, пакеттер және басқа заттарды жеткізу;
- кәсіпорындарға, дүкендерге, жеке үйлерге және басқа орындарға және кері қарай түрлі тауарларды жеткізу;
- аса ыңғайлы бағдарды жоспарлап сол бойынша жүру;
- жеткізу бағытына сәйкес жеткізілетін тауарларды сұрыптау кіреді.

Аталған бастауыш топқа жататын кәсіптердің үлгілері:

Таратушы

Жүк тасушы

Курьер

Атшабар (жеделхат тасушы)

Басқа да бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Пошталы – 5160

Газет жеткізуші – 9510

Жүк тиеуші – 9332

9622 Күзетшілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары

Күзетшілер және тектес қызметтер саласындағы жұмысшылары белгілі нысандарды, ғимараттарды, аумақтарды күзетеді.

Олардың міндеттеріне:

- оған бекітілген нысандар, ғимараттар, құрылыстар, аймақтар және басқа мекемелерді күзету;
- мекемеге бақылау жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету, қызметкерлер мен келушілердің кіруі немесе шығуына рұқсат беру және мониторинг жүргізу, тұлғаны тексеру және рұқсатнама беру;
- күзетілетін аймақтың тұтастығын тексеру (құлыптар мен басқа бекіту құрылғылары; бітемелердің, өртке қарсы құрал-сайманның болуы; дабылдың, телефондардың, жарықтандырудың дұрыстығы);

- күзетілетін нысанның сыртын және ішін қарап шығу;

Аталған бастауыш топқа жататын кәсіптердің үлгілері:

Ғимаратты бақылаушы
Ғимарат күзетшісі
Консьерж (ғимараттың)

Басқа да бастауыш топтарға жататын кейбір тектес кәсіптер:

Швейцар – 9629

9629 Б.т.к. біліктілігі жоқ жұмысшылар

Аталған бастауыш топқа басқа негізгі топтарға жатпайтын біліктілігі жоқ жұмысшылар кіреді. *9 Біліктілігі жоқ жұмысшылар.* Мысалы, бұл топқа хабарландыру ілетін, баспа өнімдерін тарататын, сауда автоматтарынан ақша жинайтын, су таситын, жиһаз жинайтын және бөлшектейтін, көлік қоятын жердің талондарын немесе кіру билеттерін беретін және жинайтын, көрермендер немесе клиенттерге киім ілгіштен жеке заттарын алып беретін және ойын-сауық шаралары кезінде көрермендерге көмек көрсететін жұмысшылар кіреді.

Бұл жағдайларда олардың міндеттеріне мыналар кіреді:

- сауда автоматтарын жүктеу және олардың контейнерлерінен ақша алу;
- автокөлік тұрақтарының есептегіш құралдарынан және соған ұқсас тиындарға арналған контейнерлерден ақша алу;
- электр қуаты, газ немесе су және тұтынуды тіркеу есептегіштерінің көрсетулерін жазып алу;
- бұзылған терезелер, перделер, есіктер, дуалдар, барбекюлер, серуенге арналған үстелдерді, сөрелерді, қабырға шкафтарын және басқа заттарды жөндеу;
- базарда сату үшін немесе жеке тұтынуға арналған отын ретінде ормандағы ағаштарды кесу және жинау;
- су құбырлары шүмектерінен, өзендерден, тоғандардан немесе құдықтардан жұмыс орнына, клиенттердің үйіне немесе өздерінің меншікті үйлеріне, ағындарды тазалау немесе суқоймаларда сақтау үшін, тері қаптарды, шелектерді немесе басқа контейнерлерді сумен толтыру
- электр шамдары сияқты ақауы бар заттарды ауыстыру;
- көмір немесе ағаш түсіру және оларды жеке үйлер немесе мекемелердің жертөле орын жайларына жинау;
- ойын-сауық шараларына көрермендерге кіру билеттері мен талондарын сату немесе көрермендерден рұқсатнама мен контрамаркаларды және билеттерді жинау;
- түсі мен берілген күні сияқты критерийлер негізінде билеттері мен рұқсатнамалардың шынайылығына тексеру;
- төтенше жағдай болған кезде көрермендерді шығатын жерге шығарып салу немесе басқа нұсқаулар мен көмек көрсету;
- көрермендерді дәретханаға, буфетке және телефондарға шығарып салу;
- көлік жүргізушілерді автотұрақ орындарына бағыттау;
- көлік құралдарын зақымдаудың немесе айдап кетуді болдырмау үшін автотұрақ аймағын торуылдау;
- тұрақ үшін төлемді есептеу және клиенттерден төлем алу;

ҚР МЖ 01-2017

– келушілерге спорттық және монша мекемелеріндегі шешінетін бөлмелер, жабылатын шкафтар немесе киімге арналған контейнер орындарын көрсету.

Аталған бастауыш топқа жататын кәсіптердің үлгілері:

Киім ілуші

Прокат бөлімінің қабылдаушысы

Ағаш жинаушы

Су тасушы

Жарқағаз желімдеуші

Үнпарақ таратушы

Сауда автоматтарынан ақша жинаушы

Жиһаз құрастырушы және бұзушы

Швейцар

Басқа бастауыш топтарға жатқызылған кейбір тектес кәсіптер:

Жүргізуші-тұрақшы – 8322

X НЕГІЗГІ ТОБЫ

БАСҚА ТОПТАРҒА КІРМЕЙТІН ЖҰМЫСКЕРЛЕР

Міндеттерін анықтау қиындық туғызатын жұмыскелер санаты негізінен X тобына жіктеледі. Осы негізгі топтың жіктелу деңгейлері әртүрлі болып келеді.

Аталған негізгі топтың кәсібі мынадай бастауыш топтарға бөлінеді:

- X1000 Құқық қорғау органдарының қызметшілері**
- X2000 Арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, әскери қызметшілері және жұмыскерлері**
- X3000 Әскери қызметшілер**
- X4000 Кәсібінің деректерін толық ұсынбайтын жұмыскерлер**
- X5000 Кәсіптерін ұсынбайтын жұмыскерлер**

Ескертпелер

Әскери қызметшілерге Қарулы Күштер жөніндегі әскери қызметте тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары жатады. Әрбір әскери қызметшінің өзінің лауазымына сәйкес иеленген қызметі мен міндетін орындаудың көлемі мен шегін айқындайтын лауазымдық міндеттемелері болады.

